

Сәбетқазы Ақатай

НАЙМАН ХАНДЫҒЫ

Алматы, 2011

УДК 821.512.122

ББК 84 қаз-7

А 37

Құрастырушы:
Шекербану Рахметолдақызы Жақытова

Ақатай С.Н.

А 37 Найман хандығы: монография; Тарихи материалдар.
Қайта басылған. – Алматы, 2011. – 424-б., 8 ж. б.

ISBN 978-601-7046-22-4

Бұл жинаққа дер кезінде көтеріліп зерттелген тарихи зерттеулері мен философиялық толғаныс толғаулары және көне қазақ тайпаларының тарихы мен мәдениетін, сол кездің жырауы Құба-тегіннің толғауын алға тарта отырып, ата бабаларымыздың азаттық жолындағы қаһармандылығын, жан күйзелісін паш ететін “Найман хандығы” жайлы жазылған кітабы және әлеуметтік мәселелер туралы мақалалар кіріп отыр.

С. Ақатайдың ағылшын тілінен аударған “Эзоп мысалдары” және балаларға арналған ертегілер, әңгімелері енгізілген.

Кітап ұлтсүйгіш қалың оқырманға арналған.

УДК 821.512.122


ББК 84 қаз-7

ISBN 978-601-7046-22-4

© Сәбетқазы Ақатай

© Джаукенова Күнікей Сәбетқазы-қызы, 2011

*Сәбетқазы Ақатайдың бұл жинағы
өзі шаңырағын көтерісіп, уығын шанышқан
Тәуелсіз мемлекетіміздің жиырма жылдығына
тарту болмақ*



Ұлтым деп ғұмыр кешкен,
азаттық күресте терін төккен әкемнің еңбегі
моншақтай шашылмай жіпке тізіліп,
келер ұрпаққа мұра қалсын деген ниетпен...

Қызы Күнікей

Алғысөз орнына

Ұлы жолаушы

Мұрат ӘУЕЗОВ, мәдениеттанушы,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық кітапханасының
бас директоры

Алаш үні. 28 қыркүйек 2004 ж. №18

Қазақтың қайсар да қадірлі, халқының қамын жеп, жоғын жоқтаған бүкіл ғұмыры мен білім-білігін осы жолға жұмсаған біртуар, заңғар ұлдарының бірі Сәбетқазы Ақатайдың да өмірден өткеніне бір жыл болып қалды.

“Алаш үні” оқта-текте болса да, абзал ағаның асыл сөздерін, мазмұны терең, тебіреністі мақалаларын жариялап отырды.

Бүгін де алаш арысының өмірден озғанына бір жыл толуына орай онымен пікірлес, қызметтес болған елімізге белгілі азаматтар естеліктерін ұсынып отырмыз.

Сәбеңмен біз студенттік кезде, Мәскеуде жүріп танысқанбыз. Және де бұл жәй таныстық емес еді, “Жас тұлпар” деген бүгіндері көпшілікке белгілі ұйым құрып, соның құрамында бірге жұмыс істегенбіз.

Мен ол кезде МГУ-дің шығыстану факультетінде оқып жүргенмін. Мен үшінші курста оқып жүргенде Сәбең бірінші курсқа оқуға келіп түскен. Сондықтан, “Жас тұлпар” құрамында болған соң, бір университетте оқыған соң жиі кездесіп, жақын жүрдік.

Оқу жағынан курсы төмен болғанмен бізден жасы үлкендеу, бізге қарағанда өмір тәжірибесі мол еді. МГУ-ге түсер алдында біраз жылдар Қарағандыда шахтер болып, Шығыс Қазақстанда балықшы болған, жұмыс істеген. Біздің ортамызда Сәбең орны бөлек, өмірдің ащы-тұщысын, ыстық-суығын біздей емес, сезініп қалған азамат. Күршімнен шыққан жігіт қазақтың өмірі, тұрмыс-салтын етене біледі. Әдет-ғұрпына терең мағына беріп, таратып түсіндіреді. Ұлтының ақылгөйлігін әйгілейді. Сөздік қоры бай, мақал-мәтелге жетік, оның үстіне домбыра шертіп, қоңыр дауыспен Естайдың әндерін салады. Ұлтымыздың өркендеуін аңсаған бізге Сәбең аса құрметті адам болды. Одан ел туралы әңгімеге қанықтық. Жас жағынан 3–4 жас үлкендігі бар болғанмен “Жас тұлпарда” үзеңгілес болғандықтан – доспыз. Бұл сыйластықты “аға дос” деп атауға болар еді. Өйткені, ол сол ең басынан бастап-ақ бізге ақыл-кеңесін айтып жүретін.

Сәбең келгеннен бастап “Жас тұлпардың” жұмысына қызу араласты. Ол кезде “Жас тұлпардың” атқарған жұмыстары бірнеше салаға бөлінетін. Мәселен, студенттердің сабақ үлгерімінің қамы үшін бір-біріне қол ұшын беріп көмектесу, жазғы және қысқы каникулдары кездерінде Қазақстанға, ауылдық жерлерге барып, лекциялар оқып, әр түрлі деректер, мәліметтер жинап қазақтың, қазақ жастарының хал-күйі, жағдайы туралы шынайы ақпараттар жинау, тағы басқа мәселелер. Енді бір сала теоретикалық семинарлар өткізу. Сәбеңнің жұлдызының жанар шағы да осы тұс. Біріншіден, Сәбеңнің табиғатынан ой-өрісі өте кең, көтерген тақырыбын тереңнен толғап, түсіне білетін, саралай, сараптай білетін қасиеті бартын. Оның үстіне өзінің өмір жолы да соған үйреткендей. Кеншілердің арасында көп жыл қызмет істеп, олардың ауыр тұрмысымен жыға танысып келген ол еліміздің өндіріс,

шаруашылық жағдайларын, жұмысшы-колхозшылардың жоқ-жітік, ой-өрістерін де жетік білетін. Оның үстіне өзінің оқып жатқан факультеті де осал емес, МГУ-дің философия факультеті. 1963–1964–1965-ші жылдар, бұл “хрущевская оттепель” деп аталған кезең ғой. Сондықтан, ол кезде бұрынғы Совет одағында демократияның бас көтерген кезеңі, соған ұйытқы болған, негіз қалаған, ой, ойлау кеңістігі жөнінде жана демократиялық процестерді бастауға ерекше үлес қосқан сол МГУ, соның ішінде осы философия факультеті болатын. Сондықтан, осындай тарихи кезеңде Сәбең өз орнын дәл тапты деп білемін, оның философия факультетіне келіп түскендігі туралы айтып отырмын. Және Сәбең өте жақсы оқиды. Ол кездегі МГУ-дің философия факультетінде үздік оқу деген екі кісінің бірінің қолынан келе бермейтін, өте қиын іс еді. Өйткені, ол факультетте сонау көне заман, гректердің философиясынан бастап әлем ойшылдарын, олардың терең қазынасын түптеп оқытатын. Ондай терең сабақтарды игеру үшін адамға өмірлік тәжірибенің сүйеніш болары да сөзсіз. Өзінің табиғаты философия ғылымына бейім, зерек, оның үстіне өмірден көрген қиыншылық, тәжірибесі бар Сәбең осы факультетті үздік оқып жүрген азаматтардың бірі болды.

Ал біздер үшін, “Жас тұлпар” үшін, оның осы білімділігі өте қажет еді. Мысалы, біз теоретикалық семинарда бір жолы сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жағын басқарған Оралбек Жангелдиннің бір кітабын талқыладық. Ол кісі де қазір дүние салған. Оралбек Жангелдин де сол кезгі біраз адамдар сияқты Хрущевтің идеологиялық саясатына қатты берілген ірі ғалымдардың бірі еді. Олар “Советтік бір қалып болсын” (Единый Советский народ) деген ұғымды шығарған. Осы бағытты қуаттаған Жангелдин әлгі кітабында қазақтың ішкен тамағы, киген киімі, дәстүрі, тілі, қысқасы, бәрі-бәрі қажеті жоқ, өйткені, біз коммунизм құрып жатырмыз дегенді айтады. Ол кезде Хрущевтың жиырма жылдан кейін коммунизмге жетеміз, сонда бәріміз коммунизмнің кезінде бір халық боламыз деген уақыты еді.

Міне, “Жас тұлпар” өз семинарында мұндай көзқарастарды қатты сынап, соққы беретін. Осындай іргелі, ілгерішіл идеяларды айтатын да, сол кезгі идеологияның олқы тұстарын ойсырата сынайтын да негізгі баяндамашы Сәбең болатын. Оны ешуақытта естен шығармауымыз керек. Өйткені, ол кезде отаршылдыққа қарсы және де империялық тоталитаризмге қарсы “Жас тұлпардың” теория жағынан дайындалған кезеңін естен шығаруға болмайды. Ал мұндай мәселелерге теориялық биік деңгеймен қарағандардың бірі осы Сәбең еді.

Содан кейін біздің Мәскеулік кезеңіміз өтті, біз 1968–1969 жылдары Алматыға орала бастадық. Мен Мәскеудегі дүниежүзілік әдебиет институты аспирантурасын бітіріп, кандидаттығымды қорғап келдім. Дегенмен, “Жас тұлпардың” құрамында болуыма байланысты біраз тосқауылдарға жолықтым. Мұндай жағдай менің ғана басымда болған жоқ. Бізді “ұлтшылдар” деп, қалаған жұмыстарымызға орналастырмады. Маған да оқу-ағарту министрлігіне барғанымда “сізге студенттермен жұмыс жасауға рұқсат жоқ” деген ескертулер айтылды.

Сәбең де негізінен осындай жағдайда жүрді. Осы кезде әкейдің досы, әйгілі ғалым Әлкей Марғұлан біздің ұлтшылдар деген атағымызға қарамастан үлкен қамқорлық жасады. Досының баласы ретінде мені жақын тартып, үйіне шақырып дастарқан жайып қонағасы берді. Сондай жаймашуақ отырыс үстінде сөз арасында ұлы ғалым, тарихшы, археолог, этнограф ағамыз маған бір сауал қойды. Ол кезде Әлекең тарихтан да, филологиядан да докторлық диссертациялар қорғаған кемел шағында еді. Сонда ол маған: “Сендердің орталарында жүрген жігіттердің қайсысы маған шәкірт бола алады? Білімдар, зерек жас бар ма?” – деген тұрғыда сұрақ қойған. Ойы өзінің білгенін зерделі шәкіртке үйретпек, жөн сілтемек. Сонда өзім тұрғылас жастарды көз алдыма елестеткенде есіме бірінші түскені, әрине, Сәбетқазы Ақатай болды. Кесімді ойымды Әлекеңе айттым. Арамызда осындай жігітіміз бар. Алыста оқыса да қазақылық қалыптан ауытқымаған, әрі үлкен

білімдар жігіт. Тарихпен, философиямен терең шұғылданған деп таныстырдым, сырттай.

Содан кейін бұл әңгімені Сәбеңе айтып, ол Әлекеңмен хабарласып, екеуі танысып, табысып кетті. Сәбең біраз жылдар Әлекеңнің жанында жүріп, оның экспедицияларына бірге шығып, кейін оның аспиранты да болды. Сәбең диссертациясын жазғанда оның орысша нұсқасын редакциялағаным бар. Кейін де оның орысша жазғандарын қарап беріп жүрдім. Екеуара осындай да қарым-қатынас, достық көмек болатын арамызда. Менің қазақша жазғандарымды ол кісі шолып беретін.

Сол жолы мен Сәбеңнің диссертациясына ресми оппонент болдым. Сондықтан оның жазған диссертациясын өте жақсы, толық білемін деуге қақым бар. Жалпы Сәбең өте терең, энциклопедиялық білімі бар ғалым еді. Сол диссертациясы бүгінгі өлшеммен алғанда докторлыққа татитын диссертация еді. Сондықтан өзімнің қорытынды сөзімді айтқанда бұл диссертацияны ең болмағанда кітап қылып шығару керек. Өйткені, бұл еңбекте мол этнографиялық деректер және теориялық тамаша тұжырымдар бар деген пікірді алға тарттым. Ол еңбек тек қана тарихи ғана емес, идеологиялық мәселені де көтерген сүбелі дүние еді. Сол кезеңде Қазақстан ғалымдары орта ғасырлар немесе көне дәуір тарихына бармаушы еді. Себебі, сол кездегі идеология оған қарсы болатын. Ал Сәбең зерттеуді тереңнен бастаған. Және одан кейінгі еңбектерінде сол бағытынан адасқан да, жаңылған да жоқ. Сәбең көптеген еңбектер, жүздеген мақалалар жазған болу керек. Бір кезде төкпелетіп көп жазды. Ол мақалалары әрі көлемді, әрі мазмұнды болатын. Солардың бәрі бірдей кітаптарына енбеген-ақ шығар. Сондай кітапқа жарияланбаған мақалаларын тауып, жинақтап бастырып шығару керек. Ол біз үшін, оқырман қауым үшін үлкен рухани қазына, оған ерекше мән беруіміз керек.

Жалпы, өзінің табиғи болмысы сондай еді. Оның үстіне “Жас тұлпар” қатарында ширығып, жастай жігерленіп, жетілгені бар – Сәбең халқы үшін мағыналы да терең қызмет істеуге ұмтылған жан. Мәскеуде оқып жүргенінде көне

Эзоптың мысалдарын қазақшаға аударған. Сондағы ойы Эзоптың тілі бізге, тоталитарлық режим-қысымда жүрген адамдарға керек екен ой, идеяны әшкерелеуге, жеткізуге. Соны Сәбең өте жақсы біліп, қолданып отыр ғой. Ол қандай іске, жұмысқа кіріссе де оны үлкен азаматтық дүниетаныммен атқаратын. Қандай тақырып алса да оны жеріне жеткізіп жоғары деңгейде қозғайтын. Сондықтан да ол әрі ғалым, әрі әдебиетші, әрі әдебиеттанушы, әрі саясаткер болды. Оны сегіз қырлы, бір сырлы азамат деп толық айтуға болады. Ол тарихшы да, этнограф та, философ та, әдебиетші-сыншы да бола білді. Кезінде бір өте жақсы, өте сәтті киносценарий де жазған. Өкінішке орай, ол киносценарий бойынша кино түсірілмеген. Ал бірақ, “Күн астындағы Күнікей” деген осы көлемді сценарийді ұмытпау керек. Жалпы Сәбеңнің қай-қай еңбегін, артына қалдырған мұрасын да уақыт оздырмай, шашау шығармай жинақтау, зерттеу керек.

Желтоқсан оқиғасы туралы да мен Сәбеңнен естідім. Ол маған сағат он кезінде телефон шалып, жағдайды түсіндірді. Мен үйде бір қолжазбаның үстінде отыр едім. Содан кейін 17–18-і болған оқиғаны өз көзіммен көрдім. Ал енді Сәбеңнің ол бір құпиясы болу керек, оны да зерттеу керек, сол күндері түнде кездесіп бір құпия тізімдерді көрсеткен-ді. Ол тізім сол оқиғада құрбан болғандар, жапа шеккендер тізімі ме екен?!. Соны халықаралық ақпарат құралдарына қалай жеткіземіз деген мәселені ақылдасқан. Мүмкін, бұл тізім өзінің жеке архивінде қалған шығар, зерттеу керек. 18-і күні түнде де кездесіп, құпия бір әңгіме болған.

Сәбең кезінде “Жас тұлпар” сапында болғандармен қарым-қатынасын еш уақытта үзген жоқ. Алматыға оралған соң оның достарының қатары Асқар Сүлейменов, Төлеген Тоқбергенов, Салихидден Айтбаев, Құлкен Саймиддинов сияқты азаматтармен толықты. Алан Медоев дейтін қаны осетин болса да жаны, санасы қазақ ірі тарихшы, ғалым болған. Осындай адамдармен қарым-қатынаста болды.

Қазақстанымызды тереңірек, жақсырақ білейік деген ниетпен алыс жолдарға да жиі-жиі бірге шығатынбыз. Мысалы, бір жолы Балқаштың жағасындағы Лепсіге барғанбыз. Сақ дәуірінің қорғандарының орындарын іздедік. Ауыл адамдарымен әңгімелестік. Жол жүру, сапарға шығу, оны бай мазмұнға толтыру тұрғысынан алғанда Сәбенді ұлы жолаушы деп айтуға толық қақым бар. Өз көзіммен көрдім. Біріншіден, ол жол жүрісті бір жерден екінші жерге бару деп түсінбейтін, жолдың ұлылығын жақсы сезінетін, жақсы білетін. Жолшыбай кіммен қалай сөйлесу керек, қай жерге ат шалдырып қай жерде ой тую керек, қай жерді көзбен көріп, қай жерге күрекпен кірісу керек дегенді жетік меңгерген жан еді. Мүмкін, бұл оның ұлы ғалым Әлкей Марғұланның экспедициясында болғандығының жемісі де шығар. Оның қолында жолсапардың алтын кілті бардай еді. Сол Алматыдан Лепсіге жеткенше қаншама жаңа мәлімет, дерек жинап, тарихымызға, салт-дәстүрімізге, мәдениетімізге байланысты жергілікті тұрғындармен нешелеген терең әңгімелер болды. Адам сүйсінерлік қаншама ілтипатты, ізетті, ыстық кездесулер болды.

Тағы бір сапарымыз Қызыл-орданың Жалағаш дейтін жеріне болды. Жол ұзақ, жол бойы тарихи орындар көп еді... Әркі-бергі тарихты біраз қопардық, еске алдық, салыстырдық, сараладық. Жалпы жол үстіндегі әңгіме деген ерекше бір жанр. Жол үстінде әңгімелесу – бұл бір бөлек дүние. Тар жерде, қалада, үйде, бөлмеде әңгімелескен бір басқа да, жол үстіндегі әңгіме бір басқа. Жолдың өзі көп ой қозғайды, адам шешіледі, ойы тереңдей түсетіндей. Ал, Сәбең осы жол үстіндегі әңгіменің хас шебері еді.

Сәбеңнің тағы бір қыры, оның саясаткерлігі. “Азат” қозғалысы, “Алаш” партиясын ұйымдастырудағы қайраткерлігі, саяси жолын да мұқият қарап, зерттеп шығу керек. Бұл үлкен азамат, үлкен білім иесі, жүрегі елім деп соққан ерекше азамат. Оның жолы ұрпаққа өнеге бола алады.

Дос, жолдас болдық. Сондықтан да пікір таластырған, айтысқан-таласқан тұстарымыз да болды. Оның көбі баспасөз

беттерінде жарияланды. Сәбең маған сын айтса, көбіне ағаның ініні сынағаны тұрғысында, ағалық сын айтатын. Жақсы ниет, жақсы пиғылмен сынайтын. Біз күрес үстінде өскен азаматтармыз. Сондықтан, пікірлерімізді ашық айтып, қателіктерді дер кезінде түзетіп отыруға дағдыланғанбыз. Менің сынымды Сәбең де лайықты қабылдайтын.

Енді, міне, осындай абзал аға, ардақты доспен қоштасқалы бір жыл өтті. Қалғаны – оның мұраларын қастерлеп, жиып зерттеу, жаңғырту, ұмытпау, жас ұрпаққа ұсыну. Қош бол, ұлы жолдаушы, ардақты азамат!

Аға туралы естелік

Рахметолдақызы Шекербану,

ақын

Осы жинақты құрастырмастан бұрын Сәбетқазы ағаның жұбайы Римма Кәрімқызы және қызы Күнікей маған жолығып үлкен, әрі жауапты жұмыс тапсырды. Сәбетқазы Ақатайдың елім-жұртым, халқым деп соққан жүрегі тоқтағанша жазған, басылым беттерінде, журналдарда жарық көрген құнды, құнарлы, сыншыл, шыншыл, зеректі зерттеулерін, ой толғаныстарын, пікірлерін, ұсыныстарын, көзқарастарын т.б. басылымдар бетіне түсірілген қағаз қиындыларын әкелді. “Осының барлығы саған аманат, Сәбетқазыны сенен артық ешкім білмейді, бірге өстіндер, барлық шығармаларымен тікелей танысып, Шығыс Қазақстанда жатып, алға қойған мақсатына жетуіне қол-қабыс жасадың, саған сенеміз”, – деген Римма Кәрімқызы мен Күнікейдің үмітін жығуға шамам келмеді.

Қиын да ауыр жүкті арқалауға мойын ұсынып, екі бума газет, журнал қиындыларын құшағыма алдым.

Мұндай жауапкершілікті арқалауға Сәбетқазы Ақатайдың, менің алғашқы “Туған жер тарихынан үзік сыр” атты кітабым шыққанда жазған алғы сөзіндегі мына сөйлемдер үлкен күш

берді: “Қол жазбаның авторымен ауылдаспыз, соғыстан кейінгі ауыл мектебінде менен 5 сынып төмен оқыды. Екеуміздің мұғаліміміз ортақ – ел іші “Қара дүсін” деп атайтын алғыр және кеуделі күрең жүз адам. Жұпыны да, шағын ауылдың журналисі, оған қоса адвокаты да осы қара Дүсін еді.

Бала ата-анасына тартады әрине, алайда тұлымшағы желбіреген қаракөз қыздың зейіні мен болжамдылығын мұғаліміне тартқандығына енді мына қолжазбаны оқып шыққаннан кейін тап болып отырмын. Қудды мұғаліміміз Дүсін болған да қойған. Ол кісінің болжағыштығына, сыншылдығына, қазақтың “Қара сөзге дес бермейтіндігіне” таң қалатынбыз” – деп мені сынап үлкен баға берді. Шынында да екеуміз ағалы-қарындас болып бір ауылда өстік. Кездесе қалсақ әр тақырыпта әңгіме құрып, талас тудырып жататынбыз. Сәкең менің жұбайым Нұрсайын Айдарханұлымен мектепте бірге өскен досы, ол кісінің мамандығы тарих мұғалімі, білері де көп, шежіреші еді, кездескенде Сәбең аға екеуі таңға дейін әңгіме-дүкен құратын.

1990 жылдардан бері біздің жұбымыз жазылмады. Жанұяларымызбен араласып жүріп, саяси идеямыз да араласып кеткендей болды. Екеуі де пәниден өтті. Тағдыр мені аға еңбектерінің жарық көруіне куәгер болсын деп қалдырған шығар. Менің екінші кітабым шыққанда жазған, алғы сөзінде: “Отаныңа деген ыстық жалының суынбасын, назды жырларың сарқылмасын, мен сенен әлі үлкен үміт күтемін” деп жазған. Сонда маған, кейін менің еңбектерімнің жарық көруіне қол ұшын берер деп, үміт артты ма, екен кім білсін?! Сол бір үкілі үмітті үзбеуге тырыстым.

“Ғалымның хаты – өлмейді, жақсының аты өлмейді” деген дана халқымыз. Қандай тауып айтылған сөз. Өмірдің өзі дәлелдеген ақиқат екені анық. Десек те “Көзден кетсе, көңілден болады ұмыт” демекші, Шығыста қоңыраулы Нұрзайсан суына шомылып, құмына қызып өскен, мақтан ететін, тарихымызда өшпестей із қалдырған, халықтың құрметіне бөленген, талай ізгі жақсыларымыз өтті. Солардың бірі, ғұмырын елім, жерім, халқым деп, еліміздің егемендігі, жеріміздің бостандығы

үшін күрескен, сол арманына жеткен, қазіргі заман тарихынан ортасын ойып орын алған азамат Сәбетқазы Ақатай еді.

Ол Зайсан өңірі, қоңыраулы Зайсан көлінің жағасында 1938 жылы дүниеге келді. Сәбетқазының әкесі Ақатай туралы ел аузында қалған: “Ақатай жігіт екен салдырлаған, көңілін еш адамның қалдырмаған” деген екі ауыз сөзден басқа, торсықтай-торсықтай Сәбетқазы, Алтынғазы атты екі ұлын қалдырып 1943 жылы соғысқа, ешқандай дайындығы жоқ, ауыл қазағының бірі болып, қазақ әскерлерінің қатарында, үлкен әріппенен айтылатын Отан соғысына аттанды. Сталинград шайқасында, осы қаланы қорғауда қайтыс болды.

Сәбең өткір тілін “Русская община” ұйымының жетекшісі Ю. З. Бунаковқа қадап, “менің әкем Ақатай Ресей жерін қорғап өлді, ал сен өз Отаның Қазақстан үшін жаныңды қиғанның орнына, бөлшектегің келеді” деп, мақалаларының бірінде мысқылдайтын еді.

Жасынан әкеден айрылған жетімек, ауыр тұрмыс нәубетінің тұзы мен сорын ерте татты. Кейде ағайындарын, кейде балалар үйіне, кейде мектеп-интернатта болды. Сондай интернатта болған, оқып жүрген кезін еске алған досы Айдарқанұлы Нұрсайын:

– Сәбетқазы оқуды жақсы оқыды, ашығып жүрсе де, томпыып, сабырлы, жайраңдап күліп жүретін, өзінен кіші балаларға солар жесін деп, кей кезде тамағын да бере салады. Өзіңнің қарның ашпай ма, дегенде – өзім шыдаймын ғой дейтін, үлкен сабырлықпен.

Сөйтіп жүріп жоғарғы сыныптарды Өскемендегі Жамбыл атындағы жалғыз қазақ орта мектеп-пансионатын бітірді. Бітірісімен оқуын ары жалғастыруға, қаржы мәселесін шешуге Зауыт-фабрикаларда қара жұмысшы болып істеді. Қарағанды шахтасында еңбек етті. Өмірдің өзі оны есейте түсті. Шахталардағы жұмысшы жағдайы, еңбек өрісіндегі теңсіздік, оның жанына қадалатын шаншудың бірі болды. Өзінің талпыныс, өжеттігінің арқасында Мәскеудегі Ломоносов атындағы университеттің философия мамандығына түсті. Сол

университетті бітіріп шықты. Сәбетқазы Ақатай сол жылдары Мәскеуде оқитын қазақ студенттерінің “Жас тұлпар” ұйымына белсене қатысты, оның студенттер кеңесіне басшылық етті. Сол үшін “ұлтшыл” айдарымен оқудан қуылды. Бірақ, Д. Қонаев Сәбетқазы Ақатайдың кеудесіндегі ұлтшылдық отын өшірмей, ара түсіп, оқуын бітіруге мүмкіндік жасады. Оқу бітіріп Алматыға келіп, ұзақ мезгіл жоғары оқу орындарында дәріс оқыды. Ұлттық дәуірлеуімізбен қайта жаңғыруымыздың тарихи, теориялық және әдістану бағдарламаларымен қамтамасыз етуге қажетті тақырыптарды зерттеді, шешімін айтты.

С. Ақатай – әйгілі тарихшы, ойшыл, этнограф, археолог, қазақ өнертану ғылымының атасы Әлкей Марғұланның шәкірті болды. С. Ақатай философия ғылымдарының докторы, профессор, жазушылар одағының мүшесі 15-ке тарта ғылыми монографиялары мен жинақтардың, 400-ден астам ғылыми публицистикалық, саяси, әлеуметтік, әдеби сын мақалалардың авторы. Мұғдарлауға алған мәселелері толғақты, көпшілік ойынан шығатын, әлеуметтік пікір туғызатын дүниелер еді. 40 жылғасозылғаншығармашылықдәуіріндеСәбетқазыАқатайдың қалам тартқан мәселелері тобынан қалам тартпағандарын санап шығу оңайырақ болар. Оны кітаптары мен жинақтау атауларынан-ақ білуге болады: “Эзоп мысалдары”, қазақтың музыкалық фольклорлы, “Арал тағдыры”, “Күн мен көлеңке”, “Эстетикалық категориялар”, “Тышқан жылғы қырғын”, “Көшпенділер эстетикасы”, “Дүниеге қазақы көзқарас“, “Инжу-Маржан секілді”, “Мәдениет айдынындағы Қазақстан”, “XXI ғасыр қарсаңындағы Қазақстан философиясы” т. б.

1991 жылы С. Ақатай Олжас Сүлейменовтың аты шулы “АЗИЯ” кітабын қазақшаға аударды. Сонымен қатар оның еңбектері әлем ғалымдарына да жақсы таныс-танымал. Ол халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, біраз шетелдерде Қазақстан ғылымына өкілеттік танытты. АҚШ-тың, Вашингтонның, Чикаго, Огайо, Грецияның, Түркияның университеттерінде өткен мәжілістерінде Қазақстанның тарихы, саяси, мәдени оқулары жайында баяндамалар жасады.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасының себеп-салдарын ашып берді.

Өйткені 1986 жылы қалада өтіп жатқан жайды өз көзімен көріп, арасында жазаланып отырған Сәбетқазы Ақатай, ой елегінен болған істі өткізіп, Жағда Бабалық екеуі туған туыстарынан, дос-жарандарынан жасырын жағдайда қалам алып дүние-жүзілік қауымдастық ұлттары мен мемлекеттерінің назарына хат дайындауға кірісті. Хат фотоға түсіріліп, тырнақтай негатив кадры көбейтіліп, келімді-кетімділер арқылы шет елге таратты. Шайдың, қолшатырдың, тіпті балтаның қалың жеріне салып қайта пісіріліп, қайта жонылған кездері болды. Әйтеуір хат шет елге, Біріккен Ұлттар Ұйымына “Интернешнл Емнисти”, Чехословакияның “Хартия–68” ұйымдарына Будапешт университетінің профессоры Қоңыр Мондоки мырза арқылы да хат жолдады. Польшадан келген беймәлім юрист Чехословакияға “Хартия-68” ұйымының қолына тигенін айтты. Қ. Рысқұлбеков пен оның достары ату жазасына кесілгеннен кейін “Азаттық” радиосынан 78 адам қол қойған поляк жазушылары, ғалымдары М. Горбачевке жолдаған хат жарияланды. Ішінде сол кезде “Солидарность” төрағасы, қазір де Польшаның президенті, Лех Валенсаның да қолы болды.

1987 жылы май айында Г. Колбин Қ. Рысқұлбеков пен оның достары ату жазасын 20 жылмен алмастырғанын айтты, бірақ ол әлемдегі қауымдастықтың жеңісі демей, “КПСС-тің аталық қамқорлығы” деді. Бұл да Сәбетқазы Ақатайдың ұлты үшін жасалған ерлігінің бірі еді. Бірақ Сәбеңнің коммунистік идеологияға жат деп “Көшпенділер эстетикасы” – деген монографиялық тиражы түгелдей тұтқындалды. Басқа еңбектері де, жарық көруге тосқауыл көрді. Ол кісінің саяси-әлеуметтік қимыл әрекеттері, оның ғылыми ізденістерімен тығыз байланыста екені анық.

Сәбетқазы Ақатай Саяси әлеуметтік көзқарасы жағынан тұлғалы азамат. Оның көздеген негізгі мақсаты: ұлт тағдыры, тәуелсіздік, мемлекеттілік, түрік тілдес халықтардың өзара ынтымақтығы. “Орта Азиялық Одақтың”, “Үлкен Түркістанға”,

“Ұлы Тұран” идеясына сабақтасу жолдары еді. Отаршылдыққа қаны қарсы болды. Саясатшыл ғалым Сәбетқазы Ақатай: “Әлем түріктен қорықпасын” – деген құрылтайда жасаған баяндамасында: “Қазақстанның бүкіл әлемде алар өз орны бар, Қазақ халқы иісі түрік жұртының ежелгі ата қонысында жасап жатыр. Қазақ халқы түрік әлемінің ең кіндігінде тіршілік етеді, тілінің ең көне нұсқасында сөйлейді. Оның кәсібі, өмір сүру тәсілі, тіпті физикалық нәсілі жағынан да өзгеріске аз ұшыраған. Мәселен осы залда көне түрік ханы Күлтегін маған, мені Күлтегінге ұқсамайды деп кім айтады? Сондықтан шығар-ау, Қазақстанның болашақ тағдырына Азияның аз санды түрік ұлыстары үлкен үмітпен қарайды” – деген.

Сәбетқазы Ақатай 60 жылдары Мәскеуде оқитын, қазақ жастарының ортасында құрылған “Жас Тұлпар” ұйымын жетелей отырып СОКП тарар тұста “Азат” қозғалысына жалғастырып, соның негізінде “Азат” партиясы құрылды.

1990 жылдары Қазақстанның азаматтық “Азат” қозғалысына Шығыс Қазақстан, Күршім ауданында “Қазақ тілі” қоғамында істеп жүріп мен де, мүшесі болып кірдім. Өйткені “Азат” қозғалысының, қысқаша айтсақ, барлық бағдар-бағыты жас болашақ мемлекетіміздің негізгі мүддесін көздеу еді.

1991 жылы Шығыс Қазақстаннан 12 адам делегат болып “Азат” қозғалысының 1-ші съезіне қатыстық. Облыста “Азат” қозғалысының орталығы Өскеменде болды. Бұл “Азатқа” мүшелікке өткендердің көбі “Қазақ тілі” қоғамының басшылары және мүшелері еді. “Азаттың” жиындарын әкімшілік қатаң бақылауға алды. Ал ол қозғалыстың саяси мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік дәреже алуы, еліміздің егемендігі, халқымыздың әлеуметтік жағдайы болды емес пе? “Азат” қозғалысының 1-съезі жазушылар одағы үйінде өтті. “Азат” болашаққа үміт артқан халық қозғалысы. Мақсаты да түсінікті – ұлтымыздың толық тәуелсіздігі. Шындығында “Азат” – қазақ ұлтының саяси және әлеуметтік қорғаны бола білді. Көптеген қиын-қыстау арандатушылық жағдайда, “Азат” қозғалысы Қазақстанның барлық азаматтарын салқын қандылық пен ұстамдылық

танытуға кез келген арандатушылыққа жол бермеуге шақырды және өзі де соны істеді.

Мысалға 1991 жылы қыркүйек айында тарихта қалатын Орал оқиғасы болды. Сонда еліміздің егемендігіне, тәуелсіздігімізге, қол сұғып ар-намысымызды аяқ асты таптамақ болған, жасанды мұрт жапсырып келген орыс казактарының меселдесін қайтарған да, осы “Азат” қозғалысының азаматтары еді. Сәбетқазы Ақатай оған тікелей жетекшілік етті. 1991 жылғы қазан айының 5–6 да өткен “Азат” қозғалысының 1-съезіне қатысып халықаралық “Азат” қозғалысы болып құрылғанының айғағы болдым. Осы қозғалыстың бағдарламасының негізінде Қазақстанның Республикалық партиясы болып құрылуға дауыс беріп, сол партияның мүшелігіне кірдім. Сәбетқазы Ақатай төрағасы болып сайланды. Қазақстан Республикалық партиясы егеменді елдің маңызды бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ мүддесімен қауышты.

Сәбетқазы Ақатай – бақытты жан. Өйткені ол көп жылдар әрекеттенген төл саяси-әлеуметтік идеялары қазір де іске асуда. Сәбетқазы Ақатай қазақ халқының көк туының астында тәуелсіз мемлекеттің ірге тасын қаласып, көгілдір күмбезін көтерісті.

Сәбетқазы Ақатай – туған жері Күршім ауданына келсе, аудандық “Қазақ тілі” қоғамына басын сұқпай кетпейтін. Тіл мәселесіне көңіл бөлетін. Бір әңгімесінде: – Ана тілімнен жастайымнан айрылып қалдым. Балалар үйлерімен үкімет мекемелерінде ер жетіп, ес жиып, етек жапқан тұста қайта табысқан соғыс жетімдерінің бірі менмін. Ұлы орыс тілін жетік білетін үш миллион қазақ азаматтарының ішінде мен де бармын. Алақаныма салып әлдилеген ұл-қыздарым да бар. Орыс тілі қызметімнің тілі, ақбас ұстаздарым мен балғын шәкірттеріміздің тілі. Бұл тіл арқылы мен әлеммен, азаматтармен таныстым. Біреудің ақылын тыңдаймын, біреуге ақыл айтамын. Қазақ баласы үшін орыс тілін үйретуде мүдіріс болмауын ұлы Абай аманат еткен.

Ал ана тілім жатқан жері торқа болғыр асыл анам Күлбағиланың, сүйегі Сталинград түбінде шашылып қалған

Ақатайдай есіл ердің маған тапсырған қазынасы, сарқылмас ырыздығы еді. Бала-шағамның менен алар басты дәулеті, еншілеп бөліп берген мал-жанымның ішіндегі құтты тұяғы – ана тілім деп ойлаймын. Сол дәулетті кеңсеқұмарлар мен ұлт нигилисттерінің құрбандығына қиғым келмейді. Тіл туралы заңның жобасын толық қуаттап, қуанатыным да сондықтан деп ауыр күрсінген еді. Сөз соңында сен – Шекербану “Қазақ тілі” қоғамын дұрыс қолына алдың. Бұл орыс ауданы, саған жұмыс істеу қиын да болар, бірақ орыстарды қума, шамың өшіп қалса кім жағады, ол шамды жағам деп қазақ ағаң тоққа түсіп қалмасын” – деп сәл жымыды.

1995 жылы Күршім аудандық “Қазақ тілі” қоғамынан Сәбетқазы Ақатайды мәжіліс депутаттығына кандидаттыққа ұсындық. Көптен көкейде жүрген, шешуін таппай шиеленіскен мәселелерді Сәбеңнің мойнына артып, парламентке кірсе, босағада тұрған тіліміз бір қадам төрге жылжи ма деген үміт еді. Сонымен қатар жас мемлекетіміздің әлі өңделіп бітпеген заңдар жүйесін, азаматтық саяси-әлеуметтік қарым-қатынас нұсқаларын жасау кезінде осындай білімді, ғылыми саяси мәселелерді дұрыс шешетін тәжірибесі бар азаматтың парламент мүшесі болуы дұрыс-ақ қой.

Күршім ауданы – шикізаттың ашылмаған көзі екенін ол кісі жақсы біледі. Ол кенді аймақтың байлығын алудың басы – темір жол салу, Октябрь темір жолын жағамен Аягөз темір жолына қосу арманы еді. С. Ақатаевтың осы арман-бағдарламасы арқылы ауылдағы жұмыссыздықты жойып, шетел қаржысын пайдалану бағдарлама негізі болды. Оған шетел инвесторларын ертіп келіп көрсеткені де бар.

Мен Сәбетқазы Ақатайдың сенімді өкілі болып екі ай бойы Күршімге көршілестөрт ауданды аралатып, халықпен кездесулер өткіздім. Барлық бағдарламасын бабына келтіріп, темір жол мәселесін көтергенде тыңдаушылардың құлағын елең еткізіп, шіркін деп тамсандырып қоятынмын. Кездесуден шығып, жолда келе жатқанда, қарындасым, қалай поездің қоңырауы естіле ме деп күлетін, Сәбең. – Иә, дейтінмін. Шынымен менің құлағыма

алыстан әуелеткен поездің қоңырауы естілгендей болады. Осы арманға жетсек қой, мына қалжырап отырған жұртыма қан жүгірер еді ғой деп, құлшынып алып, ауыр күрсінетін. Сайлау науқаны бітті, бірақ Сәбең депутаттыққа өтпеді. Сенің бе, әлде менің бе бір дауыс жетпеді, иә, бір дауыс жетпеді. Өкінішті... Құлағымда поезд қоңырауының үні әлі өшер емес, осы асыл арманның болашақта боларына үкілі үміт сендіреді.

Сәбетқазы Ақатайдың 60-қа жеткенін тойлауға жазушылар одағына барып, мерейтойын атап өту керек деген жолдама алып, ауданда дүрілдетіп той өткіздік. Ғылыми конференция дайындап, той сценарийін жазып, туған жер топырағына аунатып, ел-жұртымен кездестірдік. Той өзі айтпақшы “Қоңыраулы зайсан” көлі, Ақсуат ауылында өтті. Той өткен күні – күн ашық, жайшылықта құм ұшырып, көз аштырмайтын қара жел болған жоқ. Қазан айының жайма-шуақ жып-жылы мерейлі кешінде мереке көңілді өтті. Алпыс жасты арқалаған ғалым, қайраткер ағамыз Күршім ауданының “Құрметті азаматы” деген алқа тағып, сол кездегі астанамыз Алматыға қайтқан еді.

1998 жылы қазанның қара дауылында дүниеге әкелген қазақтың ұлын, бір Алла 2003 жылы осы қазан айында құм суырған қара дауылында қайта әкетіп қалды. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын жан аға. Елім деп еңіреген халқыңның бір туар ұлы едің, өміріңнің өзі де өмірдегі дауылдарға қарсы күресумен өтті.

Елім деп еңіреген, жұртым халқым деген қайраткер азаматтың артында қалған үзеңгілес әріптестері, бірге елім деп маңдай терлерін төккен достары “Қош! Алаштың асқар тауы, алға ұстар арысы!” – деп күңіренді. Сәбетқазы Ақатайдың еңбектерін жоғары бағалаған өздерінің қалтқысыз ашық ойларын басылым беттеріне жариялады. Олар өзінің сонау Мәскеу төрінде “Жас тұлпар” ұйымын құрып, халықтың бостандығын, егемендік елді аңсаған Сәбетқазы Ақатайдың достары советтік қатал заңдылықтарға маңдайын төсегендер: Мұрат Әуезов, Болатқан Тайжанов, Мақаш Тәтімбетов т. б. еді. Сәкеңнің бұл пәниден аттануы олардың қабырғасын қайыстырып кеткендей, орны

толмас досын үлкен құрметпен еске алып, естеліктер жазды. Саяси сапардағы үзеңгілес, дос бауыр, пікірлес жалынды “Алаш” партиясының қолдаушылары Сәбетқазы Ақатай жаққан саясат шамы өшпейтініне үлкен сенім арқалайтын өз ойларын ортаға салып, мұндай алаштың асыл ұлын алашы ұмытар ма?! – деп күйзелді. Олар: Жанат Қасым, Жұмаш Кенебай, Ақтөре Бұхарқан т. б. Осындай достары, қорғаушы, жақтаушылары, еңбегін бағалайтын елі, жазғандарын сүйіп оқитын жастар, оқушылары бар Сәбетқазы Ақатай бізбен бірге келесі ғасырдағы ұрпаққа жол көрсетіп, олардың қатарында боларына күмән келтіру артықшылық. Сәбетқазы Ақатай өлген жоқ, ғасырдан ғасырға созылатын із қалдырды. “Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз кірпіш қорған емес”. Сәбетқазы Ақатайдың қорғаны – достары, қолдаушылары. Орманы – жастар, іздерін алға жетелеушілер. Оларды бір бірінен айыру мүмкін емес.

Осы Сәбетқазы Ақатайдың еңбектерін, мақалаларын жинақтап, қайта жарыққа шығаруға қол ұшымды бергенімде, өзімді үлкен жауапкершілік арқалағанымды сезінемін. “Біткен іске мінші көп, піскен асқа жеуші көп” болары ықтимал. Десек те, Сәбетқазы Ақатайдың ойы, идеясы, ұсынысы, пікірі, көзқарасы, зерттеулері жазылған парақтардың шашылмай топтасқанына қуанамын.

Ғалым, сыншы, саясаткер, қайраткер Сәбетқазы Ақатай еңбектері үлкен зерттеуді керек етеді. Зерттеліп әлі талай ғылыми еңбектердің арқауы боларына күмәнім жоқ.

Сөз соңында осы жинақтың, С. Ақатай еңбектерінің дүниеге келуіне маңдай терлерін төккен әрбір Сәбетқазы Ақатай деген жазуы бар парақты көзінің қарашығындай сақтап жиыстырған жан жары, көтерілген күмбезді шаңырағының алтын діңгегі Римма Кәрімқызы болса, жар құлағы жастыққа тимей мұрағаттардан басылым беттерінен жинастырған асыл да, ардақты Күнікей мен Меруерт атты қыздары болды. Әкесінің хаты мен атын өшірмеуге жандарын салып 6 жыл бойы әрбір парақты жинастырды. Бұл күнде кітаптың жарық көру көрмеуі қаржыға келіп тірелері анық. Мәселені дереу шешіп, қол ұшын беріп, демеуші болған балалары

мен туыстары. “Өлі разы болмай, тірі байымас”. Құнды сөздің төркінін таныған ұл-қыздарымызға ризашылығымыз шексіз. Мақаларды жинастыру кезінде үлкен көмек көрсеткен мұрағат қызметкерлеріне шын көңілден рахмет айтамыз. Материалдарды баспаға дайындау жұмыстарын атқарған Нұрланқызы Аидаға да алғыс білдіреміз. Ағамыз бір аунап түсіп ұл-қыздарына риза болары анық.

Сәбетқазы Ақатай еңбектері өзі аңсаған, өзі іргетасын қаласқан егеменді тәуелсіз мемлекетіміздің 20 жылдығында жарық көреді. Астанам деп ардақтаған қаласы Алматыда бір көше Сәбетқазы Ақатайдың есімімен аталды.

Ғалым, профессор, доктор, қайраткер Сәбетқазы Ақатай да елінің, халқының, замандас, қаламдас достарымен бірге жүр деген сөз.

Асыл аға, есіміңізді мақтан еттім, мақалаларыңызды оқып, рух, елім, халқым, жерім деген үлкен қуатты күшке ие болдым. Қазір еліміз – еркіндікте, жеріміз – бостандықта. Армандаған, сол арманға жету үшін күрескен еңбектеріңіз өз жемісін беруде. Сіз де тарихымыздың алтын тақтасынан орныңызды аласыз. Ұрпақтарымыз есіміңізді есте сақтап, ардақ тұтады. Алаштың бір туар ұлы, қош бол Аға!

Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі

Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты

Сәбетқазы Ақатай

**Көне қазақ тайпаларының
тарихы мен мәдениеті**

НАЙМАН ХАНДЫҒЫ

Алматы, 2002

Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

“Көне қазақ тайпаларының тарихы мен мәдениеті” сериясы

Пікір жазғандар:

С. Қасқабасов, ҚР ҒА корреспондент-мүшесі

Е. Уәлиханов, тарих ғылымдарының кандидаты

Ақатай С.Н.

Найман хандығы: – Монография.

Ғалым С. Ақатайдың жазба тарихи материалдар желісінде құрылған кітабында Қазақстанның азаттығы мен топырағы үшін орта ғасырлық дәуірлерде қан төккен ертедегі ардагер батырлар мен мемлекет қайраткерлерінің беймәлім болып келген аттары аталады.

Шығарма сол кездің жырауы Құба-тегіннің толғауын алға тарта отырып, ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы қаһармандығын, жан күйзелісін паш етеді.

Кітап Отан тарихы кәусарынан сусындап, болашаққа тағлым етемін деген ұлтсүйгіш қалың оқырман қауымға арналған.

Алғы сөз

Көшпелі халықтардың құрамы әр текті екені мәлім. Бұл қазақтан басқа да Еуразия көшпелілеріне ортақ сипат. Қазақ құрамындағы сондай ірі этникалық топтардың бірі найман тайпасы.

Наймандар Еуразияның басқа халықтарының арасында да молдап кездеседі. Дегенмен, қазақ халқының үлкен бөлігін құрайтын осы найман тобы тиісті дәрежеде зерттеушілердің назарына ілікпей отыр. Оның ертедегі мәдени, тарихи және тілдік ерекшеліктері әлі құпия. Этнографиялық-шежірелік сипаттары кейбір көпшілікке арналған басылымдарда жарық көру үстінде. Алайда, ғылыми негізге сүйенген тұшымды зерттеулер жоқ десе де болғандай.

Сондықтан С. Ақатайдың жазба тарихи деректерді арқау еткен наймандар туралы мына кітабы қазақ этнологиясы үшін құнды еңбек болмақ.

Сейіт Қасқабасов,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Найман Ұлысы

Найман ұлысы – XI–XIII ғасыр аралығында Қазақстанның Шығысында дербес мемлекет құрып, Орта Азияның таулы аймақтарын мекендеген орта ғасырлық Қазақстанның феодалдық саяси-этникалық конфедерациялық бірлестігі. Қоңсылас елдерде болып жатқан оқиғалардың бәрін мұқият хатқа түсіріп отыратын Қытай сарайындағы тарихи-географиялық дәстүр шекаралас жатқан найман ұлысының тарихи тағдыры жайлы ауыз толтырарлық мәлімет қалдырмаған. Бірақ ұлыстың тарихы мен саяси-әлеуметтік нығаю кезеңін хронологиялық дәлдікпен есептеп шығаруға болмағанмен, жазбаша деректердің тапшылығы XII–XIII ғасырларда өмір сүрген бұл тайпалық топтарды сол аймақтың байырғы тұрғындары емес деуге негіз бола алмайды.

Найман ұлысының нығаюы – уақыт жағынан ұзаққа созылған процесс екені анық, ал ол біз зерттеуге алған мезгілдің қарсаңында негізінен аяқталып болған.

Найман мемлекеті – XII–XIII ғасырлардағы монғол шапқыншылығы ауыртпалығын арқалағандардың бірі. Наймандардың монғол әскерімен ер жүректікпен күресуі Азияның батысы мен оңтүстігіне қараған Шыңғыс ханның бетін біраз уақытқа тоқтата тұруына себеп болды. Наймандармен кескілескен ұрыстан кейін оңайға түспеген жеңістен соң монғолдардың қайтадан күш

жинауына тура келді. Найманды жеңуге, олармен арпалысқа көп уақытын кетірген монғолдар төніп тұрған көпе-көрінеу қауіпке қарамай, алғаш рет әскерлерін таратып, қайта құрды. Наймандар сан жағынан басым, жақсы ұйымдастырылып, күші біріктірілген монғол әскеріне төтеп бере алмады. Ал, монғолдар бұдан соң көпке дейін жеңіліс дегенді білмеді. Найман ұлысының әскери қайраткерлері монғол қолбасыларының арандатушылық әрекеттерін басып тастауға тырысты. Бұйрық хан монғолдарға қарсы бірнеше рет одақ ұйымдастырды. Монғол шапқыншылығының болмай қоймайтындығын сезген Таян хан әскери билікті өз қолына алып, монғолдарға қарсы дереу соғыс ашты. Бірақ алғашында Шыңғыс ханның наймандармен соғысу ойында жоқ еді. Таян хан ұрыстан кейін қаза тапты. Найман жауынгерлері қайсарлықпен қорғанды. Шыңғыс хан бұдан “дәл осындай нөкерлері бар адамның арманы бар ма?” деп мойындады.

Қатты жеңілістен кейін Таян ханның ұлы Күшлік (қазақша күшті деген ұғымды береді) Жетісу жеріне келіп, өз айналасына бір кезде құлап қалған қара қытай империясы сияқты құдіретті монғолдарға қарсы одақ құрды. Күшліктің түпкі мақсаты – наймандарды саяси-әлеуметтік жағынан қайта күшейту еді. Бірақ Күшліктің төңірегіндегі қарсыласатын күштер мен бірігудің айтарлықтай маңызы болмады. Найман тағының жас мұрагері бүкіл өмірін 15 жылға созылған басқыншыларға қарсы күреске арнады. Монғол әскери ордасы мен Шыңғыс хан наймандардың аса қауіпті жау екенін сезіп қана қоймай, батысқа қарай жорық жасағанша, Күшлікке қарсы шара қолдану керектігін білді.

Біздің және монғол ғалымдарының зерттеулеріне сүйенсек, дүние жүзі халықтарының монғол-татар басқыншыларына қарсы күресі ұлы прогрестің басы болып табылады. Бірақ бүгіндері Қытай идеологиясында Шыңғыс ханның атына мақтау сөздер көп айтылады. Қытай баспасында монғол қолбасыларының Орта Азия мен Шығыс Еуропаға жасаған ойраншыл да қанды жорықтары “прогресшіл” деп бағаланады. Бұл бағыт әсіресе 60-жылдардың басында Шыңғыс ханның 800 жылдық мерейтойына орай күш алды. Қытайдың партия және ғылыми-тарихи

органдары Шыңғыс ханның жеке басын дәріптеуде қызыл сөзді аямады. Бұл идеологиялық психоздың сарқыншағы әлі күнге дейін қалған жоқ. Мектеп карталарында “Қытайдың ең құдіретті кезеңіне” Орта Азия мен Қазақстанның және монғолдарға ешқашан да кіріптар болмаған мемлекеттердің кіріп кетуі де көздейсоқтық емес.

Шыңғыс хан төңірегіндегі бұл академиялық “ойынның” көздеген саяси мақсаты айқын еді. “Тарихи негіздерге сүйенген” маоистердің Орта Азия мен Қазақстанның және Монғол Халық Республикасының территориясына жанасу әрекетінен туған пиғыл болатын. Бұған қытай басшыларының кінәсінен тұйыққа тірелген кеңес-қытай келіссөздері дәлел. “Маоистер қолдан жасалған “территория” проблемасын сақтап қалуға барынша күш салады” (“Известия”, 25. 04. 74) және олар тіпті өмірі Қытай империясының құрамына кірмеген халықтардың тарихын бұрмалаудан да тайынбайды. Сондықтан да XII–XIII ғасырларда Қазақстанның шығысы мен Батыс Монғолияда болып өткен тарихи процестердің шын бет пердесін ашып көрсету бізге үлкен міндет артады. Бұл өлке – қазіргі кездегі мақтаныш тұтатын және ұлы хан амбициясына жауап беретін жатжерлік қанаушылардың қанқұйлы әрекетіне қарсы бірінші болып бас көтерген, әлемнің көптеген халықтардың тарихында өзінің тамаша ізін қалдырған наймандар мекендеген өңір еді. Кейін наймандардың алтай, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек сияқты түрік тілдес халықтардың құрамына кіргенін білеміз.

Күні бүгінге дейін созылып келе жатқан айтыс-тартысқа сүйене отырып, наймандарды XIII ғасырдың орта шенінде Зайсан қазан шұңқыры мен Орхон өзенінің аралығында пайда болып, түрікше “сегіз оғыз”, ал кейіннен тибетше “цзу-бу” және монғолша “найман” деген атпен белгілі болған түрік¹ тілдес этносаяси бірігу деген тоқтамға келдік. Дегенмен, бүгінгі күннің этникалық және тілдік конституциясын анықтауда үміт

¹ Біз зерттеуімізде “түркі” және “түрік” деген ұғымдарды “тюрок” және “turk” деген мағынада қолданамыз. Мұнда тек этникалық және лингвистикалық мәннен басқа ешқандай саяси астар жоқ.

етерліктей мәліметтердің аздығына байланысты наймандар жайлы даулы мәселенің басы ашылмай тұр. Сол себепті алғашқы зерттеушілер (И. Я. Шмидт, В. П. Васильев, Ш. Ш. Уәлиханов, д'Оссон, А. М. Позднеев, В. В. Бартольд, т. б.) мәліметтердің сенімсіздігін алға тарта отырып, наймандар монғол тектес халық деген шешімге келді. Жоғарыдағы зерттеушілердің бұл ойша атүсті жасаған пайымына қарамастан, академик Б. Я. Владимирцовтың басшылығымен жүргізген жұмысының нәтижесінде монғолдың әдеби тілі мен жазу қайнар көздерінің аса маңызды мәселелерін шешуде әлгі теорияның пәлендей дерлік маңызы қалмады. Б. Я. Владимирцов осылайша, наймандар мен керейлердің монғол тектес еместігін дәлелдей отырып, монғолдар өздерінің әдеби тілі мен жазуын наймандардан алған деп тұжырымдаса, Н. Поппе болса – керейлерден алған деген тоқтамға келеді. Монғолтілдестік теориясы шығыстанушылар арасында (Н. И. Конрад, А. Ю. Якубовский, И. П. Петрушевский, И. П. Магидович, Н. П. Шастина, Г. Д. Санжеев, Е. Ханша, т. б.) 60-жылдарға дейін кең етек алды. Кейбір тарихшылар (Л. Н. Гумилев, Кычанов, т. б.) мұны әлі күнге дейін басшылыққа алып отыр. Біз бұл еңбекте наймандарды монғол тектес халыққа жатқызған бүкіл гипотеза мен теорияларға талдау жасауды мақсат етіп отырған жоқпыз. Дегенмен, кейбіреулеріне ішінара тоқталып өтеміз.

Наймандар туралы зерттеулерде олардың шығу тегіне жөнді көңіл бөлінбеді. Монғолдардың батысқа қарай жылжуына кедергі болған наймандарды Шыңғыс ханның жеңуі – Найман мемлекетінің саяси маңызының өміршең еместігінің көрсеткіші іспеттес. Наймандар туралы әңгіме қозғалса, монғол әдеби тілі мен жазуының шығу тегі сияқты мәселелері сөз болады. Сонда да аталмыш тақырып өз дәрежесінде зерттелмей, бір бұрышта қалып қойғандай күй кешті.

Мұншама ақылға сыйымсыз ғылыми болжамдар мен тұжырымдарға қарамастан, наймандар жайлы барлық мәліметті жинақтай келе, олардың шығу тегі түріктік екені анықталды.

Егер де д'Оссон сияқты Орта Азия халықтарын географиялық принциппен жіктеп, Енисей мен Жоғарғы Ертіс бойындағы түрік

және монғол тайпаларын дихотомды әдіспен бөліп қарайтын болсақ, онда Вольфрам Эберхард айтқандай, наймандардың түрік тілдес халыққа жататыны жайлы тағы талас туады. Кезінде Н. А. Аристов ортаазиялық ономастиканың мысалдарына сүйене отырып, наймандардың түрік тілдес екенін дәлелдеп сөйлеген болатын. Алайда, оның қарсыласы академик В. Бартольд Н. Аристовтың бетін қайтарып тастады. Бұл жерде В. Бартольд те ономастиканың негіздеріне сүйене отырып, қарсы пікір айтты. “Наймандар” – монғол, – деп жазады ол Аристовпен айтысқа түскенде, – себебі, олардың атауларының өзі монғолша, – деп наймандардың монғол тектес екенін мойындатқысы келеді.

Профессор С. Аманжолов Н. Аристовтың әдісін басшылыққа ала отырып, “найман” деген сөздің түбірі түрікше “нажы”, “найц” – дос, оған “ман”, “мен” жалғауы жалғанған сөзден шыққан дегенді айтады. “Түркмен” атауының да шығуы осы тектес дейді. Қазақ наймандарының генеалогиялық негіздері мен қытай анналдарының мәліметтеріне сын көзбен қарамауы, – ғалым еңбегінің ең осал жері болып табылады.

Л. Н. Гумилев “найман” деген терминді көршілерінің этноним орнына қолданған аты деп түсіндіреді. XII ғасырда пайда болған, өте үлкен, күшті, мәдениетті найман халқы туралы таза логикалық мәліметтерге сүйене отырып, мынадай шолақ тұжырым жасайды: “...демек, наймандардың ата-бабалары басқа бір этнос мүшелері болған, тіпті жай ғана “қидандар” болған деп ашық тұжырым жасауға болады” – дейді. Мұның шалағай қорытынды екені көрініп тұр.

Автор наймандардың тілдік ерекшеліктері туралы былай деп сөз қозғайды: “Қидандар” – сегіз тайпалы халық, ал “найман” сөзі – монғолша “сегіз” деген сөз. Найман тілінен тек жалқы есімдер мен “мәдениетті сөздер” ғана қалған. Оның есесіне, біз наймандардың керейлермен және монғолдармен ұрысында олардың өздері туралы қандай пікірде екенін біліп, бірін-бірі түсініскенін білеміз”.

Бұл пікір арқылы аса білгір саналып жүрген ғалымымыз Л. Н. Гумилевтің жалпы бағыт-бағдарының тұрақсыздығы бет-

ке ұрады. Ол керей, монғол, наймандардың соғыс кезінде бірін-бірі түсінісуі наймандардың монғол тілдес екенін дәлелдейтін бұлтартпас айғақ санайды. Бұл – монғолдардың тіл туралы болжамдарынан туған пікір. Керейлердің тілдік реңкі әлі де даулы күйде қалып тұр. Ал оның түрік тілдес екені барынша түсінікті. Сондықтан да бұл жағдай мұндай күрделі де сан салалы проблемаларды шешудің алғышарты бола алмайды.

Оқымысты өз зерттеулерінде басқа да мүмкіндіктерді есепке алмастан, монғолдар тарихи көршілері наймандармен найманша, яғни түрікше түсініскенін айтады. Л. Н. Гумилев Рашид-ад-диннен “наймандардың әдет-ғұрпы мен дәстүр-салты монғолдардікіне ұқсас болған” деп үзінді келтіреді. Бірақ мұнда олардың тілдік ерекшелігі емес, біркелкі экономикалық базисі – көшпелі мал шаруашылығы жайлы айтылады.

Л. Н. Гумилев найман ономастикасы мен лауазым атауларының түрікше ерекшелігіне атүсті түсінік береді. “Наймандар түрік лауазымдарын пайдалана отырып, монғол тілін сақтап қалды”.

“Әдеттегідей, түрікше сөздердің сол тілдегі лауазым атауларына айналғаны сияқты, деректерде де монғолдың лауазым атаулары монғолша антропонимдерге сәйкес келеді. “Алтын топшы” мен Рашид-ад-дин этникалық лауазым атауларын барынша сақтауға тырысады, кей жағдайда наймандар мен монғолдардың оңтүстік-батысындағы көршілеріне қатысты ортаазиялық және парсы-араб тілдеріндегі лауазым атаулары да сақталып қалған. Бұл жағдайдың лақап аттарға да шын қатысы бар. Бірақ наймандар монғол тілдес бола тұра, қалайша олардың сөздерінің ішінде түрікше жалқы есімдер еніп кеткен? Наймандардың жазу-сызуын ала тұра, монғолдар неге олардың лауазым атауларын пайдалануды жөн көрмеген? Айталық, наймандар монғол тектес халық бола тұра, шығу тегі бір бұл екі халықтың өз атауларында, тіпті лақап аттарында неге сонша терең генетикалық айырмашылық бар? Наймандардың “мәдениетті сөздерін” олардың өзіндік ерекшелігі деп қарайтын болсақ, олардың шығу тегі де қоғамдық қажеттіліктен туған деп қарау керек. Бұған басқаша жауап іздеудің қажеті жоқ.

Л. Н. Гумилев өзінің басқа да деректері арқылы өз пікірін растай түсетін дәлелдерді арқау етеді. “Букаула деген атауды наймандар кишат деп, ал монғолдар кичат деп атайды”. Рашид-ад-диннің бұл дерегі ешбір дауды шеше алмайды, өйткені ол Л. Н. Гумилевке де, оның қарсыластарына да тең қызмет етеді.

Егер де наймандар жайлы айтысты Рашид-ад-диннің деректерімен түйіндейтін болсақ, онда Л. Н. Гумилев те “Жылнамалар жинағындағы” төмендегідей үзілді-кесілді пікірден айналып өте алмайды: “Сабырақ – сол жергілікті халықтың атымен аталатын жер атауы. Бұл әмірмен (Көксау-Сабырақ–Таян ханның қолбасшысы. – С. А.) бір күні наймандардың Байтарақ-белшіре дейтін жерінде Шыңғыс хан мен Оң хан айқасқан. Бұл жердің Байтарақ-белшіре аталу себебі – ертеректе найман мемлекетінің басшысы оңғұт мемлекетінің басшысының Байтарақ деген қызына құда түскен болатын. Наймандар мен оңғұттар осында келіп үйлену тойын жасаған. Белшіре – шөбі шүйгін дала дегенді білдіреді. Осы екі сөздің бірігуінен жер атауы пайда болған. Монғолдар бұл сөздің мағынасын түсінбестен, Байтарақты Базтара деп атады. С. Мураяма мен Л. Викторова бұл жер атауы екі халықтың тіл айырмашылықтарын, наймандардың монғол тілінде емес, түрік тілінде сөйлегенін, бірін-бірі түсінбегендіктен монғолдардың найман сөзін бұрмалауынан шыққан сөз екенін атап көрсетеді”.

Бұлайша Л. Н. Гумилевтің бірде-бір бір пікірімен келісу мүмкін емес. Талай ғалымды тұйыққа тіреген бұл мәселенің жалпы алғанда орта ғасырға саятынын, тайпа атауларының кейбіреулері этникалық белгісіне емес, саяси белгісіне қарап пайда болғанын мойындауға тура келеді. Бұларды сол кездің саяхатшылары мен тарихшылары анық этникалық белгі етіп басшылыққа ала алмады. Осы реллятивизм, субъективизм, сондай-ақ кейде Орта Азия тайпаларын негізсіз этникалық және территориялық жіктеу – деректерде жоғарыдағы белгілердің жоқтығының салдарынан болып отырған құбылыс.

Орта жүз қазақтарының этникалық тарихын біржақты зерттеген М. Мұқановтың қорытындысы бойынша, монғолдарға

бағынышты әр тілді халықтардың көбеюі наймандардың өздерін монғолмыз деп санауына түрткі болған. Бұған ешқандай қатысы жоқ қыпшақ, түркмен, қарлұқ және т. б. этникалық түрік тайпаларының өзі монғол деп атала бастады. Ғалым монғолдардың қол астындағы кейбір тайпаларға, соның ішіндегі наймандарға монғол деген атау генеалогиялық негізде емес, саяси мақсатта таңылған деп дұрыс айтады.

“Жылнамалар жинағының” авторы Рашид-ад-диннің өзі де кейде түрік және монғол тайпаларын ажыратып, нәтижесінде жана этникалық, бірақ одан гөрі гетерогенді (*гетер* – әр түрлі, *ген* – тұқым) бірлік құрған саяси оқиғаларға баға береді.

Мысалға, этникалық жағынан татарлардың әдістемелік өз ерекшелігі бар. “Ерекше ұлылығы мен беделінің арқасында үш қайнаса сорпасы қосылмайтын басқа да түрік халықтарының атын шығарды, сөйтіп олар да татар деген атқа ие бола бастады. Және жалайыр, татар, ойрат, оңғұт, керей, найман, таңғұт сияқты өз аттары мен арнайы таңылған лақап аттары бар әр түрлі түрік тайпалары ерте кезден өздерінің монғол екенін мойындамай келген еді. Сөйте тұра, олар қол жеткен табыстарын Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының жақсылығының арқасы деп мақтан етеді. Олардың қазіргі ұрпақтары өздерін ежелден келе жатқан монғол ұрпақтарымыз деп есептейді. Расында, олар – біріккен түрік тайпаларының бірі ғана. Өздерінің ойынша, олар “жаратқанның шапағатымен” Шыңғыс ханнан тараған, сондықтан да олар монғол тайпалары деген атпен мәшһүр болған.

Сонымен, түрік теориясы найманның түріктік тегі туралы толығымен дәлелденген деректерге сүйенеді. Оның монғол теориясына қарағанда аз да болса лингвистикалық материалдары, өзіндік ерекшелігі, түпнұсқаға сүйенушілігі, жанжақтылығы мен қарсыласына сезік тудырмайтындай қабілеті бар. Біздің міндетіміз – XIII ғасырдағы найман атауы мен лауазымының шығуын зерттеу еді. Зерделеуіміздің нәтижесінде наймандардың тегі түрік қауымы екеніне бұрынғыдан да сенімді түрде қарауға мүмкіндік ашылды.

Найман дүниесін алғашқы зерттеуші ағылшын оқымыстысы Ховорс (1874 ж.) қолына түскен шағын материалдарды мұқият мұғдарлай отырып, оның түпкі тегін анықтаған еді. Ал чех ғалымы онан да мол материалдарға арқа сүйей отырып, найман тегінің тек түрікпен ғана шектелмейтінін дәлелдеді. Дегенмен, глоттогенез (тілдің тегі жайлы ілім) деректері П. Поуханың бүкіл жинап-зерттеп, талдаған материалдары найман тілінің орхон ескерткіштері тілімен туыстық байланысы бар екенін көрсетеді.

1959 жылы “Сентрал Азиатик Джорналда” жапон ғалымы С. Мураяманың осы мәселеге қатысты мақаласы жарияланды. Ол Рашид-ад-диннің “Жылнамалар жинағы” мен монғолдың “Алтын топшысындағы” бүкіл найман сөздерін тексеріп, аудармаларын анықтады. Осының негізінде С. Мураяма найманға қатысты тілдік материалдардың арасында бірде-бір монғол сөзі жоқ деп тапты. Бұл тұжырым Ховорс пен П. Поуханың бұрынырақ жасаған пікірлерін растай түсті.

Л. Викторова 1961 жылы бір жарым ғасырға созылған пікірталасты қорытындылаған мақаласын жариялады. Мақаланың артықшылығы, автор наймантану саласының негізін қалаушылардың көзқарастарына талдау жасап қана қойған жоқ, сонымен бірге бұрын қолданбаған мол тарихи деректің арқасында наймандардың түрік тектестігі теориясын табандылықпен дәлелдеп шықты. Ал кемшілігі – Л. Викторова өзінің түпкі ойын дәлелдеу үстінде келте қайырып, мазмұндаумен ғана шектеледі де, соны қанағат тұтты. Сондықтан наймандардың түрік тектестігі жөніндегі тезис өзіне лайық бағасын ала алмады. Мысалы, Л. Н. Гумилев Орта Азия тайпаларының мекендеуіне қатысты пікірлерінде Л. Викторованың қорытындыларына иек артып отырса да, өз монографиясында оның наймандардың этникалық атрибуциясы туралы жіті дәлелдеген көзқарасын еске сала кетуді жөн көрмейді. Сол себепті бұл жұмыстың міндетіне осы саланың негізін қалаған зерттеушілердің қолына түспеген (әсіресе түрік теориясы дәлелдеген қазақ наймандарына қатысты) қосымша материалдар кірмей қалды. Сонымен бірге наймандардың тектік-тілдік реңкі жайлы кейбір қағидаларды

бұзатын жаңа теорияның шығуымен байланысты “сегіз оғыз” тайпалық одағының саяси-әлеуметтік тарихының қатпарларына белгілі бір мөлшерде жаңа көзқарас енгізу де ойда болды.

Наймандардың тарихи және этникалық тегі

Сөйтіп, VIII ғасырдағы “сегіз оғыз” бен XIII ғасырдағы тарихи және этникалық-тұқымдық байланыс жайлы толық тұжырым жасалады деуге болады. Л. Л. Викторова өз зерттеулерінде әр текті мол тарихи деректер мен зерттеулерге талдау жасай отырып, найман әулетін әуелде “сегіз оғыз”, кейінірек “цзу-бу” әлде “найман” деп аталып кеткен оғыз тайпасынан шыққан түрік тілдес халық екенін дәлелдеп берді.

“Сегіз оғыз” атауы алғаш өзінің “меншікті тоғыз оғыз халқын “оқ пен оттың күшімен жинап біріктірген Түрік қағанатының соңғы әміршісі Өзміш-тегінді 745 жылы жеңген ұйғыр ханы Мойыншора ескерткішінде кездеседі. Екі ғасыр бойына Орталық және Орта Азияға бірдей билік жүргізген Түрік қағанаты өмір сүруін тоқтатты. Мойыншора “тоғыз оғыз” мемлекетіне тәуелсіздік алып беріп қана қойған жоқ, сонымен бірге ол Орталық Азияның жаңа империясы Ұйғыр қағанатының (745–840) іргесін қалады. Жас мемлекеттің бой көтеруі көршілеріне оңай болған жоқ. Мойыншораның қыспағында болған “үш қарлық” одағы 747 жылы ұйғырлар талқандаған “он оқ” тайпаларымен бірігіп, батысқа, қазіргі Қазақстан жеріне қарай қашып кетті.

Мойыншораның Ұйғыр қағанатынан бастап бұларға жасаған жорығы Қазақстан жеріне дейін созылды.

Араға аз уақыт салып, өзіне қарсы болған “тоғыз татармен” одақ құрып үлгерген ұйғырлар “сегіз оғызға” қарсы шабуыл жасайды. Жазба деректердегі 747–750 жылдар аралығында орын алған оқиғалар “сегіз оғыздың” алғашқы әскери шаралары ғана емес, олардың тіршілік мезгілінің бастауы да еді. Ертеректегі басқа деректерде “сегіз оғыз” одағы жайлы мәліметтер жоқ бола

тұра, олардың тарихи факт ретінде ғана емес, этносаяси субъект ретінде де көршілерімен сол кезде де қарым-қатынас жасағаны мәлім. Шамамен XIII ғасырда Солтүстік Монғолстанда наймандар тіршілік еткен өлкеде тұрып, өзінің бүкіл болмысымен Түрік қағанатының құрамына кірген “сегіз оғызға” қатысы бар, алыстағы елдер мен оқиғалар жайында әдетте нақты мәліметтер беретін көне түрік жазбаларының VIII ғасырдағы найман шежіресі туралы сыр ашпауы ғалымдарды қайран қалдырады. Бірақ, “сегіз оғыз” – түрік тайпаларының ішіндегі құлпытастарда мәңгіге аты қалған одақ.

Мойыншора “тәңірі-жердің” қолдауымен түрік мемлекетін, өзінің бақталасы Тай-Білге-Тұтықты, “сегіз оғыз” бен “тоғыз татар” одағын қоса талқандап, жеңіске жеткенін тасқа жазып, мақтанышпен жеткізеді. “Сегіз оғыз” бен “тоғыз татардың” Бюкягике шайқасында кейін шегінуін әлсіздік деуге болмайды. Бұл шегінудің стратегиялық мәні болды. Бюкягике шайқасында “сегіз оғыз” бен “тоғыз татар” туыстас отар халықтардың көтерілісіне көмекке кейінірек келеді. “Сегіз оғыз” бен “тоғыз татар” көмекке кейінірек келді, – дейді сөзбе-сөз ұйғыр ханының ескерткіші. – Селеңгінің солтүстік-батысындағы Жылыкөлдің оңтүстігіндегі Сып-Башиге дейін өз әскерімді орналастырдым. Олар Кергю, Сақыш, Сын-Баши арқылы жылжып кеп, Селеңгіге дейін өз әскерін орналастырды: “Мен бесінші айдың 29-жұлдызында ұрыс салдым. Онда мен жеңдім. Мен оларды Селеңгіге дейін қуып тастадым. Мен оларды бытыратып жібердім. Мен Селеңгіден өтіп, солардың ізімен жүріп отырдым”. Әрі қарай текст өз мазмұнын жоғалтып алады. Бұл жерде Мойыншора “сегіз оғыз” бен “тоғыз татарды” “өз халқым” деп, ұйғырлардың үстемдігін мойындатып, өзіне бағынуларына ұсыныс жасайды. Осылайша, Мойыншора ұрыста “сегіз оғыз” бен “тоғыз татар” атынан қарсыластарына мынадай тапсырма-сәлемдеме жібереді: “Тай-Білге-Тұтық пен бірлі-жарым белгілі адамдардың опасыздығынан, менің қарапайым халқым, қатты соққы алдың да құрыдың, мемлекетке қайта қосыл, сен (енді) құрысың, бірақ сен құруға тиіс емессің, сен (енді) қор боласың, бірақ сен қор болуға тиіс емессің. Мұны айтқан мен”. Мойын-

шора оңды жауап күтіп, екі ай алтын уақытын бекерге өткізеді. “Сегіз оғыз” бен “тоғыз татар” өз еріктерімен қосылмаған соң, ұйғырлар оларға қарсы соғыс ашады. “Сегізінші айдың бірінші жұлдызында мен сендермен соғысуға барамын – мұны айтқан мен. Бірақ, соңғы сәтте белгілі болғанындай, “сегіз оғыз” бен “тоғыз татар” ұйғыр халқының қанқұйлы әрекетінен қорқып, оларға қарсы соғысты бұлардың өздері бастады. Өз атамекенін ұйғыр қағанатының езгісінен құтқару үшін “сегіз оғыз” бен “тоғыз татарға” екі ай мерзім жеткілікті еді. Бірақ Мойыншораның жолы болды. “Мен олармен сегізінші айдың 2-жұлдызы күні Қосүйден өтіп, Тұзды Жалтыр көлінің маңында шайқастым. Онда мен жеңіп, оларды қуып тастадым. Сол айдың 15-жұлдызында Кэйре бұлағы мен Үш Бірке өзенінің жағасында татарлармен қақтығысып, оларды қырдым”. Л. Гумилев текстің бұл жерін “сегіз оғыздың” кейін шегінгені дұрыс болған, ал татарлардың жартысы тұтқынға түсіп, әскерінен айрылды”, – дейді. Деректер де “сегіз оғыздың” бұл ұрыстан кейінгі тағдыры жайлы ештеңе айтпайды. “Сегіз оғыз” басынан бастап соғыстың ауыртпалығын көре отырып, ұйғырлардың егемендігін танып білді, өзінің бар күшін жиса да, ұйғыр қағанатына қарсы тұра алмайтынын және тұру мүмкін еместігін білді. Оның үстіне Мойыншора “сегіз оғыздың” ұйғырларға тәуелді болғанын әділдік жолы деп санап, қайта қызмет қылып, еңбек ет”, – деді. Бұл оның тығырықтан шығудың айқын да кесіліп-пішілген жолы болды. Мойыншораның өктем үнінен “сегіз оғыз” тайпасы таяуда ұйғыр үстемдігін бастан өткізген, әлде олар өткен ғасырларда ұйғырлармен (тоғыз оғызбен) бірге бір этникалық топ құрған Оғыз қоғамдастығынан бойын алып қашқандығының лебі есетін секілді.

“Сегіз оғыз” бен “тоғыз татарды” жеңгеннен кейін Мойыншора алаңсыз Өтікен тауында қыстап шықты. “Мен жаудан босап шықтым, өзімді еркін сезінемін”. Мұндай бейсауат жағдай оған ұлыс құрылымымен айналысуына мүмкіндік берді: екі ұлына “жағбы” және “шад” деген лауазым беріп, оларды тордым және телес халықтарына басшы етіп тағайындады.

Мойыншора негізгі саяси мақсатына жетіп, өзінің ісіне өзі ризашылық білдіретіндей халге жетті. “Сегіз оғыз” бен “тоғыз татар” тізе бүгіп аз да болса бейбіт өмір басталды. Осыдан 10–11 жыл бұрын не Күлтегін (731 жылы өлген) не Білге қаған (734 жылы өлген) “сегіз оғыздың” саяси-әлеуметтік негізі пісіп-жетілген дербес саяси бірлік екенін сезген де жоқ еді. Өткен оқиғалар “сегіз оғыз” конфедерациясының біршама күш екенін көрсетті. Яғни түрік қағандары “сегіз оғызды” басып-жаншуға құмар болды деу қиын болар. Өздерін ұйғырларға қарсы қойған “сегіз оғыздың” жалпы түрік халқымен, батыс түріктермен, “үш қарлықпен”, “тоғыз татармен”, “қарлықтармен” және т. б. жандары да, тәндері де ортақ болғандығын аңғарамыз. Білге қаған заманында оғыздармен үздіксіз күрес жүргізілді. Бұл соғыстар бірде жаулап алу, бірде жазалау сипатында болды. Өкінішке қарай, ескерткіштер әр түрлі оғыз тайпаларының жіктелуі жөнінде нақтылы мәлімет бере алмайды. Тасқа қашалған жазудың авторлары үшін оғыз тайпаларының атауына қосарланған есептік белгілер аумалы-төкпелі сипатта болғандықтан, текст құрастырушылар оларды кейде топтап “оғыз халқы” дей салады. “Төгле (Төле) өзенімен оғыздар келді. Мен ұрыс бастадым. Тәңір (бізге) мейірімін төкті және біз (оларды) қуып жібердік. Бұдан соң оғыздар бәрі бірге келді (яғни, бізге бағынды). Менің түрік халқын Өтікен жеріне алып келгенімді естіген данышпан Чоңқұқ (Тоныкөк емес, “көп оқыған”, “данышпан” деген мағынада) Өтікенде тұруды қалады, (бізге) оңтүстік халықтары, батыс, солтүстік және шығыс халықтары келіп қосылды”. Жазуда оғыздың қайсыбірі туралы сөз болып отырғанын айыру қиын. Бірақ, әйтеуір Чоңқұқ мәліметінің бүкіл оғыз жұртшылығына қатысты екені мәлім. Күлтегін ескерткішінен оғыз халқы туралы мынадай нақты мәлімет болады: “(Бізге) дұшпан оғыздар шабуыл жасады. Бірақ Күлтегін “орданы бермеді” дейді де, ескерткіштен Білге қағанға: “Сонда (сол кезде) “тоғыз татармен” біріккен оғыз халқы (бізге) жақындады. Мен атой салып, екі дүркін қатты соққы бердім. Олардың әскерін жеңіп, халқын бұғаулады”, – деп тіл қатады. Осыдан-ақ, түріктің тас жазбалары түрік халқының бүкіл оғыз жұртшылығын өзіне қаратып

алғанын көрсетеді. Ұйғыр қағанатының соңғы 20 жылда үздіксіз жүргізген әскери-саяси шараларының нәтижесінде олар өздері көп күш жұмсап, орасан зор байлықтан айырылғанын аңғарамыз. Мұнымен қоймай, сенімді тайпалық одақтарды қолда ұстап тұрудың да ыңғайы болмады. Бұл Күлтегін мен Білге қаған өлгеннен кейінгі ішкі саяси дағдарыс пен қағанат құрамындағы тайпалардың бөлінуіне ықпал етсе, екіншіден, көк түрік мемлекетінің құлауына ғана емес, “сегіз оғыз” конфедерациясының дүниеге келуіне себепші болды. Мойыншора таққа отырған соң ол “сегіз оғызға” қарсы кезек күттірмейтін және кейінге қалдыруға болмайтын әскери-саяси санкциялар ойластыра бастады. Сондықтан да Мойыншора ескерткіші “сегіз оғыз” атауын егеменді этникалық одақ деп есепке алмай, өз санкцияларына іс жүзінде толығынан төтеп бере алатын күш ретінде таныды.

Ұйғырлардың табанына түскеннен кейін “сегіз оғыз” тарихында 4 ғасырға созылған қара түнек заман басталды. “Сегіз оғыз” Қытай мен Тибетті дірілдеткен сол кездегі ең күшті мемлекет ұйғыр қағанатына барлық жағынан да тәуелді екенін мойындады. Ал бұлардан соң “сегіз оғызға” өздері құлап қалғанға дейін Қырғыз қағанаты үстемдік етті.

Шамасы, “сегіз оғыз” бірлестігінің тағдыры Түрік қағанатының тарихымен тамырлас болса керек. Өйткені, XII ғасырда “сегіз оғыздың” әл жиып, қайта бас көтергенін байқаймыз. Алайда, қайта өркендеу басқаша сипат алды. Қиданның Ляо империясының құрамында болып келген “сегіз оғыз” ендігі жерде монғолша “найман” есімімен белгілі бола бастады.

Ғылымда “сегіз оғыз” бен қидандарды бір ел деп қарау орнықты пікір емес. Қидандар, біріншіден, көп тілді халық болды, екіншіден, Рашид-ад-дин, Ибн-ал-асир, Джувейни-ан-Насави қалдырған деректерде шамандарды қидандармен немесе қара қытайлармен шатастырмайтындай етіп ажыратып береді. Л. Гумилев болса, деректерді бұрмалап тұжырым жасайды. “Сегіз оғыздың” қоныс аударуы туралы мәліметтер жоқ, ал қидандар болса, VIII ғасырда Үлкен Хинганның шығыс

сілемдерінде, яғни Қытай империясының солтүстік-шығысынан асып ешқайда кетпеген халық.

Ұйғырлардың “сегіз оғыз” бен “тоғыз татардың” біріккен күшімен шешуші айқасы Хинган жотасының солтүстік өңірінде өткен. Дерек бойынша, Мойыншора өзінің жауларын Селеңінің сағасына, яғни батыстан солтүстік-шығысқа қуып тықты. “Сегіз оғыз” бен “тоғыз татар” қосындары өздерінің негізгі орталық күшінен хабарсыз, қол үзіп қалған, арнаулы әскери сипаты болмады, әйтпегенде екі жақтың күші теңдей дәрежеде еді. Бұл жағдайлар ескерткіш таста барынша анық көрсетілген, “сегіз оғыз” ұйғыр әскеріне төтеп бере алмай, өздерінің қауіпсіздігін сақтау үшін, қашып құтылуларына тура келді. Бірақ олар қайтып келіп, өз жерін жаудан босату үшін, жау қолында күндікке кеткен қыз-келіншектер мен малдарды қайтару үшін Мойыншораның жойқын күшімен айқасқа түсті. Бұл оқиғалар төртінші айдың (қаңтар айына тура келеді) 1-інен бесінші айдың 1-іне дейінгі қысқа мерзімде болды. Қидан әскерін шығысқа қарай аттандырып жіберу үшін бұл мерзім жеткіліксіз болды. Тарихтың бұл кезеңінде ұйғырлар мен қидандардың әлеуметтік және мәдени деңгейі әр түрлі сатыда болды. Ұйғырлар мен түріктер феодалдық қарым-қатынасты біршама ертерек бастағандықтан, оларда мемлекеттік құрылымдар пайда болды, ал қидандар бұл деңгейге жете қоймаған еді, олардағы мемлекеттік іс IX–X ғасыр аралығында ғана пайда болды.

Бұдан XII–XIII ғасырлардағы найман мемлекетінің шығыс шетін, яғни Хинган жотасының солтүстік-батысын “сегіз оғыз” мекендеген деп Л. Викторова күмәнсіз қорытынды жасайды. Расында да, “сегіз оғыз” бен наймандардың этнотерриториясы бір-бірімен сәйкес келеді. Ғалым Мойыншора құлпытастарында аты аталған тайпалардың – қарлықтардың (Тарбағатайда), шектердің (Кем өзенінің бойында), қырғыздардың (Енисей өзенінің бассейнінде), “тоғыз татардың” (Бұйыр-нұр және Далай-нұр өзендерінің шығысында), батыс түріктердің (Орта Азияда) жаңа қоныстарының аттары әбден мәлім деп есептейді. Сол себепті Орталық Азияның таулары мен далалары, яғни қазіргі Монғолстанның жері басқалардың үлесіне қалады.

Ұйғыр Орхон, Селеңгі өзенінің бойын, Төле өзенінің Хинган маңын иеленді. Монғолстанның батыс бөлігі мен Гоби шөлі басқалардың үлесіне тиді. Хан дәуіріндегі қытай деректерінен белгілі: қалған түрік тайпалары Таулы Алтайда, Қоскөл маңы мен Ұлы Қытай қорғанының төңірегінде тіршілігін жалғастыра берді. Осылайша, “сегіз оғыздың” үлесіне Хинганнан Тарбағатайға дейінгі аралық, ақыр аяғында қазіргі наймандар тұрып жатқан жер тиді”, – деп түйіндейді Л. Викторова.

“Сегіз оғыз” атауы мазмұны жағынан кейбір мәселелердің бетін ашады:

біріншіден, статикалық жағынан – бұл – сегіз тайпа одағы;

екіншіден, этикалық жағынан – оғыз тайпаларының одағы, яғни, түрік тайпаларының одағы;

үшіншіден, тілдік жағынан – атау түрік тілінде қалыптасты;

төртіншіден, Түрік қағанатының дәстүріне сай тайпалардың сан өлшемі арқылы ат алуы;

бесіншіден, мәдени-тарихи жағынан, сандық атау көне Түрік қағанатының этикалық табиғатына бейім келуі.

Орта Азия халықтарының аталу дәстүрі бәрімізге белгілі монғолша емес атаумен аталып келген монғол тайпалары сияқты, түрікше емес аталып келген кейбір түрік тайпалары туралы шындықтың бетін ашуға негіз бола бастады. Жай ғана “сегіз” немесе толық айтқанда “сегіз құрамды тайпа” деген ұғымды білдіретін “сегіз оғыз” түрік атауы қалайша “монғолданып” “найманға” айналды? “Найман” сөзі түрікше “сегіз оғыз” атауының монғолша калькасы болғандай, қай тарихи оқиғаға орай этникалық-тектік белгілер жойылып, атаудың сандық белгісі бір тілден екінші тілге аударылады?

Бұл сұраққа жауапты түрік тілдес ұйғырлармен және қырғыздармен бірігіп, ұзаққа созылған қидан үстемдігі орнағаннан кейінгі “сегіз оғызды” өзіне тартқан монғол тілді саяси атмосфера алып келген тарихи және әлеуметтік процесстерден іздеу керек.

XIII ғасырда “сегіз” ұғымы “найман” атауын дербес алмастыра алатын сөз болған. Наймандарды түрікше “сегіз” (“сакиз”) деп атағанына шүбә келтірмейді. (Оң хан керейлер мен сегіздердің

көсемі болған). Расында, 1199 жылы Инанша Білге өлгеннен соң көп ұзамай-ақ керейлер мен монғол басқыншыларының сәтті жорығынан кейін Бұйрық хан ұлысының найман сегіздері аз ғана уақыт Уаң ханның билігін мойындады. Джувейнидің бұл мәліметтері Рубруктың Иоан өлгеннен кейін таққа Унқтың отырғаны жайлы хабарламаларымен сәйкес келеді (Уаң хан “Жемаль Каршиде наймандардың Күшлік ханы 8-ші рет санымен келтірілген – “Қуслуг хан ас-сегизи”).

Бұл мәліметтер “сегіздің” “найманға” айналу процесінде бұл атаудың монғолша мәнімен бірге көне түріктік мәні де қатар қолданылғаны аз да болса сенім ұялатады. Бұл деректерден көне түрікше “сегіз оғыз” атауын сол заманға лайықтап түрікше “сегіз” (“сакиз”) деп атағанын білуге болады. Яғни, “найман атауында сегіз құрамды оғыз бірлестігінің түрікше атауының абстрақтылы-сандық мәні жүр. Оның тайпалар одағының этникалық табиғатына қатысы жоқ. Көп тілді қидандар арасында қалыптасқан “найман” атауын тудырған “сегіз оғыз” түпнұсқалы терминнің тектік мағынасының саяси мәні жойылған себепті этникалық атрибуцияға айналды. Бұл сегіз тайпа құрамының елеулі өзгеріске ұшырап, өзіне басқа монғол тектес компоненттерді қосып алғанын көрсететін айқын дәлел.

Осы уақытқа дейін Қара Ертіс пен Батыс Алтайдан Тарбағатайға дейінгі аралықты мекендеп, ата жұртында тіршілік құрып жатқан қазақ наймандарының шежірелері олардың тектік сабақтастығының толассыздығын көрсететін деректі материалдар болып табылады. “Қара қытай”, “қытай”, “қара керей” секілді ру атаулары арқылы қидан ізін де, керей ізін де табуға болады. С. Аманжолов наймандардың тегі монғолдарға да, сондай-ақ, қидан, шата, чуэ, қиман сияқты түрік халықтарына да тән әр текті құрылым болған дейді. Тарих көшінде наймандардың тектік құрылымы талай өзгеріп, толыға түсті. Найман сияқты Орта жүз тайпаларының бірде-бірінде рулық салт пен ұранның әр алуандығы кездеспейді. Бұның өзі монғол компонентімен тұрақты толығып отырған наймандардың тектік құрамының алақұлалығын көрсететін құбылыс. Наймандардың тектік құрылымының толығу процесі кейінге дейін тоқтаған жоқ. Өйткені най-

манда кірме топтар көп кездеседі. Кірмелік белгі наймандардың реңктік атау құрылымынан да байқалады. Мәселен, қара керей руына жататын. Ақ найман атасын шежірелік дәстүр кейде кірмелерге жатқызады. “Қара найман” мен “Көк найман” қырғызда да кездеседі.

Осы материалдар әріден басталған наймандар тегінің қалыптасу процесін көрсетеді. “Сегіз оғыздан” “найманға” көшуде монғол тілдес қидандардың үстемдігі нәтижесінде саяси-тілдік кеңістік біршама рөл атқарды. Себебі, әу баста наймандар Ляо империясының құрамына батыс цзу-бу болып кірген еді. “Ляо әулетінің тарихында” бірінші рет кейбір зерттеушілер (Фен Чен-Чунь, К. А. Виттфогель, Фен Цзя-шен, Л. Л. Викторова, Б. Х. Кармышева, Л. Н. Гумилев) “Батыс цзу-бумен” теңестірген “найман” атауын кездестіреді. “Ляо-ши” наймандар қидандарға алым-салық төлеп тұрған деп келтіреді.

“Ляо¹ дәуірінде “сегіз оғыз” тайпасы өмір сүре берді”, – дейді Л. Викторова, – бірақ көп тілді қидандар шындығында оларды “сегіз тайпа” одағының түрікше мағынасын білдіретін монғол сөзімен “найман” деп атады. Бұл одақ қидан қолбасшысы Елюй Дашидің² XII ғасырдың екінші жартысында Жетісуға қоныс аударуына байланысты оқиғаны еске түсіреді. Түрік терминінің кейде монғол сөзі қатар қолданылып, кейінірек түсіп қалғаны шындыққа жанасады. Көп тілді ортада “найман” атауы ұзақ уақыт құлаққа жағымды шықты. Орхон ескерткіштері бойынша, XIII ғасырда наймандардың атамекенінің жер-су атауларын монғолдандыру процесі сияқты бұл процесс те хәм саналы, хәм ырықсыз сипатта өтті деуге болады. Қайткен күнде де XIII ғасырдағы найман ұлысының жер-су атауларының монғолшалануы шындық. Ал наймандардың атасы “сегіз оғыздың” VI–VIII ғасырлардағы түрік тектес екендігіне Орхон жазбалары куә бола алады.

¹ Ляо – темір.

² Елюй Даши – монғолдар Елюй Люгэ деп те атаған.

Қос өкімет

Түрік, Ұйғыр және Қырғыз қағанаттары секілді Найман мемлекетінің де Орталық Азияның ежелгі феодалдық саяси ұйымына тән ортақ белгілері мол болды. Сөйте тұра Найман мемлекетінің өзіне ғана тән ерекшеліктері бар-ды.

Найман ұлысының ең жоғарғы лауазымы – хан болды. Деректер XII ғасырдың аяғынан бастап Найман мемлекетінің басындағы хан атағы екі жүйеге: “күшлік” және “бұйрық” лауазымдарына бөлінді. Жеке-дара билікке ие болған барлық хандардың алдындағы қағанаттардың дәстүріне атүсті қарау қасиетті Күшлік ханға да тән еді. Рашид-ад-дин найман ханын “найман патшасы” деп атайды. Шыңғыс хан мен найман арасындағы жанжалға дейінгі арадағы найман ханы Инаншы-Білге-Бұқа болып саналған. “Инаншы” – сену, илану, “білге” – білгіш, дана, ұлы деген ұғымды білдіреді. Рашид-ад-дин Найман мемлекетінің Шыңғыс ханның хандық дәуірінің бастапқы кезеңінде билік құрған ағайынды екі жігіт Нарқыш Таян мен Әниат ханның атын атайды да, басқа бір тарихи кезеңнің шежіресін еске түсіргендей болады.

Найман хандары Инаншы-Білге-Бұқа ханнан таратылуы туралы мәлімет шындыққа жақын секілді. Мұндай ұйғарымның мынадай негіздері бар:

Біріншіден, бір ұлысты бір-біріне тәуелді “күшлік” және “Бұйрық” лауазымды екі хан билеген қос саяси жүйе (орындаушы және заң шығарушы делік) жеке билеуші жүйенің құлдырауын аңғартады. Шындығында, XIII ғасырдың басында Найман мемлекетінің әлсіреуіне биліктің екіге бөлінуі себеп болды.

Екіншіден, “инаншы”, “білге” лауазымдары Орталық Азияның ежелгі тарихы үшін маңызды рөл атқарғанын білеміз. Мәселен, көне түрік тас жазбаларында бұл лауазымдар әр түрлі мағынада ұшырасады да, XIII ғасыр аясында мүлдем жоғала бастайды. Лауазымның бір түрін “тоғыз оғыздың” хан тағы үшін таласында Мойыншораның бақталасы Тай Білгенің атынан кездестіреміз. Г. Рамстедт осы Мойыншораның Күл Білге

қаған лауазымы үлкен, ұлы әрі “сегіз оғыз” бен “тоғыз татардың” жағбысы дейді. Мойыншораның әкесінің де Күл Білге қаған лауазымы болғанын білеміз. Аталмыш лауазымның “Бұқа хан” бөлігі шыққан тегін білдіреді. Рашид-ад-дин бұл аттың шығу төркінін Өгіз ханның оғыз тайпаларындағы арғы ата-бабаларына барып тірелетінін түсіндіреді. “Бұқа хан ұйғырлар мен басқа да көптеген тайпалардың сеніміндегі бір ұлы мемлекет қайраткерінің аты”.

Үшіншіден, Рашид-ад-дин 1129 жылдан ертерек пе, әлде деректерде дәл көрсетілгендей 840 жылы ма, Ұйғыр мемлекеті қырғыздарды талқандаған соң Қырғыз қағанаты құлап, наймандарға үстемдігін жүргізуін тоқтатқаннан кейін Нарқыш Таян мен Әниат ханның найман азаттығын жеңіп алғанын еске салады. Соғыс 1129 жылдан кеш болуы мүмкін емес, өйткені бұл уақыттан кейін Қырғыз қағанаты әскери-саяси өмір сүруін тоқтатқан болатын. Бұдан шығатын қорытынды, найман хандарының нөқта ағасы Инаншы-Бұқа хан өз балалары Нарқыш Таян мен Әниат ханның найман әулетіне билік жүргізген мерзімі 1129 жылға дейін сүріп, үкімет басында отырған.

Төртіншіден, окшау басқа бір дерек наймандардың тәуелсіздік алуына Инаншы-Білге-Бұқа ханның атымен айқын байланыстыратын жорамал жасауға боларлық тың ой тастайды. Бұл дерек Инаншы Білге Бұқа ханның өмір сүрген уақытын дәл анықтайды. Ол – Антиохияның бірінші крест жорығы болған – 1098 жыл. Дәл сол Антиохияны франктер алған кезде аты аталған солтүстік елдер Кон-хамның қол астында болып, соған ғана бағынған, – деп жазады саяхатшы Г. Рубрук, – Кон – өз аты, ал хам – сәуегей дегенді білдіреді. Ол барлық билеушілерді хам деп атайды. Хамдар халықты сәуегейлікпен басқарды. Сол себепті түріктердің франктерге Кон-хам корольге көмек жібергенін Антиохия тарихынан білеміз. Бұл Кон – қара қытай еді. Қара (қытай) – халықтың аты. Бұл қара қытайлар мен айналып өткен тауларда тұрған. Бұл таулардың арасында найман атауы халыққа билік жүргізген құдіретті, өзі христиан-несторианға жататын бір бақташы-несториан өмір сүрді. Кон-хам өлгеннен кейін ол өзін-өзі корольмін деп жариялады, несториандар мұны Иоан деп ата-

ды. Иоан корольдің атағы жайыла берді, ал мен бақташыларды аралап, сұрастырсам, ол туралы аз ғана несторианнан басқа ешкім де білмейтін боп шықты. Король Иоанның артында қалған мұрагері жоқ”. Егер бір Г. Рубрук келтірген “аз ғана несторианға сенетін болсақ, онда бұл оқиға қидандар Монғол далалары мен Шығыс Қазақстанның солтүстік-батысына қара наймандар мекендеген жерге қидан әулетінің негізін салушы Елюей Амбагай басып алғаннан кейін жаңадан құрылған Ляо (Темір) империясының тағына Дагуань отырған 924–947 жылдар аралығында орын алған болып шығады. Шындығына келгенде, қидандардың билігін мойындағаннан кейін, наймандар көп кешікпей жартылай егемендігін алды. Осы оқиға жөнінде Инаншы-Білге-Бұқа ханнан кейін билік еткен Нарқыш Таян мен Таян ханның есімдері олардың шендік дәрежесін білдіретінін айта кету керек” (“Таян” қытайша – “да – ван”, да – ұлы, ван – кінәз).

Рашид-ад-диннен қосымша мынадай деректерді табуға болады. “Қорыта айтқанда, Инаншы-Білге-Бұқа хан құрметті үкімет басшысы болды, оның ұлдары бар еді. Оның үлкен ұлының шын аты Бай-Бұқа болатын. Ұлы хан Инаншы-Білге-Бұқа хан мен Эниат ханның терезелерін тең етеміз деулері “Инаншы” мен “эниат” сөздерінің үндестігіне негізделген.

Тарихтан аты белгілі Инаншы-Білге-Бұқа ханды Найман мемлекетін аяғынан тік тұрғызған алғашқы хан деп тануымыз керек. Сөйте тұра, Мойыншораға қарсы “сегіз оғыз” бен “тоғыз татар” күресін бастап, сол тайпалар одағының жағбысы болған Тай-Білге-Тұтықтың қызметін ұмытпағанымыз жөн. А. Н. Бернштам Тай-Білге-Тұтықты 757 жылы ұйғырлар өлтірген атакты бүлікші Ань-Лу-шанмен қатар қояды.

XII ғасырдың басына қарай Найман мемлекетіндегі дара билік әлсірей бастағаны байқалады. Ұлысты екі хан билейтін дәстүр қалыптасады. Оның біріне найманша күшлік (күшті), яғни күшті, құдіретті деген найманша атаумен және қытайша “да + ван” деген атпен жоғары дәрежелі маңызы бар билік берілсе, екіншісіне тағы да найманша, дәлірек айтқанда, көне түрікше “бұйрық” деген лауазым – орындау құқығы берілді.

“бұйрық” лауазымы көне түрік жазбаларында кездеседі. Бұл атау Рашид-ад-дин “Жылнамалар жинағында” татар, керей, тікін тайпаларының ел басшыларына да осындай лауазым берілгені жазылғанын айтады. Ұйғыр мемлекетінің уәзірі Мәйду Ду-ду-бирун (Бұйрық-Тұтық) деп аталады. Бұйрық – түрік сөзі, ол қазіргі түрік тілдерінде өзінің ескі мағынасына орай “бұйрық беру” деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз монғолдарға белгісіз, ал қазіргі монғолдың бұйр (маңыздылық) сөзінің түрікше “бұйрық” сөзімен ешқандай тектік байланысы жоқ. Орыс зерттеушісі Г. И. Михайлованың мағынасы екі түрлі бұл сөздердің сыртқы ұқсастығына қарап, “Бұйрықтың” монғол сөзінен шыққан деп өзінше пайымдаған жорамалын әуесқойлық деңгейде ғана қабылдауға болады. П. Мелиоранскийдің пікірінше, “бұйрық”, “бұйрық қылған адам” – “басқарушы” сөзінің мағынасын береді. Ханға бағынышты жекелеген әскери топтардың бастықтарын, кейде құпия тапсырмаларды орындайтын ханның өкілдері мен сарай маңындағы жандарды осылай атаған. А. Н. Бернштамның шамалауынша, бұйрықтар көне түрік қоғамында дербес қазы, би қызметін атқарды. Расында, “бұйрық” сөзі Күлтегіннің қызметіне арналған руна текстінің екі жерінде (Үлкен Жазуда) ұшырасады және екеуі де толық билігі бар адамды көрсетеді: “Олар (яғни, Бұмын қаған мен Ісметі қаған. – С. А.) ақылгөй қағандар болды, олар ержүрек қаған болды және олардың басшысы мен халқы тура (яғни, қағанға сенімді. – С. А.) болды. Сондықтан олар тайпалар одағын (өз билігінде) соншалықты (ұзақ уақыт) ұстап тұрды, сотты дүниеге әкелді”. Текст әрі қарай қағандармен қатар бұйрықтардың түріктерді өлтіргенін айыптайды: “Кішілер үлкендердің ісіне араласпайтыны сияқты, ұлдары әкелерінің ісіне араласпайды, егер патша тағына ақылсыз қағандар отырса, қорқақ қағандар отырды деп ойлау керек және олардың “бұйырған” қағандары да ақылсыз, қорқақ болған”. А. Н. Бернштам бұл екі үзіндінің негізінде “бұйрықтардың бірінші кезекте ақыл-санасы есепке алынады, олардан турашылдық талап етіледі, шындығында – солар арқылы (бұйрықтар арқылы. – С. А.) халықтың қағанға деген көзқарасы байқалады, әйтпесе қаған бұйрықтар арқылы сот

жасап, шындықты айтқызған”, – деп қорытынды жасайды. Бұл қорытындыға таласпай-ақ, бұйрықтардың сот жұмысын ғана емес, мемлекет ішіндегі оның толық орындаушылық бөлігін де игергенін қосып айтқымыз келеді. Бұйрықтар қағанның әмірін орындауға тікелей қатысы бар бас уәзір тәрізді. “Жоғарыдан көк аспан мен төмендегі қара жер жаралғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адам ұлдарының үстінде менің (яғни, Күлтегіннің. – С. А.) ата-бабаларым Бұмын қаған мен Ісметі қаған отырды. Патшалықта отырып, олар тайпалар одағын құрып, түрік халқы орналастыруға қолғабыс етті”.

Демек, түріктердің мемлекеттік аппаратындағы бұйрық институты қаған институтымен бірлікте болған құбылыс деп пайымдаудың орны бар деп қорытындылаймыз.

Бұйрықтардан ілгері қаған тобына жататын жағбы мен шад бекзадалар мен жаулап алынған тайпалардың өкілдері мемлекеттің сыртқы саясатына орай орын алды. Сондықтан да оларды тудырған себептердің жойылуына байланысты олар да заңды түрде сахнадан кетіп отырды. Бұл лауазымдар төрт ғасырға жуық үстемдік еткен империялардың салған жарасынан толық жазылып үлгермеген жас Найман мемлекетінің титулатурасында (лауазымдық атаулар) кездеспейді. Бұлар үлкен қанды жорықтарға қатыса алмады, өзінің жақын қоңсыларымен, мәселен, керейлермен, қырғыздармен шайқасудан аса алмады. Мұндай қақтығыстардың маңызы халықаралық деңгейде болмады. Ал, “бұйрық “ лауазымының мемлекеттік үлкен өкілеттігі болды, оның қызметі кеңінен насихатталып отырды.

Найман қоғамында “бұйрық “ қызметінің елеулі өзгерістерге ұшырағанын да атап өткеніміз жөн. Найманға қатысты деректер “бұйрықтың” да заңды дара билеуші құдіреті болғанын аңғарамыз. Мәселен, Күшлік ханның жеке билігіне қатысты кейбір белгілер оның өкілеттігінің аса мәртебелі болғандығын байқатады. Алайда, бұл баяғы дара хандық биліктің әлсіреуінен болуы да кәдік. Аса ауыр саяси жағдайда билік тегін анықтау қиын.

Найман әлеуметінде орталық билікті күшейтуге бағытталған әр түрлі әрекеттер жасалғаны да мәлім. Сондай бір әрекеттердің ізі – көптеген ғалымдар арасында дау туғызған “Төрлік” атауы.

“Төрлік” – тақтың мұрагерлік заңдылығын белгілейтін саяси-әлеуметтік категория деп шамалаймыз. Демек, біз өзімізден бұрынғы зерттеушілердің ешқайсысымен де келісе алмаймыз.

Мәселен, С. Мураяма “төрлікті” жалқау деп аударды. Егер осы аударманы дұрыс деп тапқан болса, онда Таян ханның¹ әкесінің Инаншы-Білге-Бұқа ханның ұлына айтқан өсиетінің мәні былай болып шығады: “Менің әйелім жас. Осы Таянды құдай үшін туған екенбіз. Бұл бала қандай жалқау болып туды? Менің құзырымдағы төмен де ақымақ адамдарды мықтап ұстап, олардың қамын жей алатындай жағдайы бола ма екен оның?” Енді Таян ханның шешесі, наймандардың асыл анасы Гүрбесі-қатынның сөзіне құлақ асалық: “Сен менің ханым, жалқау Таян, сен қатты еркелеп кеттің. Құс атып, аң аулағаннан басқа уайымың да, еш нәрсеге ебің де жоқ”. Әскер басы Көксау-Сабырақтың ханның тікелей өзіне айтқаны: “Сіз өте асқақ сөйлейсіз. Ей, жалқау хан, тартынып сөйлеу керек. Осылай сөйлеу жараса ма екен?” Байқап қарасақ, “төрлік” сөзі ханмен арада болған әңгімелерде әр түрлі мағынада қолданылады.

Бұл жағдайда Таян ханға қойылып, “төрлік” деген лақап ат оның адамгершілік кейпін сипаттайтын жалпы есім деп қарайтындай негіз жоқ екен.

Гүрбесі-қатын аналық хұқын желеу етіп, Таян ханды жалқау (ұқыпсыз, салақ) деп атасын-ақ делік, ал әскер басы Көксау-Сабырақтың онсыз да шамшыл Таян ханды “жалқау” деп атауы қандай этикалық қалыпқа сыймақ? Найманның үкімет басшылары сол қоғамдағы бүкіл игілікті өз иелігім деп жариялады. Сондықтан қолбасының өз ханына қатынасы реттелмеуі мүмкін емес. Көксау-Сабырақ ханына назар аударғанда, әдепсіз сөйлеуі қалай? Қайта, керісінше, алдияр ханымен тіл қатысқанда, өзінің оған деген жанқиярлығын білдіруі لازым. Ханға қарап, оны “жалқау” деуі жүгенсіздік болар.

Наймандар көші-қонды жеке-дара адамдардың жиынтығы әлде болмаса тобыр емес. Әр түрлі деректегі мәліметтер

¹ Таян хан – кейбір деректер бойынша наймандардың екінші ханы, Инаншы-Білге-Бұқа ханның ұлы.

наймандардың бұрынғы өткен тарихтың үлкен тәжірибесі мен әлеуметтік жүйесіне, тұрмыстық-философиялық концепциясына арқа сүйеген күрделі саяси-әлеуметтік қондырмалы қоғамы болды. Олардың қолбасыларының бір кәсіптік этикасының болмауы мүмкін емес.

Осындай жәйттер С. Мураяманың аудармасын жоққа шығарады. Наймандардың шымылдық артында белгісіз жатқан саяси тарихының кейбір детальдарын реттеуде көмектесетін осы сөздің өз түсіндірмесін дәлелдеуге тырысайық.

Біздің пікірімізше, “Алтын топшыдағы” “төрлік” сөзі “төр” түбірінен және “лік” жалғауынан тұрады (мәселен, күш+лік, қар+лық, жар+лық, т. б.). Төр түбірінің мағынасы: 1) құрметті орын; 2) заңдылық, заң; 3) “Тора” – оң сөз – Европа халықтарының тарихында ертедегі Европа заңдылығы, заң кітабы, бес кітаптан “Ветхий завет”, осыдан 1) кінәз шешімі, кінәз өкіметі, үкімді билік; 2) мырза, бекзада.

“Төр” мен “лік” жалғауы қосылған төрлік сөзінің көне түріктік мағынасы: 1) заң тәртібін білетін адам; 2) заңды әділ ұстанушы. Бартольдтің сөздігінде де осылай Ж. Баласағұнидің “Құтадғу білігінде” кездесетін біздің әңгіме қып отырған сөзіміз бен оның мағынасы XIII ғ. (1210 ж.) жазылған “Құпия шежіреде” кездесетінін айта кеткіміз келеді. Бұл сөздің қытайша транскрипциясы (ту + ли) кінәз дегенді білдіреді.

Егер “төрлік” сөзін біз айтқан мағынаның бірінде түсінсек, анасы мен Көксау-Сабырақтың Таян ханға айтқандарында еш логикалық қайшылық жоқ екенін көреміз. Сөйтіп, “төрлік” бірінші мағынасында құрмет пен сый, тағы бір мағынасында Таян ханның таққа деген заңды мұрагерлігін білдірмек. Несториан және манихей келендерінің (монахтарының) жәрдемімен “төрлік” ұғымы наймандар арасына оңай сіңіп кетті делік. Ал бұған көне Европалық діни “тора” ұғымының қатысы қанша? Ол да христиан дінін таратушылардың қызметіне байланысты. Дәл осы кезде наймандар мен керейлер арасында христиан дінінің кең қанат жая бастағаны мәлім. Манихейлік түрік тілдес халықтардың арасында осыдан сәл ертерек тарай бастағанын білеміз.

Демек, Шыңғыстың ұрпағын қазақтардың төре деп құрметтеуі тегін емес. Мұның шын мағынасы – “алтын ұрық” (алтын ру) (“ақсүйек”, айнымас нағыз хан тұқымы), ауыспалы мағынасында – мырза, тақсыр болды. Сөйте тұра, бұл сөз көне түрікше – заңдылық, заң. Күлтегін ескерткішінде “заң орнату” деген мағынаны білдіретін тора сөзіне тектік жағынан да жақын екен.

Осындай байланыс хақында академик Б. Я. Владимирцов: “Шыңғыс хан әулеті ұлыстардың үстінен билік жүргізу үшін монғол тәртібі бойынша ағайындар кеңесінде өзара ақылдасып, араларынан тақтың мұрагері етіп, бүкіл империяны билеп тұра алатын бір адамды император етіп сайлайды. Әулеттің еркек кіндіктері өздерін ұлыстың мұрагер ханзадасымыз деп есептейді. Бұл құқық иелері жошы тілінде “төре” деп аталып, “заңды мұрагер мырза” дегенді білдіреді. Монғол әлеуметіне сай дүние найман мемлекетінде неге болмасқа? Біздіңше, қос негізбен ұйымдастырылған Найман мемлекетінің ішкі саяси қарым-қатынасының ерекшелігінен бастау алса керек. Наймандар да көне түрік тайпаларының “қаған” және “бұйрық” атты қос негізге жіктелген саяси принципін өздеріне мирас етуі мүмкін. Ғұн қоғамының алғашында да билеуші әулетті екі одаққа бөліп, әрі қарай үштік жүйеге ауысқанын білеміз. Асылы, қос негізді жүйе адамдық тұрмыстың алғашқы сатыларына тән некесіз (экзогамды) қауымдық құрылысқа сай келеді.

Наймандардың “қос өкіметтік” жүйесі мемлекеттің әр қанатының бірінің ісін бірі бақылауынан дамыған құбылыс болды. Мұны Рашид-ад-дин былайша сипаттайды: “Олардың (наймандардың. – С. А.) ерте замандағы (астын біз сыздық. – С. А.) патшаларының аты “Күшлік хан” немесе “Бұйрық хан” болды. “Күшлік хан” сөзінің мағынасы – “күшті” және “ұлы мемлекет қайраткері”... “Бұйрықтың мағынасы – бұйрық беруші. Соған қарамастан, олардың әрқайсысының өз әке-шешелері қойған басқаша өз аттары да бар”. Бұл дерек үстемдік етуші әулеттің әлеуметтік жағдайы мен мәртебесін көрсететін белгілі әлеуметтік құбылыстың орын алғандығын аңғартады.

Найман қоғамының бүкіл рухани және саяси дүниесі “күшлік хан” лауазымын алған адам назарында болды. Кең аяда

халықаралық байланысқа түспеген найман әлеуметінің ішкі қажеттілігін өтеу үшін бұл лауазым қажет болғанға ұқсайды. Наймандардың екілік саяси жүйесі және осы жүйеден шыққан “бұйрық” хан жүйесіне қарсы, ал “күшлік” хан жүйесіне тұрақты идеялық қолдау жасау қажеттілігіне сай ұлыстың шартты екі мемлекеттік жүйеге бөлінгені қазіргі ұрпақ үшін түсінікті-ақ жайт. Қазіргі демократиялық Қазақстанды құруда “үш үкіметтік” жүйенің мәнін бұрын да іздестіргенге ұқсаймыз. Әділ жүйені таптық деу ағаттық болар, бірақ ізденімпаздыққа не жетсін! Қазақ халқының болашағы тарихпен сабақтасады.

“Күшлік хан” жүйесіне ағартушылық-мәдени болмыспен қатар рухани байлықты таратушы қызметі тиген секілді. “Күшлік аталуының басқа да бір себебі бар дейді. Бұл тайпаның кейбір қайраткерлері жындар мен жындардың сүтін сауып, айран ұйытып, құрт жасады, адамдарды қатар билеп тұрды, бек құдіретті болды, қымыз ашытып ішті”, – деп түсіндіреді тарихи деректер. Осыған қарағанда, өткен ғасырлардағы наймандардың “күшлік” лауазымды мемлекет қайраткерлері жоғары абыздық (баксылық) қызмет атқарғанға да ұқсайды. Бұл құбылыс өте ертеде орын алған деп кесіп айту да қиын. Бірақ хатқа түскен кезде мұның тек жұрнағы ғана қалған секілді. Рашид-ад-диннің жазуына зер салалық: (“Күшлік хан жын шақырғанда”) әмірлер “Бұл күнә!” – деп ескерту жасады. Патша (бұл) істі тоқтатып тастады. Бұл (аңыз) әңгіме түрінде”. Бұл жағдай Таян хан мен оның айналасындағылардың абыздығына байланысты басқа фактілерге қатысты тең сенімді дәрежеде: “Оң хан Шыңғыс ханмен соңғы рет шайқасқанда, ол соққыға түсіп қашып кетті: Не күн-Үсіп жерінде Таян ханның әмірлері Кәрі-Сүбеші мен Тін-Шал Оң ханды ұстап алды, олардың (оған деген) ескі кегі бар болатын, оны өлтіріп, басын кесіп Таянға алып келді, Хан бұған риза болмай, әмірлерді жазалауға бұйрық беріп: “Мұндай ұлы да жасы келген қайраткерді неге өлтірдіңдер? Тірі әкелсе болмас па еді?” – деді. Оң ханның басын күміспен қаптауға бұйрық берді; біраз уақыт оны сән-салтанат пен құрмет үшін өз тағының үстіне қойып ұстады... Сөйтіп, бір күні Таян хан Оң ханның басына: “Бірдеңе деші!” деді. Бас солай жатып, бірнеше

рет тілін шығарған көрінеді. Таян ханның әмірлері: “Бұл – жаман ырымның белгісі. Ол өлім өзіміз бен патшалығымыздың түбіне жетпесе не қылсын!”, – деді.

Мұндай салт ғұндардың, массагеттер мен скифтердің арасында жиі кездесетінін Геродоттан байқаймыз: “скиф жауынгерлері олармен (парсылармен. – С. А.) соғыста өлгендердің басын патшаға сыйға тартады. Жауының басын әкелген адам қазынадан өз үлесін алады екен, әкелмесе, олжадан құр алақан қалады екен. Дұшпандарының (бәрінің емес, тек ең жауыздарының) бастарымен олар осылай “ойнайтын”. Бас сүйекті қасқа дейін арамен кесіп алып, әбден тазалайды. Кедей байғұс бас сүйекті тек сыртынан иленбеген өгіз терісімен қаптайды да, сол қалпында пайдалана береді. Ал байлар әуелі бас сүйекті сыртынан иленбеген өгіз терісімен қаптап, содан кейін ішінен алтын жалатып, ыдыс орнына қолданған. Құрметті қонақтары келгенде үй иесі олардың алдына бас сүйектерді қойып, бұған олардың жау болып, соңында өзі солардың түбіне жеткенін айтып отыратын”. Геродоттың мәліметінше, исседондарда да осындай болған екен... Өлген адамның бас терісін сыпырып алып, ішін әбден тазалайды. Содан кейін алтын жалатып, қасиетті тұмар ретінде сақтап, соған табынады. Бұл тұмарға жыл сайын өте көп адамды әкеп, құрбандыққа шалатын.

Қытай деректерінде ғұн патшасы Маодунның баласы Лаошань б. д. д. 174 жылы ертедегі Қазақстанның юэчжилерін қырып тастап, олардың басшыларының бас сүйегінен сусын ішетін ыдыс жасағанын айтады. Мұндай көнеден жеткен деректерді ерте және орта ғасырдағы көшпелілердің, сондай-ақ, XII–XIII ғасырлардағы найман әлеуметінің этнографиялық хал-ахуалын деректеуде елемеуге бола қоймас.

Найман мемлекеті айтақырға аспаннан түсе қалмағаны мәлім. Оның тамыры Қазақстан топырағында. Ол ең алдымен өте ертедегі көшпелілердің өзіне тән қондырмасымен бірге дамыды, алдыңғы буынның көшпелі өмір жүйесін негіз етті. Сол негіздің ішінде қолбасшыларға, көсемдерге мінәжат ету салты жетекші орын алды. Мемлекет басында жергілікті өмірдің идеялық өрістеуі дүниеге Күшлік ханның басқару жүйесін тудырды.

Күшлік ханның саяси өмірі оның отбасынан басталады. “Алтын топшы” бойынша шығыстан шапқыншылық төнген шақта өзекті мәселелер Таян хан Бай-Бұқаның ордасында талқыланып шешілді. Ан-Насавидің дерегі бойынша, Таян ханның найманша лауазымы қытайша “Ай-Уаң” деп аталса да, “күшлік” болып қала берді.

“Күшлік” атағы “ағайынның үлкені” деген ұғым бермейді. В. Бартольдтің бағалауынша, Рашид-ад-диннің шығармасы – Орталық Азия халықтарының тарихи энциклопедиясы. Сол энциклопедия наймандардың тақ мұрагерлігі туралы мынадай дерек береді: “Найманның Бұйрық хан деген (Таян ханнан басқа. – С. А.) ұлы болды. Әкесі өлген соң ағайынды екеуі әкесінің жақсы көрген тоқалына таласты: олар жауласып, ажырасып кетті. Бірқатар әмірлер мен сарбаздар үлкеніне жақтасса, тағы біреулері кішісін қолдады. Сондықтан, ру тағына Таян хан отырды. Оның иелігіне жазық жерлер тиді де, Бұйрық хан жоғарыда айтқан таулы жерлерді иемденді”.

Найман ханының отбасындағы дау-жанжалдың дәстүрлік сипаты жоқ емес. Данышпан әке тақ үшін талас болатынын күні бұрын білді: “Әкесі тірі кезінде-ақ олардың бір-біріне деген өшпенділігі мен бірін-бірі жақтырмауы оларды алда не күтіп тұрғандай белгі берді. Таян хан тіпті біраз күнге өз орнын берсе де, оған Бұйрық хан келіспейді – бұл маған белгілі. Бұйрық жарты етін кесіп алса да, орнынан қозғалмайтын сабырлы еді”. Найман ұлысын басқа бір тайпалармен одақтастыра отырып, бір орталыққа бағынған феодалдық монархияға біріктіру үшін Инаныш-Білге-Бұқа ханның саяси бағытының құрдымға кеткені де айқын аңғарылады. Ағайынды екі жігіт арасындағы талас өршіген сайын Шыңғыс ханның бағы дәуірлей түседі. Рашид-ад-дин бұған өз бағасын берді. “Аса данышпан Инаныш-Білге-Бұқа хан айтып кеткендей, ақыр аяғында солай болды”.

Осылайша, Бұйрық ханның билігі Күшлік ханның бақылауында болды. Биліктің екіге бөлінуі өткеннің жұрнағындай адамзат тарихының ең көне сатысына барып тірелуі тегін емес. Найман қоғамын басқару аясындағы саяси-әлеуметтік тарихтың дамуында екілік жүйе шешуші орын алды. Атам заманғы

қатынастардың өте күшті сарқыншақтары бар Найман мемлекеті толыққанды экономикалық сипатқа ие бола алмайды. Әлеуметтік қайшылықтар ерекше мәнге ие болады, кейбіреулері рулық қатынастардың сыртында қалып қояды, сондықтан Найман ұлысындағы күрес Күшлік пен Бұйрық отбасыларының арасындағы іштей шиеленіскен дау-жанжалдан көрінеді.

Бұл шиеленістің өткір болғаны соншалық, жаулықты соза түсу ниетімен істелген жауыздықтың кейде кез келген түрі, тіпті болмаса ұсақ-түйек оқиғалар да кездесіп қалатын. Жылнамаларда ағайындылар арасындағы жаулықтың басталу себебін былайша түсіндіреді: “Шыңғыс хан дәуірінде найманның мемлекет басшылары Нарқыш Таян мен Әниат хан болды. Олар қырғыз тайпасын жеңгеннен кейін Әниат хан ағасы Нарқыш Таянның алдына келген де жоқ, сыйлық та берген жоқ. Нарқыш оны (өзіне) шақырып алды да, басынан құшақтады; айрылысарда Нарқыш Таян: “Бізде сыйлық беретін ешкім жоқ сияқты, әлде менің сендерді (көргім) келмей ме, қалай?” дейді.

Шиеленіс хан рухының босағасымен шектелмейді. Осы шиеленістің шарықтау кезеңінде жер де, мал жайылымдары да, мал шаруашылығы да, әскер де бөлінді. Бөліну екі дау болып, араздық туғызды. Күшлік ханға қолайлы жазық жерлер тиді де, Бұйрық хан егіншілік пен мал шаруашылығына қолайсыз жерлерді еншіледі. Найман атаулыға билік жүргізген, Г. Рубруктың сөзімен айтқанда, “күдіретті бақташының” тұрған жерін суреттей отырып, Таян ханның бұрынғы ұлысы туралы әңгімелейді. Бірақ мәлімет-деректер Шыңғыс ханның қолы әрқайсысын бөлек-бөлек талқандағаннан кейін бұл бөлінудің мәнінің жойылып, ұлыстың әр бөлігі өз бетінше қалай тіршілік етіп жатқаны жайлы сыр ашпайды. Рашид-ад-дин наймандардың жаз жайлауы мен қыс қыстауын анықтап, жерді қалай пайдаланатыны жайлы жазып, Машақаттың себебін ашады.

Таян хан ұлысты біріктіріп, бір орталыққа бағынатын мемлекет құру жолында тер төккені мәлім. Ұлыстың ыдырауына байланысты бірлікке шақырған ресми үндеулер де болған жоқ. “Бұйрық хан мен Таян хан – Әниат ханның ұлдары. Таян

хан (ең соңғы рет) інісінен бөлініп кеткен кезде, Бұйрықтың көшінің Таян ханның көшіне жақын жүргені соншалық, Таян ханның киіз үйінен жоғары тұрған киіз үйдің жүгінің түйелерге артылып тұрғанын көрді. Мұны көрген Таян хан: “Мен де ел басшысымын, егер Бұйрық осы жерге тоқтаса, ол біздің қонақжайлылығымызды аяққа баспас, ал келмесе өзі білсін! Оларды қонақ қылуға біз дайындалдық, олар кетіп қалған соң, біз өзімізге өзіміз қонақ болдық”, – дейді. Осы ерулік тойда Құба-тегін жырау: “Сіздер мынаны ойлаңыздар: Эниат хан мен Нарқыш Таян бірге болған кезде, олар найман ұлысының кез келген адамын – әмір; әйелін – ханым еткен жоқ, бала да көп туылған жоқ. Сіз екеуіңіз өгіз бен сиырдың мүйізіндей бір жұп едіңіздер. Ағайынды екі жігіт, екеуіңіз де алауызсыздар, теңіздей толқып, тарыдай шашылған халқыңызды кімге тапсырасыздар?” – деп жырмен батырып айтады.

Құба-тегін жырау бұрынғы өткен наймандардың ерлігін жырлай отырып, қайтадан бабаларының батырлық және саяси жолын ұстап, бір жұп болуға үндейді. Түбегейлі саяси дағдарыс алдында Таян хан найман Бұқарасынан қол үзіп бара жатқан өзінің тентек інісін ақылға шақырады. Жырау Эниат хан мен Нарқыш Таян тағлымын найман тарихының “алтын ғасыры” деп бейнелейді. Осы оқиғадан соң Эниат хан мен Нарқыш Таян арасындағы араздықтар бір сәт ұмытылып та кетеді, тіпті “бірін-бірі көрмей кеткен” ағайынды екі жігіттің аражігі жоғала бастайды. Жылнамашы осы оқиғаларды ел аузынан өлең үлгісінде жазып алған секілді. Таян хан мұны естігенде, қызарып кетті де айтты: “Бұйрыққа айтыңдар: біз қателесіппіз. Біз жеткенше, ыңғайлы жерде тоссын. Ал алдымыздан шыға ма, шықпай ма – оны өзі білсін”. Бұйрықтың жауабы: “Мынадай мақал бар: “Ұлықтыққа қолы жеткен адамның ақылы аз болады”, ал қайырымдылық табылмайды. Амандық болса, көрісерміз!” Осыны айтып, көшінің басын кері бұрды. Таян хан мен Бұйрық хан осылайша ағайындылыққа келді, олардың арасында ешқандай келісім болған жоқ – алайда келісімді өмірдің өзі жасады”.

Жоғарыда айтылған Таян ханның “Мен де ел басшысымын” деген сөзінде бауырына деген ықыласы мен өкпе-назы ғана емес, ағалы-інілі адамдардың қоғамдағы алатын орнын да байқатады. Таян ханның ұлының хан болуы екіталай. Таян ханның сөзі інісі Бұйрықтың саяси орнының өзінен жоғары екендігін мойындайтынын айғақтайды.

Осының бәрі – XII–XIII ғғ. аралығындағы найман мемлекетіндегі сапалық өзгерістердің айғағы. Ескіше басқару үлгілері, “қос өкіметтік жүйе” өзін-өзі құртып бітірді. “Қос өкімет” жаңа талаптарға, Шыңғыс хан дйттеген өзгерістерге сай болмады. Сөйте тұра, Азия төскейінде басқарудың жаңаша түрлері де қалыптасып болған жоқ еді. Ескі мен жаңаның күресі Әниат хан мен Нарқыш Таян арасындағы және Таян хан мен Бұйрық хан арасындағы қақтығыстардың тууына себепші болды.

Бұл құбылыс өзінің даму жемісін берер ме еді, қайтер еді, кім білсін?! Бірақ Шыңғыс ханның шабуылы Найман мемлекетінің өзіндік дамуын тежеп тастады. Барлық назар монғолдарға ауды. Көшпелі наймандардың қос өкімет жүйесі сөйтіп тарихи аңыз-әңгімелер жүйесінде қалды да, Рашид-ад-диннің “Жылнамалар жинағы” және басқадай қазақ наймандары да күні бүгінге дейін өздерінің тегін ағайынды екі атадан бастайды. Мәселен, Кет-Бұқа мен Кел-Бұқа Ел-Атадан тарайды. Ел-Ата – ұлыстың немесе мемлекеттің атасы дегенді қайталап жату артық болар.

Бір-біріне қарсы кел, кет компоненттері олардың некеден тыс (экзогамды) құрылымдық табиғатын аңғартады. XIII ғасырдағы наймандардың қоғамдық-саяси құрылымының сарқыншағын қазақ этносының қалыптасуына мәйек болған қазіргі наймандардың шежіресінен танып-білеміз. Ел-Ата данышпан Инаншы-Білге-Бұқа хан болмағанмен, сол төңіректен дәм татқан десек, аса жаңыла қоймаспыз. Наймандардан шыққан қазақтарда өз аталарын жұптап тарату дәстүрі басым. Мәселен, Ел-Ата – Сүгірші; Кел-Бұқа – Кет-Бұқа; Сарыжомарт – Терістаңбалы; Балталы – Бағаналы; Ақтана – Ақтаз; Мәмбет – Рысқұл; Шеге – Алушы; Мардан – Бегіс; Мейрам – Айрам; Байторы – Ерторы; Меңлібай – Төбет; Тоқан – Тоғыз; Шеруші – Дәулет; Тон – Шуэ және т. б.

Балталы – Бағаналы шежіресінде олардың Қазақстанның шығысынан Орталық Қазақстанға қоныс аударғаны туралы тарихи мәліметтер молдап кездеседі.

Бұл қай соғыс?

Отанымыздың өткені зерттеушілер зердесі жете қоймаған құпияларға толы. Мұндай көмескі беттер біздің туған өңіріміз мен өскен өлкеміздің тарихында да аз емес. Қазақстанды әлімсақтан бері түптің түбінде қазақ ұлтының этникалық түбірін құраған, түрлі тілде сөйлейтін тайпалар мен халықтар қоныстанғандығы тарих оқулықтарынан мәлім. Бұл тайпалар мен ұлыстардың біразының ертеректе өз мемлекеті, мәдениеті мен жазу-сызуы болған. Алайда, Қазақстанды ертеде және орта ғасырларда мекендеген ала шұбар қалың жұрт тағдыры туралы көптеген мағлұматтар тарихшылар назарынан тыс қалып, кейбірі мәңгілікке ұмытылғанын жасырып келгенімізді енді жасыра алмаспыз. Мұның өзі тек қана нақты деректің жетпегендігінен емес еді. Кей-кейде дерек жеткен кезде тарихи зерде жетпеді де, зерде жеткен кезде дерек жетпей қалды.

Әлбетте, тарихта болған нақты оқиғаларды танып-білуге зерттеушілердің өресі мен зердесінен гөрі өлке тарихына ықтияттыққа зәру болып жаттық. Өкінішке қарай, танымның заңы қатал. Ақиқат болып есептелетін жәйттердің тарихшының жеке басының талғамынан шықпауы немесе қоғам өз пікірін ғана күйттеп, объективтік шарттарды мойындағысы келмеген жерлерін қазірде “ақтандақ беттері” деп атап жүрміз. Кей жағдайда мұндай “ақтандаққа” тұтас бір елге емес, сол елдің жеке бір бөлігіне ғана қатысты тарихи оқиғалар жатады. Алайда, “жергілікті аймақты” деп тек нобайлап қана айтуға болатын көз үйренген өлшемнен шығып кеткен, әлемдік процесстен шалғай, оқшау қиырда басталып, сонда аяқталғанымен көптеген халықтардың әдет, тірлік-тынысын өзгертіп немесе осы процеске себеп болып, жалпы тарихи процесте жалғасын тауып жататын оқиғалар бар. Мәселен, Тышқан жылы (1204 ж.)

Шыңғыс ханның Қазақстанның шығысы мен Монғолияның батыс шебіне байрақ тіккен, монғолдармен қонысы қатар байырғы ұлыстарды талқандап, әлемнің көптеген халықтарының мұнан кейінгі тағдырына зор ықпал еткен осындай іргелі оқиғаны жатқызуға болады. Бұл соғыста наймандардың Таян ханы жеңіп шыққанда, бәлкім, оқиғалардың мұнан арғы дамуының қалай жалғасатыны және оның қалай аяқталатыны беймәлім еді. Тарих дөңгелегі кері айналар ма еді, қайтер еді? Кім білсін? Қалай дегенмен де, тарих қалыпты ырғағынан ауытқи қоймайтыны хақ. Уақиғалар мезгіл ырғағымен қайталанбастан, өткен шақтан бүгінгі күнге жолай соғып, болашаққа қарыштап бара береді. Сөйтіп, оқиғалар үнемі бір арнада қайталанбай жалғаса бермек. Тарих келбеті солай. Тек оқиға ғана емес, оның болған орны, себеп-салдары, қарым-қатынасы, дамуы да маңызды. Өйткені тарихта себепсіз оқиға тууы мүмкін емес.

Көшпелі монғолдардың ат төбеліндей ғана шағын тайпасы көсемінің ұлы бірден қаһарлы жиһангер атанбағаны әмбеге аян. Әуелде терезесі тең көрші-қолаң пәлендей құрмет көрсете қоймайтын Темірші¹ (Темучин) өз отының басындағы тұрмыстық майда-шүйде істерін тындыра жүріп, қиял жетпейтін қияндарды Шолатын-ды. Ауыл мен айып адамдары әдеттегідей көбіне аңшылық, сәйгүліктер мен сұлулар, су көздері мен жайылымдар, барымта мен қотан арасының дау-дамайы, бабалар ерлігі, аққаптал жеңістер мен маскара жеңілістер туралы әңгіме қозғайтын еді. Көшпелілер арасында айтылмайтын әңгіме болмайтын. Ал мына орта бойлы, мығым денелі, жирен шашты сары сарбаз найзаны құрық ұстағандай-ақ еркін тастап, мүлт жібермейтін бес қаруы сай жауынгер, құралайды көзге атқан мергендерге мүлдем ұқсамаушы еді. Ең алдымен хан баласы көпті көрген көнекөз руластарының күн көзі сіңіп жоғалатын сонау қияндағы батыстың миуалы өлкелері мен гүлденген алқаптары, ақ езу толқыны жағаны шайып-шайып алатын адуын мұхиттары туралы хикаяларын тыңдауға зер салды. Думан базарлы, көгілдір күмбезді қабырғалары ақ таспен өрілген сәулетті шынарлардың

¹ Темірші – Шыңғыс ханның азан шақырған төл аты.

дуалдары Теміршінің өзін де ұзына түндер бойы еліктіріп, түсіне кіріп жататын. О бастан барша көшпелілерді таң қалдыратын ай шырайлы мешіт пен ашамайлы шіркеулердің зәулім мұнарасы емес, ел мен елді, қала мен қаланы қорғаған қабырғалар мен қорғандар болған ғой. “Осынша заңғар қорған салудың керегі неде? Қытайдың “Ақ қорғанының” қоршауында тұтас мемлекет жатыр-ау?! Оның қаншалықты қажеті бар?” – деп тамсанатын ол түнгі барымтадан келе жатып: “Демек, қорғандардың ар жағында бөгде көзден жасырын байлық болғаны-ау, шамасы” деген суық ойдың жиі-жиі қылаң беретін тұста біреу естіп қойды ма деп жан-жағына ұрлана көз тастап, қорқыныш тудыратын өз ойынан өзі ыңғайсызданатын.

Күннен күнге артып бара жатқан құмарлығын басу үшін не қажет екенін де ұқты: “Күшті болу керек. Монғол ұлысын ғаламнан да қуатты қылу қажет” деп шешті. Қажетті мөлшерде күш-қуатым, қабілетім бар деп ұққан шақтан бастап-ақ сахараның жеке-дара Ұлы ханы болсам деп армандады. Ол үшін өзінің қуатты көршілерінің барлығын, ең алдымен, атап айтқанда: қатағандарды, татарларды, керейлерді, жалайырларды, меркіттерді, жаджариттерді және басқа да көптеген қоңсы-қарсыластырып жеңу қажет деп тапты. Теке-тірес ұзаққа созылған жоқ. Тышқан жылы туғанға дейін-ақ, жауларының меселі қайтып, бас көтерместей болып тізе де бүкті. Бірі монғол найзасының тегеурініне шыдай алмаса, енді бірі айланың уытына ем таба алмады. Арбауға түскен торғайдай монғол ханына жем болып жатты. Тура Күлтегіннің айтқаны болды да қойды: басы бардың басы иілді, тізесі бардың тізесі бүгілді. Қаншалықты күшті болғанымен, олар монғол ханының боданы, әмсе одақтасы болып шыға келді.

Алайда, түпкі арманға жетер жолда меркіт пен жаджариттер тайпаларымен одақтасқан найман ұлысы көлденең тосқауыл болып жолын бөгеп жатты. Бұл одаққа монғол ханының айла-шарғысы да, күші де жетпеді. “Көк күмбезіне күн мен ай қатар жарасар-ақ”, ал жер бетіндегі бір иелікте екі мемлекет қайтып қатар тұра алсын? Монғолдың осы бір көне нақылы жас өмірдің құлағында ызындап тұрып алса қайтерсің. Ерте ме, кеш пе, бір

қырғынның болары ақиқат деп түйді Темірші. Оның жалғыз ғана мақсаты бар-тұғын: тек қана жеңу, жеңу. Болашақ жеңістің жобасы Темірші зердесінде қазандай қайнап жатты. Әділі: Темірші жеңіске дайындалып жатты деу аздық ететін де шығар. Өзі иелік еткен өңірлерде темірдей тәртіп орнату арқылы ол болашақтағы жеңіс салтанатын қолдан соғып жатқан еді. Жеңіске жетудің басқа жолын монғол әміршісі білмейтін де еді. Өйтпейінше, монғолдың қайқы қылышынан қаймыққан көршілес жұрт екі арадағы одақ пен келісімнің құны түкке тұрғысыз екенін сезуде еді. Және мұның өзі барған сайын соқырға таяқ ұстатқандай айқындалып жатыр.

Монғолдарға қарсы одақ құрған найман ұлысына монғол ханының арам пиғылы мәлім еді. Елу бес мың адамнан тұратын Таян хан әскерінің саны жағынан қырық бес мыңдық өз әскерінен басым екенін білген Темірші қол күшін қайта жасақтауды қолға алған. Сонымен қатар көңіл жарастығымен немесе сүйек жаңғыртып туыс болып, өйтпеген күнде қоқан-лоққы мен айла-шарғы арқылы әкесі Есугей баһадүрдің барлық дұшпанымен достасып та шықты. Бұл “бауырмалдастықтың” мәнін Таян хан ордасындағылардың білмеуі мүмкін емес еді. Дегенмен, болашақта тарихшылардың айран-асыр болып таң қалуына жазды ма, кім білсін, өз қылығына өздері шаттанған найман ордасы айналада болып жатқан шым-шытырық оқиғаларды назарына да ілмеді. Алда тұрған алапат соғыс жайлы дақпыртқа атүсті қарады. Жеңіс мүмкіндігін айтпағанның өзінде қайда тұрғанын айтып келген ажалдан араша табар мүмкіндігі бола тұра жауға бағытталған тек қана дөрекі сөзден басқа белсенділікке барған жоқ. Тек монғол деген сөзге ғана бет тыржитып, тәкаппарлық танытқаннан басқаны білмеді. Қатерлі сәттің қарсаңындағы найман ордасындағы жайбарақаттық қылмыспен пара-пар еді. Монғолға қарсы күштерді біріктіру мен жауға қарсы күш ұйымдастырудың орнына, Таян хан отының басындағылар билікке таласып, өзара қырқысып жатты. Жайбасарлықтың сазайы көп күттірген жоқ. “Жылнамалар жинағының” авторы Рашид-ад-дин бізге жазып қалдырғандай “Тышқан жылғы бірінші жаз айының 16-сы күні” найман ұлысы талқандалды”.

Санаулы сәтте орданың шаңырағы ортасына түсті. Бұл – тарихтың Таян хан ұлысы үшін ең соңғы шешімі болатын. Жау соққысы келте де, жойқын келді. Сөйтіп, найман ұлысы елімізді мекендеген ежелгі халықтардың ішінде алғаш болып, монғол шапқыншылығының ащы дәмін татқан. Туған ұлысының қарға адым жері үшін қасық қанын садақа қылған сарбаздар аз болған жоқ. Алайда, найман ұлысының тәуелсіздігі монғол атының тұяғына тапталып тынды. Европа халықтарының татар-монғол шапқыншылығынан жалаңаш кеудесін төсей қорғаған орыс елінше құйтырқысы мол ішкі ру таласынан титықтап әлсіреген шығысқазақстандық бұл тайпа да жойдасыз зұлымдыққа қарсы әділетті шайқасқа түсті. Ол кезде найман өз бостандығы үшін ғана емес, өз ұлыстарынан тысқары жатқан байтақ әлемнің амандығы үшін де қан төккенін қайдан білсін? Жойқын күшке төтеп беру ұлыстың маңдайына жазылмапты. Таян хан әскерін талқандаған соң Темірші келемеждеп: “Осындай нөкерлері бар адамның мұңаюына жол болсын”, – деген деседі. Ал ол жақта Таян хан нөкерлерінің сүйегі Алтайдың тасты қыраттарында қарға-құзғынға жем болып жатса керекті. Екі жыл өткен соң жеңіске мастанған монғол ақсүйектері Есугей баһадүрдің ер жүрек ұлына “Шыңғыс” деген ат берді. Көшпелі Есугей мен оның қарапайым бәйбішесі Добунның¹ елден ерек жаратылған ұлының бұрынғы дәреже атағы мен теңеуі аты-жөні өткен шақтың еншісіне тиді. Жүздеген мың нөкерлер үшін бұл есім әскери ұран, жеңіс қуанышы, шаш етектен кенелген олжа, ал жеңілгендер үшін жұт, қырсық, зұлымдық, ажал түрінде естілді. Біз бүгін ата-бабаның сол кездегі іс-қарекетін олардың қолынан келмеген, мүмкін де болмаған жеңіс үшін емес, олардың мәртебелі асқақ ниеті үшін қадір тұтамыз.

“Тышқан жылғы қырғын несімен даңқты?” деген заңды сұрақ туады. Ең бастысы – наймандар мен олардың одақтастарының жанқияр қарсылығының нәтижесіне зұлымдыққа қарсы әрекет жасалды. Бұл соғыстан кейін Шыңғыс хан қалың қолын қалпына

¹ Добун – қазақ аңыздарында, монғол деректерінде Оэлуи.

келтіру үшін екі жылын сарп етті. Туралап келген ажалды екі жылға шегерудің не екенін өмір ғана біледі.

Наймандардың өткендегі даңқты тағдырынан аңыз ғана қалды. Біздің әңгіmemіз енді соны тілге тиек етеді.

Бәрі де аңыздан басталады...

Христиандар құлағына кресшілер билеп тұрған Жерорта теңізінің шығыс жағалауларына XII ғасырдың орта шенінен бастап қиырдағы Орталық Азияға орналасқан қуатты мемлекеттер туралы өтірік-шыны аралас қауесет жете бастады. Мұндай дақпыртқа Батыс Европаның дін билігі дәуірлеген елдері де қанық еді. Сөйте тұрса да, “дінсіздерге” қарсы ымырасыз соғыс жариялап, сенімі ортақ бауырларына көмектесу ниетімен Құдыс қаласын бетке алып, соңына қалың қол ертіп келе жатқан дінбасы – падиша Иван туралы дақпырт католиктер әлемін әжептәуір қуантып тастады. Шындығында, бұл тек аңыз ғана еді.

Түптеп келгенде, Батыс пен Шығыс арасындағы бейбіт қарым-қатынаста бұл аңыздың маңызды рөл атқарғанын да мойындамауға болмайды. XIII–XIV ғасырларда осы дақпырттың ақиқаттығына жету мақсатымен Азияға небір миссиялар мен саяхаттар ұйымдастырылды. Саяхатшылардың хабарлары шіркеу қызметкерлерінің жағрафиялық білімін молайтып, ой өрісін кеңейте түсті, Европалық қайта өрлеуді жандандырды. Европа адамы алғаш рет Шығыстың беймәлім елдерімен, халқымен танысып, отандық орта ғасыр зерттеушілерінің бірі көрегендікпен дәл бағалағандай, жер шарының шексіз де шетсіз кеңдігін, оның Тәурат әнбиелері мен Інжіл әулиелері танып біле бермеген түрлі халықтарға толы екенін, көз көріп, құлақ естімеген өлкелерде құбыжық хайуанаттар мен жануарлар барын, аспаны итальян, француз, испан аспанынан бір де кем емес екенін біліп, айран асыр болды. Ертегілік патшалықты сабыла іздеу айтулы жағрафиялық жаңалықтар тарихында адам толы

екенін, көз көріп, құлақ естімеген өлкелерде құбыжық хайуанаттар мен заттың экономикалық, рухани дамуында елеулі рөл атқарды.

XI ғасырда Г. Рубрук жазып қалдырған “Найман атты” халыққа билік жүргізетін “Иоанн король” туралы аңыз, таяу шығыстық ашамай таққан басқыншылардың христиан әлемінің қорғаны болар одақтас таппақ үмітін, авантюристік әрекеттерін жандандырмақ демесін өшкелі тұрған жерінен қайта қоздатты. Дәл осы жерде кресшілердің өз жұртында Иоанн секілді несториан дініндегі христианды еретик деп жариялап, қудалауға, қала берді отқа өртеуге христиан сопыларының құлшына бата беретіні оларды ұялтқан жоқ.

Ғасырлар бойы мойнына ашамай таққан серілердің ғана емес, католик дініндегі байтақ Батыстың құлағына майдай жаққан аталмыш аңыздың негізінде қандай тарихи оқиғалар жатыр еді? Европалық түсінікте ірі деуге келіңкіремейтін найман ұлысының осы аңыздың шығуына қаншалықты қатысы бар екен? Ендеше, оқиғаны дақпырт емес, нақты тарихи тұрғыдан талдап көрелік.

“Ашамайлы зобалаң”

Палестина мен Сирияда туып, жаңбырдан соңғы шөптей қаулаған дақпыртты аңыз Европадағы католик дінінің орталықтарына да жылдам жетті. Дақпырттың негізінде XII ғасырдың бірінші жартысында Орталық және Орта Азияны дүркіретіп өткен тарихи оқиғалар жатқан. Әрине, тиісті саяси ахуал болмайынша кресшілердің жан алып, жан беріскен зұлмат қан төгісіне тікелей қатысы жоқ, Азияның терең түкпірінде өткен адам сенбес оқиғалардың жаңғырығы Европа аспанынан оңайлықпен сейіле қоймас еді, әрі дін басы Иоанның шын мәнінде өмірде болмаған мемлекетін іздеп арамтер болған Европалықтардың сабылған еңбегіне татымас еді. Қиындық – қиырға аттанатындарды жабдықтау мен тапсырмаларды орындауда ғана емес-тұғын. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс

Шығыс билеуші топтарының зәулім сарайлары мен резиденцияларында жанын шүберекке түйген “тасбихты тыңшылармен” бірге, оларды осы сапарға жұмсаған, кеудесіне нан піскен небір әміршілердің де намысы аяқасты болатын. Мысал үшін, Күйік ханның Рим папасына жазған, папаның талағы тарс айрылып шамдануына әбден негіз бола алатын мәшһүр хаты мен шетелдіктердің намысын қорлайтын елшілер қабылдау рәсімін айтса да жеткілікті. Кезінде, тіпті мұндай маскараға төзгісі келмеген, Платано Карпинидің замандасы, өр кеуде монах Асцелинидің басымен қоштасуына шақ қалған.

Көзге ұрып тұрған қиындықтарға қарамастан, бүкіл ортағасырлық дүниенің саяси-әлеуметтік жағдайы Шығыс пен Батыс арасында байланыс орнатуды алдыңғы қатарға шығарды. Сондықтан прогресті бетке алған бұл процеске ештеңе де кедергі бола алмас еді. Дақпырттың шығуы өмір талабынан туындағандай болып көрінуі де ықтимал. Қаншалықты кездейсоқтық дегенмен, мұнда тарихи қисын бар. Ол – мұнан әрі Шығыс пен Батыстың өзара қарым-қатынаста болмауының мүмкін еместігі.

XI ғасырдың аяғында Таяу Шығыста ашамайлы серілер іргетасын қалаған төрт мемлекет құрылды. Құдыс қаласы құрамына үш тәуелді мемлекет, атап айтқанда: Антиох князьдігі, Триполи және Эдес графтығы енген Құдыс корольдігінің астанасы болды. Кресшілерге дейін бұл шаһар түрік-сельжуктер сұлтанатының салтанатты орталығы еді.

1095 жылы Францияда шіркеу алаңына жиналған қыруар адамның алдына шығып, папа Урбан II кресшілер қозғалысының бет пердесін ашып берген. “Жер адамзатқа таршылық жасауда, – деген ол. – Барлық әлеуметтік алауыздық осыдан туындайды. Ғайсаның табытына сапар шегіп, қасиетті жерді имансыз халықтан азат етіңдер, оны өздеріңе тәуелді етіңдер. Мұнда азалы болып жүргендер ол жақта дәулетке кенеледі”. Аяқ астынан жомартси қалған шіркеу кресшілерге шамалы жер беруге, бұл пәниде жіберген күнәларын кешіруге уәде етті. Жорықты

ұйымдастырушылар Бұқара халық арасындағы діни фанатизмді өршіте отырып, мазасыз әрі қауіпті элементтерді Батыс Европа шеңберінен шығарып жіберуге, сөйтіп ішкі жаудан оңай құтылуға тырысты. Аш құлақтан тиыш құлақ деген осы да.

Шығыстағы өмірдің әлеуметтік-экономикалық деңгейі кресшілер отанындағыдан жоғары-тұғын, әрі басқыншылар мен олардың көсемдерінің негізгі тобыры әліпті таяқ деп білмейтін сауатсыз болатын. Сондықтан келімсектер қалыптасып қалған әлеуметтік қарым-қатынасқа бәлендей өзгеріс енгізе алмады. “Тәңірдің қалауы солай!” деген діни-мистикалық қағидаға жүгінген көрсоқыр кресшілердің жаңадан құрғанынан қиратып бүлдіргені анағұрлым басым еді. Атап айтқанда, Антиохия мен Құдыс қаласына шабуыл барысында (1098–1099 жж.) басқыншылар жергілікті халықты жаппай қырғынға ұшыратты. Әдетте, анадан қан шеңгелдеп туған ашамайлы серілер жорығы жаппай тонауға ұласып жататын-ды. Олардың мұсылман қалаларын ғана емес, христиан елді мекендерін де аяусыз талқандауы тонаушылық және басқыншылық мақсаттарын айқын көрсетсе керек-ті. Ал құдай атынан айтылған жалған ұрандары бар болғаны осы қарабет қозғалыстың бетпердесі ғана-тұғын. Тіпті христиандықтың ту тіккен маңызды орталығы десе болғандай Константинополь шаһары да тонаушылықты бастан кешті. Адамзат санасы жеткен сұлулық салтанатын паш етер әулие София храмының талқандалуын көзімен көрген адам былай деп жазады: “Бас храмның қиратылуын көрген түгіл естіген жан бейжай қалмақ емес. Пейіштік сәні бар қасиетті мүсіндерді ұсақтап, ашкөз кресшілер пышақ үстінен бөлісіп алды. Кафедраларды, қақпаларды көмкерген, көздің жауын алған алтын мен күмісті, әулие сауыттарды, әдеттен тысқары сән мен салтанатты паш еткен қасқалдақтың қанынан қат небір бұйымдарды артып әкету үшін храмға қашырлар мен ерттеулі аттар енгізілді. Храмның пейіштің нұрындай жалтыраған еденінен үркіп, тайсақтаған жануарларды қамшының астына алған тонаушылар қасиетті жерді аттың нәжісімен, терімен, қанымен ластады...”

Жергілікті халық кресшілерге барынша жек көре қарады, таптық жіктелу басталды. Осының бәрі ашамайлы серілер жеңісінің баянсыздығын көрсетті. Айтқандай-ақ, жарты ғасыр өтпей жатып олар Эдес графтығын тастап шықты (1144 ж.). Тарихтың қалауымен екінші крест жорығы да толығымен сәтсіздікке ұшырады. Кәпірлерге қарсы ғазуат соғысын жариялаған Мысыр сұлтаны Салах-ад-дин оларды жеңіліске ұшыратып, әлемге аян Құдыс шаһарын қайтарып алды. Басқыншылардың “қасиетті жерден” табанын жалтыратуына келімсектердің негізгі жауларының бірі түрік-сельжуктерінің, сондай-ақ, Византияның ықпалы болмай қалған жоқ. Англия, Франция, Германия ұйымдастырған мұнан соңғы крест жорықтары да талай мәрте жеңіліске ұшырады.

Тап сол “ашамайлы зобалаңда” дағдарысқа ұшырап тұрған XII ғасырдың орта шенінде әуелі Алдыңғы Азияға, ізінше Батыс Европаға, Шығыстан мұсылмандарға қарсы “қасиетті” соғыс жариялаған Азияның терең түкпіріндегі қуатты христиан мемлекеті және оның абыз падишасы Иоганн туралы дақпырт тарады.

1145 жылы баварлық епископ Отто Фрейзингенский әлдебір сириялық священниктің оқиға өткеннен кейін Римге жолдаған, бірақ күні бүгінге дейін сабылып іздеушілердің сабырын сарқып қолына түсе қоймаған хатын алға тарта отырып, Орта Азиядағы мұсылмандарды жеңгеннен соң “абыз-падиша Иоанның” Құдыстағы кресшілерге көмекке аттанғанын жазды. Егер епископқа сенер болсақ, падиша Тигр өзенінің шығыс жағалауына жетіп, өзеннен өте алмай ат басын кері бұрыпты-мыс.

Аңыздың шығуы мен оған негіз болған тарихи оқиғалар жобасы, 1143 жылдың шамасына келеді. Ал бұл кезде айтылмыш аңыз туралы деректер хатқа түскен болатын. Беймәлім епископтың тұжырымы қандай оқиғаларға арқа сүйейді? Осыны анықтап алайықшы.

Қызылқұмдағы қантөгіс

Орталық Азияда қара қытайлар билігінің дәурендеуі, олардың Орта Азия мен Шығыс Түркістанның мұсылман елдерімен қақтығысуы тарихтың осы кезеңінің үлесіне тиді.

Оныншы ғасырдың басында шығысаязиялық қой сілекейін құт көрген көшпелі қидан тайпасы Қытайдың солтүстігінде Ляо империясын құрды. Дүние кезек деген осы да, арада екі ғасыр (1125 ж.) өткеннен кейін, екінші бір шығыс азиялық Чурчжэн жұрты Сун империясымен тізе қосып, қидандар билігін өткен шақтың қанжығасына байлап жіберді. Әміршілер әулетінен шыққан Елюй Дашидің басшылығымен Шығыс Түркістанға ауған қидандардың бір бөлігі қытай деректерінде “Батыс Ляо” немесе мұсылманша қара қытайлар мемлекеті атанған жаңа ұлыс құрды. Далалық соғыстардың барысында аталған мемлекетке Шығыс Түркістанмен қоса Жетісу да енді. Әмірші Шу өзені маңындағы алқапқа ірге тепті. “Гор ханның”, яғни “баршаның ханы” атанған билеушінің ордасында осы күні қазақ археологтары “Ақтөбе” атап жүрген қалада тұруы ықтимал. Шу алқабы біртіндеп өз билігін Орта Азия қараханидтеріне жүргізе бастаған Қара қытай мемлекетінің орталығы болды. Олардың сельжуктермен мүйіз түйістірген жері де – осы тұс. Қараханидтердің Самарқанды билеп отырған ханы Махмуд 1137 жылы Ходжент маңында қара қытайлардан жеңіліске ұшырады. Ал 1141 жылдың 9 қыркүйегінде Қызылқұмда толық талқандалды. Қара қытайлар сельжуктер мен қараханидтер әскерін шілдің қиынша тоздырып жіберді. Бұл соғыста мұсылмандар 30 мыңға жуық (мұсылман тарихшысы Ибн әль-Асирдің айтуынша 100 мың) адамынан өлідей айрылды. Санжар мен оның боданы әрі одақтасы Махмуд жан сауғалап Қорасанға қашты. Ал сельжук әміршісінің намыс атаулыға екінші кезектегі дүниедегі қарайтын інісі Ибраһим Гөр ханның билігін таныды. Масқара болғанда Орта Азиядағы саяси ахуал қара қытайлардың пайдасына шешілді. Сұлтан Санжар Бағдатты билеп отырған жиені Масуд ибн Мұхаммед ибн Мелик шахқа (1133–1152 жж.) еңірегендегі етегі жасқа

тола отырып, жеңіліс жайын мәлімдеді. Соған қарағанда мұсылман қауымының мәжусилер мен христиандар одағынан жеңілгенін Алдыңғы Азия елдерінің де есітуі әбден ықтимал.

Қызылқұмдағы қырғын “найман патшасы” туралы аңызға тарихи негіз болса керек. Атам заманында сүйегі қурап қалған сириялық мәшһүр дінбасының көзқарасымен қарасақ, мұсылман емес қара қытайлардың христиан-несториандармен тізе қосып, Мұхаммед пайғамбар үмбетіне қарсы соғысуында діни фанатизм жатыр. Өйткені дәл сол кезеңде Шығыс Қазақстан мен Батыс Монғолияны қоныстанған алашұбар жұрттың арасында христиан діні тарай бастаған. Әрі аталмыш өлкеде бұл діннің тарау қарқыны тым жылдам еді.

“Исламның қорғаны” атанған, Шығыс христиандары үшін барынша жексұрын көрінетін “сарациндерді”, әмбеге түсінікті тілмен айтқанда шығыс адамдарын кәпірлерден қорғаушы есебінде есімі көпке аян сельжук Санжардың жеңілісі дін апыны улаған католиктің санасына қуаныш, қуаныш емес-ау – шат-шадыман шаттық ұялатты, сондықтан оның әсершілдіктің салдарынан көкейкесті тілегім жүзеге асты деп алдануы да сөзсіз. Сондай-ақ, оның Иоанның қуатты мұсылман мемлекетін талқандауға ниеттілігі туралы жаңсақтығы көзге ұрып тұрған мәліметті де ет қызуымен рухтас бауырларына асыға жеткізуі әбден мүмкін. Әзірге, сол кезеңде барша орталықазиялық тайпалар арасында тек қана найман ұлысы билеушілерінің “уан”, “ай-уаң” немесе “дай-уаң” мәртебелі атағына лайықты болғанын айта тұралық. Ал осыдан “иван” немесе “иоан” сөзінің тууы әбден мүмкін-ау...

Алайда, белгісіз сириялық священниктің Римдегі хат алмасушы қандастары да, баварлық хронист те Қосөзен елшісіне, оны айтпағанның өзінде Құдыс шаһарына жасалынған жорықты қара қытайларға зорлап таңған. Қара қытайлардың жиһангерлік мақсаты болмаған. Бартольдше айтқанда, іргелес мұсылман өлкелерін бағындырумен шектелген. Әмударияның оң жағалауындағы Термездің жеңілген Санжар иелігінде қалуы да осыған дәлел.

Осылайша, 1141 жылдан кейін Азияның екі қиырында өткен екі оқиға аңыздың тууына себеп болды. Дақпырт аңыздың шыққан уақыты қалайда 1145 жылдан кейін болмақ емес.

“Поп Иоан” деген кім?

Жаны жаннатта болғыр Марко Полоның бұл өмірден “поп Иоанды” керейдің Уаң ханы деп ұғып өткені мәлім. Таян ханның ұлы найман Күшлік Иоанн падишаның ұлы атанды. Ал күн сипатты Шыңғыс хан Иоанның ұрпағы саналды. Осылайша Күшлік ханның Хорезм-шахтан әскери-саяси тұрғыда басым түскен табысын тарихшы Жак де Витри Иоанның ұлы “Дәуіт патшаға” таңады. Онда несториан патриархымен келісімге орай араб халифасының “шахтардың шахын” (Мұхаммед Хорезмшахты айтып отыр) жеңіп, Мұхаммедтен Сырдария сыртындағы байтақ өлкені тартып алған “Дәуіт патшаға” елшілер жібергені айтылған. Халифа елшілерінің табандылығының арқасында “Дәуіт патшамен” Хорезмшах арасында соғыс басталып, Мұхаммед өз иелігіне шегінуге мәжбүр болды. В. Бартольдтің топшылауынша, “Дәуіт” Күшліктің христиандық есімі болса керек. Алайда, деректер Дәуіт-Күшлікті Шыңғыс ханмен де жиі шатастырады.

Шыңғыс ханның Хорезмді алуы Иоанн патшаға немесе оның ұлы Дәуітке, тіпті “Иоан-Дәуітке” зорлап телінді. Жак де Витридің замандасы Ришар Сен-Жерменнің деректеріне жүгінсек, Дәуіт патшаңыз кәдімгі Шыңғыс хан болып шыға келеді. Венгер королі II Андрейдің хатын тілге тиек ете отырып, Сен-Жермен Дәуіт патшаның 1233 жылы орыс жеріне басып кіргенін, орыс-қыпшақ жұртын қынадай қырғанын жазады. Католиктердің Иоанн патшаның діни жорықтарынан XII ғасырдың орта шенінде ғана емес, XIII ғасырда да үміттенгені ақиқат. Сондықтан католик әлемінің құлағы ұдайы Шығысқа түрулі болды. Мұсылман емес көшпелілер мен өзін “екінші Ескендір” (“Искандера дююм”) атаған Мұхаммед Хорезмшах билеген ортаазиялық Қосөзен аралығындағы қуатты мұсылман

мемлекеті арасындағы әр қақтығысты католиктер кресшілердің Таяу Шығыстағы басқыншылық науқанына сылтау деп ұқты.

“Әулие билеуші Иоанн” деген кім? Әлде ол шіркеудің құпия сақтай білетін мылқау қабырғасының ар жағында қиялдан туған бейне ме екен? Олай болса, өмірде оның түп тұлғасы бар ма?

Қызық қылғанда, аңызға өзек болған тарихи тұлғаны анықтау барысында зерттеушілер ортақ мәмілеге келе алмады. Кезінде, әулие Иоанн мен керейдің Уаң ханының тағдырын тоқайластыру кәдімгідей әдетке айналды. Ал шындығында Уаң ханның оған ешқандай қатысы жоқ. Мұндай жаңсақ пікір керей ханының аты мен атағының аңыздағы священник есімімен үндестігінен туындаған. В. Бартольд зерделілікпен атап көрсеткендей, тарихи мәліметтер бір жақты, жасандылықпен пайдаланылған, оқиғалардың нақты барысы туралы ауыз толтырып айтарлықтай түсінік бере алмайтын “Марко Поло кітабында” да (XIII) осындай олқылық бар.

Атақтың атпен байланысын жоққа шығармаймыз. Алайда, мұндай атаққа тек қана керей ханы лайықты деп табылмағанын айта кетуіміз керек. Керейдің Уаң ханынан бұрын өткен наймандардың аға буыны осы атақтың буына ертерек мас болған. Ол аз десеңіз, Иоанн Уаң хан болғанның өзінде әңгімеге өзек болып отырған дақпыртты аңыз XII ғасырдың бірінші жартысында емес – керей ханы Цзинь империясынан Уаң атағын алған сол ғасырдың-ақ шенінде шықса керек еді. В. Бартольд былай деп жазды: “ғылымның қазіргі (XIX ғасырдың аяғын айтады. – С. А.) мүмкіндігі священник Иоанн туралы аңыздың Уаң атағынан туындау теориясын қайталауды көтермейді. Керей ханы бұл дәрежеге XII ғасырдың аяғында ие болды. Ал “священник Иоанн” 1145 жылы тарих сахнасына шығып үлгерген. Шындығында, 1145 жылғы оқиғаларға байланысты аңыз дәл сол жылы шықса, “абыз-падиша Иоанның” тарихтағы нақты тұлғасын Орталық Азияның сол кезеңдегі қайраткерлерінің арасынан емес – XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басынан іздеудің қисыны жоқ қой”.

Г. Рубрук найманның “Иоанн королін”, корольді”, яғни наймандардың иелігінен “үш апталық жерде, қара қытайлар

қоныстанған таудың арғы бетінде” түтін түтететін Унк есімді (Керейдің Оң ханы. – С. А.) алып бақташыдан бөліп қарайды. Г. Рубрукке жүгінсек, керейдің Уаң ханы Иоанн өлгеннен кейін ғана өзін әмірші, дұрысын айтсақ, хан деп атаған. Керейдің Уаң ханы мен Иоанн патшаның екеуі екі адам екенін Г. Рубрук кесіп айтады. “Бұл жер (наймандар иелігі. – С. А.) бұрын әулие Иоанның боданы болған наймандарға тиесілі еді”, деп жазған ол.

Барша тарихшы священник Иоанды мемлекет билеушісі деп санайды. Ал керей ұлысына сонау қиырда жатқан Батыс елі аңыз арнарлықтай даңқы болды ма?

Керейлер тарихы Уаң ханның бабасы, түрікше Бұйрық хан аталған Марқұздың көзінен мәлім, тарихи әдебиеттерде Марқұз сөзі христиандық Марк немесе Маркус¹ есімдерінен туындағаны туралы жазылады. XI ғасырдан бастап керейлер арасында христиан дінінің несториандық бағыты кең тарағанын еске алсақ, бұл тұжырымның ықтималдығына ешбір шүбә келтірмейсіз.

Пешенесіне тыныштық жазылмаған Марқұз ұзақ уақыт бойы Чжуржендердің Цзинь империясымен соғысты (1125–1134 жж.). Чжуржендер үш жылда бір рет керейлер еліне жорыққа шығатынды. Тайпалар арасында сүттей ұйыған татулық болды деп ешкім айта алмайды. Мұның өзі ию-қию, адам түсініп болмас, таусылмас соғыстарға ұласып жатты. Осындай қақтығыстардың бірінде қолға түскен байғұс Марқұз-Бұйрықты татарлар Цзинь үкіметіне табыстады. Шыңғыс ханның жорықтары жайында көптеген мәліметтер бары белгілі. Алайда, біз тілге тиек етіп отырған оқиғалар төңірегінде XV ғасырдағы парсы тарихшысы Рашид-ад-диннің “Джами-ат-тауарихы” мен “Жылнамалар жинағынан” шыншыл дүние табу қиынның қиыны. Осыдан бастап біз оқиғалар мен процестерді тікелей осы екі шығармаға сүйене отырып баяндаймыз. “Ол кезде, – деп жазады Рашид-ад-дин, – татар тайпалары (бұл жерде монғол тайпаларының білікті тобы сөз болып отыр. – С. А.) саны жағынан көп әрі қуатты еді. Құмырсқаның илеуіндей құжынаған бұл жұрт қытай мен джурдже әміршілеріне бағынуға мәжбүр болды. Татар ақсүйектерінің

¹ Маркус – кейде Марқұз болып жүр.

сол тұстағы басы Бұйыр-Нұр өңірінде түгін түтетіп отырған Нұр-Бұйрық хан болатынды. Сол Бұйрық қапысын тауып, керей ханы Марқұз-Бұйрықты қолға түсіріп, оны Джурдже әміршісіне табыстады. Керей ханына көптен тісін қайрап жүрген әмірші, масқара қылғанда, Марқұзды “ағаш есекке” шегелеп өлтірді. Әйелінен басқа кегін қайтарар жанашыры болмауының өзі-ақ Марқұз беделінің қаншалықты деңгейде екенін көрсеткендей еді! Араға біраз уақыт салып, – деп жалғастырады Рашид-ад-дин, – Марқұз-Бұйрықтың әйелі Күтіктай-Көрікті іргелес жатқан татарларға кісі салады. Ханшаның көрікті атануы да тегін болмаса керек-ті. Оның ақ жүзінен төгіліп тұрған сұлулық сәулесі караған жанды бейжай қалдырмаушы еді. “Татар әміршісі Нұр-Бұйрыққа жүз қой, он бие, қымыз сақтауы үшін жүз өндірі (біздің топшылауымызша – саба. – С. А.) сыйға тартпақпын”. Ерінің кегін қайтармақ болған адал сүт емген ақ некелі жар (Күтіктай-Көрікті) жүз өндірге төрт қаруы түгел сай жүз батырды жасырып (қаптарды) арбаға тиетті. Әкелген сыйларын дәйекшіге табыстағаннан соң олар “дастархан басына арбаға тиеулі өндірілермен қымыз әкелеміз” деді. Солай болды да. Сабадан шыққан сарбаздар мен әмірші әйелінің (Күтіктай-Көрікті) қызметшілері қамсыз отырған татар ханы мен бектерін қырып салды. Марқұз ханның он екіде бір гүлі ашылмай жесір қалған сұлу жарының, бізше айтқанда, трояндық әдіспен кек қайтаруы керей ханшасының жар төсегіне адалдығы мен жау жүректілігін ғана көрсетпесе керек-ті. Өлгеннің артынан өлмек жоқ, мұның артында мұрагерлер мен ордадағы белгілі князьдар арасын қым-қуыт қылған тақ пен бақ таласы жатқан. Керей ордасында өткен мұнан кейінгі оқиғалар осыған айқын дәлел. Топырағы торқа болғыр Марқұз хан атанған Тоғырыл таққа отырғанша керейлер бірде монғолдардың, бірде наймандардың ықпалында болып келді.

Ұзаққа созылған тақ таласы Тоғырылдың жеңісімен аяқталды. Бақталас інісі Ерке-Хараны жазаламақ шешім Тоғырыл басына осы тұста келген. Жаны мұрнының ұшына келген Ерке-Хара найман билеушісі Инаныш-Білгені паналады. Ақыры, ортағасырлық қым-қуыт соғыстардың қазанында қайнап

шыңдалған найманның бұл батыр ханы 1194 жылы Тоғырылды талқандап тынды. Бұл амалсыздық не істетпеген. Жетісудағы қара қытайлардан жансауға сұрау Тоғырылдың үш ұйықтаса түсіне енбеген жайы-тұғын. Қара қытай горхандардың талайдан бері тос қағыстырған досы, талайдан бері одақтасы найман ханының ата жауын олардың қабылдамауы әбден заңды еді. Амалы құрыған керей ханы, XII ғасырдағы монғол хроникасы “Алтын топшыда” айтылғандай, “бес ешкінің сүті мен түйенің қанын талғажау ете отырып”, Шығыс Түркістан арқылы еліне оралды. Тоғырылға керей тағын тек Шыңғыс хан ғана тартып әперді (1194 ж.). Осы шақтан бастап Тоғырылдың тасы өрге домалайды, керей елінің нығаю процесі басталады. Тоғырыл даңқының алысқа естілер шағы да осы тұс. Атап айтқанда, Цзинь императоры империяға бағынудан бас тартқан татар ханы Мегуджин-Сеултуды тәубесіне келтіру үшін Ваньян-Сян басшылығындағы жазалаушы армия шығарды. Қытай қолбасшысы Тоғырылдан көмек сұрап кісі салған. Бұл ұсынысқа қуана келіскен Тоғырыл, жорыққа шығуға Шыңғыс ханды да азғырды. Татар ханы керейлердің, монғолдар мен қытайлардың бірлескен күшіне төтеп бере алмады. Қолбасшы Ваньян-Сянның Тоғырылға “Уаң”, Шыңғыс ханға “Джаутхури” атағын беруі өзінен-өзі түсінікті болса керек.

Тоғырылға қытайлық мәртебелі дәреженің берілуін Цзинь империясының керей мемлекетін тануы деп түсінуі ләзім. Ал Уаң ханның меркіттерге жасаған жорығы (1198 ж.) буыны бекіп, бұғанасы қата қоймаған керейлердің жас мемлекетінің саяси істерді өз күшімен шеше алатынын дәлелдеп берді.

Уаң хан ба, әлде Таян хан ба?

Мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси жағдайын нығайтып, көңілі орныққан Уаң ханның есіне Инаныш-Білгеде кеткен кегі түсе кеткені. Алайда, кек қайтарар шақтың ауылы әзірге алыстұғын. Уаң хан өзегін талдырып күткен қолайлы сәт те туды-ау, әйтеуір.

Тумақ бар да, өлмек бар, өлместей көрінген Инаныш-Білге де көз жұмған. Әуелі ханның ұланғайыр иелігін оның екі ұлы Таян хан мен Бұйрық хан ың-шыңсыз бөлісіп алған сияқты еді. Билік шіркін кімнің басын айналдырмаған, ағайынды қос хан арасында елеусіз басталған ала ауыздық өршіген үстіне өрши түсті. Осы жерде Шыңғыс ханмен және қуатты жаужуриртер бірлестігінің көсемі Жамұхамен одақ құруға ақылы жеткен Таян ханның тасы өрге домалады. Қырық рудан құралған бұл әскер Уаң ханның басшылығымен Таян ханның кіші інісі Бұйрықтың ұлысына аттанды. Қарсыласуға қауқары жетпеген Бұйрық Алтай асып, шегініп кетті.

Деректерге жүгінсек, XII ғасырдың аяқ шеніне қарай Уаң ханның бағы тая бастаған. Ал 1203 жылы Шыңғыс ханнан әбден тұралап жеңілгеннен соң, керей ханы найман қолбасшысы Хору-Сүбешінің қолынан қаза тапты. Аңыздың керейлерге қатысының жоқтығы күмәнсіз еді. Керейдің Уаң ханы туралы басқа дақыртты әңгімелердің Сібір халықтары арасында кеңінен тарауы, сөйтіп біртіндеп оның орыс жылнамаларында жаңғыруы әбден ықтимал. Бағзы біреулердің мұны әңгімемізге өзек болып отырған мәшһүр дақыртқа телуі мүмкін.

Бұл жерде христиан діні тараған Орталық Азия билеушілерінің арасында найман хандарынан бөтен ешкімнің де қытайлық “Уаң” дәрежесі болмағанын тағы да бір еске салу ләзім. Г. Рубрук жазбаларында аңыздың наймандарға телінуі де осыған байланысты.

Уаң хан мен Шыңғыс ханның замандасы Таян ханның “кінездің ұлы”, “патшаның ұлы” деген ұғым беретін уаң атағының қызығын бір адам құрлы көргені – бізге тарихтан мәлім ақиқат. Алайда, бұл атақтың найман билеушісіне қашан, қандай жағдайда берілгені туралы дерек жоқ. Рашид-ад-дин, болмысы тарихтың терең қатпарларына көміліп қалған Нарқыш-Таян деген екінші бір найман ханын еске салады. Ол адамның Таян ханға қаншалықты қатысы бар, әлде бұл бізге есімі жақсы таныс найман әміршісінің жанама есімі ме екен?

Әнет қаханның қырғыздармен өткен қым-қуыт соғыста оның одақтасы кім болды және билікке таласқан бақталас бауыры кім еді? Егер Рашид-ад-динге жүгінсек, “Шыңғыс хан дәуірінен бұрын найман ұлысын Нарқыш Таян мен Әнет қахан билеген”, әрі “Бұйрық пен Таян – Әнет қаханның ұлы” болып шыға келеді. Басқа деректерден мәлім мына бір жайдың шындығына тағы да күмәніміз қалмайды. Онда Таян хан мен Бұйрық ханды Инаныш-Білгенің ұлдары деп санайтын Рашид-ад-диннің қателеспегені айтылады. Демек, Әнет қахан мен Инаныш-Білге екеуі бір адам. Инаныш-Білгенің ұлы ғана емес, оның туған інісі Нарқыштың да қытайлық “ай-ван”, яғни Таян атағы болғанына сену керек. Мұның бәрі найманның даңққұмар әміршілеріне атақ берудегі қытайлық кейбір дәстүрлерден хабар бергендей. Ал бұл дәстүр XII ғасырға тән. Қалайда, бізде қытай билеушілерінің наймандарға қай кезеңнен бастап атақ бере бастағанын тап басып айта алатын бұлтартпас дерек жоқ. Сондай-ақ, мұндай дәрежелі атақтардың кімге қашан берілгені туралы да айта алмаймыз. “Уаң” дәрежесі Инаныш-Білгенің әкесінде де болған деп тұжырым жасауға негіз бар. Өйткені, Инаныш-Білгенің інісі Нарқыштың көшпелілер арасындағы абырой-беделі уаңның ұлы, яғни, “дай-уаңның” дәрежесімен өлшенетін-ді. Л. Н. Гумилевше Әнет пен Инаныш-Білге екеуі бір адам. Ал “Иоанн” есімі “Әнеттен” шыққан.

Наймандар Қызылқұмдағы соғысқа қатысты деп тап басып айта алмаймыз. Алайда, олардың Жетісудағы саяси оқиғалардан тысқары болмағанын дәлелдейтін деректер де жоқ емес. Атап айтқанда, “Ляо шиде” (“Ляо әулетінің тарихы”) найман ақсақалдарының Елюй-Даши гурханға батасын беріп, қара қытай әскеріне қажетті сый-сияпат жасап тұрғаны жазылады. Ол басқа бір деректерде қара қытайлардың қараханидтерге жасаған жорығының бел ортасында, айналып келгенде, Иоанн туралы аңыздың түп тұлғасына айналған “дай-уаң”, яғни Таян дәрежелі өз хандары бастаған қазақстандық сегіз тайпаның болғаны айтылады. Ал сол сегіз тайпаның бірі наймандар екені сөзсіз.

Тәңірдің зауалы

Наймандардың әскери-саяси бірлігінің тірегі Инаныш-Білге екен. Хан өліп, оның екі ұлы Таян хан мен (Рашид-ад-динше – Бай-Бұқа) “Алтың топшыда” Гучут, Гучутун деп аталатын Бұйрық хан ұлысты екіге бөліп жіберді. Әмбеге аян, Таян хан мен Бұйрық хан арасындағы ұзаққа созылған жауласу Рашид-ад-дин айтқандай от басы, ошақ қасының дауы емес-тұғын. Бұл нағыз екінің бірі өліп, бірі қалатын тақ таласы еді. Найман ұлысындағы дағдарыс, орданың іргесінде арандатушылығын жиілетіп жіберген Шыңғыс ханның күшейген шағына дәл келді. Бұл наймандарға ықпал етпей қалмайтын. Жұт жеті ағайынды деген рас-ау, Инаныш-Білге марқұм көз жұмысымен Уаң ханның, Жамұха мен Шыңғыс ханның бірлескен күші Бұйрық иелігіне басып кірді. Қарсыласуға қауқары жетпеген Бұйрық Енесай асып, қырғыздарды паналады.

Тауық жылы (1201 ж.) тақап қалған тауқымет қарсаңында Алқұй-Бұлақ шатқалында Жамұханы қолдаушы тайпалардың құрылтайы жиналды. Бұл кезде Шыңғыс ханмен ат құйрығын кесіскен Жамұха шешен монғол әміршісінің тоқайласпас жауы болып алған. Құрылтай шешімінің нәтижелілігі үшін Бұйрық хан жанын салды. Сөйтіп, Жамұханы “гөрхан”, яғни “ұлы хан” сайлаған бұл қауым Шыңғыс хан мен оның одақтастарына соққы бермекші болды. Тағдырдың дегеніне мойын ұсына қояр Шыңғыс хан ба, қауіпті дер кезінде аңғарған ол Уаң ханмен тізе қосып, Керулен өзенін бойлап, Жамұханың алдынан шықты. Шыңғыс хан қосындары жау әскерінің алдыңғы шебінде Бұйрық ханның жасағы, Аушы-Батыр бастаған ауа жайылған монғолдар, Тоқтай бектің ұлы Хуту мен ойрат Худуха бекке бағынышты меркіт әскерлері келе жатқанын жеткізді. Қас қағымда екі жақтың алдыңғы топтары бетпе-бет қарсы кездеседі. Шыңғыс ханның талай қырғынды бастан өткерген тәжірибелі ертуілшілері кейін шегініп, негізгі топқа қосылды. Майдан тағдыры Қойтан шатқалында шешілді. Ұрыс екі жақ үшін де оңайға түспегенін айту керек. Бүкіл қосымша күштерді

сарқа пайдалану да екі жақтың ешқайсысына жеңіс сыйлай алмады.

Амалы құрыған жұрт түрлі мистикалық қулықтар ойлап табуға дейін барды. Жамұха одақтастары үшін ең шешуші сәтте Бұйрық пен Худуха тәңірден жалынып-жалбарынып, мойындарына бұршақ салып, жаңбыр тіледі. Әрине, бұдан нәтиже шыққан жоқ. “Олар өздерінің арбағыш сиқырларын бастап кетті (монғол жылнамасы). Алайда, сел мен қатты көтерілген дауыл оларға тиімді болған жоқ. Өздері тайғанап құлап, құрдымға кетіп жатты. Осылайша берекесі кеткен жұрт “Тәңірдің қарғысына ұшырадық” деп ұлардай шуласты. Шайқас тағдыры Шыңғыс ханның пайдасына шешілді.

Әуел баста Шыңғыс ханға қарсы құрылған одақ шілдің қиынша шашырап тоз-тоз болды. “Халық төбесіне хан көтерген оның атақ-даңқына” көз қызартқан Жамұха Әркене өзенін бойлай кейін ығысты. Абыройдан жұрдай болған одақтастарынан іргесін аулақ салған Бұйрық оңтүстік Алтайдан асып, Ұлы тауға қоныс аударған. Қолбасшы есебінде Шыңғыс хан маңдайына тағдыр небір аққаптал жеңістер жазды. Дей тұрғанмен де, ұлы қолбасшы есінде бұл шайқас орны толмас зор шығынымен де қалған сияқты. Сондықтан ол Жамұха одақтастарының әрқайсысынан жеке-жеке кек алуға көшті.

Шыңғыс ханның өзекті жанға бітпеген қаныпезер кекшілдігін жақсы білетін Бұйрық хан меркіттердің, дүрбандардың, татарлардың, сельжуиттер мен ойраттардың басын біріктіріп, жаңа одақ құрды. Шыңғыс хан әскерімен бетпе-бет келген алғашқы соғыста-ақ жүрегі шайлығып қалған қауқарсыз одақтың сағы сынып, ат басын кері бұрған. Қашан да қолмен істегенді мойынмен көтеру шарт. Бұйрық ханның жазадан қашып құтылмасы анық-тұғын. Ата жауы меркіттер мен татарларды тәубесіне келтіріп (1202 ж.), ит жылының күзінде олардың жүгенсіз кеткен көсемдерін өлтіргеннен кейін Уаң ханмен тізе қосқан монғол әміршісі Бұйрық ханға аттанды. Қарсыласар қауқары қалмаған Бұйрық Ұлы тау қайдасың деп сырғақтай берген. Қашан қолыма түсесің деп талайдан тісін қайрап жүрген Шыңғыс хан Бұйрықтан айрылса Шыңғыс

хан бола ма? Ұлы тау төңірегінде найман қолбасшысы Еді-Тұғлықты қолға түсіріп, бір мұратына жетті. Сабырсыз інісін жанынан түнілдіріп жіберген оқиғалардан хабары бола тұра “жеті жалаулы” Таян хан Бұйрыққа дер кезінде қол ұшын бере алмады. “Ештен кеш жақсы” деген аталы сөздің абиыры осы жерде төгілді. Шыңғыс хан мен Уаң хан жеңіс тойын тойлап, кейін оралар жолда, дімкәстігіне орай Көксау-Сабырақ атанған қарт қолбасшы бастаған найман қолымен бетпе-бет кездесе болмай ма?! Ал Таян хан бұл әскерді монғолдар мен керейлерді жазалауға жіберген...

Сатқындықтың құны

Қас қарайып қалған шақ-тұғын. Шайқас келесі күнге қалдырылды. Шыңғыс хан мен Уаң хан әскер арасында қонуға келіскен. Сол түні Уаң хан мен Жамұха найманның самсаған қолынан сескенді ме, әлде монғол ханына опасыздық жасады ма, оттарын самаладай жанған қалпында қалдырып, шайқас алаңынан өз қосындарын алып шықты. Жолай, бұл одаққа кешірек қосылған Жамұха Шыңғыс хан мен Таян хан арасында жасырын келісім бар дегенді Уаң ханның құлағына құйып бақты. Оның Шыңғыс ханға қарсы керейлермен одақ құрмақшы болуы да ықтимал.

Одақтастарының сатқындығына көзі жеткен Шыңғыс хан таң ата майдан алаңынан сығыла берген. Монғолдардың соңына қуғыншы түскен жоқ. Найман қолбасшысы ең алдымен Бұйрық хан көрген сүргіннің басты себепкері Уаң ханға өшігулі еді. Көксау-Сабырақ керей ұлысына барып кірді. “Сангунды (Сангун – Уаң ханның баласы. – С. А.) бүкіл отбасымен, төлеңгітімен қолға түсіріп, Телегету сайында отырған Уаң ханның жарты жұртын малымен қоса айдап әкетті”, – деп жазады бұл тұрғысында “Алтын топшы”. Керей тұтқынындағы меркіттердің айы оңынан туып, бостандық алды. Оқиғаның бұлайша өрістеуін күтпеген Шыңғыс ханның қалпағын аспанға атып қуанғаны айтпаса да түсінікті. Бақ-ғалайынан жүрдай

болған Уаң хан беттің арын белбеуге түйіп, Шыңғыс ханға елші салды. “Менің әйелдерім мен балаларым найман тұтқынына түсті. Өз ұлым болғандықтан халқымды, зәу-затымды арашалап алар батыр-күліктеріңді жіберуіңді сұраймын”. Шыңғыс ханның көп ойланбай-ақ шығарған төрт дарынды қолбасы бастаған әскері “Уаң ханның зәу-затын” наймандардан босатып алды. Уаң ханның ақ батасы мен алғысын жаудырғаннан бөтен амалы қалмаған шағы осы тұс. “Ол да асыл текті бабасынша басынан бағы тайған жұртымды маған қайтарып әперді. Міне, тағы өз ұлымның құрметін көріп тұрмын. Аспан мен Жер тәңірісі менің оған берген батамды қабыл қылсын!” Уаң ханның қаншалықты ағынан жарылғанында шаруамыз жоқ. Біздің білетініміз – кенеуі кеткен татулықтың іргесі мәңгіге сөгілгені ғана. Шүбәсіз татулықтың өзі бұрын да болмаған ғой. Татулық пен сенімділік туралы ойлап Уаң хан да, Шыңғыс хан да бас қатырмаған. Көршілік көмек пен соның төлеуіне айтылған алғыстың тасасында жаулық пен аярлық жатқаны көкірегі ояу адамға әбден аян. Мұнан соң не болып еді?! Уаң хан қайта оралған дәрежесін тойлап, елі жоқта жез құрлы қадірі болмаған алтын тәжін қайта киіп жатқанда Шыңғыс хан әскері керей билеушісінің төлеңгіттерін баудай түсірді. Байтал түгіл бас қайғы, Уаң хан мен Сангун ұлысты монғолдар талауына қалдырып, беті ауған жаққа безіп кеткен.

Қайда барсаң да Қорқыттың көрі демекші, Уаң хан байғұс Шыңғыс ханнан қашып құтылғанымен ажалынан құтылмапты. О баста тағдыр оның маңдайына найман қарауылының басшысы Кәрі-Сүбеші мен Тәтік-шалдың қолынан ажалды болуды жазса керек-ті. Солай болды да. Керей ұлысының ең соңғы айбарлы ханы Уаң хан, Орталық Азияны дүркіретіп өткен оқиғалардың бел ортасында болған тарихи тұлға көз жұмды. Онымен бірге Керей мемлекетінің тынысы да бітті.

Найман ордасына жеткізілген Уаң ханның ардақты басының белгілі бір кезеңде ғибадаттық мәні болғанын айта кету керек. Таян хан керей билеушісінің өлтірілуін құптамады. Оның түсінуінше, Уаң хан Шыңғыс ханның дәурендеуін тежейтін бірден-бір күш болатын. Найман билеушісінің Уаң ханның

аруағына бағыттап жылы-жылы сөздер айтуының себебі осында болса керек. Нилха-Сангун Қашғар даласында қаза тапты. Сөйтіп, Шыңғыс хан күшеюі үшін ғана емес, өзінің жер басып, тірі жүргендігі үшін де қарыздар Уаң хан сияқты қауіпті бақталасынан наймандар көмегімен оңай құтылды.

Шұғыл шешім

Байтақ Орталық Азияда Шыңғыс ханның ендігі жалғыз бақталасы найманның Таян ханы ғана қалған еді. Бұл жақта Шыңғыс хан сансыз сабылыстарда нығайып, қолбасы әрі мемлекет қайраткері ретінде жоғарыға көтеріліп, қанқұйлы әрекетінің арқасында дүйім жұртқа қанішерлігімен танылып еді. Алайда, “тиыш жатқан жыланның құйрығын баспа” деген қағиданы берік ұстаған, шама-шарқын мөлшерлей білетін ақылды ханның жүрегі найман ұлысына басып кіруге дауаламай-ақ қойғаны. Наймандар жіберген әр қателікті жіпке тізіп отырған ол содан тиісті қорытынды шығарып отырды. Найман мемлекеті ұлы жиһангердің жатса түсінен, жүрсе ойынан шыққан жоқ. Әйтеуір бір қырғынның болары анық-тұғын. Ақылды хан өз күшін наймандардан аз деп бағалады. Сөйтіп, ұлы жиһангер болашақта жарты әлемді жаулап алар қауқарын найман ұлысына салып, күшін сынап алмақшы болғаны белгілі.

Таян хан қол қусырып қарап отырды десек шындыққа қиянат болар. Жатпай-тұрмай найман билеушісі де Шыңғыс ханға қарсы күш біріктірді. Монғол ханының саяси өмірдегі адам сенбес табыстары ордадағылардың үрейін ұшырғаны да өтірік емес. Бұл жайында көне деректер не айтар екен?

Таян ханның Уаң ханның басына ғибадат қылған шағы былайша баяндалады: “Ақ кигізде жатқан хан басына құрмалдық шалынып, қалыңдықтар лютнихура аспабының сүйемелдеуімен ғибадат рәсіміне сай қолдарын бүккен қалпы ән шырқады. Сол сәтте керей ханының басы арсыздықпен қарқылдап күлүлі-мыс. Қаны басына тепкен Таян хан: “Күлесің, ә!” деген көрінеді ашуын жасыра алмай. Ізінше құрметті тәрк қылған керей ханының бас

сүйегін аяқпен таптап ұсақтатты”. Монғол әміршісінің ғаламат жеңістері жайлы толассыз түсіп жатқан хабарлар нөпірі Таян ханның шымбайына қатты батты. Түптің түбінде наймандар төбесінде ойнамақ монғолдың қайқы қылышына қарсы қояр тәсіл ойлап табудың орнына, сабырсыз хан ата жауын сықпыртып боқтаудан аса алмады. “Менің естуімше, – деген көрінеді мейманасы тасыған хан, – түстік беттегі қайдағы бір монғолсымақтар сайдақтарын (қару түрі) шолтаңдатып, даңқы жер жарған Уаң ханның мазасын алған көрінеді. Сол ұятсыз әрекеттерімен ұлы ханның жүйкесіне тиіп, ақыры ажалына себепші болыпты. О, құдай-ау, сонда монғол екеш монғолдың да хан болғысы келгені-ау...” Таян өзінің көшпелі әлемдегі атақ-даңқын алға тартуды ұнататын. Тіпті болашақтағы жарты әлемнің қожасы монғолдарға былайша сес көрсетіп қоятыны бар екен. “Көк күмбезіндегі күн мен ай бір мезгілде жарқырау үшін жаралмаған. Жердегі жағдай да сондай. Бір мезгілде бір өлкеде екі бірдей ханның билік жүргізуі мүмкін емес. Мен кәріме мінсем, пәтшағарлардың аты қалай еді өзі, иә, монғол деп аталады екен ғой, солардың жонынан таспа тілем!” Осының бәрі күні кеше ғана көз алдарында быт-шыты шығып бытырап жүрген, түкке тұрмайтын монғол тайпаларының аяқ астынан күшейе қалуының салдары.

Таян ханның әйелі Гүрбесі-қатын бірінші болып әзірге бел ала қоймаған жауға шабуыл жасауға шақырады.

“Көріксіз көйлек кигені,
Төзгісіз сасық күйде еді”, –

деп монғолды мысқылдап, Таян ханға өлеңдететін де осы Гүрбесі-қатын. Онан әрі ханша Таянға мұндай жаудан іргенді аулақ сал, монғолдың қыз-қатыны біздің сиырларымыздың желінін созғылау үшін ғана жаратылған. Онда да олардың ішіндегі іске татырлары ғана. Бұл халық бізге аяқ-қолымызды жуғызу үшін ғана қажет, – деп асылық айтады.

Таян хан ордасындағы ахуал ширекқан үстіне ширеңа түседі. Неғұрлым ықпалды адамдардың табанды талабынан соң Таян хан бір шешімге келеді: “Жарайды, – дейді Таян

хан. – Монғолынды да көріп алдық. Күні ертең жауға аттанып, мұрнынан тізіп құл етеміз”. Бұл құдіретті әміршінің қайта қарауға келмейтін дара шешімі еді. Әліптің артын бағып, Таян ханға шұғыл шешімнің ұшқарылығын салауаттылықпен ескертер сұңғыла адам найман ордасында да бар екен. Ол – Шыңғыс ханның жаңа әскерінің қауқарын тани білген қарт қолбасшы Көксау-Сабырақ болатын! Алайда, өз буына өзі піскен ұшқалақ ханды тізгіндеу мүмкін болмады.

Шу дегеннен-ақ Таян хан таңғұт әміршісінен жәрдем сұрады. “Құлығынә, яғни тышқан жылының, немесе хижра есебі бойынша 600 жылдың жұмада айының басында (1204 жылдың ақпанаурызы) найман билеушісі Таян хан таңғұт әміршісі Алақүштегін-Куригәге Жұқанан атты елшісінен мынадай сәлем жолдады, – деп жазады Рашид-ад-дин. – Бұл өңірде жаңа билеуші шығыпты деп естиміз. Біздің білуімізше, ол – Шыңғыс хан! (Көк тәңірісінде) ай мен күнге тиесілі орын барын білеміз. Ал бір иеліктегі екі әміршінің реті қалай болмақ? Менің оң қолым болып, әскеріңнен қарайлас. Сөйтіп, біз оның мансабын тартып аламыз”. Елшіден жолданған сәлемнен-ақ Таян ханның байтақ даланы өз иелігім деп ұққанын, ал Шыңғыс ханды түкке тұрмайтын алаяққа санағанын аңғару қиын емес. Сондықтан да ол алда тұрған науқанға бар болғаны жазалау шарасы деп қарады. Таян хан тұмсығының тасқа тірелуінің бір себебі осында. Алақүштегін найман әміршісінің ұсынысын қабылдамай тастады. Ол аз десеңіз, найман ұлысының шабуыл жасамақ ойын Шыңғыс ханға дереу жеткізді. Бұл хабарды оған таңғұт елшісі Төмен-кере даласында алаңсыз саят құрып жүрген шағында айтып берген. Монғол ханы таңғұттардың бұл жақсылығының төлеуіне 500 жылқы мен мың қой атады.

“Құрылтай”

Монғол әміршісі наймандардың өзіне деген пейілін жақсы-ақ білетін. Алайда, оқиғаның бұлайша жылдам басталарын ойламаған. Шыңғыс хан саяттың қызығын төтенше

құрылтайдың құрбандығына шалды. Құрылтайда бір ғана мәселе қаралды. Наймандар шабуылын қалай тоқтату керек? Монғол әскері мұндай кең көлемді науқанға әзір емес-тұғын. Мұның өзі, шайқасқа түсуді құптамағандардың басты дәлелі де болды. Пікірталас барысында әркім әр түрлі ұсыныс айтты. “Елдің тағдырын саятта жүріп шешкен бұлардың ісі не болар екен?” – деп жазады “Алтын топшының” белгісіз авторы. Көптеген адамдар аттарымыз да болдырды, енді не болмақ деген күдік білдірді. Шыңғыс ханның кіші інісі Очигин-ноян дереу шабуылға шығуды табандылықпен талап етті. Рашид-аддинге иланар болсақ, Очигин өз пікірін қисынды дәлелдеген. “О, нөкерлер, аттың болдыруы да сылтау болып па? Құлаққа түрпідей тиер сөз естігеніміз рас болса (Таян хан мен оның төңірегіндегілердің аузынан шыққан монғол намысына тиетін сөзді айтады. – С. А.), жорыққа шығуымыз қажет! Таян ханның бізді талқандамауы үшін біз оны талқандауымыз керек. Соңынан бұл жерде Таян ханды қолға түсіргенбіз деп айтып жүреміз. Ол шайқаста біз жеңеміз бе, әлде Таян ханның мәртебесі үстем бола ма, ол жағы жалғыз көк тәңірісіне ғана аян! Біздің шайқасты кейінге қалдыруымызға болмайды!” Құрылтай монғолдарға желік бітірді. Әр әскербасы хан алдында өзінің адалдығын дәлелдеп қалуға тырысты. Әсіресе хан інілері аянған жоқ.

Белгітай былай деген дейді:

“Қолында кетсе сайдағым
Алысқан ата жауымның,
Бес қаруменен бойдағы
Шайқаста ажал құшпасам
Шағылғаны ғой тауымның.
Боданы көп хандықтың
Сай болған соң аумағы.
Тыншытар емес жанымды,
Елімнің найман жаулары.
Тілдерін бізді қорлаған
Суырып алсам, арман не?!”

Наймандар бізден шыңға шырқап қашса да құтылмақ емес. Монғол әскері дереу атқа мінсін!”

Белгітайдың бұл көсілуі Шыңғыс ханның жанына майдай жақты. Саятты соғысқа жалғастырмаққа шешкен хан Керулен өзені бойындағы қоныстарын аралап, әскерін тәртіпке келтірді. Парсы тарихшысы мұны былайша баяндайды: “Шыңғыс хан әскерін есептеді. Мындықтар құрып, нояндар, мыңбасылар, жүзбасылар мен онбасылар тағайындады. Мындықтарды, жүздіктер мен ондықтарды құрып болғаннан кейін өзіне кешіктене¹, яғни кезекші күзет, 80 адамнан тұратын көптеуіл – түнгі күзет, 70 адамдық торғауыт – күндізгі гвардиялық күзет қызметін атқаратын сарбаздар іріктеді. Бұл отрядқа ең қабілетті деген, сыртқы бітімі әмірші салтанатына сай ноян, мыңбасы, жүзбасылардың балалары мен інілері алынды. Ізінше батырлар мыңдығы іріктелінді. Әмірші оны басқаруды Архай-Хасаруға жүктеді. Бұл мыңдық шайқас кезінде ханның көз алдында соғысуға тиісті. Ал бейбіт кезеңде кешіктене сапында болуы шарт”. Наймандармен енді басталмақ алапат соғыстың қарсаңында әскердің осылайша ұйымдастырылуы монғолдар ұрысқа түскелі отырған қарсыластардың қауқар-күшінен де мағлұмат бергендей емес пе?! Шыңғыс ханның осылайша ұйымдастырылған қолының Азияда, соңынан Европада өткен небір алапат соғыстарда жеңілуді білмегені белгілі.

Сөйтіп, шеберлікпен үйлестірілген әскери-феодалдық жүйе Халха өзені жағалауынан “Тышқан жылының (1204 ж.) бірінші айының 16-сында түнде күн көзі сіңіп жоғалатын” Батыстағы құрбандығына қарай жылжыды. Найман ұлысымен жүргізілген қантөгіс жебенің тигіштігі мен қылыштың өткірлігін сынау ғана емес-тұғын. Бұл деген ұлы жиһангерлік мақсаттың алғашқы сыннан өтуі еді. Сөз арасында, Шыңғыс хан барлау қызметінің қабілеттілігін әділдікпен айта кету керек. Атап айтқанда, монғол әскерінің басшылығына найман қолы туралы мәліметтер толассыз түсіп жатты. Таян хан туының астына Шыңғыс ханның талқандалуына мүдделі көптеген тайпалар мен бірлестіктер топтанды. Шыңғыс хан бостандығы

¹ Кешік – ханның жеке басын, ордасын қорғайтын ұлан, арабтар “мәмлік” дейді, гвардия.

мен дербестігіне қауіп тудырған меркіт билеушісі Токтай, Әмір Әлін-тайша бастап келген керейлердің бір бөлігі, ойрат Құтха-бекі, жаджариттер көсемі Жамұха шешен, дұрбандар, катакындар, сельджуиттер мен татарлар жұмылған жұдырыққа айналып, ортақ жауға қарсы тұрды. Найман әскерінің жалпы саны 50–55 мың да, Шыңғыс хан туы астындағы айбарлы жас күш 45 мың деп есептелінді. Наймандар өздерінің сан жағынан басымдығын білді. “Алтын топшыда” айтылғандай, Таян хан монғолдың жатаған аты әскери машық пен тактикалық шабуылға ыңғайсыз деп санады. Алайда, оқиғаның барысы Таян хан пікірінің өзі түптің түбінде адамзат басына Шыңғыс хан түсірген ауыртпалыққа қаншалықты ықпал еткенін аңғару қажет. Дәл сол шайқаста наймандар монғолдардың зұлмат жоспарына тосқауыл бола алса, Шыңғыс ханның жалпақ әлемді әлекке салар жауыздығы тізгінделер ме еді, қайтер еді?! Тіптен дүниенің төрт бұрышын түгел қалтыратқан құбыжық өз ішінде өзін-өзі шағып, құрдымға кетуі де мүмкін еді-ау. Иә, мұның бәрі әбден ықтимал-тұғын. Әсіресе, миллиондаған адамның өмірін қиып, жүздеген халықтың тағдырына зәрін сіңірген алты басты аждаһаға айнала қоймаған сол шақта...

Қауқар сынағы

Қарсы жақтардың алдыңғы отрядтары мүйіз түйістіргеннен ақ әбігерлік пен берекесіздік атойлап шыға келді. Таян хан тайсақтап шегінуге бет бұрған. Алайда, мұны табансыздық емес, монғолдың атты әскерін болдыртып, шаршату ниетінен туған әскери машық деп ұғу ләзім. Қарсыластарының анау-мынау емес, наймандар екенін естен шығармаған Шыңғыс хан да шайқасты тоқтатпақшы еді. Монғол ханы төтенше мәжіліс шақырды. Хан нөкерлерінің бірі Додай-шербі мынадай ақылды ұсыныс айтқан: “Біздің санымыз жаудан аз. Оның үстіне әскер титықтап қажыды. Аттар тыныққанша мына Сары-керенің жалпақ жазығын қоршап шеп құрайық. Түнде әр сарбаз бес жерден от жақсын. Біздің түтеткен түтініміздің көптігі наймандардың зәресін ал-

сын. Найман қолының қалыңдығына біздің көзіміз жетті. Алайда, олардың өз отының басынан ұзамаған үйкүшік ханы үшін аздың өзі көптей көрінер. Біз жаққан оттың көптігі жауды жанынан түңілдірер. Оған шейін аттарымыз да тынығар. Сол кезде жау қарауылын талқандап, олардың орталық бұлықтарына соққы береміз. Осыған келісесіз бе, әміршім?” Әскерге өзі көксегендей тыныс беретін бұл ұсынысты хан қабыл алған. Әскер Сары-керенің жалпақ жазығына кеңінен қанат жайып, әр адам өзіне тиесілі бес отты түтетті. Қараңғылық қоюланғанда Қаңғары бұлақтары маңынан найман шолғыншылары самсаған от көріп айран-асыр болды. “Монғолдар аз дегендері қайда? Олар жаққан от жұлдыздан қалың ғой!” десіп жасып қалды наймандар. Жанынан түңілген шолғыншылар Таян ханға: “Монғол әскері Сары-керенің жалпақ жазығын жауып кетті. Жау саны күн өткен сайын толығып келе жатқан сияқты. Олар жаққан от жұлдыздан да қалың!” деп ұлардай шуласты.

Енді наймандар мәжіліс құрсын. Таян хан баяғысынша өз отын көседі. Ол мынадай ұсыныс айтқан: “Монғолдың аты болдырды. Қашқан сыңай танытып, бізді кууға арандату керек. Жаудың онсыз да қажыған аты әбден болдырып титықтағанда тізгін тартамыз да, әлсіз аттың жалын құшқан қауқарсыз монғолды турап саламыз”. “Алтын топшыда” Таян ханның бұл сөзі анағұрлым сенімді, анағұрлым нық мәнерде айтылған. Және ханның мәшһүр сөзі найман билеушісінің бар болғаны орта дәрежедегі қолбасы екенінен, оның мінез-құлқынан дерек бергендей:

“Монғолға қазір тиіссең
Құтылу қиын болғай-ды.
Тек тұрған батыр жауына
Ұрынған адам оңбайды.
Найзалап алсаң оны сен
Қан шығар, бірақ қозғалмас.
Ақылды туған адамда
Осынша батыр жауменен
Шайқасу жайлы сөз болмас”, –

деген екен Таян хан.

Монғол аты әбден арыды, – деп жалғастырған көрінеді Таян. – Найман жұртын Алтайға көшіріп, әскерімізді жау қолын тосқауылға тап қылуға баулуымыз керек. Монғолдарды ұсақ-түйек қақтығысқа тарта отырып, Алтайдың оңтүстік сілеміне ілігеміз. Оған шейін біздің қолда бар жылқымыз жалданады. Ал бізді қуам деп арамгер болған жау қолының титықтап, қажуы кәміл. Осы ұрымтал сәтті күтіп жүріп, біз жауға шешуші соққы береміз.

Таян ханның бұл тұжырымына оның ұлы Күшлік хан күмәнмен қараған. Анадан ақылсыз тумаған жас хан, монғолдардың да дәл сондай жоспары барын және оның наймандардан гөрі жаулары үшін тиімді екенін сезгендей еді. Шыңғыс хан қолының титықтаған аттарын тынықтырып алуы үшін пәлендей көп уақыт қажет емес-тұғын. Сондықтан Күшлік хан жасық әкеден нық шешім талап етті. Әмірші әкенің жылдар бойы тырнақтап жиған беделін тәрк қылып, ол “қатын тектес Таян хан қорқақтық танытып жүр. Монғолдардың аяқ астынан көбейе қалуы мүмкін емес. Өйткені Жамұха бастаған қалың монғол біздің қатарымызда ғой”, – деген деседі. Әмірші әкеге мына тақылеттес өкпемен адам салған да көрінеді:

“Осынша су жүрек болармысың, буаз қатынша от басын торыған қатын Таян. Арқандаулы бұзауша босағадан ұзамаған ез”. Қанша бейбастақтық болып көрінгенмен, өндірдей ханзаданың жалынды сөзі хан көңіліне қонған тәрізді. Хан сақалды атаулыға тон салауатпен қызба ұлына мынадай басу айтыпты:

“О, менің батыр Күшлігім,
Ерлерге тән күш мұның.
Күн туар жаудан кек алар,
Ақыры бірақ не болар?”

Таян ханды бабалар дәстүрін қорлады деп айыптаған Қарасубеші қолбасшы мен Күшліктің пікірі бір жерден шықты: “Сенің ұлы бабаң Инаныш-Білге жауға жауырынын көрсетпеді, жау көзі ол мінген тұлпардың құйрығын да шалмады (қашпады деген мағынада). Айдың-күннің аманында ақыл-есінді жоғалтып не көрінді? Сені туған анаң өмірге қоян жүрек қорқақ әкелгенін

білсе етті. Айыбы әйел демесең, сол анаң мына самсаған қолды сен құрлы басқармас па еді?! Кемеңгер санаған Көксау-Сабырақ байғұсың қаусаған шал болды, әскерден сұс қашты. Монғолдың көктен тілегені жерден табылып тұрған жоқ па?! Әй, Таян хан-ай! Ер ме десем, ез бе едің?” Қалай дегенмен де, әскери демократияның қалыптасқан дәстүрі жеңіп шықты. Қолбасылар мәжілісі Таян ханды шайқасқа шығуға мәжбүр етті. Амалы құрыған Таянның былай дегені де осы тұс:

“Жеңіліс, ажал – бір ұғым,
Соғыссаң, соны біл, ұғын.
Алға!

Сөйтіп, Таян хан басқарған әр текті ауыр қол Хачирусуннан түсіп, Тамури өзенін бойлай, Оркан өзенін кешіп өтіп, Нагу-гун тауының сілеміне, монғол қосындарына жақын тұстан ірге тепті.

Жамұха

Қыруар ұйымдық шаралардан соң Шыңғыс хан әскерінде темірдей тәртіп орнаған. Сансыз шайқастарда шыныққан жауынгерлік рух та тым асқақ еді. “Әскери сапқа тұрған біздің (монғолдар. – С. А.) сарбаздар бір-біріне былай десетін:

“Тікенек арасынан жалаңаш өтсек те,
Көк жүзінде сап түзесек те,
Қаруымыз қылыш болмай, қашау болса да
Жеңіп шығамыз!”

Шатқалдан болашақ ұрыс алаңы алақандағыдай көрінетін. Алдыңғы лектер кескілесіп кетті. Шу дегеннен наймандар тауға тықсырылды. Майданның барысын бақылап тұрған Таян хан қолбасшылармен кеңес өткізді. Қол басқарған нарқасқа батырлар арасында одақтастар да аз болмайтын. Найман шабуылын тойтарып тастаған монғол тегеурініне хан таң қалып тұрған. Ол монғол жайын жетік білетін Жамұхадан мынаны сұрады: “Бұл неткен адамдар? Олар (монғолдар) бір қора қойды қуған жалғыз арланша тықсырған үстіне тықсырып келеді (наймандарды)”.

Сонда Жамұха монғолдар жайындағы мәліметті қасақана қоюландырып былай десе керек: “Менің андам¹ Темірші адам етіне дәнiккен төрт ит ұстап, шынжырламақшы болып жүр еді. Біздің қарауылды тырқыратып қуып келе жатқан солар болмаса нетсін...” Төрт итіңіз мынау ғой:

Маңдайы мыстан жаралған
Азуы қашау мұқалмас.
Жонынан таспа тіліп тұр
Қамшы емес – нағыз нық алмас.
Адамның еті асы екен,
Адамзат қана жасы екен.
Найманның дәмді етіне
Жеріген шағы рас екен.
Төрт итін танып білгейсің
Жебе менен Құбылай,
Желме менен Сүбітай.

Жамұха наймандар арасындағы абыржушылыққа қасақана май құя отырып, монғолдардың әскери қабілеті мен сапасын мадақтап берді дейсің. Сөзінің наймандарға қаншалықты әсері барын да Жамұха шешен жақсы білген. Алайда, тарихтың сан қатпарынан өтіп бізге жеткен деректерде нанымды мәліметтермен қатар әдеби-эпостық толықтыру да жоқ емесі анық. Кей жағдайда “Құпия шежіре” аталатын “Алтын топшы” да, сондай-ақ, осы айтулы оқиғалар жайында деректер қалдыруда “Құпия шежіреден” аса алмаған Рашид-ад-диннің “Джами-ат-тауарих” атты еңбегі де осыған дәлел. Сондықтан да осы соғысқа қатысты көптеген оқиғаларға, атап айтқанда, Жамұханың наймандар арасындағы елеулі рөліне күмәнмен қарауымыз орынды. Дегенмен, осыған қатысты басқа деректердің тапшылығынан біз көзі көргендердің мәліметтері, аңыздар, бізге жазба түрінде жетпеген батырлар жыры негізге алынған Рашид-ад-дин деректерімен толықтыра отырып, амалсыздың күнінен “Құпия шежіреге” жүгінеміз. Наймандар мен монғолдардың тышқан жылы қарсаңындағы қарым-

¹ Анда – өкіл аға.

қатынасын дәл жеткізу мақсатында текстті кеңінен пайдалануымыз да сондықтан.

Сөйтіп, алда тұрған алапат соғыстың қарсаңында найман әміршісі Шыңғыс хан жансызының ықпалында болды. Сол жансыздың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс еді десек те артық болмас.

Өзінің арандатушылық рөлін жақсы түсінген Жамұха аянған жоқ:

“Айналып шапқан енесін
Құлыннан аумас бұлар кім?
Ер біткен мынау халықты
Күтеді қандай құмар күн?”

дейді де, ол өз сауалына өзі жауап береді:

“Жауызға қарсы ұмтылған
Айтулы Манхуд-Урууд осы ма?
Хас батыр ауыр найзалы
Түспесе қолға жасыма.
Немесе, жауын ол батыр
Иықтан шабар қылышпен
Жолынан бәрін жапырып
Жылжиды алға ұрыспен”.

Жамұха қанына тартқан болулы. Оның ата жауы наймандарды тауға тықсырып жатқанда, Таян ханның жебеуімен билікке жеткен Жамұха найман қолбасшылары мен одақтастар көсемдерін арандатады. Бірінші болып сыр алдырған тағы да Таян хан.

“Ең дұрысы, – дейді ол, – мына қарғыс атқандардан аулақ болу екен!” Тау шыңында тұрған Жамұхадан: “Олардың артында кімдер бар? Ал анау аш қыранша сілекейін жұтып келе жатқан кім?” деп сұраса керек. Сонда Жамұха:

“Қуатты күштің артында
Келеді батыр Темірші.
Көк темір оның өн бойы
Шағылған күннің көзіне
Аш қыранша шүйліккен
Атақты менің андам ғой.

О, менің найман достарым! Қалпақпен ұрып алмақ болған монғолдарың осы ғой!” Таян хан айтыпты: “Қолдың соңында бес биенің сабасындай болып, ауыр қозғалып келе жатқан кім?” Оған Жамұханың берген жауабы мынау екен дейді:

“Селун ана бір ұлын
Тойдырған адам етімен.
Сол алып батыр күн сайын
Өгіз жеп қана жетілген.
Үш қабат сауыт киіп жүр
Үш өгіз эзер көтеріп.
Адамды тірі жұтуға
Кеткен ғой оның еті өліп.
Шіреніп тартқан жебесі
Он жанды кетер шабақтап.
Ез болса сыйға татымас
Қайтер ек оны мадақтап.

Жебесі жердің түбіне жеткен айтулы мерген Жошы-Хасар емес пе ол!” Таян хан тағы бір шыңға көтерілген екен дейді. Монғолдың самсаған қолына назар сала тұрып, тағы бір сұрақ қойыпты: “Қолдың соңында келе жатқан батыр кім?”

“Ээлун туған ұлдардын
Очегин деген кенжесі.
Қаншалық кенже десең де
Жігіттің нағыз құлжасы.
Бір жатса үш күн ұйықтайды
Монғолдың батыр бұл жасы”, –

деген екен Жамұха-шешен. Таян хан: “Енді шыңның ең ұшарына шығып байқалық” депті-мыс.

Эпикалық сарында болса да, Жамұха монғол феодалдарының бейнесін нанымды берген. Одақтастар әскерінің рухын әбден тұралатып алып, ант бұзар Жамұха жау жағына шығып кетеді. Оны көне дерек былайша баяндайды:

... наймандардан іргесін аулақ салған Жамұха Шыңғыс ханға мынадай хабар салады:

“Таян хан еңсесін сөзбен ездім,
Зәресі ұшқан ол шыңға шырқап кетті,
Қылышыңды сайла, менің андам!

Ешқандай ар-намыс олардың тұралаған жігерін жани алмайды. Наймандардан іргемді аулақ салуым да сондықтан!” деп табалайды оларды Жамұха. Көпті көрген сұңғыла Жамұха шайқас басталмай тұрып-ақ монғол күшінің қуаттылығын анық аңғара білген. Оның наймандардан іргесін бірден аулақтатпағандағы себебі – құпиясын білу ғана болатын. Ол бұл мұратына жетті де. Рашид-ад-динге жүгінсек, шайқас қарсаңында Жамұха нөкерлеріне: “Менің қандас бауырымның тәсілі мен әскерді құру әдісі мүлде жаңаша!” десе керек. Мұны көре тұра бастапқы ниетін өзгертпесе Жамұха Жамұха бола ма?! “Найман тайпасы, – деген екен ол одақтастарын сатып кететін ойын аңғартып, – өгіздің терісі мен сирағынан бөтен олжа бере алмайды. Оның өзінің бес тиындық құны жоқ”.

Күйреу

Шайқас барынша ауыр болды. Әрбір ұрыс барысында Таян ханның қырық рудан құралған әскерінен монғолдардың мерейі үстем шықты. Қас қарая Шыңғыс хан найман әскері бас сауғалаған Наху-Гун тауын қоршады. Шайқас тағдыры сол кезде-ақ шешіліп қалған. Абыржыған наймандар ұрыс даласын тастай қашып, тұтқынға беріліп жатты. Барлық жерден берекесіздік пен тәртіпсіздік атойлап тұрды. Монғол деректері Таян хан әскерлерінің әркім өз басын сауғалап, бірін-бірі кескілегенін, бірін-бірі қырып-жойғанын, адам сүйегінің қу бұтақша сынғанын жазады. Түрлі тайпадан шыққан сарбаздардың топ-топқа бөлісіп алып, кескілесуі ықтимал. Таңға жуық шайқастың тағдыры алдын ала мәлім болды. Әлі құрыған Таян хан қолға түсті. Аулағырақ тұрған Күшлік хан нөкерлердің шағын тобымен қашып құтылды” дегенді айта-

ды “Алтын топшы”. Рашид-ад-динге жүгінер болсақ, наймандар аянбай шайқасқан. “Таян хан ауыр жараланды, – деп жазады найман жауынгерлерін мадақтаудан аулақ парсы тарихшысы. – Оның алып денесінің жарадан сау-тамтығы жоқ еді. Хан таудың қиыр шатқалына жасырынды. Оның жанында Кәрі-Сүбеші мен бірнеше сенімді әмірлері ғана қалды. Таян хан шайқасқа қаншалықты ұмтылғанымен ауыр жарадан еңсесін жаза алмады. Әміршісіне адал Кәрі-Сүбеші әмірлер мен нөкерлерге бағыштап былай деді: “Сәл кідіріндер, ханға айтар бір ауыз датым бар. Тек сонда ғана әмірші еңсесін көтермек. Уа, Таян хан, – деді тағы да Кәрі-Сүбеші, – сенің әйелдерің, әсіресе нақсүйерің Гүрбесі ханым бойын түзеп сені күтіп отыр”. Кәрі-Сүбешінің бұл сөзі де далаға кетті. Ханның мүсәпір халін түсінген ол нөкерлерге: “Әміршіден әл кетті. Оның жаназасы да алыс емес. Бір ғана амал бар: жаумен шайқасқа түсіп, ханға адалдығымызды ажалымызбен дәлелдейік!” – деген екен дейді. Сөйтіп, олар етекке түсіп, соңғы тұяғы қалғанша жаумен шайқасты. Шыңғыс хан оларды тірідей қолға түсірмек болған. Монғол әміршісі осыншалық адалдық пен табандылыққа айран-асыр болып таң қалды. “Осындай нөкері бар ханның арманы не?” деген сөз Шыңғыс хан аузынан дәл сол кезде шықса керек-ті. Таян хан әскері осылайша жеңіліс тапты. Монғолдарға қашқан жауды тырқыратып қуу ғана қалған. Қашқандар үрейді серік ете отырып, таудың адам аяғы баспаған шатқалдарында жан сақтамаққа шешкен. Тастай қараңғы түнде найман әскерінің қалғаны құздан құлап мерт болып жатты. Бұл оқиғаның монғол тайпалары үшін маңызы үлкен. Сол күннен бастап дүрбан, татар, қатақан, сельджуит ұлыстары түп-тұяғымен Шыңғыс хан туының астына жиылып, тәуелді болды. Тек меркіт руы ғана дербестік сақтап қалуға ниетті еді. Бұл ниет Таян ханның ұлы Күшлік сияқты олардың да қашып-пысып күн көруіне себеп-тұғын. Күшлік Бұйрық ханға барып пана тапты. Рашид-ад-дин “ұлы оқиға” деп бағалаған бұл шайқас та аяқталды-ау. Бұқтырма тұсынан Ертісті кешіп өткен Күшлік хан мен Тоқтай хан Жетісуға, Шу өзені маңындағы Баласағұнға бет түзеді.

Монғолдар найман әскерін талқандап, Күшліктің соңына түсті. Алайда ұстай алмады. Шыңғыс хан Алтайдың қалтарыс, қолатын сүзіп жүзіп жүріп, наймандарды өзіне тәуелді етті. Тағдырдың оған Гүрбесі-қатынды тап қылатыны да осы тұс. Сөйтіп, аякөз ару монғол ханының тұтқыны болды. Онымен бірге дәл сол Тышқан жылы (1204 ж.) найман ұлысы да дербестігін жойды.

Бұл дегеніңіз, далалық тайпалардың монғол ордасына көрсеткен соңғы тұяқ серпер қарсылығы-тын. Қалай дегенмен де, Шыңғыс хан өз мұратына толық жеткен жоқ еді. Әзірге ол бар болғаны өз бақталастары арасындағы ең қуатты хан ғана. Сол кезеңнен бастап Орталық Азиядағы ортағасырлық бытыраңқылық тарихи дағдарыс болудан қалды. Сонау келмеске кеткен Инаныш-Білге заманында, алты басты аждаһаның жұмыртқадан жаңа шыққан қауқарсыз шағында наймандар антимонғолдық одақтың сапынан табылса, бұл қырғынның болуы екіталай еді-ау. Аждаһа аты аждаһа ғой. Кеудесіне нан піскен менмендіктің, ішкі дағдарыс пен өзара жауласудың, қолбасылардың дарынсыздығының, армиядағы тәртіпсіздіктің төлеуін зар илеп төлеп жатқан тек наймандар ғана емес-тұғын. Бұл дегенің – анау-мынау емес, әлемдік деңгейдегі күйініш еді. Монғол әскері жүріп өткен жерінің бәрінде де осы бір бармақ шайнатқан өкініш алдан кес-кестей берді.

Алайда, Орталық Азияның мәдениет тарихы үшін бұл оқиғаның аса биік салдары болды. Найман жұртының туы құлап, қорғаушылары тұтқынға түсіп жатқан шақта, Таян ханның бір адамы майданды тастап тұра қашады. Хасар оны тірі ұстап әкел деген соң, Бат қуып жетіп, тірідей ұстап әкелді. Байқаса, қойнында мөр (таңба) бар екен. “Сен мынаны қойныңа тығып алып қайда бармақсың?” дейді. Сонда ол: “Мен шыбын жаным шыққанша бұйрықты орындауға тиіспін. Мына мөрді бұрынғы иесіне табыс етейін деп едім. Бақытсыздықтан ұсталдым”, – дегенде, Хасар: “Өзің қай русың? Қандай мансабың бар еді?” деп сұрайды. Сонда ол: “Менің ата тегім ұйғар (ұйғыр) еді. Есімім – Тататунга. Менің қожайыным бұл мөрді өткеріп, азық-түлік жи-


нау және оны жұмсау ісін маған міндеттеген-ді” дейді. Хасар тағы да: “Бұл мөрдi неменеге керектенушi едi?” деп сұрағанда, ол: “Абзал адамды сайлап, жарлық, әмiр шығару тәрiздi әр түрлi iске керектенедi” – дейдi. Оның жауабына разы болған Хасар: “Нақ адал адам екен” деп, Темучинге таныстырып, нендей хатқағаз жүргiзгенде қолдану үшiн әлгi мөрдi қайтадан Тататунғаға бередi. Хасар Тататунғаны мұғалiм тұтып, хат-қалам, заң-режим, әскери саясат қатарлы сабақ үйреткiзiп, көп кешiкпей бiлiп алады”¹. Осылайша, монғолдарға жазу-сызу наймандар арқылы тарайды. Демек, найман ұлысы мәдени жағынан монғолдарға қарағанда биiк сатыда болғандығын айта кеткен жөн.

Наймандар Жетiсуда. Күшлiк хан

Рашид-ад-дин шежiресi бойынша, әкесi айуандықпен өлтiрiлгеннен кейiн Күшлiк хан Шыңғыс ханға күрестi әрi қарай жалғастыру мақсатымен өзiнiң аз ғана әскерiмен ағасы Бұйрық ханнан көмек сұрай барды. Бiрақ ол мұнда меркiт ханы Тоқтай бектiң аз ғана күшiне қосылып, Алтайдың тау бөктерлерiн торлаған монғол әскерiмен қақтығысқа қатты дайындалды. Найман тағының мұрагерiн қолға түсiру монғол әскербасылары үшiн де бiрiншi кезектегi стратегиялық мiндет болды және ол мiндеттi орындау наймандарды жеңгеннен кейiн қол жеткен табыстарын саяси түрде баянды ететiн шара ретiнде Бiрiншi құрылтайдың күн тәртiбiне қойылған болатын. “Монғолдың құпия шежiресi” бойынша Құрылтайдың бiрiншi мәселесi – Темiршiнiң Шыңғыс хан аталуы, екiншiсi – Мухали ноянның Гован аталуы едi. Қалған мәселелер – мемлекеттiк мекемелердiң ұйымдасуына қатысты болған.

Шыңғыс хан 1205 жылдың қысын Алтайдың наймандардан босаған оңтүстiк бөктерiнде аттары да қазiргi топонимикаға сай келетiн Сарытау мен Жылытауда өткiзудi жөн көрдi. Қазiр

¹ Монғолдың құпия шежiресi. Өлгий, 1979. & 196.



ХІІІ ғасырдағы көш



Моңғол әсатуынесі (көне қытай суреті)



“Дүниені әсарлап алушы” атанған Шыңцзәсхан.

ХІІІ ғасырдағы қытай суреті

бұл жерде Шығыс Қазақстан облысы Абай атындағы совхозы мал шаруашылығының қыстауы орналасқан. Қыс бойы әскерін қайта жарақтап, толықтыра түседі. Бұл мекенді таңдап алуының екінші бір себебі: найманнан алған жердің батыс шекарасын Күшлік пен Тоқтайдың шабуылынан қорғау болды.

Көктемге қарай Шыңғыс хан Ертістің оң жағалауы мен Бұқтырма өзенінің бастау алар жеріндегі қауіпсіздігін барлауға шығып, ұрысқа дайындалып жатқан наймандар мен меркіттердің біріккен қолына тап болды. Рашид-ад-диннің шежірелер жинағында Шыңғыс хан бұған дейін аң аулап жүріп Бұйрық ханды қолға түсіріп өлтіргені айтылады. Арада өткен осы шайқаста Тоқтай қолға түсіп, Күшлік хан аман қалады. Бірақ Ертістен өткенде көп адамдары суға кетіп еді. Меркіттер Ертістен өтіп, қыпшақтар мен қаңлылар жеріне ауады да, Күшлік өз адамдарымен Шу өзеніне орналасқан қара қытайлардың астанасынан бір-ақ шығады. Джувейнидің мәліметтері бойынша, Күшліктің қара қытай ордасына келуі бірде ерікті түрде, енді бірде ол қара қытайларға тұтқын боп түсіп, мәжбүрліктен болған деп жазады. Бірақ, қалай болғанда да Күшлік қара қытайдың Гөр ханының сүйікті қызының ықтиятымен шешілген тәрізді. Күшліктің хан ордасына кірер алдындағы көңіл-күйін, хал-ахуалын кеңінен суреттейтін Рашид-ад-диннің жылнамасындағы кейбір дәлелдерден гөрі Джувейнидің мәліметтері шындыққа тіпті жақын келеді: “Күшлік Гөр хан ордасына келген кезде, ол өзінің жақындарының бірінің атын атап, өзі Гөр ханға кіріп кеткен адамның атбегісіне ұқсай қалып, босағада отыра қалатын. Гөрбасу (Гөр ханның әйелі) киіз үйден шығып, Күшлікті (таныды ма? – С. А.) көріп: “Сен оны ішке неге кіргізбедің?” – деді. Оны үйге кіргізіп еді, әміршілер ренжіп қалды. Гөрбасу әмір ханның үлкен әйелінің Күңке деген қызы бар еді, сол сәтте ол Күшлікке ғашық боп қалды. Үш күннен соң осы қызды Күшлікке берді”.

Гөр ханның қызына үйленуі Күшлікті қара қытай ордасының абыройлы тұлғасына айналдырды. Ол хан ордасын төңіректеген барлық елшілердің, Түркістан мен Мәуереннахрға танымал адамы болды. Орта Азия бекзадалары Күшлікті Шыңғыс ханның

соққысына қарсы тұра алатын жан деп танып, оны аталарының ыдыраған ұлысын бір ортаға топтастыра алатын әскери одақ құрады деп үлкен үміт күтті. Тарихи мәліметтерде оның жасы анық айтылмаған, ал ан-Насавидің жазбаша берген мінездемесіне қарап, оның әлі де балғын жас екенін білеміз. Күшлік ханның қара қытай ордасында төбе көрсетуі алып мемлекеттің гүлденуі мен даңқы аспанға шарықтаған кезеңіне дәл келеді. Қартайған және ауру Гөр хан жас түлектей айбат шеккен күйеу баласының бойынан ірі мемлекет қайраткері боларлық тұлға ғана емес, өз әулетінің даңқын жалғастыратын ұлы қолбасшы шығатынын байқады. Ұзаққа созылған Қарахан үстемдігінен құтылып, Мәуереннахр мен Ляо империясының батыс шекарасын әбігер қыла бастаған Мұхаммед Хорезмшахтың күшеюі Күшліктің беліне салмақ болып түсті. Қара қытай мемлекеті Хорезм мен Шыңғыс ханның қыспағында қалып қана қойған жоқ, жерден, тудан айырылу қаупі туды.

Шыңғыс хан талқандаған найман әскері, оған қоса халықтың біраз бөлігі қара қытайға қоныс аударып, сол жерден баспана тапты. Шыңғыс ханның езгісіне түскен халықтардың ішіндегі тек наймандардың ғана Жетісуға кетуінің өз сыры бар. Қара қытайлар мен найман мемлекеті арасындағы достық қатынас ертеден бар-ды. Өз кезінде керей Оң ханы қара қытайдың Гөр ханынан қолдау таппағанын айтпай кетуге болмайды. Бұл одақ наймандар мен қара қытайлардың шекарадағы жауларына қарсы құрылғанын аңғартады.

Ұлы ханның сеніміне кіріп алған Күшлік қара қытайдың саяси жұмыстарын өз атынан жүргізді. Ұлы хан мен Күшліктің мүдделері бір-біріне сәйкес келмей, алшақтап жатты. Күшлік пен Мұхаммед арасындағы “Ұлы ханды тақтан бірінші кім құлатса, Шығыс Түркістан, Құлжа өлкесі мен Жетісу өңірі соған тиеді” деген сыбыр сөзді жеткізген Джувейни деп білеміз. Алайда, В. Бартольд бұл келісімшарттың шындығына күмәнданады. Ан-Насавидің дерегіне сенсек, Күшлік Арслан ханның ұлы Мемдіхан Күшлікті орда билігін қалай да қолға түсіруге үгіттеп көндіреді: “Егер сен оның (Ұлы ханның. – С. А.) тілін тауып

патша тағына отырғызсаң, Ұлы хан мен оның империясының тағдыры сенің қолыңда болады. Сонда түркі тайпаларының ешқайсысы да саған қарсы шыға алмайды”. Күшліктің таққа отырғанына Мешіханның құштарлығының себебі белгісіз, бірақ ол Жетісу мен Шығыс Түркістан мұсылмандарының наразылық әрекеттері сол сәтте тыйылатынын аңғарған.

Басқа да әр түрлі жауларының үмітін Күшлік қара қытайларша өз қолынан жібергісі келмеді. Күшліктің кез келген жақтың құралына айналып кететініне досы да, жауы да сенді. Мұндай қиын кезеңде Күшліктің басты мақсаты ебін тауып, жауының тізесін бүктіру болды. Күшлік үшін найман Мұхаммед өз діндестеріне жәрдем беруді ойламады. Ол Мәуереннахрдағы жұмысымен әуре боп жатқан-ды. Бұл екпіні қатты оқиғалар Күшлікке ерік берді. Ол ең алдымен билікті ойлады. Осы мақсатпен ол қара қытай әскерінің қолдауына сүйеніп, Ұлы ханның өзіне шабуыл жасады. Ан-Насавидің мәліметіне сүйенсек, Күшлік Қаялықтан лап қойып, Қашқардағы Ұлы ханды қуып жетіп, тұтқынға алды. Бірақ Күшліктен жауынгерлердің қолына түскен Ұлы ханның мол қазынасы жауынгерлер арасында алауыздық пен тәртіпсіздік туғызады. Осы арада асыл тастар мен алтын-күмістің маңызы қандай болғаны белгісіз, ал деректер қара қытай жауынгерлерінің көңілі Күшлік жағында болғанын айтады. Рашид-ад-диннің мәліметі бойынша, Ұлы ханның Күшлікке бас ұрып, тізе бүккеннен басқа амалы қалмапты. Күшлікке тақ емес, өзінің басты мақсатын жүзеге асыратын саяси билік керек еді. Күшлік Ұлы ханды құрметтеп жүре берді. Екі жылдан кейін, яғни 1213 жылы Ұлы хан өліп, билік толықтай Күшліктің қолына тиді.

Мұхаммед Ұлы ханның тұтқынға түсіп, оның ғасырлар бойы әлемнің әр түкпірінен жиналған асыл тастары Күшліктің қолына түскенін білген кезде, оған ызғарлы хат жолдады. Ан-Насави бұл хаттың мазмұнын былайша береді: “Мен хандардың ханын (Ұлы ханды айтып отыр. – С. А.) талан-таражға салғаннан кейін ол менің торымнан құтылды. Оның үстемдігі мен тәкаппарлығы неге сені қызықтырмады? Мен енді оны да, оның көмекшілері

мен сыбайластарын да қуып жібердім. Ол (Ұлы хан. – С. А.) маған қызы Тухаджхатунды бүкіл қазынасымен бірге беріп, келісімге келуді аңсады. Сондай болса, мен оны ел ішінде қалдырамын, қытайлардың зәбірлеуінен арашалаймын. Әлде ол жеңіліп, қолға түскен тұтқын бола беруі керек пе еді? Егер сен өзің мен өз адамдарына амандық тілесен, сенің оны қызымен, қазынасымен, мал мүлкімен маған қарай жіберуіңе тура келеді. Олай болмаған жағдайда, найзаның ұшында кетесің”. Хорезмшах Ұлы ханның қазынасына ғана емес, оның жеріне де қызығып, жүзеге асуы екіталай дипломатиялық ойын бастайды. Күшлік Мұхаммедтің бүкіл талап-тілегін орындаудан бас тартты. Бірақ Хорезмшахтың өз елшілерін бірінен соң бірін жіберуімен олардың сөз ыңғайы кешірілмейтін шұғыл бетбұрыс жасауға дейін жеткізді. Тарихшы ан-Насави олардың әмірлерінің бірі Қара Қасым ан-Насавиді тұтқынға алғанын айтады. Дипломатиялық қыспақтың бос әурешілік екеніне көзі жеткен Мұхаммед енді Күшлікті күшпен көндіру керек деп тапты да, “Күшлікті шауып, көзін жойып, оның қолындағы хандардың ханын (Ұлы хан. – С. А.) тартып алу үшін, 60 000 салт атты әскерін жабдықтады. Ибн-ал-Асирдің айтуынша, Мұхаммед Күшлікке қарсы күресті партизандық әдіспен жүргізу үшін шағын ғана топ жібереді. Хорезм шахтың бұл жауынгерлері негізінде бейбіт жатқан елдерді, Күшлік ханның қарамағындағы кіре тартқан керуендері мен малдарын талан-таражға салды. Күшлік Мұхаммедті осы үшін ұялтып тастады: “Патшалар бұлай істемейді. Қарақшылар ғана осылай етеді. Егер сен сұлтан болсаң, біздің жолыққанымыз жөн: “не сен мені құлатып, менің қол астымдағы елді билейсің, болмаса мұны мен істеймін”. Бұл өзін-өзі ресми түрде “Құдайдың жердегі көлеңкесімін”, “Екінші Ескендірмін” немесе “Санжар сұлтанмын” деп дәріптеген Мұхаммедтің атына айтылған орынды кінә еді. Бірақ Мұхаммед Күшліктің ұсынысына Ибн-ал-Асирдің сөзімен айтқанда, жауапты дөрекі қайтарды.

Күшліктің мойымас қайраты наймандардың азаттық үшін күресіне найман ұлысынан тыс өлкелерде ғана жол ашты. Жетісудан Қашқарға дейін созылып жатқан кең байтақ өңірден

Хорезмге тырнақтай да жер бермеді, сөйтіп, найман-қара қытай одағының дара билеушісі болған Күшлік өз мақсатына жетті. Күшлік хан қара қытайды қайтадан бағындырды. Бұл, әрине, Күшлік ханнан да мықты тірек іздеген жергілікті басшылардың зығырданын қайнатпай қоймады.

1209 жылы Шыңғыс Түркістанның солтүстік-шығысын басқаратын Баршық Шыңғыс хан үкіметін мойындап, қара қытайлардың қолдаушысы Шауқам мұсылмандар көтерілісінде өлтірілген болатын.

1211 жылы осы Жетісу өңірінде Құбылай ноянның әскері тұрды. Онда қарлық Арслан хан (Бартольдтің болжауынша, Арслан ханның ұлы, Мемді ханның ағасы) қара қытайлардың өкілін өлтіріп, өздерінің Шыңғыс ханға тізе бүгетінін мойындады. Өзін-өзі Алмалықтың басшысы санаған Тоғұрыл хан шенді Базар (Джувейни Озар дейді) да Шыңғыс ханға бағынатынын айтты. Джувейнидің мәліметінше, Шыңғыс Түркістанды тыныштандыру жорығында жүрген Күшліктің қолынан бірінші болып осы Бұзар өлді. Күшлік көп жылдар бойы жүргізген күресінің нәтижесінде Қашқар мен Қотанды өзіне қаратып алды. Хорезм мемлекеті Күшлікке үмітпен қарады. Жаңа қауіп-қатердің бағыт-бағдарын жіті сезініп, Күшліктен сескенген Мұхаммед біраз кері шаралар жасады. Күшліктен сескенген ол Сырдарияның оң жағасындағы иеліктерден бас тартып еді: Шаш, Ферғана, Исфиджаб, Қасал және т. б. қалалардың мұсылмандарын қоныс аударды. Өзі 1214 жылға дейін оңтүстікте шалғайдағы Самарқан қаласында болды.

Күшлік мұсылманшылыққа ислам дінінің мінәжатына қарсы қуғын жүргізді. Қара қытай мемлекетінің шебінде исламға ғибадат етуге, мұсылман киімін киіп жүруге тыйым салынды. Мұсылмандарға наймандардың христиан дінін немесе будда дінінің бірін қабылдауын ұсынды, Күшлік сарбаздарын мұсылмандардың үйлеріне орналастырып, халықтың рухани өмірін қатаң бақылауға алуға құқық берді. Бұйрығын бұзғандарға шектен тыс жаза қолданды. Мәселен, мұсылмандардың басқа

дінге кіруіне қарсы болып, уағыз айтқаны үшін шейх Ала-ад-дин Мұхаммедті медресенің есігіне шегелеп тастады.

Бірақ Күшліктің исламға қарсы әрекеттері жазасыз қалған жоқ. Мұхаммед Хорезмшах Күшлікке қарсы бағытталған күресін Шыңғыс ханмен астыртын байланыс арқылы іске асыра түсті. 1218 жылы Шыңғыс хан Күшлікке қарсы Жебе басқарған 20 000 қосын жіберіп, найман бекзадасынан қорлық көрген мұсылмандарды азат етіп, үйді-үйге орналасқан Күшлік жауынгерлерін өлтірді.

Күшлік аз ғана сарбазымен қашып құтылады. Бірақ Жебе оның артынан қуып жетіп, Таулы Бадахшанда Сарыкөл жағасында ұстап алып өлтіреді. Наймандардың туы осылайша мүлде жығылып, Шыңғыс хан құдіреті алдында бас иді.

Монғолдар аса қуатты жауын жеңіп қана қойған жоқ – бұл шайқаста Шыңғыс ханның Шыңғыс хан болып қалыптасуы сынақтан өткен. Оның туған інісі Очигиннің “наймандарды жеңген даңқымыз далалық ауқымнан шығып, жалпақ әлемге жайылды” деуінде үлкен ақиқат жатқан сияқты. Аталмыш оқиғаның жаңғырығы жартығасыр өтіп, Европалық жиһангерлер Батысқа айтып барған кезеңде де маңызын жоя қоймаған. Сол жиһангерлердің жазбаларында жеңілген жаққа деген аяушылық қана емес – шайқас қарсаңындағы найман ордасында өткен жағдаяттар да көрініс табады. Атап айтқанда, Плано Карпини былай деп жазған: “Шыңғыс ханның бел ала бастағанын естіген наймандардың қызғанышында шек болмады. Өйткені жоғарыда аталған барша жұрттан салық алып тұратын найман императорының айбары да ешкімнен кем болмайтын. Ол (сөзсіз Инаныш-Білгені айтады. – С. А.) пәниден көшкенде (өлгенде. – С. А.) ұлдары жас еді, жастығына орай ақылсыз еді. Сондықтан жұртына ие бола алмады, өзара ит пен мысықтай араз болды... Мұны жақсы білген Шыңғыс хан қалың қол жинады. Қара қытайлар сияқты наймандар да күш жинап, өзіміз олардың императорына жол шегіп келе жатып, өткен аңғарда бас қосты. Сол жерде наймандар мен қара қытайлар монғолдардан жеңіліс тапты. Олардың көбі өлтірілді, өлмегені құлдыққа түсті”. Най-

мандар сапында қара қытайлар болды ма екен? Бұл жағы енді дүдәмал. Күшлік ханның Баласағұнда көрген құрметін еске алсақ, күмәніміз орынсыз сияқты. Найман Күшлікке қара қытай гөрханы өз қызын берді. Демек, найманның қашқын ханзадасы қара қытай тағының мұрагері болған.

Тышқан жылғы қырғыннан кейін де талай ғасыр тарих тұңғиығына шым батып жоғалды. Адамзаттың асыл текті ақыл-есі бағзы заманда өткен осы оқиғаны ұмытпақ емес. Оның адам баласына берер сабағы үлкен. Қашан да зұлмат апатты ұясында жоймақ керек. Бүгін, әлдеқашан тарих сахнасынан өтіп кеткен айтулы оқиға жайлы мардымсыз деректерді оқи отырып, адамзат ажалын өз өмірлерін құрбандыққа шала тоқтатпақ болған бабалар әрекетін құптамасақ лажың қалмайды.

Сол күндерден бастап наймандар туралы жылнамалар да жақ ашпайды. Лютни-хура (домбыра болуы әбден ықтимал. – С. А.) аспабымен найманның ер жүрек қолы жайлы жырлаған, халықты бірлікке шақырған сарай ақыны Құба-тегін жырау да көз жұмды. Алтай мен Қара Ертісті қоныстанған қыруар жұрт жаңа империяға бағынып, Шыңғыс хан әскерін толықтырды. Халықтың бір бөлігі ата жұртын тастап, Жетісуға, Тянь-Шаньға, Орталық Азияға, Еділ бойына қоныс аударды. Бұл тайпалар тарихтың қалауымен Алтын Орда ыдырағаннан кейін, қазіргі елімізді мекендеп отырған халықтардың негізін құрады немесе құрамына енді. Бүгінгі Шығыс Қазақстанның Катонқарағай, Күршім, Марқакөл аудандарының және Монғол Халық Республикасының Баян-Өлгий аймағының жаздық жайылымдарын адам қанына бояған, осыдан сегіз ғасыр бұрын өткен қайғылы оқиғаның қысқаша тарихы, міне, осындай.

Найманның рулық шежіресі

Қазақ шежіресі басынан өткізген тарихи уақиғалардың бірде бірін есіне сақтамаған. Шыңғыс ханнан XIII ғасырда жеңілгеннен кейін найман жұрты Орталық Азияның әр өлкесін

паналап күн кешеді. Мемлекеттік дербестігінен айрылған халық біреуден жеңіледі, біреуді жеңеді, басқаларға қызмет етеді, әйтеуір жан сақтайды, тарихи процестен тыс та қалмайды, монғол әскерлерімен біріге отырып, Европа мен Азияның басқа өңірлерін жаулауға атсалысады. Біраз бөлігі сол жаулап алған жерлерге сіңіп кетеді, бірақ өзінің “найман” деген көне атауын, этникалық бірлігін, рулық тұтастығын еш жоғалтпайды. Тіршілік заңына көніп, аман қалады, бүгінгі күнге жетеді. Кезінде Шыңғыс ханнан жеңілгендігін ұзына ғасырлар бойы наймандардың әлеуметтік-этникалық рулық санасы іште сақтады. Жауға деген зығыр мен жұдырық түйюлі тұрды. XVII–XVIII ғасырларда найман батырлары Қара Керей Қабанбай мен Көкжарлы Көкжал Барақтардың суырылып алға шыққаны сондықтан ба деп ойлайды жаралы жүрек. Монғолдың “Алтын топшысында” кездесетін найман ардагерлерінің атаулары Жетітулық, Көксау Сабырақ пен қазақ наймандары шежіресіндегі Қытай, Қара Керей, Қарауыл-Жасақ секілді есімдердің семантикалық бірлігі осындай ойға қалдырады. Олар туралы жоғарыда айтылды.

Тарихшылар найманның жалпы саны туралы әр түрлі пікірлер айтады. Мысалы, белгілі ғалым Мұхамеджан Тынышбаев XIX ғасырдың аяқ кезіне орай мөлшермен 830 000 деп топшылаған еді.

Шығысқазақстандық Сейілхан Нұрғазыұлы мен Бошай Кітапбайұлының Тоқтамыс ханнан бері қолдан қолға таралып келе жатқан ауызекі шежіресі бойынша найман тайпасы “бір тұқымнан” – Найман шалдан тарайды. Тайпалық мифология 96-ға келген ақсақалға дулат елінен шыққан Ақсұлу кербездің сіңлісіне (кейін барлық найман алдында бас иіп “Есті ене” атаған) үйлендіріп, сонан Тоқпан деген болашақ күйеуін – Белгібайды табады-мыс. Мұнан біз көне хұндар мен түріктердің ортақ этногенетикалық мифологиясының ұшқынын байқаймыз. Осы Белгібай “Тоғыз таңбалы найманның” атасы саналады. Бұндай этникалық мифологияның астарында не жатыр, белгісіз. Әр айтушы шежірені өз білгенінше, қалауына, талғамына, естігеніне

орай таратады. Бірақ негізгі сұлбасы ортақ. Желісі гомогенді, “бір ұрықтан” болып шығады. Шежіреде субъективтік пікір басым тұрады. Кез келген шежіре осынысымен қымбат, осынысымен “тәтті”.

Ауызекі шежіреге сын айту қиын, әрине. Шежіре бұл жағынан халық шығармашылығының, жалпы фольклордың бір жанры десе де болғандай. Әрине, оның өз ерекшеліктері бар. Шежіре “тұқымдық”, аталық идеологияны қатаң сақтайды және осы негізде түзіледі. Оның атқаратын ең басты әлеуметтік қызметі де – осы. Болмыста кездесе беретін кездейсоқтық шежіреде болмайды, өйткені шежіре арнайы жасалған тарихи-идеологиялық құрал, “аталық тізім”, ол кейбір тарихи уақиғалардың өзін ескере бермейді, оларды “түзетіп” отырады. Тірі адамды “үлкен” қылып тұлғаландырып жатады. Бұл – шежіренің тағлымдық, педагогикалық, тәрбиелік мәні. Найман шежіресі де осындай. Атаны қадірлейді, оған “тіл тигізбейді”, аруақты пір тұтады, жалпы қазақы санамен тұтасып жатады. Біз де аруақтар алдында бас иеміз.

Сондықтан шежірелік сананың қазақ әлеуметінде алатын орны биік тұрады, сонан кейін барып тарихи деректі уақиғалар орын алады. Аруақтарға деген ілтифат, құрмет қазақ шежіресінің басты сипаты. Бұл найман шежіресі ғана емес, жалпы қазақ шежіресіне ортақ қасиет.

Қазақ шежіресі – аталар тізімі дедік. Қытайдың иероглифтік отбасылық генеалогиялық тізбесінен қазақ шежіресінің бір кемшілігі мұнда атаның өмірі туралы ешбір қосымша дерек, әлде хронологиялық мәлімет көрсетілмейді. Қазақ шежіресі аталық жүйенің қырағы сақшысы, туыстық қатынастарды “ата жолымен” реттейді, некелік қатынастарды “тәртіпке” келтіреді. Әйелдерді көптеген қосалқы, “керек емес” қызметтен босатады, тек ұрпақ жалғастыру функциясымен айналысуға мүмкіндік тудырады. Шежіренің сайып келгендегі мақсаты – ұлт генефонының шалыс некелік қатынастардан туатын ұрпақ әлсіздігінен, эндогамиялық некеден сақтандыру болып та-

былады. Бұл тек қазақ халқына тән қасиет, қазақтың басқа нәсілдерден артықшылығы да, кемшілігі де осы болар.

Кітапта Жарылғап Бейсенбайұлы түзген “Найман шежіресінен” үзінді ұсынып отырмыз.

Біз, қазақ, қайдан шықтық?

Назар аудармаймыз ба, әлде құлақ еті үйреніп кеткендіктен бе, қайдам, білмедім, ұзына ғасырлар аясында бізді бөгде жұрттар әр түрлі атаған екен. Қарасак: қыпшақ та, қайсақ та атаныппыз. Кейбір сұғанақ ауыз өз атымызды өзімізге кимай, “қырғыз” дегенде де жалт қараппыз-ау! “Жартылай” көшпелісі де, “толық” көшпелісі де, кейінгі тұста “коммунизм орнатушы” да, “екінші тың игеруші” де біз екенбіз. “Шопаным”, “кенже інім” дегенге мәз болып, қожайынның қойнына кіріп, қолтығын иіскеген де екенбіз. Құлағын кескен құлдай, не деп атаса да көне беріппіз. Бұл бұрын білінбейтін, енді тәуелсіздік ұраны құлағымызға шалына жастарымыз тарихтың сарғыш тартқан парақтарына ден қойды. Бұған да тәуба! Ел болатын ердің бірінші сипаты осындай болмақ. Ең әуелі еліміз бен жеріміздің шынайы тарихын оқып-біліп, кемсіту, сол арқылы ұлтты төмендету нышанына жол бермеу парыз-ақ.

Әр түрлі халықтардың аты мұқабасына түскен әйдік кітаптар бар. Мәселен, ондай тарихи-этнографиялық жинақтар “Француздар”, “Ағылшындар”, “Араптар”, “Орыстар” деп атала береді. “Қырғыздар”, “Тәжіктер”, “Өзбектер” деген жинақтардың шыққанына 20–30 жыл болды. Сол кітаптардан аты аталған ұлттардың тарихы, мәдениеті, адами тегі, мемлекеті, тілі мен діні, әлеуметтік-саяси жай-күйі туралы кез келген оқырман толық энциклопедиялық мәлімет ала алады. Жетпісінші жылдардың аяғында сондай кітапты Қазақстан ғалымдары да шығармақ болған еді. Алайда, Ұлттық Ғылым Академиясының Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты партия бюросының “қырағылығының” салдары-

нан дайын кітап шықпай қалды. Бұл жолы әсіре коммунистер қазаққа керек игілікке көлденең тұра қалатын мінезіне салып бақты. Іші толған қазақтың сау денесіне жаңадан жабысқан “советтік социалистік ұлттық тағдырын” дәріптеуге арналуына қарамай, кітап құрдымға кетті. Қолжазбаның сыртындағы “Қазақтар” деген бір ауыз сөз ақбас академиктерді үркітіп, зәре-құтын қашырады. Осындай қырағылыққа қарамай, 1986 жылдың желтоқсанының ызғарлы бұрқасыны маңдайымызды қарып өтті. Желтоқсан уақиғасы әлемдік деңгейдегі құбылыс. Оның тарам-тарам тамыры үш жүз жылдық отаршылдық індет пен сол індетке қарсы күресу тәжірибесінен қуат алады. Уақиғаның дүниеге келуі қазақтар туралы жинақтың шыққан, шықпағанына қарамайды, әрине. Ол қазақ тағдырына деген кеуіл таршылығынан, “қорқа, қорқа батыр болудан” туған оқиға, қазақ жастарын желтоқсан тумай жатып, желтоқсанмен қорқытатын саясаттың жемісі. Келмеске кетті деп, мәз болып жүрген большевиктік дәуірде қазақтың өзін-өзі тануы тұрғай, қазақ атанудан шошығандар да болды.

Түбінде Желтоқсан дүбірін сезсе де қызыл комиссарлар халықты желтоқсан болардай етіп ұстағанына тіл тағдыры да, дін тағдыры да айқын. Өйткені қожайын әрдайым құл-құтанның мешеу болғанын, шыққан тегін, меншікті парасатын, тілі мен дінін білмегенін, мақау болғанын қалайды. “Өзінің құл екенін танып білген құл – құл емес” деген ат жетегінде тұрады. Сондықтан да “таным – зор күш” дейді екен жаңа, капиталистік қоғамның жаршысы аталған ағылшын ойшылы Ф. Бэконс.

Көп жылдар жүргізілген осындай арнайы саясаттың салдарынан өзімізді өзіміз танудан қалдық. Сағынып көрісетін дархан қазақ баласының арасына жік түсті, кінәратшыл, кекшіл мінез бітті, кісілігімізді емес, кигенімізді, мінгенімізді, ішкен-жегенімізді мақтан тұттық. Арада достасудан гөрі араздық оты даяр. Бұрын ата тергеп, туыстық дәнекер іздесек, қазірде жөн сұраса келе ажырасып қалатын болдық, ата жарыстыру дегенді шығарып, он миллион қазақты “үш жүзге” дейін кеміттік. Бірде “бір қабатты үйде тұратындар” мен “көп қабатты үйде тұратын

қазақтардың” ұйымдасып, бір-біріне шоқпар ала жүгіргенін естіп, тосырқағаным бар, енді бірде темір жолдың “ар жағы” мен “бер жағы” болып жұлқыласқанына тап болғаным рас. Мұны басқа біреу айтса сенбес едім. Сұрастыра келсем, темір жолдың екі жағы да бір атаның балалары екен. Біріктіруші періштеден гөрі ажыратқыш шайтанның күшті болғанына таңым бар. Шайтаннан періште озады дейтін еді, кері болғаны қалай? Бұл да біздің енбегіміздің еш, тұзымыздың сор болғандығының белгісі.

Расында осы біз, қазақ, кімбіз? Қайдан шықтық, рухани тегіміз қайдан? Қайда бара жатырмыз? Өзіміздің өзімізге деген көзқарасымыз қандай дәрежеде? Ала-кұла болып божырап бара жатқанымызға не себеп? Қандай едік? Бұл кітабымыз осы сұрақтарға толық жауап бере алмағанмен, ел назарына салдық.

Қазақ – Еуразия далаларының әр тілдес нәсілі де әр текті тарихи-этникалық қауымдастықтарын өз бойына сіңірген көне халық. Антропологиялық тегі жағынан халқымыз жергілікті мұңғылдық нәсілмен қатар шығыс Европалық және үнді-иран элементтерінен тұратын оңтүстік-сібір бұтағының негізгі тобына жатады. Қазақтың дене бітімінің мықты, сүйегінің берік, ғұмыры ұзақ та төзімді келетіні – оның осы көпқұрамдылық тегінен. Кеңес генералдары Тайсойған мен Семейден полигон ашқанда қазақтың тіршілік сипатын, ортаазиялық табиғи төзімділігін біліп барып істегендей болып көрінеді маған. Есептерінен жаңылмаған екен. Үш жүз жылдық орыс тепкісінен аман қалғанымыз да осыдан болар. Мың жылдық монғол езгісінің сабақтары қазақты азаттыққа мәңгі үйретті. Азаттық үшін күрес осынысымен қымбат. “Азған қазды топтанған қарға алады” деген мақал бар. Бірлік болса, тірлік болады. Онда қырда қалмақ, ойда орыс төрден орын береді.

Ұлтымыздың тамыр тегі тереңнен тартса, мәдениеті мен рухы онан да тұңғыықтан, бес мың жылдық атты көшпелі өркениетінен қуат алады. Оған найман тайпаларының XI–XIII ғғ. тарихы айғақ.

Демек, халқымыздың бітім болмысы мыңдаған жылдар аясында екшелеген күрделі игіліктер негізінде өз топырағымызда

қалыптасқан төл құбылыс екен. Қазақ халқын Еуразия тарихының барлық дәуірлерде жасалған күллі тарихи мәдени игіліктердің заңды мирасқоры деп қабылдауға болғандықтан, оның мәдениет тарихын “қазақ” атауының тарихи жазбаларда пайда болуынан бастағанымыз өзімізді-өзіміз табанасты етумен тең. Ұлт тарихы бай, бірақ соны тани білу, бағалау, оны тәуелсіздіктің кәдесіне жарату жағы, шынын айту керек, мardyмысыз.

XI–XIII ғғ. найман тайпалары түрік тілінде сөйлегені талас тудырмайды. Қазақ тілі түрік тілі әулетінің қыпшақ тобына жататынын білгенімізбен, сол тілдің халқымыздың көне тарихтан мирас еткен киелі дәулеті, ары мен ожданы екенін көп жағдайда, әсіресе, тілді қорғауға келгенде жадымыздан шығарып аламыз. Қазақ тілі қазақ үшін байланыс құралы қызметімен шектелмейді. Ол – халқымыздың рухани компедиумы мен ауызекі энциклопедиясы, мәдени, ғылыми және ағарту ошағы. Отаршылдар орыстандыру саясатын тілімізге бұғаулық салудан бастағаны тегін емес.

Қазақ тілінде қазақ халқының көзқарасы, кісілігі мен парасаты, саяси мұраттары мен қоғамдық көкейкесті арман-тілегі, әлеуметтік және тарихи жиған-тергені сіңген. Демек, қазақ халқы өзінің тіліне деген көзқарасы арқылы не әлемдегі кісі сыйларлық ұлттар қатарынан табылып, шарықтап аспанға шығады, не басқа жұрттардан қалып, жер болады, қайтадан “малды жақсы бағушы” халыққа айналады. XXI ғасыр – қазақ баласы үшін сын ғасыры, сынақ ғасыры.

Қазақ баласы ана тілінде тек сөйлеп қана қоймаған: тілі арқылы дүниені көрген, естіп білген, бағалаған, өз орнын өлшеген, тапқан әлде таба алмаған. Тілі арқылы өлі дүниені жамыратқан, сөйлескен қозғалысқа түсірген. Қазақ тілі – қазақтың өзі де, көзі де, жүрегі де, құлағы да, басқа ұлт өкілінен жасырып айтар паролі де.

XI–XIII ғғ. найман тайпалары туралы мәліметтерден дәстүрлі қазақы сана тіл арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды жандандырып отырғанын, сондықтан ошақ маңында балтамен отын

жаруға, от пен суға түкіруге, дәрет сындыруға, ластауға, өсіп тұрған ағашты кесуге, көкті басуға, гүлді үзуге, тіпті пышақпен нан турауға тыйым салғанын аңғарамыз. Өйткені: “жаман болады!” Тарихта мұнан озық халықтық экологиялық мәдени зерде дүниенің басқа бөлігінде бар ма екен, сірә? Бұл – адамзатты адамзат қылып тәрбиелеген көне түсінік. Әр құбылыс адамның сезім мүшелеріне әсер ету қасиетімен қатар оның адамға беймәлім “ішкі тынысы”, “құпиясы” бар болып есептелген. Демек, зат – зат қана емес, өзіндік сыры бар құбылыс, әлем, басқа бір заттың “өкілі”, “баламасы”. Оның мән-мағынасын көруге не санамен танып-білуге болмайды. Уақыт та әлемдік құбылыстың бір тұлғасы. Ол бір-біріне байланыспайтын дара үш бөліктен тұратын болып саналған. “Өткен”, “бүгін” және “болашақ” дербес бөліктері.

Сөйтіп, найман тайпалары туралы тарих беттерінен көне Қазақстан аясында, Орталық Азияның мыңдаған жылдарға созылған тарихында болашақ қазақ қоғамының негізі, оның нысани-адамгершілік салауаттары, материалдық және рухани мәдениетінің іргетасы қалана бастаған екен. Бұл дәулет ортағасырлық Қазақстанның көшпелі ел-жұртының “қазақ” деген атау төңірегінде топтасып, осыған дейінгі мәдени, рухани және әлеуметтік процестердің де саяси байыздануының белгісі де болды.

“Қазақ” деген атау тарихи деректемелерде “қыпшақ”, “маңғыт”, “ноғай” деген дәстүрлі этнонимдерді ысырып тастап, неге екені белгісіз, бірден орнығады. Бұл жайт атаудың өзі емес, атауға арқау болған рухани-мәдени салауаттардың хатқа түспес бұрын тіршілік белгісі ретінде көп уақыт тұрақты қолдануда жүргенін аңғарады. “Қазақ” атауы (мұның ішінде орыстың да “казак” атты жігі жүр; атау жағынан қазақ пен казак туыс) туралы ғалымдар тарих бетіне түскен барлық деректемелерді тергеуге алып болды. “Касог”, “хазар”, “қазақ” секілді өздері сұранып тұрған атаулар, атамалар, этнонимдер, терминдер, ұғымдар жан-жақты сараланып та, бағаланып та болды. Гректің “скифи”, арабтың “құзағы”, түріктің “қазағы” бір мағыналас –

“көшпелі” дегенді білдіреді. “Қазақ” сөзінің түп-төркінін басқа өңірден емес, өзіміздің өмір-тіршілігімізден іздегеніміз абзал. Қазіргі Түркияда көшпелі түріктерді “йорук” (жорық, көшу) дейді. Қалай болғанда да, ат қойғыш атамыз өз атын да тауып қойған екен. Сөйте тұра, атаудың шынайы мән-мағынасын тың деректемелердің жәрдемінен түсіндіру қиын.

Шежіре, ауызекі аңыз-әңгімелер халқымыздың түп атасын “Қазақ” есімді атаға тірейді. Бірақ бізге мәлім тарихи деректер мұндай баба тұлғалы адамның есімін білмейді. Егер шежіреге сенсек, мұнан 20 буын бұрын (XIV ғасыр) қазақ халқының саны 30–50 адамнан тұрған болып көрінеді. Ұлы жүзден – бес-алты, орта жүзден – алтау, кіші жүзден – жиырма бір еркек кіндікті адам болып шығады. Ата арқылы XIV ғасырдың қазағының санын алсақ, мұнан артпайды. Демек, шежірені тарихтың бірден-бір қайнар бұлағына жатқызу ағаттық. Сондықтан шежірелік санаға абай болған жөн.

Атаның түп-тамырын “ақ қаздан” тарату күнделікті күйбең сананың деңгейінен аспаса, “қас-сақ” (“шынайы сақ”) деп түсіндіру мәселені тіпті дүдәмалдандырып жібереді. “Сақ” этнонимі біздің жыл санауымыздың бастапқы кезеңінде-ақ тарихи қайнар бұлақтардан қалыс жатты. Ал ұмыт қалған атаудың араға бір жарым мың жыл салып, XV ғасырда қайта оралуына илану қиын. Сөйте тұра, “қазақ” деген ат тағдыр қалауы бойынша халқымыздың төл есіміне, мемлекеті мен атамекенінің атауына айналды. Ендігі жерде қазақ баласы дұрыс аталған ұлттық есіміне мойын бұрып, бұзылып аталған есімдерге жалпаңдағанын кілт доғарды, бұзылған атамаларға намыстанатын болды, ұлт атауын ұлттық игіліктің ту басына қойды. Әрине, өзін-өзі қастерлеу осындайдан басталады.

Қазақ халқының табиғаты оның өзінің ұлттық сипатына, рухани бітіміне деген көзқарасын ғана емес, ата-бабасына деген сезімін де сараламай толық ашылмайды. Алыс сапарлардан сағынып елге оралғанда өскен өлкеміздің жерін күмбезіне қарап танитынымыз бар. Күмбез – халықтардың ата-бабасына деген ыстық ықыласының тасқа айналған мәңгілік айғағы, қазақы

фәлсафияттың қалған көп тармақтарының бірі. Бұрынғының қазағы аман-сәлемді күмбезге қарап, аят қайтарудан бастайтын еді. Бірақ қазірде сол күмбездердің өзара топтанып, оқшауланып, жіктеліп тұрғанын аңғара бермейміз. Көптеген қазақ ауылында қоршалған молалар бірнешеу: ата қанша – сонша.

Қазақ халқы шамамен ара саны бірдей үш жүзден тұрады. Араларында өздерінің ұлттық сана-сезімі қазақпен тұтасып кеткен төрелер (“ақсүйек” Шыңғыс хан әулеті), қожалар (дін тараушы арабтан шыққан) және құрама шалақазақтар (өзбек, татар, башқұрт, қырғыз тектілер) бар. Бұл қазақ халқының этникалық түзілісінің өте күрделі сипатта өткендігінің дәлелі. Кейінгілер өздерін қазақ санағанмен, жүзге қоспайды.

“Жүз” дегенге қаншама қазақы тұқымдық-генетикалық сипат бергенімізбен, онда аталық негіз жоқ, аттыкөшпенділердің әскери құрылымынан шыққан құбылыс. Мәселен, ғұндармен скифтердің үш құрамдас болғанын білеміз. “Жүз” сөзінің мәні “жақ”, “бөлік”, “фланг”, соғыс ұғымы, Әз-Тәуке ханның құрылымынан қалған сарқыншақ. Жүзде генетикалық тұқымдық сипаттың болмауының тағы бір дәлелі: бір ата мен екінші атаның есімдері үш жүздің құрамында мидай араласып жатуы. Жалайыр, Қаракесек, Қоңырат, Таракты, Дулат, Қатаған, Керей, Найман секілді этникалық топтар тек қазақтың ғана емес, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз құрамында да бар. Тағы бір дәлел: ата есімдерінің біразы таңба атауына сай: “бағаналы”, “ошақты”, “ойық”, “ысты”... Найман тарихы – осының бір дәлелі.

Жүздің пайда болғанына 500 жылдай болса, жүзшілдік дерттің қайта шыққаны күні кеше. “Елемеген дерт жаман” дейді қазақ. Кейбір жандар атаға табынғанды қазақтың түбегейлі “артықшылығы” санап, аты-жөніне қосақтап, “сөздер” өткізіп, “президенттерін” сайлап жүргенін баспасөзден оқимыз. “Атаның баласы – досың” деген данышпанның сөзіне құлақ аспай жатырмыз. Осының артында бір апат барын сезген Абай неге айтпасын?! Жүзге бөлінгендердің жүзі күймек түгіл, бетіңе күле қарап, дегенін істейді, мемлекет жүйесі, шаруашылық, мекеме, сауда орны рулық бөлініске түсті. Аудандық, ауылдық

деңгейде машина, қызмет, лауазым басшылардың жекжаттарынан артылмайды. “Сорлы қазақ сол үшін алты бақан алауыз”. Бұлардың қолын қаққан ешкім байқалмайды. Жекешелендіру науқаны бұған дейінгі болмашы қолбайлаудың баршасына еркіндік берді. Өздерінше білдіртпегенсиді. Қазақты бүйтіп алдаймын деген жанның не дені сау емес, не қазақ емес. Қазақ баласы өзінің халқына тән рухтың барлығын іштей оқып туады. Өз-Тәуке қалың қазақ қолын жүзге бөлгенде елге жік салып, қазақты бірімен-бірін қырқыстырмақ ниеті болмағаны белгілі. Мұны қазақтың елі мен жерін жаудан құтқарудың, елді аман алып қалудың амалы ретінде жасады. Ал, бұл енді үдей келе ұлт бірлігіне кеселін тигізбей қоймас, сірә.

Кейбір зиялысымақтар тарихи ізденістерінде өз атасының есімін мадақтау үшін тер төгіп, мұрағат ақтарып жүргені кімді болса да алаңдатпай қоймайды. Аты ұқсаса болды, тарихи хронологияда шаруасы жоқ. Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің жасағанын да, жасамағанын да өз ата-бабасының басына төге береді. Қолдан түзген жасанды жылнамалар деген шықты. Оған сендіремін деп саптыаяққа ас құйып, сабын сүйретіп тағы біреуі жүреді. “Соқыр тауыққа бәрі бидай” десе керек-ау. Тарихты қазақты жіктеу үшін, қай ата қай атадан күшті болғанын, кеуделі болғанын тергеу үшін, өз ата тегінің артықшылығын дәлелдеу үшін өмірін сарп қылуға даяр. Ұлтты ұятқа қалдырамын-ау деп ойламайды. Өздері тағлымын алған, жан-тәнімен тап шайқасына қызмет еткен большевиктер тәрізді бұлар да ұлт тарихын “ата ісіне” көндіріп, артқа, шырғалаңға, “ру шайқасына” жетектегісі келеді.

Қазақ үшін дүние өлім мен өмір шенесінен тұрған, тұрады, көз көрім болашақта әлі де тұра бермек. Ортасы жоқ. Бұл шенесте өмір үшін бағзы заманаларда ру болып қауымдасып қарсы тұра алған. Рудан тыс жерде өмір де, тіршілік те, қызық та, тұрмыс та болмаған. Рулық қатынастар жүйесі қажеттіліктен туды, әрине, сол қажеттілікке қызмет етті де. Бірақ оны тудырған дүние де өзгерді, рулық жүйе де өзгеріске ұшырады. Бәлкім, сол өзгерістерді көзіміз көрмеуі, құлағымыз естімеуі кәдік, өйткені

сол өзгерістердің ішінде жүріп, өзіміз де өзгердік. Бұған да найман тайпалары және өткен тағдыры айғақ бола алады.

Әз-Тәуке өлді, қалмақ жеңілді, жер босады, рулық қатынастар ыдырады.

Бір қиырдың қазағы мен екінші бір қиырдың қазағы араласқа түсті, жақын жекжат болды, құдаласты, ортақ немере сүйіп, мейірін қандырды. Сөйткен ортада рушылдық жүргені несі? Әлде мыңдаған жылдар алға басқан аяғымызды артқа тартқан “қазақшылықтың” түрі осы ма? Ата-бабамыздың есімін бүйіріміз бұлтиғанда есімізге алатын мінезіміз бар еді, соны қайтып әкелген тәуелсіздік пе? Әлде жүзшілдіктің біз білмейтін, біздің көзімізге көрінбейтін, ру таңбасын маңдайына басып, өз ата-бабасына ғана табынып, егінін ерте пісіремін деп, қойын егіз туғызамын деп жүрген пысықайларға ғана мәлім, басқа бір “ішкі” мағынасы бар ма? Жеті атаңның атын білме деп кім айтады? Білу керек, әрине. Бұл қазақы мәдениеттің негізгі шарты. Бірақ өміріңнің мәні онымен шектелсе, сол атаңның мақсат-мұратынан шыға алмағаның. Қазақтың басы бір болса, алынбайтын қамалы жоқ. Оны Тәуке мен Абылай заманы көрсетті. Демек, сол бас бірлікке кедергі болатын нәрселердің барлығын ысырып таста, мал-мүлкінді, дүние-жиһазыңды халқың үшін құрбан ет, өзің де сол жолда құрбан болуға даяр бол, ұрпағыңды да осыған даярла, міне, сонда ғана көк туың желбіреді, дүние бізбен ел деп санасады, біз де әлемге дос болуға сай боламыз. Рушылдықты өзің үшін істей бер: қызынды ұзат, ерулік бер, күмбез соқ, құда түс... Бірақ, қазақ баласына рушылдық көзқараспен алыс-беріске түссең, халықтың сорын сен қайнатасың да, сенің сорыңды ол қайнатады. Және рулық егес ұрпақтан ұрпаққа жалғаса береді, жалғаса береді. Кекшіл, кінәмшіл болып алдық. Басқаға кешіргенімізді өзімізге, қазағымызға, кешпейміз! Өйткені, қазақ қазақты әдетте жанындай жақсы көреді, жамандық жасайды деп ойламайды. Орыстың қорлығына, отаршыл әрекетіне шамданбайтын қазақтың өзінің қазағының қалжыңын көтере алмай, шарқ ұратыны сондықтан. Себебі, қазақ қазақты өзіне тең көреді, таласа өседі, ат жарысты-

рады, ата жарыстырады, дәулет жарыстырады... Күмбез жарыстырады. Бұл біздің төл мінезіміз, табиғатымыз. Ежелден қазақ істемеген кәсіп кем де кем: қала салды, мұңғыл құлатты; егін салды, қалмақ таптап өтті; қамал салды, қоқан мен орыс бұзды. Өмбебап кәсіп қой жаю қалды. Бұған да көнді. Ал қой жайған ел руға бөлінбей тұрмайды. Бұл тарих құзыры. Демек, рушылдық індет өтпелі. Халқымыз жаңа технологияға қол созған сайын бұл “артықшылығы” қол бұлғап, артта қала береді. Бұған да көне қазақ тайпаларының осы кітапта баяндалған тағдыры айғақ бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

Ақатай С. Н. Тышқан жылғы қырғын. Алматы, 1994.

Ақатай С. Н. Қазақ совет энциклопедиясы. Т. IV. “Наймандар” мақаласы.

Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1837.

Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, 1959.

Викторова Л. Л. К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности (XII–XIII вв.) // “Языки народов востока”. Ученые записки ЛГУ №305. Серия востоковедческих наук. Вып. 12. Л., 1961. С. 137–155.

Козин С. А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника. 1240 г. Т. I. М., 1941.

Құдайбердыұлы Ш. Түрік-қазақ һәм хандар шежіресі. Казань, 1911.

Маргулан А. Найманы. //В сб. “Казахи”. Л., 1930.

Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алматы, 1974.

Наушабаев Н. Манзумат казакия. Казань, 1903.

Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. Кн. 1. М. –Л., 1952.

Халитов К. Тауарих-Ханмса. Казань, 1911.

Тарихи материалдар

Взлет и падение Кушлук-хана

После гибели отца Кушлук-хан с небольшим числом войск отправляется к своему дяде, Буюрук-хану, надеясь найти поддержку в продолжении борьбы против Чингиз-хана. Здесь он соединился с незначительными силами государя меркитов Тохтаем и усиленно готовился надлежаше встретить монгольские отряды, рыскавшие по всем горным склонам Алтая в поисках Кушлука. Поимка наследника найманского престола для монгольских полководцев была первоочередной стратегической задачей и она ставилась совершенно публично во время первого курултая, политически закрепившего достигнутый после победы над найманами успех. Следует заметить, что вопрос об оставшихся силах найманов обсуждался третьим. Согласно “Тайной истории”, первый вопрос это – наречение Темучжина Чингиз-ханом, второй – Мухали – нойона – Гованом. Остальные вопросы касаются организации государственных учреждений и институтов.

Зиму 1205 г. Чингиз-хан решил провести на южном склоне Алтая. Выбор не случайно пал на горные долины, связанный, вероятно, с современной топонимикой Сартау и Жыл-тау, отличающиеся довольно мягкими климатическими условиями. Это и теперь излюбленное место для зимовья животноводов совхоза “Калгутты” Восточно-Казахстанской области. А для армии, требовавшей восполнения сил, место было выбрано умело. Второй же причиной стала защита от возможных набегов Кушлука и Тохтая западных границ найманской территории.

К весне того же года Чингиз-хан решил самолично проверить безопасность границ вдоль правого берега Иртыша и у самых истоков реки Бухтармы встретил объединенные силы найманов и меркитов, готовых к бою. По Рашид-ад-дину до этого Чингиз-хан захватил Буюрук-хана во время охоты и убил его. При состоявшейся битве Тохтай пал, а Кушлук-хану удалось опять спастись, но при переправе через Иртыш союзники потеряли много людей. Переправившись на другой берег, меркиты

ушли в земли кыпчаков и канглы, а Кушлук со своими людьми направился к реке Чу, резиденции кара-китаев. Данные Джувейни по поводу прибытия Кушлука в ставку гур-хана, противоречивы, он пишет то об его добровольном приходе, то о принудительном – Кушлук был взят в плен кара-китаями, но сумел завоевать симпатию гур-хана.

Личное расположение гур-хана и удачливая женитьба сделали Кушлука одной из значительных и влиятельных фигур в ставке кара-китаев, правивших “всеми странами и областями Туркестана и Мавераннахра”. Семья покровителя одного из наиболее могущественных государей Средней Азии не могла не подогреть зачахшие надежды Кушлука создать мощный военный блок, способный противостоять ударам Чингиз-хана и сплотить воедино распавшийся улус предков.

История не знает его возраста, но судя по описательной характеристике ан-Нисави, он был “неопытен” и “юн”.

Деятельность Кушлук-хана в ставке кара-китаев совпадает с ослаблением этого некогда мощного государства, разъедаемого как внутренними, так и внешними противоречиями. Видимо, старый и болезненно слабый Чжунху, гур-хан, видел в своем энергичном зяте способного государственного деятеля и полководца, способного вернуть былую мощь династии. Тем более, усиление государства хорезмшаха Мухаммеда, который почти завершил покорение Среднеазиатского междуречья, покончив затянувшейся гегемонией караханидов, и вновь образованная империя монголов на востоке, приведшая в замешательство восточные пределы “Железной династии” и могущественных соседей заставили срочно искать выход из создавшегося положения. Кара-китайская столица была зажата в тисках не только этих двух набиравшихся сил, новых государств, взоры которых были обращены и на их территории. То скрытно, то явно выражали свои центробежные стремления и недовольство господством кара-китаев мусульманская часть вассально зависимых стран. Поэтому появление на политической арене кара-китаев Кушлука, найманского

явления, вполне закономерное, несмотря на весь кажущийся случайный и авантюристический характер его поведения.

Окончательно разгромленная армия найманов и часть населения были мигрированы к кара-китаям, предоставившим им приют.

Заручившись вниманием и поддержкой гур-хана Кушлук почти бесцеремонно от своего имени вершил политические дела кара-китаев.

Казалось, что в лице Кушлука были сосредоточены все надежды как кара-китаев, так и различных врагов. Они в равной мере верили, что лишь он станет орудием каждой стороны. В такой сложной ситуации Кушлуку удалось уметь направить создавшееся положение в интересах своей главной цели, в чем заключается его политическая дальновидность и целеустремленность деятельности. Но для Кушлука не существовала другая альтернатива, кроме надежды государственного возрождения найманов.

Таким образом, объединив под своим знаменем как найманов, так и, возможно, всех недовольных Чингиз-ханом, и воспользовавшись, как поддержкой вассалов, так и ухудшением взаимоотношений между хорезмшахом и гурханом, Кушлук, улучив момент, разграбил казну гур-хана, хранившуюся в Узгенде, содержащую несметные богатства, награбленные в течение многих веков со всех концов света. Они были крайне необходимы для наращивания своих политических акций. Тем временем, Мухаммед в союзе с самаркандским ханом Османом вторгся в западную часть территории кара-китаев.

При состоявшейся битве (1210 г.), на равнине Пламиш около Таласа, кара-китаи потерпели поражение по оценке Иби-ал-Асира “страшное поражение”, а их полководец престарелый Тайанкух был взят в плен. Этот крупный успех Мухаммеда возвысил и его престиж перед единоверцами в Семиречье.

Жители Баласагуна, в ожидании мусульманских войск, подняли мятеж против кара-китаев и заперли городские ворота. Такое необдуманное действие фанатично настроенных

мусульман стоило больших жертв: озлобленные кара-китай осадили город, подвергли его грабежу и убили 4700 жителей.

Мухаммед и не думал помочь своим единоверцам: он был занят делами Мавераннахра. Эти бурные события развязали Кушлуку руки еще сильнее. Он первым хотел захватить власть и с этой целью, воспользовавшись ослаблением боеспособности и заручившись поддержкой кара-китайских войск, напал на гурхан. По ан-Нисави, Кушлук выступил из Каялыка и в пределах Кашгара настиг гурхана.

По Рашид-ад-дину, гурхан не имел другого выхода и кроме того, как “смирненно преклониться перед ним”. Но Кушлуку нужен был не трон, а сильная власть и невиданные возможности ее, которую он мог бы использовать в осуществлении своей главной цели. Гурхан умер через два года, и полнота власти перешла в руки Кушлука.

Когда Мухаммед узнал о пленении гурхана и о том, что Кушлук совершенно открыто распоряжается сокровищами “из драгоценных камней и сокровищ, которые веками собирались со всех концов света”, то он прислал Кушлуку угрожающее послание.

Хорезмшаха интересовали не только сокровища гурхана, ради чего он затеял дипломатическую игру, но и территориальные притязания. Все требования Мухаммеда к Кушлуку были тщетны. После чего Мухаммед отправил против него небольшие отряды для ведения “партизанской” войны. Эти войска хорезмшаха грабили народ, главным образом, мирных жителей, подвластных Кушлук-хану и обозы, стада кочевников. Кушлук пристыдил за это Мухаммеда: “Так не делают цари, так делают разбойники. Если ты султан, как говоришь, нам следует встретиться: или ты разобьешь меня и завладеешь страной, которая в моих руках, или я сделаю это с тобой”. Это было весьма резонным упреком в адрес Мухаммеда, который официально назвал себя множеством эпитетов типа “Тень бога на земле”, “Вторым Александром (Македонским)” или “султаном Санджаром”. Но Мухаммед на предложение

Кушлука определить силой реагировал, по словам Ибн-ал-Асира, грубо и также недостойно.

Непреклонность Кушлука найманского диктовалась осознанием превосходства собственной силы. Он был сюзереном нового наймано-кара-китайского государства, которое по мощи и пространству ничем не уступало Хорезму и простиралось от Семиречья до Кашгара, тем самым Кушлук достиг своей ближайшей политической цели. Как это всегда бывает в условиях феодализма, индикатором зрелости средневекового государства является экспансия, так и Кушлук-хан первым делом решил вновь подчинить ранее зависимые кара-китайские страны. Это вызвало отрицательную реакцию местных правителей этих областей, которые и без того искали более сильной, чем Кушлук-хан, протекции.

Еще в 1209 г. правитель северо-восточной части Восточного Туркестана признал власть Чингиз-хана, а кара-китайский наместник Шаукам был убит восставшими мусульманами.

В 1211 в северо-восточных пределах Семиречья был монгольский отряд под предводительством Хубулай-нойона. Тогда Арслан-хан карлукский, предположено Бартольд сын Арслан-хана и брат Мамуд-мду-хана, велел убить кара-китайского наместника и объявить себя поданным Чингиз-хана. Самозванный правитель Алмалыка Бузар (у Джувейни Озар) с титулом Тогрул-хан также признал себя поданным Чингиз-хана.

По Джувейни, первой жертвой Кушлука был этот Бузар, в его умиротворительном походе на Восточный Туркестан, который был убит во время охоты. В результате многолетних набегов были покорены Кашгар и Хотан.

Государство Хорезма ждало акций со стороны Кушлука. Перед лицом новой опасности Мухаммед предпринял ряд мер: отказался от своих владений на правом берегу Сырдарьи и освободил, эвакуировав, от мусульманского населения Шаш, Фергану, Исфиджа, Касал, что фактически означало не только боязнь от нашествия Кушлука, но и добровольный отказ от этих “здоровых” и “процветающих” городов, лучше которых

“в этом мире не было”. А сам Мухаммед до 1214 г. проводил лето далеко на юге, в Самарканде.

Упорное сопротивление мусульман вынудило Кушлука устроить гонения против публичного служения исламского культа. На территории государства исповедование ислама запрещалось. Мусульманам предлагалось или принятие христианства – религии найманов или буддизма, запрещалось носить мусульманскую одежду. Воины Кушлука были размещены по домам мусульман и им предоставлялись самые широкие права контроля над духовной жизнью населения. Непослушных наказывали, применяя самые изощренные методы. Так, хотанский шейх Ала ад-дин Мухаммед был, за подстрекательства мусульман к выступлению, пригвожден к двери, построенного им медресе.

Эти деяния Кушлука не прошли безнаказанно. Мухаммед хорезмшах пытается установить дипломатический контакт с Чингиз-ханом, направленный против Кушлука. В 1218 г. Чингиз-хан послал против Кушлука 20-тысячный отряд под предводительством Джэбэ, который выступил защитником ислама и объявил свободу совести покоренным. Население перебило воинов Кушлука, размещенных на постой в их домах. Кушлук с небольшим отрядом бежал, но на этот раз был настигнут и убит у озера Сарыколь в горном Бадахшане. Найманы, таким образом, полностью и безропотно, покорились монголам и некоторая часть вступила им на службу.

Мәдениет. 1993. №18–19

Қазақ мемлекеті қалай пайда болды? және оған Шыңғыс ұрпақтарының қатысы

XV ғасырдың орта тұсында қазақ жиылып, бас қосып, ту көтергенде аспан ашық, күн жарық болған екен. Тарих тоғанағын артқан керуен өтіп кеткеннен соң солай көрінуі де

ықтимал. Бірақ өткенге бүгінгі күннің үкімі жүрмейтіні хақ. Қалай болғанда да, Қазақ Ордасымен шендес ұлыстардың баршасының шаңырағы опырылып ортасына түсіп, керегесі күйреп бітіп, Дешті-Қыпшақтың орнын Қазақ ордасы басыпты, төңірегін қоршаған қалың жау жеңіліп, ту тігуші қаһармандары ер атанып, есімдері мәңгі-бақи ел есінде қалыпты. Бізге жеткен тарихи деректер осылай дейді.

Қазақстанның үш мың жылдық жазба тарихынан жерімізде әртүрлі мемлекеттер болғанын білеміз. Бірақ солардың барлығын Шыңғысхан дәуірі үш топқа бөліп кетеді. Оларды Шыңғысханға дейінгі, Шыңғысхан дәуіріндегі және Шыңғысхан әулетінен кейінгі мемлекеттік құрылымдар деп бөлуге болады. Отаршылық кезең, әрине, оқшау тұрады. Демек, қазақ халқының мемлекет болып, ту тігуінің түп негізі Шыңғысханның есімімен, оның саяси және соғыс әрекетімен, ішкі және сыртқы елдермен қарым-қатынасы арқылы тығыз байланысады екен. Жошы (кейбір деректерде – Жолшы) – Шыңғысханның “асының алды, суының тұнығы”, үлкен ұлы. Құрамына Ресей, Солтүстік Кавказ және Қазақстанның көп бөлігі кірген “Алтын Орда” деп аталған ұланғайыр мемлекеттің іргетасын қалаушы ірі қайраткер. Қазақстан мен Орта Азияның көптеген қалаларын толық күйреуден аман алып қалған да Жошы. Ұлы қағанның басқа ұлдарына қарағанда Жошы мейірбан, кішіпейіл, сабырлы, өнер мен білімге жақын жан болыпты. Жошы Алтын Орданы дара билейді. Елінде де, жерін де қатты құрметтейді. Әкесі де үлкен ұлын ерекше жақсы көреді. “Шежіре алатрақ” деген XV ғасырдың қолжазбасында Шыңғысханның Ұлы Жыршы деген уәзірі ұлы қағанға Жошының өлімі туралы қазалы хабар жеткізгенде:

Құлыны өлген құландай,
Құлынымнан айырылдым!
Айырылысқан ақкудай,
Ер ұлымнан айырылдым, –

деп, Шыңғыс хан жоқтау айтыпты деген мәлімет бар. Жоқтау түрік тілінде жырланады. Жошының қазасын Шыңғыс ханмен

бірге белгілі әмірлер мен нойондар, шешендер мен баһадурлар қосылып жоқтасады. Жошыдан кейін көп ұзамай, алты айдан кейін ұлы қағанның өзі де дүние салады. XVI ғасырдың тарихшысы Хафиз Таныш Жошы хан өлерінде Орталық Қазақстанға жерленуін өсиет еткенін жазады. Жошы ханның күмбезі бүгінде Жезқазған жеріндегі Кеңгір өзенінің бойында. Ол Қазақстанның мәдени-тарихи ескерткіштері тізіміне енген, бірақ та жөнделіп қалпына келтіріліп тиісті дәрежеде мемлекеттік қамқорлыққа алынған деп айта алмаймыз. Дархан мінезіне сай етіп, Жошыға құдай бала-шағаны да мол берген. Кейбір деректер бойынша оның 40 ұлы болған деседі. Белгілі парсы тарихшысы Рашид-ад-дин Жошының 14 ұлын өз есімімен атаса тұңғышы – Орда, екіншісі – Бату, онан кейінгілері рет-ретімен: Береке, Беркешар, Шибан, Танғұт, Буал, Шылауқұн, Шыңқұр, Шымпай, Мұхаммед, Үдір, Тоқай – Темір, Шыңқұм, ал “Муизз-ал-ансаб” деген ортағасырлық шығарма оның 18 ұлы болғанын және Берке, Бөрі мен Беркешар деген балаларының анасы Сұлтан-қатын екендігін, Орда мен Есен қоңырат руынан (Шыңғыстың нағашы жұрты, өз жұрты – қият) алған тоқалдан туатынын айтады.

Жошының өлімін естіген Ұлы Қаған туған інісі Отшығынға: “Дешті-Қыпшаққа бар, Жошының ұлы Сайынды (Батудың лақаб аты) әкесінің орнына отырғызып қайт” деп, арнайы тапсырма береді. Ағасының айтқанын бұлжытпай орындап, той тойлап жатқан Отшығынға “Шыңғыс хан дүние салды” деген суық хабар түседі. Біздің заманымызға жеткен тағы да бір тарихи рауайатта Шыңғыс хан өлерінде немересі Батуды Монғолияға шақырып алып: “Әкеңнің билігін жалғастыр да, әкең армандаған жерлерді жаулап ал” деп бұйырған екен. Хорезм қаласынан шыққан Өтеміс ханы (XVI ғ.) “Шыңғыс-наме” деген шығармасында Алтын Орданың тағына Батудың отыруы жөнінде тағы да бір деректеме келтіреді. Жошы дүние салғанда оның үлкен екі ұлы Орда-Ежен мен Бату әке тағына өздерін өздері емес, бірін бірі ұсынады. Мұны біз ағайын арасындағы татулықтан туған ынтымақ, береке-бірлік деп

ұғамыз. Екеуі де хан болудан бас тартады. Батудың әкесіне тартқан жайсаң да жайдары мінезі туралы көптеген тарихшылар айтады. Еуропа саяхатшылары Плато Карпини мен Гильом Рубрук өздері көздері көрген Батудың ел ішіндегі абыройын мадақтап жазады, оның құрбы-құрдастарының арасында Сайын хан (жақсы хан) аталып, кейін хатқа да солай түсуі сондықтан. Осы таласты аталары Шыңғыс ханның алдында шешпек болған ағайынды екеуі басқа шешеден туған 17 інілерін ертіп, ата-жұртына, Шыңғысханға аттанады. Ұлы баба алыстан келген немерелерінің ұзақ сапарының мән-жайын естіп біліп, жылы шыраймен қабылдайды да, осыларға арнайы үш жерге үш орда қатар тіктіруге бұйрық береді. Алтын босағалы “Ақ Орданы” – Батуға, Күміс босағалы “Көк Орданы” – Орда-Еженге, Болат босағалы “Боз Орданы” – Жошының төртінші ұлы Шибанға деп, өз қолымен үлестіріп, әрқайсысын жеке-жеке қондырады. Ал кейін қазақ хандарының түп атасы болған Жошының он үшінші ұлы Тоқай-Темірге “Күркелі күйме де бұйырмады” деп келемеждейді қолжазба авторы. Бұл жерде шығарма авторы Өтеміс хажының Шибан әулетін мадақтап, Тоқай-Темір әулетін даттап жатқаны түсінікті. Өйткені өзбек және түрікмен хандары негізінен Шибан әулетінен тарайды. Тарихшылар да пенде емес пе?! Сөйтіп, атасының ақ батасын алып барып, Бату хан әкесінің орнына Алтын Орданың ханы болады.

1236–1242 жылдары аралығында Орыс елін, Еділ Бұлғарстанын, Польша, Мажарстан, Чехия, Валахия мен басқа да Еуропа елдерін жайратып салып, Батухан Еділ бойына оралып, өмір тіршілігі үш ғасырға созылған Алтын Орда мемлекетінің ішкі және сыртқы ісін басқаруға араласады. Алтын Орданың тарихындағы балама аттары да көп. Олар: Жошы ұлысы, Дешті-Қыпшақ, Қыпшақ, Берке даласы, Солтүстік патшалық, Тоқмақ ұлысы, Өзбек ұлысы және т. т. Мемлекеттің астанасы етіп Еділдің төменгі сағасынан Сарай қаласын салдырады.

Ортасына жақсы атанған Бату ханның ірге тасын өзі қалаған ұланғайыр мемлекетінің болашағына жасаған қиянатын да айтпай кетуге болмайды. Жаңа құрылып, атағы жер жарған

Алтын Орда мемлекетін ешпілеп бөліске түсірген де Бату еді. Еуропа шайқастарында батырлығымен көзге түскен үлкен ағасы Орда-Еженге әкелеріне қарасты аймақты 10 000 түтінмен еншіге беріп, Үдір, Тоқай-Темір, Шыңқұм, Сынқұм атты төрт інісін қосып бөлек отау шығарады да, бұлар Жошы әскерінің “сол қанаты” болып аталады. Ал өзіне тиесілі ұлыс пен ағасы Орда-Еженге тиген аймақ арасындағы қазіргі, Қызылорда, Орал, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Жезқазған, Торғай, Жамбыл облысының жерлерін 15000 түтінімен қосып, үшінші інісі Шибанға тарту етеді. Бұлар “он қанат” атанады. Ендігі жерде осы “оң қанат” пен “сол қанаттың” ымыраға келмейтін шайқасы қоса жүреді. Басқа дүние, алынбаған қамал, ата-баба өсиеті жайына қалады. Оны біз Қазақстанның ортағасырлық тарихынан, кейінгі жүздер тартысынан жақсы білеміз. Алтын Орданың өз басынан асқан індеті, міне, осы дәстүрден бастау алады. Балалары ірге тасын қалаған әлемдік заңғар империяның түбіне жеткендер, оны мекендеген миллиондаған ел-жұрты, ондағы ұлттар мен ұлыстарды кейін Ресейдің табанына салып берген де осы еншілік-ұлыстық құбылыс. Алтын Орда ғана ыдырап қойған жоқ, онан кейінгі құрылған Ақ Орданы да, өзбек ордасын да жарық дүниеге алып келген де, ыдыратқан да осы бөлініс. Әз-Тәуке өлгеннен кейін үш жүзге бөлінген, үш хан билеген Қазақ Ордасы да өзінің алдыңғыларының көбін кие жаздап (жүздік бөлініс) Абылайдың қаһарынан сескеніп барып тоқтағаны мәлім. Алайда, бұл құбылыс тек Шыңғыс ханнан басталмайды. Оның негізі ертеден келеді. “Елім бар еді. Ол қайда?” деп Күлтегінді күңіреткен де, Орталық Азияны қырыққа бөліп кеткен де, қос жауымызды өзімізден зор қылып, оған Еуразия құрылымын билеткен де осы ежелгі індет болатын. Алайда, бұған тұңғыш тойтарыс берген Қасым хан еді. Әдетте, біз “Қасым ханның қысқа жолы” дегенде әуелде еске аларымыз ел бірлігі болғаны жөн, әйтпесе, қанымызға сіңген саяси сарқыншақ алға басқан аяғымызға шылау бола беруі кәдік. Ерте заманнан бері әр ірі әскери-саяси қайраткердің жанына ертіп жүретін меншікті тарихшылары болған. Ондай тарихшылар

Шыңғыс ханның да төңірегінде жүргенін көреміз. XIII ғасырда жазылған монғол шежіресі “Алтын топшы” (“Құпия шежіре”) осының дәлелі. Өкінішке орай, Қазақ Ордасын құрған қазақ хандары сарай тарихшыларын ұстамаған. Қазақ хандығының дүние есігін ашуы туралы тарихи жазба дерек осы оқиғалардың шаңы әбден басылғаннан көп кейін барып, қағазға түскен. Ол – көпке мәлім “Тарихи – Рашиди” (“Рашид ханның шежіресі”) Оны жазған “қазақ Геродоты” атанған Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551). Шығарма екі бөлімнен тұрады. 1544–1546 жылдары Кашмирде, Үндістанда, өмірбаяндық сипатта, парсы тілінде жазылған. Автор Орта Азияны билеп төстеуші Ақсақ Темір, Шағатай, Монғол және Алтын Орда әулеттері туралы, олардың өзара қарым-қатынасы туралы жаза келе, Қазақ Ордасының құрылуы туралы бұлтармас құжатты мәліметтер келтіреді: “Ол кезде Дешті-Қыпшақты Әбілқайыр хан билеп тұрды. Ол Жошыдан тараған сұлтандарға қысым көрсетті. Жәнібек пен Керей мұның зардабынан Монғолстанға ығысты. Есен-Бұға хан бұларды жылы шыраймен қарсы алып, Монғолстанның батыс бөлігі болып саналатын Шу мен Қозы-Басы өңірін тарту етті. Бұлар алған жерлерінде бақытты тұрмысқа кенеліп жатқанда, Әбілқайырдың өлімінен кейін Өзбек ұлысы қиыншылыққа душар болды: талас-тартыс басталды. Ел-жұртының көбі Керей хан Жәнібек ханға көшіп, олардың саны 200 мыңға жетті. Көшкендер өзбек-қазақ болып аталды. Қазақ сұлтандары 870 жылдан билік жүргізді (870 хижра біздің жыл санауымыздың 1465–1466 жылдарына дөп келеді). Алла-тағала, әрине, бізден анығырақ біледі”. Түбінде болашақ тарихшыларға қажет болады-ау деген мәліметтерді Мұхаммед Хайдар профессионалдық жүйеге түсіріп, мүмкіндігінше, толық қамтиды. Олар – негізгі қарама-қайшылықтар, қақтығыстар, оқиғаға қатысқан тұлғалар, олардың іс-әрекеттерінің себеп-салдары, мекен-жайы, мезгіл көрсеткіштері, оқиғалар тізбегі, ішкі және тысқы жаңғырығы, салыстырмалы оқиғалар, куәлар және т. б. зерттеушілерге қажетті үлкен-кіші деректер. Орта ғасыр аясында Мұхаммед Хайдар Дулатиден сауатты да

зерделі тарихшыны табу қиын. Қазақ Ордасының құрылуы мен орнығуы туралы бірден бір тарихи дерек осы автордың шығармасына шоғырланған. Қалған жазба деректердің баршасы бұл орайда қосалқы сипатта қалады. Ал тарихшылар арасындағы дау-дамай Мұхаммед Хайдардың мәліметінің түсініктемесінен туындайды. Қолжазбаның әлеумет назарына іліккеннен бергі уақытта ғалымдардың сүзгісінен өтіп болды деуге болады. “Мұхаммед Хайдардың жазғандарының барлығы дерлік тың және аса құнды дүниелер, оның әңгімелері әрдайым шынайы оқиғаларды дәл бейнелеп, анық баяндайды”, – деп жоғары бағалайды белгілі қазақтанушы В. Вельямин-Зернов. Мұндай пікірді кезінде Ш. Уәлихан, В. Бартольд, Ә. Марғұлан, М. Тынышбаев және басқа да белгілі ғалымдардың лебізінен мәлім.

Қазақ хандығының дүние есігін ашқан мезгілі Мұхаммед Хайдар Дулати мырза қаламында қалай өрнектелсе бізде сол күйінде шартсыз қабылдауымыз парыз. Ол үшін “келісіп”, “ортақ пікірге тоқайласудың” қажеті жоқ. Мезгіл “Тарихи-Рашидиде” дәл көрсетілген: мұсылманша жыл санаудың 870 жылы, жаңа есеппен 1465/66 жылдар арасы, ал оны хиджрадан қазіргі күн тізбегіне аудару – мамандардың қолынан келіп тұрған іс.

Қазірде Ұлыстың Ұлы Күнін Наурызға да, Конституцияға да, Республика күніне де, Желтоқсан уақиғасына да, тіпті шокыншылардың Жаңа Жылына да орайластырып айтып жүрміз. Әдетте, Наурыз – Жаңа жыл, дара қазақы азаматтық мейрам. Қазақ халқының өз алдына дербес мемлекет болып, көк туын желбіреткен күні де Ұлыстың Ұлы Күніне сұранып тұр емес пе?! Демек, Наурыз бен Көгілдір Ту желбіреген күнді қосып, 1997 жылы қазақ мемлекетінің 531 жылдығын бірге тойласақ Қазақстанның көп ұлтты ел-жұртын патриоттық тәрбиелеу ісі үлкен арнаға жалғасар еді.

“Ел айырылған” заман деп, бұл кезенді қазақ ерекше ат қойып, атайтынына қарағанда бұл да бір ұлт басына түнек болып түскен сергелдең дәуір секілді. Қос ішекті домбыра “Ел айырылғанды”

салғанда сайын даласын патетикалық сазды сарынға бөлейді, сахараны көгілдір аспанымен бірге күңіренеді. Күллі қазақ тағдырын бір шумақ әуенге сиғызған Қожаберген жыраудың (XVIII ғ.) “Елім-айы” сол кезеңнің гимніне татырлық. Тек ғасыр басқа. Мезгілдік сипатынан алжасқан қазақтың төл поэзиясы халық басына түскен нәубәтті дәуірлерді өзінше жіктеп, топтап, жинақтап, көбін “Ел айырылған” күйінде эпикалық жоқтау түрінде таратып отырады. “Қайың сауған”, “Сауран айналған”, “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама”, “Үш қиян”, “Зарзаман”, “Аша тұяқ қалмасын”, “Абыралы – Жалаулы” (Семей полигонының құрбандарын жоқтау), “Желтоқсан” – ұлт басынан өткен сұрапыл да сұрқия біртұтас тағдырдың қадау-қадау тармақтары ғана. “Ақтабан шұбырындыда” қазақ хас жауымен жаяу-жалпы айқасса, “Аша тұяқ қалмасын”, “Абыралы-Жалаулы” мен “Желтоқсанда” ұлт-азаттық күрес тәсілі сапалы өзгеріске ұшырады – орыстың атом қаруы мен болат құрған танкілеріне тұрпайы күш арқылы айбат шегумен шектелмей, майдан үстінде листовкалар таратылды, отаршылыққа қарсы ашық үндеулер тасталды, ұлтты бас бірлікке шақырды. Амал не, арты жалғассыз қалғаны өкіндірді. Халық санасы Қазақ Ордасы құрылып жатқан кезеңнің өзінде сол заманның тарихи категориялары болып кеткен: “тоқсан екі баулы қыпшағын”, “отыз екі баулы өзбегін”, “он сан ноғайын”, “тоқсан үйлі тобырын” (әр ұлтты топ дегені де), “үш жүз алпыс үйлі қазағын” қорғаған Едігесін, қара-қыпшақ Қобыландысын, Ер Көкшесі мен Ерқосайын әлі күнге дейін төбесіне көтереді, пір тұтады, Әз-Жәнібегі мен Асан-Қайғысын, Керейі мен Баба Түкті шашты Әзизін әулие санап, күмбезін көтереді. Өкінішке орай, бабалар жасаған дәулет пен олардың аруағына біз қайтарған сәулет әлі сәйкес болмай жатыр. Қол қысқа, тон келте... Сөйте тұра “той көбейіп кетті” деген қаңқу сөзді құлақ шалып қалады. Ал той астарында тарихқа құрмет, бабалардың ақ жолын аңсау жатқанына кей-кейде жігі назар аудара бермейміз. Сөйтіп жүріп ұлттық идеологияны, патриоттық тәрбие ісін, оның теориялық және философиялық

негіздерін басқа өңірлерден іздейміз. Бірақ таппай жатырмыз. Бәлкім, кінә өзімізден емес те шығар. Әрине, басты күнәкер – сана-сезімімізді, ұлттық менталитетімізді құрсаулаған ұзына ғасырлық отаршылдық жүйе үйреткен отаршылдық стереотип болар. Әдетте, санасын отаршылдық уыт шалған ұлт өз мүддесін жария түрде айта алмайды, отаршылдықтың бастапқы кезеңінде қожа ұлт (метрополия) айтқыздыртпайды, онан кейінгі дәуірлерде отарланған ұлттың өзінің де ашық айтарлық хал-жайы болмай қалады, ал отаршылдықтың уыты бойын әбден билеп алғаннан кейін отаршылдық жағдайын әдейі айтпайды, тіпті отаршылдық сана ұлттық игілік болып көрінеді. Мысалды алыстан іздеп керегі жоқ. Кейінгі кездері жастарымыздың қазақ тілінен, мәдениеті мен дәстүрінен жатсынуының объективтік шарттары басым жатқанын мойындаймыз: мектеп аз, оқу-құралдар тапшы, мамандар жоқ т. б. Бірақ кісінің өз басына байланысты, көкейге байланысты, субъективтік жағдаяттар аз ба? Бұлар орысша сөйлегенді, балашағасын орысша тәрбиелегенді, орысша киініп, жүріп-тұрғанды күнделікті тіршілікке қажет деңгеймен шектелмей, оған әсіре мән беріп, мақтан ұстанатынын, артықшылық санайтынын, әдейі “көз үшін” жасайтынын біліп те, көріп те жүрміз. Дәл сол кезде өзінің ұлттық өркениетті табанының астында жатқанын, сол арқылы өзін ғана емес, өзімен қандас өзгені де төмендетіп тұрғанын сезінбейді, сезінгісі де келмейді деу аз, әрине сезінеді, бірақ өз қандасын кемсітіп тұрғаны оған аса жағады, қиялын рахатқа бөлейді.

Мұндай көріністердің ең сорақысы сол – ұлттық-әлеуметтік ытырыныс я жоқ, я аз, ұлттық өркениетті жақтаушылар жоқ. Осындай кері әрекеттерді көре, біле тұра, оған наразылық жасар жан, тапшы, әдетте, үлкен – аға, кіші – іні табылмай жатады. Қуанышқа орай, әзірше бұл жаппай заңдылық емес, керісінше, заңдылықтың бұзылуынан туған қисық бұтақ қана. Бірақ қисық бұтақ құралып, орман болмасына кім кепіл? Демек, оқу-тәрбие, көпшілік мәдени-ағарту мекемелері қазақ тілі мен әдебиетін оқытумен шектеліп қалмай, ұлттық өркениетті әдейі

менсінбеуші ұлт өкілдерімен күрес тәсілін де игеруі керек. Ондай тәжірибе азаттық жолына көшкен Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде жетерліктей.

Енді бұл мәселелер XVI ғасырғы қазақ қоғамында қалай шешілген екен, соған тоқталып көрелік. Бәлкім, ондай тәжірибе өзімізден де табылып қалар.

Әр қоғамда әр түрлі әлеуметтік-саяси әрекеттердің бағытын бағдарлайтын жойқын рухани-философиялық заңдылықтар болады. Ол заңдылықтар жария түрде де әрекет жасауы ықтимал, бірақ оның әсерін жеке адам тұрмақ, жалпы қоғам сезінбеуі мүмкін. Қоғам дамуына астыртын әсер ететін әлеуметтік күштердің бірі ұлттық зейін, ұлттық менталитеттің құрама бөлігі. Ол ұлттық зерде, ұлттық сана-сезіммен қабаттас тұрған құбылыс болғанмен оқшауырақ тұрады, әдетте оны әлеумет Алла-тағала, бұйрығы, тәңір ісі деп қарайды, ал ғылым болса, оны кейінгі кезде ұлттық пассионарлық идея деп атап жүр. Ұлттық зейіннің күш-қуаты өзіндік қимыл-әрекет жасауға жетерлік дәрежеде болса, ол бөгде, әсіресе, сыртқы, тысқары өшпенді де жауыз күштерден жасқанбай, жалтандамай өзіне өзі жол ашып отырады (мәселен, қазіргі уақыттағы орыстың урашыл ұлттық патриоттары). Ал, керісінше, өзін әлсіз, әлжуаз, балаң сезінсе, қолдаушы күштер қуатсыз жатса, ұлттық зейіннің астыртын, жария емес әрекетпен шектелгеннен басқа шарасы қалмайды. (Бұны мысалсыз да түсінуге болады). Ұлтымыздың тарихында мұндай рухани-философиялық күш әр дәуірде бой көрсеткен, талай қысыл-таянда елге даңғыл жол тауып берген. Мұндай күш деп XV–XVI ғасырдағы қазақ идеясын атауға болады.

Қазақ Ордасының құрылуына байланысты тарихи материалдарды бағамдап қарасақ бұл дәуірді “Қазақтың Ел Болу Дәуірі” деп атауға тұрарлық екен. Ол кезде “сен қайтсен де қазақ бол!” деп, күшпен насихат жүрмегені мәлім. Керей мен Өз-Жәнібек ешкімді қазақ қылмаған. Ол заманда қазақ болу, қазақша сөйлеу, ән-жыр айту, қазақша жөн-жоралғы өткізу әлеуметтік мәртебе болған. Бұл жағынан күні кеше Желтоқсан

уақиғасынан кейін балаларымызға жаппай домбыра үйретіп, қазақ балабақшалар мен мектептерге жетектеген сергелдең еске оралады.

XV–XVI ғасырдағы Қазақ Ордасындағы күллі әлеуметтік күштер бағытының тоғысы қазақ деп басталып, қазақ идеясымен сабақтасып жатқанын көреміз. Өйткені, қазақ болу идеясымен еркіндік, азат болу идеясы, Өзбек ұлысының (1420–1468) ханы Әбілқайырдың (1412–1468) қысымынан құтылу идеясы іштей қабысып кетті. Қазақ Ордасының пайда болуы салдарынан Өзбек ұлысы жай ыдырап қана қоймай іргелі 2 мемлекеттің, бауырлас 2 ұлттық, 2 мәдениеттің, қыпшақ және қарлық диалектілеріне негізделген қазақ және өзбек деп аталатын 2 тілдің қалыптасуына жол ашты “Қазақ” деген ежелгі көне атаудың өзі де “еркін болу”, “бос болу” (“қаш”, “кез”) деген әлеуметтік мағынасынан айырыла қоймаған еді. Енді ол этникалық-саяси жаңа мәнге ие болды, ұранға айналды. Сондықтан, сахараның түкпір-түкпірінен Қазақ Ордасына босқан халықтардың шағын мезгіл ішіндегі 20–30 жыл арасындағы санын тарихи мәліметтер миллионнан асандығын арнайы атап жатады. Қазақ идеясына ынтыққан Дешті-Қыпшақтың ұлттары мен ұлыстарының әрекетінен туындаған, (бізге мәлімі бар, мәлім емесі бар) күллі уақиғалар қатпары бізге жеткен тарихи мәліметтерден кем болуы мүмкін емес те еді, егер мұнан кем болғанда басымыз қосылып жеке ұлт болу асыл арман болып қала берер де еді, онда елге де, жерге де, тілге де, Дешті-Қыпшақтан мирас мәдени мұраға да, ұлттық салауатқа да ие боларлықтай, түбінде тәуелсіздік туын жаңа заманда қайтадан тіге алмас та едік. Расында, тіге алмағандар қаншама? Демек, 1991 жылы тәуелсіздікті аса үлкен шығынсыз, негізінен алғанда кедергісіз жариялауымыздың түп-тамырында 1465–1466, 1721–1757 жылдардағы уақиғалар да, сол уақиғаларды туғызған аруақты ағалардың рухы жатты. Сондықтан, оны XX ғасырдың аяғында жүзеге асыру оналтайлау тұрды. Бұлар, әрине, іргелі әлеуметтік-философиялық заңдылыққа татырлық құйысқан тістескен өзара сабақтас құбылыстар. Ресми тарихын отаршыл бөгде ұлт

жазған ұлттар өз тағдырын өзі іштей біріктіретін ұлттық зейін идеясына қанық болмауы мүмкін емес. Тарихи таным қоғамдық сананың құрамдас бөлшегі ретінде тарихи қажеттіліктен туындайды. Іргелі әлеуметтік-саяси құбылыс дүниеге келгенде белгілі бір жеке топтың мүддесін ғана мұғдарлап келеді деген Маркстік социологияның қате түсінігі еді. Марксизм-ленинизмнің шырмауына іліккен қазіргі қазақстандық тарихи-методологиялық көзқарасқа ашық наразылық білдіруге болады. Қазақ Ордасы ту тіккенде ол қоғамдағы әлеуметтік топтар мен жіктердің баршасына ортақ дәулет саналды. Бастапқы кезеңде Жошы ханның белгілі бір ұрпағы қазақтың дербес мемлекетінің орнығуына, ұйымдасып, күшеюіне ұйытқы бола алды, әрине. XV–XVI ғасырдағы қазақ қоғамындағы, әсіресе, Қасым хан мен Ақназар арасында саяси әрекеттің басым болуы сонан. Дешті-Қыпшақ халқы ордалардан сан-алуан түрлеріне, “Алтынына” да, “Күмісіне” де, “Теміріне” де тойып болды. Енді күн тәртібінде Қазақ Ордасы тұрды. Кіндікті Азияның назары қазақтың аспан түсті көгілдір туына түсті.

Қазақ Ордасы о бастан-ақ көптің батасымен шаңырақ көтерді. Орданың іргетасын қалаушылардың ішінен маңғыт пен ноғайды, мұңғыл мен ұйғырды, өзбек пен қазақты, найман мен керейді, дулат пен қаңлыны, арғын мен алшынды, қоңырат пен қыпшақты кездестіретіміз сондықтан. Хандық кіндікті Азияның көптеген ұлттары мен ұлыстарының ежелден аңсаған ортақ дәулеті болды. Ақсақ Темір, Шибан, Шағатай әулетімен толассыз шайқаста жүрген Монғолстан ханы Есен-Бұға болашақ Қазақ Ордасына өз ұлысының ең шұрайлы өңірінен жер кесіп берді. Ол жердің аты Қозы-Басы, қазір Дегерес кеңшары орналасқан өлкеден Шу өзеніне дейінгі аралық. Енді Орта Азияда бесінші күш пайда болды. Біршама уақыттан кейін Кіндікті Азия сахнасына қазақтың ата жауы Қалмақ шықпақ. Демек, бұл – Қазақ ұлысы болашақ оқиғалардың алдын алып, XVII–XX ғасырларда болмақ ұлт-азаттық жанталасқа дайындық жұмыстарын бастап кетті деген сөз.

Зерде. 1997. №1

Келіпті көкжарлыдан Көкжал Барак

Егемендік алғаннан бері қазақта той көбейіп барады. Әрине, тойшыл, ойын-сауықшыл ауылдың қойы бағусыз, қазаны асылусыз, егіні орылусыз қалатыны да рас. Сондықтан тойдың жиіленіп кеткені кейбіреулердің наразылық сезімін де тудырып жатады.

Дегенмен, аты өшіп өз кезегін үш ғасыр күткен ардагерлердің аруағын ойлағанда атқарылып жатқан игілікті істерге тәуба дейміз, осының өзіне шүкіршілік айтып, тіземізді бүгеміз. Абылайдан кейін атаусыз қалған батырлардың бірі – Қаракерей Қабанбайдың жансерігі, “Абылайдың хан батыры” атанған Көкжарлы Көкжал Барак. Оның аруағына бағышталған 290 жылдық мереке – Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы, Теректібұлақ ауылында қыркүйектің 25–26-да өтпек.

Әр халықтың тарихының иірім-қайырымдарында әлеуметтік процестерге тигізген ықпалы жағынан әртекті әрекеттерімен белсенділік танытқан ортақ есімді қайраткерлер кездесе береді. Мұндай тұлғалар әсіресе қазақ тарихында мол. Мәселен, Қазақстанның тарихына қатысты жылнамаларда бірнеше Қарахан, Әбілқайыр, Абылай, Жәнібек, Тұрсын, Қасым, Жәңгір, Шыңғыс, Жошы, Батыр, Есім, Тәуке, Сұйық, Уәли атты адамдар көп. Тек Барак есімді адамдардың сарғыш тартқан жылнамалар парағына із тастағандарының толық емес саны – оннан астам. Сондықтан шығар, Қазақстанның әр түкпірінде Барак туралы аңыз-әңгіме қозғала қалса, “қайсысы еді?” деген алмастырып біріне таңамыз. Бәлкім, аруақ үшін сауап та шығар. Бірақ тарихи сана үшін қиянат. Жаңсақтық ізі ауыз-екі әңгімеде ғана қалса қайтейік, кей-кейде әдеби шығармалар мен баспасөз бетіне де ауысады. Мәселен, “Үш Барак” мақаласында (“Жұлдыз”, № 1, 1985 ж.) Нәубет Көшекбаев Қабанбаймен қатарлас XVIII ғасырдың “көк жал” Барағымен беттестіреді. Екі Барақты да өз көзімен көріп, дастархандас болғандай, пікірін тік тастайды, сынаржақ тұжырым түйеді, сайып келгенде оқырманға тарих уақытында бұлыңғыр хабар береді, ақиқаттың жүзіне көлеңке

түсіреді. Өкінішке орай, мұндай қателіктерді Абай аудандық “Совхоз туы” газеті (12 қараша 1985 ж.) Ақтөбе облыстық “Ақтөбе” газеті (16 мамыр 1991 ж.), тіпті ғылыми басылымдар да қайталайды. “Солтыбайдың Барағы мен Көкжал Барақтың ауысып түскеніне таңым бар. Осы екі Барақты ажыратар тарихи дерек болмағаны ма?” – деп, қынжылады бізге жолдаған хатында Семей облысы Көкпекті ауданынан белгілі айтыс ақыны, қадірлі шежіреші ағамыз Қалихан Алтынбаев мырза. Осы жайды, Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданынан ауыл шежірешісі, еңбек ардагері Сейілхан Нұрғазин де қайталайды. Неге болмасын? Бар. Тарихи жылнамаларда Барақ көп дедік. Бірақ Барақтың да Барағы бар. Біздің әңгімеміз – үш жүзге аты мәлім, Абылай ардақтап өтке, “хан батыры” атанған Көкжарлы Көкжал Барақ. Осы қателіктерді онан арман шиеленістіре бермей, мәнісіне тоқталып, Барақ біткеннің жолын ашалық.

Тарих – жеке адамдардың өмірбаянының тізімі емес. Жылнамалар бетін есімі сілемдеген адамдардың барлығы тарихи тұлға бола алмайды, өйткені олардың ішінде елін қорып, қорғаныш болғаны да бар, туған халқына бұғаулық тастап, сүліктей жабысып, қанын сорғандар да жетіп жатыр.

Тарихи ізденістің бағдар-бағыты – халық өмірінің өткенін ақиқат негізінде талдап, прогресшіл салауатын сүзу, тағлымын алу, алға беттеген аяққа оралғы болған кезеңдеріне бүгінгі күн талабынан бағалаумен өлшенеді. Адамдардың тарихи іс-әрекетін ақиқат негізінде мұғдарлаудан таю ірі қателіктерге ұрындырғанын енді сезіндік. Қазақстандай бай өлкеге иелік таныта алмай жатқандығымыз – тарихи зердесіздік деген індетке ұшырағанымыздан. Ол дерттен айығу да оңай бола қоймас. Қазақстанның өзі ашқанның алақаны мен жұмғанның жұдырығында кеткен соң, оның тарихы қалай болса, солай жазылмады ма! Баяғыда жер дауы болып, Көксала деген өзенге талас туғанда Ақтайлақ би: “Көксалаға ең алғаш Найман қонған, екінші Қазаннан келген ноғай қонған, онан кейін қалай болса, солай қонған” деген екен. Қазақстан көп ғасыр “қалай болса солай қонған өлкенің” кебін киді. Өткен дәуірдегі елінің де,

жерінің де, оның тарихи тұлғаларының саяси және әлеуметтік дидарын анықтау – тәуелсіз елдің еркін азаматтарының ғана қолынан келмек.

Барақ ныспылы адамдардың барлығының ғұмырбаянына тоқтай беруден аулақпыз. Дегенмен, кейбірін, әсіресе, Көкжал Барақпен шатастырып жүргендеріне назар аударғанымыз жөн болар.

Барақтың ең үлкені –1423–1428 жылдардағы Ақ Орданың ханы, “ақылгөй” – атанған Әбу Сейіт Әз-Жәнібектің атасы, әйгілі Жиренше шешеннің бабасы. Туған жылы белгісіз, Қазақ хандары мен ханзадаларын, төрелері мен сұлтандары зәуатының түп атасы болып келетін де – осы Барақ-хан. “Барақ” деп ат тергеу де осыдан қалған шығар, сірә. Өйткені, оның есімі қазақ хандарының қолына ұстаған көк асабасына айналды. Ол, Шыңғыс ханның Жошы тұқымынан тарайтын Орыс ханға немере де, Құйыршық ханға кіндігінен туған ұл болып келеді. Ақ Орданың астанасын Сыр бойына жақындатып, Сығанақ бекінісін салдырған да, Ақсақ Темір мен монғолдар әулетінің толассыз шабуылдарына тойтарыс беріп, қорғаған да, қанкешті шайқастардың бірінде 1428 жылы Жетісудың монғол сұлтаны Махмұт оғданның қолынан қаза тапқан да – осы Барақ. Барақтың аса үлкен ерлігі Сығанақ шаһарын Ұлықбектің шабуылынан азат ету кезінде байқалды.

Осы ғасырдың жай-күйін білдіретін деректерде кездесетін тағы бір Барақ Самарқан ханы – Наурыз Ахмет. Ол – Сибан (Шейбани) тұқымынан. XIV ғасырдың бас кезінде де Шыңғыс ханға шөбере, Шағатайға немелтай болып келетін Барақ есімді хан өмір сүргені белгілі. Осы Барақтың Туа деген ұлын белгілі ғалым академик В. В. Бартольд “Шағатай мемлекетінің шынайы негізін қалаушысы болды” деп жазады.

Бұл Барақтар – Қазақ мемлекетінің байрағын сахара төсіне тігілгенге дейінгі дәуірлерде өмір сүргендер. Қазақ әлеуметінің қысыл-таяң кезінде Барақ аттас қайраткер – шекті руының сұлтаны. Ол орыс мемлекетіне қосылу саясатына алғашында ашықтан-ашық қарсы болады. Дегенмен, кейінірек 1735 жылы

билігін Орталық Қазақстанның Найман мен Арғын руларына жүргізіп тұрған тұста Найман елінің тағы бір ханы Күшік екеуі орыс мемлекетіне бағынбақ болып ант береді. Алайда, артынан бұл анттың тілдің ұшымен ғана айтылғаны анықталады. Жаманқала бекінісінде 1748 жылдың тамыз айының басында болған Тевкелевпен болған келіссөзден соң ордасына оралған Әбілқайыр ханның алдын осы Барақ тосып, қарулы қолмен қамап, ханды қанжарлап өлтіреді. Кейінірек Кіші жүзде хан тағы талан-таражға түскенде оған Барақтың ұлы Қайыпты отырғызбақ болады. Әбілқайыр ханды өлтірген қылмысы үшін жазалаушы билер тобын бұл Барақ өзі белгілейді: “1758 жылы (1748 жылы. – С. А.) Орта жүздің ең мықты сұлтаны Барақ Кіші жүздің Әбілқайыр ханын өлтіріп, өзін жазалайтын төрт төбе биді қазақ билерінің ішінен өзі таңдайды. Олардың арасында Ұлы жүздің Төле биі мен Кіші жүздің Әйтеке биі бар еді”, – деген, Шоқан Уәлихановтың мәліметіне кейбір басылымдарда қарсы пікір айтылып жүр (“Қазақ әдебиеті”, 14 тамыз 1992 ж.). Бірақ, билер Барақтың ісін ақтап жібереді. Кісі өлтіріп, қылмысты бола тұрып, тағдыр-таралғысын шешер би құрамын өзі таңдап, Орта жүз билерінің жуан ортасында аяғын алшақ басқан сұлтан Барақтың бұл әрекеті қазақ халқының Орыс мемлекетіне қосылу ісінің қан кешті талас үстінде өткендігін әртүрлі әлеуметтік топтардың өзара саяси таластары тоқырай келе, кейде қару мен күшке арқа сүйегенін аңғартады. Билер сотынан ақталған Барақ Әбілқайырдың мирасқорларының кегінен қорғанақтап, жоңғар қарамағында қалған Ташкентке келіп, бас сауғалайды. Ташкент маңындағы Орта жүзге жататын Қоңырат руларына хан болып, көп ұзамай 1751 жылы (Шоқан 1749 жылы дейді. – С. А.) у ішіп өледі.

Шоқан “Қалдан Цереннің тархан грамотасы” деген еңбегінде осы Барақтың Хиуа ханы Қайыптың атасы, Батыр сұлтанның әкесі деп көрсетеді. Бірақ бұл дерек Шоқан түзген хандар мен сұлтандар шежіресінде көрсетілмейді. Шоқан қара сөзбен жазып, орыс тіліне аударған Бұқар жыраудың толғауындағы қорқақ батыр Ханбаба осы Барақтан тарайды.

“Татар мен сарт біткен “Мұхаммед!” деп аузынан тастамайды, онда сол Мұхаммедтің жаман жігіт болмағаны ғой, сірә”, – деп жүрген де осы Барақ, Шоқан келтірген бұл мысал осы Сұлтанның мінезінің осалдау бір қырын танытқандай.

Абылайдың Тохта-ханым деген әйелінен туған Сұйық сұлтанның ұлының да есімі – Барақ. 1853 жылы әкесі Сұйыққа салған күмбезі құлап, топырақ астында қалып, өле жаздағаны бар екен.

Ендігі әңгіме кезегі 1813 жылы туған Солтыбайдың Барағына ойысады. Поляк революционері А. Янушкевич Барақтың шойын зеңбіректі қос қолымен көтеретінін жазып, дене бітімінің мықтылығын жоғары қояды, 1848 жылы оның 35-ке келгенін айтады.

Жақсы болсаң да қарағым,
Жаман болсаң да қарағым.
Солтыбай маған бере ме,
Асыл туған Барағын, –

деген ел ішінде мадақ бар. Әсілі, Тобықтының Құнанбайы мен Үйсіннің Үрістем төресінен ығыр болған Найман елі үмітін осы Барақпен байланыстырса керек. Бірде ағайындарына өкпелеп, Үрістем төренің ауылына көшпек болған Барақты Сабырбай ақын бірауыз өлеңмен тоқтатыпты. Ақын Сара да Біржанмен айтысында:

Қайсың бар хан Бараққа теңгерілген,
Күшімен Арғын, Найман меңгерілген.
Есіл ер аруақ біткен заманында,
Тоқтыдай сан тобықты өңгерілген, –

деп, Барақтың Құнанбай заманындағы “ерліктерін” тізеді. Шынында да Барақ пен Құнанбай өмір бойы тіресіп өткен жандар. Қу, ақылды, айлакер Құнекеңе қарағанда Барақ қара күштің адамы болып көрінеді. Бірде Құнекеңнің жылқысы Тобықты шетінен асып, Барақ қыстап отырған Айғыржалға шығып кетіпті. Жылқышылардың қосына Барақ келіп, үндемей ғана ызғар танытқан екен. Барақтың артынан іле-шала қосқа түскен Құнанбай жылқышыларынан:

– Қосқа кім келіп кетті? – деп сұрапты.

– Танымадық. Еңгезердей біреу келіп кетті. Қабағын ашпады. Ыстық сорпа ұсынып едік, қар қосып ішті, – деп жауап беріпті жылқышылар.

– Е, онда ол Барақ болды. “Бұл жерді босат!” дегені екен. Енді көшпей болмайды, – депті Құнанбай.

Дулат Бабатайұлының осы Солтыбайдың Барағына арнап айтқан ұзақ толғауы да бар. Әлеуметтік өресі биік бұл толғау басынан аяғына дейін сұлтанның халыққа көрсеткен қиянатын баяндайды.

О, Барақ жас, Барақ жас,
Жегенге тоқ, ішсең мас...
Қазіргі қазақ ұлығы
Жаман иттен несі кем?
Жемтік көрсе, қан көрсе,
Айрылар мұнда есінен.

Барақтың жағымсыз қылықтарын тізе отырып, оның ата-тегін де айта кетеді:

Сендер атқа мінген соң,
Тандыр болып суалды.
Шалқар көлдей несібем...
Әбілпейіз арғы атаң...
Тұсыңда сенің, хан Барақ,
Азулы бейне, аң Барақ,
Содырлы, сойқан төлеңгіт
Елге қарап анталап,
Ашышанда таптады,
Ел етегін қымтады, –

деп Дулат халық атынан шынжыр балақ, шұбар төстермен ашық айтысқа шығады. Біздің бұл жерде бір түйеріміз: Солтыбайдың Барағы төре тұқымынан, сұлтан. Барақтың әкесі Солтыбай Абылайдың төртінші әйелі, қырғыздың Сарғалдақ әулиесінің қарындасынан туатын Тоқ деген ұлынан тарайды. Солтыбайдың әкесі – Пірәлі.

Осыған дейінгі сөз еткендеріміздің барлығы, Шыңғыс нәсілінен тараған сұлтан Барақтар. Алайда тарихтағы көп Барақ ішінде қалың, қара орман қара қазақтан шыққан Барақ бар.

Ол XVIII ғасырдың айтулы батырлары Бөгенбай мен Қабанбайдың үзеңгілес досы “көкжал” атанған Көкжарлы Барақ. Халқымызға сіңірген аса ірі батырлығына қарамай, осы ардагердің аты тарихшылар тарапынан тиісті бағасын ала алмай жүр. Есімі ел есіне еркін сіңбеген Көкжарлы Барақ көбіне Әбілқайыр сұлтанды өлтірген сұлтан Барақпен шатастырылады. Қазақ энциклопедиясы Барақтың достары мен қаруластарының көпшілігін (Райымбек, Қабанбай, Бөгенбай, Шыңғожа, Малайсары, Олжабай, Жәнібек, “Қаз дауысты” Қазыбек) жеке-жеке, қадау-қадау арнайы мақалалар арқылы атайды. Бірақ “көкжал” Барақ дегенде жұмған аузын ашпайды, арнаулы мақала бермейді. Кечуа, Ирокез, Отты жер аралын мекендеген тайпалардың көсемдері туралы мәліметтерді оңай сүзуге болатын энциклопедиялық басылымнан халқы үшін қан майданға шыққан қазақтың хас батыры туралы материал табылмауы орны толмас олқылық қана емес, ұлттың тарихи санасына жарақат түсіру. Қазақстан тарихының тиісті тармағында да “көкжал” Барақтың ел үшін күресі, көшелі қызметі аталмаған. Ш. Уәлихановтың шығармаларына берілген түсініктемелерде де бірнеше Барақтың бастары бір ауыз сөзге сыйып кеткен. Мәселен, Н. Көшекбаев “Үш Барақ” мақаласында: “аттары қазақ халқына әйгілі үш Барақтың ішінде “Көкжал” (“Көкжал” деп оның өжет мінезіне қарай жергілікті халық атаған. Дұрысында бұл да – сұлтан Барақ) Барақ бар. Ол 1848 жылы 35 жаста болған” деп жазады. Автор осы тұжырымын тарихи деректермен тұжырымдаудың орнына, А. Янушкевичтің күнделігін ашықтан-ашық бұрмалауға барады, өз жанынан сөз қосады: “Бұл жабайы әскерді белгілі қазақ батыры Көкжал Барақ сұлтан басқарды” деп тарихи материалдарды өзінше “иіп” келтіреді Янушкевич жолжазбасын мақала авторы. А. Янушкевичтің 1979 жылы “Жалын” баспасы шығарған “Күнделіктері мен хаттарының” 129-бетін енді біз

ашып оқылық: “Бұл жабайы әскерді белгілі қазақ батыры Барак сұлтан басқарды”. “Көкжал” деген сөз атымен жоқ. Сұлтан Барақты “Көкжал” атауға ізгі жанды А. Янушкевичтің ары да, аузы да бармаған екен. Дегенмен, Н. Көшекбаевтың Асау Барак турасындағы материалдары кісі иланарлық дәрежеде жазылған.

Ел аузынан жиналған деректер негізінде жазылған М. Түңлікбаевтың да “Бұлғақ шешені” де “Үш Барак” мақаласының үлгісінде түскен. Автор, Шоқан Уәлихановтың 1770 жылғы Көкжал Барақтың тағдырына дөп келген Қошқар-Ата сапарын баяндап отырып, өзі жақсы білетін Құнанбай мен Базаралының тұстасы Солтыбайдың Барағынан бір-ақ шыққан. Алайда, Көкжал Барақтың сауыт-сайманы туралы хикаяның негізгі сарыны дұрыс (“мынау – құба қалмаққа (жоңғарлар), мынау – қара қалмаққа (Еділ қалмақтары), ал мынау қырғызға шыққанда киетін сауытым”).

Барақтың қару-жарағы Барактан тараған ұрпағының арасында 1930 жылдарға дейін сақталып келгені мәлім. Туыстары мінәжат еткен, мақтан тұтқан. Т. Қайырбаевтың этнографиялық дерегіне қарағанда, Барақтың дулығасының ішкі шеңбері 13 сүйем екен. Бұл деректер Барақтың алып денелі адам болғандығын аңғартады. Барак ұрпағы ата-бабаларына тартқан әлі де еңселі, сүйекті, иықты келеді. Антропологиялық тегіне қарап, Барақтың “көкжал” аталуының құпиясын да аңғару қиын емес. Барақтың қазақ әйелінен туатын Бостанның ұлы Тайлақ палуан көтеріп әкеліп орнатты дейтін маматас Күршім өзенінің оң жағалауында “Қызылтас” деген Барақтың ескі жұртында жетпісінші жылдарға дейін тұрды. Аққұрыш тастан ойып алынған меңгір Енисей алқабының көне балбалдарына ұқсас, салмағы үш тоннадан артық еді, кейіннен тракторының күшін сынаған біреу құлатыпты дегенді естиміз. Бірақ Барак атымен байланысты шығыста жер аты, орман-су, сай-сала көп. Барақтың күші жеткендердің барлығына трактор да, жанармай да жете бермес, аруақ қолдар деп ойлаймыз. “Барак тастары” деген жер атауы Сібе, Қалба, Күршім, Тайынты, Абылайкет өңірінде өте көп.

“Көкжал” Барақ туралы өмірбаяндық мәліметтер тапшы, оларды қазірде тек этнографиялық деректер негізінде түзуге болады. Күршімдік Н. Айдарханов, М. Юсупов, марқұм З. Дәукеев, С. Нұрғазин, Қ. Баелов, Т. Қайырбаев, қытайлық Қалибек Манапов, алматылық Х. Әміренов және басқа да “Көкжал” Барақтың алыс-жақын тұқымдарының хабарларына қарағанда, батыр 1701–1702 жылдары Жарма өзені (кейде Сырдария өзені) бойында туып, 1770 жылы жорық үстінде, жау қолынан қайғылы қазаға ұшырайды. Барақтың әкесі Шүрек. Барақ жетім қалып, немере ағасы Шонаның қолында өседі. Қазақтың Жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресіне ерте, 15–16 жасында қатысады. Оның Абылай хан алдына барып: “Біз құба қалмақты қуып, қазақ жерін босатамыз, ал босаған жерді шұбырып көлігі неге орыстар қоныстанады, хан ием?” деп айтты деген ел аузында аңыз сақталған. “Жауды көп алады, атағы Барақта қалады” дейді Мәшһүр Жүсіп. Сөздің төркінін түсінген адам Барақтың азаматтығын аңғарады. Абылай хан мен Барақтың арасының тым жақын екеніне батырдың ата жұрты болып саналатын Қызылтаста әлі күнге дейін сақталып келген “Ханымның бейіті” куә. Француз зерттеушісі И. А. Кастанье, Абылайдың Айтолқын (Айтолын) деген бойжеткен қызы әкесінен қалмай, үнемі жорықта жүрегінің жазады. Оның жанында шашбауын көтеріп, Найманнан шыққан Жандәлі деген батыр қыз да болады. Қызылтастағы бейіт осы Айтолқынның зираты. Жандәлі сұлудың зираты да Зайсан көлінің оңтүстік жағалауында, Маңырақ тауының қойнауында. Қос батыр қызымыз да ескерусіз жатыр – не совхоз, не көше аты берілмеген. Рухани дүниеге бейғамдығымыз осындайдан байқалады.

Абылай ханның құзырына елтіген Барақтың Алатауға жасаған 1770 жылғы жорығын Шоқан Уәлиханов жазады. Осы жорықтардың бірінде қырғыздың Сарыбағыш руының батыры Атеке Жырық та, оның ұлы Қарабек те оққа ұшады. Бұл уақиға туралы Бұқар жырау:

Ұлы сәске болғанда
Жасаған жақсы жол беріп,
Жол бергенде мол беріп.
Ойламаған бақ беріп,
Қырғызды тәңірім қақ бөліп,
Садырбала: “бітем!” деп,
Әтеке: “соғыс күтем!” деп,
Бірі көнбей біріне
Садыр кетті бөлініп,
Соғысудан түңіліп,
Әтеке-сынды жырықтың
Қабырғасы сөгіліп... –

деп толғайды. Алайда, Қошқар-Ата маңында Абылай тобына қырғыздар қатты тойтарыс беріп, Барақ кашып құтылады. Осы оқиға қырғыз халқының жадында мәтел түрінде: “Жалды Барақ кашқанда, Байпақ би өлгенде”, – бір заманның басы, екінші заманның аяғы – болып сақталған. Қарабектің моласын Шоқан Ыстықкөл сапарында Сантас асуынан көреді. Оны кейінірек мен де көргенім бар.

Барақтың Дос деген ұрпағынан тарайтын, Шығыс Қазақстан облысы Бурабай ауылының тұрғыны 82 жастағы Айтқожа Танашжановтың мәліметіне қарағанда (18 шілде 1984 жыл) Барақ Алатаудың “Қызыл шілік” деген асуында қаза болады, Шу қаласындағы Барақ ұрпағы (Бостаннан) Қадылбек Мұхаметжанов (1938 жылы туған) баяндауынша, “Барақ Алатау асуында жерленген. Асына сойылған мал басынан Абылай күмбез тұрғызыпты. Соққан желге гуілдеп кетеді екен. Жау жақындаса сол асудан қар борап, өткізбейді екен”.

Сұлтанмахмұт Торайғыров “Айқап” журналына шығарған (1913, № 8) Барақ туралы тағы да бір аңыз-әңгімеде бұл уақиға былайша баяндалады: “Абылай хан тұсы. Қазақ, қырғыздың жаулығы асып тұрған кезі. Ол кездегі қазақтың қолбасшы батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шанышқылы Бердіқожа, Тума, Шынғожа, Көкжарлы Көкжал Барақ һәм басқалар.

Көкжарлы Көкжал Барақ пен тума, Шынғожа екеуі 2000 кісімен барып, Алатаудағы қырғыздың шетін шауып, қызыл жардан су жүргізіп, құл алып, күң алып, көп олжа малмен қайтады.

Бірақ бұлардың сапары Ақсу, Шымкент маңайындағы Қоңыратты шабуға жасанып жатқан қалың қырғыз әскерінің тұсына кез келеді. Естіген соң осы әскермен қырғыздар қуып, Шу өзені бойындағы бұларға жетіпті. Қырғыз әскері неше есе көп болғандықтан қазақтың бірін құтқармай, Барақ һәм, Шынғожа қолбасшыларымен бірге бәрін өлтіріп, бастарып кесіп алып, бір бас, бір шымнан қаланып, сол Шу жағасында келді мұра-мұнара (келлә, келде – парсыша, бас) тұрғызыпты. Сонда қырғыздың төрелері Нәдір бала мен Сәдір бала: “Көкжарлы Көкжал Барақты алдым, жалғыз көзді қарақты алдым”, – деп мақтанады екен. Қырғыздар сол бетінде Ақсу, Шымкенттегі Қоңыраттарды шауып, еліне қайтыпты.

Қырғыздың бір бас, бір шымнан келдімұра тұрғызғанына қазақ болып намыстанып, Абылайға хабар берген соң, Абылай қырғызға қол жиып аттанбақ болады. Абылайдың жалаңаш жүргендіктен Жалаңаш баба атанған бір диуанасы бар екен. Ұрысқа аттанарда әр уақыт сонан бата алып, соның рұқсатымен аттанады екен. Бұл жолы Жалаңаш баба Абылайдың бата сұрарын біліп қашыпты. Абылай: “одан бата алмай жүрсем, жолым болмайды” деп, іздетіп, Ертістің бойындағы жалғыз ағаш түбінен тапқызып алыпты. “Кәпірге ататын жалғыз оғым бар еді, мұсылманға атпайын деп қашып едім”, – депті Жалаңаш баба. Мұсылман мұсылманның етін итке жегізіп, басынан келдімұра тұрғызып, осынша қорлай ма екен. Жүрмесең, құдай алдында достық хақымды кешпеймін, – дейді Абылай. Жалаңаш баба Абылаймен бірге бармақ болады.

Сүмбіле туып сүмпііп, ат семіріп күмпиген уақытында Алатаудың басындағы жайлауынан түсіп келе жатқан мезгілін аңдып, үш жүздің басты батырлары мен Абылай қалың әскер ішінде Шудың бойына түсіп, манағы бастан үйілген келдімұраның түбіне келіп қонады. Бастарды көріп айналып,

көзінен жасы ағып, мойнына кісесін салып, астындағы боз жорғасын күннің батысына қаратып бауыздатып, етін тараттырады.

Шудың бойына түскен ел болса, біліп қайт деп жіберген 50 кісі шолғыншылары бір тайпа елді шауып, таң ата қайтып оралады.

Абылай қолға түскендерден 2 адамның құлағын кескізіп 2 қолына ұстатып, ол кездегі қырғыздың басшылары – Әтеке хәм Нәдір бала, Сәдір бала деген батыры бар 8 ұлды Жайлыханға жібереді хәм оларға мынадай сөз тапсырады: “Оның 1 жылғы төлін мен алдым, менің бір жылғы төлімді ол алды. Құмар тарқап, кек бітетін болмады. 3 күнге шейін осы келдімұраның түбінде тосамын. Не келім менің қаныма ол тойып кетсін, не оның қанына мен тойып кетейін”.

Екі күн өтіп, үшінші күн толарда, таң сызып келе жатқан уақытта найзадан күннің көзі көрінбей Нәдір бала, Сәдір бала, Әтекенің әскері келіп түсті. Келе-ақ екі жақ беттескен жерде қырғыздар оқ атып, Абылайдың әскерін бұзып әкеп, шатырға тықты. Манағы диуанаға: “Енді қайтем, Жалаңаш баба!” – дейді Абылай. “Сәске көтерілгенше ол атса да сен атпа, ол шапса да сен шаппа. Сенің оғың оларға сәске көтерілген соң дариды. Осы күні сағат оларға ауып тұр, қырылғаның қырыл да, қалғаның орнында тұра бер! – дейді Жалаңаш баба.

Абылай сәске көтерілгенше амалдап, тыныс алмақшы болып, бітім сөйлесейік деп, Қоралас ұлы Ер Жауғаш (Арғын) деген жігітті елшіге жібереді. Елші бастап Әтекеге, онан Нәдір бала, Сәдір балаға келіп:

Елден астың, ер Сәдір!
Елдеселік кел, Сәдір!
Шу, Таласты жайлалық
Жағалай бие байлалық!
Ханның айтқан билігі,
Абылай деген төренің
Бәрінің айтқан жарлығы, –

деді.

Сонда Нәдір бала аса мақтанып кетіп:

Бұл шетіңнен кірмесем,
Ол шетіңнен шықпасам,
Абылай деген сартыңның.
Үстіндегі қамқасын,
Қан қылмай алып кимесем.
Қоралас ұлы ер Жауғаш!
Қамшы тиер мойныңа,
Қан сорғалар қойныңа,
Бітім жоқ, кейін қайт!
Қара тұр да ойныма!–

деді.

Ер Жауғаш қайтып барып, сұрағандарға үндемей, көзінен жасы тамып, Абылайдың шатырының алдына келіп тұрыпты. “Неге үндемейсің, жаным?” – дейді Абылай.

Хан Абылай, Абылай!
Сөзін сұрап не етесің?
Оның сөзі шын болса,
Су түбіне кетесің.
Ол Көкжал Барақты алған.
Жалғыз көзді қарақты алған.
Шымкентте елің шабылған.
Ақсу менен Іледе
Аққан көзің табылған
Күрені бұзып түнде алған,
Күймені бұзып қызды алған.
Шашы меткел құндыздай,
Көзі жарық жұлдыздай.
Көгенделген ұл-қыздай!
Жоғары жақты шу қылған,
Төменгі жақты ду қылған.
Өтірік емес, шын қылған,
Өктем-өктем сөзі бар.
Оған карағанда

Құдайдың бізге
Берер кезі бар, –

дейді Ер Жауғаш.

Сонда Таманың бір батыры: “Бір жалаңаш сарттың тіліне еріп, оққа иіріліп тұрып қырыламыз ба?” – деп, атын екпіндетіп, Абылайға таман келе берген кезде аты тулап жығып, ортан жілігі үзіліпті.

Қоралас ұлы кеткен соң, Өтеке: “Бітімге келсек келейік. Сүйенген пірі күшті екен, жорта антты бізге аударғалы тұр екен”, – дейді. Нәдір бала болмапты. Болмаған соң Өтеке өкпелеп, 2000 кісімен бөлініп, еліне кетіпті.

Сол арада сәске болып қалады. Жалаңаш баба жерден бір уыс топырақты алып, жауға қарап шашып: “Ал енді шабыңдар!” – дейді.

Қу адасқан тұман, құлан адасқан шаң болып, ат бауырынан қара қан аққан соғыс болады. Ақырында Жайлыханды 8 ұлымен қабат ұстап алады. Жайлыхан 88-ге келген екен. “Қу сақал әлі арманың біткен жоқ па? Қазақтың қанына тойған жоқ па едің? Алжуға таянғанда соғысқа сен не іздеп келдің? Басыңды кескелі отырмыз. Не арманың бар? – дейді Абылай. “Енді арманым жоқ. Көп уақыт бала көрмей жүріп, соңғы алған тоқалымнан осы сегізін көріп едім. Ең кенжесі 8-де еді. Осы сегізінің ер жетіп, қазақты мұқатып, кек алғанын көрсем деуші едім. Сегізі бірден аттанған соң 80-нен асқанда бұлардың не қызығын, не бұзығын көріп өлейін деп аттанып едім, – дейді Жайлыхан.

Жайлыхан сегіздегі кенжесін Абылайдың рұқсатымен оңаша алып барып “Мына мені де, ағаларыңды да Барақтың қаны үшін осы арада бауыздайды Абылай. Тұқым құрту жоқ, сені өлтірмес. Абылай саған: “қайт” деп рұқсат бергенде, жылап соңынан қалмағансың “қара сүйек бір қазақтың найзасының ұшында кетемін ғой, онан да өз қолыңызбен өлтіріп кетіңіз” дегейсің. Содан хан ғой, қайырым қылып бітім жасап кетер. Ер жеткен соң шамаң жетсе, осының қаруын бір қайтарарсың, балам!” деген екен. Бұл аңызды С. Торайғыров Құрбан қажының аузынан жазып алыпты. Қазақ халқының жадында қалған

“Жайыл қырғыны” Абылай үшін Барақтың өсіп кегін алумен тамамдалады. Батыр бабасының топырағын іздеген ұрпақ оны қырғыз Алатауынан шығып, Шуға құятын шағын Ақсу өзенінің төменгі сағасынан табады. “Абылай аспас Сарыбел” де, Абылайдың атақты Сусамыр жайлауы да осы бір тентек бұлақ бастау алар таулы алқапта. Аңыз артынан тарихи оқиға бой көрсетеді. Көкжал Барақ Абылайдан 10 жас үлкен, алайда жан мен батыр арасындағы қатынас осындай жан жолдастық деңгейде өтеді. Әдетте, Көкжал қауымына мал өрісі боларлық шұрайлы жерлерді қалмақтардың ең беделді жайсандардың (мәселен Амусананың) еншісіне тиген ұлыстан тартып алады. Алтай етегінен, Ертістің арғы жағалауының көделі беткейінен қоныс алған “көкжал” Барақтың Алатауда өлуінің осындай құпиясы бар. Тағы да бар деректе Барақ Ақсудың (Таластан ағатын) Шуға құйылатын сағасында өліп, Абылай сүйікті батырының күмбезін жазыққа тұрғызды. “Нағыз ер үйде туып, дүзде өледі” дегенді қазақ бабам осы Барақтың ғұмырбаянына арнап шығарса керек-ау! Қаршадайынан ат үстінен түспеген Нарақ нағыз батырларша егес үстінде Абылайдан он жыл бұрын өледі. Батырынан айрылған хан Барақты қаһармандық рәсіммен көмеді. Сойылған малдың басын қосып күмбез орнатады.

Барақтың азан шақырып қойған өз аты да, қан майданда құрмет түрінде алған “көк жал” деген лақап аты да, Қалихан Алтынбаев пен ақын Бәдел Тұрсынбаевтың ел ішінен жинаған ауыз-екі аңыздарына қарағанда, құба қалмақтың Күрсін (осы батырдың атында қазірде Күршім ауданы аталады. Не деген мырзашылық!). Долон-хара, Арқа-ола, Тарбағатай және Шоян атты бахадурларымен сайысқа шығады. Барақтың Топжал, Баба, Өлмес, Қойбақ және Барын деген әйелдері осы қалмақ бахадурларының қыздары. Шоян жайсанды өлтірген кезде әкесінің сүйегін сұрап, қалмақ қызы Барақтың алдын тосады. Барақ – жауына есесін жібермеген адам.

Сөз соңында Қазақстан тарихының кейбір кезеңінде “Барақ” атауының жиі кездесуінің себебіне тоқтағанымыз артық болмас. “Барақ” М. Қашғари лұғатында екі мағынада қолданылады:

1. сабалақ жүнді ит; 2. бүркіт қартайғанда екі жұмыртқа салады. Бірінен хұмай құс, екіншісінен тазы шығады. Осы тазыны “барақ” деп атайды екен. Өткен кездің адамдары Барақ есіміне қызығуының себебі неде деген сұрақ та тууы мүмкін. “Барақ” атауының тағы бір ұшы араб тілімен де орайлас: “барақ” – жеңіс, мереке, береке мағынасындағы сөз. Бұл есімнің сахарада мұсылмандық салт дәуірлеу кезеңінде бел алуы оның сақ, үйсін, ғұн, XI–XII ғасырлардағы қыпшақ, XIII ғасырдағы монғол дәуірінде кездеспейтіндігінің де кепілі бола алады.

Қазақ халқының сайда саны, құмда ізі қалмай, “ақтабан шұбырындыға” ұшырап, босып жүрген кезеңде еліне қорған болған арда ағасына риза ұлт енді тәуелсіздік алып, төрт бұрышы түгелденген тұста иелік танытып, есіне түсіріп, аруағын құрмет тұтқаны – есейгендіктің белгісі.

Жуықта мен Күршім өңірінде болып, батыр ұрпақтары мекендеген өзеннің оң жағалауындағы ауылдарды аралап, Барақтың ата жұртында осы жылғы қыркүйектің аяғында өтетін 290 жылдық мерейтойына қатысты дайындық барысын өз көзіммен көріп қайттым. Ащы болса да айтпауға болмайды, дайындық ойдағыдай емес. Мынадай алмағайып кезеңде той өткізу де қиын, әрине. Әсіресе, қаржы мәселесі мүлде мардымсыз, барақ деңгейіне татымайтын дәрежеде. осы орайда менің назарым тікелей барақ ұрпақтарына түседі: “Азаматтар! “Киіз кімдікі болса, білек те соныкі”, – дегендей, баба алдындағы парыз өтелер шақ келді.

Сұрасан руымды Барақ батыр,
Қылышын жау дегенде жалақтатар.
Барақтың батырлығы сол емес пе,
Қалмақтың басын кесіп, қадақ тартар, –

дейтін.

Барақ ұрпақтары батыр бабасына қарыздар – топырақ салмаған, аза тұтпаған, асын бермеген, мұның барлығын, жоғарыда айттық, Абылай атқарған... “Өлі риза болмай, тірі байымайды”, – дейді қазақ. Мұны, ағайын, аға жасындағы адамның сөзі деп қабылдағай. “Көп түкірсе көл” деген

осындайда айтылады. Халық жәрдемінсіз той қызық болады дегенге өз басым сенбеймін.

Той да өтер, жүйрік озып, бәйге де алынар. Бірақ Барақ туралы естелік мәңгілікке қалу жағын, келер ұрпақ бабасы туралы ауыз-екі әңгімемен ғана шектелмей, кітапхана сөрелерінен батыр туралы шынайы деректер оқитындай жағын да ойластырған жөн. Барақ туралы, оның ата-тегі, үрім-бұтағы, таңғажайып ерліктері туралы кітап шығару керек.

290-жылдығына орай Барақ туралы ақын Бәделқожа Тұрсынбаевтың 1944 жылы жазылған дастаны табылып, қуанып жатырмыз. Мұны да жеке кітап етіп, көпшілікке ұсыну парыз. Торқалы тоймен қатар өтпек ғылыми конференцияның материалдарын жеке жинақ етіп шығаруда да көптің ықыласы ауадай қажет.

Барақ Өтейдің баласы екенінде дау жоқ, бірақ ол қазақтың ұлттық батыры. Батырды меншіктейміз деп жүріп, оның қазақ аспанында биікте тұрған жұлдызын төмендетіп алмалық. Облыс және аудан басшылары Барақ есімін елді мекендерге, көшелер мен мәдени мекемелерге кеңінен беруді ұмытпау ғана жеткіліксіз, оның және онымен серіктес адамдардың есімдерін Республика деңгейіне көтеру мақсатымен Қазақстан өкімет орындарына ұсыныспен шығаруды ескере жүрсін. Барақ ескерткіші де батыр тұлғасына сай болып, көптің назары түсер жерге, аудан мен облыс орталықтарына орналасуын қамтамасыз ету керек. Ол Барақ батырдың ұрпағы ғана үшін емес, отаршылықтан еңсесі езіліп кеткен қазақ әлеуметі үшін ауадай қажет.

Қазақ әдебиеті. 18 қыркүйек 1992 ж.

Жалантөс батыр Сейітқұлұлы

Ұлттық өнер мен мәдениет тарихының танымал зерттеушісі, әдебиетші, тарих ғылымдарының кандидаты, Республикалық халық аспаптары музейінің директоры Сәбетқазы Ақатаев

50 жасқа толып отыр. Газетіміздің біраз жылдан бергі белсенді авторын осы мүшелтойымен құттықтай отырып, төмендегі мақаласын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

“Біз таяуда Өзбекстанда болып қайтқан едік. Самарқант қаласының кейбір көне ғимараттарының қабырғаларына орнатылған арнайы тас плиталарға “бұл ғибадатхананы салдырған Алшын Жалаңтөс Бахадур” деген жазуды оқыдық. Жалаңтөс деген кім?”

Зәуре, Сәуле және Гүлім Оразбековалар.
Алматы қаласы.

Тарихи жазба деректер мен кейбір ауыз әдебиеті нұсқаларында Жалаңтөс есімі жиі кездесіп отырады:

Ер Жалаңтөс ер деңіз,
Елдің қамын жер деңіз.
Ел шетіне жау келсе,
“Мен барайын” дер деңіз...
Жолдастарын сұрасаң,
Отырарда Арыстан,
Ерлердің ері данышпан,
Арыстанбай аталған.
Алатауда Манасты,
Қонысы оның Талас-ты.
Жиделі-Байсын жерінде.
Қоңырат деген елінде,
Алпамыс ермен сырласты...
Көрұғлы – сұлтан Рүстем,
Олармен де белдескен,
Жалаңтөске жол беріп,
“Шері Қыпшақ Ер” дескен.

Қазақ фольклоры Жалаңтөсті Манас, Алпамыс, Көрұғлы мен Рүстем секілді ортаазиялық қаһармандық эпостардың замандасы ретінде тұлғаласа, белгілі ғалым ағамыз, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ақжан Машанов “Біздің Фараби” деген кітабында оны Отырардан шыққан ғұлама

ойшылымыздың тұстасы деп қарайды. Бұл – әрине, ұшқарылау пікір болса керек.

Шынында, Жалаңтөс кім? Беймәлім батырдың Самарқант қаласының көкпен тірескен көгілдір күмбезіне қандай қатысы бар?

Жалаңтөс – тарихта болған адам. 1576 жылы Сырдарияның Арал теңізіне қияр сағасында дүниеге келген. Халқымыздың тарихында жиі айтылатын Әйтеке бидің бабасы болып келеді. Әкесінің аты – Сейітқұл. Москвада жарық көрген төрт томдық “Әлемдік архитектура тарихы” кітабының авторлары Жалаңтөс есіміне “алшын” сөзін қосып жазыпты. Оның мәнісі мынау. Батырдың руы – алшын, оның ішінде Қазалы маңын мекендеген – төртқара. Тарихи жазба деректерде Жалаңтөс көбіне лақап аттармен аталады: “Шері Қыпшақ ер”, “Асад шері” (*асад* – арабша арыстан) “Әсет сері”. Халқымыздың тарихында Жалаңтөс есімі жиі кездесіп отырады. Белгілі ғалымымыз Әлкей Марғұланның аталарының бірінің есімі Жалаңтөс болғанын білеміз. Әсілі, Жалаңтөс деген атау батырлықты білдіретін, ешбір сауыт-саймансыз жауға атой салатын баяғының көзсіз батырларының бітімін тұлғалаудан келіп шықса керек. Бұған Жалаңтөс Сейітқұлұлының да өмірбаяны дәлел бола алады.

Жалаңтөс жас кезінде жоқшылық зардабын көп тартқан жанға ұқсайды. Дінмұхаммед ханға 12 жасынан қызмет етеді. Шешендігі мен тапқырлығының арқасында жұрт көзіне ерте шалынады. Би атанады. Жалаңтөс өз заманының ірі өмірлерінің бірі болады.

Жалаңтөстің өмір сүрген дәуірінен біраз кейін жазылған “Тарихи-Қыпшақ” кітабының авторы, Балқыдан шыққан Қыпшақхан бұл батырдың қызылбастарға жасаған жорықтарын баян етеді. Кіші жүз рулары, әсіресе алшындар Ақсақ Темір әулетінің ықпалынан босап, олардың бұрынғы астанасы Самарқантты бетке алып, феодалдық қақтығыстарды арқа тұтып, Қабыл, Мешхет, тіпті Темір әулетінің кейінгі астанасы Гератты да жаулап алу мақсатымен алыс сапарларға аттанып жүреді. Алшындардың бұл жорықтарын басқарған

Сейітқұлұлы Жалаңтөс батыр еді. Жиі-жиі өткен жеңіс салтанаты Жалаңтөс иелік еткен Самарқант қаласына жан-жақтан: Үндістаннан, Ираннан, Ауғанстаннан, Қашғариядан, Хорезмнен, Жоңғариядан, Тибеттен аса қымбат тартулар келіп түсіп жататын.

Бірақ бұл соғыстар баянды болмады. Өйткені дәл осы кезде 1635 жылы Қазақстанның оңтүстік-шығыс шекарасында жаңа феодалдық мемлекет – Жоңғар хандығы орнады да, ол өзінің сыртқы саясатын Сырдария бойындағы қазақ қалаларын басып алуға бағытталған қантөгіс соғыстардан бастады. Қазақ халқы ұзаққа созылған ауыр жағдайға ұшырады. Жоңғарлардың қазақ қолдарымен шайқасы жиілей түсті. Зеңбірекпен қаруланған жоңғар әскері қазақ жасақшыларының қатарын жиі-жиі ойсыратып отырды. Бұл соғыстың алғашқы кезеңі қазақтарға ауыр тиеді. Әр түрлі ұлыстарға, жүзге, ұсақ хандықтарға бөлінген қазақ халқының басын қосып, оны жауға ұйымдасқан тұтас көш ретінде қарсы қою – сол кездің түбегейлі саяси мәселесі еді. Біржарым ғасырға созылған қазақтың ұлт-азаттық күресін өмір тәжірибесі мол, әлеуметтік зердесі жетік, ұрысқағыстарда шыныққан, ел сынынан өткен Қаракерей Қабанбай, Қаз дауысты Қазыбек, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қу дауысты Құттыбай, Райымбек, Шынғожа секілді қалың бұқарадан шыққан халық ұлдары басқарғаны мәлім. Сайдың тасындай осындай ел азаматтарына бір ғасыр бұрын өмір сүрген Жалаңтөстей ағаларының ерлік ісі үлгі-өнеге болды. 1640 жылдың өзінде Жоңғар мемлекетінің негізін қалаушы Батурмен айқаста Жалаңтөс бастаған қазақ пен Орта Азия халықтарының біріккен қалың қолы тұңғыш жеңіске жетті. 1643 жылы Жетісу өңіріне баса көктеген жоңғарларды күйретуге, ол Самарқанттан 2 дұт қол жіберіп (1 дұт – 10000 жауынгер), қазақтардың жеңіске жетуіне жағдай жасады. Жоңғар хандығының өрлеу кезіне дәл келген осы соғыстарда Жалаңтөстің атағы алысқа кетті. “Жалаңтөс” атауы батырлықтың ұранына айналды.

Міне, осы соғыстарда Жалаңтөс қолбасшылық қырымен танылды. Алайда, батырдың өмір жолын саралауда, оған баға беруде оның таптық тегін есте ұстаған жөн.

Жалаңтөстің аса бір қадыр тұтқан ісі – сәулет өнері болды. Ол өзі иелік еткен Самарқант қаласын зәулім де көз тұнарлық ғимараттармен молайта түсті. Шартараптан ағылған мол байлықты Жалаңтөс Самарқантты қайта салуға, жаңа медреселер мен мешіттер, моншалар мен керуен сарайлар, жолдар мен арықтар салуға жұмсады.

Жалаңтөс Әмір-Темірдің немересі Ұлықбектің сәулет өнеріндегі үлгісін өнеге тұтты. Жалаңтөстің тікелей басшылық етуімен салынған Шери-Дор (“Арыстан қақпа”) медресесі 1620 жылы басталып, 1636 жылы бітті. Шери-Дор медресесі 1417–1420 жылдары Ұлықбектің Регистан алаңына бой түзеген медресесінің негізгі идеясын өрбіту, толықтыру барысында дүниеге келді. Ұлықбек идеясына еліктеу осы Шери-Дор медресесінен анық байқалып отырады. Медресенің қасбеті (порталы) заңғар иықты, мұнаралары түзу де биік, күмбезі дөңгелек барабанға орнатылған. Ұлықбек медресесінің негізгі архитектуралық бөліктері ұтымды қолданылып, қарама-қарсы қойылған екі медресенің ұқсастығы үйлесім тапқан. Сонымен бірге осы құрылыстар ортаазиялық сәулет өнеріне біршама жаңалықтар да енгізді. Бұл жаңалықтар көбіне медресе қабырғаларын безендіру үлгісі мен қолданған материалдарынан біршама анық байқалады.

Мәселен, Шери-Дор медресесінің кіре беріс қақпасының маңдайшасы (қасбетінің) хайуанаттар бейнесімен әшекейленді, Жалаңтөстің бұйрығы бойынша қақпа порталына (қасбетіне) жолбарыстың, еліктің және адам тәріздес күн бейнесі салынған. Бұлар әрине, ислам дініне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, Қызылқұм мен Маңғыстауды мекендеген оғыздар мен маңғыттардан мирас болып қалған көшпелілердің безендіру дәстүрі (жолбарыс пен елік – рулық тотемдер, ал дөңгеленіп, шапақ шашқан күн бейнесі бүкіл көшпелілерге ортақ құдай-тәңірінің белгісі) екеніне дау айту да қиын.

Жалаңтөстің басшылығымен салынған көп ғимараттардың тағы бірі – Тилля Кари (“алтынмен қапталған”). Оны салу 1646 жылдан 1660 жылға дейін созылды. Шери-Дордан 10

жыл кейін басталған бұл медресені салу барысында Жалаңтөс тағы да Ұлықбектің 1418 жылы Бұқара шаһарында тұрғызған медресесінің конструкциясын үлгі тұтты. Тилля Каридің салынуымен Самарқант орталығы тұтастық сипат алды. Бұл медресе Ұлықбек медресесі мен Шери-Дордың арасындағы ескі Мирзои керуен сарайының орнына түсті. Үш үлкен медресе шоғырланған кең алаң өте қарапайым сызықтармен геометриялық фигуралар құрап, көздің жауын аларлықтай архитектуралық образ тудырды. Шери-Дор мен Ұлықбек медреселерінің фасадтары шаршы фигура құрады, олардың биіктігі алаңның еніне тең. Міне, осылайша салтанат түзеген Регистан алаңы XVI–XVII ғасырларда Орта Азия қала салу өнерінің ғажап туындысы болды. Қазіргі кезде туризм орталықтарының біріне айналған Самарқанттың дәстүрлі бейнесін Жалаңтөстің басшылығымен салынған ғимараттар да көркейтіп тұр. Олардың қақпаларына: “Ғимаратты салдырған Алшын Жалаңтөс бахадур” деген жазуы бар тас тақтайшалар ілінген. Апалы-сіңлілі Оразбековаларға сауал тудырған осы тақтайшалар. Бұл ғимараттар үкімет қамқорлығында, көбі Өзбек ССР мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамына тіркелген. Бұл партиямыздың көне дүние ескерткіштеріне деген ыстық ілтипатының бірден-бір айғағы. Орта Азия сәулет өнерінің дамуына Қазақстанның қыратты далаларын мекен еткен көшпелі халықтар да игі ықпал еткен. Бұл ықпал Жалаңтөс салдырған мұралармен шектелмейді. Шахи-Зинда зираттар комплексіне мұрындық болған да – көшпелілердің кеңістіктік-эстетикалық талғамы екені аян. Күмбезді архитектураның идеялық негізі – мимезис, космосқа еліктеу, ғарыштық кеңістіктің бітіміне еліктеуден туады. Күмбездің алғашқы варианттары – ертедегі және ортағасырлық көшпелілердің сырт пішіні жағынан төңкерілген аспанды бейнелейтін қорғандары. Қорған – көшпелі халықтардың материалдық мәдениетінің айнымас белгісі. Күмбезді үй құрылысы Евразия көшпелілері үшін ежелден белгілі тәсіл. Ұлы грек ақыны Гомер (б. з. б. IX ғ.) өзінің дастандарында көшпелі скиф халықтарының

тұрмыс ерекшеліктерін жырлағанда, күмбезбен көмкерілген киіз үйлерде тұратынын, қымыз ішетінін (“гиппокологи”) жазады. Орталық Қазақстан үшін тастан өрілген күмбез біздің эрамызға дейінгі IV–V ғасырларда болғаны белгілі. Оған дәлел – Қарағанды облысының “Бесоба” совхозының территориясында ашылып, 1970 жылы академик А. Х. Марғұлан зерттеген “Шапқан-төбе” қорғанынан табылған күмбезді үйі.

Жалаңтөстің жоңғарлардың шабуылына байланысты жорыққа жиі шығуына орай “Тилля кари” ойдағыдай аяқталмай қалды. 1656 жылы Жалаңтөс батыр Сейіткүлұлы 80 жасында дүние салды. Сүйегі Самарқанд қаласынан 12 шақырым жерде, Дағбит қыстауында (Қазақ Совет энциклопедиясы, 4-том). Жалаңтөс ұрпақтары қазір де бар. Соның бірі – Ораз Баймұрзаев, Жалаңтөс бабасының жолын мирас еткен сәулетші, Алматы қаласының бас архитекторы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театры үйінің авторы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты.

Қазақ әдебиеті. 7 қазан 1988 ж.

Найман мемлекеті

Найман мемлекеті (қытай деректерінде “найман-го”) – XI–XII ғғ. Қазақстанның шығыс өңірін қоныс еткен түрік тектес тайпалардың саяси мемлекет бірлестігі. Бұл бірлестік алғашында тарихта “сегіз оғыз” деген атпен шықты да, кейін көрші халықтар оны “цзу-бу”, ал XI–XII ғғ. бастап “найман” деп атап кетті (найман – монғолша – сегіз). Наймандар арасында әріпті жазу мен христиан дінінің несториан ағымы кең тараған. Найман тайпалары Орталық Азиядағы мәдениеті биік дамыған халықтардың бірі болды, XIII ғ. Басындағы монғолдар жазу үлгісін осы наймандардан алды (“Шаньши Юань” монғол әулетінің тарихы, Бо-на басылымы, 124-тарау, са-со парақтар).

Найман ұлысы шығыс Қазақстан мен Батыс Монғолстанды алып жатқан Алтай мен Хинган таулы өлкесіне орналасты.

Қоңсыларының саяси оқиғаларына зер салып, барлығын тізіп отырған Қытай “Ляо ши”, Цзинь-ши деректерінде найман аталымы XII ғ. Бірінші ширегінен бастап кездесетініне қарап, наймандар басқа жақтан ауып келді деген ұғымға арқау бола алмайды. XI ғ. найман тайпасының-тарихи жыл санау межесі деу де ағаттық болар. Сөз жоқ, наймандардың ерте феодалдық тұрпаттағы мемлекет құру процесі мезгілі жағынан көп ғасырларға созылған әлеуметтік-тарихи процесс.

Найман дүниесіне ғылымның назар аударғанына ғасырға жуық уақыт болады. Көпке дейін мәселе шешуін таба алмады. Ғалымдар арасындағы пікірталас нәтижесінде наймандар түркі тілдес тайпа деген пікірге келіп отыр. Бұл пікірді қолдаушылар қатарында орыс Н. Аритов, Прум-Пржимайла, Викторова, түрік Инан, жапон Мураяма бар. Сөйте тұра, зерттеушілер наймандарды монғол тайпасы деп келді. Олардың ішінде орыс ғалымдары И. Я. Шмидт, В. П. Васильева, А. М. Позднеев, В. В. Бартольд, француз ғалымы Д’Оссон, ағылшын Г. Форвард қазақ ғалымы Ш. Уалиханов бар. Бұлардың біразы наймандарды тек монғол тектес деп қана қарамай, оларды монғол халқының әдеби тілі мен жазба мәдениетінің негізін қалаушылар деп қарады. Академик Б. Я. Владимирцов монғолдар өздерінің әдеби тілі мен жазба мәдениетінің негізін қалаушылар деп қарады. Академик Б. Я. Владимирцов монғолдар өздерінің әдеби тілі мен жазу үлгілерін наймандардан алды десе, ал Н. Поппе керейлер жазу өнерін наймандардан үйреніп алып, соңынан қос тілдес: түрік және монғол тілдерін бірдей меңгерген халық деген пікірді венгр ғалымы Д. Кара ұсынып отырды.

Наймандар “сегіз оғыздармен” тікелей этногенетикалық байланыста болған. “Сегіз оғыз” деген тайпа аты (көне түркі түрі сакиэ оғыз) жазба деректерде тұңғыш рет Ұйғыр қағанатының ірге тасын қалаушы (745 ж.) Мойоншораға қойылған ескерткіште кездеседі. Ескерткіш Мойоншораның Ұйғыр тағына таласушылардың барлығын жеңіп, “сегіз оғызға” қарсы жорыққа шыққанын баяндайды. Ескерткіш мәлімет бойынша “Сегіз оғыздар” Мойоншорадан жеңіліп, ұйғырлардың

үстемдігін мойындайды. Бұл оқиға 747–750 жылдар арасында орын алған еді. Сондықтан “сегіз оғыздар” осы мезгілде көрші мемлекеттерге қарсы бас көтере бастаған тайпалардың саяси-соғыс бірлігі ретінде танылады да олардың этникалық нығаю процесі өріс алып жатқанын аңғартады. Ұйғыр қағанатының құрамына кіргеннен кейін “сегіз оғыздардың” тарихы төрт ғасыр бойы жұмған аузын ашпайды. Тек XII ғасырда бұл бірлестік монғолша “найман” деген атпен қайта пайда болады. Бұл кезде наймандар монғол тектес қара қытай мемлекетінің қол астында болады. Бірақ “сегіз оғыз” деген ат “найманға” өзгеруі қалай? Не себептен “оғыз” деген этникалық белгі этноним құрамынан шығып қалды? Бұл сұрақтарға жауап бере қою оңай емес болғанымен, көпке созылған монғол тілдес қара қытайдың үстемдігінің салдарын да ұмытуға болмайды. Сөйтсе де XIII ғасырда “сегіз” деген аттың “найман” есімінің баламасы ретінде қолданудан түспегенін ескерсек, “найман” деген атау “сегіздің” монғолша аудармасы деп қабылдауымызға болады. Өйткені сол XII ғасырдың тарихшысы Ата Мәлік Джувейни наймандарды кейде “сегіз” деп, ал Джемал Қаршы наймандардың сүт кенже ханы Күшлікті “Кучлуг хан ас-сегизи” деп атайды. Бұл дерек XIII ғасырда этнонимнің түрік түрі монғол баламасымен бірдей қолданылғанын көрсетеді. Сөйтіп, түрік атауы көп уақытқа дейін монғол есімімен қатар қолданылып, монғол тілі Шыңғыс ханның жаулап алған жерлеріне үстем тіл болғаннан соң ғана қала бастағанын байқатады.

Ерте феодалдық мемлекет бірлестігіне тән белгілер найман мемлекетіне де сай болды. Түрік, ұйғыр, қырғыз қағанаттарына ұқсас найман ханы да өзін ұлыстың толық егемені ретінде сезіне алмады. Жазба деректер XII ғасырдың аяғынан бастап Найман мемлекетін “күшлік” (күшті, ұлы) және “бұйрық” (бұйыру, бұйрықшы) деген лауазымы бар ағайынды екі хан басқарды. Күшліктің үкімі үстемірек болды. XII ғасырдың аяғына дейін найман Инаншы Білікті Бұқа хан (инаншы – сену, сенімді, білік-дана, данышпан) басқарды. Наймандардың әскери саяси босаңсуы осы ханның дүние салуымен орайлас. Бұл да

өлкеміздегі ерте феодалдық мемлекеттердің бірден-бір белгісі еді. XI ғасырдың аяғында өмір сүрген найман ақыны Құбатегін наймандардың кенелген, бақытты шағын Инаншы Білік тұсы еді дегенді айтады. Наймандардың қара қытайлардан өз азаттығын жеңіп алуы да осы Инаншы Біліктің есімімен байланысты. Инаншы Білік өлген соң найман ұлысы екіге ыдырайды Бірін Таян хан (шын аты Бай-Бұқа), (“таян” деген қытай лауазымы “бір аймақтың бегінің ұлы”), ал екіншісін Бұйрық хан биледі. Таян хан мен Бұйрық хан үнемі бақталас, араздықта болды. Өкінішке қарай наймандардың сарай маңындағы ішкі саяси дағдарысы Шыңғыс ханның соғыс күшінің дәуірлеуімен сәйкес келді. Монғол ханының найман ұлысының шекарасына орналасқан тайпалармен қақтығысы шиеленісе түсті. Инаншы Білік өлгеннен кейін көпке созылмай керейт ханы Онхан (Ванхан), Шанжар тайпасының көсемі Жамұха шешен мен мұңғыл ханы Шыңғыс хан бастаған әскери қол 1199 ж. Бұйрық ханның ұлысына ентелеп кірді. Қарсы тұруға шамасы келмеген Бұйрық хан Енесайдың қырғыздарына қашып құтылады.

Шыңғыс ханның қатерінен қауіптенген көптеген тайпалар 1201 жылы мұңғұлдарға қарсы одақтасып құрылтайға жиналады. Бұл құрылтайға белсенді қызмет атқарғандардың ішінде Бұйрық хан да болды. Құрылтай Шыңғыс ханға қарсы жорыққа шығуға шешім қабылдады. Мұны құлағы шалған Шыңғыс хан қонаққа Онханды шақырды да екеуара дереу жорыққа аттанды. Наймандар басқарған тайпалардың одақтас қолы Шыңғыс хан мен Онханның сарбаздарымен Қойтан деген сайда шайқасты. Бұйрық хан мен Жамұха-шешен қол астында болған әскер күші жойқын жеңіліске ұшырап, одақ ыдырап, Бұйрық хан өз нөкерлерін ертіп, Алтайдың оңтүстік етегін паналады. Бұл жеңіс Шыңғыс хан үшін де оңайға түспеді, қалың қолы сиреп, ұнжырғасы түсті. Сөйтсе де ол өзіне қарсы одақ жинады. Бірақ бұл одақ Шыңғыс ханмен шайқасқа түспей жатып ыдырап кетті. Монғол ханының жазасы Бұйрық ханды көп күттірмеді. 1202 жылы Шыңғыс хан мен Онхан Бұйрық ханға қарсы жорық ашты. Төтеп беруге шамасы келмеген Бұйрық хан кейін шегініп

бара жатып, оңтүстік Алтайда найманның Жеті Тулық деген әскербасы екеуі қолға түседі.

Інісі Бұйрықтың от басып, қатер үстінде жүрген бұл шақтарын ағасы Таян хан біліп отырғанымен, қол ұшын кешіктіріп береді. Найманның тағы бір Көксау Сабырақ атты қолбасшысы бастаған жазалау тобы Шыңғыс хан мен Онханды соғыс майданынан таппайды, өйткені монғол мен керей хандары найман қолынан сескеніп тайып отырыпты. Көксау Сабырақ алдымен Онханды жазаламақ болып, керейлердің ұлысына тиісіп, Онханның баласының үй-ішін тұтқындап, қалың олжамен оралады. Осы жорықта найман әскері керейлердің қол астында қалған меркіттердің де тәуелсіздігін жаулап алып береді. Бұл жолы не Онханның, не Шыңғыс ханның найманның тепкісінде қалған керейлерге көмекке келуге бата алмағанына қарағанда, наймандардың дәл осы кезеңдегі соғыс күшінің басым болғандығын аңғарамыз.

Осыдан көп кешікпей Онхан қарауылда жүрген найман тобының қолынан қаза болады. Қарауыл басы Қорыса бек Онханның басын көсіп, хан ордасына алып келеді. Осылайша, керейлердің соңғы ханы Онхан және керейлердің ертефеодалдық мемлекеті өмір сүруін тоқтатады. Шыңғыс хан найман қолымен өзінің ежелгі бақталасы Онханның көзін өстіп құртады.

Ендігі жерде Орталық Азия қыраттарында Шыңғыс ханға бәсекеге түсерлік дара найман ханы Таян ғана қалады. Бұл Шыңғыс хан әскерінің көптеген таласты бастарынан өткізіп, ширап қалған кезі болғанымен Найман ұлысына баса көктеп кіруге әлі де бата алмады. Енді Найман мемлекеті Шыңғыс ханның дербес бақылауына түсті.

Шыңғыс хан найманмен соғысуға әзірлік ісіне қызу кірісіп кетті. Өзінен күшті қалың әскері бар Найман мемлекетімен шайқасу оңайға түспесін, оған дайындық жұмысы көп уақыт керек ететінін білген монғол ханы найманға қарсы шағын да болса жақсы ұйымдастырылған күшті қарсы қоюды ойластырды. Таян хан да қарап жатпады, ол да өз маңына Шыңғыс ханның барлық қарсыластарын жинап, соғысты бірінші болып бастауды,

армандап, өз ойын оңғұт ханы Алақұс тегінге жеткізеді. Алақұс тегін опасыздық жасап, Таян ханның құпия сырын тұптура Шыңғыс ханға жеткізеді. Шыңғыс хан Алақұс тегіннің айтқанын қабыл көріп, оған сыйлыққа 500 жылқы мен 1000 қой тарту етті. Монғол ханы наймандардың әскери дайындығы туралы бұрыннан да хабардар еді. Суыт хабарды ала сала дереу құрылтай ашты. Монғолдар алдағы соғысқа әзір болмай шықты. Бірақ Шыңғыс хан шұғыл қимылдап, әскерін қайта ұйымдастырып жіберіп, тез арада 1204 жылы найманға қарсы жорығын бастап жіберді. Найман қолы 50000–65000 еді, ал монғол қолы 45000-ға ғана жуық еді. Қайта құрылған монғол армиясы сан жағынан емес, тәртіппен күшейді. Бұрынғы көптеген шайқастарда жеңіліс дегенді көрмеген монғол сарбаздарының көңіл-күйі биік жатты. Қосындарының тәртіпке тапшы, ұйымшылдық міндеті олқылау болуы найман мемлекетінің туы жығылуының басты себебі де болды. Бұл жолы жеңіліс найман жағында жатуы сондықтан. Шайқас үстінде найман сарбаздары өз шебін тастап, топ-тобымен кетті. Сөйте тұра найман сарбаздары ерліктің небір түрлерін көрсетті. Шыңғыс хан ұрыстан кейін найман сарбаздарының батырлығына “Мынадай нөкерлері бар қолбасшының арманы не екен?!” деп баға береді. Таян хан шайқас үстінде қаза табады. Ауыр жараланса да, ол өмірінің соңғы сәтіне дейін жауларын жапырып жатты. Таян ханның ұлы Күшлік аман қалған шағын тобымен майданнан қашып үлгерді. Күшлікті қуған монғолдар Ертіс, Күршім, Бұқтырмаға дейін жетіп, найман ұлысына жататын жерлерді түгелдей бағындырып қол астына бағынышты етті.

Күшлік хан Шу өзенінің бойындағы Баласағұнға жетіп, қара қытай Гөрханын паналады. Гөрханның сеніміне кіріп, хан қызына үйленген ол қара қытай ордасындағы ең мәртебелі мемлекет қайраткері ретінде таныла бастады. Гөрханның қолпаштауына сүйенген Күшлік қара қытайлардың сыртқы және ішкі саясатына араласа бастады. Біраз уақыт өткен соң ол Гөрханды орнынан ығыстырып, мемлекет тізгінін өз қолына алып, негізінде біріккен (найман-қара тай империясын құру әрекетін жасады. Күшліктің басты мақсаты Шыңғыс ханға

қарсы тұра аларлық найман ұлысын қалпына келтіру еді. 1218 ж. Шыңғыс ханның атақты қолбасы Жебе бастаған 2000 қол Күшлікті Таулы Бадақшанның Сарыкөл көлінің маңында қолға түсірді. Өмірінің 15 жылын монғолдарға қарсы күреске сарп еткен Күшліктің де басы кесілді. Күшлік қарамағындағы наймандар Шыңғыс ханға қызмет етуге құлшынды.

Сонымен, 1204 ж. Найман мемлекеті құлады. Алтай мен Ертіс бойын мекендеген найман тайпалары монғолдардың жаңа империясына кірді. Наймандардың біразы өздерінің атамекенін тастап, Алакөл, Балқаш көлдері, Жетісу Есіл, Сырдария өзендері және Ұлытау, Атбасар өңіріне қоныс ауыстырады да, біраз бөлігі кейін Алтын Орда мемлекеті ыдыраған тұста ноғай, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт және т. б. халықтардың құрамына енді.

“Құлан құдыққа құласа, құлағында құр бақа ойнайды” дейді қазақ. Орыс шовинистерінің “Ертістің оң жағалауы Ресейдің бөлшегі” деп таласқа түскен жердің қысқаша тарихаты осы.

Шалқар. 27 тамыз 1993 ж.

Жалайырлар

(Этнологиялық тағылым. Жалайыр ұлысы. Мәдениеті. Мифологиясы. “Ергене қон”. Бөрте шене. Шыңғысхан және жалайырлар. Қазақы дәуір. Этнологиялық пайымдар.)

1. Этнологиялық тағылым

Көшпелі халықтардың тарихын зерделеудің өзіне сай тәсілдемесін таппай ақиқат шартынан шығу қиын: оған қазіргі тарихнамада қолданылып жүрген әкімшілік-территориялық принцип жүре бермейді.

Белгілі бір тарихи мезгілде Еуразияның бір қиырын мекендеген көшпелі этнос келесі бір мезгіл ішінде басқа өңірде, басқа бір әлеуметтік этникалық топпен көршілес отырғанын, әлде басқа бір мемлекеттермен одақтасып, қарым-қатынаста

жүргенін көреміз. Көшпелілер әлемі үнемі өзгеріс үстінде, құбылып тұрады. Қазақ халқының этникалық тарихы да осы заңдылықпен сабақтас. Мұны Қазақтың көне, ортағасырлық, тіпті кейінгі ортағасырлық тарихынан айқын аңғаруға болады. Сондықтан болса керек, Қазақ тарихын зерттеуші біраз ғалымдар, әсіресе, көркем әдебиет өкілдері, журналистер, өнер қайраткерлері, әдетте, тарихи мәліметтерден “қазақ” атауын іздеуді мақсат тұтады да, “қазақ” атауын қазақ халқының әлеуметтік тарихымен алмастырады, бірінің-бірі баламасы ретінде таниды. Мұндайда негізгі тарихи шындық – қазақ халқын құраған ежелгі этникалық субъектілер – тайпалар мен одақтар тағдыры, олар жасаған мәдениет назардан тыс қалып отырады.

Демек, қазақ халқының тарихи кешегісін толығырақ ашу үшін қазақ құрамындағы этникалық топтардың өткен тағдырына жіті назар аудару абзал. Отанды тану Отанды сүйуден басталады, бұл теңбе-тең құбылыс болғанмен, қазақ халқы мен “қазақ” атауы теңбе-тең емес. Бұған кері мән беру үстірт қорытындылар мен жалған дедукциялық тұжырым жасаумен тынады.

“Қазақ” атауы пайда болмай көп бұрын қазақ құрамына кірген тайпалар мен тайпалық одақтардың, қазіргі саяси лексикамен айтсақ, көпұлтты қазақстандықтардың тарихи тіршілігі басталған, болашақ қазақ әлеуметінің рухани және материалдық іргетасы қаланған; қазақ құрамына кірген ежелгі этникалық топтардың көбінің жеке мемлекеттік құрамдары болған: Үшунь (үйсін), Кангюй (қаңлы), Дулу (дулат), Құшан (керей), Найман (“сегіз оғыз”) және тағы басқалар Қазақстандағы тек мемлекеттік бірлестіктердің атауы ғана емес, қазақ құрамына кірген тайпалар мен рулық одақтардың да паспорты іспетті. Олардың тарихы қазақ тарихының бастауы да, қазақ халқының тарихы сол ежелгі дүние тарихының жаңа дәуірдегі заңды жалғасы, тұтас бір тарихтың екі тармағы ғана. Қазақ халқының ертедегі тарихын зерттеуде мұндай этникалық тәсілдеменің берері мол. Әрқашан жаңа этникалық бірлестік оның алдындағы этникалық топтарға қарағанда саяси тұлғалануы жағынан шымыр да ширақ

келеді. Екі әлде көп этникалық құбылыстардың арасында өзара сабақтасу, атау алмастыру заңдылығы жатады.

Қазақ халқының этникалық құрамы өте күрделі екені мәлім. Өртекті этникалық тегін қарапайым қазақтың өзі де жақсы сезінеді. Бұл қазақтың битарихтығына (тарихтан тыс) дәлел іздеген еуропацентристік отаршыл ғалымдардың (Ратцель, Мейер, Красовский, Масальский, бұларға қосылған Нурболат Масанов) әуегей тұжырымдарына біраз қорек те болды. Ал мәселенің шындығына келсек, әртектілік қазақтың ел болуының мыңжылдық тарихының бірден-бір көрінісі, кемшілігі емес, артықшылығы еді. Осы созылма табиғи-тарихи процестің шешуші кезеңін – тәуелсіз ұлт болу сатысын бүгінгі ұрпақ басынан өткізуде. Қазіргі ұрпақ осы процеске бірден өзі белсенді қатысып, оның жасаушысы болып жатса, екіншіден, соның жанды тарихи куәгері болып та отыр. Демек, қазіргі ұрпақ үшін мұндай тарихи жүк оңайға түсе қоймас, әрине, жауапкершілік артады. Біздің буын, тарих субъектісі ретінде, бұл процесті я жеделдетуі, я баяулатуы кәдік, алайда, оны тоқтатуымыз, өз еркімізге толық көндіруіміз мүмкін емес. Тарихи процесті өз еркімізге көндіреміз деген талай мықтылардың омыртқалары опырылғанына тарихтың өзі куә. Ондайлар осы мақаланың басты кейіпкері болып ішінде де жүр.

Бұл заман да орнында тұрмас. Кейінірек, найман, арғын, үйсін әлде дулат екендігін бұлдаған ұрпақтың орнына “қазақ” деген өршіл мінезді буын келмек. Оған орын керек. Адамзат өткенімен күліп қоштасатыны мәлім. Өткен күн, көрген қызық артта қалмақ, бір қазақтан басқаның бәрі өзгермек. Өзгертілген Абай сөзінің мәнісін оқыған жан өзі ажырата жатар.

Дүниеде бір тұқымнан, әлде бір атадан тараған (гомогенді) бір де бір халық жоқ. Қаны араласпаған “таза” ұлттар баяғыда семіп, азып кеткен де болар еді. Қазір де шөгіп отырғандары қаншама? Пржевальский жазған Орталық Азияның шөл мен шөлейтін мекендеген кейбір шағын ұлыстар қонаққадеге қойынындағы әйелін ұсыну дәстүрі жетіскендіктен емес. Қан араласпаудан туған дене азғындауына құрған өзгеше тосқауылы.

Әлемдегі барша халық көп аталы, ғылым тілімен айтсақ, гетерогенді көптекті, жалпақ қазақ тілімен айтсақ, “шата”. Көптектіліктің классикалық үлгісі – біз, қазақ. Оны ата шежіресін танитын қазақ қариялары жақсы саралайды. Адамның баласы – досың, атаның баласы – жауың деп ұлы Абай тек айтпаған. Қазақтың ата-тек тергеуі, жеті атаға толмай қыз алыспауы – биік өреліктің белгісі. Тұқымдық қорды (генофонды) жақсы сақтаудың мұнан басқа жолы жоқ. Бұл тәсіл – жануарлар мен өсімдікке бірдей ортақ.

Әр буын ата-анасының қан құрылымының сегізден бір бөлігін өзгеріске түсіріп, 7–8-ші буын ғана оны толық өзгерте алады. Қазақтың “неменеден” кейінгі буыны “туажат” дейтіні сондықтан. Қазіргі антропологиялық ізденістер осыны дәлелдейді. Ата-баба тергеу – қазақтың этнологиялық компасы тәріздес. Бірақ оның жақсылығымен қатар, кертартпалық жағын да ескеруіміз керек. Болашақта қазақ өз құрамына басқа ұлт өкілдерін қаншама көп сіңіре білсе, соғұрлым генофондылық өміршең болмақ. Бұл – қазақтың басқа халықтармен салыстырғанда тағы да кемшілігі емес, керісінше, артықшылығы, көшпелі өрелі өркениеттің бойымызда қалған соңғы сарқыты. Әрине, ру тәркілеу келесі ұрпақтың генетикалық, тектілік байланысын реттеп беру – көрегендік, бірақ руға бөлу, адам баласымен руы арқылы қатынасқа түсу, біреуді жақын танып, жақсы көру, ал біреуді жат санап, алыстату – жақсылық емес, топастық, надандық. Оның шын аты – алалау, біріне-бірін жауықтыру. Қазақ баласы жоқтың сан түріне көнеді, алалауға ғана қаны қарсы. Сөйте тұра, бізге тән бұл құбылысты жарлықпен жоюға болмайды. Ол біз үшін тарихи меншікті мирас, демек оның дамуы мен семуінің өз алғышарттары бар. Алдыңғы қатарлы дамыған ұлттар руға бөлінуді мыңдаған жылдар бұрынырақ артта қалдырған және оған өкінбейді. Мәселен, өзімізбен қатар отырған орысты “ақ орыс, қара орыс, сары орыс – бәрі орыс” деп, жататынымыз сондықтан. XV–XVI ғасырларда ғана іргеміз бүлінген өзбек ағамыз да ру дегенді не ұмытып болды, не ұмыту үстінде.

Еуразия субконтинентінің ортасында орналасқандықтан біздің антропологиялық тегімізде монғолдық, сібірлік, еуропалық, үнді-ирандық нұсқа баршылық. Жаңа (аралас нәсіл болғандықтан) біз мықты едік, неге болса да төзімді едік. Кейінгі отаршылдық дәуірде тұқымдық қорымыздан айрылып қалдық, әлде де айрылу үстіндеміз.

Бұл заман да орнынан тұрмас. Кейінірек, найман, арғын, үйсін әлде дулат екендігін бұлдаған ұрпақтың орнына “қазақ” деген өршіл мінезді буын келмек. Оған орын керек. Адамзат өткенімен күліп қоштасатыны мәлім.

ЖАЛАЙЫРЛАР

Дербес ел болуымызға елеулі үлес қосқан қазақ халқының ежелгі құрамдас бір бөлігі – жалайыр тайпасы. Белгілі қазақтанушы Мұхаметжан Тынышбаев жалайырларды 4 топқа бөледі: біріншісі – Монғолия мен Қытайда, екінші тобы – шуманақ Жошы әскерімен еріп, Алтын Ордаға келіп, Шу бойын мекендейді; ал Шағатай ұлысын паналағандар Шыршық пен Әңгірен жағалауына тұрақтайды да, шағын мезгіл “Жалайыр ордасын” құрайды, бұлар Сырманақ атанады; төртінші тобы – Құлағу ханмен Иранға ауады. Жалайырлар қырғыз, қарақалпақ, монғол, өзбек, башқұрт, ноғай, құмық, татар және т. б. түрік омақтары мен сойларының әлі де құрамдас бөлігінде жүр. Қазақ құрамындағы жалайырлардан басқалары өздерінің ата-тек шежіресін ұмытқан, әлде ұмыту үстінде, кейінгі этнографиялық ізденістер ата-тегінен жатсынған, кейбірі өздері араласқан басым ұлттардың ұлттық нығаюына елеулі үлес қосып, жалпыұлттық сана-сезімді бөліскендігін айғақтайды. Бұл орайда, қазақ жалайырлары ғана тайпалық тегін әлі де мақтан тұтатынын ерекше атау лазым. Ол қазақ халқының шежірелік мәдениетінің қуаттылығының ықпалы деп білеміз.

Жалайырлардың қазіргі этникалық мекені – Қаратал мен Іле және Шу мен Талас өзендерінің алқабы. Мекеніне орай, жалайырлар үш топқа: Сырманақ, Шуманақ және Бірманак болып бөлінеді. (“Манақ” атауы Х ғасырдың жағрапиялық

шығармасы “Худуд-ал-Аламда” кездеседі). Жалайыр – ұлы жүздің 9 арысының бірі. Этнографиялық жөн-жосықта, думанды шеруде “үлкен ата”, “ноқта аға”, “ноқта басы” есептеліп, оларға үлкенге лайық дәстүрлі ізет көрсетіледі. Ата құрамы: “он екі ата” жалайыр, ұраны “Бахтияр”, “Қабылан” (екеуі де XVIII ғасырдағы ұлтазаттық соғыстың ардагерлері, тарихи тұлғалар), таңбасы Ш “тарақ” (“жал”, “аша”, “айыр” “ақа”). XIX ғасырдың аяғындағы санақ бойынша – 17. 000 түгін (М. Тынышпаев).

Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының ат тұяғы тиген жерлерге жалайырлар мейлінше кең тараған. Ол кезде “жалайыр” атауы да дүниені жаңғырықтырып тұрды. Өйткені, жалайырлар жеңіс қошаметін ұлы (“екей”, “еке”) монғолдармен тең бөлісті, азаматтары монғолдармен сыбайлас, анттас, сырлас, құда-құдандал, дәмдес, төсекте басы, төскейде малы бір болды. Монғол мен жалайыр ұлыстары көршілес елдер қатарына жатты. Ежелгі “қой бағып озамыз” деген жалайырларды тарих дүбіріне қосып, атын әлемге танытқан әуелі Шыңғыс хан да, екіншісі жалайырдың білекті де, білікті азаматтары еді.

Монғолға байланысты барлық тарихи жазба мұрағаттарда жалайыр туралы деректер шаш етек мол. Оларды біз “Монғолдың құпия шежіресінен” (аударған М. Сұлтаниярұлы, Өлгий, 1979 ж.): парсы тарихшысы Рашид-ад-диннің “Жылнамалар жинағынан” (т. 1–3 кіт. 1–2. М., –Л., 1952), Әбілғазы Баһадүр ханның “Түрік шежіресінен”, (Алматы, 1994 ж., аударған Б. Әбілқасымов), “Юань-ши” (монғол әулеті тарихы) мен “Мен да бей – лудан” (монғол-татар туралы толық жазбалар) алдық. Қытай тіліндегі соңғы екі шығармадағы жалайырлар туралы мәліметтерді қолдануы үшін А. Ш. Қыдырбаевтың “Очерки истории средневековых уйгуров, жалайров, найманов и кераитов” очерктер жинағына (Алматы, 1993) жүгіндік. Өкінішке орай, қазақ халқының этникалық құрамына арнайы жазылған бұл шығарма әлі қазақша жарық көрмей отыр. Қазақ жалайырлары туралы шежірелік мәліметтер Ж. Бейсенбаевтың “Қазақ шежіресінен”, М. Тынышбаевтың “Қырғыз-қазақ халқының тарихына арналған материалдардан” алынды. Әр

тілдегі тарихи мәліметтерде кездесетін адам, лауазым, жер-су, діни және этнографиялық атаулар қазіргі қазақ тілінде қолданысы нормаларына жақындатылып, құжаттың төл сөзі жақшаға алынады.

Жалайырлар тарихы жайында белгілі ғалым Қадырғали Жалайыридың “Жәми-ат-тауарих” атты еңбегі бар. Автор өзін жалайыр тайпасына жатқызғандықтан, жалайырдың тегін Оғыз ханнан бастап, Шыңғыс хан дәуіріне жеткізеді. Хиуа ханы Әбілғазы болса, жалайыр тарихын әрменірек тереңдетіп барып, Шыңғыс ханның жетінші атасымен қосып атайды.

Өкінішке орай, көне жалайырлар мен қазіргі қазақ жалайырлардың арасында шежірелік-генеалогиялық байланыс жоқ. Мәселен, Рашид-ад-дин жазып кеткен ортағасырлық жалайырлардың 10 атасының бір де бірі қазіргі қазақ жалайырларының шежіресінен орын алмаған. Аталар атаулары сәйкес келмейді. Есімі қытай жұртшылығын дірілдеткен Мұқырының қазақ жалайырларының жадында сақталмауы тіпті өкінішті. Бірақ мұны құбылыс ретінде тарихи детерменизмнің салдары деп қабылдаймыз. Тарих кернеуі қажетсіз жарақтың баршасынан бірте-бірте құтылып отырады. “Көш жүре түзеледі” деген мәтел осыған байланысты айтылса керек-ау.

Мифологиялық дәуірі

Есепсіз көп көне ел еді деп таратады жалайырлардың түпкі тегі туралы ортағасырлық шежіре аңызды белгілі Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүр хан (1603–1663), Қытай патшасы жауығып маза бермеген соң әр жерде отырған жақсылы-жаманды жалайырлардың бәрі бір мекенге жиылса, 70 күрең (әдетте бір күреңде 1000 киіз үй болған) ел екен. Рулары да көп еді, әр руы бір кісіні аға сайлап, бір жұртта отыратын, сөйтсе де, көбірек бөлігі монғолмен қоныстас Онон деген өзен бойында еді. Бірде Қытайдан көп әскер келіп, бір жерге жиылып отырған жалайырлар халқын шауып, көп жамағатын қырып, мал-мүлкін талап, біразын бөтекке алып кетеді. Шабылған ел ашығып, жаужұмырдың түбін қазып жеп қорек етеді екен.

Осы заманда Шыңғыс ханның жетінші атасы Дотумен хан өліп, артында 9 ұл қалады. Бәйбішесі Мүнұлын еді. Бұлардың үлкен ұлы Қайду қыз айттырып, қалыңдық ойнауға кетеді. Ауыл маңында бір тегіс алаңдай жер болушы еді, сонда Дотумен ханнан қалған ұлдар ат шаптырып ойнайтын. Ал жалайырлар сол жерді жаужұмыр іздеп, ат сүрінетіндей етіп қазып тастайды. Мұны көрген балалар анасына шағым айтады. Анасы ашуланып, жаужұмыр қазып жатқан жалайырларды сабатады. Таяққа жығылған жалайырлар ұйымдасып барып, үлкен жанжал бастайды. Жалайырлардан біраз кісі, Мүнұлын бастаған монғолдар жақтан біраз кісі опат болады. Ақыр аяғында жалайырлар ызасы қайнап, ханның 7 ұлымен қосып, қолға түскен монғолдардың бәрін қырады. Мүнұлының аулы талауға түседі, қолдарына тиген азық-түлікті ішіп-жеп тойынады. Мұны қалыңдығына кеткен Қайду хан естіп аулына қайтады. Ет жақын туыстарымен, руластарымен ақылдасып барып: “осындай іс болыпты, енді бұған не деп жауап бересіңдер?”, деп жалайырларға кісі салады. Жалайырдың игі жақсылары бас болып, төбелеске араласқандарды санаса 70-тей кісі екен, соларды бала-шағаларымен айдап, Қайду ханның алдына әкеліп: “бұларға не істесең де өзің біл” дейді. Қайду хан төңірегіндегілермен ақылдасып, олардан:

– Сенің туысқандарының төгілген қаны бұлардың қанымен өтелмес, сондықтан бұлардың ұлын – құл, қызын күң ет – деген жауап алады. Хан бұл сөзі мақұл көреді.

Құлдыққа кеткен жалайырлар жамағаты өседі, бірақ өздерін жалайырмыз демейді, Қайду ханның тегімен өздерін қиян құлдармыз деп кетеді. Ол кездегі құлдар қожасының руын ұстауы дәстүр еді. Шыңғыс хан монғол тағына отырғаннан кейін барлық жалайырлар тұтқын жалайырларға еліктеп, өздерін монғол қиян ұлдарымыз дейтінді шығарады. Жалайырлар 11 атаға дейін, яғни Шыңғыс ханның төртінші ұрпағына дейін құлдықта жүреді. Әрбір ханзаданың қарамағында он үй, жиырма үй жалайыр жүретін болды. Олардың түп негізі монғолдың дәрлікін руынан болар. Дәрлікін елі – нүкүз әулетінен.

Бұл – жалайырлардың этногенезі туралы егжей-тегжей жазылған ортағасырлық әфсана. Шежіре мазмұны ертеден келе жатқан ауызекі аңызды арқау етсе керек. Әбілғазының осы жазбаларынан біраз нәрсе аңғарылады: жалайырлар Шыңғыс ханнан екі ғасырдай (жеті ата) бұрын қияттармен көршілес Монғолстанның Онон өзенінің бойында қоныстанады, оларға Шыңғыс хан өлгеннен кейін де тәуелді болады.

Нүкүз әулетіне жататын Дәрлікін деген кім? Ол туралы хабарды тағы да Әбілғазыдан естиміз.

“ЕРГЕНЕ ҚОН” ЖӘНЕ БӨРТЕ ШЕНЕ

Атақты Оғыз ханның ұрпағы монғол елінің ерте кездегі патшасы Ел ханның ұлдары көп болады, бірақ баршасы соғыста өледі. Оның Қиян атты кенже ұлы болатын, оны сол жылы үйлендіреді. Ел ханның інісінің Қиянмен құрдас Нүкүз атты ұлын да сол жылы үйлендіреді. Бірде олар жау қолына түсіп, әзер дегенде екеуі әйелдерімен қашып, өздерінің жұртына қайтып келеді. Екеуі өзара кеңесіп “елде қалсақ 4 тараптағы елдің бәрі бізге жау, жұртта отырсақ, жүрген-тұрғанның көзіне түспей тұрмаспыз, оданда таудың ішінен жұрттың аяғы жетпейтіндей бір жер табалық”, – деп шешеді. Малдарын айдап, таудың етегіне барады. Бір биік таудың ішіне кіріп, арқардың салған сокпағымен таудың үстіне көтеріледі. Токтап, айналаға қарап көрсе, өздері келген жолдан басқа жол жоқ екен, келген жолдары өте қиын, тек түйе мен жылқы әрең өтетін із екен, егер мал аяғын қия басса болды, құзға құлап кетердей еді. Таудың үстінде үлкен бір жазық тепсең жер бар екен. Айнала ағып жатқан су, оты мол, ағаштарында түрлі-түрлі жеміс-жидек өсіп тұр, аңдары да көп болып шығады. Мұны көргеннен кейін тәңірге шүкіршілік етіп, ағайынды екеуі қоныс тебеді. Қыста малдарының етін жеп, жазда сүтін ішіп, терісін киім етіп киеді. Ол жерге “Ергене қон” деп ат қояды. Ергененің мағынасы – таудың кемері, қонның мағынасы – өткір. Қыста таудың қары қалың болып, жазда еріп кететін шаруаға қолайлы жер болып шығады.

Бұл екеуінен бала-шаға көп болады. Әсіресе, Қиян әулеті Нүкүзге қарағанда молырақ болады. Қиян әулетін қият деп атады. Нүкүз әулетіне екі ат қойды, біразын – нүкүз, біразын – дәрлікен деп атады. Қиянның мағынасы – таудан құлап, көшпен аққан сел деген сөз. Ел ханның ұлы сондай тез және күшті кісі болады да, сондықтан оны қиян деп атады, қият соның көпше түрі. Дәл бүгінде Шығыс Түркістанды мекендеген қазақ пен ұйғырлар тасқын суын – қиян суы атайды.

Сөйтіп бұлар көп жылдар Ергене қонда тұрып қалды. Ұштары ұзап, жандары жайылды. Әрбір жамағат бөлек-бөлек омақ болды, әрқайсысы бір рудың атын алды. Омақтың мағынасы – сүйек.

Олар Ергене қонда 400 жылдан астам отырды. Мал мен бастары көбейіп, бір жерге сыймайтын болған соң, кеңесіп барып, мынандай шешімге келеді: “Аталарымыздың айтуына қарағанда, Ергене қонның сыртында кең жерлер, жақсы елдер бар секілді. Ертедегі біздің қонысымыз сол жерлер екен. Татарлардың бастауымен жат елдер біздің тұқымымызды қырып, жұртымызды жапырып, зәбір-жапа көрсеткен екен. Тәңірге шүкір, қазір біздің жағдайымыз жаудан үркіп, тау ішіне тығылатындай емеспіз. Тау ішіне жол іздеп шығалық. Кім бізге доспын десе, онымен көріселік, кім дұшпандық ойласа, онымен соғысалық”. Осы ақылды мақұл көріп, таудан шығатын жол іздеді, бірақ таппады. Іштерінде бір темірші ұста: “Пәлен жерде бір темір кені бар, соны ерітсек, жол ашылады” деп кеңес береді. Ол жерді барып көріп, теміршінің айтқанын мақұлдады. Елге отын мен көмір жинатады. Таудың кең жеріне ағаш пен көмір үйіп, 70 жерден көрік жасап, 70 жерге құрып, бәрі бірігіп көрік басады. Құдайдың құдіретімен, жалын күшімен темір тау еріп аға бастайды. Тоғанақ артқан түйе шыққандай жол ашылады. Айдың, күннің сағатын есепке алып, бірнеше күнде таудан шығады. Шыққан күнін той етіп тойлау монғолдың дәстүріне айналады. Той күні бір кесек темірді отқа салып қыздырған кезде оны қышқашпен ұстап, төстің үстіне қойып, әуелі ханы, онан кейін бектері балғамен ұрады. Бұл күнді тар қапастан шығып, ата жұртына келген күніміз деп құрмет тұтады.

Ол кездегі монғолдың патшасы Бөрте шене деген қият нәсілінің құрлас руынан шыққан адам көршілес жұрттарға елші жіберіп, өздерінің Ергене қоннан шығып келгендерін мағлұм қылады. Бұлардың ісін біреу жақсы көреді, біреу жақтырмайды. Татар халқы мұны қабылдамай жау болды. Татар мен монғол әскер жиып, соғысты. Монғолдар жеңіп, татарлардың үлкенін қылыштан өткізіп, кішісін құл қылады. Сөйтіп 450 жылдан кейін өштерін алады, ата қонысын қайтарады. Сол жерде отырған түрік елдерінің ішінде татардан көбі жоқ еді.

Ергене қоннан шығып, татарларды қырып, ата жұртына қоныстанған соң, монғолдар сол жердегі халықтарға бас болады. Кейбір елдер монғолдарды паналап, монғол болмаса да, монғолмыз деп, монғолға қосылып кетеді. Аңыз бойынша жалайырлар да сөйткен секілді. Оған жалайырлардың рулық таңбасы да дәлел бола алады. Үш аша таңба арқар мүйізді төрелердің таңбаларына жақын. Ал төре таңба көне ғұндар мен түркілердің әмірші әулеттерінің ежелгі таңбасы. Әдетте, жалайырларды тарихи мәліметтер монғолдардың “еке монғол” (ұлы монғолдар) тобына жатқызады.

Ал жалайырлар түркі әлде монғол тегі туралы ертеден келе жатқан дәстүрлі тартысқа келетін болсақ, аңыздардан жалайырдың монғолдармен етене жақын, қоңсылас түркі тілдес болғандығын аңғарамыз. Бірақ оны анықтай түсу – тілші ғалымдарға аманат. “Шыңғыс хан – жалайыр екен” деген қазақ қаламгерлерінің арасындағы қауесет осыны арқау етеді. Шыңғыс ханның ата-тегі қият, нағашы жұрты – қоңырат. Әрине, келтірілген тарихи-этнографиялық мәліметтердің деректік қасиетінен гөрі рәуайаттық-фәлсәфияттық сипаты басымырақ. Бірақ бұл сол кездегі әлемді сілкіндірген тасқын күштің бағыт-бағдарын айқындағанын ескерсек, оның тарихи ықпалын аңғару қиынға түспейді. Көне шежіре тек жалайыр емес, көне түрік-монғолдың ортақ ата-тегін дйттейді.

Жалайырдың Ергене қонда өткен көне тарихын осымен тәмамдап, Шыңғыс хан төңірегіндегі жалайыр азаматтарының жазба тарихына назар тасталық. Сонда ғана әлем алдында аяғын

алшақ басқан бекзадалар мен қан кешіп, мұз шайнаған нағыз мұзбалақтар ғана емес, әлем тағдырын шешкен қабырғалы саяси және соғыс қайраткерлерін көшпелі өмір салты қалай баулығандығынан да хабардар боламыз. Тәуелсіздік туын көтеріп, мемлекетіміздің іргесін қымтап жатқан біз үшін мұның тағылымдық мәні зор.

ТАРИХИ ДӘУІР: ШЫҢҒЫС ХАН ЖӘНЕ ЖАЛАЙЫРЛАР

Көне мәліметтер Шыңғыс хан маңайындағы серіктестері мен шербі атанған ірі сарай қызметкерлерін ешқайсысын нәсіліне, тіліне, ұлтына, діни сеніміне, ру-тайпалық ата-тегіне қарап алаламаған көпшіл, ой-өрісі кең, ақыл-парасаты артық жан болғанын куәландырумен ғана шектеліп қалмай, көшпелі өркениеттің адам баласына деген жалпы көзқарасын айқындай түседі. Ұлы Қаған ең мәртебелі монғол төресі бола тұра, маңайын қоршаған әртекті әлеуметті тек ісіне қарай бағалайды және оны кейінгілеріне де өсиет етеді. “Шыңғыс хан ақылды, батыр адамды байқаса, оны әскерге басшы етіп тағайындайды, икемді және шапшаң адамды жылқышылыққа, ақылы аздау шабан адамды қойшылыққа жібереді. Сондықтан да Шыңғыс ханның бастаған іс күннен-күнге ілгері басып, мемлекеті күшейген үстіне күшейе берді. Ол айтар еді: “Егер түмен ағасы, мың басы, жүздік, ондықтар мені жылдың бас-аяғында көріп, менің ақыл-кеңесімді тыңдауға талаптанса, үлкен әскер құрамасын басқара алар, оны істегісі келмеген адам бастықтыққа жарамас, ондай адам судың ортасына лақтырған тас сияқты судың түбіне кетіп, қайтып көрінбес. Кім өз үйін дұрыс басқара алса, ол мемлекетті де басқара алар, кім он адамға өз сөзін тыңдата алса, ол үлкен әскерге де басшылық ете алар. Кім де кім өзіндегі жаман қылықтарынан арылса, мемлекет қамын ойлай алар”. Қазіргі министр боларлық дәрежедегі жанды қойға жіберіп, қауға ұстарлық қабілеті бар адамды министр тағайындау ол кезде болмады. Өйтсе, Шыңғыс хан әлемді жаулап алмас еді.

Шыңғыс ханның әділдігі аңызға айналып, әлемге тарады. Қазақ арасында мәтел болып кеткен “Жеті ортақты” шығарған Шыңғыс хан: “1. Байдың малы ортақ. 2. Батырдың жаны ортақ.

3. Шебердің қолы ортақ. 4. Шешеннің тілі ортақ. 5. Балуанның күші ортақ. 6. Аттының аты ортақ. 7. Тондының тоны ортақ”. “Мен жұртымды қайыршы қалпында қабылдап едім, енді өлерімде қайыршы қалпында қалдырып барамын” деген екен Наполеон. Ал Шыңғыс хан керісінше шілдің құмалағындай шашылған Орталық Азияның тайпаларының басын қосып, мүдделерін ортақтастырып кеткені аян.

Рашид-ад-диннің айтуынша, Таян-ханмен соғыс үстінде найман сарбаздарының қиян кешті батырлығына сүйсініп, шіркін, “менің нөкерлерім осындай болса!” деп, жау әскерін бүкпесіз ашық марапаттағанын естіген бір топ найман сарбаздары майданды тастап, монғолдар жағына шығады. Бірақ сатқындыққа жиренішті қарайтын Ұлы Қаған оларды табан астында өлтіруге бұйырады. Отырарды қамауға алғанда да Қараша Хадишан бастаған 10 000 қала қорғаншылары монғол жағына шығып кеткенде де: “Өз ханына опа қылмаған, бізге не опа қылады” деп, бірін қалдырмай қырғызып салады. Шыңғыс хан сатқындықты адам баласының ең жаман қасиеті деп таниды. Адамды шыққан тегі, нәсілі, әлде басқа да жағына қарамай, тек іс-әрекетіне қарай құрметтеу Шыңғыс хан жеңістерінің басты қайнар көзі болды. Шыңғыс ханды білегінен гөрі біліктілігі көтерді. Оның маңын қоршаған әрқилы әлеумет арасынан көптеген ұлт пен ұлыс өкілдерін – керей, найман, жалайыр, ұйғыр, қыпшақ, қаңлы, парсы, қытай, араб, орыс, мажар, діни сенімі, фәлсәфияттық зердесі жағынан – шоқыншы, кәпір, несториан, манихей, будда, конфуций, мұсылман өкілдерінің табылатыны сондықтан. Бұлардың барлығын құлшындырған Шыңғыс ханның өрелі кісілік қасиеті еді. Кейбірі Шыңғыс хан алдында өзінің жау екенін ұмытып кететін. Бірде шайқас үстінде атақты Жебе Шыңғыс ханға садағын кезеп, оқ атады. Бірақ оқ атқа тиеді. Жебе жеңіліп, күллі руластарымен Шыңғыс ханның қолына түседі. Сүйікті сәйгүлігі жараланған Ұлы Қаған ашуланып қолға түскен тұтқындардан: “Оқ атқан кім, мына жебе кімдікі?” деп, сұрағанда Жебе суырылып шығып: “Мен едім, тақсыр!” деп жауап береді де, басын иіп:

“Өлтірейін десеңіз,
Өшірейін десеңіз,
Тоқымдай жерге сыятын
Томаршадай тәнім бар.
Кешірсеңіз мінімді,
Қалдырсаңыз жанымды,
Қай-қайда да қажымай,
Қайсарлықпен өтейін.
Қара суды қақ жарып,
Қара тасты қақ тіліп,
Қас дұшпанды жапырып,
Ханға қызмет етейін.
Айдын мұзды күйретіп,
Шақпақ тасты күл етіп
Адал жүрек көрсетіп,
Алмасың болып өтейін.
Бар деген жерге барайын.
Барып ойран салайын.
Күйрет деген жауыңды,
Күл-талқан қып алайын”, –

дейді.

Сонда Шыңғыс хан: “Жау жағының адамы істеген зұлымдығын жасырушы еді. Ал, сен қылған қастығыңды жасырмай айтып отырсың. Мұндай адаммен дос болуға болар. Сенің Жорғатай атыңды өзгертіп, соғыста мінген ақ ауыз құла атымның мойнын садақ жебесінің ұшымен атқандықтан саған Жебе деген ат берейін. Жанымда болып, жебеден сақтап жүр” деп жарлық етеді. Сөйтіп кезінде жау болған Жебе ноян Шыңғыс ханның ең сенімді қолбасшысына айналады, оның қолбасшылығымен монғол армиясы Азияның да, Африка мен Еуропаның де тізесін бүктіреді. Жебенің есімі жеңіс ұранына айналады. Жауды Жебе алады, атағы Шыңғыс ханда қалады. Бұл Ұлы Қағанның кадр таңдаудағы басты принципі еді.

Монғол империясын “басқаруда, Ұлы Қағанның көзі түскен жерлерді жаулап алуда, әсіресе, жалайыр азаматтарының

белсенділігін ерекше айтуға тұрады. Соған сәйкес монғол шапқыншылығы жайындағы тарихи құжаттарда жалайыр азаматтары туралы мәліметтер көптеп келтіріледі. “Юань – шиде” Шыңғыс хан әулетіне қызмет көрсеткен жалайырлардың тұлғалы адамдарының өмірбаяны келтірілді. Олар: Мұқыры (Мұхулу, Мухултай, Мухултай – Го-Ван) мен оның ағайынтуғандары – Төлеген, Бұқа, Барудың ұлы Дайсун, Баян-батыр, Тодон және оның ұлдары: Тоқай, Бұқа, Аньцзядар, Чаншоу, Дангу, Тодонның әкесі Жалартай мен оның ұлы Далантемір, Соду мен оның ұлы Байжан, Жолаушы мен атасы Теміртайдың әкесінің бабасы Қошар, Сарыхан, Тоғонның ұлдары Бұқа мен Байджу; Алахан, оның атасы Бочэ, әкесі Елухан, Бақан мен Есулдардың ұлдары. Жалайыр азаматтарының ішіндегі есімі ерекше жан, әрине, Мұқыры болды. Ол Монғол империясының іргетасын ұлы қағанмен бірге қаласты, жастайынан серіктесі болды. “Құпия шежіреде”, жалайыр шабылған соң Төлегетай деген байы Мұқыры мен Бұқа деген екі ұлын Шыңғыс ханға ертіп әкеп:

“Болсын құл –
Босағана ес,
Безсе бұл,
Борбайын кес.
Еткей құл –
Есігіңе ес.
Екі етсе бұл,
Езуін тіл” –

деп табыс етеді. Әке шарты қатал, бірақ ұлдарының онсыз болашақсыз қалатынын әке жүрегі сезіп тұр. Мұқыры Ұлы Қағанның үлкен жорықтары басталмай тұрған сонау балалық шақта-ақ оған серт беріп, ажырамас “андасына” айналады.

Келген жауды жеңіп мен,
Керемет олжа табайын
Келер жауды желіккен
Қызыл қанға бояйын.

Қашқан жауды қаймыққан,
Қапысын тауып шабайын.
Шапқан аттың құйрығын
Шаңқан шаңға көміліп,
Мінген аттың жалынан,
Мерейлі сәуле төгіліп,
Барлық соғыс жеңісін,
Батыл шайқас жемісін
Батыр сізге әрдайым,
Баяндайын, айтайын.

Он жыл әлетінде Мұқыры Шығыс пен Батыс елдерін бірдей жаулап, өздері тектес көшпелілер мен қытай халқын тізесіне салып, жан досының аяғының астына салып береді. Сөйтіп, “Мұқыры тайши – (ақылшы, уәзір, бас уәзір) дәрежесіне жетіп Қытайдың бас қолбасшысы атағын алады, соғыс пен жорыққа байланысты барлық мәселелерді ешкіммен бөліспей жеке-дара өзі шешіп отырады. Сондықтан орда адамдары оны уақытша “Ұлы Қағанның орынбасары” деп таныды. Оған “Го-Ван” (қытайша жергілікті мемлекеттік әкім) деген лауазым да сай болды. Киімі мен оған деген салтанат деңгейі Ұлы Қағанмен тең түсті”. Ме-де бей-луден келтірілген осы үзіндіден Мұқырының дәрежесі Шыңғыс ханнан кейінгі екінші орында болғандығын аңғарамыз. Монғолдың “Құпия шежіресінде”: “Шыңғыс хан Цаст тауын жайлаған кезде әскерін жіберіп, Аша хамбуға ілесіп, тауда тығылған туырлық үйлі, түйе көлікті танғұт елін иемденіп алады. Сөйтіп, Бауыршы (әскербасы) мен Мұқырыға: “Танғұт жұртынан шамаларыңша алыңдар” деп, әмір еткен кезде: “Бауыршы мен Мұқырыға Қытайды алғанда атап ештеме бермеген едім. Қытай жұртын екеуің тең бөліп алыңдар. Олардың сымбатты жігіттерін құс салғызып, ертіп жүріндер. Сұлу әйелдерін қатындарыңа күң қылыңдар. Қытай жұртының Алтын қағанағының сенімді серіктері монғолдың ата-бабасын өлтірген Харқытай еді. Енді менің сенімді достарым Бауыршы мен Мұқыры екеуің ғой”, деген мәлімет келтірілсе, Шыңғыс хан

дүние салғанда Күлігетей батыр айтқан жоқтауында жалайыр Мұқыры Шыңғыс ханның жан серігі, досы ретінде аталады:

Бейіш бағы мекенің,
Бауыршы, Мұқыры серігің.
Барша елің, көрігің
Бәрі алыс болып тұр.

Монғол армиясы оң қанат және сол қанат болып бөлінгенде Мұқыры Го Уанды сол қанатының қолбасшылығына Шыңғыс хан өзі тағайындады. Алайда, Шыңғыс хан алғаш ұлы қаған болған 1206 жылдың өзінде го уаң атағын Мұқырыға құрылтай өткен жерде береді. Ол ірі соғыс операцияларын, әсіресе, Қытайға қарсы жорықты ұйымдастыруда ерекше көзге түсті дедік. 1217–18 жылдары Шыңғыс хан Мұқырының құзырына 10000 атты оңғұт (кейбір деректерде 23 000), 2000 жалайыр, оған қоса монғолдың қол астына кірген қарақытайлар мен жүржен отрядтарын береді. Бұл күш Қытайдың солтүстігін жаулауға арналады. Шыңғыс ханның Мұқырыға деген сенімін “Юань-шидің” мына тексі көрсетеді. “Шыңғыс хан Мұқырыға өзі жорықта алып жүретін 9 тулы байрақты көтеріп жүріп, қол бастауға жарлық етті. Мұқыры бұл байрақты тігіп бұйрық бергенде біз өзіміз соның жанында тұрғандай сезінейік!” Монғолда дәреже тудың санына байланысты – ол көп болған сайын дәреже жоғарылай береді. Мұндай құрметке Мұқыры 1217–1218 жылдары Солтүстік Қытайды жаулап алғандығы үшін жетеді. Ол кезде Шыңғыс хан Орта Азияда, Отырар, Бұхара мен Самарқандты бағындырып жүрген кезі еді. Демек, бұл Мұқырының Қытайға бетпе-бет шыққан кезі еді. Мұқыры 1223 жылы бар-жоғы 54 жасында дүниеден озады. Сөйтіп, шыққан елі, арысы – жалайырын, берісі – ата-тегін мәңгі-бақи даңққа бөлеп Мұқыры да дүниеден өтіпті. О, фәни жалған-ай! Топырағың торқа болғай!

Мұқырының ағасы да әскери адам екен, бірақ, мемлекет ісіне қатысы болмапты. Мұқырының інілері – Бұқа мен Дайсун Шыңғыс хан сенім артқан жандарға ұқсайды. Бұқа Ұлы

Қағанның ұланына кіріп, оның қарушысы болыпты, Дайсун қағанның сарай қызметінде тұрады. Мұқырының әкесі Шыңғыс ханның наймандар мен керейлерге ашқан соғысына қатысып, көп көзіне ілінеді. Мұқыры бес ұлдың үшіншісі екен.

Жалайырдан шыққан Баян да жауынгерлік ерлігі үшін Шыңғыс хан қолынан батыр атағын алады. Ол Мөңке ханның қолбасшылығымен Оңтүстік Қытайдағы Сун империясын күйретуге қатысады. Үгедей хан Баянды осының алдында ғана 1600 жалайыр әскеріне қолбасшы қылып тағайындаған еді. Сун үшін шайқасқа “ханзада Қошу мен Хадутудың карамағында он мыңбасы болып тағы бір жалайыр азаматы Тодон қатысады. Оның ұлы Тоқай (Тохунь), әкесі мен ағалары Бұқа (Бухуа), Аныцзядар, Чаншоу – мыңбасы да монғолдарға қызмет етіп, Қытай, Корея, Вьетнам жәпе Орталық Азияда жүргізілген жорықтарда ерлік көрсетіп, аттары шығады. Оған бұлардың монғол қолбасшыларының қолдарынан алған лауазымдары, мәнсаптары мен мадақтары куә бола алады. Тоқай монғолға үздік қызметі үшін Қытайда даруғашы (әкім) дәрежесіне жетіп, ерекше марапатқа – алтын пайзаға (белгі) ие болады. Қытай мен Корерны жаулап алушы Баян батырдың жанында “монғол” жалайырларынан Жарғалтай болады. Ол Шыңғыс хан мен Мөңке (Мәңгі) хан тұсында орда ішінде қызметте болады. Оның ұлы Дашу монғол басшыларынан “ұлы ержүрек қолбасшы” деген мәртебелі атақпен бірге даруғашы қызметке тағайындалып, Ұлы Қаған тарапынан жеке қабылдауында мақтау мен марапатқа ие болады, қызметі өседі. Бұл орайда саяхатшылардың орыс кінәзі Александр Невскийдің монғол ордасында құрдай жорғалап, монғол нояндарының табанын жалап, қорлық пен табаның сан түрін көргені еске түседі. Сондықтан Ұлы Қағанның алдына бару дегеннің қандай мәртебе болғанын сезіну қиын емес.

Дашу империяның біразы өлкесінде атқарған мінсіз қызметі үшін маржан тұтқан жолбарыс суретті найзаға не болып, монғол армиясының ең биік мәртебелі он мыңбасы дәрежесіне көтеріледі. Ол өлген соң оның ұлы Далантемір де Қытайдағы монғол армиясының биік тұтқасын ұстап, шені жоғарылай

береді. Сонау деген ақылы батырлығына сай жалайыр монғол ұланында қызмет етіп, басқа елдерді жаулап алу жорықтарына қатысып қана қоймай, Шаньдун провинциясында болған Литан көтерілісін басып-жаншуда ерлік танытады. Ол, әсіресе, Сун империясына қарсы соғыстардан басқа Сяньян, Фаньчэн, Эчжоу, Ханьянды күйретуде қайратты қимылдармен көзге түсті. Фанчэн қаласын алғанда қамалға бірінші болып кіреді. Жеңіс күнгі шеруде сыйлыққа садақ пен жебе толған қорамсақ, безендірілген ат-әбзел, алтын және басқа да сауға алды. Сонау монғолдары үшін тек құрлықта ғана жанталасқа түсіп қоймай. Вьетнамда, Чуан – чжоу маңында болған теңіз шайқасында монғол флотилиясына қолбасшылық етті. Бұл соғыста Дашу мен Тоқан жалпы басшылық жасады, Сондудың ұлы Байжан (Байцзяну) монғол қолбасшысы Ашудың әмірімен Сяньянді, Баян – Эчжоудың әмірімен Синьченді алғанда әкесінің ерлігін қайталап, қамалға бірінші болып көтеріледі. Байжанды Баян әрқашан өз армиясының алдына қоятын. Байжан Құбылай ханның өзінен де мақтау сөз естиді. Ол да теңіз шайқасына қатысып, ерлік көрсетеді. Өмірінде теңіз суын көрмеген “жабайы” жалайырлардың кеме шайқасын басқаруы әрине, таң қаларлықтай ғажайып іс. Бір теңіз шайқасы кезінде Байжан Қытай теңізшілерін, 300 соғыс кемесін қолға түсіреді. “Юань-ши” Байжанның қол басшылығымен құлаған Қытай қалаларының, оған қоса оның ресми атақ-абыройларының тізімін келтіреді. Өз әкесінің қол басшылығымен оның Вьетнамдағы, одан ертерек Кореядағы ерліктері сөз болады. Әкесі Сонду Вьетнамға жасалған жорық кезінде опат болады. Байжан мен Тоқайдың да осы жорықта мәртебесі көтеріледі. Байжан Хайсан хан дәуірінде дүние салады. Хайсан да Байжанның көңілін аулап бағады.

Жалайыр Жолаушы (қытайшасы Юйлучи) өзінің бабасы Қоқашар (қытайша Хохоча) салған жолмен монғол хандарына қалтқысыз қызмет жасайды. Хэхочар Шыңғыс ханның сан жорықтарында үзеңгілес бірге жүреді, жанынан қалмайды, хас мергендігімен даңқы шықты. Атасы Сарыхан (қытайшасы

Щолухань) шайқасты, ал әкесі Темітай Үгедей ханның қолбасшылығымен қаңлыларды жеңіп, ханын тұтқындады, Танғұт мемлекетінде болған бүлікті аяусыз басып-жанышты. Көптеген шайқастарда көрсеткен ерлігі үшін арнайы бұйрықпен жорық басқармасына қызметке кіріп, бес тайпадан – ұтыр, маңғыт, керей, қоңырат, жалайыр – құрылған әскерге қолбасшылық етеді. Хэнань аймағын жаулап алуға қатысып, ерен ерлігі үшін сыйлыққа 2000 түгін ел алады. Жолаушы жас шағынан Мөңке ханға қызмет етеді. Сычуань, Сяньян аймағын бағындыруға арналған әскери шараларға белсене қатысқаны үшін алтын пайзаға ие болып, онмыңбасы деген әскери дәрежеге көтеріледі. Жиренше әкесінің орнында қалып, Қытайдың Сун мемлекетін жаулап алуға қатысқан монғол әскерінің төрт түменіне (40000 қол) қолбасшылық жасап, Сун империясын жеңген аса ірі соғыс басшыларының санатына кіреді. Қытайдағы монғол әскери лауазымды адамдардың ішіндегі ең мәртебелісі де осы Жолаушы болады. Бұған Жолаушының “Юань-шиде” келтірілген өмірбаянын оқып барып көз жеткізуге болады. Оның Тоған мен Бұқа деген ұлдары Вьетнам операциясында онмыңбасы дәрежесінде қатысады.

Темір хан таққа отырған соң, ол Жолаушының абыройын тіпті аспандатып, “даңқы тасыған шербі (шенеуік)”, “мемлекет тірегі” деген атақтарға ие болды, Цзянсидің пинчжан-чжэншиі (әкім) етті. Осы дәрежеде тұрып, дүниеден озған екен. Оның Байчжу атты ұлы монғол ұланына (гвардия, сақшы) қолбасшы болды.

Боз деген жалайыр Шыңғыс ханның, орда адамы ретінде қарушы қызметін атқарады, шайқасқа да қатысып жүреді. Үгедей хан таққа отырғанда да ол өз орнында қалады. Қытайға қарсы сансыз соғыстарда әрдайым алдыңғы шепте жүреді. Елухан деген ұлы Қытай соғысында мерт болған соң, оның орнына Алахан деген басқа ұлы отырады. Ол Құбылай ханмен Янцзы шабуылына қатысып, Эчжоу шайқасында жойдасыз ерлік көрсетті. Монғол тағына Құбылай отырғанда оған қарсы болған Шыңғыс ханның әулетімен қырғиқабақ болды. Сун империясын

күйреткен кезде Ашу атты қолбасшының құзырында соғысты. Сяньян мен Сианиде де ерлік көрсетті. “Ұлы армия. Сяньян мен Фаньчэнді қоршауға алғанда Алахан осы қалалардың оңтүстігін қамауға алады. Фаньчэн күйреді. Сяньян тізе бүкті”. Шайқас нәтижесінде Алахан онмыңбасы дәрежесіне көтерілді. Алахан монғолдардың жапон жорығында белсенділік танытты. Монғол басқарған Қытайда ол ең биік мәртебелі лауазымдарға қол жеткізді. Мемлекеттік Кеңестегі ең үлкен екі бас уәзірдің бірі болды, 40000 монғол әскеріне қолбасшы болып, әскери қызметте жүріп, қаза тапты. Мұның Бақан және Есудар деген екі ұлы әке дәстүрін жалғастырып, онмыңбасылыққа көтерілді. Бақан Цзянчжэде, Есудар Хэнаниде жоғарғы қызмет атқарды. Есудар Шан-дунь мен Хэбзэде монғол әскеріне қолбасшы болды.

“Юань-шиде” өмірбаяны келтірілген жалайыр азаматтарының ішінде монғол ордасының құпияларына қанық Мәңгішар дегеннің аты аталады. Оның бабасының әкесі Шарауаң, атасы Нақай Шыңғыс ханның сарай қызметшісі болған. Шыңғысхан кейін оның мұрагерлері Үгедей, Күйік хан мен Мөңке ханға тәрбиеші болған Тұракина тұсында Мәңгішар орда тартысына қосылады! Осы кезде Шыңғыс ханның немерелері Мөңке хан мен Бату хан арасында жанжал басталады. Жанжал Жошы ұрпақтары мен Күйік хан арасында өтеді. Мәңгішардың өмірбаянында осы тартыстың мән-жайы – ақсүйек Ширамун мен Шағатай әулеті арасындағы қарым-қатынасқа байланысты еді. Мәңгішардың ұлдары – Тоқай, Доржы, Есентемір, Темірбұқа да орда ішіндегі қызметте жүрді. Тоқай онмыңбасы болып көтерілді. Мәңгішардың әулетіне жататындар: Меңлітемір, Цзяочжу, Есен – Яньхуэй, Хэцыхосунь, Гашина, Хэлихэсунь, Байдашах. Монғол ханы Аюрбарвадтың орда адамы Байдашах өте ықпалды адам болды.

Жалайыр азаматтарының монғол ордасына жақын жүруінің басты себебі: екі елдің келе жатқан этникалық, саяси және әлеуметтік-экономикалық тығыз байланысымен орайлас болса

керек. Жоғарыда келтірілген тарихи жазба мұрағаттар осы қорытынды пікірге толық дәлел бола алады.

Ортағасырлық жалайыр азаматтарының ерен ерлігіне ұрпақ сүйсінерлік. Қазақстан мектептерінде осылардың қиян-кешті ерліктеріне арнайы сабақтар мен дәрістер өткізу, болашақ қамы болғаны лазым. Әкесін сатқан Павлик Морозов ұрпағымызды бүлдіріп болды ғой.

ҚАЗАҚ ЖАЛАЙЫРЛАРЫ

Қазіргі қазақ шежіресі деп жүрген атаулар тізімі жалайырды найманға, найманды керейге, керейді өз бауыры Кіші жүздің керейтіне айдап салғандай, бірі мен бір қабыспай жатады. Қазақ шежіресі, тегінде, рудың, ата-бабаның шығуы туралы үлкен ауызекі айтылатын романға бергісіз әдеби тарих еді. Шежіре атануы да сондықтан. Енді қарасак, сол мұра ЗАГС-тың немесе ауылдық кеңестің журналына ұқсайды. Жұтаң, Танымдық, я тағылымдық құны аз Қазақ шежіресінің кезінде қандай болғандығын жалайырдың шығу тегіне арналған тарихи қысқаша мәліметтер баяндайды. Олар арқылы тек жалайыр емес, бүткіл Орталық Азия халықтарының ғажайып тарихынан сусындайсың. Көне шежіре жалайырды тек түрік-монғол жұртшылығымен ғана емес, ай астындағы барша халықтармен ағайындас, бауырлас, тағдырлас жасайды. Ескі мағлұмат жалайыр үшін Америка үндісінің, Америка үндісі үшін жалайырдың ет жүрегін ауыртады. Тағдыр ортақ...

Еске осыдан бірер жыл бұрын Анталия қаласында өткен әлемнің түркі халықтарының Бірінші құрылтайы түседі. Құрылтайға сол кездегі Түркия Елбасы Тұрғыт Озал, Солтүстік Кипр Түрік Республикасының президенті Р. Денкташ, Түркияның ол кездегі Бас министрі Сүлеймен Демирел, Түркияның көрнекті партия жетекшілері, белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Құрылтайды басқарғандар да, келген қонақтар да ортақ қуанышқа кенелді. Бәрі таң, бәрі керемет. Бірақ бәрінен ғажайып ашылу салтанаты болды. Мәжіліс залының ортасында қылыш, балға қойылды да, әр ресми адам

қылышты түске қойып, балғамен ұрып, темірдің шыңқылдаған даусын шығарып барып төралқаға отырып жатты. Дәстүрдің мәнісін сұрадық. Сөйтсе, бұл түріктердің ежелден сонау Алтайдағы, Ергене қонда, Бөрте шене деген бүкіл иісі түрік нәсіліне жолбасшы болған қасқыр қаншығының жетегінде жүрген кездегі жөн-жосығы екен. Ол бірте-бірте Түркияның мемлекеттік саясы рәсіміне айналған. Әбілғазы жалайырларды да Ергенек қоннан киелі Бөрте шене алып шыққаны туралы ғұндардан бері келе жатқан осы көне аңызды қайталайды.

Тек мұнда Бөрте шене хайуан кейпінде емес, жалайырдың көсемі ретінде кейіптендірілген.

Наймандардың арасында Ергенекті (Саржомарт, Бура, Көкжарды) деген ата тобы бар. Аты қалып, Ергенек қон туралы аңызы жоғалған.

Монғолдың “Құпия шежіресінің” 189 бабындағы XII ғасырдағы наймандар туралы аңыз қазақ наймандарының шежіресімен сарындас, Ертеде Инаншы, Білге хан:

“Әйелім жас кезінде,
Әбден кәрі шағымда
Таян тауып, ұл сүйдім
Тәңірінің берген бағында,
Талшыбықтай денелі ол
Өңшең мына тобырға,
Өткізер ме екең бұйрығын”, –

деп отырушы еді. Енді міне:

Қара ит арсылдап үретін болды,
Қара кемпір Гүрбесу билейтін болды.
Тақта отырған Таян-ау,
Болмас істің баянды-ау”,

Мұндағы Инаншы (сенімді), Білге (дана) көне найман мемлекетінің ұлы қағаны, Таян хан (Қытай титулы, Дай ван – жергілікті әкім, ұлық) деген – атақты Қытай мемлекеті берді ме, жоқ, найман лауазымы қытай тілінде болды ма, ол жағы

белгісіз) – оның ұлы, Шыңғыс ханның замандасы, Гүрбесу қатын (Кербез – сұлу, кейін наймандар жеңілген соң оны Шыңғыс хан тартып алады) – Білге ханның жас тоқалы. Қазақ наймандарының ауыз-екі шежіресінде (Бошай Кітапбаев. “Тоғыз таңбалы найман”; Сейілхан Нұрғазин, “Найман шежіресі”) шапқыншылықтан соң 96 жасар Найман шалдың жалғыз ұлы өліп, ұрпақсыз қалатын болған соң келіні, “Дулат руының қызы Нәзбура (Ақсұлу) өзінің жас сіндісі Дәмеліні (Қызеней, көлді найман табынып, “Естіеней” деп атап кеткен) қайын атасына қосып, сонан қалың найман тарайды” делінеді. Ал Ергенек қон туралы мұнда ләм-мим жоқ, шежіре бұл жағынан жұмған аузын ашпайды. Бұрынғы шежіре қазақтың басын қосатын әдеби-мәдени мұра еді, ондағы аталар қазақтың жерін қорып, жыртысын жыртушы еді. Енді қазақтың басын ажырататын құралға айналды. Өйткені, қазіргі қазақ шежірелері көбіне құрғақ ата-баба тізімі, ауылдық кеңестің түтін кітабы секілді. Жұтаң. Аңыз-әңгімесіз, ауыл маңын қорыған, түтін аңдыған бірдемелер. Тізімі де үзді-жұлды, ата-бабалық атаулар көне тарихи мәліметтермен қабыспайды, тарихқа мәшһүр адамдарды қазақ шежірелерінен табу қиын, бұл қырғыз, өзбек, түркімен, қарақалпақ, мажар, башқұрт, татар халықтарының құрамына кірген үйсін, найман, жалайыр, маңғыт, керей, қыпшақ тайпаларына да ортақ жағдаят, Күллі түрік монғол жұртына пана болған киелі Ергенек қон қазақ тайпаларының жадынан қашан, қай заманда шығып қалғаны белгісіз. Ергенек (ергеншек), – қазақта киіз үйдің есігін бекітетін қамау, тосқауыл, жоғарыда айтқан аңыз-әңгімелерде кездесетін мағынасы да осыған жақын, Ергенек таңба –)–(.

Жалайырдың шығуы туралы мифологиялық рауайаттар ертедегі шежірелік баяндардың қаншама тұнық, қаншама мөлдір, қаншама сұлу да тартымды болғандығын айғақтайды. Амал не, сол көп ұрпақ сусындаған мұраның не мирасқоры, не насихатшысы жоқ. Атаға деген ықылас қазірде күмбез соғу, әрі кетгі ас беру, ат жарыстырумен (сайып келгенде, бұл да ата жарыстырудың бір түрі ғой) тынады.

Этнософиялық пайымдар

Кейінгі кезде ел ішін рушылдық сана-сезім кеулеп баратқаны байқалады. Кейбір елді мекендерде тірі былай тұрсын, өлілерді ата-атаға жіліктеп, біріне-бірін араластырмай, бөлек қоюды шығарыпты. Зираттардың кейбіреулерінің қақпасы тарс жабылып құлып ілінген. Мәнісін сезген жанның жүрегі сыздайды. Күңіренесің. Күрсінесің. Әрине, жақсылық емес – нағыз маскара, топастық. Атаның аты озғаны әулет үшін, ондағы ұрпақ тәрбиесі үшін дұрыс та болар, бірақ оған қазақ әлеуметіне деген жақсылық нышанын көру қиын.

Бірақ атаңды білме, үрім-бұтағыңды таныма деп қазақ баласына шектеу қоюға болмайды. Ежелден ата-бабамыз үшін ұлы Даланың шөлі мен шөлейті тілсіз мұхит секілді еді де, ата-баба шежіресі сол мұхиттан адастырмай жол тауып беретін қалтасындағы компосы еді. Енді ондай компастың рөлі төмендеді. Темір жолдар, тас жолдар пайда болды. Қазақтың бір қиыры мен екінші қиырына көпір салынды. Сондықтан рушылдық сана-сезімді жалпы қазақтың мүддесімен сабақтастыру ұлт алдындағы парыз. XV ғасырда, Қазақ Ордасы құрылған дәуірде мемлекет болудың рухани күші – қазақ болу, қазақша сөйлеу, қазақша жөн-жосық, өткізу, қазақша туыстуған тергеу, басқаша айтқанда, қазақша өмір сүру, қазақы патриотизм еді. Ата-бабамыздың осы өнегесін биік деңгейде ұстау керек-ақ.

Жалайырлардың көне рауайаттарын оқи отырып, олардың көшін бастап жүрген нөқта ағаларына, ер мен әйел ынтымағына, ата-тегіне сүйсіне қарайсың, қиямет-қиын тағдыр-талайын бөліскің келеді, қуанғандарына қуанып, бейнетіне ортақтасасың.

Ұлтымыз өсіп барып бірлікке жетсе екен деп армандайсың. Міне, өнеге қайда? Жасыратыны жоқ, сауатын шежіремен ашатындарды ресми тарихи білімге, мәдениет пен патриотизмге баулудың қайнаркөзі де, амалдамасы да солардың этникалық тарихын тануымен сабақтасып жатады. Ел – жермен, азаматымен, ақыл-ой, парасатымен, өмір сүріп отырған тұтас ортасымен қымбат. Адамның қауымсыз қалқиған қара басы –

пенде, құл-құтан, жұмыс күші, жұмыс көлігі іспетті. Ондайдың керексінетіні – орақ пен балға, кетпен, басын қосатын нәрсе – мойынтұрық, ноқта. Ал шынайы адамның адами тегі – қауымымен, адами ортасымен, ата-баба аруағымен тұтасып жатады: бірге ырыздық іздейді, табады, жеңеді, жеңіледі, жерін қорғайды, ұрпағын тәрбиелейді, баулиды, біріне бірі игілігін, жиған-тергенін мирас қалдырады.

Көне гректер жалайырдікінен де шағын рауайаттарын жиынтықтап үлкен мифология жасап, бұдан екі жарым мың жыл дүниежүзін тамсанып келе жатқан философия шығарып, күллі Еуропа өркениетіне тірек қылды. Сөйтіп, мезгілдік және оқиғалық тізбегі жағынан Қазақ Ордасы іргесін көтермей жатып, қазақ халқы құрылмай көп бұрын, оның құрамдас бөлігі болып қосылған жалайырлардың меншікті тайпалық тарихы қазақтың ұлттық тарихына бастау болған екен. Жеке тарихи субъектісі ретінде ортағасырлық жалайырлар сол кездегі әлеуметтік-саяси жағдаяттарға орай өз тағдырын өздері шешіп отырды: көршілерімен қарым-қатынасқа түсті, жау іздеді, бірін жеңді, бірінен жеңілді, достасты, елі мен жерін қорыды, тағысындағы көп салалы өмірдің күнделікті мәселелерін қауым болып, ұйымдасып барып шешіп жатты, шешуін таба алмай қиналды да... Ақыл ауыс, ырыс жұғыс деген осы. Тіпті кейін Моғол ордасында жеке “Жалайыр автономиясы” (XVI ғ.) аз уақыт дүниеге келуі де сонан болса керек-ау. Тарихи зерттеулер барысындағы қазіргі қолданып жүрген жалаң территориялық (әкімшілігі де бар) методология көшпелілер әлемін мұғдарлауға келе бермейтінін осы орайда тағы да ескерте кеткен жөн. Оған – осы жалайырлар тарихы да негіз бола алады. Мәселен, жалайырлар сонау күллі түрік-монғол әлемінде патшалық құрған Оғыз хан дәуірінде Ергенек қонда қамауда отырды десек, XI–XII ғасырларда Монғолияда Онан өзенінің жағасынан, XIII–XIV ғасырларда Солтүстік Қытайдан, ал XIV–XV Шу мен Іле арасында Ақсақ Темір қосындармен күш сынасып жүргенде, XV–XVI ғасырларда Шыршақ пен Әнгірен атырабынан (“Жалайыр Ордасы”), XVII–XVIII ғасырларда Көксу мен Қарасу

аймағында құба қалмақтарды қуып (“Орбұлақ шайқасы”), ХІХ ғасырдың аяғында орыс отаршыларына айбат шегіп жүргенін, ал осы ғасырда коммунизм орнатуда белсенділік танытқанын көреміз. Өйткені көшпелі халықтың тарихы да олардың өмірі секілді үнемі қозғалыс үстінде тұрады.

Қазақтың ұлттық тарихына бастау болған дара жалайырлар ғана емес: қаңлы мен дулат та, қыпшақ пен қоңырат та, арғын мен алшын да, адай мен найман да мұндай ұлы іске атсалысты. Әлемдегі барша ұлттар тарихы бастапқы дәуірлерде осындай тағдырды басынан өткереді.

Көрші отырған Қытай тарихы да әулет-әулетке бөлініп кетеді. Олардың ішінде тек әулет емес, тайпа да, тіпті үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жатжұрттықтар мен нәсілдер де бар. Мәселен, чжоу, мин, юань, манцзы... Алайда, Қытай тарихынан осы қытай емес әулеттердің тарихын сылып алып тастауға болмайды. Онсыз Қытай тарихы кетік болады. Қазақ тарихы да сондай, тұтас дүние. Жалайырлар тайпасының тарихы жалпы қазақ халқы тарихының құрамдас бөлігі, онсыз қазақ тарихына да кетеулік түседі.

Жалайырлардың тайпалық тарихын қозғағанда елдің рулық жігін ашып берейік деген пікірден аулақпыз.

Рушылдық уыты денесін ұшықтандырып, ата жарыстыруға машық кейбір боскеуде жандар бұған көңіл аударғаны абзал. Қазіргі жалайырлардың қазақ халқының тарихынан басқа тарихы болуы мүмкін де емес. Қазақ құрамына кіргеннен кейін жалайырлардың жеке де бөлек тарихы тамамдалады. Демек, тарихи заңдылық фәлсафияттық заңдылыққа орын босатты: сандық көрсеткіш сапаға ауысты, тарам-тарам бастаудан басталған бұлақ қазақ деген Ұлы дарияға қосып барып, Әлемдік Мұхитпен тоғысты.

*Ақатай С.Н., Бабалықов Жағда
Жұлдыз. 1998. №9*

Қазақ батырлары, 1998. №5.

Культура Казахстана.

Традиции, реальности, поиски. 1998 г.

Қазақ ордасы: шығуы және тегі **(Мемлекетіміздің 530 жылдығына орай)**

1. ҚОСЫЛҒАН ОЗАДЫ

Қазақ әлеуметіне сай әлімсақтан келе жатқан бір жалпы заңдылық бар: қазақтың басы қосыла қалса, жеңіске жетеді, елге де, жерге де аспан астын қоңыраулатып жаңалық келеді, ел түлейді, жер гүлдейді, ал басы ажыраса болды, жеңіліп қалады, аспанын қара түнек торлайды. Халқымыз өз тарихында талай-талай шерулі жеңіс қошаметін басынан өткізгені мәлім, алайда, қасірет те кем болған жоқ. Тарихи дамуымыздың ең басты нәтижесі – әрине іргелі ел болуымыз, мемлекет болуымыз, әлеммен, ірілі-ұсақты қоныстас-тұстас мемлекеттермен қарым-қатынасқа бірегей жалпы да жалқы ҚАЗАҚ деген саяси-этникалық ұйымға, субъектіге айналып барып түсуіміз жатады. Қалған істің баршасы: Отан қорғау, ұрпақ тәрбиелеу, еркіндік, әділеттілік, шаруашылық, бақыт, денсаулық, ақ жаулық және басқа да көп салалы тіршілік тауқыметі мемлекет болып алғаннан кейінгі күнделікті күйбең қамы.

XV ғасырдың орта тұсында қазақ жиылып, бас қосып ту көтергенде аспан ашық, күн жарық болған екен. Ол кез еліміздің де, жеріміздің де жұлдызы жоғарылаған сәті еді. Әз-Жәнібек. Керей мен Қасым сынды азаматтар қол бастады, Асан Қайғы мен Жиренше сөз бастады. Бұлғардың табаны тиген жерде жол ашылып, жау жеңіліп жатты. Тіпті әлемді тітіренткен Ақсақ Темір “Көреген” әлеуметінің қосындары қазақ баһадурларынан сескеніп, соғыс майданын тастай қашқан кездері болған. Еліміздің сол кездегі батырлары қазақ жерінің шебін шығысқа созып Ертіс пен Алтайға жеткізді, батысқа созып Еділ мен Жайыққа барды, оңтүстіктегі Жиделі Байсынды қыс қыстауына, Ібір-сібірді жаз жайлауына айналдырды. Ол кездегі Қазақ Ордасының жер көлемі қазіргі Қазақстанға қарағанда 2 есе артық болды. Араласпаған ел, алынбаған қамал қалмады. Самарқаннан түстенген қазақ баһадурлары мен бекзадалары кешкі намазға

Бұқарада жығылды. Ташкент ресми байтаққа, Түркістан діни астанаға айналды. “Баяғыдай болар ма тағы заман” деп XVII ғасырда қалмақ табанына түскен қазақ сарбаздары бұл заманды тегін жоқтамаған екен. Сүйткен заманның да шаңы басылды.

Тарих тоғынағын артқан керуен өтіп кеткеннен соң солай көрінуі де ықтимал. Бірақ өткенге бүгінгі күннің үкімі жүрмейтіні хақ. Қалай болғанда да, Қазақ Ордасымен шендес ұлыстардың баршасының шаңырағы опырылып ортасына түсіп, керегесі күйреп бітіп, Дешті-Қыпшақтың орнына Қазақ ордасы келді, оның төңірегін қоршаған қалың жау жеңіліп ту тігуші қаһармандары ер атанып, есімдері мәңгі-бақи ел есінде қалыпты. Бізге тарихи деректер осылай дейді. “Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау араз болса, ауыздағы кетеді” деп, түйіндейді халық өткен ізін бағдарлай отырып.

2. ШЫҢҒЫС ХАН ДӘУІРІ

Қазақстанның үш мыңдық жылдық жазба тарихынан жерімізде әр түрлі мемлекеттер болғанын білеміз. Бірақ солардың барлығына Шыңғыс килігіп “Шыңғыс ханға дейінгі”, “Шыңғыс хан дәуіріндегі” және “Шыңғыс хан әулетінен” кейінгі мемлекетті құрылымдар деп бөліп тастады. Отаршылық кезең, әрине, бұлардан оқшау тұрады. Ресейдей мемлекет басқару жүйесі Дала заңдылықтарының бір де біріне – Шыңғыс ханның “Яссасына”, Қасым ханың “Қасқа жолына”, Есімханның “Ескі жолына”, Әз-Тәукенің “Жеті Жарғысына” – бағынбайды. Алайда, Ресейдің өзінің де мемлекет болуы Шыңғыс ханнан бастау алады. Оны Ресей саясаткерлері мойындамағанмен орыс ғұламалары сан рет бүкпесіз айтуға мәжбүр болған осы жәйттерді көре-біле тұра қазір де жаңа Қазақстан мемлекеттің Ресей үлгісінде құруымыз өкінішті-ақ. Ресей ту баста өзінен басқаны менсінбейтін, өктем, этноэгоистік, орыс иісі шықпайтын нәрсені назарына ілмейтін тәкәппар да содыр саясат ұстанды. Ол маңайын қоршаған барша ұлттар мен ұлыстарды “жеке меншігі” санады, қанады, зорлады, қан қақсатты, орыс

халқының өзінің басына әңгір-таяқ ойнатты. Қызыл империя осы саясатты жалғастыра түсті. Орыс империясымен көршілес, тіпті жақын қоныстас отырудың өзі түпсіз қасіретке айналды. Әлемде Ресейден зәбір-запа шекпеген бір де бір жұрт жоқ шығар. Ресей тарихы – соғыс тарихы, басып-жаншудан басталып, басып-жаншумен шектеледі, саясаты арбау мен алдауға, өндірісі қару-жарақ шығаруға, ішкі істері қамау мен жазалауға бейімделген. Өзі істеген жандармериялық қылмыстардың есесіне Ресей әрдайым қарғысқа ұшырап жатады. Бұл тек Чешенстан мен Ауғанстандағы жағдайларға байланысты емес, әлем тарихшыларының ортақ пікірі. Мыңжылдық тарихы бар Ресей мемлекеті әлі құрылу үстінде. Өйткені бұл – үздіксіз соғыс жүргізуден өз шаруашылығын түзеуге қолы босамағандықтың салдары. Алайда, еңбекқор орыс халқы мен озбыр Ресей екеуін шатастыруға әсте болмайды, бірі дос та, екіншісі қас, қас болса, ол да дос, дос болса. Қашан болмасын, мемлекетті биліктің өз табиғатымызға сай тұрпатына көшпесек, түбі бір қатерге ұрынуымыз кәдік, өйтпеген күнде орыстарға ұқсап біріміз “қызыл”, біріміз “ақ”, біріміз “көк” болып мәңгі-бақилық тартысқа түсеміз.

Қазақстандағы ежелгі мемлекеттердің күлін көкке ұшырып олардың орнына орталықтанған бірегей мемлекеттік жүйе әкелген де Шыңғыс хан еді.

Демек қазақ халқының мемлекет болып, ту тігуінің түп негізі Шыңғыс ханның есімімен, көшпелілік өркениетпен, Ұлы Қағанның саяси және соғыс әрекетімен, ішкі және сыртқы елдермен қарым-қатынас саласымен тығыз байланысады екен. Бұрынғы заманның қазақтары Шыңғыс ханның аты аталған жерде “Дүйін Баян (Добын-Баян – Шыңғыстың ата тегі) Шыңғыс хан, нәсілің нұрдан жаралған” деп әруағын атап, бас иіп, тағзым етіп жататынын Г. Н. Потанин жазбаларынан оқимыз. Шыңғыс ханды жауыз етіп суреттеген мұсылман-парсы тарихшылары ан-Насауи, Ата-Мәлік Жувейни, Ибн

әл-Әсір және орыс тарихшылары еді. Ал әділ бағасын беріп, кеменгерлігін мойындаған Еуропа, Қытай және Монғолия ғалымдары болды.

3. Жошы

Жошы (1187–1227), кейбір деректерде – Жолшы, Шыңғыс ханның “жолдан тапқан баласы-мыс”, “Ұлы қағанның үлкен ұлы”, “отының алды, суының тұнығы”, құрамына Ресей, Солтүстік Кавказ және Қазақстанның көп бөлігі кірген “Алтын Орданың” іргетасын қалаушы, Еуразия құрлығының ірі соғыс және саяси қайраткері. Қазақстан мен Орта Азияның көптеген қалаларын толық күйреуден аман алып қалған да осы Жошы. Ұлы қағанның басқа ұлдарына қарағанда Жошы мейірман, кішіпейіл, сабырлы, өнер мен білімге етене жақын жан болыпты. Қазақ аңыздары да оның осы қасиеттерін мақтанмен айтады. Жошы Алтын Орданы дара билейді. Елін де, жерін де қатты құрметтейді.

Жошының Дешті-Қыпшаққа сіңірген еңбегін айтудың өзі зерттеушіні рахат құшағына бөлейді. Сол заманның тарихшысы Жүзжанидың (XIII ғ.) дерегі былай дейді: “Жошы қыпшақтың жері мен суын, ауасын көрген кезде дүниеде бұдан артық жердің, бұдан артық сап ауаның, мөлдір судың болуы мүмкін емес екенін ұғып, қыпшақтарды жақсы көріп кеткені сонша өзі осында қалып, бұл елді бүліншіліктен азат етуге бел байлаған; ол өзінің пікірлес адамдарына: “Шыңғыс хан сірә, есінен алжасқан, өйткені ол осыншама жерді ойрандап, осыншама халықты қырғынға ұшыратып отыр, сондықтан мен аңға шыққан кезде әкемді өлтіріп, мұсылмандармен одақ құратын шығармын”. Оның бұл ойын Шағатай сезіп қалып, әкесіне жеткізген де, әкесі білдірмей оны у беріп өлтіруге әмір берген” (“Табақат-и Масири”). Жүзжанидың мәліметіне қарағанда, Жошы білекті де өр жүрек, қайратты да қабілетті адам болған. Әке мен бала арасындағы қырғи қабақ қашан басталып, немен тынғаны бимәлім, әйтеуір кейбір мәліметтер әкесі тұңғыш ұлын ерекше

жақсы көргенін атап жатады. Қазақстандық патриотизмнің ежелгі тұрпаты осындай тұнықтан бастау алады.

“Шежіре ал-атрак” деген XV ғасырдың қолжазбасында хан ордасына Ұлы Жыршы деген уәзірі Жошының өлімі туралы қазалы хабар жеткізгенде:

Құлыны өлген құландай,
Құлынымнан айрылдым.
Ажырасқан аққудай,
Ер ұлымнан айырылдым, –

деп, Шыңғыс хан еңіреп жоқтау айтыпты деген мәлімет бар. Жоқтау түрік тілінде жырланады. Жошының қазасын Шыңғыс хан мен бірге орда маңындағы белгілі әмірлер мен нояндар, шешендер мен баһадурлар қосылып жоқтасады. Жошыдан соң көп ұзамай, алты айдан кейін ұлы қағанның өзі де дүниеден озады. XVI ғасырдың тарихшысы Хафиз Таныш Жошы хан елерінде өз ұлысының кіндігі – Орталық Қазақстанға жерленуін өсиет еткенін жазады. Жошы ханның күмбезі бүгінде Жезқазған жерінде Кеңгір өзенінің бойында. Ол Қазақстанның мәдени-тарихи ескерткіштері тізіміне енгенмен жөнделіп қалпына келтіріліп, тиісті дәрежеде мемлекеттік қамқорлыққа алынған деп айта алмаймыз. Өйткені Қазақ Ордасына жол салған Дешті-Қыпшақтың да, Алтын Орданың да, тұңғыш ханы, ел басы Жошы болған. Оған деген құрмет мемлекетімізге, туымызға деген құрметпен пара-пар. Келесі жылы Жошының туғанына 810 жыл, өлгеніне 770 жыл толмақ. Игіліктің ерте-кеші болмайды азамат парызы өтелер шақ жақындап келеді.

Дархан мінезіне сай етіп, Жошының етегіне құдай балашағаны да мол берген. Кейбір деректер оның 40 ұлы болған деседі. Белгілі парсы тарихшысы Рашид-ад-дин Жошының 14 ұлын өз есімімен атаса (тұңғышы – Орда, екіншісі – Бату, онан кейінгілері рет-ретімен: Берке, Беркешар, Шибан, Танғұт, Буал, Шылауқұн, Шыңқұр, Шымпай, Мұхаммед, Үдір, Тоқай-Темір Шыңқұм), ал “Муизз-ал-ансаб” деген ортағасырлық шығарма оның 18 ұлы болғанын, Берке, Бері мен Беркешар деген

балаларының анасы Сұлтан-қатын екендігін, Орда мен Есен Қоңырат руынан (Шыңғыстың нағашы жұрты, өз жұрты – қият) алған тоқалдан туатынын айтады.

4. БАТУ

Жошының өлімін естіген Шыңғыс хан кенже інісі Отжиғанға: “Дешті-Қыпшаққа бар, Жошының ұлы Сайынды (Батудың лақап аты) әкесінің орнына отырғызып қайт” деп, арнайы тапсырма береді. Ағасының айтқанын бұлжытпай орындап, той тойлап жатқан Отжиғанға “Шыңғыс хан дүниеден озды” деген суық хабар түседі.

Біздің заманымызға жеткен тағы да бір тарихи рауайатта Шыңғыс хан өлері алдында немересі Батуды Монғолияға шақырып алып: “Әкеңнің билігін жалғастыр да, әкең армандаған жерлерді жаулап ал” деп бұйырған екен. Хорезм қаласынан шыққан Өтеміс хажы (XVI ғ.) “Шыңғысنامه” деген шығармасында Алтын Орданың тағына Батудың отыруы жөнінде тағы да бір тосын деректеме келтіреді. Жошы дүние салғанда оның үлкен екі ұлы Орда-Ежен мен Бату әке тағына өздерін өздері емес, бірін-бірі ұсынады. Мұны бір ағайын арасындағы татулықтан туған ынтымақ, береке-бірлік деп ұғамыз. Екеуі де хан болудан бас тартады.

Әлемдік тарихта бұндай оқиға болмаған. Тақ үшін талас әдетте қантөгіспен аяқталатыны мәлім. Испан, француз, әлде ағылшын патшалары бұл орайда өздері “варвар” атайтын монғолдардың қолына су құюға жарамайды. Батудың әкесіне тартқан жайсаң да жайдары мінезі туралы басқа да тарихшылар жазады. Еуропа саясатшылары Платано Карпини мен Гильом Рубрук өз көздері көрген Батудың ел ішіндегі асқақ абыройын арнайы атап өтеді, оның құрбы-құрдастарының арасында Сайын хан (“жақсы хан”) аталып, кейін хатқа да солай түсуі сондықтан. Бату сауда ісіне даңғыл жол ашып, Алтын Ордада қала салуды қатты дамытқан. Кейбір саяхатшылар оның Сартақ (саудагер, сарт деген мағынада) деген лауазымы болғандығын да жазады.

Тақтан бас тартқан екі ағайын арасында талас туады. Осы таласты аталары Шыңғыс ханның алдында шешпек болған ағайынды екеуі басқа шешеден туған 17 інілерін ертіп атажұртына, Қарақорымдағы Шыңғыс ханға аттанады. Ұлы баба алыстан келген немерелерінің ұзақ сапарының мән-жайын естіп біліп, жылы шыраймен қабылдап, оларға арнайы үш жерге үш орда қатар тіктіруге бұйрық береді. Алтын босағалы “Ақ Орданы” – Батуға, күміс босағалы “Көк орданы” – Орда Еженге, болат босағалы “Боз Орданы” – Жошының төртінші ұлы Шибанға деп, өз қолымен үлестіріп, әрқайсысын жеке-жеке қондырады. Ал кейін қазақ хандарының түп атасы болған Жошының он үшінші ұлы Тоқай-Темірге “күркелі күйме де бұйырмады” деп келемеждейді қолжазба авторы. Бұл жерде шығарма иесі Өтеміс хажының Шибан әулетін мадақтап, Тоқай-Темір әулетін даттап жатқаны түсінікті. Өйткені өзбек және түркімен хандары негізінен Шибан әулетінен тарайды. Тарихшылар да пенде емес пе? Сөйтіп, атасының ақ батасын алып барып, Бату әкесінің орнына Алтын Орданың тағына отырады.

1236–1242 жылдары аралығында Орыс елін, Еділ Бұлғарстанын, Польша, Мажарстан, Чехия, Валахия мен басқа да Еуропа елдерін жайратып салып, Бату хан Еділ бойына оралып, өмір тіршілігі үш ғасырға созылған Алтын Орда мемлекетінің ішкі және сыртқы ісін басқаруға араласады. Алтын Орданың тарихтағы балама аттары көп: Жошы ұлысы, Дешті-Қыпшақ, Қыпшақ, Берке даласы, Солтүстік патшалық, Ноғай ұлысы, Өзбек ұлысы және т. т. Ол кезде тұтас мемлекетті “орда”, “ел” деп, оның бөлігін “ұлыс” атаған, Орыстың “область” деген түркізмі осы “ұлыс” атамасынан шығады да, қазақ тіліне өзінің төл сөзі “орыстанып” барып, “облыс” түрінде қайта кіреді. Тіл тағдыры әлеумет тарихымен бұйдалас.

Мемлекеттің астанасы етіп Еділдің төменгі сағасынан Сарай қаласы салынады.

Іргетасын өзі қалаған мемлекетінің болашағына Бату ханның жасаған қиянаты да бар. Жаңа құрылып, атағы жер жарған Алтын

Орданы еншілеп алғаш бөліске түсірген де осы Бату. Еуропа шайқастарында батырлығымен көзге түскен үлкен ағасы Орда-Еженге әкелеріне қарасы аймақты 10000 түтінімен еншіге беріп, Үдір, Тоқай-Темір, Шыңқұм, Сынқұм атты төрт інісін қосып бөлек отау шығарады да бұлар Жошы әскерінің “сол қанаты” болып аталады. Ал өзіне тиесілі ұлыс пен ағасы Орда-Еженге тиген аймақ арасындағы қазіргі Қызылорда, Орал, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Жезқазған, Торғай, Жамбыл облысының жерлерін 15000 түтінімен қосып, үшінші інісі Шибанға тарту етеді. Бұлар “оң қанат” атанады. Ендігі жерде осы “оң қанат” пен “сол қанаттың” ымыраға келмейтін шайқасы қоса жүреді. Басқа дүние, андысқан қалың жау, алынбаған қамал, ата-баба өсиеті жайына қалады. Оны біз Қазақстанның ортағасырлық тарихынан, кейінгі жүздер тартысынан жақсы білеміз. “Оң” мен “солға” бөліну қырғыз бауырларымыздың жігерін құм қылып әлі сақталып келеді. Өздері оған ашынады, ашынса да бөлінгенін қоймайды. Алтын Орданың өз басынан асқан індеті, міне, осы дәстүрден бастау алады. Бабалары қан кешіп жүріп орнатқан әлемдік заңгер империяның түбіне жеткен де, оны мекендеген миллиондаған ел-жұртты, ондағы ұлттар мен ұлыстарды кейін Ресейдің табанына салып берген де осы еншілік ұлыстық жүйе. Алтын Орда ғана ыдырап қойған жоқ, онан кейінгі құрылған Ақ Орданы да, Өзбек ордасын да жарық дүниеге алып келген де, ыдыратқан да осы бөлініс. Мұны біз қазірде Кавказ тауында қалған саны жүз мыңға жетер-жетпес ноғай халқының аянышты тағдырынан көреміз. Сол ноғай кеше Алтын Орданың негізгі жұрты болды деп кім айтады, айтса, оған кім сенеді. “Бөлінгенді бері жейді” деген осы. Өз-Тәуке өлгеннен кейін үш жүзге бөлініп, үш хан билеген Қазақ Ордасы да өзінің алдыңғыларының кебін кие жаздап, XVIII ғасырда Абылайдың қаһарынан сескеніп барып тоқтағаны мәлім. Бірақ жүзшілдік Абылай өлгеннен кейін қайта жаңғырып, қазақ даласын оңай басқарудың тәсіліне айналды. Орыс отаршылдары сөнуге айналған қоламтаны қайта қоздырып, қазақтың басын біріктірмей біріне-бірін айдап салып отырды, бұл індетті

коммунистер кадр орналастыруда жақсы қолдана алды. Алайда, еншілік жүйе тек Шыңғыс ханнан басталмайды, ертеден келеді. “Елім бір еді. Елім қайда?” деп, VII ғасырда Күлтегінді күніренткен де, Орталық Азияны қырыққа бөліп отар еткен де, қас жауымызды өзімізден зор қылып, оған Еуразия құрылығын билеткен де осы ежелгі індет салдары болатын. Алайда, бұған тұңғыш тойтарыс берген Қасым хан еді.

5. Өз ЖӘНІБЕК ПЕН КЕРЕЙ

Ерге заманнан бері әр ірі мемлекеттік қайраткердің жанына ертіп жүретін меншікті тарихшылары болған. Ондай тарихшылар Шыңғыс ханның да төңірегінде болды. XIII ғасырда жазылған монғол шежіресі “Алтын топшы” (“Құпия шежіре”) осының дәлелі. Өкінішке орай, Қазақ Ордасын құрған қазақ хандары сарай тарихшыларын ұстамаған. Қазақ хандығының дүние есігін ашуы туралы тарихи жазба дерек осы оқиғалардың шаңы әбден басылғаннан көп кейін барып қағазға түскен. Солардың бірі де, бірегейі де көпке мәлім “Тарихи-Рашиди” (“Рашид ханның шежіресі”). Оны жазған “қазақ Геродоты” атанған Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551). Шығарма екі бөлімнен тұрады, 1544–46 жылдары Кашмірде, Үндістанда өмірбаяндық сипатта парсы тілінде жазылған. Автор Орта Азияны билеп-төстеуші Ақсақ Темір “көреген”. Шағатай, Моғол (монғол) және Алтын Орда әулеттері, олардың өзара қарым-қатынасы туралы жаза келе, Қазақ Ордасының құрылуы туралы бұлтармас құжатты мәліметтер келтіреді: “Ол” кезде Дешті-Қыпшақты Әбілқайыр хан билеп тұрды: Ол Жошыдан тараған сұлтандарға қысым көрсетті. Жәнібек пен Керей мұның зардабынан Монғолстанға ығысты. Есен-Бұға хан бұларды жылы шыраймен қарсы алып, Монғолстанның батыс бөлігі болып саналатын Шу мен Қозы-Басы өңірін тарту етті. Бұлар алған жерлерінде бақытты тұрмысқа кенеліп жатқанда, Әбілқайырдың өлімінен кейін Өзбек ұлысы күйзеліске түсті, талас-тартыс басталды. Жұртының көбі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп келді. Олардың саны 200 мыңға жетті. Көшкендер

өзбек-қазақ болып аталды. Қазақ сұлтандары 870 жылдан билік жүргізді. Алла тағала әрине бізден анығырақ біледі”. Түбінде болашақ тарихшыларға қажет болады-ау деген мәліметтерді Мұхаммед Хайдар профессионалдық жүйеге түсіріп, мүмкіндігінше толық қамтиды. Олар – негізгі әлеуметтік-саяси қарама-қайшылықтар, қақтығыстар, оқиғаға қатысқан тұлғалар, олардың іс-әрекеттерінің себеп-салдары, мекен-жайы, мезгіл көрсеткіштері, оқиғалар тізбегі, ішкі және тысқы жаңғырығы, салыстырмалы оқиғалар, куәлар және т. б. зерттеушілерге аса қажетті үлкен-кіші деректер. Орта ғасыр аясында Мұхаммед Хайдар Дулатиден сауатты да зерделі тарихшыны табу қиын.

Қазақ Ордасының құрылуы мен орнығуы туралы бірден бір тарихи дерек автордың шығармасына шоғырланған. Қалған жазба деректердің баршасы бұл орайда қосалқы сипатта қалады. Ал тарихшылар арасындағы дау-дамай, өзара түсініспеушілік Мұхаммед Хайдардың мәліметін қырық саққа бұрмалаудан туындайды. Қолжазба әлеумет назарына іліккеннен бергі уақытта ғалымдардың сүзгісінен өтіп болды. “Мухаммед Хайдардың жазғандарының барлығы дерлік тың және аса құнды дүниелер, оның әңгімелері әрдайым шынайы оқиғаларды дәл бейнелеп, анық баяндайды” – деп жоғары бағалайды белгілі қазақ танушы В. Вельямин-Зернов. Мұндай пікір кезінде Ш. Уәлиханов, В. Бартольд, Ә. Марғұлан, М. Тынышбаев секілді басқа да белгілі ғалымдардың лебізінен мәлім.

Демек, қазақ хандығының дүние есігін ашқан мезгілі Мұхаммед Хайдар Дулати мырза қаламында қалай өрнектелсе бізде сол күйінде шартсыз қабылдауымыз парыз. Ол үшін Қ. Салғарин (Е. Қ. 14 маусым 1996 ж.) жазғандай, “келісіп”, “ортақ пікірге тоқайласудың” қажеті жоқ. Мезгіл “Тарихи-Рашидиде” дәл көрсетілген: мұсылманша жыл санаудың 870 жылы, жаңа есеппен 1465/66 жылдар арасы, ал оны хижрадан, қазіргі күн тізбегіне, миладиге аудару ісі мамандардың қолынан келіп тұр. Жаңа құрылып жатқан Қазақ Ордасына жаппай қоныс аудару күзеуге орайластырылса керек.

Қазірде Ұлыстың Ұлы Күнін Наурызға да, Конституцияға да, Республика күніне де, Құрбан айтқа да, Желтоқсан уақиғасына да, тіпті шоқыншылардың Жаңа Жылына да орайластырып айтып жүрміз. Әдетте, Наурыз, дұрысы – “наурыздама”, мейрамның ежелгі аты – жаңа жыл, дара қазақы азаматтық мейрам. Қазақ халқының өз алдына дербес мемлекет болып, көк туын желбіреткен күні де Ұлыстың Ұлы күніне сұранып тұр. Демек, Наурыз бен Көгілдір Ту желбіреген Республика күнін қосып. 1997 жылы қазақ мемлекетінің 531 жылдығын бірге тойласақ деген үміт бар. Онда Қазақстанның көпұлтты ел-жұртын патриоттық тәрбиелеу ісі үлкен арнаға жалғасар еді.

6. ҚАСЫМ ХАН

Әдетте, біз “Қасым ханның қасқа жолы” әуелде де бірлігі екенін ажырата тануымыз керек. Қасым тұсында қазақ айрандай ұйыды, бір басшының айтқанынан шықпады, “бірлік түбі тірлікке айналды, ту тік тұрды. Ол кезде дүлей күштің қарымтасын дүлей күш қана қайыра алатын заман еді. Қасымдай кеуделі басшысыз Қазақ Ордасының алдағы күні бұлыңғыр болып көрінеді. XV ғасырдан көп кейін де қазақ мәселесінің салмағы білек күшінсіз шешілмеді. Жеке мемлекет болып ұйымдасып барып, қазақ есесін қазірде жоқтап жүргеніміз де, бұл мәселенің бұрын көтерілмегені де сол себепті. Қаз дауысты Қазбек 14 жасында тоқсаннан асқан Қармас биден: “Қазақтың кегі қайтсе қайтады?” деп, сұрағанда, кәрі би: “Атқа қонбаса, садақ тартпаса, оқ боратпаса қазақтың кегі қайтпайды”, – деген жауап берген екен. Заман келбеті солай еді.

Әкесі Әз-Жәнібек пен ағасы Керей тіккен көк ту Қасымның қолына тиді. Ол қолда бар ұлт игілігінің баршасын азаттық жолында еркін пайдалана білді. Ұлт уысына түсті. Қоғам бір кісінің құзырына именбей ұлт болу, мемлекет болып, ту тігу мүмкін емес. Ол бұрын да солай болған – қазір де солай. Ұлт Қасым хандай ардагердің дегеніне көнді, айтқанына нанды. Демек, субъективтік алғышарт қамтамасыз етілді. Қазақтың

малы да, жаны да тәуелсіздік жолына садақа етілді. Демек, объективтік алғышарт та кем болған жоқ. Шалкиіз жыраудың (1465–1560):

Сен алтынсың –
мен тұлмын.
Сен жібексің –
мен жүнмін.
Сен сұлтансың –
мен құлмын.
Сен сұңқарсың –
мен қумын.
Жемсауыңа келгенде,
Сұлтан ием, сом жүрегім
аяман,
Саған дұшпан – маған жау,
Керекті күні алдында
Ғазизлеген сұлтан жаным
аяман, –

деген өлеңі қазақтағы хан институтының қазақ халқының тұтқасына айналғандығын тарихшылардың Қасымдағы Жошыға теңеуі тегін емес. Сол кездің сөзімен айтсақ, Қасым – қазақтың “есендікте мал беріп батыр жиған” ардагері болды.

Қазақ хандығы өсіп айы оңынан, жұлдызы солынан туып, өзіне дейінгі құрылған ордалардың біразының керегесін күйретіп, бөленбей, жүзге жіктелмей тұтас келді. Оның жүзге, ұсақ хандыққа бөлінуі кейінірек Әз-Тауке өліп, ел тізгіні босаңсығаннан кейін басталды. Жаңа дәуірде, 1991 жылы тәуелсіздік жариялауда да осылайша көп қошаметі қолдау болғанына көзіміз жетті. Беловеж келісімі алдымыздан даңғыл жол ашып, тәуелсіздікті жариялаған күні момақан ұлттық несібесі жоғарыдан болар деп жорыған едік. Әйтеуір, қан төгілмеді, шығын болмады, жер тұтастығы толық сақталды. Құмалақ түгелделді. Сөйтіп, Қазақ ұлысын Ұлы Дала сағына күткен біртуар перзентіндей қабылдады.

Алда қазаққа жұлдызы қарсы бір зұлмат тұрды. Ол алыстан келмеді, атағы жер жарған Алтын Орданы да жауына жығып берген де сол зұлмат екенін жоғарыда айттық. “Таста тамыр жоқ, төреде бауыр жоқ” деген қалмақ мақалы сол кезде қалыптасса керек. Әрқашан сыртқы жаудан ішкі жау қатерлі болатыны мәлім. Қазақ ұлысымен тұңғыш жау болып алысқан Ақсақ Темір әулеті емес, Жошыдан тараған Шибан ұрпақтары болды. Қазақ хандығының туын желбіретіп жүрген Жәнібек пен Керейге олардың немере ағайыны Мұхаммед Шибан қарсы шықты.

Ең әуелі әулет Жошының он үшінші ұлы Тоқай-Темірдің ұрпақтарының алдында әдетте “үлкенбіз, жол біздікі”, деп кеуделейтін еді. “Еділ де менікі, Жайық та менікі Еділдің түбіндегі балық та менікі, Жайықтың бетіндегі қайық та менікі” деген Алтын Орда заманынан қалған мақал ел басқарудың теориялық кілтіне айналды. Мұхаммед Шибанның атасы Әбілқайыр (1412–1468) Қазақ ордасы шаңырақ көтеруден біраз бұрын Арал маңындағы тайпалардың біразының басын қосып, Өзбек Ордасының (1430–1469) негізін қалаған. Мұны тарихшылар көшпелі өзбек мемлекеті деп атайды. Үздіксіз бақталас соғыстардан тоз-тозу шыққан Алтын Орда мен Ақ Орданың ыдырауы үстінде саяси дағдарыстан құтылудың амалы іздестірілді. Хан билей алмады, қараша көнбеді. Халық тұрмысы төмендеп кетті, ел босты. Мемлекет тізгінін ұстаған Шибан ұрпақтары Тоқай-Темір әулетіне қысым жасағанын қоймады, билікке жолатпады. Ағайын арасындағы өкпе өрши келе өзара қанды қақтығыстарға ұласты. Тұтас ұлыс қақ бөлінді. Ағайынды екі сұлтан Жәнібек пен Керей Монғолстанға өздеріне қарасты 120 мың түтінді бастап, тайып тұрды. Ырақ онымен іс бітпеді. Өзбек пен қазақты екіге бөліп тынған Шибан мен Тоқай-Темір ұрпақтарының арасындағы жанжал онан да күшейе түсті, ұлысаралық бітіспес қантөгіс қақтығыстарға айналды. Мухаммед Шибан қазақ жерімен сауда-саттық қатынасқа түсуге ресми тыйым салды. Қазақтарды дінсіз кәпір атап, оларға қарсы жүргізген соғыстарын өз тарапынан ғазуат деп жариялады.

Бұған Бұқар және Самарқан дінбасыларын бата беруге көндірді. Қазақ ордасына жасалған экономикалық және мәдени блокада туралы сол дәуірдің тарихшысы Рузбеханидың өзі көзі көрген мәліметтерінен табамыз. Мұхаммед Шибанның иісі қазаққа деген өшпенділігі сондай, ол Бұқара мен Самарқан секілді кенті жерлердің сәулетін қазақ үйреніп қояды деп, қазаққа көрсетпеу туралы өкім айтады. Соғыс үздіксіз жүреді. Мұхаммед Шибан Қазақстанның алыс шегіне орналасқан Ұлытауға шейін кіріп, бейбіт жатқан қазақ қоныстарын тонайды. Қазақ руларының шежірелеріндегі ұрпақсыз қалған аталардың біразы түгелімен шабылып, тұқымсыз қалуы сондықтан. Ондай-ондай ұрпақсыз аталар хан мен төрелер тұқымында тіпті көптеп кездеседі. Жарты ғасырдан асқан соғыс өртін сөндіруге елдің не ақыл-ойы, не қару-жарағы, не шаруашылық қоры шақ келмеді. Мал бағусыз, егін салусыз, өр көмусіз қалған шақтар болды. XV–XVI ғасырлардағы ұзаққа созылған соғыстар қазақ елін әбден қалжыратып барып үш жүзге, үш хандыққа бөлініп қалмақ пен орысқа жем болғандығымыздың басты себебі болды. Пайдасыз да жоспарсыз соғыстар елді титығына жеткізіп болды. Жаңа қалалар салынбады, ескі қалалар күйреп бітті. Қазақ астанасы кейде Ташкентке, кейде қайта Түркістанға алма-кезек ауысып жатты.

Соғыстан шайлыққан Қасым хан өзінің хас жауы болса да немере ағасы Мұхаммед Шибанды Түркістанға шақырыпты дейді сол кездің бір жазба мәліметі ескі рәуайатты есіне түсіріп:

– Ордама жиған-терген қазынамды көр. Қалағаныңды ал, қолыңды қақпаймын, – депті Қасым хан Мұхаммед Шибанға, – Түркістанның дәулеті де, сәулеті де сенікі болсын. Тұранның сұлуын жинадым, қызғанбаймын – таңдағаныңды ал. Тек өзім бағып-қағып отырған қос жирен наз бедеу жүйрігім бар. Соларға ғана көзің түспесе болды. Басқаның бәрін әкетем десең де рұқсат.

Отыз күн ойын мен қырық күн тойға мәз болған Мұхаммед Қасым ханның елі мен жерін аралап, сый-сипатын көріп разы болады. Бірақ қайтарында қос жиренді қалайды. Қасым

хан басын шайқайды. Бермейді. Қалағанына қолы жетпеген Мұхаммед Шибан еліне өкпемен оралып, біраздан соң қазаққа қарсы ғазауат жариялайды. Түркістан қоршауға түседі.

Қос жирен қоңыраулы
сарайымда,
Әніне “Қос жиреннің”
салайын ба?
Аулына ат құрғатпай
барар едім,
Қорқамын жек көрініш
ағайынға.
Е-ей, екі-ай торы-ай,
Малдың зоры-ай!
Жете алмас тұяғына-ау,
Адал торы!

Ән сөзі редактор қайшысы тимеген халықтық сипатта. Бұл әнді “қасқа жолымен” жортқан Қасым хан айтпады деп кім айтады? Оқиға осы аңыздағыдай болды ма, жоқ, басқаша ма, кім білсін, әйтеуір қазақ арасында осындай көпке беймәлім жазба аңызбен қатар ән де жүр. Әннің аты – “Қос жирен”. Қазіргі қазақ дипломаттарына керек өнегелі оқиға.

Бұл оқиға 1501–1503 жылдары болса керек. Өйткені жазба деректерде Мұхаммед Шибан 1503 жылы Ұлытаудағы қазақ қоныстарын шауып жүргені айтылады.

Қасым ханды тарихшылар “қазақ жерін қорушы” деп атағанын, еліміздің қазіргі шекарасы Қасым тұсында әлдеқайда кеңірек болғанын айтып өттік. Оған ол кезде Астрахан, Төмен, Қорған, Орынбор, Омбы, Барнаул, Құлынды, Сартау өлкелері, Жоңғар даласы, Түркіменстан, Өзбекстан мен Қырғызстанның біраз бөлігі кірген. XVIII ғасырда қазақ жерінің Қасым белгілеген мезесіне Абылай хан оңтүстік және шығыс бағытта біраз жер қосқаны мәлім. Ұлт тарихына оқиғалар тізбегі, негізгі тарихи қайраткерлер өмірі, іс-әрекеті және т. т. дұрыс бедерленбей жатқанда жеріміздің шынайы тарихын талап ету астамшылық

та шығар. Бірақ мойнымызда Қасым ханның қарызы жүргенін сезінетін мезгіл жетті. Қасым ханның Қазақ Ордасын құрудағы саяси іс-әрекетін тарихшылар Жошымен пара-пар қояды. Дешті-Қыпшақта үш ғасыр бойы Қасымдай саяси және соғыс қайраткері болмаған. Жаңадан қалыптасып жатқан ұлт мүддесін қызғыштай қорып, қазақ жерін ұлғайтқан әрекеті оны Қазақстан тарихының айта берді, Еуразияның ең ірі де беделді мемлекет басшысына айналдырады (орыс елі ол кезде Мәскеу маңына шоғырланған шағын мемлекет еді). Өз заманында “жер қорығыш” атанған Қасым ханның азаматтық және патриоттық өнегесі елімізді қайта гүлдендіру үшін аса қажет. Ал Қасымдай оның әкесі Өз-Жәнібек, ағасы Керей-хан, бабасы Жошы, Бату сынды ардагерлердің есімдері тәуелсіз елімізде елеусіз қалғаны кімді болмасын қынжылдырмай қоймайды.

Тәуелсіздік жолында қаншама асыл ағалар мерт болды, жазықсыз жандардың қаны төгілді. “Өлі риза болмай, тірі байымайды” дейді халық даналығы. Біздің де алға басқан қадамымызды аруақ өкпесі артқа тартып, еңбегіміздің еш, тұздығымыздың сор болуы сонан ба екен, сірә. Мәскеудің Кремлінде Өз-Жәнібек пен оның ұлы Қасым ханмен шайқасқан Қазақ Ордасына жұлдызы қарсы орыс кінәздерінің мүрделері көздің қарашығындай сақталып келеді, жылына бір рет арнайы діни жора-жоралғы, құрмет көрсетіледі, басына шіркеу орнатылған. Жаппай шоқынады. Ойлану керек-ақ. Қазақ үшін қан төккен Қасымның 550 жылдығы да келді.

7. Ел айырылған заман

Қазақ ауыз әдебиеті біз сөз етіп отырған дәуірді “Ел айырылған заман” деп атайтыны мәлім. Кейбір дастандар осы тұрғыдан “ноғайлы” жанрына топтасады да тақырыбы, идеялық бағыты және әлеуметтік функциясы жағынан оқшауланып қалады. “Ел айырылған заман” деп, өзі жеке ел болған кезенді қазақ ерекше бөліп атайтынына қарағанда, бұл да бір ұлт басына түнек болып түскен сергелдең дәуір болып көрінеді. Бұл жанр қазақ музыкасынан да өз орнын тапқан. Қос ішекті домбыра

“Ел айырылғанды” салғанда сайын даласын патетикалық сазды сарынға бөлейді, сахараны көгілдір аспанымен бірге күңіренеді. Күллі қазақ тағдырын бір шумақ әуенге сыйғызған Қожаберген жыраудың (XVIII ғ.) “Елім-айы” сол кезеңнің гимніне татырлық. Тек ғасыр басқа. Мезгілдік сипатынан алжасқан қазақтың төл поэзиясы халық басына түскен нәубетті дәуірлерді өзінше жіктеп, топтап, жинақтап, көбін “Ел айырылған” күйінде эпикалық жоқтау түрінде саралайды. Әуені мен сөзі қабысып жатады. “Қайың сауған”, “Сауран айналған”, “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама”, “Үш қиян”, “Зарзаман”, “Аша түк қалмасын”, “Абыралы-Жалаулы” (Семей полигонының құрбандарын жоқтау), “Желтоқсан” оқиғалары ұлт басынан өткен сұрапыл да сұрқия біртұтас тағдырдың қадау-қадау бунақтары ғана. “Ақтабан шұбырындыда” қазақ хас жауымен жаяу-жалпы айқасса, “Аша тұяқ қалмасында” ішінара наразылық білдіріп, үндемей аштан қырылып, кейбір ғана білтелі мылтық ұстап, айыр-аша алып айқасса, “Абралы-Жалаулыда” амалсыз 24 сағатта қозы кеш жерге табан аударып “құтылса”. “Желтоқсанда” ұлт-азаттық күрес тәсілі сапалы өзгеріске ұшырады – орыстың тұрақты қосындылары мен болат құрған танкілеріне тұрпайы күш арқылы айбат көрсетумен шектелмей, майдан үстінде отаршылыққа қарсы ашық үндеулер тасталды, ұлтты бас бірлікке шақырды. Танкіге төтеп бере алмайтынын сезген жастар зұлматқа қарсы ұлттық бірлікті уағыздады. Амал не, күрес арты жалғассыз қалып, майданда күректің қыры мен штықтың ұшынан аман қалғандарды қаламның ұшымен түйрегені қабырғамызды қайыстырды.

Бірақ “Желтоқсанда” төгілген қазақ жастарының қаны зая кетпеді. Қырмызы-қызылға боянған алып империясы шайқалып барып, ыдырауға түсті. Иншалла, бұл игі істің басы ғана болғай.

Халық санасы Қазақ Ордасы құрылып жатқан кезеңнің өзінде сол заманның тарихи категориялары болып кеткен “тоқсан екі баулы қылшағын”, “отыз екі баулы өзбегін”, “он сан ноғайын”, “тоқсан үйлі тобырын” (“өр – ұлтты топ” дегені де), “үш жүз алпыс үйлі қазағын” қорғаған Едігесін, Қара-қыпшақ

Қобыландысын, Ер Көкшесі мен Ер Қосайын әлі күнге дейін төбесіне көтереді, пір тұтады, Әз-Жәнібегі мен Асан-қайғысын, Керейі мен Баба Түкті шашты Әзизін әулие санап, күмбезін көтереді. Өкінішке қарай, бабалар жасаған дәулет пен олардың аруағына қайтарған сәулет әлі болмай жатыр. Қол қысқа, тон келте. Ит мініп, ирек қамшыладық. Енді мінгесу қалды. Сөйте тұра “той көбейіп кетті” деген қаңқу сөзді құлақ шалып қалды. Ал той астарында тарихқа құрмет, бабалардың ақ жолын аңсау жатқанына кей-кейде жіті назар аударма бермейміз. Сөйтіп жүріп, ұлттық идеологияны, патриоттық тәрбие ісін, оның теориялық және фәлсәфияттық негіздерін басқа өңірлерден іздейміз.

Бірақ таппай жатамыз. Бәлкім, кінә өзімізден емес те шығар. Әрине, басты күнәкәр – сана-сезімімізді ұлттық менталитетімізді құрсаулаған ұзына ғасырлық отаршылдық жүйе үйреткен отаршылдық стереотип болар.

8. ҚАЗАҚ ИДЕЯСЫ

Әдетте, санасын отаршылдық уыт шалған ұлт өз мүддесін жария түрде айта алмайды, отаршылдықтың бастапқы кезеңінде қожа ұлт (метрополия) айтқыздыртпайды, онан кейінгі дәуірлерде отарланған ұлттың өзінің де ашық айтарлық хал-жайы болмай қалады, ал отаршылдықтың уыты бойын әбден билеп алғаннан кейін отаршылдық жағдайын әдейі айтпайды, тіпті бойын билеген отаршылдық сана ұлттық игілік болып та көрінуі мүмкін.

Мысалды алыстан іздеп керегі жоқ. Кейінгі кездері жастарымыздың қазақ тілінен, мәдениеті мен дәстүрінен жатсынуының объективтік шарттары басым жатқанын мойындаймыз: мектеп аз, оқу-құралдар тапшы, мамандар жоқ т. б. Бірақ әркімнің өз басына байланысты, көкейге байланысты, субъективтік жағдаяттар аз ба? Жастар орысша сөйлегенді, бала-шағасын орысша тәрбиелегенді, орысша киініп, жүріп-тұрғанды күнделікті тіршілікке қажет деңгеймен шектелмей, оған әсіре мән беріп, мақтан ұстанатынын, артықшылық

санайтынын, әдейі “көз үшін” жасайтынын біліп те, көріп те жүрміз.

Дәл сол кезде өзінің ұлттық өркениеті табанының астында жатқанын, сол арқылы өзін ғана емес, өзімен қандас өзгені де төмендетіп тұрғанын сезінбейді, сезінгісі де келмейді деу аз, әрине, сезінеді, бірақ өз қандасын кемсітіп тұрғаны оған аса жағады, ләззат алады. Орысы көп Ақтау мен Өскемен қазақтарының отбасында орысша ғана орысша сөйлеп, балашағасын орысша баулып жатқанына ренжиміз, әрине. Ал орысы жоқ Шетпе мен Ералы, Күршім мен Тарбағатайдың орыс-тілді қазақтарына не дейміз? Қазақ тілі қазақтың өзіне керек болмаса ол тілді Қазақстанның орысы мен немісі не қылсын? Кімге өкпе артамыз сонда? Орысша ғана сөзге именетін қазақ (турасын айтсақ – “казак”) Кіндікті Азияның XX ғасырдағы парадоксіне айналды. Бұлардың сырт пошымы ғана “казак”, ішкі жан-дүниесі – “казак” басқа ұлт өкілі десе де болады. Бұрыннан Қазақстанда жасап жатқан 100 ұлтқа енді бір бөгде “казак” деген ұлттық топ қосылып, ұлт саны жүз де бір болдық. Сондықтан бұл “жаңа” ұлтты шоқындыру да, буддаландыру да, ұлын қылмысқа, қызын жезөкшелікке итере салу да оңай болды – ашқанның алақанына, жұмғаның жұдырығына түсті. Мұндай кері құбылыстың өз идеологтары табылды. Мәселен, Нұрболат Масанов мұның ашықтан ашық дәуірлеп өрши түскенін қалайды, тіміскіленеді, пайда іздейді. Мұндай көріністерге ұлттық-әлеуметтік ытырыныс я жоқ, я аз, әйтеуір ұлттық өркениетті жақтаушылар тапшы. Отқа итермелеушілер көп. Осындай кері әрекеттерді көре, біле тұра, оған наразылық жасар жан болмайды, әдетте, ақыл айтар үлкен аға, ақылға мақұл кіші іні табылмай жатады.

*Ақатай С.Н.,
Бабалықов Жағда
Сарыарқа самалы. 29, 31 шілде 1997 ж.*

Орта ғасыр бізден алыс, фанатизмі жағынан XX ғасырдан екі аралық бір-ақ адым

– Ортағасырлық діни инквизициядан қызыл империяның айырмашылығы да бар, алайда ұқсастығы мол. Екеуі де биік мақсат жолында жазықсыз адамдарды қырып-жойып қан төгеді. Коммунистік идеология да, дін де ешқашан орындалмайтын әуейі мақсатты – коммунизмді, ұжмақты көксейді. Бұлардан қазақтың, қазақ санасының үрейленетін тұстары бар. Қазақтың қырылмаған кезі жоқ. “Қақтығыста қазақ өледі” деген сөз бекерден бекер айтылмаса керек-ті, Қазақ – тағдыры ауыр халық. Қызыл қырғында да, “Қоян жұттарында”, егін шықпай қалса да, социализм орнаса да, орыс пен орыс соғысса да ортасында қазақ қырылады. “Балта шапқанша жаңғақ аунап түседі” дейді қазақ. Айтайын дегенім, сол қырғындардың сабағы, тағлымы болу керек қой.

Өзінің Отанында, жерінде тұрып, Қазақстанда қазаққа ғана орын болмай жатыр. Кім кедей? Қазақ кедей. Кімде жоқ? Қазақта жоқ. Кімнің баласы ауру? Қазақтың баласы ауру... Бүгінгі нәубет барша қазақстандықтардың мойнына ортақ түсіп отыр дейміз, бірақ тұзаққа, қақпанға түсетін ылғи да қазақ. Ең өкініштісі осы. Бадырайып көзге көрініп тұрғанды қазақтың ғана көзі көрмейді; оның айқайын естуге қазақтың ғана құлағы естімейді; оны саралауға, топшылауға қазақтың ғана ақыл-ойы жетпейді. Әйткенмен, қазақ көріп отыр, естіп отыр, бірақ қыңқ етпейді-ау, жаны ауырмайды-ау!

Өткеннің күні біз үшін сабақ болуға тиіс деп шырыл-дайтынымыз осыдан. Өткеннен біз не алып шықтық, өткеннің құрған тұзағына қайтадан аяғымызды іліп алып жүрмейміз бе дегендей ой қазақтың санасында жүрсе, сонда ғана азаптан құтылар еді.

Инквизиция Еуропа үшін масаң шақ еді. Ол – сонау мың жыл бұрын болды. Қызыл қырғын күні кеше өтті. Осылардан қазақ сабақ алмаса, болашақта аузы-мұрны қан болады да отырады, болады да отырады.

Нәубет жылдарын, репрессия құрбандарын еске алу – құрбандық шалып құран оқумен, жоқтау айтумен ғана шектелмейді. Есті адам өз жолымен жүреді, әрине.

Есті халық, есейген ұлт басқа халықтардың, әсіресе, өз халқының бұрынғы өткен жолын саралап, тағлымын ала отырып, алға басады. Тұзаққа түсіп, орға жығылған тұстары болса болашақта соны қайталамайтындай айналып өтеді. Тарих сол үшін керек. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы тарихтан тағлым ала отырып, болашақта қан төгілмейтіндей етіп өткізуіміз керек. Басына сәлде орап, бата жасап, құрбандық шалу иісі мұсылман – үшін басты шарт болғанмен қазақ үшін ол жеткіліксіз. Егер біз жылы-жұмсағымызбен дастархан жайып, тәтті-тәтті сөзімізбен көлгірсіп, аруақтардың өміріне нүкте қойып қана тынсақ, болашақта ел бола қоюымыз неғайбыл.

Тәуелсіздік бізге қымбатқа түсті. Біз соған қайғыра отырып, болашақты саралауымыз керек. Бергенін алған Аллаға, берерін алғызбауымыз – мақсат. Халқымызға бір ескертетін нәрсе – біз өткелдің үстінде тұрмыз. Мемлекет құрылып жатыр, бір сұлтан келіп, бір сұлтан кетеді. Бірақ бір сұлтан келіп, бір сұлтан кетіп жатқанда Тәуелсіз Қазақстанымыз қалуы – сүннәт. Ту шаншылып жатқанда бір жағынан тудың биік желбіреп тұрғанына масаттансақ, екінші жағынан қарауылда болуымыз керек.

Ту тік тұрса ғана ұлттың, ұлттық ар-намыстың белгісі, ал ту құлап қалса, қисайып қалса, оның құр шүберектен несі артық?

Найманда Қойлыбайдай

бақсы болсам,

Мынадай ит заманды күл

қылар ем, –

дейді ұлы Мағжан бір дастанында. Бақсыға заманды күл қылу оңай да шығар, айтты-бітті, ал мен ғалым ретінде олай деп айта алмаймын. Күл орнына бәйшешек гүлдегенін көрмеген екенмін. XIII ғасырда Отырар күйреді, орнынан қайтып тұрмады. Онан соң Баласағұн құлады, қазір ауыл маңындағы үйіндіге айналды,

XVI ғасырда Сауран құлады, ешкім тұрғызбады. Құлату, күйрету, күл қылу оңай. Қазақ жерінде күл төбелер көп-ақ.

Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме,
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме,
Майдағы жұрттың іші қар
Бәйшешек қарға өнер ме?

Қазақ жеріне тұқымын шашса деймін, әрқайсысы жауқазын, бәйшешек боп өссе деймін. Тарихқа үңілетініміз де соны армандаудың белгісі.

Заман Қазақстан. 30 мамыр 1997 ж.

Зәру зерттеу

Әдетте, халық көңілінен шыққан жылы сезімді санадан бұрын жүрек сезінеді, мұндайда ақыл-ой шарасыз қалатын кездер болады. Өз басым ұлттық өнер тарихының екі құбылысына қатты құлшынамын. Екеуін де толық игерсем деймін, білсем деймін. Тылсым үніне құлақ түрсем деймін. Бірақ дәрмен жоқ, маман емеспін.

Мені тәнті ететін сол дүниенің бірі – қазақ халқының ата-тегінің қордалануына елеулі үлес қосқан ертедегі сақтардың қолданбалы-декоративтік өнері (орыс ғалымдары оны “скифско-сибирский звериный стиль” деп атап жүр), екіншісі – өзіміздің кәдуілгі күй өнеріміз. “Тағылар стилі” тек скиф-сақтарға, ертедегі Еуразия көшпелілеріне ғана тән сәулет болса, күй – тек қазақ топырағынан ғана жаратылған салтанат. Скиф-сақ өнерін тудырған философиялық көзқарастың астарын болжам түрінде ғана бажайлай алсақ, қазақ күйін тудырған философиялық күдірет бізге таныс, жиі де сол идея біздің ұлттық менталитетіміздің бағыт-бағдарын анықтау үстінде,

қазақты қазақша ойландырып, қазақша кісілікке баулып, қарым-қатынасқа түсіріп, қауымдастырып, қауғаластырып отыр. Оның шын аты – қазақ идеясы.

Қазақтың күй өнері ғалымдар назарынан кенде деп айту қиын. Музыка этнографтары мен фольклоршылары қазақтың күйлерін зерттеуде елеулі үлес қосты. Ол туралы Ақселеу Сейдімбектің “Күй шежіре” кітабында жақсы айтылған, әлем ғалымдарының да, ТМД елдері мен отандық зерттеушілердің де есімдері аталып, еңбектеріне ризашылық білдірілген, көзқарастары арнайы сарапқа алынған.

Алайда, күй өнері – синкретті, құрамы күрделі. Ол тек таза музыкалық үннен ғана тумайды, оның құрамында программасы, аңыз-әңгімесі қоса жүреді. Күй программасы күйдің музыкалық құрал жеткізе алмайтын жағдаяттарын, күйдің шығуына немесе оның мән-мағынасына байланысты тарихи-деректерді жеткізуші қызмет атқаратын, күйге қосымша, оған түсініктеме беретін ауыз-екі әңгіме жанры. Ол туралы күй сүйгіш қауым батырлардан да хабардар.

А. Сейдімбектің “Күй шежіре” деген қос томды қомақты еңбегінің алғашқы томы сынақтан өткен дүние. Ол туралы қалың оқырмандар да, маман ғалымдар да өз пікірлерін ортаға салды. Жақтаушылар да, сынаушылар да табылды. Пікір, сайып келгенде, дұрыс болды. “Күй шежіре” кітабының екінші томында автор халқымыздың рухани текті қазынасын ғылыми таным талқысына салған. Біздің ойымызша, А. Сейдімбектің “Күй шежіресін” осы өтіп жатқан ғасыр айдынында құнды еңбектердің қатарына жатқызуға болады. Марқұм біртуар азамат, жазушы, әдеби сыншы Асқар Сүлейменов: “XX ғасырда қазақ ақыл-ойынан туған 2 дүниені биік өреге қоямын” деуші еді. Олар: М. Әуезовтің “Қилы заманы” мен Әбікеннің “Қоңыры”. Мен А. Сейдімбектің “Күй шежіресін” кем дүние дей алмаймын.

Әрине, оның шын бағасын уақыт айтар.

Күй – музыкалық шығарма. Бұған дау жоқ. Сөйте тұра күй үнмен жазылған философиялық шығарма десек, дау айтушылар

табылып қалар. Ал мен философиялық шығармалар қатарына математика пәнін жатқызсам, бәлкім, дау айтушылар саны әлде көбейе ме, әлде сейіле ме, қайтер еді? Сөзімді дәйектей түсейін: кез келген музыкалық шығарманың өзіне тән түсінік жүйесі болады. Бірақ ол философиялық ұғымдар жүйесінен өзгеше, ұқсаса да ұқсамайды. Математика пәнінің де түсінік жүйесі өзгеше екені мәлім. Алайда, музыканың да, математиканың да дүниенің жалпы заңдылықтарын ашу жолындағы қызметі философиядан кем түспейді. Философиялық құрал-жабдықтар жетпейтін құбылыстардың кейбір қатпарларын, қыртыстарын және қалтарыстарын танып білуде музыкалық үндік жүйе мен математикалық сандық жүйе философиялық категориялық жүйемен қатар шабатын кездері де, асып түсетін кездері болды. Қазақ күйінің синкреттілігін мойындасақ, онда оның шежірелік сипаты ашылмай тұрып, музыкалық парасаты да толық ашылмайтынын мойындауымыз керек.

Демек, Ақселеу Сейдімбектің “Күй шежіре” атты екінші кітабы қалың көпшіліктің зәру тақырыбын ғылыми мұғдарлауға арналған зерттеу екеніне шүбә келмейді. Бұл – жинақ емес, зерттеу екенін баса айту керек.

Әр ғылыми мәселенің, әр ғылым саласының бағы ашылатын сәтті шағы болады. Мұны айтсақ еліміздің тәуелсіздігі, ұлттың асыл арманы еске түседі. Тәуелсіздік бағы жанбаған көптеген тылсым дүниелеріміздің тұсауын кесті. Туған халқының тағдыртауаны мен ұлттық сана-сезімі бедерленген тарихын тану тек азаматтық парыз ғана емес, адамды отансүйгіштікке баулитын құрал қызметін де атқарады. А. Сейдімбектің кейінгі “Күй шежіре” кітабының мән-маңызы осымен орайлас. Тәуелсіздік туын тіккеннен бергі мезгіл аясында кердең көзқарастан құтыла алмай отырған жәйіміз бар. Әлі де тәуелсіз өмір тағлымы қара орман қалың жұрттың игілігіне айналмай жатыр. Оған себеп – қоғамдық ғалымдарда тоқырау зардабы созылмалы болып келеді.

А. Сейдімбек болса өз тақырыбының мәнін аршып көрсетуге келгенде күрек ұстаған археолог секілді. Ұмытылуға, күл төбеге

айналуға бой ұсынған ұлт игілігін қазып алып, тотықтан таза-лап, өңезінен аршып ұлтына қайта ұсынып отыр.

Енді осынау “Күй шежіре” кітабының құрылымы мен мазмұнына үніліп көрелік. Еңбек кіріспеден, қомақты үш тараудан, 13 бөлімнен және қортындыдан құралған. Библиографиялық тізіміне 300-дей кітап пен жарияланым түскен.

Автор ең әуелі “этнос”, “мәдениет”, “этнография”, “фольклор”, “аңыз”, “жағдаят”, “әпсана”, “көшкін”, “мәтін”, “өзекті” және тағы да көптеген 150-ге тарта философияға да, филологияға да ортақ ұғымдардың баламаларын ұсынып, түсініктемелерін түзіпті. Осы орайда ауызға алар едік. А. Сейдімбектің терминдер жүйесі қазақ тіліне төл, сіңімді келетінін, жатсыну-жатырқау дегенді білмейтіндігін атауға болады. Мәселен, “жаңа” атаулардың бірі – “жағдаят”. Оны автор былай түсіндіреді: “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” “жағдаят” сөзінің мына сияқты 5 түрлі мән-мағынасы көрсетілген: “1. Хал-ахуал, тұрмыс-жай; 2. Нақтылы жай-күй, қалып; 3. Кездейсоқ оқиға, іс; 4. Оқиға желісіндегі белгілі бір сәт, кез; 5. Қолайлы мүмкіндік, ыңғайлы жай-күй”. Осынау түсіндірмелердің жалпы мән-мағынасы күнделікті қарапайым тұрмыс-тіршіліктегі өмірлік оқиғалар туралы айтылатын әңгіме (жағдаят) дегенді аңғартады. Сондықтан да, “жағдаят” сөзі күнделікті тұрмыс-тіршілікте өмірлік нақтылы оқиғалар туралы айтылатын ауызша әңгімелерге атау болатын термин ретінде әбден ұрымтал деп білеміз”. Бұл ұсынысты біз өте орынды деп санадық.

Біздің назарымыз түскен дүниенің тағы бірі – өзіміздің мамандығымызға сәйкес келетін “Күй аңызының тарихи деректілігі мен құрылымы” деп аталатын II тараудың бірінші тармағы.

Еуразияның ұлы даласында 3000 жылдық тарихы бар салт атты көшпелі өркениеттің жасампазы атанған ата-бабаларымыздың адамзат мәдениетінде алатын өз орны бар екені мәлім. Автор сол мәдениеттің соңғы тұяғы – қазақ халқы екенін зерттеуінің методологиялық арқауы қабылдаған. Көшпелілік – қазақ халқының өмір салты ғана емес, ұлттық

болмысын қалыптастырушысы. Осыны анықтаған ғалым қазақ мәдениетінің төлтумалық ерекшелігіне бет бұрады. Өнер – көшпелі халықтың өмірін реттеуші құрал дейді ғалым. Тұжырымында дау жоқ.

А. Сейдімбек күй аңыздарын жіліктеуде өзіне дейінгі ғалымдардың ізденістерін, қол жеткен табыстарын ұтымды пайдалана білген. Мәселен, ол ғұлама ғалымымыз Әлкей Марғұланның қазақ эпосының тарихи дәуірлеріне байланысты жасаған тұжырымдары мен күй-аңыздарының да уақыт аясындағы көріністерін сәтті сабақтастыра білген.

Қазақ философия мамандарының назарын аударатын осы еңбектің тағы да бір құнды бөлігі II тараудағы “Күй аңызының жалпы сипаттамасы”, “Мифтік күй аңыздары”, “Әфсаналық күй аңыздары”, “Аңыздық күй аңыздары”, “Жағдаяттық күй аңыздары” деп аталатын тармақтары деп санаймын.

Миф дегеніміз, автор жазғандай “анық-танығын тексеруге болмайтын ертегі-қиял сияқты” емес, “танып-түсінуді қажет етпейтін шынайылық та, жазмыштық сенім” де емес, миф пен қиял-ғажайып аңыз-әңгімелер жиынтығы. Мифологияның беліне аса ауыр жүк салуға болмайды. Филологияны білмеймін, әйтеуір философия мифологиядан басталады. Классикалық философияның арғы атасы – мифология. Осы кітаптың да негізгі бөлігі қазақ мифологиясын сөз етеді, шағын мифтерді құрап, түсіндіріп, мән-мағынасын анықтап, мифология туғызады.

“Мифтің бүгінгі күнге жеткен сұлбасынан діни сенімнің, таным-тәжірибенің, өнердің, философияның, тіпті саяси көзқарастардың да сұлбасын шырамытуға болады. Миф дегеніміз – дүние-тіршілікке қатысты қалыптасқан қоғамдық сананың бірден-бір әмбебап көрінісі” дей келе автор осы мифологиялық сананың күй аңыздарына кірігу барысын тұщымды деректерімен дәлелдеп береді.

Автордың ел ішінен жиған материалдары, тарихи-этнографиялық деректері мол. Халық санасын, оның жүріс-тұрысын, мінез-құлқын саралауға жалпы қазақтануға қатысты зәру материалдарға кітап мазмұны өте бай. Шығарманың тілі

жүрдек, сөз қолданысы қордалы, ауқымды тақырып атауларының тынысы кең, ой-тұжырым желісінен монографиялық тұтастық байқалады. Мәселенің қосылуы да, шешілуі де айқын. Шығарма жеңіл оқылады, тартымды.

Қазақ әдебиеті. 27 наурыз 1998 ж. № 12

Бесқаладан Таразға дейін

Жұмыр жердің төсіндегі мәдени өрбу мен әлеуметтік-экономикалық дамудың қандай үлгісі болсын ұдайы тамырласып жатады. Бүгінгі диалектикалық таным тұғыр етіп отырған тарихтың заңдылығы мен шындығы осы. Сол шындық белгілі бір тарихи-әлеуметтік ортаның өзіне ғана тән даму жолдарының болатынын да жоққа шығармайды. Мұндай даралық сипат белгілі бір қоғамда нақты орын алып отырған өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың қарым-қасиетінен туындайды. Мәселен, көне Мысыр еліндегі перғауындар әулеті кешкен тірлікті Месопотамиядағы жағдаймен салыстыруға болмайды. Сол сияқты Евразияның апайтөс далаларындағы тарихты тарланның тұяғымен жазған көшпелілер болмысы өз алдына қайталанбас бір әлем. Рас, белгілі бір орта өз маңдайына жазылған шым-шытырақ оқиғаларымен даралық сипат танытқанымен жалпы адамзаттық дамудың ішкі сабақтастығы (табиғи-биологиялық және тарихи-әлеуметтік) ешқашан үзілген емес.

Осы орайда Арал теңізіне құятын қос өзен – Амудария мен Сырдария өңірінде де жалпы адамзат цивилизациясының дамуы жолындағы ортақ және дара заңдылықтардың айғақ-ізі сайрап жатқанын аңғарамыз. Бұл региондағы мәдени өрбудің негізгі ерекшелігі жер өңдеуші отырықшылық пен көшпелі өмір мәдениетінің қатар, қоян-қолтық тоғыса отырып диалектикалық бірлікте дамуы. Классикалық көне дүние тарихы үшін бұл жәйт тосын да түсініксіз еді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі дәстүрлі ғылым мен мәдени зерде көшпелі халықтарға тұрақсыздықты, әлеуметтік баянсыздықты пешенесіне жазылған етене қасиет ретінде санап, олар мекен еткен жерлерде қала болмайтынын заңдылық деп ұқты. Бұлжымас ақиқат деп саналып келген бұл жәйт советтік тарихи ғылымның іргелі ізденістері барысында түбегейлі жоққа шықты. Мәдени, рухани және әлеуметтік үрдістер тек “жер – ортатеңіздік қасиет” емес, күллі жер шары халықтары үшін ортақ игіліктер екені дәлелденді, марксизмнің іргелі тарихи-танымдық принциптерінің шыншылдығы бел алды.

Әсілі, рухани және материалдық игіліктерді дүниеге келтіруші – қалың халық бұқарасы. Мәдени дәулет – әрқашан еңбекшілердің күнделікті жасампаз еңбегінің нәтижесі. Ал мал бағу да, жер өңдеу де еңбек салалары, бұлар еңбектің қоғамдық жолмен жіктелуінің ғана көрінісі. Міне, осындай тұғыры бекем принциптердің дәлеліндей, бұрын мал өрісі ғана саналып жүрген қазақтың қыратты далаларынан ашылған өте көне дәуірге жататын мәдениет ошақтары бұл күнде жаңаша тұжырымдарға мұрындық болуда.

Қазақстанның қыратты далаларында таптық антагонистік қоғам бел алмай тұрған көне заманның өзінде-ақ ірі халықаралық металлургия ошағының болғаны қазір толық дәлелденіп отыр. Соңғы кездегі ғылыми ізденістер байтақ даламыздың дамыған мәдени кеніштерді ашты.

Демек көшпелілер мекен еткен территорияда мәдениет болмайды деген ұғым – дәйексіз қауесет қана. Мұның бұлтартпас айғағы ретінде Орта Азияның көшпелілері қоныс еткен қос өзен (Амудария мен Сырдария) аңғарындағы киіздей тұтасқан көне қалаларды айтуға болады. Қазірде Қазақстан мен Қарақалпақстан территориясына жататын осы қалалы өңір кентті, миуалы, гүлжазира елді алқап болған. “Сырдың басынан ұшқан бұлбұл сағасына дейін дәйім гүлге қонып жетеді екен!” дейді ескі қазақ аңызы осы өлке туралы. Яғни осынау гүлге оранып, моншақтай тізілген қалалардың бір-бірінен іргелері

де алшақ болмаған. Осы орайда Амудария мен Сырдарияның бойын қаумалаған қалалардың қалыңдығы туралы көнеден жеткен мынадай сөздің де аңғартары мол. “Бесқаладан Сауранға, Саураннан Сайрамға, Сайрамнан Таразға дейін бір үйдің төбесінен екінші үйдің төбесіне секірген лақ жерге тұяғын тигізбестен жетеді екен!” – дейді. Мұндағы Бесқаласы – қазіргі Қарақалпақстанның астанасы Нүкіс маңы. Сауран Түркістаннан 30 шақырым жердегі орта ғасырлық қала, Сайрам – Шымкенттің түбі де, Тараз – қазіргі Жамбыл. Аңыздың қалалы алқапты Бесқаладан бастап Таразға тіреуінде үлкен мән бар. Қалалардың ең көп орын тепкен жері де осы қос өзеннің сағасы. Бұл қалалы өңір ғылымда “ортаазиялық Мысыр” деп те аталған. Амудария бойында Бесқаламен қатар “Қырық-қала”, “Елу-қала”, “Жүз-қала” деген атаулар да кездесіп отырады. Адамдар ол өзеннің жағасына 300 қала мен елді мекен тұрғызды. Қазірде олардың жұрнақтары ғана жатыр” – деп жазады X ғасыр ғұламасы Бируни.

Амудария мен Сырдария бойындағы қалалар өте ерте кезде пайда болған. Көне дүниенің жазба көзі “Авеста” бұл өңірді бейіш ретінде бейнелейді. Қалалардың дәуірлеу кезеңі – сақмассагет, қаңлылар мен қушан, ғұндар мен түркілер дәуірі. Шыңғысхан шабуылының алдында ғана осы жерді өз көзімен көрген араб саяхатшысы “Мен Хорезмнің бас қаласындай дүние жүзінде гүл жайнаған шаһар кездестірмеген едім”, – деп жазады. Әлемнің сан алуан елдері мен халықтарын аралап шыққан әйгілі саяхатшы таң қалған қалалардың бұл күнде қаңқасы ғана жатыр. Шаңырағын XIII ғасырда Шыңғысхан сарбаздары опырып түсірген өзімізге таныс Отырар тарихы осы қалалы өңірдің баршасының құлдырау тағдырын баян еткендей. Шыңғысхан соққысынан кейін есін жиып, қайта дәуірлеген қалалар тізбегі – Сауран, Сығанақ XVII–XVIII ғасырларда болған Жоңғар шапқыншылығынан соң, қайтіп еңсе көтере алмады. Көне, қалалар дәуірі тәмәмдалды... Кезінде думан төрі болған базарлар мен керуен сарайлар шөгіп, жапалақ пен жарқанаттың мекеніне айналды. Бір кездері саяхатшылардың

қойын дәптерлерінде кеткен қала аттары ұмыт бола бастады да лақап ат үстемдік етті. “Қой қырылған қала”, “Топырақ қала”, “Кәпір қала”, “Құмбасқан қала”, “Күйік қала”, “Қорғанша қала”, “Қатын қала”, “Заңғар қала” және т. б. Бұлардың баршасы әрісі түркі қала, берісі қазақ және қарақалпақ тілі негізінде қойылған атаулар. Байқап қарасақ, қала атауларының дені қазақ фольклорында бейнеленіп, тұлғаланып отырғанын көреміз. Олар – “Аяз қала” – Аяз би данышпан есімімен, “Қырыққыз қала”, “Кәпір қала” Қорқыт абыз есімімен байланысты қалалар. Әр кезде бұл арада кетелер эфталиттер – эфта-елі, гета-елі, беріштер (верч), адайлар (дахи, дай), қаңлылар (кангюй) мекендеген. Сол рулар күні бүгінге дейін осы өңірден табан аудармай тұрақ етіп отырғаны мамандарды ойландырмай қоймайды.

Қос өзеннің арасында Аралды орай тұтасып жатқан осынау қалалар қандай негізде пайда болған? Әрине, ең басты себеп – табиғи-географиялық ортаның қолайлығы. Бір-екі қала емес, жүздеген қалалар тізбегі – агломерация болмақ. Ал, ірі әлемдік агломерациялар белгілі бір табиғи-географиялық факторға арқа сүйейтіні белгілі. Дүние жүзіндегі ең биік мұзарт шыңдардан басталатын Амудария мен Сырдария кей жылдары ернеуінен асып, жаңа арна жасап алып отырады. Қазірде тартылған Озбой, Дариялық, Сужарған, Ақша Дария, Жаңа Дария, Іңкәр Дария, Қуаң Дария бойы осы өзендерде су болған кезде сыңсыған елді мекендер болғанын қазіргі археологиялық ескерткіштер айғақтайды.

Адам бұл жерлерді өте ерте кезде ойкумэнге айналдырған. Біздің эрамызға дейінгі XII ғасырға жататын “Авеста” кітабы осы өңірде дүниеге келіп, бұл тұста өте бай мәдениет болғанын дәлелдейді. Әлемдік рухани өрбудің бітіміне көне дүние діндерінің басы – зороастризмнің ықпалы зор болған. Зороастризм қағидалары барлық дүниежүзілік діндерге (буддизм, иудаизм, христиан, ислам) негіз болған. Зороастризмнің атау және ұғым жүйелері көптеген діни-философиялық системаларға арқау болды. Мәселен, зороастризм дік дию, дәу, (дэв) гректің

Зевсіне, римнің Юпитеріне, бүкіл Европа халқы қатарының құдай атауына айналғаны мәлім. Ал зороастризмде, оның ірге тасын қалаушы Зор-ата (латынша – зороастр, заратуштра) осы өңірде дүниеге келгені әлемдік ғалымдардың басым көпшілігін мойындатқаны шындық. Зороастр атауының түйе түлігіне қатысты шығуы, күні бүгінге дейін осы өңірде қос-қос ата бейітінің сақталуы, жер жағдайының ең алдымен түйеге қолайлы болуы, әсіресе, ғылыми зердені бейтарап қалдырмайтын тамаша айғақтар.

Діни идеялар да өз бетімен дүниеге келмейді. Көне заманның сондай-ақ көне заманда мидай далаға салынған қорғанды бұл өңір тұрғындарының “ҚАС” деп атағанын арабтың әйгілі географ саяхатшысы Жакұт (Якут) жазып кеткен. Осындағы “ҚАС” сөзінің қазақ (қас – сақ даладағы қорған сақтары) этнониміне қатысы жоқ па екен дегендей ойларға жетелейді. Бұл да ғалымдарымыздың қаперіне ілуіне лайық бір дерек сияқты.

Діни идеялар да өз бетімен дүниеге келмейді. Көне заманның рухани келбетін белгілеген зороастризмдей ұтымды идеялар жиынтығы әлеуметтік дамудың нәтижесі екені аян. Оның болмыс-бітімі адамдардың реалды күн көрісімен үндес.

Орта Азиядағы қос өзен бойына Шығыс Европа мен Ібір-Сібірден, Дешті-Қыпшақ пен Ұрымнан, Ғирақ пен Ғажамнан, Шын мен Машыннан сауда керуендерінің басы тоғысқан. Қалалардың сауда алаңдарында тек товарлар ғана айырбасқа түспей, идеялар мен діни қағидалар да шендесіп отырған. Зороастризмнің ұғым аппараты мен мифологиялық өзегінің басқа аймақтарға жол салуының әлеуметтік-экономикалық негізі осында болса керек.

Осы өңір қалаларындағы сарайлар мен керуен-сарайларды, ғибадатханалар мен ғимараттарды бекіністер мен мұнараларды, қорғандар мен қорымдарды салу орасан зор өндіргіш күштер мен құрылысқа қажет білімді керек етеді. Мәселен, Топырақ қала ғимаратын кімдер салды, құрылыс жобасының авторы кім, салу ісін кім басқарды?

Сөз жоқ, қыс болса Қызылқұм мен Қаракұмға сіңіп, жаз болса Арал теңізін орай өтіп, Орал тауының қос қапталына дейін көтерілетін жартылай көшпелі, жартылай отырықшы елдің аз күш жұмсау арқылы өндірген өнімі және рулық пәтуа-бірлігі мұндай қалаларды салуға толық мүмкіндік беріп отырды. Оның үстіне көшпелілер әлеміне көз қашайтудан танбаған берісі иран-парсылар, әрісі фектер үшін Памир мен Кавказ арасы керуен жолы ғана емес, шанды жорықтың да жолы болса, сол жорық жолының аузына көшпелілердің қорған қалалар тұрғызуы заңды еді.

Ал, осы қалаларды мекендеген халықтар қай тілде сөйлейді, олардың тегі қандай? Қай халықтың саяси билігі үстем болды? “Авеста” текстеріндегі кездесетін “Қангхе осы өңір. “Қангхесы” – кейінгі ұлы жүздің қаңлы руына кірген ежелгі тайпалардың одағы. “Авестада” (Ардвисурсур-Яшт V, XIV–54) ежелгі “Қангхе” туралы делінген. “О киелі де қадірмен Ардвисура Анахита (әйел құдайдың аты. – С. А., А. С.), мәртебелі және қасиетті Қангхеге жақын тұрған Урва Хунава Весхакиді Қштрасаока қақпасында жеңуге жәрдем ет! Мен Туран елін күйретейін!”. Көптеген ғалымдар Қангхе мен Хорезмді бір деп санайды. Әйгілі “Шах-намэнің” авторы Фирдоуси де Қангхе (Қанг-диз, Қанг-и-Сиявуш) мен Хорезмді ажыратпайды. Қанка (“Махабхарата”), Қангюй (қытайша Конгю – Тарбан (Орхон Енисей жазуы), Қангар (Константин Порфиродный), Қанглы (Г. Рубрук), Қангит (Плапо Картини), қазіргі қазақ руы – қаңлы – бір атау. Қытай саяхатшысы Чжан-цянның дерегі бойынша Қангюй мемлекетінің әскерінде 90 000 садақшы болған. Цянь-Хань-шу бұл санды 120000-ға дейін көбейтеді. Бұл кезде Қангюй үлкен Юечжи (усундар) мемлекетіне бағынған. Мұнан кейін қаңлылар Кушандарға тәуелді болғанға ұқсайды. Осы кездің мұрасына Аяз қала (б. э. д. IV – б. э. д. I ғ.) жатады. Қангюйге Орта Азияның көптеген жерлері қарап, оның территориясы 5 аймаққа бөлінген. Ташкент оазисі, Сырдарияның орта ағысы (Сусе), Жаңақорған мен Қазалы аралығы (Фуму), Сырдарияның төменгі сағасы (Ги) және Хорезм – Амударияның

төменгі сағасы (Юеань). Кангюй мемлекеті ханының басқару ордасы Ташкентте болған. Дәуірлеу кезінде скиф-сарматтардан, угрофинн тайпаларынан салық алып тұрған. Қаңлы империясы туралы соңғы деректерде оның ақ ғұндарға тәуелді екені байқалады.

Сонымен көз жететін тарихи деректерді саралап байқағанда ортағасырлық Хорезм мемлекеті дүниеге келгенше қос өзен аңғарын қаңлылар билеп тұрғанын аңғарамыз. Қалалардың дәуірлеу кезені де қаңлылар үстемдік еткен шаққа дәл түседі. Бірақ ұлы Түркі қағанатының басынан бағы ұшып, шаңырағы шайқалған соң, 712 жылы бұл өңірді арабтар жаулап алып, ертедегі мәдени дәстүрді жойып жіберді. Осы кезден бастап, қос өзен бойындағы жергілікті мәдениет тоқырауға түседі де, 1220 жылы Шыңғысхан әскерлерінің басып кіруіне байланысты Хорезм мемлекеті ыдырап, Жошы ұлысының құрамына, кейін Алтын Орда хандығына кірді.

Қала тарихы – оны мекендеген халықтар тарихы. Бұлардың да тағдырымен сабақтас. Сол бір зұлмат, сол бір сокқы Хорезм-Қаңлы мемлекетінің, оның киіздей тұтасқан қалың қалаларының өсіп-өрбуі мен құлдырау сатылары осы қалаларды қоршаған ертедегі және ортағасырлық көшпелі халықтардың тіршілігімен қойындасып жатыр. Отырықшы оазис пен көшпелі дала қарым-қатынасы әр салада байқалып жатады. Демек, қазақ даласындағы көне дәстүрі бар құрылыс өнерін танып-түсінуде қос өзен бойындағы ірге тиістіре тұтасып жатқан қалалар сілемін сабақтастыра зерттеу ғылыми шындықтың кепілі болуға тиіс.

Бұл өңірдегі көшпелілер мен отырықшылықтың сабақтастығы тек өзіне ғана тән қала салу дәстүрін дүниеге әкелген. Жүйелі кеңістік-эстетикалық талғамдар мен өзіндік архитектуралық шешімдер мұнда менмұндаласып тұр. Қолымызда бар Қазақстанның ортағасырлық архитектуралық дәстүрі осы өңірдің құрылыс концепцияларымен сабақтасып жатады. Бұл – жергілікті дәстүрдің берік те бекем орныққанының айғағы. Осы дәстүрдің сыры мен қырына көз тастап, көктей шолып байқайық.

Археологтар назарынан өткен көп қалалардың нұсқа тұтары – “Қой қырылған қала”.

Сырт қараған көзге бірден “Қой қырылған қала” – Сыр өңірінің кейбір асарларын еске түсіреді. Қала мавзолей-бекініс ретінде салынған. Бұл функциясы да Сыр сағасындағы сақ пен массагет тайпаларының көсемдері жататын қорымдарына өте ұқсас. Сондықтан “Қой қырылған қала” бірден табыну (культуровой) жәйі болса, екіншіден қамал – бекініс.

Кезінде “Қой қырылған қаланы” айнала сақшылар күзеткен тәрізді. Сырт дұшпанға қарсылық көрсетуге бейімдеп салған қос қабат қабырға бұған жарқын айғақ. “Қой қырылған қала” б. э. д. IV–III ғасырда қаңлы мен сақ көсемдерінің әскери күзетпен сақталған орасан зор ғимарат мавзолейіне лайық. Сақ қолбасшысының Иран падишасына “Тақсырым, абай бол! Бізге соқтыққың келсе, дала төскейінде ата-бабамыздың мәйіті сақталған қорым-қорғандарымыз бар. Соларға тиісіп байқа! Сонда көресің біздің ерлігімізді”, – деген сөзі мәлім. “Қой қырылған қала” осы жәйтті айғақтағандай. Бұл мавзолей – бекініс көп қабатты, ірі құрылыс.

Төменгі қабатындағы жабық құпия бөлмесінде қаңлылар мен сақ қолбасшыларының сүйектері салынған қыш құмыра-оссуарийлер (остадан) сақталған. Реті, “Қой қырылған қалада” абыздар мен қатар ғалымдар да тұрғаны байқалады. Ерте дүниеде ғылым дін бұғауында болғаны мәлім. Аспан денелерін зерттейтін аспаптың бір түрі – астролыбий қазба жұмысы кезінде осы қамалдан табылды. Әсілі, падишалардың рулық пірге (Сиявушке) табыну мерзімін абыздар жұлдыздар арқылы анықтап отырса керек.

“Қой қырылған қала” іспеттес бекініс – қамалдар көп. Соның тағы да бір түрі “Ұран мұнаралары” (сигнальные башни). Мұндай мұнаралардың іші отынға толтырылып, жау әскері жақындағанда құрғақ отынды жағып, елді жауға тойтарыс беруге шақырып белгі беріп отырған. Бір ғажабы, аралары 5–10 шақырымнан еңселі, көз жетер жерге салынған ұран мұнараларының қалың тізбегі ұдайы оңтүстік батысқа қарай

бір бағыт бойына салынған. Оның бірден-бір себебі: қауіп әрқашан Иран мен Алдыңғы Азия жақтан басталып, соғыс өрті негізінен батыс жақтан тұтанып отырған. “Авеста” Иран мен Туран соғыстары туралы баяндағанда да осыны бетке ұстайды. Сонымен көрсетілген қала құрылысы фортификация және діни қызмет атқарғанын байқаймыз. Бірақ қалалар негізінен қазіргі қалалар іспеттес мекен-жай, тұрақ болған.

Арнайы айта кетуді қажет ететін бір жағдай, осынау іргелі қалалардың құрылыс материалдары, яғни електен өткендей мейлінше сапалы топырақтан құйылған қыш кірпіштер қалалардың табан орнынан тұрғызылмаған. Осы Бесқала маңында Қаратау деп аталатын сілемді адыр бар. Амудария осы адырдың бүйірін соғып, жалтара ағады. Сол жалтара аққан иініне сәңкедей ұлпа, қызыл топырақ шөгіндісін қалдырып отырады. Бесқаланың мыңдаған ғимараттарына қаланған кәрлен кеседей қыш кірпіш әлгіндей сапалы топырақтан құйылған. Бұл жөнінде аңыз әңгіме күні бүгінге дейін ел аузында сақталса, Қаратау алқымындағы сол бір қарымды әрекеттің ізін әлі де көзбен көруге болады.

Осынау қыш кірпіш өндірілген Амударияның бұрылыс иінінде Шылпық атты әйгілі қорған тұр. Амудария толқыны іргесін шылпылдата сүйіп жатқан соң ат қойғыш бабаларымыз Шылпық деп атаған. Бұл құрылыстың асқақтаған дөңгелек тұлғасы жердің табиғи бедерімен мінсіз жымдасып, дала төсіне бөкен салтанат символындай көз қуантады.

Шылпық қара халық ішінен өлген адамдарды өртейтін рәсім орны болған. Бұл дәстүр кезінде шығысында Индияға, батысында көне Грецияға, оңтүстігінде бел астында жатқан Шумерлерге ауысқан. Күні бүгінге дейін тіліміздегі “Көліңді көкке ұшырамын” деген тұрақты тіркес астарында сол көне рәсімнің жаңғырығы жатыр.

Тек өлік жөнелту рәсімі емес, көшпелілердің әсіресе рухани мұралары көрші елдерге жұғымтал болып отырған. Іргелес жатқан әйгілі Шумер елінің “Тильгамеш” дастанындағы көшпелі-малшылық мотивтерінің бедерлі көрінуі, Қорқыт

сияқты өліммен қарсыласу сарындары, сөз жоқ, рухани ауыс-жұғысты зерделетеді. Біз көп ретте көшпелілер ортасының көрші елдерден “алғанын” айтуға әуеспіз. Тарихи шындық пен таным, әдетте, біржақты, сынар езу келтелік емес, объективті-аналитикалық байсалдылықты қажет етеді.

Біз сөз етіп отырған өңірдегі қалалардың ғылымдағы ең әйгілісі – “Топырақ қала”. Бұл қала әуелі бекініс – замок каханның резиденциясы ретінде қаланып, біздің жыл санауымыздың III–IV ғасырларында бой көтерген. Бұл қаңлылардың кушан (гуй-тань) билігінен азаттық алған шағы болса керек. Ғылыми тұрғыдан қала өте мұқият зерттелген. Қазірдің өзінде оның кең де ұзын залдары мен дәліздерінде сейіл құрып, көне заманалардың өнері мен өрнегін тамашалауға болар еді. Әрине, “Топырақ қаладан” табылған жазба дерек, тиын, әшекей алтын, мүсін бейне сияқты барлық мұқаммәл қазірде арнайы музейлерде сақтаулы.

“Топырақ қаладағы” биіктігі 30 метрден астам еңсели ғимараттың іші толы салтанатты рәсім залдары. Олардың ішіндегі небір сымбатты мүсіндер мен зерлі оюлар көрер көзді тұндырғандай ғажайып шеберлікпен безендірілген. Қазіргі ғалымдарымыз бұл ғимаратты “Қағандар сарайы” деп атап, ішкі залдарына “Қағандар мен қатындар залы”, “Жеңіс залы”, “Бидай өнді жауынгерлер залы”, “Бұғылар залы”, “Жұмбақ зал” деп ат қойып алған. Әрине, бұл сыртқы белгі-әсерге орай қойылған атау. Сондай-ақ, осынау ғимарат ішіндегі небір күдірет мүсіндерін көне Грекиядағы толып жатқан құдайлармен шендестіре, сабақтастыра қарау да әзірше ғылыми зердені иландыра қоймайды. Бас-аяғы екі жылдай ғана болып, қос өзеннің ортасындағы гүлге оранған алқапты тері сүйреткендей етіп, жүздеген мың адамды қойдай бауыздаған Ескендір Зұлқарнайын бұл өңірге діни дүние таным мен өнер үрдістерін орнықтырып үлгермегені хақ. Сондықтан, Орта Азияға ислам діні кіргенге дейін мүсін өнерінің сол ортада мыңдаған жылдық дәстүрінің болғандығына айрықша мән беріп, жаңағы сарай ішіндегі мүсіндердің мәнін танып түсінуде төл топырақтың

үрдіс-дәстүріне жүгінген жөн. Ұлы Отанымыздың қыртысты мәдени айғақтарын мәпелеу бүгінгі және болашақ ұрпақтың жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатады.

*Сәбетқазы Ақатаев, Ақселеу Сейдімбеков
Білім және еңбек. 1985 ж. №1*

Қазақтың ұлттық менталитеті

(Ұлт алдындағы парыз. Қазақ мәдениеті мен “қазақы” мәдениет. Ұлттық менталитеттің тегі, даму, дәуірлеу және сему жолдары)

Нағыз қазақ үшін қазақ тілінде сөйлеу, қазақ тілінде ойлау, қазақ тілінде өзара қатынасқа түсу, қазақша өмір сүру ғанибет қана емес, сән мен сымбат, салтанат пен парасат, қазақтың елі мен жері, мемлекеті мен Көк Туы, бала-шағасы мен ұрпағы алдындағы парызы, ата-баба аруағы артындағы өтелмес борышы. Қазақ болып тудық, қазақ анасының ақ сүтін емдік, әлдиін естіп, қазақ топырағына қылтиып шыққан жауқазынды үзіп жеп ер жеттік, ата-бабамыздың баптаған “сұр жорғасын мініп, манат ішік етегін серпе тастап той тойладық”. Қызығы сарқылмас өмір базарын әлі де аралап келеміз. Ал сөйткен ел-жұртымызға не қайырдық, не бердік? Осының бірден-бір қайырымы – қазақша өмір дәстүрін жалғастыру екен. Сайып келгенде, қазақ үшін өмірдің әлеуметтік-философиялық мазмұн-мағынасы да осыған тіреледі. Үйтпесең қазақ ділін де, тілін де саттым, өзім де дүбәра болдым, қазақты да қор қылдым дей бер! Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары бұл мәселе саяси мазмұны жағынан алғы шепке шыға бастады.

Әрине, қазақша өмір сүру деген “шидем шекпен, сеңсең тымақ” киіп, қолға таспық ұстау емес. Нағыз қазақша өмір сүрудің өз шарттары бар. Ең бастысы – ұлттық менталитетті игеру.

Қазақ тілін еркін меңгерген орыс пен қытай қазақ бола алмайды. Әуелден төсекте басымыз, төскейде малымыз бір “өз

ағамыз” өзбекке де, бауырымыз қырғызға да қазақша жырлау, қазақша жүріп-тұру оңайға түспейді. Ал шынайы Қазақтың қазақша өмір сүруі дағдылы (жүйелі), өйткені ол басқаша өмір сүре алмайды, сүргізсең – қиналады, өмірі тозаққа айналады.

Сөйтіп, қазаққа ғана тән мінез-құлық, жүріс-тұрыс, салт-сана кешені бар екен де, оны біз қазақ менталитеті, ортақ қазақ ділі дей алады екенбіз.

Қазақ іштей ру-руға, жүз-жүзге бөлінгенімен, ұлттық менталитет “жүз” бен “ру” дегенді білмейді, бөлінбейді, тіліміз секілді акцентсіз, диалектісіз. Тұтас. Бұл – қазақ халқы руханиятының өресі биік, ақыл-ойы терең, өз қазынасы өзіне жетерлік, өзін-өзі үйрете аларлық ортақ қасиеті мол бола тұра сыртқы ықпалға да ашық екендігінің де, ұлт болып қалыптасқандығының да бұлтармас теориялық белгісі. Басқалар не десе, о десін! Мұнысы ортақ тіл таба алмай жүрген кейбір аташыл қазақ баласына үлкен ұлағат. Діл – бар қазаққа ортақ. Оның іргетасы – ұлттың аспаны, суы мен орман-тоғайы, Аралы мен Ертісі, Алтайы мен Алатауы, Атырауы мен Есілі, Абайы мен Құрманғазысы. Бұлар дара, басқа өңірлер мен өлкелерде кездеспейтін, жекешелендіруге келмейтін “ұлттық” меншік. Көк Туымызды, рәмізіміз бен елұранымызды декретпен бекітсе, ұлттық діл, ұлттық менталитет декретке көнбейді, қолдан да жасалмайды, керісінше, қалың елді өз дегеніне ырықсыз көндіріп отырады. Менталитет заңға көнбейді, оны тудырушы және қоздырушы құдірет – халық пен оның жазылған, я жазылмаған, я жазылатын тарихы, ғасырлар сілемінен алған өнегесі, тағлым-тәрбисі, болашаққа қол созған үкілі үміті. Аталмыш шарттар қазақ халқының ұлттық тұтастығын мәңгі-бақи бақылауына алады да, әрбір саналы қазақ іштей саналы күреске шығатын “жүз”, “ру” деген анахронизмдерді келекеге айналдырып отырады. Әз-Тәуке заманынан қалған бұл ұғымдар тәуелсіздікке енді ғана қолы жеткен халықтың мәйегін бүлдіретін құмалаққа айнала ма деген қауіп те жоқ емес.

Бізден басқа өңірлерде заң ұлттық менталитетке орай қабылданып, сондықтан біріне-бірі сәйкес болғандықтан,

оның орындалуы ұлттық болмыс-бітімнің бұзылмауына да кепілдік беріп тұрса, бізде заң кейде қазақ дәстүріне, салт-санасына кереғар жасалады. Заң шығарушыларымыз ұлттық менталитеттің методологиялық ықпалын мойындамағандықтан олардың шығарған заңы да әлеуметке ықпал ете алмай, көбіне әдірем қалып жатады.

Менталитет – кейін жиі қолданысқа түскен латын сөзі (“ментал”), қазақы миымыздың ерекше түйсігі, ақыл ойының бейнесі, рухани қыртысы. Қазақшасы – діл дедік, алайда діл сенімге, иманға жуықтау (“сарттың тілі тәтті, ділі қатты”).

Ұлттық менталитет ұзына жылдар бойы қамауда болды. Сондықтан ұлттың көзі болғанымен – көрмеді, құлағы болғанымен – естімеді, тілі болғанымен – сөйлемеді. Отаршылдар ұлттық менталитетті тұтқында ұстады. Қазақ менталитетінің көру-көрмеуінің, есту-естімеуінің өз себебі болды. Большевиктер де қазақтың ұлттық менталитетін темір құрсауға түсірді. Өйткені ол социалистік интернационализмнің гөй-гөйіне көнбеді, салауаттары арзанқол дүниеге мойнын бұрғыздады. Мындаған жылдар тарихтан бойына сіңірген ар, ождан, парасат секілді қазақтың салқар менталитетін коммунистердің тығып ұстауынан басқа амалы қалмады. Бірақ қуатты күш дегенін істеді: құрсауын тесті, ішке кірді, іріткі салды. “Күшігінде таланған тазы бөрі алмайды” дегендей, отаршылдық дәуірде жасып қалған ұлттық діліміз әлі өзінің бабына келе алмай жатқан жайы бар.

Қазақ қазақ болғалы қанша дәуір өтті, өзінің ұлт болып нығаю барысында қаншама жақсылық пен жамандықты басынан кешірді; кіммен достасты, кіммен қастасты, кімнен қорлық, кімнен зорлық көрді – осының барлығы оның ұлттық менталитетінде, жадында сақталып, жүріс-тұрысын, салт-санасын оятып отырды. Мәселен, 1932–33 жылғы ашаршылық салдары қазақтың табалдырығынан аттап ұзап кетті, оның қазақ тұрмысында сілемі қалған жоқ десек, қатты қателесер едік. Мұнан алпыс жыл бұрын өткен аштықтың қасаңы әлі де кетпей жатыр. Қазіргі қара орман қалың қазақтың тамақ этнографиясы

жүдеу, жадағай, біртекті: ұн мен ет. Сол заманнан қалған үрей әлі де қазақты кезінде емес, кез келген мезгілде тамақтануына душар етіп отыр. Тағамды таңдап ішу аз, дастархан мәзірі кем. Соның салдары ішек-қарын аурулары қазақтың ұлттық кеселіне айналып жатыр. Тамақтану мәдениеті менталитетпен сабақтас. Ал ол халықтың өсіп-өнуіне тікелей байланысты екен. Көршілес қытайға қыбырлаған-жыбырлағанның баршасы – тағам. Саны – миллиард! Бауырымыз өзбектің жейтіні – бадыран, жүзім, көктат. Рак, қылтамақ деген сирек кездеседі. Әр 20 жылда өзбектің саны 2 есеге көбейіп отыр. М. Тәтімнің жорамалдауынша, келер ғасырдың орта тұсында 60 млн-ға жетпек. Көшпелі халықтар ет пен сүт ішеді – саны аз. Неге? Ойлану керек! Өрелі мәдениет күнделікті тұрмыс-тіршілікке сәуле түсіреді. Өзбек пен қазақ егіз ел. Айырылысқанына небары 500 жыл өтті.

Ұлттық менталитеттің қалыптасуында тарих пен әлеуметтік тәжірибенің ықпалы зор: зәбір көрген ұлт я жасқаншақ, я өршіл келеді де, ол менталитетінен белгі беріп тұрады. Қазақ Ресей таяғын шешеннен аз жеген жоқ. Бірақ екеуінің ұлттық менталитеті екі басқа. Шешеннің барар жері, басар тауы болмаған соң мінезінде өршілдік, жазира дала халқы – қазақта жуастық басым. Сондықтан болса керек, көбіне қазақ туралы тарихи-саяси шығармаларда қазақтың толық ұлт болып қалыптасуына секемдік білдіріліп жатады. Бұлай кемсітіп көрсетуге, әсіресе, қазақ зиялыларының қаламы жүрдек. Тәуелсіздікке дейінгі ұзына жылдар жазылған шығармалар бұл жағынан аяқ алып жүргісіз: қазақ шопандары қойдан басқаны білмейтіндей болып көрсетіледі, ұлтшылдары түгел әлжуаз, сатқын, инженерлері мен оқымыстылары орыстың аузына қарап тұрады, ел басқарып жүрген атқамінерлері әйтеуір қазақтың “оңаша бұзауын” ортақ қораға жетелеп жатады. Тәуелсіздік үшін табанды түрде белсенді күресіп жүргендер аз, көбіне “партия мен өкімет тапсырмасын дұрыс орындаушылар”, “сабырлы”, “әліптің артын бағамдап отырғандар” әсіре әрекетке бармайды, “ақылмен”, “парасатпен”, “төзіммен” әр істің өту процесін, оның заңдылығын аңдиды. Қазақ зиялыларының әдеби кейпі

осы. Көбінің, әсіресе, атқамінерлерінің арасында ұрлық-қарлық көп, өтірік көп. Зиялыларымыз өмірдегі орнын анықтай алмай жүр. Азамат сынды айдынды адамдарымыз халқына арашаға жарамай жатыр. Халық тағдырына немкетті, халықтан арасы алшақ, еншісі бөлек. Бірлік аз, түсінік те, түсіністік те кем. Ұлық көрсе бастарын шұлғып, иығына шапан жауып, жауырынын қағып әуре-сарсаңға түседі, шенге шекпенін тосқанға әуес. “Осы біздің ел Тоқтамыс ханды көрмесе – жамандағанын, көрсе – тоңқайғанын қоймайды” дейді екен бұрынғылар. Әрине, бәрі емес. Ішінде ізгі ниеттілері де баршылық. Ұлттық менталитеттің түп атасы – ұлттық мәдениет пен фәлсәфият. Мәдениеттің екі тұрпаты болады: материалдық, заттық және рухани мәдениет, кейінгісін руханият деп те жүрміз. Екеуі де ұлт емшегін тел емеді, бірақ өздері де ұлтына омырауын тосып жатады, өйткені екеуі егіз, ұялас, бірінсіз бірінің күні қараң; бірі – күнкөріс қамы, тән азығы болса, екіншісі – ұлттың арнамысы, жан азығы, ұяты, биік өресі. Алайда, басқа ұлттарды білмеймін, өзіме таныс та жақын қазақ мәдениетінің құрылымы мұнымен ғана шектеліп қалмайды.

Қазіргі мәдениетімізде қос ағым бар: оны мен қазақ және қазақы мәдениеттер ағымдары деп атар едім. Құлаққа оғаштау естілгенімен, мәселені “қазақ менталитеті”, “қазақ мәдениеті” және “қазақ философиясы” деген тіркестердің “қазақы менталитет”, “қазақы мәдениет” және “қазақы философия” (әлде “қазақы көзқарас”) деген ұғымдарға қандай қатынасы бар деп қойсам түсініктірек болар. “Ұлттық мәдениет” пен “халықтық мәдениет” тағы бар. Қазақы мәдениеттің кереметі – оның түпнұсқаларының (стереотиптерінің) кітапта емес, архивте емес, жеке адамның тұла бойынан табылатындығында, философия тілімен айтсақ, әлеуметтік практикамен бұлтартпас бірлігінде, қолданбалылығында, “тоқымы кеппейтіндігінде”.

Өркениет – сыртқы дүние, ноосфера, біздің қолымыздан жасалған қоршаған орта: машина, ғимарат, қондырғы, зымыран, ұшақ, киім-кешек, ішіп-жем т. т., ал мәдениет – адамның ішкі дүниесі, сезімі, пайымы, көзқарасы, жан сыры,

рухани тіршілігі, “сізі” мен “бізі”. Қазіргі Еуропа ғылым деңгейі екеуін осылайша қабылдайды. Демек, қазақы мәдениет қазақтың ресми мәдениетіне қарағанда анағұрлым бай, терең мағыналы екен. Тек оны таны да игере біл, бойыңа сіңіре біл! Сондықтан болар, қазақша достасу, отау құру, ұрпақ тәрбиелеу, сүйісу, жауығу, қауышу, ант-су ішу берік келетіні мәлім. Оны қазақ баласы әбден сезінеді де. Қазақы мәдениеттің ту тігер басында ата-баба аруағы тұрады, ал қазіргі қазақ мәдениетінде еуропашыл селқостық, шарттылық басым. Қазір зинақорлықтан тұншыққан Еуропаның өзі еуропашылықтан жеріп жатыр. Ата-бабасының рухын пір тұтудың сарқылмас мәуесін жапон халқы көріп отырса, ал өзінен өзі жатсынған халықтар ұлттық апатқа (!) ұшырауда және ұшырай береді де. Мысал өзімізде де жетеді. “Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас” деген осы болар.

Демек, қазақтың байырғы этникалық мәдениетінің сипаты бөлектеу екен де, шұбарланған қазіргі ресми қазақ мәдениеті өзгеше дүние екен-ау! Қазақ философиясы мен қазақы философияның да ара қатынасы осы іспеттес. Бұлар тамыры тереңде жатқан құбылыс, ізденімпаз жандарға өз сырын айқара ашады, әрине. Тек өзіміздің табиғатымызды, ұлтымыздың рухани құрылымын, ішкі заңдылықтарын, қасиеті мен себеп-салдарын мұғдарлай түскеніміз абзал. Оңсыз жаңғыру жоқ, алға басқан аяқ артқа кеткенін қоймайды.

Қазіргі қазақтың ресми мәдениеті (“қолданбалы” мәдениет десе де болғандай) мен қазақ философиясы құрама, күрделі, ғылым тілімен айтсақ, синкретті, әртекті, жасанды. Ал қазақы мәдениет пен қазақы философия – тел, бір дарактың егіз бұтағы секілді, дыңы бір, тек қазаққа, қазақ халқына ғана тән, басқа өлкелерде болмайтын мәдени құбылыс пен ақыл-ойдың тұрпаты. Оның бірден-бір өлшеміне Абайды жатқызамыз. Абайды ұлттық ақын деп қабылдайтынымыз – оның ой үрдісі, ой қордалау қабілеті қазақша, кейінгі “қазақ совет” ақындары секілді орысша ой құрастырып алып, оны қазақ тіліне салмайды. Абай қазақша ойлап, қазақша жазады. Абайды басқа тілге аудару қиын болмағы осыдан.

“Қазақ мәдениеті” деген ұғым бұрынғы кеңес дәуірінде этникалық бояу ретінде қолданысқа түсті. Ол кезде қазақ тілін қолданатын қазақ эстрадасы, қазақ музыкасы, қазақ газет-журналы, радиосы, мектебі және т. т., әйтеуір, қазақ тілінде өтетін құбылыстардың баршасын “қазақ мәдениетіне” жатқызатынбыз. Пошымы қазақша болғанымен, мән-мағынасы орыстануға арналатын. Қазіргі қазақша білмейтін, әлде шала білетін дубәра қазақ (шынын айтсақ – қазақ) қазақтың шұбарланған ресми мәдениетін малданып та, алданып та жүр. Оған да тәуба! Әйтеуір қалай болғанда да қазақ мәдениетінен жаңа ұрпақ қол үзбегені абзал. Суға кеткен тал қармайды. Ал тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда этникалық қазақ мәдениеті мен ұлттық ресми мәдениет арасы даралана бастады. Демек, қазақтың этникалық мәдениеті мен ресми қазақ мәдениеті – арнасы ортақ бір өзеннің екі жағасы іспетті. Қазақы мәдениет мыңдаған жылдар арнасында қалыптасты. Өз даму барысында ол өзіне дейінгі мәдени мұрағаттардың туу, жасалу, өркендеу және сему жолдары мен тәсілдерін өз бойына сіңіріп отырды, көршілестері мен қоңсыластарының да бай мұрасына зер салып, қабылдап, оның озық үлгілерін “қазақыландыра” отырып қабылдап, алға басты.

Қазақ мәдениетіне оның тарихи құрамдас бөлігі болып, алғышарт қызметін атқарған мынадай ірі-ірі тарихи дәуірлерді атай аламыз: Қола өркениетінің “Бегазы-Дәндібай” тарихи-мәдени кешені (б. э. д. X–IX ғғ.), милләди тілімен сөйлесек “Гомер кезеңі” – қола дәуірінің соңғы мезгілі. Материалдық мәдениет сұлбаларына тас рәсімдер, ілкі киіз үй қаңқасы, өгіз жегілген арба, көзе жасайтын қондырғылар, көне металл (алтын, мыс, қола, қалайы) балқытатын пештер, ауыздықты және шаужайлы жүген, қола найза мен жебе, айна мен әйел әшекейлері, біз бен ине, қолға үйретілген төрт түлік мал, табынды жылқы, “қыстаужайлау” мезгілді мал бағу технологиясы, сүт және ет тағамдары, дәнді дақылдар (“арпа-бидай ас екен”), лиманды (көлшік) жер өңдеу, жартылай отырықшылық (“қысқа сирақ” көш), үгіткіш диірмен (терка), тағанды қазан-ошақ және т. т. жатады. Рухани

мәдениетінде ән, эпос, музыка (домбыра) мен би өнері кең қанат жая бастады.

Көне қазақстандық қола мәдениетінің үлкен салдары да, жалғасы да – “Атты көшпелілер өркениеті” (конно-кочевая цивилизация). Әдетте, тарихшылар бұдан скиф-сақ, ғұн және түрік-монғол дәуірлерін жіктеп бөлек қарайды. Мәдениеттанудың өз өлшемін қолдансақ, екі жарым мың жылға созылған бұл дәуірдің өзіне ғана тән заңдылықтары мен сипаты болғанын аңғарамыз. Оған ерекше сән мен салтанат беріп тұрған – жылқы малы. Бұл өркениеттің жасампазы – көшпелі халық та, оның негізгі өндіріс құралы – жылқы. Жылқыны қолға үйрету, оны шаруашылыққа бейімдеу, ауыздығын, шаужайын, жүгенін, тағасын, тұсауын, шідерін ер-тоқымын, әбзелін ойлап шығару “су”, “бу”, “іштен жанатын”, “атом” машиналарын жасаудан бір де бір кем болмады. Амал не, мыңдаған жылдық салқар мәдени мұра атаусыз қалып барады. Ғылыми ой кемелдене келе “жылқы ғасырына” да тиесілі орын берілер. Әлемдік өркениет өзін өрге сүйреген, құласа жалын төсеген жылқының меселін қайтара қоймас.

Бұл заманның материалдық қорына шиті темір бұйымдары ене бастағанымен, қола дәуірінен мирас болған дәулет мейлінше жан-жақты дамуға түседі. Біздің жыл санауымызға дейінгі VI–V ғасырларда тек Жезқазған өңірінде 1 000 000 тонна мыс кені өндірілген екен. Санскриттік “жез” (jez) сөзі қазақ тілі қолданысына (“жезтырнақ”, “жез киік”, “жез сауыт”, “жез тағалы еңіреу”, “жез көмей әнші”, Жезді, Жезқазған) кең тараған. Мәдени тұлғаға айналған бұл сөздің қазақ этнографиясындағы мәні алтын мен күмістен кем емес.

Руханиятта батырлық және лирикалық эпос, музыкалық инструментті шығармашылық (күй), театр және цирк өнерінің бастаулары анық бой көрсетеді. Ат-әбзелге таға, үзеңгі және жақтаулы ер-тоқым кірігуіне орай “Халықтардың Ұлы көші” басталады. Атырау мен Арал, Сарыарқа мен Жетісу бойының скифтері мен кемерлері, дайлары мен сарматтары Кіші Азияға, Қытай қорғанын мекендеген ғұндар Орта Азияға, түріктер мен

монғолдар Еуропаға лап қояды. Мәдени араласу дүниежүзілік сипат алады: сөйтіп, ақыл ауысады, ырыс жұғысады. Қазақ антропологиясында әртектілік (“шаталық”, “көптұқымдылық”), ойлау қабілетінде синкреттілік (көпжүйелілік, мировоззренческий синкретизм), мәдениетінде көпсалалық (қалалық, сауда-саттық мәдениет, жер өңдеуші мәдениет, қол-өнер, өнеркәсіп) орын алады. Ұғымдық-категориялық ойлау әдістемесі кеңейе түседі, заттың сыртқы құбылысын бейнелеумен шектелмей, “ішіне” үңіледі, жалпыдан даралық (индуктив), дарадан жалпы (дедуктив) ой қордалап, деректі ақылды дерексіз ой биігіне көтереді.

Атты көшпелілер өркениетін тарих архивіне өз қолынан тапсырған соңғы көшпелілердің ұрпағы – біз, қазақпыз. Атты көшпелілердің “даңғыл” (“түзу сызықты” – “линейная культура”) және еуропалық, индустриялық (“шеңберлі” – “радиалды”) мәдениеттер жарысында бұрынғыдай жылқыға емес, енді темірге мінген озады. Бұл аламан жарыс ХІХ ғасырлар арасында өткенімен, әлі де шаңы басыла қойған жоқ. Қазіргі қазақ ауылының реформаға шыдамай, дағдарысқа ұшырауының бір үлкен себебі де осы. Қазақ менталитетінің “ядролық” ішкі қуаты мол болғанымен, “жанармайы” тапшы. Демек, бұл дағдарыстың бастауы әріде, көшпелілер менталитетімен сабақтас екен.

Бүгінде қазақ сахарасында урбанизация (ірі қалаға шоғырлану) процесі өтіп жатыр. Ауыл күйреу үстінде. Дағдарыс ұлттық сипат алуда. Киіз үйдің дәл ортасын ойып, музейден орын алуы сонан. Адамның құзыры тарихқа жүрмейді, бірақ тарих сілемі адам санасында қалып, менталитетінде белгі беріп отырады.

Өзіндік даму қуаты өз бойында сақталған осы аталған қазақ мәдениетінің қалыптасуына зор ықпал еткен екі өркениетті де кеуделеп, ентелеп кірген орыс отаршылары дәуірін “мылтық кезеген кезең” деп атар едік, бірақ оны бізден бұрын Мұрат Мөңкеұлы мен Дулат Бабатайұлы “Зарзаман” деп дәл атады. Отаршылдық кезең ұлттық тарихымызға көпе-көрнеу қарсы

жүрді, менталитетімізге жауықты, дініміз бен тілімізге қиянат жасады, дәстүрлі шаруашылық қартымызды, ғасырлардан алған тәжірибеміз бен өнегемізді ысырып тастады, мал-жанымыздың тұқымын өзгертті, елімізге құлақ естімеген індет (туберкулез, мез) таратты, өрісімізді өртеді, жерімізді қуратты, у төкті, ағайын арасына от жақты, ұрпақ пен ұрпақты араздастырды, ата-баба мұрасынан жерітті, өзімізді өзімізден жатсындырды, иісі көшпелілер мәдениетін тәркі еткізді, ұрлық пен өтірікті әлеуметтік өреге көтерді.

Жаңа заманда дәстүрлі қазақ менталитеті босаңсыды. Өйткені оны күйретуші күштің жасаушы күштен анағұрлым басым болуында еді. Тарихта көптеген мәдениеттердің күлі көкке ұшқаны белгілі. Ал қазақ менталитетінің арнайы күйретілуге бой бермей, әлі де қатардан қалмай, жаңа менталитетпен қатар жарысуы оның тарихи тамыры тереңде жатқандығының белгісі. Күллі Еуразия далаларының қазба және жазба мәдениеті мен әдебиеті, өнер туындылары мен фәлсәфияттың ой пайымдары – осының айғағы.

Қазақстан тарихында қазақтың ұлттық ділінің қалыптасуына байланысты ірі-ірі үш кезенді атап өттік, жүйелену ретіне орай өз пікірімізді қостық. Бұлардың жасампаз екеуі – “Бегазы-Дәндібай” мен “Атты көшпелілер” дәуірлері болса, Отаршылдық дәуірі оларды биік тұғырынан түсіріп, иманынан тайдырған, қазақтың өз мұрасын өзіне құбыжық еткен дәуірге айналды. Ал оған ұлт менталитеті қаншама қарсылық көрсете білді?

Оған халқымыздың 300 жылдық азаттық жолындағы табанды күресі және сол күреске жаршы болған “Зарзаман” дәуірі айғақ. Соңғысы – 1986 жылдың желтоқсанымен тамамдалғанын көзіміз көрді.

Ендігі стратегиялық міндет: жығуы оңай болса да, тігуі қиын меншікті дәулетімізді қалпына келтіріп, қайта жаңғыртып, түлетіп, қазақы келбетіміз бен дәстүрлі мәдениетімізді ту көтере отырып, ХХІ ғасырға қадам басу.

Алматы. 1998 ж.

Абайдың әлеуметтік позициясы

Заман ағымын жеке адам әлде бұқара халық жігі түсіне беруі шарт емес, әлеуметтік прогресс объективті түрде төсімен төтесінен жол салып, ескі дәуір тосқауылын бұзып жарып, жүре береді. Алайда, прогресс жүгін арқалаған керуен жүрісі я сылбыр, баяу немесе я жинақы, жылдам болады. Тарихтың осындай бұрылыстарында жеке азаматтың халқына көрсеткен ықпалы үлкен ауқымды дәуірлерге татырлық сипат алады да, мұндай азамат сол дәуірдің тұлғасына айналады. Осындай дәуір тұлғасына татырлық жанның тарих керуенінің жүгін жеңілдетіп, жүрісін шапшаңдатуы, әлде, керісінше, кертартпалық әрекеттер жасап, керуен жолын бөгеп, қияға бұрып, баяулатуы бар. Бірақ, прогресс дамуын мүлде тоқтату әлі ешкімнің қолынан келмеген және ешқашан келмек емес те. Өйткені, замана сұранысы міндетті түрде өз дегеніне сай тізгін ұстар, ақыл айтар қайраткерін қалыптастырады. Ондай тұлғалы азамат – заман түлегі, маркстік социология тілінде; әлеуметтік қатынастардың жиынтығы ғана болып қоймай, сол қатынастардың белсенді жаратушысы, “тәңірі – иесі” және нәтижесі де. Мұндай ұжымды тұлғаны өткен дәуірдегі қазақ топырағынан іздесек, көзімізге бірден Абай, тек Абай шалынады.

Заманына қарай – адамы. Расында, Абай өз заманымен тұтас. Алайда, Абай өз заманының тек түлегі ғана емес, қайратты қаһарманы, саналы санаткері, алтын арқалап тұрып, тікенек қаузаған қайыспас қара нары да. Абайдың алдында, әлде Абаймен қатар өмір сүрген оның орыс үзеңгілестері Россияның азаттық күрестің екі кезеңінің бар тауқыметіне көп болып, топ болып иығын тосқаны мәлім. Абай замана жүгін бір өзі көтерді, “мыңмен жалғыз алысты”. Сондықтан XIX ғасыр алдындағы қазақ қоғамының “ұйқысынан оятушы” Радищеві мен “жырымен тербеткен” Пушкині де, “дабылшы” Герцені мен “балташы” Чернышевскийі де – дара Абай.

Ұлы Октябрь революциясына дейінгі қазақтың әлеуметтік-философиялық дәстүрлі ақыл-ойы ғасыр аяғында дәуірлей келе

ат басын Абайға тіреді. Әлеуметтік ақыл-ой ағымының иірім-қайырымының “екшеушісі” де, “тергеушісі” де, досы да Абай болды. Көне дүние келбетін қылаусыз бедерлеген айдын – Аристотельдің шығармалары десек, Абай творчествосы да қазақ мәдениетінің айнасына айналды. Ұлағаттылық ұқсас. Абайға дейінгі қазақ мәдениетінің жетістігі де, кемшілігі де Абай санасында тоғысты, синтезденді. Жақсысын жақын тартып, жаманына жау болды. Абай туындыларының халқына ұғымдылығы мен сіңімділігінің сыры – осында.

Абай – ұлы тұлға. Бірақ ұлының да аға тұтар асқаралы адамы болады. Жас жағынан 2–3 көйлек бұрын тоздырған, бірақ ой жағынан тетелес ағалары Ыбырай Алтынсарин мен Шоқан Уәлихановтар иек артқан рухани қазынаны ақын арқа тұтты. Абайды рухани ағаларымен табыстырушы сол кездегі қазақтың әлеуметтік және философиялық ақыл-ойының арналы ағысы болды. Қоғамдық сана дамуының объективті шарты Абай ойының да тасқынын осы кең арнаға бұрды. Бір тарихи дәуірдің әр кезеңінде көп ісіне қайрат көрсеткен ардагерлердің ақыл-ой қоры бір жерден шығуы – заңдылық еді. XIX ғасырдағы қазақ ойының үш алыбы, сөйтіп, бір ойдың үш бунағына тұтқа болды. Ыбырай ұстаған ағартушылық жолы Шоқан санасында әлеуметтік еркіндік идеясымен тоғысып, өрісін кеңейтсе, Абай осы ой мұраларына әлеуметтік мән дарытты, күрес құралына айналдырарлық, тарихи нақты сұраныстарға қызмет етерлік, халықтың мәдени мәртебесін дәуірлетерлік деңгейге көтерді. Ұлттық және әлеуметтік езгіден құтқаратын қуат халыққа аспаннан нұр болып жаумайтындығы туралы осы алдыңғы буынның ғасыр аяғында бәсеңсі қалған үніне Абай қайта дем берді, бұл істе азаматтық жауапкершілігін жіті сезінді.

... Қолына қалам алды, сайысқа шықты.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Ұлы ақындарға тән кең тынысты кемеңгерлік осы бір ғана ой түйінінен белең етіп, белгі беріп қалып жатыр. Бұл – Абайдың

әдеби концепциясы. Абай эстетикасының кіндікті принципі, ой байламдарының мамаағашы. Қазіргі мәдениет санаткерлеріне, ақын әулетіне айтар арызы. Абай үшін өлең “таза”, “ермек” үшін жазылмайды. Ақын кез келген жерде емес, кезі келген жерде ғана өлең сөзге жүгінуі тиіс.

Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Өлең – өнер. Әлеуметтік мағынасыз өнер – тұл. “Жоқты-барды”, “көр-жерді” қармау осы тұлдырсыздықтың бейнесі. Ақын әдейі “тұрмыстық” анайы тіркес арқылы ащы мысқылмен терең ойдың терезесін қағып тұр.

Абай қазақ өлеңіне монографиялық қасиет дарытты. Әр мәселенің басын шалып, желпіп өтетін толғау орнына проблемалық ой қаузаған жеке тақырып шықты. Өлең дүние құбылыстардың өзегіне берді сол құбылыстардың ішкі мәні, себебі мен салдары, шығу тегі мен даму сатысы, дәуірлеу кезеңдері мен сему тағдыры туралы сұңғыла пікір айтылды; “өзіндік” заттарды “біз үшін” заттарға айналдырады. Абай қазақ өлеңін адам мұқтаждықтарын өтейтін, адам аралық байланыстарға түсіретін, үлгі тұтып, үйренетін өмірдің рухани құралына айналдырды.

Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Ол өзі алысып өткен заман туралы жазбауға, келесі буынға ой тастамауға, оны көмекке шақырмауға мүлде болмайтын сәтте ғана қолына қалам да алды, әлеуметтік тартыс майданына да шықты. Абай қаламды кеш, бірақ кезінде алды, күрес майданына да кешеуілдеп кірісті; алайда дер кезінде, заман қайшылықтары шегіне жете ушыққан мезгілінде шықты. Өзін күреске сай, арнайы дайындығы бар саналы қайраткер ретінде сезінген тұсында, қырықтың қырқасынан асып барып:

Түзетпек едім заманды, – деп белін бекем байлап шықты. Сөйтіп Абай әлеуметтік белсенділікті “сөйлей-сөйлей шешен, көре-көре көсем болған” шағында танытты. Сондықтан болса

керек, көп өлең нұсқаларында сайысқа жай түскеніне өзі де өкініш сыңай танытып отырады.

Жапырағы қуарған ескі үмітпен,
Қиял қып, өмір сүріп, бос жүріппін.
Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды,
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн.

Осы өлең жолдарындағы: “ескі үміт” ақынның ежелден көксеген әлеуметтік мұраты, “қиял қылу” – ұзына жылдар ақын санасында сарқылған жалын, рухани марқаю, толысу, “бос жүру”, әрине өкініш. “Қолын кеш сермеу” сарыны ақынның көптеген өлеңдеріне тән. Абайдың кемелді кезінде халық ісіне араласуы кездейсоқ емес, бұл да кемеңгерліктің бізге беймәлім нышаны.

Абайдың әлеуметтік белсенділігі оның қоғамдық-философиялық көзқарасымен тұтас, сондықтан да ақын назары әу дегеннен қоғамдық қатынастарға тән қарама-қайшылықтарды шалуы – заңды. Абай сөз басын әлеуметтік ортасын, өзіне мәлім құбылыстарды сынаудан тарқатады, қазақ көркем сөзіне сыни шырай кіргізеді, сыншыл реализмге ұйтқы болады.

Сүйсе – жалған, сүймесе – аянбаған,
Бұл не деген заманға ісім түсті!!

Абай адамның кісілік қайнар көзін қоғамнан, әлеуметтік тіршіліктен іздейді. Алайда заманын сынау, заманына мін тағу, кінәрат айту Абайға дейінгі ауыз әдебиетімізде бар, XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының көбіне, әсіресе, “зар заман ақындары” деп аталып кеткен ақындар тобына да тән сарын:

Ай, заман-ай, заман-ай!
Түсті мынау тұман-ай!
Істің бәрі күмән-ай!

Сарынның салихалы әлеуметтік негізі болды. Мыңдаған жылдары сахара төсіне бекем орнаған бейбіт елдің мамыражай,

табиғат аясында өткен дәстүрлі тіршілігі мен көшпелі болса да көшелі өмір салтының қаймағы шайқалып, үйреншікті тұрмыс пен болмыстың іргесі сөгіліп, буржуазиялық салт-сананың қазақ қоғамының қақпасын қағып, белең бере бастауын жырауларымыздың нокта ағасы Бұхар осылайша, қазақ құлағына жатымды нұсқаға түйіндеді.

“Зар заман” ақындарының сауда мен заңға негізделген “жаңа” қатынастардың көшпелі өмір салтына кіре бастауына теріс қарауының жалпы қисыны келгенімен, буржуазиялық қатынастардың ақтаушы-адвокаты болды. Қазақстанда ежелден үстемдік еткен рулық және феодалдық-патриархалдық салт-санаға қарағанда буржуазиялық қатынастар тарихи жағынан біршама прогресшіл еді. Дегенмен, өңірімізде бұл қатынастар әлеуметтік және отаршылдық езгі тұтасқан тұрпатта қанат жая бастады.

Абай да, өзіне дейінгі ақындық дәстүрдің осындай сын-шылдық арнасына түсті. Алайда, Абай сыны Бұхар, Шортанбай, Дулат сарынынан мазмұны жағынан мүлде өзгеше болды. Абайға дейінгілер заманға мін тағумен (“зарлаумен”) ғана шектеліп, қазақ қоғамын меңдей бастаған індеттің белгі беру тегінің түп-тамырын дұрыс түсінбеді, психологиялық дайындықсыз, “тіке” қабылдады, оған діни-мистикалық мән таңып, “ақырзаманның” жақындап қалғандығының көрінісі деп ұқты. Буржуазиялық үрдістерге – үрке қараған олар пананы дін тасасынан іздеді. Құран сөзіне бас ұрып, XI–XII ғасырларда өмір сүрген қазақ сопыларының пірі – Қожа Ахмет Яссауидің хикметтеріндегі “заманақырдың адамы – залым, залымы – ғалым болар” деген мистикалық түйінді өлең өрнегіне түсіріп, уағызға айналдырды.

Абай қазақтың ауыз әдебиетінің дәстүрлі сынына жаға мағына беріп, “зар-заман” ықпалынан алып шықты. Өйткені, ұлы ақын қазақ қоғамын меңдеген індеттің себептерін “жерден”, қоғамның өзінен, ондағы орын алып отырған реалды қарым-қатынастардан іздеуге шақырады. Басқаша айтқанда, Абайға дейінгі ақындардың белгілі тобының сыны – “зарлау”, “жөктау”, сарын түрінде, байырғы этнографиялық үлгіде айтылса, Абай

жасампаздыққа бет бұрған әлеуметтік сынды арнайы әдеби тәсіл түрінде, идеологиялық күрес қаруы формасында жүргізеді.

Өсімге қол жайды,
Тай алып серкешке, –

деп тұлғалайды тиынын сомға, тышқақ лағын тайға “айырбастап”, аңқау да байығы елді алдап, пайдаға кенеліп жүрген алаяқтардың бейнесін Абай. Осындай қатынастар кеулеген құбылыстар елдің береке-базарын тарқатты, адам аралық қатынастарды ушықтыра түсіп, ұлттық моральдық-саяси ынтымағын жер етті.

Ел қағынды
Мал сабылды.
Ұрлық, өтірік гу де гу,
Байы – баспақ.
Биі – саспақ.
Әулекі, аспақ, сыпыра қу.

Абайдан бұрынғы қазақ ақындарының заманына айтқан өкпе-назы Абай аузынан ащы сын, кесімді тұжырым болып естіледі: “бұл не деген заманға ісім түсті?!”.

Ақын лебізінде заманға тағар мін мен оның әділетсіз өзегіне деген сұсты зіл қоса жүр.

Заманына сын айта отырып, марксизмге дейінгі орыс зиялыларының әлеуметтік мәслихат тақырыбын Абай қазақ қоғамының да күн тәртібіне қойды. Абай өз мәмілесін тарихи нақтылы дәрежеде, қазақ әлеуметінің тағдырына, мүддесіне, күш-қуатына, шоласына орайластыра жүргізді. Оны замана сұранысына сай сұрыптай білу – ақынның ақыл ойының реалистік өзегінің басты белгісі еді.

Әрине, қазақтың ілкі әдеби реалистік тәсілі буыны бекіп, қабырғасы қатая қоймаған фольклорлық балаң сипатта еді.

Абай шығармаларында осы “қазақы” реалистік әдеби тәсіл жаңа сапалық сипатқа ие болып, “меншік”, ұлттық қауашағын бұзып-жарып, әлемдік деңгейге көтерілді, осы тәсіл негізінде ұлы ақын өз творчествосына әлеуметтік жүк арта алды, қоғамдық мәселелерді күн тәртібіне қоя алды.

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.

“Ақын үңілген” “екі жақ” осы екі дай үрдіс: ескі мен жаңа, халық зердесінің кешегісі мен келешегі, дәстүрлі танымы мен оның жаңа құбылыстарды бейнелеудегі өзгеріске ұшырауы. Ақын дәйім ізденіс үстінде болды, сондықтан оның творчествосынан реализм бой алмауы тіпті де мүмкін емес еді. Әлеуметтік қордалы ой ежелден реалистік шығарманың ғана беліне лайық. Абай қазақ поэзиясының реалистік дәстүрін “зар заман” шылауынан аршып алып, жасампаз сыншылдыққа, бейғам тылсымдықта күй кешкен халық санасын сын арқылы әлеуметтік қозғалысқа түсіріп, заман қарымына сәйкестікке итермеледі.

Абайдың “сөз түзелді” дегені ақын творчествосының реализмге бет бұрғанын аңғартып, қазақ поэзиясының жалпы тағдырын сипаттайды.

Абайдың саяси-әлеуметтік көзқарасының іргесі барынша сыншыл, утопия шырғауынан алшақ. Сондықтан әдеттегі қазақ жырауларына тән “Жиделі-Байсын-Жерұйық”, әлде Аплатынның (Платон) Атлантидасы мен әл-Фарабидің “Үлгілі мемлекеті” туралы дерексіз саяси-әлеуметтік қияли ой Абай шығармаларында жоқ. Кездеспейді. Абай тұғыры әділет жолындағы белсенді күрес. Абайдың творчествосы – осы пайымның нәтижесі, Абайдың, жоғарыда айтқандай енді қалам алмауға болмайтындығынан туған әрекетінің жемісі. Өз шығармаларындағы Абай – білгірлігі мол, қажыр-қайраты шындалған, әлеуметтік арпалысқа түсерлік арнайы дайындығы бар саналы да сақа қайраткер.

Адамды сүюдің, адамға қызмет етудің жолдары көп. Соның ішіндегі ең салихалысы – адамға деген құмарлық – сол адамды бақытқа кенелтуі, игілікке бастама болуы парыз. Адамды сүйе білу – тағлым, басқа адам үшін де, тәрбиеленуші үшін де үлгі, нұр. Адамды сүю – адам үшін, оның бостандығы, бақыты үшін күрес, әлеуметтік үрдіс. Абайдың кісіні, халқын сүюі – ақынның

әдеби-эстетикалық нысанасынан туындайды. Ақын халқын да, адамын да “басы – көзің демей” сынай сүйеді. Әлемдік әдеби меридиандарда “халық ақыны” деген ұғым бар да “ұлттық ақын” деген ұғым және бар. Халық ақыны – халық ішінен шыққан халық мәдениетінің өкілі, ал ұлттық ақын – ұлт мәдениетінің “жасағаны”. Абайдың өз сөзімен айтқанда, “Тәңірі – иесі”. Қазақта не көп – ақын көп. Осы көптің ішінен дара Абайды ғана ұлттық ақын деп атауға аузымыз барады. Осы жәйт ақынның туған халқына ақыл, насихат айтумен ғана шектелмей, сынай сөйлеуіне де негіз береді.

Абай сыны бүкіл ұлтты өзінің ерке ұланындай кейде марапаттап, кейде зекіп, қақпақайлап, рухани ауыз бірлікке, ынтымаққа шақыру үстінде тұрады. Ауыз-бірлік демекші, бай мен кедейді табыстыру – Абай ойында жоқ. Мұндай нәтижесіз іске ақын кіріптарлық жасамайды. Сондықтан болса керек “таптық гармония” туралы утопиялық қиялдан Абай шығармалары ада. Абай үшін бай кедейге кедейдің өзі ойып, бай үйіне түсірген “қара қидан орта қап ұрыспай берсе” – болды! Кедей еңбегінің елеусіз қалмағанына – ақын көңілі риза. Ақын – бай мен кедейді ымыраластырайын демейді, қайта, керісінше, олардың арасында лаулап жанған отқа түседі, арашашы болады. Арашашының да қазақ ішінде өз жөн-жосығы бар: “арашашыға – алты таяқ”. Абайдың арашаның сойылының да дәм-тұзын татқан кездері де мәлім.

Халқын ауыз бірлік пен ынтымаққа шақыру – Абай сынының семантикасы, астары, түпкі нысанасы. Ақын мен халқының, халқы мен ардагер ақынының арасындағы мұндай рухани жарастықтың тегі тереңде, халық тағдырының тұңғығында. Абайдай ұланымен халық арда аға деп табысса, Абай халқын сезім парасатына бөлеп отырып, халқының сенімін алып барып еркін сұқбаттасады. Мұндай салауатты сұқбат тек Абайдай асылдың ғана қолынан келеді. Абай поэзиясының мазмұны түгелдей адамға деген қамқорлықтан тұрады. Бұл жағынан Абай – ұлы гуманист ақын. Осы гуманистік ой Абай мен “қалың қазағының” арасындағы тіл табысудың сыншылдық түріне негіз болады.

Әзелде тәңірім сорлы етті,
Арсыз елмен әуре етті.
Жалғыз үйде күңіrentті
Адам деген даңқым бар.
Адам қылмас халқым бар.

Сынның қазақта екі түрі бар: дос сыны мен қас сыны. Бірі – тәтті, “күлдіріп айтылады” – жаудың сыны, екіншісі – ащы, бірақ жасампаз, “жылатып айтылады”, бұл – дос сыны.

Абай әлеуметтік-эстетикалық талғамы асқақ сыншы. Ол адам атаулыны емес, бойын зұлымдық пен надандық тұтқан жанды, ары мен ұятын жалдап, ырыздығын тауып жеп жүргендерді және осындай адамдарды қаулатып тудырып жатқан сұрқия заманын сынайды.

Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап,
Ертеңі жоқ бүгінге болған құмар.

Ақынның “бүгін” деп тұрғаны – өзі өмір сүрген “ертеңі жоқ”, болашақсыз ортасы. Ақын сол ортаны адам, адамды орта тудырды деп түсінеді. Сондықтан адамына ескерту айтады:

Сенен күшті кісілер не боп жатыр?
Заманыңның тарлығын ойла, мырзам.

Ескертуінің аяқ асты қалғанына налиды. Заманын “түзетпекке” құлшынады. Жалғыз шықпақ болады.

Түзетпек едім заманды,
Өзімді өзім зор тұтып.

Алайда ақынның санасы да, іс-әрекеті де тарихи шектеулі, бұл заңдылықты аттап өту үшін әлі де бір асқаралы дәуір тұр. Дегенмен, ақын сыны жүйесін тауып айтылады, ол қазақ қоғамының әлеуметтік сергелдеңінің ішкі себептерін бұлжытпай дәл аңғарады. Ұлығы “шаш ал!” десе халықтың басына ұмтылатын ел ішін торыған тіміскілер назарына іліккенде ұлы ақын отты тілін тіпті аямай, опырып айтады.

Қолына алып,
Пәле салып,
Аңдығаны өз елі.

Қазақ сахарасында күнделікті өтіп жатқан әлеуметтік сайысқа құрылған баррикаданың қай жағында тұрғанын, оғын кімге кезегенін аңғартады, үстем етуші тап өкілімін демейді.

Абайдың ардагер азамат мінезі оның өз табынан саналы түрде өз басын арашалап алғанынан да байқалады. Бұл мәселеде Абай ұлт көкжиегінде даралық танытқанмен, әлемдік деңгейдегі ұлағаттылармен ұқсастық аңғарылады. Ұлы ақынның үлгі тұтар адамдары, жас буынға “ойында жоқ бәрінің Салтыков пен Толстой” деп көлденең салар даналар, сондай асылдар еді-ау! Әсілі, Л. Толстой – қарашекпеннің қамын ойлап, жыртысын жыртқанмен қарашекпен емес, граф, үстем тап өкілі емес пе еді?! Билік жүргізуші тап өкілі бола тұра ел жағына шыққандарға қазақ сахарасы да кенде болмаған: Сырым мен Исатай, Абай төңірегіндегі “жайнаған туы жығылмай кеткен” Оспан... Ал Абай “төркінін танымаумен”, төркініне теріс қабақ берумен тынбайды, сол төркініне ашықтан ашық шабуылға шығады.

Барымта мен партия –
Бәрі мастық, жұрт құмар,
Сыпыра елірме, сұркия
Көп пияншік нені ұғар!

Бұйығы бейбіт елге іріткі салып, адам тегін “тобықты” мен “найман” категориялары арқылы тергейтін дала төсіне қара құрттай қаптаған “құйрығы шаян, беті адам” қазақ “кентаврларына”, тұтас халықты “жүзге бөлген жүзі күйгірлерге” жұлдызы қарсы.

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тия,
Дауың мен шарыңды.

Халық ынтымағын, ауызбірлік берекесін қашырып жүрген, Абай ұғымында, билеуші тап өкілдері. Осындай “дау мен шарға” “бой алдырғандардың” жуан ортасында “мәз болып”, Абайдың түйдей құрдасы болғанмен, әлеуметтік жауы – Күлембай болыс жүр.

Болыс болдым, мінеки!
Бар малымды шығындап.

Ақын дарақы мансапқорлардың даңғойлығын неғұрлым анығырақ ашу мақсатпен толғауды Күлембайдың монологы ретінде жазған. Ежелден мансап дегенді қажетсінбей, ел ісінің әпер-бақаны мен содыр-сойқанын “сіз” бен “біз” арқылы тыя білген зерделі халық ортасына аспаннан аяғы салбырап түскендей “мінеки!” деп масаттанғаны көргенсіздіктің сирек сиқын білдіріп тұр емес пе?! Осы Күлембай “құрдасына” арнап бір жыл бұрынырақ жазған басқа бір өлеңінде болыстың тексіздігін, іс-әрекетінің мандымсыздығын ащы мысқылмен бетіне басқан да еді-ау!

... Мынадайға кез болдық,
Аума-төкпе заманда
Ел билеген адам жоқ,
Ата менен бабаңда.
Болыстықтан пайда қып,
Шығыныңды алсаң, жаман ба!!

Делкүлдың аузынан шыққан “бар мал” әрине, бейнетпен тапқан, әлде әкесінен қалған мүлік емес, қара қазақтың тұщы етіне “ащы таяғы тиіп” жиған ел ырыздығы, жетім мен жесірдің аузынан жырып алынған арам дәулет, “нақақ көздің жасы” (Сұлтанмахмұт), нас байлық.

Күлембай осындай ылаңмен жиналған иесіз дәулетке “бар малымды” деп ентаңба соғып, жылпостық жасап меншіктей қойған. Абай осы байлықтың әлеуметтік түп негізін толғауының алғашқы екі жолымен жария еткен.

Алайда, Күлембайдың Абай білетін “сыры” осымен ғана шектелмейді. Ақын болыс психологиясына тереңдеп, бойлай түседі.

Кәкір-шүкір, кер-жерді,
Пайда көріп ептеймін –

дегіздіріп алып, Күлембайдың масқарасын шығарады, жүн жеп, жабағы боратып жүргенін мазақ етеді. Ішкенін ірің, жегенін желім қылады. Жемсауына тыққылағанын қайта төктіреді.

Өлеңнің 1888 жылдың майында Семей мен Жетісу елінің төтенше сиязына, деректі оқиғаға байланысты жазылғанын ескерсек “Күлембайға” – саяси-плакат жеке азамат тарапынан басталған нақтылы күрес формасы, таптық идеологиялық шара дәрежесіне көтеріледі. Бұл өлеңнің ақынның көзі тірісінде жарық көруі – Абайдың азаматтық позициясының бекемдігін, әлеуметтік белсенділігінің тұрақтылығы мен баяндылығын айғақтайды.

Күлембай бейнесі деректі сипатына қарамай сыншыл реализмге тән әдеби жинақы образ. Күлембай мен Абай құрдас, заманы бір, тегі бір, бірақ екеуінің рухани өресі бір-біріне қарсы. Күлембай образында дерек пен қиял, даралық пен жалпылық, әдеби және философиялық үрдістер тең тоғысқан. Сондықтан Күлембай бірден әдеби образ бола тұра, екінші жағынан зұлымдық тұтасқан ұғым салмағын көтереді. Күлембайды көрмей тұрып, Күлембайдың аты аталып, шаңкөрінгеннен-ақ бұйраты мен шағылы алмаса қыдырған қырдағы дала қойнауынан екілене үрген ит пен зар қаққан балашағының ащы дауысы естіледі. Бейбіт ауыл ию-қию болады. Күлембай бейнесіне өткен ғасырдағы қазақ қоғамында бой көрсеткен патшаның отаршыл аппаратына иек артып, туған халқын сүліктей сорған жергілікті арамзалар мен жылпостардың типтік образы түйілген, қазақтың дәстүрлі санасына жат буржуазиялық салт-сана, үстем болып жатқан заманамен “бірге келген” “жаңа” адамдар бейнеленген.

Абай да, Күлембай да бір тап өкілі дедік. Алайда, екеуінің арасы жер мен көктей. Абай-азамат, жапырағын жайған мәуелі бәйтерек, Күлембай-азғын, жағаға толқын итеріп шығарған су соққы томар. Абай халқының табанына батқан шөңгеге мандайын тосады, рухани сергелдеңге түсіп, Семей барып орыс

зиялыларына халық зердесін қорландыруға қажет индукция мен дедукция категорияларын сауал етеді, алқалы кеңеске шығады. Өйткені, “халықты білімге жетелеу – балаңдық дәуірмен қоштасу” – дейді И. Кант. Алайда, Абай барған облыс орталығына Күлембай болыс та жиі-жиі жол салады. Бірақ ол ел мүддесін ұлықтарға “айырбасқа” салып, шекпеніне шен мен “жылтырауық түйме” қадатып, “арқасынан ояз қаққанға мәз болып” қайтады. Өйткені, Күлембай – құлқынның құлы дедік, ал Абай болса – халық ұлы, халқын алға, жарыққа тартады, бұл жолда малын да, жанын да садақа етеді. Абай мен Күлембайдың шенесуі өткен ғасырдағы қазақ әлеуметінің моральдық тұлғасының ымырасыз кереғар жақтарға жіктелуі мен қоғамда орын алған екі дай ой ағымының көрінісі, қазақ санасында майдандасқан екі дара әлеуметтік-саяси концепцияның текетіресі, сайып келгенде сол заманның антагонистік келбеті.

Алайда, ақын Күлембайлардың әлеуметтік өресінің шектеулігінен гөрі кісілік тексіздігіне көбірек зер салады. Тексіздіктің себебін іздейді. Жаланың бәрін заманына жауып салып, арамын ақтап алмайды. Адамның заман алдындағы жауапкершілігін насихат етеді. Күлембайды сынай отырып, Күлембай секілділерге өз тұлғасын, өрелі парасатын үлгі етіп ұсынады. Оларды ашықтан-ашық таптық тұғырынан таюға, әлеуметтік “төркінінен” ажырасуға, табынан алжасуға шақырады.

Адасып, алаңдама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық қамалмай.

Қашан да қашан нағыз ақынға бұйырған елгезек жүрек адам деп тыпыршиды, адамға сенеді, сиынады, адамның адамгершілігін қошамет тұтады.

Бірақ Күлембайдай сұрқияның, әдетте, тұла бойы сірескен сауыс-сауыс мұз, өзегі-көрдей қараңғы қапас, есі – ескі құсқыға пана, миы – мал қамайтын қора болып кеткенін Абай көреді, сезеді.

Ақын рухани дағдарысқа түседі, бейтарап отыра алмайды. Мұны біз Абай трагедиясы деп танимыз.

Ұлы Абай жол таба алмаған трагедиялық тығырыққа тарих үкімі ғана жүреді. Күлембай да, Күлембайды Күлембай еткен “философия” да адам қоғамының сау денесіне шыққан қатерлі ісік, оны асқынбай тұрғанда сылып тастамаса әсте болмайды. Дүниені танудың мұндай саласы, сананың бұл жолы революциялық өзгеріссіз өздігінен өзі жалпы адам атаулы қанағат тұтарлық игілікке айнала қоймайды. Күлембайлар ақыл-ойға емес, өзінен басым күшке ғана көнеді, күштен жасқанады, күштіден ғана ығады. Алайда, қазақ сахарасын жайпаған Күлембайларға дауа боларлық құбылыстың туар күні – қалың қара орман еңбекші бұқараның диктатурасының заманы алда, Күлембай апшысын қуырып жүрген Шыңғыстау өңірінен шалғайда. Әзірге мына бұлыңғыр, күңгірт заман – қазағын қан қақсатқан Күлембайлар заманы, олардың тымағын алшысынан киіп, жорға жорғалатып, бәйгеге түскен, “дәурен” кешкен заман...

Ақын жүрегі осыған ашынады.
Өңкей ұды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке...

Күлембай секілділердің іс-әрекетіне іш-құса болып, әбден торыққан ақын қол қусырып және қарап қалмайды. Күлембайлар от салған қалың қауға қарлығаш болып, су себелейді. Осы себепті Абай тілі – уытты, өткір. Бірақ әділ. Ызғарсыз.

Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен, –

деп айтарын айтып тастап, көңілінен қыжыл кеткен соң ғана ғафу өтінгендей шырай танытады. Көйлектің кірі жуса – кетеді, көңілдің кірі айтса – кетеді.

Абайдың өз басына қояр шарты биік.
Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым...
Өзіме өзім жақпадым...

Абай – азамат, халқының рухани тұтқасы. Осыны түсінген ақын өзін күреске шындайды, әлеумет мұқтажына сай, сайысқа шығар қайраткерге жарасымды мінез қалайды, өзіне өзі сын көзімен қарайды. Сондықтан Абай тұлғасы, оның аузынан шыққан лебіз, әлеуметтік іс-әрекеті тарих ағымына сәйкес, келелі келешекпен дәйім үндестік тауып тұрады. Жалпы, Абай жасап кеткен игілік – қазақ әлеуметінің болашақ пролетарлық революциялық дәуірлер қарсаңындағы жақсылық пен парасатқа серпіліс, туар күн үрдісін қабыл алуға дайындық.

Қазақ әдебиеті. 28 маусым 1985 ж.

“Хаус нама” және Абайдың “Ғақлиясы”

Қазақ әдебиетінің кемеңгері, ұлы суреткер, сөз өнерінің шебері, адамгершіл, ағартушы-гуманист жазушы қалдырған мұралар молшылық десек, соның салмақты бір бөлігі оның ғақлия – қара сөзі. Ақынның тереңінен толғаған озық ойларының шынайы туындысы. Өлеңдері туғызған тарихи әлеуметтік жағдайлар қара сөзінің тууына де себепкер. Ол өлеңдерінде де, қара сөздерінде де өмір шындығын халықтың арманын, болашақ қамын көздеген жазушы. Өзі айтқанындай: “Қыранша қарап Қырымға, мұң мен зарды қолға алды. Кектеніп надан зұлымға, шиыршық атты толғанды”.

Абайдың қара сөзге бет бұруы ойламаған жерден ойға алған кездейсоқ емес, керекті, заңды бетбұрыс еді. Таланттың өзін туғызатын тарихи-әлеуметтік жағдай, халықтың қалың ортасының керегі болса, оның творчестволық ізденістеріне бастау да сол. Айтар сырларын, арман-ойларын түгел баяндап, тыңдаушысын кәні етіп, оқушысының сусынын әбден қандыру үшін тек поэзия аздық ететіндей, прозаға да бет бұрды. Кейбір тарихи не философиялық пікірлерін жеткізе айту үшін оған поэзиядан гөрі қара сөздің мүмкіншілігі мол сияқты сезілді.

Бірақ, Абай алдында әзір тұрған проза үлгісі қазақ әдебиетінде болған жоқ. Бұрынғы ауыз әдебиетіндегі түрлі

такпак, ертегі аңыз-әңгіме түрлері де, шешенсіген би сөздері де Абайға көркемдік үлгі болып кете алмады. “Ескі бише отырман бос мақалдап” деп қазақтың ескі билерінің түр қуған мәтел сөздеріне сын айтты Абай өз сөздерін халықтық терең ойға құрып, оған көркем түр бере түзеп, тыңдаушыларын да түзелуге шақырады. Ол қандай шығарма жазбасын бәрінде асқан дана адамгершіл өсиет-өнеге айтып өтті.

Абайдың кара сөздерін біз оның көркем туындыларының бір саласы ретінде қарастырып, қазақ әдебиетіндегі орнын, мәнін, стилін, өзіндік түр ерекшеліктерін анықтауға күш салып келеміз. Ал, кеменгер қалдырған айтылмыш ғақлиялардың көркемдік әлемінен өзге кейбір ғылымдар саласына қосар үлестері де өз алдына ұдайы зертгерлік өте маңызды мәселе, Әсіресе, Абай сөздерінің философия мен педагогика ғылымдарына жанасымдары дәлелдеп жатуды қажет етпейтін шындық. Бір ескерте кетуді керек ететін мәселе, Абайтанудың тап қазірге дейінгі бет алысы тек Батыс мәдениетіне жанасымы тұрғысында болып, оның тәлім алған үш арнасы, творчествосын шындаған үш бұлақтың қайнарлары түгелденбей көбіне-көп екі-ақ арнасына көңіл бөлініп келді. Қазақтың ұлттық мәдениеті мен Батыс (дәлдеп айтсақ орыс) мәдениетімен қарым-қатынасы, ақын шығармашылығына тигізген әсері ғана зерттелген еді. Абайды кеменгер ақын еткен орыс әдебиеті немесе оның ойшылдығының түп негізі орыс революционерлерінің тікелей ықпалы деген қағидаларды шындықтыруға ғана күш салынды. Тоталитарлық тәртіптің талабы да осыған меңзеді, Ал, Абай шығармашылығының шығыстық арнасы түгел ескерілмеді. Ол бұлақтың көзін құм басып қалды. Әлі де аршылмаған күйінде қалып келеді. Сондықтан, бұл Абайтанудың қазіргі ең зәру (актуальды) мәселесі десек жаңылыс болмас. Басқасын былай қойғанда әдебиет саласындағы, ақынның өзі атап көрсеткен Шығыс кеменгерлерінің (Фердоуси, Навои, Шәмси, Сағди, Хафиз, Фзули, Дауани т. б.) бірде-бірінің Абайға тигізген әсерін, олармен творчестволық байланысын, гуманистік көзқарасындағы дүниетаным жақындықтарын немесе суреткерлік әлеміндегі ізденістерін, ой-түю, қиялдау

жүйелерінің түп қазықтары, салт-сана, наным-сенім жүйелеріндегі туыстықтар, мәдени байланыстардың замандар бойғы туыс қарым-қатынастары мүлде қағыс қалды. Шығысты бір жақты кертартпа пантеизмнің ошағы санап, үзілді-кесілді қарсы бағыт ұстап келдік. Бұл сияқты тоталитарлық бір жақтылық зардабынан Абай шығармаларының барлық саласын түсіндіруде де солақайлық орын алды. Соның ішінде ақынның кара сөз – ғақлияларын тану мәселесі де бар.

Низами, Жәми, Беруни, Абу Али Син, Омар Хаям, Бабыр, Ұлықбек, Дулати, Дауани т. б. шығыс жұлдыздарынсыз Абай шығармашылығын, оның дүниетанымы әлемін жете игерем деудің де қазір реті жоқ қисын екені дәлелдеуді керек етпейді. Асылы, Абай шығыс елдері мәдениетімен тек жас шағында ғана айналысты, кейін одан мүлде іргесін аулақ салды деген де жалған қағида. Біздіңше, шығыс, көрші Азия өмірін кезінде Абайдан артық білген ғалым қазақ болған емес. Біздің қолымыз соңғы ондаған жылдары жете бастаған көне түркі тілі мен әдебиеті, хадым әдеби-мәдени ескерткіштері тек қана Абай емес, түгел сол тұстағы шығыс мектеп-медреселерінде оқығандардың күнделік оқулықтары, қолынан түспес мәдени жабдығы болғанын мойындауымыз керек. Жүсіп Баласағұни мен Мақмұт Қашқари, Ясауи мен Бақырғани, Иүгнаки мен Хорезми, Дулати мен Дауани мұралары, көптеген тарихи-шежіреуи кітаптары мен диван жинақтары, сапарнамалары мен ақыл-ой түйіндеген трактаттар, есеп-қисап пен астрономия, денсаулық саласындағы тамаша табыстар, қолжазба кітаптар замана ізденімпаздарының сусындаған білім бұлақтары болғаны күмәнсіз. Әсіресе, араб-парсы мәдениетінің ықпалын ескермей келуіміз кешірімсіз әбестік болып келгенін мойындауымыз абзал. Инабаттылық пен имандылық, адамгершілік-гуманистік тәлім-тәрбиеге негіз болған мұсылман дін-ісіләм ілім қисындарын, бұл салада кең тараған бай әдебиетті ескерусіз қалдырғанымыз да біздің қазіргі ұрпағымыздың қасіреті болғанын ашық айту орынды. Әдебиетші қауым үшін өте-мөте қымбат әдеби мұралар мен көркем туындыларды оқи алмағанымыз қандай ұят болды. Дүние жүзі таныған “Мың бір түн”, “Тоты нама” романдары, сан-

салалы ғашықтық дастандар, қиямет хикая-қиссалар, даналық хикметтер, мифологиялық мектептің керемет мүліктерін көзімізден таса қылып қасқитты емес пе?

... Абай шығармашылығының мәнді бір саласы оның ғақлия қара сөздері десек, бұл салада да зерттеулер жазылғаны мәлім. Егер арнайы зерттеуді атар болсақ осы жолдардың авторының 1950 жылдардың басында қорғаған кандидаттық диссертациясы мен сол кезде жарияланған “Абайдың қара сөздері” атты (1956) монографиясын аттап өтуге болмас. Егер 1951 жылғы Абайдың ақындық айналасына байланысты айтысты еске алар болсақ, осы тұстағы ақын мұраларын танытудағы солақайшылықтардың зардаптары асқындап, өте қауіпті жағдайға жеткені әзір есімізден шыға қойған жоқ. М. Әуезовтің “Ақын аға” романы жарық көрісімен конфискацияға ұшырады. Абайдың біраз шығармаларына күдіктер айтылып жатты. Соның ішінде ақынның қарасөздері туралы да кереғар өсектер жүріп жатты. Сол кездің шолақ белсендісі, Абай танытқыштарының бірі (С. Нұрышев) маған: “Сен босқа қаратер болып жүрсің. Абай қарасөз жазбаған адам. Ол ақын болған. Ал оған танылып жүрген ғақлиялар бұрын-соңды өмір сүрген ұлтшылдардың туындылары” – деп білгішсіген. Бұл жай өсек сөз болса ештеңе емес қой. Айтылмыш пікір өрістеп қолдаушыларын да тауып жатқан сұм заман болды емес пе?

Ақынның ғақлия қарасөздерінде исі аңқып тұрған мұсылманшылық оқудың салдарын, ісіләм қағидаларын, моральдық қисындарын, адамгершіл талап-тілектерін аша түсу үшін шығыс ренессансы жасаған мәдениет жетістіктерін, мұсылманшыл оқудың құрани хадистерінен бастап сан-салалы дүниелерін, бай рухани қазыналарын өзіміз (бүгінгі зерттеуші) жақсы білуге тиіспіз ғой. Ең болмаса, Абайдың өзі жетік білген мұра-мүліктер төңірегіне қолымызды жеткізіп, оны әбден игермей тұрып бұл мәселеге қалам тарту асығыстық болар еді. Тереңде жатқан қазынаның бетін қалқып, шолулар жасап шығу қиын болмаса да, қасиетті дүниенің көзіне жете алмай тағы да әуре-сәрсенге түсуіміз мүмкін деп білемін. Сондықтан, асығыстық жасап, жеңілдің үстімен өте бермелік, ағайын!

Білімімізді арттырып, тілімізді жаттықтырып орнықты іс қылуға даярлық жасалық. Жас талапкерлерге жөн сілтеп, жол көрсетелік...

Әзірше біз Абай оқып білген шығыстық дүниелердің аумағын анықтап, оның тізімін (көрсеткіштерін) жасай алсақ жаман болмас еді. Содан кейін біртіндеп ізге түсу оңай болар еді.

Осы бір ойға мен соңғы оншақты жыл ішінде келдім. Әсіресе, қолыма “Қабус нама” атты кітаптың қазақ тілінде аударылған нұсқасы түсіп, оны оқығаннан кейін беркіндім. Шынын айтсам, Абай творчествосы туралы істеп жатқан жұмыстарымның бәрін доғара тұруға тура келді. Аталмыш кітапты оқып шығып, жоғарыда айтылған пікірлеріміздің ақиқаттығына көз жеткіздім.

Абай өзінің қара сөздерін жазуға А. Пушкинді оқу арқылы келіпті-мыс – деген тұжырымымыздың біржақты болғаны, кезіндегі дақыртқа еліге ілесуімізден туындағаны алдымнан шықты. Бұған қарап: “Ойбай, қателесіппін, Абай “Қабус намаға” еліктеген екен” деп, аттана шабуға да болар еді ғой. Оған да бармадым. Бұрынғы жастық шағым болса, бір жөн, сақал-мұртымыз ағарған шақта ұшқалақтық жасауға арым жіберген жоқ. Енді, Абай сөздері мен аталмыш “Қабус нама” туралы қорытынды ойларымды ғалымдарға жеткізіп, ақылдасар кез келді ғой деп, сөз бастағалы отырмын.

“Қабус нама” дұрысы “Хауыс нама” болса керек. Алғаш орта ғасырлық парсы тілінде жарық көріп, кейін түркі және кейбір батыс елдері тілдерінде кең тараған, ұрпақ тәлім-тәрбиесін мақсат еткен туынды. Жасы ұлғайған өмірлік тәжірибесін қорытқан данагөй атаның жас буынның қамын ойлай қалдырған өнегелі өсиет сөздерінің жинағы. Асылы, лауазымды әкенің өзінің жолын қуып, орнын басар-ау деген, сенім артар баласына арналған өрнекті сөз өрімдері. Өзінің мұрагерінің болашақ қамын ойлаудан туған бағалы шығарма. “Хауыс наманың” авторы Кейхауыс деген заманының білімді де беделді адамы. Ол Каспий теңізінің оңтүстік жағалауындағы Ғилан мекен жайының тұрғыны және әміршісі болған, ойлы қария, парасатты қайраткер. Ол 1022–1083 жылдар арасында өмір сүрген. Жас кезінен оқып, дәуіріне лайық білім алған.

Өзінің атасы Шамсал Мауали Хауыстың тікелей тәрбиесін алып өскен. Мауали Хауыс әрі өмір, әрі сөзге жүйрік беделді би, әдебиетпен әуестеніп жүретін көңілі дархан, ақын жанды адам болыпты деседі. Немересінің жетіктігін байқаған ол Кейхауыстың тәрбиесін өзінің бақылауына алып, білімді ұстаз, ізгі ниетті адал жандарға жақын ұстайды. “Ата көрген оқ жонар” демекші немересі де оның күткен жерінен шығып, ой-қиялы өрісті, талабына талғамы сай жас боп қалыптасады. Шығыстың орта ғасырлық ұлы классиктерін, ғұлама-пәлсапашыларын, әкімшілік жүйелерін, өнер өрнектерін, көркем сөз құдіретін танып, өмір талаптарымен етене табысады. Өткінші өмірдің баянсыздығына көзін жеткізген сезімтал ойшыл көрген-білгенін, танып-тапқанын қорытып, оны жүйеге салып, өзінің қартая бастаған шағында, өсиет ретінде сөз тізбектейді. Жалғыз ұлы Құлан Ғилани шаққа арнап өсиет кітап жазады. Оны “Хауыс нама” деп атайды. Сол тұста көп жұртқа мәлім, түркі мұсылмандар арасында кең тараған “Рушной нама”, “Саһодат нама” сияқты тәліми кітаптардың үлгісінде жазылған бұл шығарманы да қазіргі ғалымдар педагогика саласына жатқызып жүр.

Кейхауыс Ғиланидің “Хауыс нама” ХІ ғасыр ескерткіштерінен саналады. Көлемі 8 баспа табақтай, мазмұны 44 бапқа (Иасынға) құрылған. Біздіңше айтқанда немесе Абайша хаттағанда шағын кіріспеден басқа 44 ғақлия сөзден тұрады. Әрбір ғақылдарының көлемі де Абайдың қарасөздерінің түріне ұқсас шағын. Қазақша басылымында әрбір сөзін “тарау” деп атапты. Бұлайша атау дұрыс болмаған. Себебі, тарау деген кітаптың мазмұнының негізгі салалары. Кітап тақырыбының өзекті түйіндерінің жіктелуі емес пе? Олай болса, тарау деп атау орынсыз. Өзбекше басылымдарында “баб” – делінген. Бұлайша атау тарау дегеннен гөрі жақынырақ. Сөйтсе де дәл емес. Әрбір тараудың баптары болады. Онда тарауда қозғалған күрделі мәселенің бір тармағын баяндайды. Олай болса, әрбір ақыл-өсиет сөздерді жай нөмірлеп, реттік сан есімді қолданған орынды. Немесе, әрбір тараудың аты есепті оригиналда берілген кішкене тақырыпшалармен атауға да болар еді ғой. Ондай

тақырыпшаларды Абайдың әрбір ғақлияларына да танып атауға болатынын біз әлдеқашан жазған едік. Оны әзірше ешбір баспа орны ескерген емес. Баяғыша реттік санмен аталып кетті.

Қысқасы, “Хауыс нама” өзінің түрі жағынан Абайдың ғақлия қара сөздеріне жақын туыс. Екі жазушының осы еңбектерін жазудағы мақсаттары да қашық емес, Екеуі де келешекке, жас ұрпаққа ақылдар айтып, өсиет сөздерін жазып, адамгершіліктің сара жолын нұсқайды. Кейхауыстың мақсаты өзінің туған перзентіне ақыл-өсиет айтып, соған ғана арналған адамгершіл қағидалар қалдыру... Ұлының болашағына керекті, күнделікті тіршілігіне, адам арасы қарым-қатынасына, көбінесе, іс-әрекетіне, қоғамдық, басшылық жұмыстарына байланысты ақыл-кеңестер беріп, ақылды, әділ, адамгершіл, жаны-жайсан азамат, парасатты басшы даярлауды көздейді. Баласының келешегіне керекті практикалық нұсқаулар ұсынады. Кітап мазмұнының негізгі қазығы осындай нақты мақсаттарға, бір адамның төңірегінде топталады. Абай сөздеріндегідей қоғамдық мәні бар сын-сықақ, мысқыл дегендер хауыс-намада онша орын алмайды. Жеке бастың қамы керек ететін моральдық нұсқалы сөздер тізіледі. Бұған қарағанда Абайдың ғақлияларының тынысы әлдеқайда кең. Ол өзінің барлық сөздерін, түгел дерлік, жалпыға арнайды. Ең алдымен өз ұлтының кәрі-жасы, ұл-қызы, әр саладағы адамдарына бағыштайды. Қала берді түгел адам баласылық ой түйіп, табиғи құбылмалы қозғалыс, дамылсыз дамулар терең толғанады. Өмір, қоғам, табиғат, салт-сана, тәлім-тәрбие, ойшылдар мен ғұламалар әлемі керемет кеңістікке шығады. Заман қалыптастырған әртүрлі мінез-құлық, кереғар түсініктер, жан мен тән, сенім-наным, иман-инабаттар, ар-намыс, адалдық пен әділет т. б. әртүрлі қасиетті әрекеттер уағыздалса, оған адам баласының бәрі ортақ. Сондықтан біз Абай ғақылдарының аясы кең, мән-мағынасы терең, әр кезеңнің керегіне асарлық өміршең туынды демекпіз. Дей тұрсақ та, “Хауыс нама” мен “Ғақлия” қарасөздері арасында бірін-біріне жақындастыратын көріністер де жоқ емес. Әсіресе, бұлардың сыртқы түріндегі ұқсастықтарды ескермеуге болмас. Екі дананың мақсаттары “Өсиет нама” жазуда мүдделес болғандықтары ма,

әйтеуір біздің байқауымызша Абай өзінің қара сөздерін жазу үстінде “Хауыс намаға” душар болған сияқты. Тіпті, әуелі “Хауыс наманы” оқып алып, сонан соң өзінше өзіндік ой қозғап кетпеді ме екен? Өзіндік терең толғанысына “Хауыс нама” тұрткі болмады ма екен деген ойға келем. Бұл ойымды растайтын жақындастырар жайлар көп. Олардың бәрін теріп жатпай-ақ қояйын. Сөйтсе де, “Хауыс наманың” сөз басын “Ғақлияның” бірінші сөзімен салыстырайықшы. Екеуінде де автордың осы саладағы кітап жазуға себепкер болып отырған жағдайларды баяндаулары егіздің сыңарындай. Екеуі де жастары ұлғайғанын сезіп, кейінгілерге ақылдарың өсиет етуге бекінген... “Хауыс наманың” сегізінші тарауы түгел 38 афористік өсиет. Олар нөмірленіп тізілген болса, “Ғақлияның” отыз жетінші сөзі 23 афористік сөздерді тізіп шыққан. Әрине, әр автор ұсынар өсиет-ақылдар өз замандарына лайық мақсаттарды көздейді. Олардың ұсынар ғибраттары бөлек болғанымен тап осылайша тізбектеулері қызық.

“Хауыс нама” мен “Ғақлия” баяндауындағы “Алланың біреу екендігін, оның хақтығы, бар әлемді жаратушы екендігі, хайуанат пен адам баласын, оның барлық қаракеттерін кереметтікпен өте шебер, ерекше ықыласпен жасауы, адамға деген өзгеше ілтипаттары, адамға тән ақыл, сезім, тіл, ойлылық сол ықыласының белгісі екені, сондықтан да адам Аллаға өте-мөте риза болып, оған құлшылық етуі парыз екені т. б. түсініктердің түбірі бір. Оларды екеуі де мұсылманшылық танымдар тұрғысында баяндайды. Пайғамбар, әулие-әнбиелердің қаракеттері де, мұсылмандарға міндетті бес парыздар туралы ескертпелері де бір ізден шығады. Бұл мәселелер “Хауыс наманың” алғашқы тарауларында арнайы сөз болады. Әсіресе, бірінші тарауы “Алла тағаланы тану туралы”, екінші тарауы “Пайғамбардың қасиеттері туралы”, үшінші тарауы “Алла тағаланың бергеніне шүкіршілік ету туралы”, төртінші тарауы “Тағат, ғибадат парыздар туралы”, бесінші тарауы “Ата-ананы құрметтеу туралы” баптарында арнайы әңгімеленген. Аталмыш тараулардағы мәселелер Абай ғақлияларының “Он екі”, “Он үш”, “Жиырма сегіз”, “Отыз төрт”, “Отыз бес”, “Отыз сегіз”,

“Қырық бесінші” сөздерінде қамтылады екен. Екеуінде де мұсылманшылық қағидалардың жүйесі сақталады. Сондықтан дін-ісіләм ережелері бірыңғай танымдарын табады. Екеуінің де бұл саладағы өсиеттері біріне бірі жуық шығады. Діни моральдық этикаларының негізі бір. Құран кәрім уағыздарын растап, соны санамен тануға үндейді.

“Хауыс наманың” басқа тараулары адамгершілік қағидаларға негізделген өсиет сөздер, жеке өмірде, қоғамда, адамдар арасындағы қатынастарда нені біліп, неге назар салу, жеке басқа тиісті міндет-мүнәжаттарды қалай орындау т. б. Иман, инабатты, әділ, адал, қарасқыш, аяр, ұяты мен ары таза, діні мен діліне берік, халқына қадірлі, ел-жұртына берілген адамды қадір тұтып сүйіне де күйіне де білетін, міндетті жұмысына тындырымды, патшасына жұғымды, сенімді, өз-өзілден аулақ болуды уағыздайды. Бұл жайлар Абайдың ғақлияларына да негізгі нысана болған этикалық (әдептілік) тәлім жүйелері екеніне кім дауласады?

“Хауыс нама” орта ғасырлық шығарма. Абай заманы одан әлдеқайда бері. Әрқайсысы өз дәуірінің перзенті. Сондықтан олардың таным-талғамдары, әрине бір жерден шыға бермейді. Біз тек Абайдың дүниетанымының кеңдігін, білімінің молдығын, Шығыс әдебиеті мен ғұлама еңбектерін жете білгенін, оларды саналы түрде игеріп, керекті дегендерін жаңғыртып қолдана да білгенін ескертіп отырмыз. Бұл тұста тағы бір ескерер нәрсе, біздіңше, “Хауыс наманы” орта ғасыр оқығандары жақсы білген сияқты. XVғ. Перзенті, әрі ғалым, әрі өнерпаз Жалаладдин Дауани жақсы білсе керек. Ол өзінің “Ақлаки Жалали” (Жалалидің мінездері) кітабын жазуда пайдалануы мүмкін. Тәлім-тәрбиеге ерекше мән берген бұл кітапті Абай жақсы білген ғой.

“Хауыс наманы” зерттеп танытушылар бір ауыздан, оны тәлім-тәрбие құралы, педагогикалық еңбек деп бағалап келеді. Бұл ақиқат дұрыс баға. Ал, Абайдың ғақлияларын бағалауда біраз өзге түсініктер де жоқ емес. Басқаны былай қойғанда М. О. Әуезов оны өзіне бөлек, өзгеше көркем туынды дегені

бар. Өз басым осы пікірді растау жолында еңбек еттім. Бұл саладағы тұжырымымызды ешкім ешқашан жоққа шығарған жоқ. Шығармас та. Әңгіме мәселені бұлай қоюда емес... Ал, Абай Ғақлия қара сөздерінің негізгі мақсаты (өлеңдерінде де) жасөспірімдерге, түгел сөз ұғар қазақ қауымына ақыл айту, өмірді, әлем құбылыстарын таныту, адамгершіл өнегелі сөз қозғап, халқының көңіл-көзін ашу, әділет жолын, ақиқат қадистерін түсіндіріп, білімге баулу, өнердің қадір-қасиетін, еңбектің адам өміріндегі орнын, ізгі ниеттер мен тілектерді өзінен кейінгілерге өсиет етіп жазып кету десек, бұл мақсаттардың да тәлімдік-педагогикалық маңызы алғы шепте тұрғанына кім таласады. Сондықтан, Абайдың қара сөздерінің педагогикалық маңызын жете талдап танытқан абзал. Философия, педагогика, психология, теология сияқты ғылымдардың тікелей қатысты екенін жүйелеп зерттей түсудің уақыты жеткен сияқты.

Міне, Абай творчествосын жете тану мәселесі тап қазірдің өзінде нағыз дер кезіне жетіп, жаңа санаға жол тартып тұр. Терең толғаныстар мен соны ізденістерге негізделген, жалпы адамгершіл сана тұрғысынан, озық ғылыми зерттеулер жазылуы керек. Бұл салада еңбек етіп жатқан ғалымдар аз емес. Ақын шығармаларын текстологиялық зерттеулерден өткізіп, оны кең тарату, басқа тілдерге аудару мәселелері көп болып істеліп жатқан, көңіл көншірлік шаруа деп білемін. Қалай десек те, қасиетті ақын бабамызды құр, ат үсті дәріптеумен шұғылданбай, оның өнерпаздық қадір-қасиетін көпшілік көзін жеткізерлік, зиялы өркениет қауымның көңілі толарлық жаңа сатыдағы еңбектерге қол жеткізсек абырой болар еді. Тек бұрынғы сүрлемнен біржола ажырасып, ақынды өз топырағынан алыстатпай, біресе батысқа, біресе шығысқа телімей, жалпы өркениет зерттеулермен көріне берсек ұрпақ парызын ақтар едік. Бұл Абайтану ғылымының қазір маңызы зорайып, мәні тереңдеп, арнасы кеңейіп отырғанының белгісі деп түсінелік, зиялы әріптестерім!

Абай. 1998. №1

Жазық

Халық ауыз әдебиеті тарихында ескерілмей жүрген есімдер көп-ақ. Өткен ғасырдың сондай елеусіз “жез тағалы еңіреулерінің” ең бір аяулылары санатына өмірі өксікпен өткен ақын апамыз Жазық жатады. Жазықтың өмірі мен өскен ортасы туралы мәлімет жоқтың қасы. Бізге жеткен кейбір ауыз-екі деректерге қарағанда, ол Орталық Қазақстанның Қарқаралы, Абралы, Жалаулы, Айыртау, Жорға, Шұбартау, Шыңғыс атырабында өмір кешкен. Тұлымшағы желбіреген қаршадай жасында қара шешек жанарына шауып, қос шырағынан айрылады, құлын-тайдай ойнақтаған абзал шағында “соқыр қыз” атанады. Алайда, “су қараңғы” қалдым деп жер сабалап, қамығып отырмайды, тағдырға мойымай қолына домбырасын ұстап, өлең шығарып, жеке басының қасіретін ел мұңымен сабақтастырып, өнерімен көп ісіне демеу болады, қалың бұқара арасына өршіл үні тарайды. Көп жасаған көне көз қарт ақынымыз Шөкер Әбенев Жазық пен өткен ғасырда өмір сүрген тағы да бір зағип әйел ақын Зағипаны бір адам деп санайды. Алайда, мұның анық-қанығын айыру үшін фольклор мұраларын зерттей, зерделей түсу керек.

Жазықты көзімен көріп, ән мен жырын өз құлағымен естіген, ол туралы аз да болса жазба мәлімет қалдырып кеткен бірден-бір адам – сол кезде сахарада айдауда жүрген поляк революционері Адольф Янушкевич. Патша ұлықтары мен жергілікті феодалдардың қос езгісінен жаншылған қарапайым еңбекші халықтың ауыр жай-күйіне бүйрегі бұрған осы бір елгезек жанның көзіне түскен қазақ өнер қайраткерлерінің өмір тарихын хатқа түсіруде сіңірген еңбегі айтарлықтай. Оның Жанақ, Жанай, Орынбай, Түбек туралы деректері де тартымды. Янушкевич 1846 жылы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және демографиялық-тұрмыс ахуалына жүргізілген санақ ісіне хатшылық міндет атқарады. Зағип ақын қыз туралы хабар А. Янушкевичке Аягөз маңында жетеді. “Соқыр ақын қыздың шынында да назар аударарлық бірнеше өлеңін маған Хохлов (экспедиция мүшесі. – С. А.) жатқа айтып берді. Сондықтан

ақын қызды көрмей кету өкінішті болар еді”. Бұл жазу саяхат күнделігінің 1846 жылғы август айының алғашқы күндеріне арналған парақтарына түскен. XIX ғасырдың орта шенінде жасаған орыс жігіті Хохловтың қазақ ақынының жырын жатқа айтуы ұлы орыс халқы мен көшпелі қазақ халқының арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсінісудің ең алғашқы бастаулары болса керек. Орыс жігіті жырын жатқа айтқан қазақ қызын бір көруге айдаудағы поляк революционері де ынтығады. Кездесудің сәті 1846 жылы августың 25 күні Қарқаралы маңында төлеңгіттердің аулында түседі.

“Таулы-тасты жерлерден өтіп, төрт сағаттан кейін Көксай немесе Ұзын деп аталатын тау шатқалына жеттік. Бұл болыста суырып салма соқыр қыздың бар екендігін мен көптен еститінмін. Сұлтан мырза (Құдайменде. – С. А.) оны бізге сол бойда-ақ алып келді. Оның есімі Жазық, туа зағип екен. Едәуір жасамыс көрінсе де, ол өзін жиырма жастамын деп санайды. Шамасы оның жасы 29-да болар. Жүзі едәуір көрікті, қызыл шырайлы, болар-болмас шешек ізі бар”, – деп жазады А. Янушкевич Жазықпен дидарласуын баяндай келе. Саяхатшының жазбаларына қарағанда, Жазық 1817 жылы туған болып шығады. Демек, ол – Жанақ, Шөже, Орынбайлармен замандас. Мүгедек бола тұра қонақтарды қабылдауда танытқан кісілігі саяхатшы назарынан тыс қалмайды.

“Біз оның талабына қатты таң қалдық. Ол толғауларын табан астында шығарады, ұйқас, ырғағы қатаң сақталынады. Тілді еркін меңгергені байқалады, даусынан әйелге ғана тән бір ғажайып сезімталдық сезіледі. Мен оны тебірене тыңдадым. Ең атакты мадонналардың орындаған әнін тыңдағанда да мұндай әсер алмаған болар едім. Қазақ тілін білмегеніме қатты өкіндім, оның үстіне біздің тілмаштарымыз сиқырлы өлең сөздерін түсіне де, аударып да алмады. Оларға Жазықтың жырлары тіпті шалыс, көмескі болып та көрінетін сияқты. Ғұмыры кітап бетін ашпаған бұл адамдардан не қайыр, не үміт. Әйтсе де, ақын қыздың өз ойларын шиыршық атып толғата түйіндейтінін, толғаудың әсіресе ұйқастары ғажап екенін олар да мойындайды”, – деп толғанады саяхатшы.

Жазық 1854 жылы 37 жасында өзі айтқандай “маңдайы ашылмаған” қалпында дүние салады.

Жазықтан қалған мұра кейбір ақындардың жадында ғана сақталып келді. Екі толғауы “Қазақстан ақындары” деген атпен. Ленинградта 1978 жылы орыс тілінде жарық көрген жинақта тұңғыш рет басылып шықты. Жинақты құрастырып, ғылыми түсініктемесін жазған – филология ғылымдарының кандидаты М. Мағауин.

Ақынның ақыны бар таңдамалы,
Елі үшін иілмейтін ханға басы.
Атандым Жазық соқыр бала жастан,
Жазылмас өле-өлгенше жан жарасы.
Көзімді шешек алды он жасымнан,
Тартады денем ауыр қорғасыннан.
Зәредей бір сәулеге зар болған соң,
Не пайда құр сайраған сау басымнан,
Мен Жазық кеудем даңғыл, көзім соқыр,
Төреміз, мен байқасам төрінде отыр.
Түңілме түсі игіден деген сөз бар,
Ықыласым көзімде емес, сөзімде тұр, –

деп келетін жыр жолдарынан-ақ ақын талантының қандай дәрежеде болғандығын аңғару қиын емес. Ел ішінде оның өлеңдері әлі де кездесуі кәдік. Жазық мұрасын білем деушілерден хат күтеміз.

Еңбек таңы. 1987. №9

Великий Коркыт и его учение Коркыт и общетюркское возрождение

Имя легендарного мудреца, религиозного и этического реформатора, полубога и святого в глазах своих учеников, прорицателя и музыканта Коркыта (Коркыт-Ата, Баба-Коркыт) испокон веков почитаемо во всем тюркском мире.

Обширна география и его славы; примечательно, что каждый тюркский народ считает его своим, хотя его наследие является общетюркским достоянием, нежели собственностью каждого из тюркских народов.

Выдающийся тюрколог В. В. Радлов записал текст, взывающий о помощи у вешего Коркыта, впервые у казахского баксы. Коркыт-Аулие (святой) – идейный патрон и каракалпакских, и киргизских, и узбекских, и казахских... баксы одновременно. Турки свой городок Коркытели, расположенный невдалеке от среднеземноморского курорта Анталя, считают родиной мудреца. Могила же Коркыта находится в Кызылординской области рядом с одноименной железнодорожной станцией. Казахи полагают, что Коркыт жил, творил и умер здесь, на берегах Сырдарьи. Судя по данным среднеазиатской письменной традиции, устная локализация казахов близка к истине.

Причину притязаний тюркских народов мира, вероятно, надо искать в их глубокой любви к наследию своего духовного патриарха, которое для них имеет и интегрирующее значение, как учение Мухаммеда для арабской нации или Иуды для евреев. Нет в отдельности ни казахского, ни узбекского, ни хакасского или турецкого Коркыта. Коркыт-Ата для всех тюрков один и общий, как их история, язык и культура. Один и Коркыт легенд, и Коркыт письма.

Если Коркыт был символом тюркского единства в прошлом, то в настоящем их надежда на будущее. В учении Коркыта тюркский дух неиссякаем и бессмертен. Этим можно объяснить неистребимую тягу тюркских народов к наследию Коркыта, без которого полнокровное возрождение тюркской культуры и духовности вряд ли возможно и в XXI веке. Тут казахский народ не исключение и его возрождение сопричастно с общетюркскими формулами прогресса.

Коркыт-Ата для тюркской культуры как первое и ключевое слово их руники – “Тенгри”, посредством которого великий датчанин В. Томпсон в 1897 году заставил заговорить весь

тюркский мир на языке их предков, вернул тюркам выпавшее из их памяти тысячелетнее письменное наследие.

“У Коркыта не только кобыз, но даже смычок поет” (“Қорқыттың, кобызы тұр ғой, қияғы да сөйлейді”) говорится в одной из казахских поговорок о нем. Его имя освящено народной памятью. Все хорошее, недостижимо духовное, нравственно чистое казахи связывают с именем Коркыта. Широко известен обычай казахов популярными именами ханов, батыров, вождей, биев и ученых нарекать детей своих. Таким образом, казахи как бы “писали” свою живую историю. Намерение и мотив обычая более чем ясен: чтобы дети были такими же хорошими, смелыми и умными как предки. Так связывались поколения с поколениями. Однако в жизни я не встречал ни одного человека по имени Коркыт. Много теофорных имен встречаем у казахов. Таковы по значению часто встречающиеся имена – Құдайберген, Аллаберді и Тәңіртуған (своего рода славянские “Богданы”), но богобоязненные казахи избегают именно имени Коркыт, боялись и боятся и поныне этого имени. Имя Коркыт как бы несло в себе сверхъестественную, непосуветную силу, какой-то неведомый дух. “Дух предка, аруах сильнее бога!” – утверждают казахские аксакалы. Среди казахов есть поверье – “кого назовешь – того позовешь”, ибо в каждом предмете, теле сидит свой хозяин – ие, тенгри, внутри каждого объекта “прячется” свой субъект, “қасиет”, который непременно откликнется на зов. Потому, к примеру, не называли волка “қасқыр”, так можно было наслать на отары овец волков; когда надо было сказать что-либо о волке произносили “бөрі” (как бы шадяще) или “ит-кұс” (буквально “собака-птица”, как бы иносказательно). Такая традиция связана с мировоззренческой основой тенгризма, культом Неба (Көк Тәңірі, учением идейной близости с философией даосизма.

Коркыт же был сотворцом, проповедником и носителем такого мировосприятия. Однако, это учение не могло стать общим достоянием человечества, скажем, как ислам, христианство или

буддизм, или национальной мысли, скажем, как конфуцианство или тот же даосизм, в основе которого лежит культ природы.

Тем не менее учение Коркыта в тюрко-язычном пространстве сыграло выдающуюся роль как объединяющая идея, особенно, после тотального кризиса, спровоцированного уйгурской агрессией под предводительством Боян-чура (VIII в.), когда навеки пало голубое, цвета Вечного Неба, знамя тюркского каганата. Последующие раздоры местных князьков и ханов привели к расколу трансконтинентальной единой державы древних тюрков. Последовавшие колониальные захваты нещадно расщепили и доби́ли остатки единого целого. Началась эпоха великого Евразийского передела. Однако были неоднократные попытки восстановить тюркскую империю со стороны теле, кыргызов, уйгуров, секиз огузов (найманов), тюргешей, кереев и других, но под собственным этническим самоназванием. Все они были неудачными. Центробежные процессы удалось остановить в XIII веке под гегемонией уже монголов. Победные гимны все чаще стали звучать на монгольском, персидском и арабском языках, все реже – на тюркском.

В веках зависимости из памяти тюрков выпало все бывшее: слава, пантеон древних божеств, камнеписные анналы, имена мудрых вождей и непобедимых полководцев. Вместе со стягом пала и надежда.

Но тюркский дух постоянно искал себя. Пять веков спустя возродить независимую тюркскую государственность удалось огузам в Малой Азии, затем кипчакам, ассимилировав монголов Золотой Орды.

Однако истинно тюркское состояние было во многом утеряно, ушло в небытие. Лишь имя Коркыта выдержало испытание временем. Имя и слава Коркыта переживут века, потому что оно о вечном и потому само вечно.

Өлі десем, өлі емес,
Тірі десем, тірі емес
Күй атасы – Қорқыт.

Назову его мертвым – он не мертв.

Назову его живым – но не жив

Отец, святой Коркыт.

(построчный перевод. – А. С.)

Данный фрагмент из текста причитаний казахских последователей Коркыта недвусмысленно обозначает древнего мудреца и прорицателя духовным персонажем, ставшим духом, джином, аруахом. Это отвечает на вопрос о том, почему имя Коркыта табуировалось, запрещалось носить живому лицу, “потустороннему” субъекту произносить без надобности. Имя Коркыта упоминается рядом с мусульманским святым Хызыр. Это уже продукт контаминации.

Время жизни и смерти мудреца неизвестно. Он жил также долго, как все мыслители древнего мира. Легенды обозначают разные числа его абсолютного возраста – 95, 295, а то все – 400 лет! Разумеется, последние две цифры маловероятны.

По дошедшим до нас казахским преданиям, в то время, когда рождался Коркыт, небо заволочло тяжелыми тучами, от затмения солнца наступил мрак, грохотал гром, лил дождь, сверкали молнии, роды были тяжелыми, продолжались три дня (по некоторым легендам, 3 года). Люди были в страшном испуге и неведении. Эти кошмарные дни в народной памяти были прозваны “Қарааспан” (“Черное небо”). Потому мальчика нарекли именем Коркыт, что в переводе означает “пугать, напугать”. Малыш сразу заговорил. В тех же преданиях однозначно упоминаются и названия местностей, где родился маленький Коркыт, которые идентифицируются с отрогами Каратауских гор с речкой Карашык, что вблизи г. Туркестана. И тут же можно найти и упомянутую в преданиях местность с древним названием “Қарааспан” с одноименным селом, спасенным от большевистских топономических преобразований. Не это ли чудо? Последнее обстоятельство делает вполне реалистичным перипетии события, разразившегося более тысячи лет тому назад.

Қорқыты туар кезінде,
Қарааспанды су алған,
Қара жерді құм алған,
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған...

Когда родился Коркыт.
В воде оказались горы Карааспан.
Под песком оказалась земля.
Когда он родился народ был в страхе,
А после того как родился, (все) обрадовались.
(построчный перевод. – А. С.).

Мы здесь наблюдаем явление, обратное образу Христа: сын бога возносится в небо, а Коркыт спускается на землю. Однако смысл и там и тут общий – помочь людям, облегчить тягости их бытия. Коркыт берет на себя дополнительное бремя – сделать людское тело бессмертным. В этом отношении в центре учения Коркыта стоит человек, потому что антропологично, тогда когда другой казахский мыслитель Асан-Кайгы сетует о социальном благополучии общества в целом, который занят общественным обустройством кочевников. Учение Коркыта рассчитано на воздействие на сознание отдельно взятого человека, также как это делается в канонических религиях. Потому учение Коркыта о человеке, об индивидуе. Учение Асан Кайгы же как бы дополнение к мысли Коркыта, как бы часть единого целого.

Заман-Қазақстан. 23 маусым 1999 ж.

Қоркыт әйел туралы

Әйелдің кейбір кепкен қу ағаш секілді, енді бірі – үрген қарын секілді, тағы бірі үйдің тіреуі де, төртіншісі – мелшиген, бетінен зәрі тамшылаған, қоңыр да қырсық әйел.

Қоркыт-Ата VIII–IX ғасырлар тоғысында Сыр-Дария өзенінің төменгі сағасында Жаңакент деген қалада дүние кешкен.

Жаңакентті Жебеноянның 10000 әскері екі ай ала алмаған, үлкен қала болған. Әкесінің аты Қарамыш. “Ол кісі оғыз ішіндегі ең білгіші екен. Ғайыптан айтқан болжамдарының бәрі тұптура келіп отырған әулиенің көңіліне Тәңірім нұр құйған ғой” делінеді өткен ғасырда Дрезден архивінен табылған қолжазбада қарт сәуегей туралы. Қорқыт-Ата қазақ аңыздарында да бақсы-балгер, өлімді мойындамай өткен данышпан, көріпкел, қобызшы болып суреттеледі. Қазақ аңыздарындағы Қорқыт пен “Қорқыт-Ата кітабындағы” Қорқыт бір адам. Ол – күллі түрік дүниесінің данасы, көне көз абызы, ұлы ойшылы, батагөй ақсақалы. Ақ дегені – алғыс, кара дегені қарғыс болған. Айтқаны келген. Биыл ЮНЕСКО Қорқыт-Атаның 1300 жылдығын атап өтпек. Мерекелік шаралар Қазақстанда да болады деп белгіленіп отыр.

Біз осы мүшелтойға орай, дананың әйел туралы пайымдарын мереке қарсаңында көпшілік оқырмандарға ұсынып отырмыз.

Қорқыт әулие “Не көрікті?” деген хан сұрағына берген жауабы:

– Тізесін бүгіп отырған инабатты әйел көрікті. Самай шашы ағарған баба көрікті. Ақ сүтіне тойғыза-тойғыза емізген ана көрікті. Жанашыр ағайын-туған көрікті. Үлкен шаңырақ үйдің қасына тігілген келіннің отау үйі көрікті. Жібек шатыр үйдің нәзік жібі көрікті. Өнегелі бала көрікті. Ешбіреуге ұқсамайтын, бүкіл әлемді жаратушы Алла Тағала көрікті. Уа, Тәңірім дос-жар болып, медет берсін, ей, хан ием!

Қорқыт әулие “Әйелдің неше түрі болады?” деген ханның тағы бір сұрағына берген жауабы:

– Қорқыт-Ата аузынан әйел төрт түрлі деп озандар айтар еді. Бірі – кепкен ағаш секілді, бірі – үрген қарын секілді, енді бірі – үйдің тіреуі, төртіншісі – қанша айтсаң да бәз баяғысындай мелшиген қырсық әйел.

Ал, озан (немесе ұзан, көне түріктердің бақсы-балгері, жырау, абыз, көріпкел-әулие, балшы, дана. – *автор*) айтқан үйдің тіреуі деуінің мәнісі:

Алыс қырдан, жапан түзден үйге бір жолаушы келсе, ері болмаса да, ішкізіп-жегізіп, сыйлы жандарын үйден шығарып

салар. Бұлар – Айша (Мұхаммед (Ғ. С.) әйелі. – *автор*), Фәтима (Пайғамбарымыздың қызы, Әлидің жұбайы. – *автор*) нәсілінен үлгі-өнеге алғандар, хан ием! Олардың үрім-бұтақтары өсіп-өнсін, сіздің ошағыңызға осындай әйел заты келсін!

Енді кепкен ағаштай дейтінге келейік. Таңертең жатқан жерінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқашты бірден ауызға салып, толтыра тыққыштап, тойғанынша асап жейді. Бір көнек айранды ішіп, жалап-жұқтап, екі бүйірін таянып алып, әлгі әйел былай дейді:

– Қараң қалғыр, осы үйдің қожасына келгеннен бері қарным бір тоймады, аяғымнан жыртық шәркей түспеді, жүзіме рең кірмеді. Ерім өлсе, басқа біреуге тисем, қандай жақсы болар еді, – дейді. Бұл тәріздінің, хан ием, үрім-бұтағы өсіп-өнбесін! Сіздің от басыңызға мұндай қатын келмесін!

Енді үрген доптай дегенге келейік. Жұлқылап оятқанша орнынан тұрмайды, беті-қолын жумайды. Үйінің о жағынан бұ жағына бір, бұ жағынан о жағына бір шығып, бұрқыратып жатады. Өсек айтып, есік-тесіктен сығалай тындап, түске дейін ауыл қыдырады. Түстен кейін үйіне оралады. Келсе, ит кіргенін, тайынша-бұзау жүргенін көреді. Тауық пен сиыр қораның да ұйқы-тұйқысы шыққан. Сонда ол көршілеріне келіп, былайша айқайлайды:

– Ау, Зылиха, Зубәйда, Ұрубейде, Чанқыз, Чанпаш, Айна Мелек, Құтты Мелек (әйелдер аттары. – *автор*) қайдасындар? Мен-ақ өлейін, көзімді құртайын да кетейін. Төсек-орнымның да быт-шыты шығып жатыр, – деп ренжиді. – Көрші хақы, Тәңір хақына менің үйімді қарай салсаңдар, нелерің кетер еді?! – деп көпіреді. Бұл сияқтылардың, хан ием, үрім-бұтағы өсе көрмесін! Сіздің ошақ басыңызға мұндай қатынды келтірмесін!

Енді қанша айтсаң да міз бақпас баяғыдай дейтініне келейік. Алыс қырдан, жапан түзден бір сыйлы қонағы келсе, қожасы үйде болса былай дейді:

– Нан әкел, өзіміз де желік, бұ да жесін, қатып қалған нанның нәрі болмас, жемек керек, – десе, қатыны оған:

– Бұл қараң қалғыр үйде үн жоқ, елек жоқ, түйе диірменнен келмеді, – дейді. – Не әкелсе де берерім жоқ, – деп теріс айна-

лып, қожасына қос саусағын көрсетеді. Бір сөйлесе қоймайды, қожасының сөзі құлағына қонбайды. Ол Нұһ пайғамбардың есегінің нәсілінен болар, хан ием. Сізді Тәңірім осындайлардан аман сақтасын. Ошағыңызға мұндай қатын келмесін!

Заман-Қазақстан. 5 наурыз 1999 ж. №10

Древнетюркская Богиня любви и брака Умай

У всех древних народов мира материнская функция женщины оценивалась высоко, а красота еще выше. Без преувеличения можно утверждать, что мать и была тем субъектом, вокруг которого создавался семейный или родовой коллектив.

Наряду с вселенским божеством Тенгри, древние тюрки евразийских степей поклонялись языческой богине любви и плодородия по имени Умай. Она занимала в пантеоне средневековых тюрков второе место после Тенгри.

Тенгри,
Богиня Умай,
Священная Йер-Суб,
Вот они даровали нам победу! –

читаем на каменнописных стелах, поставленных в честь доблестного военачальника Тоньжука (1). Умай здесь понимается как нечто недостижимое, недоступное для простых смертных, но автор, хотя и весьма контурно, отмечает ее покровительствующую роль для древне-тюркского общества.

Имя древней богини переживало века, связывая себя исключительно со сферой любви, брака и деторождения, несмотря на давление со стороны служителей различных религий и культов. Имя богини звучит и в заклинаниях казахских шаманов:

Бөрі, бөрі, бөрі ием!
Кел жебеуші, бөрі ием!
Ұмай ене, Шашты Азиз,
Еміп өскен бөрі ием!

Волчий, волчий, мой волчий дух,
Подходи мой покровитель, волчий дух!
Вскормивший Умай-мать и
Волосатого Азиза (2)

Волк, волчица (Бозгурт, Бертешене) – древний тотем-первопредок хуннов и их потомков – голубых тюрков. Китайская хроника “Вэйшу” (III в. до н. э.) сообщает; “Рассказывают, что у хуннского шаньюя (хана. – С. А.) родились две дочери чрезвычайной красоты. Вельможи считали их богинями. Шаньюй сказал: можно ли мне таких дочерей выдать за людей? Я представлю их Тенгри (ченли. – С. А.). И на севере от столицы в необитаемом месте построил высокий терем и, поместив там обеих дочерей, сказал: молю Тенгри принять их. По прошествии 3 лет мать пожелала взять их. Шаньюй сказал; невозможно: еще не пришло время. Через год после сего один старый волк стал денно и ночью стеречь терем, производя вой: почему вырыл себе нору под теремом, и не выходил из нее. Меньшая дочь сказала: наш родитель поместил нас здесь, желая предоставить Тенгри, а ныне пришел волк, может быть его прибытие имеет счастливое предзнаменование. Она хотела только сойти к нему, как старшая ее сестра в чрезвычайном испуге сказала: это животное: не посрамляй родителей. Меньшая сестра не послушала ее, сошла к волку, вышла замуж и родила сына. Потомство от них размножилось и составило государство” (3).

Согласно генеалогическому мифу древних тюрков, после одного из сражений в войне с соседями у них в живых оставался лишь 10-летний мальчик, которого спасла от голода волчица, ставшая затем его женой. Волчица от мальчика рождает 10 сыновей. Один из них становится вождем алтайских тюрков и родоначальником царствующего дома Ашины (ашина –

древнетюркское название волка, волчицы, по-казахски шене) (4). Обе легенды имеют общий корень.

Однако не только лишь эти две имеют общий источник. Мотивы о волках устойчивы во всем Евразийском пространстве. На знамени казахского рода Шапырашты изображалась голова серого волка:

Бөрі менің ұраным,
Бөрі басты байрағым,
Бөрі байрақ көрінсе,
Қозып кетер қайдағым!

Волчья голова – мой боевой клин!
Волчий образ – мой стяг.
Равных нет мне в бою,
Когда лютое знамя впереди!

Так устрашал своих противников народный акын XIX в., фаворит и наставник Жамбыла Суюнбай Аронлы (5). “Волосатый” дед Азиз, встречающийся в вышеприведенном заклинании, типичный персонаж многих казахских легенд и мифов. В них он трактуется как предок золотоордынского хана Едыге, то союзника, то противника Тамерлана. В этом заклинании происходит контаминация образцов мифологического и исторического сознания.

Ислам не оставил места культу древней богине любви и брака. Современные казахи не знают этого имени, кроме названия галереи “Умай” и нескольких фирм, а также каменной личины божества, найденной геологом А. Медоевым у озера Бийликуль вблизи г. Тараза на горе Май-Тобе и хранящейся в музее им. А. Кастеева.

Однако каждая казашка, выходящая замуж по национальному обычаю, сама того не подозревая, поклоняется своей богине, называя ее по имени, прося у нее благословения. В свадебных обрядах казахов сохранилась церемония возлияния жира (масла) молодухой в очаг свекрови (“қайын атаның ошағына май құю”), которая сопровождается заученным причитанием:

От-ана, май-ана,
Жарылка!

Огонь-матушка, масло-матушка!
Благотвори!

Невестка затем садилась на свежую шкуру барана, а окружающие женщины приговаривали: “терідей жұмсақ, бол!” – будь мягкой (обходительной), как эта шкура. Этими же причитаниями женщины обращались к той же Умай при тяжелых родах. Обряд был настолько древен, что великий Абай считал его “странным” наследием “незапамятных времен” (6).

Обряд возлияния жира в огонь широко распространен у многих народов мира и представляет из себя типологическое явление. Семантика обряда связана с “кормлением” небесных божеств, в данном случае, дымом и запахом от горящего жира. Например, жертвоприношения при новолунии и полнолунии в каждые четыре месяца в древней Индии ведического времени (III–II тысячелетие до н. э.), которые назывались агнихотра сопровождалась возлиянием топленого масла в огонь (7).

С культом этой богини связана отмечаемая Ч. Валихановым среди пржссыккульских киргизов “странная”, с точки зрения



*Богиня плодородия и рождения
Умай (?), Озеро Бийликуль.
Каратау. VII–VIII вв.*



*Поклонение богине Умай (?).
Горный Алтай. VI–VIII вв.*

путешественника, клятва: “майнекең болайын!”, где “майнеке” есть май+енеке (май – одна из фонетических форм умай, а енеке ласково-уменьшительная форма от ене – матушка, женщина), ставшая в силу патриархальных аксиологических принципов нарицательной. Архаичное значение клятвы: “Быть мне женщиной, бабой!” (8).

“Имя Умай казахами произносится иначе, чем в Сибири, как май, без гласного”, – ставит окончательную точку над “і” лингвист Х. Жубанов (9). Пример современного искажения топонима “Умай-ана” на название железнодорожной станции “Майна” (вблизи Тайшета) приводится в исследовании сибирского ученого М. И. Боргоякова (10).

В казахском междометии “ойбай” или в выражении “құдайыңнан ойбайым артық!” – мой ойбай лучше твоего бога – в определенной мере можно усмотреть переживание имени богини Умай. При страхе и боли казахи выражали возглас: “ойбай, тәңірі, құдай-ай!” – Ой, где же вы, ойбай, о тенгри, о боже! В этом эмотивном сочетании “ойбай” присутствует имя богини Умай как субъект доисламского пантеона.

Казахский язык богат реалиями древнего культа Умай. Х. Жубанов считает, что название богини и покровительницы женщин и младенцев могло стать и названием ее материнских органов: груди и органа деторождения.

Умай, ума во многих тюркомонгольских языках, в т. ч. на казахском, означает послед, детское место, чрево матери, утроба и аналогичные понятия, связанные с рождением ребенка, красотой и плодоносящей силой женщины. Поэтому образ древней богини присутствовал в акушерских заклинаниях повитух:

Менің қолым емес,

Ұмай ана қолы...

Не моя рука,

Рука Умай матери...

Г. Снесарев в своем фундаментальном исследовании по доисламским культам и верованиям узбеков Хорезма освещает образ патронессы узбекских женщин Амбар-ана и полагает, что она генетически связана с древней богиней плодородия и красоты древних тюрков Умай (11).

Небезынтересно отметить, что тюркская Умай тесно связана в свою очередь со скифской богиней Али, которую Геродот ставит рядом с эллинской Афродитой “Небесной” (12).

ЛИТЕРАТУРА

1. См.: Малов С. Е. Памятники древне-тюркской письменности. М. –Л., 1957. С. 68.
2. Харжаубай С. Аялдамалар. Өлгий, 1993. 108-б.
3. Бичуран Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1. М. –Л., 1950. С. 214–215.
4. Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники. М., 1964. С. 104–105.
5. Сейдімбеков Л. Күмбір-күмбір күмбездер. Алматы, 1982. 37-б.
6. Абай. Шығармаларының бір томдық жинағы. Алматы, 1961. 492-б.
7. Древнеиндийская философия. Начальный период. М., 1972. С. 79.
8. Валиханов Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. I. Алматы, 1961. С. 261.
9. Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Алматы, 1936. С. 15.
10. Боргояков М. И. Этнические и географические названия в Енисейских памятниках древнетюркской письменности // Ученые записки Хакасского НИИ языка, литературы и истории. Вып. 14, серия филологическая. № I. Абакан, 1970. С. 93.
11. Снесарев Г. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М., 1969. С. 240.
12. Геродот, История IV, 59.

Адам әлемі. 2000. №1

К пережиткам культа Тенгри у казахов

Из всех древних местных религий и верований наибольший след: в представлениях казахов в прошлом оставил культ абстрагированного космического божества Тенгри. Представление о Тенгри как о божестве распространено у всех евразийских кочевников, что дало повод французскому исследователю Жану-Полю Ру назвать его обобщающим термином “тенгризм”¹, который в общем-то не расходится с его русским: эквивалентом “тенгрианство”. Понятие поддается лишь смысловому переводу и имеет несколько близких значений. “Тенгри” означает: 1) небо видимая часть мироздания; 2) бог, божество; 3) божественный; 4) повелитель, господин². Но действительная этимология слова остается загадкой, хотя хунны этим словом обозначали божество неба. Швейцарец Н. Паллизен полагает, что слово *тенгри* вначале обозначало собственное имя небесного бога (Gotthimmel), затем постепенно превратилось, в нарицательное название бога вообще³. Это мнение находит одобрение у В. Шмидта⁴. Венгерский востоковед Ю. Немет пишет: “В г. Карцаге во времена моего детства говорили об одном старике, который молился “по-кумански” следующим образом: “Тенгери, тенгери, амен!”. В этой молитве мы имеем дело с куманским *тенгери* ‘бог’”⁵. Слово тенгри в древности, вероятно, звучало как *тангери*, если

¹ Roux J. -P. Tangri. Essai sur le ciel-dieu des peuples altaïques. – Revue de L’histoire des religions. Press Universitaires de France. 1956. T. CL. № 2. P. 206–207.

² Древнетюркский словарь. Л., 1959. С. 552; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1961. Т. 2. 344-б.

³ Pallisen N. Die alte Religion des mongolischen Volkes. – Micro Bibliotheca Anthoropos. Posieux. Schweiz, 1953. V. 7. P. 139.

⁴ Shmidt W. N. Pallisen. Die alte Religion des mongolischen Volkes. – Anthoropos. 1953. V. 48. P. 621–624.

⁵ Немет Ю. Два кипчакских географических названия в Венгрии. – Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969. С. 26.

судить по тому, как оно бытует среди других народов¹. Слово *тенгри* и его разновидности и варианты распространены у алтайцев, киргизов, хакасов, узбеков, уйгуров, татар, монголов, шорцев и применяются для обозначения верховного божества. *Тангарао* – один из главных богов полинезийского пантеона². *Тенгер* – активный вулкан на о. Ява³. *Дингир* – верховное божество древних шумеров. *Тенге* с выпавшим конечным гласным – название среднеазиатских монет. Отсюда русское *деньги*. Можно предположить, что мы имеем дело со сложным словом, состоящим из двух корней *танг+ери*. Вероятно, оно в значении танг имеет связь с восходящим солнцем, так как во всех тюркских языках *танг* – восход, утро. В казахском фольклоре *тан* встречается в значении имени забытого казахами немусульманского утреннего божества (своего рода Авроры), генетически связанного с культом Солнца. Это предположение подтверждает генезис культового текста, читаемого шаманом при укусах фаланги: “Тас төбеңнен түсермін, таң ұрғандай қылармын” ‘Спустишь с неба неожиданно, покараю, так утренняя заря’. *Таң* в этом тексте представлен как карающий субъект. Другой корень *ер, ери, эр* означает в тюркских языках ‘муж, мужчина, человек, герой’. В таком случае *тенгри* должно означать ‘солнце-человек’, ‘небо-человек’, т. е. то же, что бог. Эта трактовка согласуется с тенденцией антропоморфизации божества неба и генетической взаимосвязью культов неба и солнца. Известный исследователь ранних форм религии Л. Я. Штернберг пишет, что “всякий раз, когда мы встречаемся с божеством неба... за культом неба скрывается культ солнца”⁴.

Выражения типа: Тәңір жарылқасын! ‘Да благословит тебя Тенгри’ Иттің иесі болса, түлкінің тәңірісі бар ‘Если у собаки есть

¹ *Harva Uno*. Die religiösen Vorstellungen der altaischen Völker. Parvoo-Helsinki. 1938. S. 140–153.

² *Путилов Б. Н.* Песни южных морей. М., 1973. С. 104.

³ Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1959. 14-б.

⁴ *Штернберг Л. Я.* Первобытная религия в свете этнографии. Л., 1936. С. 508.

хозяин, то у лисы – тенгри', собственные имена – Тәңірберген букв, 'человек, ниспосланный Тенгри', Хан-Тенгри – горная вершина и т. д. свидетельствуют о глубоком проникновении во все стороны жизни казахов в прошлом культа Тенгри.

Первоначально тенгрианство было не столько религией, сколько совокупностью древнейших космологических идей и представлений, и лишь впоследствии, под влиянием синтеза различных теистических доктрин становится своеобразной религиозной концепцией. Это феномен постепенного развития, контаминация разнородных культов и верований, преимущественно культа природы, космоса. Следовательно, культ Тенгри не есть продукт религиозного мышления какого-нибудь отдельно взятого, пусть даже мощного, этнического массива.

Мировоззренческой основой культа Тенгри служит пантеизм, представляющий все предметы и явления мира одухотворенными, божествами. Для тенгрического сознания вещь – обитель чего-то, сверхвещи, естественное – сверхъестественного. Пантеизм, наделяющий объекты мира гилозоистическим атрибутом, породил культ главного объекта мира – космоса (его видимой части со всеми небесными телами) и имел название Тенгри. Следовательно, Тенгри возникает не как проповедь (“открытие истины”), а как результат естественной эволюции аборигенных форм религиозных и нерелигиозных представлений и воззрения пастушеских и скотоводческих племен и народов Средней Азии.

Мировые, или, как их иначе называют, проповеднические религии, связаны с конкретными, хотя не всегда историческими именами (например, Заратуштра, Будда Сахья Муни, Иисус, Мухаммед), и основные постулаты их интерпретированы идеологами в свете угодных им социальных идеалов. Основной же признак тенгризма – это отсутствие в нем пророков, избранных, святых, священных писаний, культовых сооружений, учебных учреждений и т. п.

Вера в Тенгри как специфическая форма религиозного сознания имеет глубокие исторические корни. Так, великий

хуннский шаньюй, живший в III в. до н. э., считал себя “рожденным небом и землей, поставленным (на трон. – С. А.) солнцем и луною”¹, ибо в государстве хуннов великого шаньюя именуют “ченли гуду шаньюй (сюнну (хунны. – С. А.) называют небо ченгли (тенгри, ср. трансформацию “Тенгиз-хана” в “Чингиз-хан”. – С. А.)), а сына называют *гуду*, слово *шаньюй* означает ‘обширный’ и показывает, что носитель этого титула подобен небу”², – читаем в китайских анналах, относящихся к древности. В связи с развитием раннефеодальных отношений тюркские каганы отождествляются с Тенгри. Они считают себя земными двойниками божества Тенгри, а свои общественно-политические полномочия – результатом благоволения Тенгри. Известный лингвист Х. Жубанов полагает более вероятным перевод трафаретной формулы древнетюркских рун “тангри таг тангрида болмыс” как ‘божественного происхождения, из существа бога созданный’³.

Политеизм, существовавший до появления на исторической арене Срединной Азии конных кочевников с их централизованной властью, все более уступает свои позиции в пользу монотеистического развития. По мере консолидации племен и народностей в единое государство под властью одного кагана религиозно-идеологическая надстройка кочевых обществ проявляет себя как организованная система. Такие политические условия создали реальные предпосылки для развития идей тенгрианства. Для кочевников Тенгри явился верховным и всемогущим божеством, но своеобразным, отличным от божеств мировых религий. “Тенгри было не простым олицетворением природы, а как бог, – писал Ч. Ч. Валиханов, подчеркивая монотеистическое значение его, – оно далеко не похоже на... грубую и мелкую адорацию”⁴.

¹ Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.; Л., 1950

² Таскин В. С. Материалы по истории сюнну. М., 1968. С. 133.

³ Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1936. Т. 1. С. 44.

⁴ Валихинов Ч. Ч. Собр. соч.: В 5-ти т. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 112.

Понятием “тенгри” в значении творца и создателя всего сущего широко пользовался великий Абай:

Безендірген жер жүзін Тәңірім шебер,
Мейірмандық дүниеге нұрын төгер¹.

Разукрасив мир, залил его светом и теплой,
Мой мастер (т. е. создатель) Тенгри.

Как всякая абстрактная идея, Тенгри по своей природе противоречив, на что обратили внимание уже первые исследователи духовной жизни кочевых пародов. Правильно отметив противоречивость понятия “Тенгри”, замечательный бурятский ученый Д. Банзаров приходит к выводу, что небо – тенгри не есть бог. “Монголы, подобно всем другим народам, представляют понятие о небе, которое оттого является существом столько же материальным, сколько духовным, – писал Д. Банзаров. – Голубое небо... действующее на воздушные явления и на производительность земли, не может быть названо духовным, но вечное небо... управляющее миром и руководящее делами человека, представляется существом духовным”². Проблема Тенгри для ученого XIX в. почти неразрешима, и он вынужден отрицать ее как религиозную субстанцию. Методологическая ограниченность Д. Банзарова явилась основой отрицания им Тенгри как бога. Понятие “тенгри” содержит в единстве образ и идею – образ голубого неба и понятие о некоем всемогущем вездесущем существе. Понятие “тенгри” несет в себе эти стороны как противоречие. Тенгри одновременно есть и не это (конкретно небо), и не то (абстрактная сила, бог, идея). Небо – это видимая часть вселенной, а бог же как творец (жасаған, керемет) – сверхъестественная сила, непонятная, магическая, т. е. отчужденная от своих земных корней абстракция. Однако в то же время Тенгри есть и это (небо) и то, т. е. все вместе – бог. Будучи ученым большого научного провидения, вплотную подошедшим вместе

¹ Абай. Тандамалы шығармалары. Алматы, 1961. 172-б.

² Банзаров Д. Собр. соч. М., 1955. С. 54.

со своими идейными друзьями – русскими революционными демократами к диалектико-материалистическому методу, Ч. Ч. Валиханов, отметив имеющиеся диалектические противоречия понятия “тенгри” приходит к выводу: “Небо – это высочайшее божество... Кок-Тэнгри – Синее небо. У киргизов (казахов – С. А.) первое прилагательное кок означает видимое, предметное, а существительное (Тенгри) обращено в синоним... (аллаха)...”¹. Определение и характеристика Тенгри, данные Ч. Ч. Валихановым, тесно примыкают к представлениям о боге в теистических религиях. “Небо было свободно в своих поступках, оно награждало и карало. От его воли зависело благополучие людей и народов”².

Становление идеи Тенгри как единого верховного божества соответствует периоду политической мощи раннефеодального государства кочевников – Тюркского каганата. В государстве, вероятно, назрела настоятельная необходимость в надплеменном единстве. В эпоху дальнейшего развития феодальных отношений Тенгри приобретает характер феодальной идеологии, становится идейным орудием в руках господствующего класса. Идея “тенгри” освящала это господство. И в последующее время, вплоть до распада Золотой Орды и образования казахских ханств, эксплуататоры рьяно поддерживали тенгрианство, хотя последнее, синтезировавшись с мусульманством, трансформировалось в чисто казахское национальное явление. Политическая власть и идея Тенгри отождествлялись и вместе служили эксплуатации трудящихся масс. Ат-Табари, историограф средневекового “бесмыслия” (К. Маркс), отмечает, что “религия и царская власть связаны и каждая может держаться благодаря другой”³. Эта оценка относится и к мировоззрению населения средневекового Казахстана.

¹ Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. Т. 1. С. 479.

² Там же. С. 480.

³ Материалы по истории туркмен и Туркмении. М.; Л., 1939. Т. 1. С. 93.

Единство выражалось религиозной формулой: “Бир Тенгри!”. Посол арабского халифа в страну болгар Ибн Фадлан (X в.) пишет, что средневековое население Мангышлака понимало под Тенгри единого бога: “... если постигнет одного из них несправедливость или случится с ним какое-либо дело, неприятное ему, он поднимет свою голову к небу и говорит «Бир Тенгри»”¹. К этому же времени относится свидетельство другого путешественника ал-Муттахара ал-Макдиси: “Тюрки говорят “Бир Тенгри”, подразумевая под этим “един господь”. Некоторые из них утверждают, что “тенгри” – это название небесной голубизны, а некоторые из них говорят, что тенгри – это “небо”. Имя творца у них – “Белиг Байат”, смысл чего – «Величайший Богач»”².

Слово *Байат* как имя верховного божества встречается во многих, источниках: в словаре Махмуда Кашгари (XI в.), в поэмах “Книга счастья” Юсуфа Баласагуни (XI в.), “Врата истин” Ахмеда Югуаки (XIII в.)³. Весьма вероятно, что *Байат* есть усеченная форма имени, персонифицированного предка Бай-Ата. В ласково-уменьшительной форме – Бай-Атай – оно встречается в казахском фольклоре. В культовом, тексте, где казахский джайчи (вызыватель дождя) обращается к небесному божеству Тенгри, упоминается субъект по имени Бай-Атай:

... Омыраудан сок, бұлт!
Ербек-сербек Бай-Ата”
Еркек қана күрең тай,
Шиып, қара, шиып қара...⁴

(Бейте в грудь, тучи. Неопрятный Бай-Ата...). Здесь персона Бай-Атая охарактеризована негативно (ербек-сербек означает внешнюю неопрятность), как прямое следствие влияния

¹ Ковалевский А. П. Путешествие ибн-Фадлана на Волгу. М.; Л., 1939. С. 60.

² Кумеков Б. Государство кимаков IX–XI вв. Алма-Ата, 1972. С. 109.

³ Древнетюркский словарь. С. 79.

⁴ Қазақ халқының ауыз әдебиеті. 12–13-бб.

исламской идеологии, предавшей анафеме божества древнего пантеона. Однако некоторые, наиболее значительные из них продолжали занимать скромные роли духов, святых и хозяев-покровителей ремесел и домашних животных. Вероятно, одним из них является Түкті Бабай Әзиз Шаш – Волосатый дед Бабай, генетически близкий к Бай-Атаю. Прозвище Волосатый, несомненно, позднего происхождения. Божество Бабай (предок, отец) известно со времен ранних кочевников. Скифы, по свидетельству Геродота, называли Зевса на местный лад Папаем¹. Волосатый дед Бабай – персонаж текста камлания казахских баксы – изображается вооруженным воином, покровителем шаманов.

Түкті Бабай , Әзиз Шаш!
Сынамын өзіңе!²

(Волосатый Бабай! Почитаю лишь тебя!)

Понятие “бабай”, несомненно, тюркского происхождения, означает персонифицированного предка. У бурят сохранился культ великого шаманна – хозяина Гутайн-Бабая, который считается заимствованным у тюркоязычных соседей³.

У якутов дух – хозяин тайги, который не признавал шаманов, назывался несколько иначе – Байанай⁴. Вероятнее всего, все указанные имена – различные варианты имени одного и того же языческого божества.

Довольно большой изобразительный материал, позволяющий проследить историко-логическую эволюцию Тенгри, представлен в петроглифике Казахстана. Урочище Тамгалы

¹ Геродот. История: В 9-ти кн. Л., 1972. Кн. 4. & 59.

² Из текста камлания Бала-баксы, жителя с. Караоткел Самарского района Восточно-Казахстанской области. Запись августа 1982 г.

³ Очирова Г. Н. Шаманисткий культ Гутайн-бабая. – В кн.: Буддизм и традиционные верования народов Центральной Азии. Новосибирск, 1981. С. 72.

⁴ Худяков И. А. Краткое описание Верхоянского округа. Л., 1969. С. 209.

близ г. Алма-Аты можно с полным правом назвать языческим храмом под открытым небом. Здесь имеются целые ансамбли космических антропоморфных божеств, нанесенных на открытые участки послеледниковых обнажений монолитных горных пород из сланца и известняка.

По оценкам специалистов, все они относятся к эпохе бронзы. Изображений здесь множество. Основной жанр – анималистический. Пожалуй, нигде больше в мировом первобытном искусстве невозможно встретить такое обилие теогонистических сюжетов, как в Тамгалы. В этом отношении тамгалинские рисунки уникальны. Древние художники сумели скупыми графическими средствами передать свое восприятие мира, воссоздать эстетические и мировоззренческие идеалы, интерпретировать закономерности явлений действительности на свой лад. Изображения выполнены в скромных жанровых определенностях: они представлены в основном в одиночных и групповых портретах. Но каждое произведение оригинально, не повторяет другие. Преобладающим является изображение солнцеликих божеств. При виде их оживают строки клятвы царицы массагетов Тамириды: “Я клянусь Солнцем – господином массагетов!..”¹.

На рис. 1 изображено божество с головой, представляющей собой семь кругов космических тел. Древний художник придал ему вполне человеческие формы, однако не посчитал нужным определить пол божества. Видимо, ему было более важно выразить синтез сил природы и человека, что может свидетельствовать о начальном процессе социологизации природы. Можно предположить, что мы здесь имеем дело с наиболее древним абстрагированным представлением о божестве Тенгри, который олицетворял прежде всего космические явления, затем, по мере отчуждения сущностных сил человека, и социальную форму движения.

Обращает на себя внимание отсутствие конкретных деталей в изображении божества. Природное и человеческое

¹ Геродот. Кн. 1. & 212.




Рис. 1. Антропоморфное божество, синтезированное из космических тел. Тенгри (?). Тамгалы. Эпоха бронзы



Рис. 2. Осоциологизация Тенгри (?). Тамгалы. Эпоха бронзы




Рис. 3. Тенгри (?) и тотемный бык. Тамгалы. Эпоха бронзы




Рис. 4. Иерогамия Тенгри (?) и тотемного быка. Тамгалы. Эпоха бронзы



Рис. 5. Кун-Тенгри и Ай-Тенгри (Солнце-Тенгри и Луна-Тенгри). Тамгалы. Эпоха бронзы

контаминированы в нечто целое. Но космическому началу отдается предпочтение, ибо голова божества представляет собой совокупность небесных образований. Она отражает космогонические и космологические идеи, намекает на общность человека с космосом.

На рис. 2 представлена дальнейшая эволюция образа. Здесь художник посчитал нужным подчеркнуть родительский признак в эротическом состоянии. Солярное божество в позе обращения к молящим на данном рисунке несет ярко выраженную тотемическую функцию. Голова по сравнению с предшествующим рисунком несколько упрощена и более уподоблена форме солнца, но продолжает включать в синкретическом единстве элементы космических тел. Наблюдается попытка персонификации, т. е. божество понимается как личность. Об этом говорит вооружение. Изображения животных вокруг него можно трактовать как символы жертв.

Тотемическое сознание абсолютизирует биологическое. Исторически оно наиболее древний тип мышления, но еще

не религиозный. Тотемизм есть средство нерелигиозного осознания единства человека и природы. Это своеобразный материалистический ответ на основной философский вопрос – об отношении идеального к материальному, сознания к бытию. По тотемическому сознанию в конечном счете не идеальное (бог) является причиной происхождения природы и человека, а природа происходит от самой же природы, как живое происходит от живого путем популяции. Все – звезды, деревья, горы, животные, люди – продукты акта рождения. Вот почему в древних языках отсутствовало слово творить. Этого слова нет и в казахском языке, оно в современном казахском словопользовании или смещено по значению (шығарма, шығару 'выводить', туынды 'рожденное', жасау 'делать'), или заимствовано (творчество). Для творения необходимы более совершенные орудия труда, оно – явление позднее, соответствующее по времени возникновению классовых религий, которые чисто человеческие способности созидать и творить объявили качеством, присущим исключительно богам.

Тотемизм есть своеобразное признание причинно-следственных связей действительности. Однако такое признание имеет весьма странные особенности. Религиозное содержание тотемизма скрытое. Оно противоречит не только науке, но и здравому смыслу. От тотема, к примеру, древесной коры (кабык)¹ может происходить казахское племя кипчаков, а средневековые их соплеменники кимаки считали себя детьми реки Иртыш², почти так же, как ранние кочевники скифы своим генеоначалником – реку Борисфен³. В тотемизме происходит осоциологизация природного, действительные связи бытия преломляются в голове человека как кровнородственные, общественные отношения, основанные на родстве, отчуждаясь,

¹ Рашид-ад-дин. Сборник летописей. М.: Л., 1952. Т. 1. Кн. 1. С. 84.

² Кумеков Б. Государство кимаков. С. 11.

³ Геродот. Кн. 4. & 5.

они становятся всеобщими, распространяются и на мир вещественный.

На этой основе, вероятно, происходит слияние представлений о тотемах, как это изображено на рис. 3, где солярное божество едет на быке, тотемный признак которого сознательно гипертрофирован. На другом рисунке (4) эти же тотемы вступили в довольно странные половые связи.

Среди групповых изображении выделяются контуры двух солярных божеств, совместно решающих какие-то немирские дела. Нетрудно догадаться, что на левой стороне изображено Солнце-бог с неизменными атрибутами из круглых небесных тел, а на правой – Луна. Литературную программу этих изображений можно найти как в казахских космогонических мифах, так и в письменных источниках античности и средневековья. “Солнце и Луна – красивые девушки-близнецы. Луна была так прекрасна, что однажды из зависти Солнце расцарапало сестре лицо”¹.

Богиня-Солнце на рис. 5 изображена с двойным ореолом из космических тел, а богиня-Луна с ореолом из одного ряда лучей. По внутренней окружности – видны следы “царапин”. “Из богов чтут только Солнце, которому приносят в жертву лошадей, – пишет “отец” истории Геродот, касаясь религии кочевых скифов. – Смысл жертвы этой тот, что быстрейшему из всех богов подобает быстрейшее животное”². Средневековый арабский географ и историк Ибн ал-Асир отмечает, что кипчаки почитают Солнце: “... что касается религии их (кипчаков. – С. А.), то они поклоняются солнцу при выходе его”³. Плано Карпини дополняет показания арабского путешественника, сообщая, что тюрко-монголы “набожно поклоняются Солнцу, Луне..., посвящая им начатки пищи и питания и

¹ *Әбішев Х.* Аспан сыры. Алматы, 1966. 141-б.

² *Геродот.* Кн. 1. & 216.

³ *Тизенгаузен В. Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884. Т. 1. С. 4.

преимущественно утром, раньше, чем станут есть и пить”¹. Почитание Солнца – главное обвинение бухарских фанатиков XVI в., принявших постановление о праведности войны против Казахского ханства. “Весною, когда бывает первый кумыс, они (т. е. казахи – С. А.) наливают его в сосуд и, прежде чем пить его, обращают свое лицо к солнцу и немного кумыса брызгают в сторону востока; при восходе солнца делают ему земной поклон в благодарность за то, что оно выращивает кормовые травы, которыми питаются домашние животные и дают кумыс. Казахи... поскольку они поклоняются солнцу, будь это просто почитание или безусловное верование – идолопоклонники и вероотступники”².

Казахское выражение “есік алды” непременно означало восточную сторону, ибо дверь юрты – традиционно направлялась в сторону восхода солнца. Следовательно, традиционное ритуальное расположение членов семьи и гостей вокруг казахского дастархана, по существу, определялось восходом светила, при котором в древности, вероятно, совершались какие-то ритуальные действия. Поэтому казахские названия стран света исходят из определения востока.

Таким образом, почитание Тенгри имеет корни, уходящие в глубокую древность. В своем развитии оно принимает ряд форм, включая и человеческую (Байат, Бай-Ата, Бабай), хотя возникает из олицетворения сил природы “Ай-Тәңірі, Жер-Тәңірі, Күн-Тәңірі и т. п.) В связи с проникновением ислама в Казахстан Тенгри принял мусульманские черты и стал ассоциироваться с Аллахом. Но верующий казах продолжал оказывать почести Тенгри, отправляя свои традиционные языческие обряды и ритуалы. Важной особенностью этих обрядов является то, что верующие не только молили Тенгри,

¹ Путешествия в Восточные страны Платона Карпини и Рубрука. М., 1957. С. 29.

² *Рузбехани*. Мехман-наме-и-Бухара. – В кн.: Прошлое Казахстана в материалах и источниках. Алма-Ата, 1935. С. 108.

но по большей части требовали. В своих заклинаниях шаманы вели разговор с небом в повелительном тоне: “Жүгіре келіп, соқ бұлт, желдет, желдет!” ‘Спешите, тучи, вейся, ветер!’ Даже поэты обращались к космическим силам повелительно:

Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан...
Сүйініш ұлы Қазтуған!

(Я сын Суйиниш а Казтуган, очистивший Луну и Солнце от мрака!).

Атеист-пропагандист должен знать историю развития религиозных верований в Казахстане, определивших синкретический характер сознания верующего казаха, или, по определению Ч. Ч. Валиханова, “двоеверие”, и строить свою работу на основе конкретного научного анализа пережитков религиозной идеологии? Только в таком случае атеистическая пропаганда может быть действенной.

*Известия АН КазССР. Серия общ. наук.
1984. № 2*

Евразийство в контексте культурной общности

Трудным и сложным был путь движения древнего и средневекового населения Центральной Азии к национально-культурной консолидации. В середине XV века конфедерация кочевых племен Евразийских степей появилась на исторической арене под новым именем “казак” и закладывает основу новой народности, преемственно развивая культурный и социальный опыт предшественников.

Имени “казак” суждено было стать названием народа, государства, этнотерритории, этнокультуры и впоследствии нации. Со времени появления этнонима “казак” соседи устанавливают отношения с аборигенным населением Казахстана как с

единым этнокультурным и политическим субъектом, называя его “казак”, отбросив все прежние определения. Были попытки лишить народ этого имени, однако из этой долгосрочной политической авантюры ничего не вышло.

Историю культуры казахского народа недостаточно освещать лишь со времени появления в источниках его названия. Еще в недрах древнего Казахстана, в тысячелетней истории античных племен создавалась основа будущего казахского общества, основа его материальной и духовной культуры. Объединение под именем “казак” преимущественно кочевых племен средневековья является лишь культурно-политическим завершением наследия предыдущих этапов истории. Вероятно, этим объясняется исследовательская традиция, в силу которой для выяснения тех или иных сторон древнего евразийского кочевого мира ученые часто опираются на казахский материал. Таким образом они дополняют и сверяют показания письменных источников, “читают” предметы материальной культуры, акцентируют внимание на тех или иных сторонах интересующего периода исторического прошлого кочевников Евразии.

Казахская этнография послужила дополнительным материалом для исследований таких выдающихся отечественных ученых, как С. П. Толстов, С. И. Руденко, В. В. Радлов, В. В. Бартольд, А. Х. Маргулан, открывших и вновь вернувших многим народам целые миры, в силу объективных причин выпавшие из их исторической памяти. Многие стороны народной жизни казахов явились реальной аналогией палеоэтнографии ранних кочевников, довольно твердо зафиксированной в письменах античности.

Образ жизни ранних кочевников (хозяйство, жилище, пища, общественные институты, нравы и т. п.), засвидетельствованный древними авторами, почти совпадает с образом жизни кочевников нового времени, включая и казахское кочевое общество. Вероятнее всего, не только во времена Геродота и Страбона, но уже Гомера (XIII–XII вв. до н. э.) кочевая система представляла хорошо налаженный и довольно развитый

тип хозяйства. “Кибитки кочевников сделаны из войлока и прикреплены к повозкам, на которых они живут, – пишет Страбон. – Вокруг кибиток пасется скот, мясом и сыром молоком которого они питаются. Они следуют за своими стадами, выбирая местности с хорошими пастбищами”.

Племена, населявшие Евразийские степи, рассматриваются в источниках в этногенетической связи. Согласно им, исседоны – часть массагетов, массагеты – саков, а последние никто иные как скифы. Разумеется, при этноисторических исследованиях эти сведения приводят к поверхностным выводам и помогают воссоздать лишь общую картину исторического процесса, логику движения культуры и направления прогресса. Каждое этноисторическое звено, несомненно, вносит нечто свое в общее развитие того или иного явления, сохраняя известные каноны, и основные идеи, выработанные не только ближайшими, но и отдаленными предшественниками.

Внутренняя целостность культуры кочевых народов отмечается Ш. Уалихановым. Согласно ему, вся духовная сфера жизни казахов “в совокупности” составляет “нечто целое”, сохранилась “до нас без искажений”. “Изумительно, с какой свежестью сохранили киргизы (казахи. – С. А.) свои древние предания и поверия, – пишет Ш. Уалиханов, – и еще изумительнее, что во всех отдаленнейших концах степи, особенно стихотворные саги, передаются одинаково и при сличении были буквально тождественны, как списки одной рукописи. Как бы странной ни казалась подобная невероятная точность изустных источников кочевой безграмотной орды, тем не менее это действительный факт, не подлежащий сомнению”, Система генетически тождественна себе, в ее развитии движущую роль играет одно и то же противоречие, которое возникает в самом начале существования системы, обуславливая ее специфику, развиваясь и усложняясь вместе с ней. На каждом новом уровне развития системы это основное противоречие находит разрешение, но только не полное, а частичное. Это разрешение противоречия точно соответствует характеру эпохи, ее духовному и материальному уровню.

Пространственно-хронологическая преемственность материальной и духовной культуры кочевых народов, периоды ее обновления фиксируются как письменными источниками, так и археологическими материалами. Однако историко-культурная преемственность, соединяющая древних с позднейшими поколениями, является результатом не только лишь единства социально-экономической основы кочевых обществ, близости материальной культуры, но и образа мышления, социальных институтов, идеологии, религиозных представлений.

Древнеказахстанская культура формировалась на базе определенных идейных субстратов. Именно в эпоху бронзы многие материальные и идейные начала неолита обрели качественно новую форму.

Основное сырье для изготовления предметов быта, орудий труда и вооружения производилось в богатых рудоносных районах Центрального Казахстана. О масштабах древней металлургии, обеспечившей материально-техническую базу культуры этой эпохи, свидетельствуют подсчеты археологов. Только в Джезказганском регионе до VI–V веков до н. э. были выработаны миллионы тонн медной руды, из которой выплавляли бронзу.

Значение этого пластичного металла в становлении евразийской культуры трудно переоценить. Он не утратил своего значения и после того, как люди научились плавить и перерабатывать железо и сталь. Восходящее к санскриту слово “жез” (бронза) проникло в казахскую культуру настолько глубоко, что стало составным многих имен существительных и прилагательных, а также и культурных терминов: “Жезкиік” (сайга), “Жезді” (название реки), “Жезқазған” (город), “Жезтырнақ” (мифический персонаж), “Жезөкше” (представительница самой древней профессии), “Жезкөмей” (певец), “Жезтағалы еңіреу” (лошадь у Биржан-сала).

В современной науке утвердилось предположение, согласно которому центром первоначального формирования культуры эпохи бронзы являются медоносные очаги Центрального Казахстана. Наиболее продуктивный исследователь этого

периода академик А. Х. Маргулан считает, что культура эпохи бронзы в Казахстане развивалась постепенно, в течение многих сотен лет и в процессе поступательного развития претерпевала ряд изменений, от простой формы к более сложной. Взяв свое начало в неолите (III тысячелетие до н. э.), культура эпохи бронзы прошла ряд исторических этапов и достигла расцвета в конце II – начале I тысячелетия до н. э.

Хронологическая последовательность этой культуры в Центральном Казахстане подтверждается разновременными памятниками, отличающимися друг от друга по типу сооружений и погребальному инвентарю. Наиболее ярко эта последовательность выразилась в памятниках ранней и поздней эпохи бронзы, встречаемых почти на всей территории Центрального и Восточного Казахстана. В эпоху бронзы была подготовлена почва для принципиально нового этапа историко-культурного развития древнего населения Евразии, пользовавшегося одним оружием, украшениями, увлекавшегося одними и теми же образами в искусстве и фольклоре. Разумеется, были и местные особенности.

Трансформация культур усиливается с появлением на евразийских просторах конных кочевников, изменивших ритм размеренной пасторальной степной жизни. Этим была заложена основа для формирования совершенно неповторимой конно-кочевой цивилизации.

Конно-кочевая цивилизация прошла несколько этапов, соответствующих степени восхождения, или точнее – возможностям древней индустрии и технологии. Любое приобретение отражалось прежде всего в снаряжении коня, в особенностях вооружения и, как ни странно, но факт – в женских украшениях, т. е. в декоративно-прикладном искусстве. Так, если изобретение металлической узды с псалями способствовало приручению ретивого животного (дикого тарпана), маневренности управления конем, а использование подков вообще раздвинуло горизонт кочевничества, открыло новые рубежи Евразии, ворота

оазисов, то твердое седло со стремянами увеличили скорость и дальность передвижения на коне.

В век компьютеров и автомашин нам трудно понять, что каждое изобретение, простое на первый взгляд, далось очень нелегко: за каждым из них стоят не только огромные умственные и физические усилия человека, но лежит богатейший опыт тысячелетней истории. В свою очередь, эти изобретения породили “принципиальные изменения в бытии, мышлении и нравах кочевого мира Евразии. В этом отношении достаточно сказать, что неоднократные “великие переселения народов” античности и средневековья, оставившие глубокий след в судьбах всех народов Евразии, связаны с этими изобретениями.

Хотя возникновение кочевого скотоводства относится к концу поздней бронзы, т. е. к началу первого тысячелетия до н. э., оно оставалось фактически неизменным в течение всего последующего времени. К примеру, технология животноводства у казахов не отличалась от древних форм и по существу была продолжением предыдущих приобретений и навыков. То же происходило в области мироощущения и мировосприятия.

Начальные этапы становления полукочевого, а затем сезонно циклического (жайлау-кыстау) скотоводства относятся к IX–VIII вв. до н. э. Столь длительное существование кочевничества как специфической социально-экономической формации показывает его феноменальную и самодостаточную жизнестойкость.

Евразийское кочевничество в своей поступательной эволюции прошло три стадии. Номадология разделяет кочевников на “ранних”, “классических” и “поздних”. К “ранним” кочевникам относятся скифы, саки, массагеты, гунны, сарматы и другие античные племена и племенные союзы Евразийских степей, а о “классических” кочевниках принято говорить, когда речь идет о средневековых монголах и тюрках. Казахи принадлежат к группе “поздних” кочевников, которые и “сдали” собственноручно всю цивилизацию и культуру кочевого мира в архив Истории. Реанимировать кочевничество так же невозможно, как невозможно повернуть колесо Истории

вспять. Однако в современной действительности оно есть, оно – вечно. Кочевничество изменило лишь форму передвижения, сменив коня на технику. Человек и ныне продолжает кочевать, покоря большие расстояния.

Наступление промышленной революции изменило не только облик степи, но и образ жизни ее обитателей. Кочевничество деградирует, а к началу XX в. ликвидируется насильно как явление, не вписавшееся в учение Маркса об общественно-экономических формациях. “Коль так, – подумали большевики, – значит, что-то в нем не то” и стали силой оружия подгонять естественно-исторический вид трудовой деятельности под свою от начала до конца надуманную систему. Тут преуспели красные комиссары. Белые не отставали от своих собратьев. Царские сатрапы, как они сами любили писать впоследствии, “никогда не тешили себя филантропическими вожделениями” обустроить степняков. Всеми возможными средствами старались ликвидировать традиционные учреждения социально-политического устройства кочевников.

Таким образом, многотысячелетние приобретения конно-кочевой цивилизации были сознательно разрушены, а творцы и носители ее истреблены. Опустевшие кочевые просторы превращались в полигоны. Больше всех досталось лошадям и верблюдам, на чьих горбах и спинах строилась жизнь кочевья, – они чуть не исчезли с лица земли. Все созданное кочевниками отрицалось, а сами народы объявлялись “неисторическими”, была узурпирована и их система власти. Так легче было оправдать постулат о “старшем брате”.

Великая Степь знала множество катаклизмов. Зачастую она сама становилась виновницей насилия и захвата чужих земель. Примеров более чем достаточно. Однако большевистский разбой ни с чем не сравним. Ныне они сами удивляются содеянному. Оказалось, что усилиями внедрить оседлый образ жизни в мироустройство кочевников было заодно, как бы по объективным обстоятельствам, физически истреблено более половины кочевого населения Казахстана.

Но эти преступления отягчены преднамеренностью, поскольку проводились с тотальной ненавистью ко всему, что относилось к кочевому хозяйству, вере, культуре, быту, привычкам и нравам. Взамен уничтоженного и истоптанного в сознание местного населения щедро высевались зерна цинизма и высокомерия по отношению ко всему исторически родному. Судя по интенсивному закату кочевнической культуры и последующим нравственным наваждениям, эти усилия дали хорошие всходы.

Кочевая степь стонала. Но осознавала себя, свою честь и достоинство. Так было и в обозримом прошлом. И все же до конца сломить ее никому не удалось. Утешало и поддерживало ее собственное духовное и культурное достояние, верно служил ей опыт древних. В любой тяжелейшей ситуации кочевнический менталитет находил источник силы и возрождения, потому что он был продуктом местных условий.

Суть евразийской мысли состоит в том, что человек вообще и степняк-кочевник в частности никогда не должен замыкаться в своем мирке. Он – существо социально-родовое, а потому универсальное и принадлежит Вселенной, обладает трансцендентной душой тенгри. Предназначение степного человека – в будущем. Он должен охотиться, пасти табуны и отары для встречи дня следующего. Перманентно своей деятельностью он обращен в Завтра. Иначе жить в условиях Евразии невозможно. Она слишком далека от теплых людей, климат здесь суров, сух и ветренен.

Степные легенды утверждают, что каждый раз после очередного разбоя или истребления того или иного племени оставались в живых мальчик и девочка. И все начиналось снова...

Этому учит и историко-философская память казахского народа, которую мы обобщенно называем мировоззренческим синкретизмом национальной мысли и культуры. Именно он сформировал такие великолепные качества казахов, как выносливость, терпеливость, спокойствие духа, толерантность

к чужому мнению, открытость для общения, любовь к человеку и к природе.

Мировоззренческий синкретизм есть достояние преимущественно кочевого образа жизни и культуры. Потому уместно говорить об евразийском типе мышления и поведения, для постепенного формирования которого потребовались громадные пространственные, хронологические и этнические ресурсы. Проявление его у казахов есть ничто иное, как реакция на динамично меняющуюся действительность бытия мира кочевья и необходимость сохранения наследия предков.

Таким образом, несмотря на сравнительно позднее формирование самоназвания, казахи являются одним из древних народов Евразии. Непосредственное участие историко-этнических общностей классического мира кочевий древности и средневековья в процессе формирования этнокультурного облика казахского народа дает основание рассматривать его как преемника историко-культурного наследия всех Евразийских просторов.

Алматы, 1998

Мусульманская схоластика и попытки христианизации в казахской степи

“Мусульманство пока не вьелось в нашу плоть и кровь. Оно грозит нам разъединением народа в будущем, – бил тревогу Ч. Ч. Валиханов. – У нас в степи период двоеверия. Между киргизами (казахами. – С.А.) еще много таких, которые не знают имени Магомета, и наши шаманы во многих местах степи еще не утратили своего назначения” /1 /. Казах был мусульманином номинально, так сказать, “на словах”. Он слушал звуки Корана, не понимая значения его сур. Поэтому он отправлял свои ритуалы исходя из традиционных религиозных установок, заимствованных от предшествующих поколений, придавая им мусульманскую оболочку; вследствие чего создавался удивительный религиозный синкретизм, сплав ислама и

местных культов. Ислам в Казахстане обретал новый облик, обрастал кочевническими культурами и обрядами, приобретал казахские черты, представляя из себя уникальное национальное явление. Потому ныне ислам в Казахстане включает в себя больше культуры, истории и нравственности, чем идеологии и религии. И это залог того, что он не свернет с исторического пути. Выбор состоялся.

Именно эта особенность мусульманства в Казахской Степи не устраивала прежде всего ревностных служителей исламского культа из среднеазиатских очагов ислама. Известны случаи, когда мусульманские соседи в прошлом предпринимали попытки “проучить язычников казахов” и возобновить походы арабского полководца X в. ибн Кутейба по исламизации кочевников. Так, в XVI в., в период безраздельного господства ислама в Средней Азии, были попытки прямой агрессии против казахов под флагом священного газавата. Среднеазиатский историк Рузбехан, участник похода в казахские степи, пишет: “Шейбани-хан обратился к ученым-правоведам с просьбой дать заключение о законности священной войны против казахов. Духовенство вынесло решение о дозволенности священной войны... Я высказался в том смысле, что раз казахи были объявлены неверными... поскольку они еще идолопоклонники и творят насилие над мусульманами, то признание символа мусульманской веры значения не имеет... Поэтому есть основание считать казахов неверными, хотя они совершают намазы. Казахи тоже, поскольку они поклоняются солнцу, будь это просто почитание или безусловное верование, -идолопоклонники и вероотступники; их положение усугубляется еще тем, что они издеваются над мусульманами. Исполнение ими мусульманских обрядов... значения не имеет” /2/.

Даже для XIX в., века временного господства идеологии ислама под угрозой христианизации края, характерны случаи, когда казахов загоняли в мечеть силой, с помощью жандармерии. Царская колониальная администрация всячески способствовала внедрению ислама в массы трудящихся кочевников, ибо религия

в любой форме призывала к послушанию власти. Местное духовенство и аристократия также были заинтересованы в насаждении ислама. “Нередко случается, – пишет А. Мейер, – что муллы и султаны загоняют простых киргизов (казахов. – С.А.) плетью в мечеть. Эта мера считается весьма естественною и сугубо полезною” /3/. Народ избегал и мечети, и ее поборов. Кроме того, кочевникам не нравилось, что ритуалы ислама отнимали много времени, необходимого для ведения хозяйства. “Нельзя считать тот народ религиозным, – пишет А. Харузин, которого приходится загонять в храм божий плетью, нельзя считать тот народ хорошим магометанином, если его гоняют насильно в мечеть; он магометанин лишь относительно” /4/.

Согласно древним домусульманским представлениям казахи считали, что имитируя свойства того или иного явления якобы можно вызвать само явление. Так, непрерывно свистя или гудя, можно спровоцировать ветер. Один из первых казахских журналистов середины XIX в. Б. Даулбаев описал случай, когда казахи обвиняли мулл в том, что они своими молитвами вызывают непогоду “Киргизы верили, что если во время лета наступят продолжительные дожди, а зимою постоянные бураны, то это происходит от постоянного чтения муллами Корана; по поверью их, т.е. народа, через то заражается воздух” /5/. Автор приводит и другой случай, когда разразившийся джунт (массовый падеж скота), связанный с тяжелой зимой и гололедицей, был вызван, по поверью казахов, чтением Корана. “В одно время, зимою, – пишет Б. Даулбаев, когда Шошала-мулла читал по умершим Коран, то чуть не подвергся пытке и сожжению. Хозяин кибитки предлагает ему не читать Коран... говоря, что это нехорошо, но мулла, приняв эти слова за шутку, продолжал читать. На другой день, в одно время, собирается в кибитку несколько человек киргизов (казахов. – С.А.) со всех смежных аулов: эти киргизы, несмотря на замечания муллы, что вышеупомянутое мнение о чтении Корана нечестиво, казахи отбирают... Коран и кидают в огонь, потом добираются до татарина (муллы. – С. А.), но он, видя, что дело серьезно,

начал плакать и просить избавить его от смерти, говоря, что он потом не будет читать и даже молитву, в чем поручился хозяин его квартиры; тем и освободили татарина от сожжения” /6/.

Как вытекает из сообщения очевидца, ислам и его проповедники и носители в народе не пользовались большим доверием. Коран, считающийся священной книгой в мусульманском мире, не имел сакрального почета среди казахов, наоборот, бывали случаи, когда казах, “вместо того, чтобы присягнуть на Коране, ударил священной книгой муллу по голове и разорвал книгу в клочки” /7/. Присягу в народе чтити весьма высоко, но многие (казахи. – С. А.) “смотрят до настоящего времени на присягу как на весьма серьезное дело и всеми силами стараются избавиться от нее. Есть в степи целые роды, например, Кунанбаевых, раз и навсегда освобожденных от присяги и никто из членов такого рода не может быть избираем для присяги. Иные, для того чтобы избежать присяги, соглашаются уплатить половину иска из своего имущества и это называется “джан садакасы”, т.е. выкуп души, так как присяга называется “джан беру” (буквально – отдать душу). Присяга по делам, производящимся в русских учреждениях перед русскими властями, никакого значения для киргизов не имеет” /8/. Подобная щепетильность казахов к присяге заключается в том, что традиционно они присягались именем предков, путем обхождения могил предков /9/. Присяга или клятва, данная таким образом, как правило, не нарушалась в противовес присяге или клятве, предусмотренной исламом или колониальными властями.

Неприязнь к духовенству имела и другую сторону. Муллы и представители мечети были в большинстве своем “агентами царского правительства, назначавшимися из лиц, на которых царская администрация могла полностью положиться”/10/.

Итак, казахи сумели противопоставить экспансии ислама собственные культы и верования. Это спасло общественную психологию казахов от исламского фанатизма, в том числе фундаментализма. Благодаря самобытности народной духовной культуры и защиты ее от не всегда позитивных влияний

религиозной идеологии, казахи избежали также политики христианизации и русификации.

На рубеже XIX–XX вв., слепо следуя политике, сформулированной еще Екатериной II – “сей народ.. (казахский. – *С. А.*) не больно свирепостью, сколько ласковостью и снисходительными поступками уловляем быть может” /11/, – царизм готовил широкий по своим размахам “план смягчения нравов” путем христианизации казахов. План преследовал далеко идущие политические цели русификации, дальнейшей колонизации и социально-экономического закабаления края. А этим “ласковым” и “снисходительным поступком” отвечало миссионерское движение христианского “просвещения”. О сущности такого “просвещения” недвусмысленно заявляет высокопоставленный сановник аппарата царизма: “Я не увлекаюсь гиперболическими заявлениями киргизов (казахов. – *С. А.*), просветить и возвысить их на степень, занимаемую европейскими народами. Я от всей души желаю, чтобы киргизы навсегда остались пастухами, кочующими, чтобы они никогда не сеяли хлеба и не знали не только науки, но даже и ремесла” /12/.

Миссионерские помыслы царизм вынашивал довольно долго. Но во второй половине XIX в. методы христианизации постепенно стали уступать место более смягченным и завуалированным приемам, получившим свое окончательное оформление в так называемой “системе Н.И. Ильминского”.

Н.И. Ильминский, профессор Казанской духовной академии, писал в 1871 г.: “Иностранцы не знают христианства, они не только не имеют понятия о догматах, о священном писании, но не знают даже самых главных событий священной истории” /13/. Для обоснования и реализации христианизации инородцев России нашлись и “научные” доводы. Граф Д.А. Толстой, министр народного просвещения, в 1866 г. заявил, что “народы восточной окраины России – калмыки, киргизы (казахи. – *С.А.*), мордва, чуваша, черемисы и татары – дики и невежественны, а посему нуждаются в цивилизации путем христианского

просвещения”. В своей речи, произнесенной в Казанском университете, он призвал просветить “инородцев Востока совокупным действием веры и науки”. Этим “совокупным действиям” отвечала “система Ильминского” и вскоре она была обсуждена как важнейший государственный вопрос /14/. В правительственном постановлении указывалось, что “орудием первоначального обучения для каждого племени должно быть народное наречие его; учителя инородческих школ должны быть из среды соответствующего племени инородцев и притом хорошо знающие русский язык, или же русские, владеющие соответственно инородческим наречием...”/15/.

Н. Ильминскому, как востоковеду, известны этнические, культурные и морально-психологические особенности “инородцев” Востока. Эти знания как нельзя кстати пригодились при разработке концепции. “Чтобы передать инородцам христианское догматическое учение и передать его не отвлеченно, не как мертвую букву, а так, чтобы оно сделалось основой их мышления и жизни, для этого нужно приноровиться к их религиозным понятиям и нравственным убеждениям, к их своеобразному ходу и направлению мышления, – писал Н. Ильминский. – Религиозное движение сердца несравненно сильнее и глубже возбуждается, когда христианские истины слышатся инородцам на языке родном, нежели на русском. Это потому, что родной язык непосредственно говорит уму и сердцу. Как скоро в инородцах утвердились посредством родного языка христианские понятия и правила, они с успехом занимаются и русским языком и ищут русского образования” /16/. Автор для исполнения правительственного мероприятия использует весь свой научный арсенал и выступает как педагог и психолог: “Инородец, движимый только врожденным инстинктом, прямо и непосредственно может действовать на ум и сердце единоплеменных ему инородцев, – и с теплым умилением, убеждением будут приняты его христианские беседы и наставления. К этому надобно присоединить то естественное обстоятельство, что к человеку своего племени

инородцы, и вообще простолюдины, имеют больше доверия, нежели к человеку чужому”/17/.

Идеи Ильминского начали осуществляться. Центром миссионерского движения стала Казань, где было создано православное миссионерское общество “Братство св. Гурия”. Оно открыло ряд “братских” школ для детей “инородцев”, где основное внимание уделялось преподаванию “священной истории”, молитв и церковных песнопений. В Казани же было сосредоточено издание переводной печатной продукции. Здесь восседала специальная переводческая комиссия, деятельность которой ярко характеризует изданная ею религиозная литература на казахском языке. Это такие книги, как “Жизнь и страдания св. великомученика Евстафия Плакиды с семейством”, “Жития св. Николая Чудотворца”, “Эулие кыз Мария” и др. /18/. В начале XX в. в Семипалатинской области действовали три миссионерские школы /19/.

Казахский народ тонко чувствовал политические мотивы миссионерского движения как логического звена колонизаторской политики царизма и всячески воспрепятствовал ему. “...Не восприимчивы киргизы (казахи. – С. А.) и к проповеди христианства, – пишет Д. Д. Беротов, – например, в 1900 году православие приняли 58 человек, причем расход на миссию выразился в сумме 27 260 рублей. В 1903 году в трех миссионерских школах Семипалатинской области учащихся было всего 62 человека. Царские миссионеры пользуются особым успехом в голодные годы” /20/.

Результаты этого крупномасштабного политического мероприятия, так же, как и насаждение ислама во времена Кутейба, не оправдали возлагавшихся на них надежд. Казахи с позиций обычноправовых норм отрицательно отреагировали на мероприятия колониальных властей. Принявший христианство сурово преследовался степными законами – “лишается наследства принявший христианской веры” /21/.

Большевистский переворот помешал осуществлению идей миссионеров.

В чем причина того, что ни одна религия, несмотря на все усилия, предпринимавшиеся миссионерами, не прижилась в Степи? Ответ на этот вопрос надо искать в социальном укладе казахов и своеобразии кочевой культуры. Традиционные духовные ценности, выработанные веками, более тесно были связаны с окружающей действительностью: трудовой и общественной жизнью. А проповеднические религии, включая и ислам, отстояли слишком далеко от повседневных нужд и забот кочевника. К догматам народ относился весьма своевольно – они были непонятны, абстрактны и не приспособлены к хозяйственно-бытовому укладу Степи. В этом и был корень известной абсолютизации кочевниками традиций и обычаев предков, сохранения и развития их, а также противопоставления другим духовным и культурным ценностям. Казахи были народом реалистичным и практичным, что нашло отражение в его традиционных воззрениях. Вероятно, поэтому ни одна чужая религиозная концепция, поражавшая порой своей универсальностью и всеобщностью людей других регионов мира, объединявшая разные народы, исторические судьбы которых были не только различны, но порой антагонистичны, не находила отклика в сердце кочевника.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Валиханов Ч.Ч.* Полн. собр.соч. т. 1. Алматы, 1969. С. 524.
2. *Рузбехан.* Мехнами-наме-и-Бухара // Прошлое Казахстана в материалах и источниках. Алма-Ата, 1935. С. 103–108.
3. *Мейер А.* Материалы для географии и статистики. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865. С. 229.
4. *Харузин А.* Киргизы Букеевской орды. М., 1989. Вып. 1. С. 96.
5. *Даулбаев Б.* Рассказ о жизни киргизов Николаевского уезда Тургайской области с 1830 по 1880 гг. // ЗОО РГО, Оренбург, 1881. Вып. IV. С. 103.
6. Там же.
7. *Харузин А.* Указ.соч. С. 125.

8. Материалы по казахскому обычному праву. Сборник I. Алма-Ата, 1948. С. 284.
9. См.: *Ибрагимов И.* Заметки о киргизском суде // Сборник народных обычаев. Т. 1. СПб., 1878. С. 239.
10. Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828). М.; Л., 1940. С. 41.
11. Советская Киргизия. Оренбург, 1924, №8-9. С. 159.
12. ЦГИАЛ. Ф. МВД, Земский отдел. & 134. Лл, 1-2. В. 1830.
13. *Ильминский Н. И.* О переводе православных христианских книг на инородческие языки. Казань, 1875. С. 6.
14. *Машанов М.* Обзор деятельности братства св. Гурия за 25 лет его существования (1867–1892). Казань, 1892. С. 8.
15. Там же. С. 58–59.
16. Там же. С. 171.
17. Там же.
18. Құдай үшін көп азап тартқан Евстафий Плакиданың, оның құрсағының, екі ұлының өмірі. Жизнь и страдания великомученика Евстафия Плакиды с семейством (на киргизском языке). – Казань, 1886; Құдіреттер қылушы ізгі Николай. Житие св. Николая Чудотворца (на киргизском языке). Изд. православного миссионерского общества. Казань, 1895 и др.
19. См.: *Беротов Д.* Страна свободных земель. СПб., 1908. С. 60.
20. Там же.
21. Материалы по казахскому обычному праву. Алма-Ата, 1948. Т. 1. С. 38.

Мир человека. 2002. №1

Нар беліне лайық жүк

Халқымыздың біртуар ұланы Шоқан Уәлихановтың ғалымдық парасаты марқұм Әлкей Марғұланның жуықта “Жазушы” баспасынан жарық көрген “Ежелгі жыр, аңыздар” кітабына арқау болған екен. Шоқанның ғылымға қосқан үлесі

сала-сала, оның энциклопедиялық білімдарлығына көз жүгіртіп бақсақ, жас ғалымның назары түскен пәндер тоғысының төрін халықтың дәстүрлі рухани мұрасын жинастыру ісі алады екен! Сондықтан Әлекең ең әуелі Шоқанның фольклорлық тағлымын, ауыз әдебиетінің көне нұсқаларын зерттеу еңбегін талдауға алады да, Шоқанға сахара ғұламаларына тігілген ордадан орын ұсынады, солардың мәслихат отауына енгізеді. Сонымен, сахаба жасына жетпей-ақ ғұлама атанып, қабырғасы қатаймай сайысқа түсіп, бірақ – амал не! – арманын арқалап, обал-сауабын заманының мойнына артып, қыршын кеткен Шоқан дәстүрлі зердеміздің жаңа мезгіл дәнекершісі болып шығады да, халқымыздың революцияға дейінгі дәуірлердегі рухани марқаюы үздіксіз, жалғасты процесс ретінде көрінеді. Кітап мазмұны Шоқан атсалысқан іргелі мәселелерді қузады. Олар – ең ескі дәуірлердегі аңыздар, мифтік пайымдар, Қорқыт, “Манас” және “Қозы-Көрпеш – Баян сұлу” жырларының шығу тегі – әрқайсысы дара монографиялық еңбектерге татырлық дүниелер. Алайда осы қадау-қадау төрт сала Шоқан зердесі арқылы сабақтаса келе бас қосады, бір арнаға түседі, Азияның кіндігін мекендеген ежелгі көшпелі халықтардың рухани бітімі қалайша және қандай жолдармен қалыптасты деген мәселеге ұласады. Бұл сұрақты кезінде Шоқан қойып, жауабын әлемдік рухани процеспен сабақтастыра түйіндегені белгілі. Шоқан үрдісі белгілі орыс ғалымдарынан құптау да (Г. Н. Потанин), даттау да (В. В. Радлов) тапты. Тағдыр үкімі келте болды. Қарсы пікірді ести де алмай балауса да балғын шағында Шоқан асығыс соңғы келмес саяхатына жүріп кетті. Араға бір ғасыр салып, Шоқан мен В. В. Радлов таласының арашасына Ә. Марғұлан түседі, Шоқан үшін жауап береді. Шоқан қойған мәселелерді қайта жандандырады, академик В. В. Радловпен пікір сайысына шығады. “Қазақ халқының саяхатшысы Шоқан Уәлиханов қырғыз бен қазақтардың халық жыры Европаның, оның ішінде славян жұрттарының халық жырына өте ұқсас деп айтса да мен олардан Еуропаға ұқсас бір нәрсе де көрмедім”, – деген арқасынан теңі шешілмей, басылымнан басылымға көшіп жүрген В. В. Радловтың қыдырма сөзін тіліне тиек ете оты-

рып, белгілі шығыстанушының еңсесі түсіңкі көңіл-күйінің жай-жапсарын баяндайды. “Тегінде Шоқан да, Радлов та “Манас” жырын бір жыршыдан (Назар жыраудан) жазып алғанға “ұқсайды” деп бастайды Әлекең талдауын. Мазмұн жағынан екі жырдың арасында артық өзгешелік жоқ. Алайда, Шоқанның жазуындағы “анқып тұрған хош-иістер” мен көркем бейнелер В. Радлов нұсқасында сирек кездеседі. Бір жырдың екі нұсқада түсуі турасында Ә. Марғұлан мынадай ой айтады: “Бұлай болуының себебі жыршы В. В. Радловты “патшаның ұлығы” деп түсініп, оған басқа сезіммен қараған. Жырдың тарихи құрылысын өзгертіп айтып, оның көп жерін “ақ патшаны” атауға арнаған, оның бас алыбы Манасты ақ патшаның қарауындағы батыр” деп суреттеген. Мұның бірі, әрине, “патша ұлығына” жағынып, оның көңілін алдап, тағы да сый-сипат көрсем деген оймен істелген (250-б.). Радлов тексін Шоқан нұсқасымен салыстыра зерттеу барысында Әлекең бәйгені Шоқанға беріп отырады. Автор талғамының түп-тамырын анықтау қиын емес, Қырғыз тілін жетік білмейтін академик “Манастың” мәніне бойлай кіре алмайды. Шоқан керісінше, әр сөзін түбегейлі түсініп, мұраның тарихи және логикалық мәйегін орнына түсіріп отырады. Шоқан нұсқасының әлемдік тілдерге аударылып, классикалық үлгі санатына жататынының басты сыры осы.

Әлекеңнің қырғыздың эпикалық ұлы жырының хатқа, бұзылып түсуінің саяси-психологиялық астарына назар аударуы орынды, өйткені бұл жәйт жырдың тағдыр-тауанына, мазмұны мен формасына тікелей әсер еткен. Бұл үлкен ғалымымыздың Шоқанға деген сарқылмас ықыласының соқыр сезімге емес, объективті және ірі кісілік салауатқа арқа сүйенгендігінің кепілі. Әлекеңе тән өрелік Шоқан мен В. Радловты қаншама аға санап, пір тұтқанмен ыңғайы келгенде ақиқат алдында бүгежектемейді, ғылым мүддесі үшін өз пікірін көлденең қояды, үн қосады. Шоқан Хиуа ханы Абылғазы шежіресін талдап, халқымыздың этногенетикалық тегіне тиісті жерлерін анықтаса, Шоқанның осы анықтамасының ізіне Әлекең түседі. Қазақ халқының құрамындағы оғыз элементінің қазақ мифтері

мен ауыз әдебиеті нұсқаларына, ықпалына жіті назар тастайды, дұрыс, терісін саралайды, “Шоқан айтты болды” демейді. “Шоқан – аға, алайда, ақиқат ағадан да ардақты” принципін алға қояды. Сөйтіп, Шоқанның XIX ғасырда танытқан ғылыми өрелігін Әлекең XX ғасырға алып шығып, Шоқан қойған мәселелердің шешімін айтады.

Халықтың этногенетикалық тағдыры анықталмай оның мәдени қатынастары жүйесі ашыла қоймайтыны белгілі. Сондықтан Әлекең “Манас” тақырыбын этногенез және тарихи-мәдени заңдылықтардың даму жолдарын белгілеу арқылы өрбітіп отырады. Әлем халықтарының бір де бірі гомотекті емес, бір атадан тарампаған. Халықтың түп-тамырын бір атадан іздеу, әлде бір атаға саю керсоқырлық, тарихи зердесіздік, қауесет, патриархалдық шылау, әлеуметтік індет. Этногенетикалық түзілістерді өзара байланыссыз қарау түбі тарихты жансыз, кездейсоқ уақиғалардың жиынтығынан тұрған мета-физикалық құбылыс ретінде түсіндіруден шығады. Әлекең рухани-әдеби құбылыстардың ара жігін аша отырып, қазақ халқының этникалық түп-тамырын, тегін жанды процесс түрінде, сахара төскейінде өмір сүрген әртүрлі және әртекті тайпалардың әлеуметтік-экономикалық тағдыры арқылы тарқатады. Әлекең тұжырымында қазақ халқы, біріншіден, көне жұрт ретінде қабылданса, екіншіден, жаңа жұрт сипатында түседі, осындай диалектикалық негізде қазақ ұлтының тарихи өміршеңдігі дәлелденеді. Сөйтіп Әлекең ой назарын өткен мен бүгін арқылы болашаққа тастайды, халқының әлеуметтік перспективасын мегзейді. Ә. Марғұлан осындай азаматтық тынысы кең, салихалы теорияны бетке ұстай отырып, “тұқым қуалауды”, басқаша айтқанда рушылдық жікішілдікті басшылық ететін шежіре “тарихтың” орнын саяси-әлеуметтік, географиялық және тарихи-мәдени орталықты негіз еткен, алғышарттардан түзілген дәлелді концепцияны көлденең қояды. Халықтың этногенетикалық тағдыры мен рухани бітімінің өзара байланысы бар деп дәйекті болжам тастайды.

“Манас” жыры бауырлас қырғыз халқының ұлттық мақтанышы. Дегенмен, “Манас” әлемі тек бір ұлттық мәдениет-

тің аясында қалып, басқа ұлт мәдениетінің мақтанышына айналмауы оның тасада, оқшау қалуы деген сөз. Ғарыш кеңісінде басқа әлеммен байланыссыз, әлем заңдылығынан тыс қаңғыма жұлдыз болмайтыны секілді, басқа мәдени үрдіспен байланысқа түспеген ұлт табиғатына ғана шектелген рухани дүние болуы да мүмкін емес. Байланысқа түсу ұлттық мәдени құбылысының өз тұлғасына назар аударып, бой түзеуі, басқа мәдениет ошақтарымен сұқбатқа түсу деген сөз. “Манасты” Шоқан еларалық биік деңгейден қарап, оның көршілес, әсіресе, қазақ халқының рухани бітіміне тигізген ықпалын сараптай отырып, оның тұңғыш рет интернационалдық мазмұнын ашқан болса, Әлекей Марғұлан жырдың мәніне бойлай кіріп, “Манас” жырындағы алпауыттар мен батырлар тобын “Оғыз-наме”, “Ақсақ құлан”, “Махаббат-наме” дастандары мен Күлтегін, Мойыншора, Білге-қағанға арналған дәстүрлі жазба деректерде кездесетін атаулар, ұғымдар мен түсініктер арқылы тергеп, тағдырлас мұра ретінде танып, оның қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларымен мазмұндастығын мегзейді. “Қорқыт”, “Оғыз-наме”, “Ақсақ-құлан” текстерін “Манаспен” салыстыра отырып, оларға тән ортақтастықтың мән-жайын ашады.

Көкке ұшқан құс жылайды,
Көп жасаған қарт жылайды.
Аспандағы ай жылайды,
Алты жасар бала жылайды, –

деген сияқты қазақтың фольклорлық клишелері “Манас” жырында ешбір өзгеріссіз түсетіндігіне оқырман назарын аударады. “Семетейдегі”:

Терек түптен тербелді,
Теңіз түптен шайқалды.
Бұл немене болушы еді?

деген шумақтың “Ақсақ құланда”:

Терек түптен жығылды,
Кім тұрғызар уа, ханым?

Теңіз түптен былғанды,
Кім тұндырар уа, ханым?

болып түскендігінің тегін еместігін жазады (130-б.).

Ғалым еңбегінің ауқымы бөлігін сахараның ең көне дәуірінің мифологиялық аңыз әңгімелерін талдауға арнаған.

Мифология – көне дәуір философиясы екенін Марк пен Энгельс шығармаларынан білеміз. Марғұлан көшпелі халықтардың мифтік әфсаналарынан сүзіп алған тұщымды деректер негізінде, тіпті түбегейлендіре түседі де мал тісіне ерген сахара халықтарының өте ерте заманның өзінде әлемдік мифология мен фольклорлық сарындардың қалыптасуына ықпал жасағанын ашады. Бұл үрдіске тұңғыш рет Шоқанның қозғау салғанын айттық.

Күні бүгінге дейін ғалымдар қазақ халқының ауыз әдебиетінің қазыналығын мойындағанмен оның мифологиялық өзегіне зерде жүгіртуге тартыншақтық жасап келгенін жасыра алмаймыз. Осы қатынастың салдарынан қазақ мифтері мен мифологиялық категориялар алқасы “Әлем халықтарының мифтері” деген екі томдық жинаққа кірмеді. Кірген сөзтізбек ертегі персонаждарын ғана қамтиды. Мифология туралы сөз болса классикалық грек мифологиясы елес беріп, оның стереотиптері қазақ топырағында дөп түспегендіктен үзілген ой жалғасын таппай қалады. Дүниені тануды мифтік пайымдардан бастаған Европа мифологияны ту баста мәдени дәуірлеріне негіз етті. Гомер, Софокл, Еврипид, Аристофан шығармаларының өзегі – миф.

Марғұлан мифті тек ертегі жанрынан ғана емес, күллі ауыз әдебиеті нұсқаларынан (“Ер Төстік”, “Еңсегей”, “Төлеген батыр”, “Ақ қоян мерген”, “Қара мерген”, “Құла мерген”, “Аламан мерген”, “Ақ кебек”, “Хан мерген”) сүзіп алып, оның шығу тегін, даму жолдарын, тарихи тағдыр-тауанын, тіпті эпикалық табиғатына дейін тінткілей тергейді. Әлекең назарынан халқымыздың этнографиялық тегінің бірде-бір қалтарысы тасада қалмайды. Мәселен, Рашид-ад-диннің “Джами-ат-тауариғындағы” XIII ғасырдағы қаңлылардың ата-тегін арбамен байланыстыратын мифтік аңсарды Әлекең өзі жинаған

этнографиялық деректермен толықтай түседі. Қаңлылардың арбаға (қаңқа) байланысты мотивтері – таза тотемдік миф, ал XX ғасырдың қаңлылары ежелгі көне мифті тұтастай сақтағаны – этногенетикалық байланыс салдары. Бүгінге дейін қаңлы елінің аузында айтылатын: “Қаңлы елінде хан бар, кәделі елде қаңлы бар”, “хан жоқ болса, қаңлыдан хан көтер”, “арбаға ханмен бірге мінгенбіз” деген мәтелдер сол ескі заманнан қалған деп жазады Ө. Марғұлан. Бұл мифтік тіркестер қаңлылардың ерте заманда өз алдына одақ жасап, дербес тіршілік құрғанын көрсетеді (63-б). Әлемдік ғылымда ертедегі Хорезм мемлекеті мен Құшан империясың қаңлылармен байланыстыратын дәйекті теория бар (С. П. Толстов) екені белгілі. Сөйтіп Әлекең мифтік сарындардың өзінен тарихи дерек сүзіп отырады, мифтік әфсаналардың ғылым назарынан тыс қалып, ғылым хатына түспей жүрген тағдырына өкініш білдіреді.

Әлекең өзі зерттеп отырған Манастың ерлігін, Қорқыттың даналығын өте биік парасат деңгейінен қарап, оларға деген Шоқан ілтисатының кілтін дәл тауып отырады. Әсілі, әңгіме қандай мәселе төңірегінде туындамасын, Әлекең қаламынан жарқ етіп Шоқан тұлғасы көрінеді. Алтын-емелдің шешегі жайқалған тобылғы қойнауында Шоқанмен қатар ұйықтауды армандаған Бөпе-ағамыздың (Әлекеңнің ел ішіндегі ерке есімі. – С. А.) халқымыздың зиялы түлектерінің күллісіне деген махаббаты түпсіз. Қорқыт пен Шоқан аралығындағы саяхатқа ғұламаларына Әлекең Алтын орда жырауы Кисамеддин Баршынлығыды да қосады. Жамел Қаршидың баяндауынша жырау “арабша жазсаң ол тілдің сән-салтанатына (фасиха) малшынасың, парсыша жазсаң ойға кенелесің (малиха), ал түркіше жазсаң шындыққа (сахиха) тұшынасың” деген екен (197-б). Әлекеңнің энциклопедиялық қабілетін көзіміз көріп, құлағымыз естіп өстік. Алайда назарымыздан таса жатқан, санатымызға қосылмай отырған мұралардан үзінділерді Әлекең мәтел орнына айтқанда ойымызға еріксіз Мұхтар Әуезовтің “Ө. Марғұлан ғалым емес... ғылыми мекеме” деген достық әзілі елес береді. Тіл зайырын іздеген жан да оны Ө. Марғұланның осы кітабынан тауып, қазақ тіл қолданысының фасихасынан да,

малихасынан да, сахихасынан да айызын қандыра алады. Әсіре қызыл сөйлеуді білмейтін аға сөз өрнегін тарих тереңінен жүзіп барып іледі: “Жырда Үрбі қорқуды білмейтін, аяғын алшақ басытын өзіне сенген жебел ер” (107-б). Мұндағы “жебел” Марғұлан ғана білетін көне ұғым.

Қузаған тақырыбына, мәселесінің оңы мен солына орай ғалым лебізі өзгеріп отыратыны аңғарылды. Бейбіт тұрған Қозы Көрпеш пен Баяндай бейбақтардың махаббатына арнайы салынған салтанатты көшенің патша отаршыларының артиллерия қаруымен көздеп атқан жерін баяндағанда барқын тартқан ғұлама жүрегінің толқынды сезімі зілді лағнетке айналып жатқанын да байқаймыз: “Көшенің бір жақ бүйірін артиллерист нысана ғып атқан, ол қазір бұзыла бастаған” деген В. Н. Белослюдовтық хатын келтірген жерін жүрек дірілінсіз оқу мүмкін емес (292-б.).

Дегенмен, кітап “әттеген-айдан да” құралақан емес. Мақалалар мәслихат тақырыбынан жаңылып, ауысып түскен, сондықтан іргелі төрт тақырып мидай араласып жатыр, тақырыптардың ішкі дербестігі сақталмаған. Кітап беташар мақаласыз егесінен айрылып, күзелген жылқыдай, иесіздік танытады, аты да сәтті деп айта алмаймыз. Ә. Марғұландай ғұлама автордың кітабының ғылыми-түсініктеме аппаратынсыз, атау мен есім көрсеткішінсіз, жалпы ғылыми басылым критерийін сақтамай жарық көргеніне көңіл құлазиды.

“Күнге шағылысып барып күміс көрінсе, алтын күнсіз-ақ көзге түседі” дейді екен көнеден жеткен ата-баба даналығы. Ілкі мақал Әлекең шығармасын толық бағалай алады, бірлі-жарым редакциялық олқылықтар оның құнын түсіре алмайды.

Әр қаламгердің өз оқырманы болады. Оқырман ересек әлде жас, зиялы әлде кәмелеті толысу үстіндегі жан болуы мүмкін. Әлекеңнің оқырманы барша қазақ әлемі. Халқымыздың бір буыны емес, келелі келешегі де, бары да, балдырғаны да, ақбас ақсақалы да Әлекең әлемінде бас қосады, мәжіліс құрады, құра береді. Бұл кітапқа қырғыз бауырларымыздың назары түсер деп те ойлаймыз.

Кітаптан алған әсер үстінде ұсыныс айтудың да кезегі келген секілді:

1. Әлекеннің толық шығармалар жинағын халқына ұсыну – парыз. Оларсыз бүгінгі ұлттық рухани өрлеуімізді тану қиын.

2. Әлекеннен қалған архив пен кітапханасының тағдырын мемлекеттік іс деңгейінде шешкен ләзім.

3. Әлекен бар өмірін халқын тануға сарп еткені мәлім. Енді халықтың өз ұланын танудың да кезегі туды. Әлекендей саңлақтың өмірбаяны, творчествосы, ғылымдағы ерлігі жас ұрпаққа өнеге, коммунистік тәрбие ісіне маңызды болмақ.

4. Әлекеннің артында қалған жазба мұра мен архив өте сирек кездесетін материалдар мен кітаптардан қордаланған. Осыны ескеріп, мемлекет қарамағынан қамқорлыққа алынып, “Марғұлан қорын” ашқан дұрыс. Оның бірден-бір орны – Қазақ ССР Мәдениет тарихы ескерткіштерін қорғау қоғамы не Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасы.

Нар беліне лайық жүктің алғашқысы қолымызда, жалғасы кешікпегей.

Қазақ әдебиеті. 20 желтоқсан 1985 ж.

Шоқан және декабристер

Батыс Европа мен орыс қоғамының рухани әлемінде Шоқан назарынан тыс қалатын бірде бір кітап болмаған. Оған ғалым мұрасының атаулық көрсеткіші-ақ айғақ болғандай.

Шоқан назар аударған көп шығармалардың бірі декабристердің “Оңтүстік қоғамының” саяси программасы жазылған П. И. Пестельдің “Орыс ақиқаты” (“Русская правда”) болды ма деген ой келеді. Бұл шығарма көтеріліс жеңіске жеткеннен кейінгі орыс қоғамының Конституциясы болмақ еді.

Шоқанның бұл шығармаға құштарлығының өз сыры да жоқ емес. Өйткені Пестельдің ой байламдары Ресей империясын мекендеген орыс емес ұлттар мен халықтардың болашағымен де байланысты болатын. Ал Шоқанның қолында бұл шығарма

қашан және қалай түсті? Оны анықтау оңай емес. Алайда, Шоқанның декабристердің бұл мұрасымен таныс болғандығын ғалымның өз шығармалары айғақтай түскендей. Шоқанның саяси-әлеуметтік ой қозғайтын мақалалары (“Көне халықтық формасындағы би соттары”) декабристердің (“дворяндар кезеңі”) саяси көзқарастарымен таныс болғаннан кейін дүниеге келгендігі байқалады.

Декабристер көпұлтты. Ресейдің болашақ саяси тағдыры туралы көп толғанғаны, артына мол қолжазба мұра қалдырғаны белгілі. Бұл жазбалар азаттық қозғалыстың екінші кезеңінің (“эртектілер”) өкілдерінің қолына тиіп, солар арқылы осы идея Шоқанды да көп толғандырғанға ұқсайды.

“Орыс ақиқаты” – саяси документ. П. И. Пестельдің ойынша революциядан кейін Ресей халықтары өзінің саяси-әлеуметтік ахуалын осы документ негізінде құруға тиіс. “Ақиқаттың” қолжазбасын кезінде жерге көміп тастаған, алайда декабристердің арасынан шыққан сатқынның опасыз әрекетінен ол қолжазба Николай I патшаның қолына түседі. Николайдың қолжазбаны оқып үрейленгені сонша, декабристерді тергеушілердің өзін аса сенімді адамдардан құраған. “Орыс ақиқаты” тек 1906 жылы ғана тұңғыш рет басылып шықты. (П. И. Пестель. Русская правда. Наказ Временному Верховному Правлению, изд. “Культура”, Спб., 1906).

Пестель жасаған “Орыс ақиқатының” демократиялық және гуманистік өзегі оның сол замандағы Ресей отарларының бірі қазақ халқы туралы көзқарасынан да айқын байқалады. Дегенмен декабристер қазақ халқының болашағын күллі Россия елінің дамуы мен дәуірлеуімен байланыста қарайды, Қазақстанның Россияға қосылуын тарихи қажеттілік деп таниды. “Қырғыз жерлерін” Россияға қосу мәселесінде Пестель қазақ халқының да, жалпы Россия халықтарының да мүддесін қатар ойлайды. Өйтпеген күнде қазақтар Түркия мен Иран секілді артта қалған мемлекеттердің шылауына шалдығар еді деп сескенеді.

“Қырғыз жерінің бай қазынасы Россияның дамуы мен сауда-саттығын нығайта түсер еді” дейді декабрист (17-бет). Пестельдің пікірінше. Россияны республикалық әкімшілік елді

мекендерге бөлшектегенде 10 облыс және 2 жеке ұлыс (удел) – Дон және Арал – құрылмақ екен. Россия армиясын “қырғыздың” атты әскерімен қамтамасыз ету үшін “Арал ұлысы Қырғыз-Қайсақтардың жері негізінде құрылуы тиісті” болды (27-бет).

Дегенмен Пестельдің ұлттық мәселе туралы пайымдарына декабристерге тән шектеушіліктің болғаны айқын. Пестель орыс емес халықтардың барлығы (поляктардан басқа) дербес мемлекет ретінде бөлініп шығу правосынан айырылуын қолдайды, федеративтік мемлекет ісін басқарудың принциптерін мойындамайды, ұлттық мәдениеттің дамуын қажет деп санамайды. Осы негізде Пестель ірі қателікке ұрынады: “барша халықтардан бір халық түзіп, Россияны мекендегендердің барлығы орыс болуы тиіс” деп жазады (55-бет)... Тіл мәселесінде де Пестель осындай теріс пікірде болды. Халқымыздың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов та декабристер ұшқынынан кеудесіне жалын ұялатып, теріс пікірлерінен бой алыстатқаны айқын.

Білім және еңбек. 1986. №11

Тұңғыш декреттің түйткілі

ДЕКРЕТ

**ЦИК Каз ССР о введении
делопроизводства на
казахском языке**

22 ноября 1923 г.

В осуществлении Постановления Всекиргизского съезда Советов и декретов КирЦИКа и СНК

а) О признании государственными языками на территории КАССР киргизского (казахского) и русского языков;

б) о введении делопроизводства в государственных и общественных учреждениях и организациях КАССР, наряду с русским, и на киргизском языке;

в) о принятии и издании декретов, инструкций, циркуляров, обязательных постановлений и других законодательных и правительственных актов на обоих, КирЦИК постановил:

1. Ввести с 1 января 1924 г., киргизский язык в делопроизводство во всех киргизских волостях КАССР и в следующих уездах: Адаевском, Тургайском, Челкарском, Темирском Актюбинской губ., во всех уездах Букеевской губ., Джамбейтинском и Гурьевском Уральской губ., Каркаралинском, Зайсанском Семипалатинской губ., причем в уездах со смешанным населением делопроизводство ведется параллельно на киргизском и на русском языках.

2. Во всех остальных уездах и губерниях КАССР, за исключением Оренбургской губ. и ее уездов, делопроизводство на киргизском языке вводится полностью не позднее 1 июля 1924 г., к какому сроку уездные и губернские органы обязывается приспособить свои аппараты к параллельному ведению делопроизводства на киргизском и русском языках.

Примечание: Поручить КСНК в 2-х недельный срок установить точный перечень ведомств, на которые не распространяются действия статей 1 и 2 настоящего декрета, и представить на утверждение Президиума КирЦИКа.

3. Со дня издания настоящего декрета всем краевым учреждениям приступить к приспособлению всех аппаратов к параллельному ведению делопроизводства, наряду с русским языком, и на киргизском языке, причем, окончательным сроком введения в них киргизского языка считать 1 января 1925 года.

4. Предложить всем наркоматам и краевым учреждениям издать в течение 3 месяцев относящиеся к деятельности каждого из них руководящие законоположения на киргизском языке, и с 1 января 1924 г, все проекты декретов и постановлений подлежащих утверждению законодательных органов, представлять одновременно на 2-х языках – киргизском и русском.

5. Поручить НК РКИ, при участии комиссии по введению делопроизводства на киргизском языке КирЦИК, выработать образцы и формы делопроизводства в волостном масштабе не позднее 1 января 1924 г. и преподать их местам для руководства.

6. В специальных учебных заведениях и профессиональных курсах по подготовке работников, как обязательный предмет, ввести преподавание форм делопроизводства.

7. Для руководства и направления работы по введению делопроизводства на киргизском языке при КазЦИКе и губисполкомах создать специальные комиссии, права и обязанности которых определяются особым положением.

8. В развитие настоящего декрета НКВД и НКЮ разработать соответствующие инструкции, которые внести на утверждение в КирЦИКе.

(ЦГА КазССР, ф. 787, по. 1, д. 689, л. 48 и об.)

1989 жылы кезде қазақ тілі конституциялық заң негізінде мемлекеттік дәрежеге ие болғаны мәлім. Заң тілімізді үлкен қауіп-қатерден, тіпті апаттан аман алып қалды деп қуанып жатырмыз. Ағылшын тілінің уэллс диалектісінде еркін сөйлейтін қазақ жасы ана тілінде сәлем беруден қалғанын көзіміз көрді. Кейбір ортада мұны жетістік санағандар да табылды. Барлық қазақтардың 40 проценті өз ана тілін білмейтінін енді ғана мойындап жатырмыз, ал сол 40 проценттің барлығына жуығы жастар екенін ескерсек, қазақ тілінің болашағына қаншалықты қатер төніп тұрғанын бағамдау қиын емес. Тілге деген құрмет қазір біршама тәуір. Оған былтырғы жылы Алматыдағы қазақ мектептерінің бала санының күрт өсуі айғақ. Үкімет тарапынан белгіленген шаралар да көңілге қонады.

Алайда тілді тек заңның күшімен орнықтырамын деген адам да, мекеме де қатты қателесетінін ашып айту керек. Көпшілік бұқараның күллі ұлттық ықтиятынан қуат ала алмаған заң қағаз бетінде қалмақ. Әрине, әлеуметтік құбылысты заң я жеделдетуі, я баяулатуы мүмкін. Бірақ заң ешқашан дара қозғаушы күш бола алмайды. Демек, заң қабылданды, енді ол өзінен-өзі тіл тағдырын биік өрге бастап алып кетеді деп токмейілсуге болмайды.

Қазақ тілінің басты қарсыласы – іргетасы орыс тілінде қаланған қазіргі әлеуметтік орта. Қалалық жердегі барлық қамқарекет, табалдырықтан тысқа аттадың болды, орыс

тілінде өтеді. Демек, қазақ тілінің әлеумет ісіне толыққанды араласып кетуіне – мемлекет тарапынан мықты қорған керек. Мемлекет құлдырауға ұшыраған өзінің заңды тіліне жан-жақты әлеуметтік жағдай жасамай болмайды. Қазақ тілін білгісі де келмейтін ағайындарға оны үйретудің амалдары мен тәсілдерін, экономикалық кездерін де анықтаған дұрыс. Басқа ұлт өкілдері үшін қазақ тілінде сөйлесудің тұрмыстық тиімділігін дәлелдейтін шаралар іске асқаны жөн. Экономикалық шығынға да көну керек. Демек, мемлекеттік тіл дегеніміз – мемлекеттегі “үстем” тіл ғана емес, мемлекеттің қамқорлығындағы, ықпалындағы төл баласы деп түсіну шарт. Ал ол бала шалажансар, аурушаң, болғандықтан оған ерекше көңіл мен ықылас қажет екені айтпаса да түсінікті деп ойлаймын.

Аңдысқан ағайындар қазақ тілінің дәрежесін түсіреміз дегенді алданыш көреді. Оған үкімет тарапынан бұрынғы қаулыларды қайта өзгерту шаралары себеп болды. Мұндайда принципшілдік бірбеткейлік керек. Әрине, заң қабылданбай тұрып, жеті рет өлшеп алу керек еді. Ендігі жерде шегіншектеу Тіл туралы заңға қауіп төндіреді.

Тіл туралы тұңғыш декрет 1923 жылы қабылданған. Онда да қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік тіл болып жарияланған еді. Бірақ қарау ортаға түскен заң қағаз болып қала берген еді де, тіл тағдыры созылмалы дағдарысқа душар болып, ана тілімізден қол үзіп қала жаздардай дәрежеге жеттік. Сол дағдарыс созыла келе 1989 жылы жаңа заң қабылдауға мәжбүр етті. Алайда қауіп-қатер тіл басынан өтті-кетті деген адам тағы да қателеспек. ХХІ ғасырға кірген қазақ тілі сол ғасырдан шықпай қалуы кәдік.

Тіліміздің мемлекеттік статусы бола тұра қалайша дағдарысқа ұшырады? Тілге байланысты социологиялық заңдылықтарды зерттеп білмей алғабасуға тағы да жол жоқ. Бұл қазақтың ХХ ғасырдағы әлеуметтік ақыл-ойы үшін үлкен жұмбақ болмақ. Ол жұмбақтың мен білетін бір шешімі: декреттегі “іс қағаздарын орыс тілімен қатар қырғыз (қазақ) тілінде де жүргізу” деген жолдар. Мәселе “қатар” деген жалғыз ауыз сөзде ме деймін. Қазақ республикасында қазақ тіліне дара да үстем мемлекет

тілі ретінде я бар, я жоқ “екінші” тіл рөлін беру – қазақ тілінің жаназасын шығару деген сөз. Мәселе осылай қабырғасынан қойылмайынша қазақ тілі көптілді ағайындардың ойыншығы бола бермек. Оған қазіргі “Қазақ тілі” қоғамының “қоғамдық” іс-әрекеттері дәлел.

Заңға сеніп бейтарап жүргендердің назарына мұнан 70 жыл бұрын қабылданған декретті ұсынып отырмыз. Мақсатымыздың бір жағы – тіл жанашырларына көмек көрсету болса, екінші жағы – көптің есіне салу, тарих тағылымы арқылы болашақ қателіктердің жолын кесу.

Ана тілі. 10 қаңтар 1991 ж.

Дәмі бітпес, таусылмас тәтті бар ма? Иә, бар. Ол – Тәуелсіздік!

Кіндік Азия төскейінде Үшінші мыңжылдық қарсаңында мұншама өзгеріс болып, Қазақстанның көгілдір туы қайта желбірей қалады деген ешкімнің ойына келе қоймады десек артық бола қоймас, сірә.

Ол біздің ойымызда да болған жоқ. Түбінде тәуелсіз ел боларымызды білдік. Бұған басты себеп – соңғы XX ғасырда Еуразия әлемінде өткен ұзақ ғасырларға жалғасты созылған саяси-әлеуметтік сұрапыл дағдарыс. Соңғы бір ғасырдың өзінде бұл ғаламат үлкен өлке бірнеше рет эксперименттерге ұшырап жамбасынан аунап түсті. Өндіргіш күштерді Еуропа жұртшылығына ұқсап “еңбек қаруын” жетілдіру арқылы дамытудың орнына зорлық-зомбылық қаруын жетілдіру арқылы дамытуды басты шарт санады. Одан тоталитарлық идеяны ұстану қажеттігі туды. Бұған бас ұрғандар Еуразия кеңістігін қанға бояды, ағайын арасына жік түсірді, әкесі мен туған анасын сатқандар ер атанды, тоталитарлық жүйе адамды жаншыды, құл етті, дәстүрлі адами көзқарасқа ақау түсті, құдай жолына кесе көлденең шықты, ақ пен қызылға бөлініп айқасты, бірін бірі қуысты, қайсысы қуса да аз санды ұлттарға

қысасы тиді. Кіндікті субконтинент адам мекендемейтін шөлге айналдырылды. Бұл дәуірде жеке алған мемлекет туын тігуі мүмкін болмады.

Екінші мыңжылдықтың соңғы ғасыры бойы өткен идеологиялық шиеленіс, түбегейлі шешімін таппай ұлт мәселесінің кезегі келмеді. Ұлттың тағдыр-талабы шешілу үшін “патшалық” идея мен “коммунистік идея” (екеуі де бірінен бірі өткен тоталитарлық жүйе) бірдей сұлауы керек еді. Еуразия ұлттары мен ұлыстарының біразының көз жасын құдай көрген екен.

Екінші себеп – субъективтік, ол тәуелсіздікті ұлттың аңсауы. Еуразия кеңістігі тоталитарлық ақыл-ойдан бір сәт босап, алуан қилы көзқарас орнай қалған тұста тәуелсіздік жарияланды. Қатардан қалмадық. Даяр тұрдық. Өзіміз сынаған жалтаңдық ақталды. Құлаған жүйелердің орнына ондаған мемлекеттер ту тікті. Тіге алмай қалғандарын айту аянышты. Олар әлі де күреседі. Тәуелсіздік үшін күресе береді.

“Тәуелсіздікті қаншама игересің, соншама аласың” – деген Ресей саясаты тез арада өзгеріп шыға келді. Ол кезең жалт етті де, жоқ болды. Алайда, қазағымның қолында арқасына алтын күн арқалаған қыраны бар көгілдір байрақ қалды. Байрақ биіктен көрінсін. Байрақ биікте ғана желбірейді, жерге түссе, құласа – шүберек. Алла-тағала ұзағынан сүйіндірсін! Қазірде халқымыздың іштегі және сырттағы 13 миллион кәрі-жасы тәуелсіздікке деген сусынын баса алмай жатыр.

Қазақстанды құлашын кең жайған бәйтерекке ұқсатамын. Мәуелі бәйтеректің тамыры сала-сала болатыны мәлім. Қазақстан өзінің жеріне әр тарихи кезеңдерде әр түрлі себептермен келген ел-жұртқа пана болды. Оларға да, өзімізге де ортақ Отан болды. Қазақстан азаматтығын алу, қазақпен қатар өмір сүру, қоңсылас, ауылдас болу мәртебеге айналды.

“Жалғыз ағаш жапанда ну болады”, – деп айтылатын қазақтың ескі бір өңіндегі тұлғалы жол шындыққа айналды. Көптің ризашылығы – көл.

Қазақстан мемлекетінің тамыры терең. Ең мәуелі және тереңде жатқан тамыры, әрине, өзіміз мақтан санайтын Қытаймен шендес

ертедегі көшпелі ғұн ордасы. Оның айбатын біз қазір Қытай қорғанынан білеміз. Онан кейінгісі түрік нәсілдес ел-жұрттарды мәңгілік ортақтастырып кеткен VI–VIII ғасырлардағы Түрік қағанаты, ал сонан кейінгісі атағы әлемге танымал Алтын Орда. Бұлар ұлысымыздың Ұлы күндері. Олар аталмай кетпеуі – шарт. Бұлардың бет-жүзін шаң бастырмауымыз керек. Ол біздің кемелдігіміздің белгісі. Бұлардың қайсыбірін алмаңыз, айбынды да айбатты. Осы Алтын орданың оң қанаты – Ақ Орда, оның негізінде құрылған Қазақ Ордасы. Алтын Орда босағанын, шаңырақтың аты емес, аты киелі қазақ ордасы. Тарихымызды қай жағынан қарамасақ та кемсінетін жеріміз жоқ. “Тақ – менің ертоқымымның астында”, – дейді екен Ақ Орданың бір ханы.

Қазақ Ордасы дүниеге келе сала көршілес елдердің қаһарына түсті. Бір жағынан қытай боғдыханы, жоңғар хонтайшылары, Мәуереннахр билеушілері, орыс императорлары қазақтардың жүріс-тұрысына көз тікті. Жер қорып жүріп, қырғи-қабақтықтың да меселін басуға тура келді. Қазақ идеясына қарсы бағытталған көзқарас негізінде бас қосып, күш біріктіру, қазақтың басын тарыдай шашу оңай болды. Бірақ сол кездің саяси элитасының ауыз бірлігі, ұлт болу, мемлекет болу идеясы бұлардан әлдеқайда басым жатты. Шу мен Суықтөбе арасындағы тоқымдай жерге ту тігілді. Отыз жыл өте Қазақ Ордасының әскер саны ғана миллионға (“мың да мың”) жетті. Қазақ Ордасы Селеңгі мен Дон арасына аяқ созды. Қазақ болу мақтаныш саналды. Тарихымызда мемлекет құруға талпыныстар көп болған. Бірақ барлығы бірдей іске аса бермеген. Қазақтың бойында құнарлы жақсы қасиетпен бірге құнарсыз жаман қасиет те жетіп жатыр. Соның бірі – кінәмшіл, кінәрәтшылдық та бар. Құбылысқа аз-мәз сызат түссе, талағымыз тарс айрылып өкпелей қалатын мінезіміз бар. Артын бағамдауды барлығымыз біле бермейміз. Бір күндік қиындыққа шыдау қиындықтың алдын алып амалдай тұрудың орнына азар да безер болатынымыз бар. Ол мінез мемлекет құрып жатқан халыққа жарамайды. Таққа ұмтылғандардың баршасын таққа отыра бергізетіндей бізде

тарих жоқ. Осыны ойлаған Шыңғыс хан немерелерінің үшеуіне ғана орда тігіп, ең жақсы көретін немересі Батуды “Алтын босағалы ақ ордаға” кіргізіп бата беріп, жолын ашқан деседі сол заманның жәдігерлері. Қалған немерелеріне Батудың тілеуін тілеуді, оның “ескісін киіп, ешкісін бағуды” бұйырған.

Орда құрылып жатқандағы о бастағы ой “елдің тұтастығын, ауызбірлігін сақтау” еді. Әрине, бұл ақыл-ой қара басының камын ғана ойлайтындарға жүрмейді.

1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған мемлекет – Қазақстан Республикасы ойланып-толғанып, жеті өлшеп, бір пішіліп келгені мәлім. Тәуелсіздік жарияланбай суверенитет заңдастырылғаны мәлім. Тәуелсіздік пен суверенитет бір ұғымды білдіргенмен екеуінің базар бағасының арасы кеңес туын ұстағандар үшін жер мен көктей болды. Кеңес республикаларында да алдамшы социалистік суверенитет болды. Осыған алдандық. Бірақ бүтіндік болмады. Ол көбіне “социалистік” тұрпатта болды. 1937–1938 жылдың синдромы тағы тұрды. Демек, аяқты санап басу “ішкі есептен жаңылмау” философиясы жүрді. Кеңестік кеңістіктің шуы құлақ жаңғырықтырып жатты. “Дәмі бітпес, таусылмас тәтті бар ма?” – деген Абай сауалына қайтарар жауап бар. Ол – Тәуелсіздік. Онан биік мұрат жоқ. Дәмі бітпес, таусылмас тәтті бар ма? Дейді Абай. “Бар!” – демекпін. Ол – Тәуелсіздік. Онан биік, онан мәртебелі мұрат жоқ. Болмайды.

Тәуелсіздік, қазағым, сенің тамыр-тарихың.

Тәуелсіздік, қазағым, сенің абыройың, намысың.

Иығында қалқаның, маңдайында жұлдызың.

Төбеңдегі айдарың, қабағыңа біткен айбарың, аруағыңның аманаты. Жауырынындағы қанатың, желкеңе біткен жалың, төбеңдегі кекілің. Алдындағы – несібең.

Тәуелсіздік жолына бәрін бер! Садақа! Тәуелсіздігіңді қорғай біл!

Егемен Қазақстан. 14 қаңтар 2001 ж.

Көк ту желбіреп тұрсын десек

Тамыр ұшын 1962 жылы Мәскеу университетінің қабырғасында құрылған студент жастардың “Жас тұлпар” атты ұйымы мен “Азат азаматтық қозғалысынан алған Қазақстанның Республикалық партиясы Одақтың орып түсіп тұрған заманында Қазақстанның тәуелсіздігін, қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуын, қазақтың өз алдына ұлттық валютасын көксеріп, ту көтеріп шыққан еді. Құдайдан шығар, қан төгіп, жан бермей-ақ тәуелсіздікке қолымыз жетті. “Қан төкпеген жерімізге тер төгейік” деп, қалың қазақты бейбіт, жасампаз әрекетке шақыратынымыз тактикалық амал емес, бүгінгі күн сұранысы.

“Қазақстанға шекараның керегі қанша?” деп сұрайды “Единство” деген шовинистік ұйымының басшысы Ю. З. Бунаков мырза.

– Юрий Михайлович, сізде саяжай бар деп естідік, рас па?

– Иә, бар.

– Саяжайыңыздың дуалы бар ма?

– Дуалсыз үй бола ма? Онсыз тонап кетпей ме?

Сізін алақандай саяжайыңыздың дуалы болады да Қазақстандай байтақ елде дуал болмағаны қалай? Онда орыс – сіздің де, қазақ – менің де тоналып жатқанымыз содан болар?! – дедім.

Алайда Ю. З. Бунаков мырза сезімді жүре тындап, теріс айналды. Біз кедейшілікке тәуелсіздік жолына көшкендіктен ұшырап отырған жоқпыз, керісінше, тәуелсіздігіміз толыққанды болғандықтан тоналып жатырмыз. Шекара жоқ, тесік көп. Өз басым бүтін шекарасы жоқ елдің жари қоярына сене алмаймын. Шекара мәселесі Қазақстанның Республикалық партиясының басты назарында. Бұл ең өзекті мәселе, елімізді дағдарыс қысымынан алып шығатын ұлттық мүліктің басы. Бірақ мұнан шекара жабылса болды Қазақстан бірден гүлденіп кетеді деген ұғым да, Ресеймен қарым-қатынас үзіледі деген тұрпайы пікір де тумайды. Ресей мен Қазақстанның ара қатынасы өркениетті

сапаға көтерілді. Шекарадағы орыс пен қазақтың қолында безбен тұрсын, біріне-бірі өлшеп алып, өлшеп берсін дейміз.

Әрине, ең әуелі қоғамдағы мемлекет билігінің үстемдігін арттыру керек. Қазақстандағы демократиялық мекемелер есігін ашып, үкіметтің саяси билігін бәсеңдетіп алсақ, дағдарыстың әлеуметтік залалы күшейіп, ол созылмалы сипат алады. Қылмыс пен заң бұзушылық әсіресе оның ұйымдасқан түрлерінің мемлекет аппаратымен сыбайлас қанаты өрши түседі. Ал қазақ баласының демократиялық мекемелерді меңгеру ісінен қалыс жатқандығын, оның демократиялық қимыл-әрекет дәстүрі қалыптаспағандығын ескерсек, бұқаралық солақайлық ұлттық апатқа тіремеуіне ешкім кепілдік бере алмайды.

Қазірде Қазақстан халқы өте-мөте ауыр тұрмыс кешуде, жоқшылық құрығы қала мен ауыл тұрғындарын бірдей қылғындырып отыр. Дегенмен, ауыл тұрғындарының хәлі мүлде мүшкіл. Дүниеге келгенін қуана қарсы алған ұлттық теңгесінің әлі суретін де көрмеген қазақ бар. Жалпы халықтың табыс деңгейін 2 есеге көтеру күн тәртібінде тұр десек, ауыл-село тұрғындарының табыс деңгейін 5–6 есеге арттыру керек. Өдеттегідей бұл шара қаулы-қарар деңгейінде қалмай, іс жүзіне асқанын қатаң бақылау қажет. Жекешелендіруді ауыл-село тұрғындары мен табысы төмен әлеуметтік топтардың мүддесін ескере отырып жүргізген жөн. Қазақстанның жергілікті табиғи-климатологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тәжірибе аймақтарын құрып, онан алған жанды мәліметтер мен деректемелер негізінде ғана халық шаруашылығын реформаға түсіру керек. Бұл шаралар ең әуелі совхоздар колхоздарды жекешелендіріп, оларды, негізінен, фермерлік шаруашылықтар мен шағын ауылдар құру үстінде іске асырса деген ой бар.

Өзі уызға тоймаған жас мемлекет халыққа жәрдем етпей жатыр дейміз. Бірақ кейінгі кезде жәрдемақы беру бірбеткей саяси шараға айналып отырғанын дұрыс дей алмаймыз. Мұндай саясат шынын айтсақ, халықты мүсіркеу емес, кемсіту, қорлау. Әлемдік тәжірибеде әлеуметтік көмек көрсету ісі деп тұрмыс-тіршілігі төмен топтарға жаңа жұмыс орнын

ашуды айтады. Мемлекеттің халыққа шынайы жаны ашыса, ол жәрдемақы бергеннің орнына (әрине, кейбір топтарға жәрдемақы да керек) жұмыс орнын ашқаны абзал. Ол үшін нарықты экономиканы өркениетті жолға көшіріп, ауылдық жерлерге шағын кәсіпорындар шоғырландырып, ұлттық бизнеске қамқорлық көрсету керек. Үстірттің ұлутасын, Аралдың тұзын, Марқакөлдің мәрмәрін, Шу аймағының кендірін, Зайсанның көмірі мен мұнайын ел игілігіне жаратып, бүгінгі күн технологиясын шикізат көзіне жақындатқан дұрыс болар еді. Ол үшін шет ел қаржысына қазіргіден де кеңірек жол ашу ләзім. Шет ел қаржысының Қазақстанға кең-мол кірігуі еліміздің тек экономикасын көтеру үшін ғана емес, Қазақстанды саусағын бүккен тыс жаудан қорғау үшін де керек. Мұның стратегиялық жағын отаршылықтың дәм-тұзын татқан қазақ ұлты есінен шығара қоймас. Қазақстан халық шаруашылығын қуат үнемдеуші салаларға бұру – кезек күттірмейтін мәселе. Егін алқаптарын шектей отырып, табиғи мал жайылымдарын кеңейту ісі дереу түрде қолға алынса, жанар май тапшылығынан ақсап отырған ауыл шаруашылығын тығырықтан құтқарып, игіліктің арзанқол көзін ашар еді. “Малды – кебекке, малшыны – алтынға ал” дейді екен бұрынғы қазақ байлары. Малшы еңбегі құрметтелгенде ғана мал күйлі болады. Малшыға ықылас, қазаққа деген жақсылық. Малшы еңбегін шахтерлер деңгейіне көтерудің уақыты келді. Малшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту шаралары қолға алынғанда, оларды қарулы бандитизмнен қорғаудың да жолын қоса ойластыру керек. Қазірде ірі қалалардың маңайында тұратын шопандар рэкetter мен бандиттердің қарулы шабуылдарына ұшырап, мал тоналып, адам өліп жатыр. Шопандар мен жылқышыларды қару-жарақпен жабдықтамай болмайды. Қару асынған малшы даланың сәнін де келтіреді. Ондай адам жүйрік ат, әбзел, тамақ пен киім таңдайды. Солтүстік Американың ковбойлары қару асынған сиыршыдан шыққанын ескерсек, қару шопанның да еңсесін көтеріп тастайды.

“Құдайдан түйе сұрап едім бота берді. Бірақ оның ернін жырық қылып берді” деген екен түйе көрмеген ауылдың

сөзге әуес сөзуар бір келіні. “Жұт жеті ағайынды” дегендей, Қазақстанның өрт шалмаған қай мүшесі бүтін?! Соның тағы бірі – кешегі отаршыл “қызыл” империяның өктемдігінің салдарынан азған ел мен тозған жер тағдыры.

Семей полигоны октаулы мылтық секілді – түбінде бір атылуы хақ. Полигон жабылған жоқ. Ол жұмысын уақытша тоқтатып тұр. Демек, полигон жабылды дегеніміз құр әуегей. “Жауын бір жауса, терек екі жауады” демекші, іргеміздегі Лоб-Норполигонының заһарынан қайда қашып құтыламыз? Сөйте тұрып, Қазақстанға атом электр стансасын салу туралы дақпырт естиміз. Тегін нәрсені кім жақсы көрмесін, атомнан алынған электр қуаты, әрине, арзан. Бірақ атомдай тарпанды ауыздықтау мәдениетін игерсең ғана ол – арзан, әйтпесе – апат. Оның дәлелі: Украинаны зарлатып кеткен Чернобыль атом электр стансасы. Жеріміздегі полигондарға, күллі стратегиялық мүлікке Қазақстан мемлекетінің билігі жүргенде ғана еліміздің бағы ашылмақ.

Отаршылдық індет Қазақстанға шет ел азаматтарының емін-еркін кіруіне шектеу қойылғанда ғана бәсеңситіні мәлім. Ал сол келімсектер төрімізге шығып алып, қос азаматтық сұрап отыр. Қос азаматтық туралы әуегей – Қазақстанды бөлшектеудің амалы. Демек, шет ел ақпарат құралдарының сырттан айтақталған идеологиялық арандатуына тиімді тойтарыс берілетін күн туды. Қазақтың елі мен жері бір – тұтас, бөлінбейді. Қазақстан – дүниедегі барлық қазақ ұлтының қасиетті Отаны. Сондықтан сағынып, зарығып жүріп Отанына оралғандарға құрмет пен көмек көрсетуіміз керек. Отанымен табысқандарға ерулік дастарқанынан орын ұсыну тұрмыстық шара десек, ол жеткіліксіз. Отанына оралған қазақ өкілдеріне парламент пен жергілікті басқару жүйесінен орын сайлауды талап ететін салтанатты дәурен де келді.

Қазақтың ішкі рушылдық пен жершілдіктен туған кикілжіңі бар. Ұлтымыздың бас біріктіруі тәуелсіздігімізге байланысты, аға ұлтқа айналғанының да басты көрінісі болмақ. Жеке қазақ емес, Қазақстандағы барлық ұлттар мен ұлыстардың көк

туымыздың астында рухани және моральдық саяси бірігуі гүлденуіміз бен салтанатты тұрмысымыздың кепілі болар еді. Әсіресе қазақ пен орыс халықтарының ынтымағы Қазақстандағы басқа ұлттар мен ұлыстарға да тағылым болып, тұрақтылық пен келісімдіктің арқауы деп есептейміз. Әрине, ұлы достықтың сезімі үшін тепе-теңдіктен басқа күштің қажеті де бола қоймас. Жалған интернационализмнің дәм-тұзын татқан қазақ халқы шынайы достыққа құштар.

Қазақстанда қазақтың көкейкесті арман-тілегі орныққан сайын халық санын, оның демографиялық қуатын, көші-қон ісін реттеу мәселелері алға шыға беруі заңды. Мемлекеттің барлық мүмкіншілігін бала мен ана өлімін тежеуге жұмсап, дәстүрлі отбасының – некелік қатынастарды қайтадан орынына түсірмей болмайды. Жас жұбайлардың жанұясын нығайту үшін елімізден кетіп жатқандардың үй-жайын осыларға алып беру бірден тиімді әрекетке айналар еді. Бізде ұлттық ғылым, әдебиет пен өнер, денсаулық сақтау мен мәдениет салаларының көбі маңдайшасындағы жазуға маз, күнкөріс мүлде ауыр. Бұл салаларға үстеме қаржы бөлмей өздігінен дами алмайды.

Иә, бұның барлығы әмбеге аян... Десек те кеше дүниеге келген біздің партия бүгін билік басында отырған жоқ деп, үлкен іс бітірмеді деп өкпе арту әбестік болар еді. Партияның қанатын қағып кете алмауына нақты себеп көп. Қазақ тарихында бұған дейін саяси дәстүр қалыптаспаған. Абай ғұлама, философ ақын болды, бірақ саяси мәселеге қоян-қолтық араласқан емес. Қазақтың Дидро, Жан Жак Руссо, Сунь Ят Сея секілді ұлттық мемлекетке негіз саларлық саясаткерлері болмады, болғанмен үнін шығармайтын үкімет желкесінде еді. Ұлттық саясаткерлердің Міржақып, Ахмет, Әлихан сияқты алғашқы легінің құрбан болуы осыған куә. Алайда, ішкі-сыртқы саяси партиялық концепциясыз мемлекет болмасы өмір заңы. Біз, міне, бүгінгі партиямыз арқылы келер ұрпақтың ат-әбзелін әзірлеп, бәсіресін сайлап берсек дейміз. Әйтеуір, бізден кейінгілер саясатты нольден бастамаса екен. Болашақ ұрпаққа, жерге де, елге де ие боларлық қазақтың кәсіпшілеріне жәрдеміміз болса дейміз.

Бала кезімде әжем: “Бұған тимендер, ертең инемді сабақтап береді ғой” деп қорғаушы еді. Біз де қазақтың инесін сабақтауға жарап, жас ұрпақ жолындағы қарын күреп, жүретін көпірін салып қойсақ екен.

Қазірде сайлау науқаны біздің партиямыз үшін өте күрделі жағдайда жүріп жатыр. Сайлау мен сайлау тәртібі өзгергенмен, жетпіс жылғы дағдыдан бұра шығып, басқаша тыныс алу да оңай емес. Халықтың алдамшы уәдеге алданып қалуы да болмай жатқан жоқ. Бұған дейін Жамбыл облысында болған бір уақиға еске түседі. Сайлау болар алдында үш күн бойы дүкен сөрелерін ет пен шайға қайыстырып қойған тұтынушылар одағының бастығы депутат болды. Үш күннен кейін әлгі байлықтың ұшығы да қалмады. “Қой бақтың, қоңыраулаттың” деп, өмірбақи етке есеміз кетпесе де, елдің алдына түсе алмағанымыз анық. Ғылым-білімнен қағажу қалып жүріп, бүйіріміз шықпасы белгілі болды. Демек, дауыс беретін әрбір азамат үлес салмағын үш күндік нәпақаға емес, күллі Қазақстанның тағдыры, ұрпақтың тағдыры үшін беріп тұрмын деп түсіну керек. Бүгін бүйірлі болмасақ та, келешегіміз болсын.

Қазіргі бір ерекшелік, Президент сын естуден кенде емес, жұртшылық кейде тауып, кейде қауып та айтып жатады. Кезінде: “Нүрекеңнің бір ісі бар, жолында өлгің келеді, бір ісі бар, қолында, өлгің келеді” деп бұған қатыстық. Заманның бет-бейнесі айқындала түсті. Президенттен алыстап кетсе тоңатын, жақындап кетсе күйетін кезеңге келдік. Орынды, орынсыз айтылған сынның сипаты енді белгілі болып жатыр. “Елбасының түпкі ойын түгел білмедік” деген асылық та жоқ емес. Ақыл, парасатпен санасу керек.

Чешенстан мен Ресей өкіметі кикілжіңге келген кезде Д. Дудаевтың: “320 мың автоматты Мәскеуге қарсы қоямын” деген мәлімдемесі есімізде болар. Шынында, 320 мың чешеннің қолына автомат беріп, Мәскеуге қарсы алып шығу оның қолынан келетін еді. Ал жеті миллион қазақтан 320 мың қол шыға ала ма? Күмәнім бар. Неге? Себебі чешеннің аты чешен де, қазақтың аты қазақ. Қазірде Қазақстан әскерінен қаншама жас қашып жүр. Дені қазақ. Президенттің күмәншілдігі осы

арада шығады. Әлі күнге қазақтың аяғы сылтық, қолтығы жыртық. Еңсесі көтеріңкі емес. Халқының шамасына қарай іс қылғаны дұрыс. Сол шамада өмірдің барлық қырында да безбеніміз болсын. Атқа қонған Елбасы қол тастап кетсе, тарихта тамтұғы қалмаған ұлттардың кебін құшу қиын емес. Қалай қылғанда жаңа парламенттің құрамында қазақ ұлты мен қазақстандықтардың намысын жыртатын жергілікті және басқа ұлт өкілдерінің болуын қалаймыз. Жердің тұтастығын, елдің өсіп-өркендеуін шешетін парламентке бір қайнатым шай, бір салым май берген адамды сайлап жіберу өкініш, өмірімізге қатер.

Қарапайым мысал айтайын: орыстың көшіп кетуі проблема емес, “Давай, Васька завтра пойдем пасти овец” десең, олар сол “завтраға” дейін үй-ішімен Ресейде отырады. Бүкіл проблема қазақтың мойнында қалады. Орыс көшсе қазақтың шамы жанбай қалады. Сол шамды жөндеймін деп бір қазақ тоққа түсіп өледі. Теміртаудан темір, Қарағандыдан көмір шықпай қалуы ғажап емес. Орыс Қазақстанның қажетті бөлшегі, толық құқылы мүшесі. Оған шек келтіруге болмас. Жағдай жақсарып, табиғи сұрыпталу жүрмей тұрып, іштегі сырды күні бұрын жалаулатуға болмайды.

Біздің бұл халықта талай марқасқалар туған, туа да береді. Кешегі өткен Қонаевтың тигізген үлкен пайдасы қазақ шенеуніктерінің қалыптасуына ықпал етті. Қазақтың басына бір тоқпақ кем тиді. Шенеуніктердің әрқайсысынан партократтық қасиетті көріп, жиырыла беруге болмайды. Олар солай жүріп те жаманды-жақсылы дәстүрдің іргетасын қалады. Қолына папка ұстап, ел басқарудың жүйесін қалыптастыруға үлес қосты. Және соның бәрі ізсіз кеткен жоқ. Адал, іскер, көреген ұлт шенеуніктерінің шығатын күні енді туа береді. Қазақты тәжік пен грузин, молдаван мен әзірбайжан тағдырымен үркіткім келмейді. Жүзім өсетін өлке бар да, даласынан жусан исі шығатын өлке бар. Жүзімді өлкенің жүзімін жусанды далаға тіксең, жусан болып шығады. “Ермен шықты ит қылып, бидай шашқан егінге” деп, бұлқынады Абай. Әр ұлттың өлшеулі тағдыры бар. “Мен анау боламын” деу қате.

Осы жуықта “Жас тұлпарды” бірге құрысқан досым, ғалым, демограф Мақаш Тәтімовпен жолығып қалдым. “Мақаш, қазаққа не керек?” деп сұрадым тұтқиылдан. “Тыныштық” деп ойланбай жауап берді абзал жан. “Аш құлақтан, тыныш құлақ” демексің ғой деп жеңіл кекесін айттым. Ол қолындағы жуықта ғана баспадан шыққан “Қазақ әлемі” деген кітабын ашып: “Кейінгі үш жылда қазаққа 500 000-нан астам бас қосылыпты”. Міне, тыныштық қазаққа не үшін керек! (леп белгісін мен қойдым. – С. А.) Ал Грузия, Армения, Тәжікстан, Әзірбайжанда өткен шайқастарда бір миллионнан астам адам қаза тапты. Олардан туар ұрпақтың санын есептеу үшін компьютер керек! (бұл леп белгісін әдетте жұмсақ лебізді Мақаш қойды. – С. А.). Тәуелсіздік алынды, енді сол тәуелсіздік туын ұстай алатын білек керек. Көк байрақ тік шаншылса ғана – ұлттық ту, жығылса – шүберек.

Халық кеңесі. 3 наурыз 1994 ж.

Латынға көшсек екен

Тәуелсіздікпен ентелеп бірге кіретін игіліктер болады. Тәуелсіздік бізге жалқы, жалаңаш мазмұнсыз келгені мәлім. Саяси тәуелсіздікті мазмұнмен толықтыратын дәуірді әдетте “деколонизация дәуірі” деп атайды. Ол бізде әлі жүрген жоқ. Артқа қалдырамыз деп уақытты көп өткізіп алдық. Жоғалтқанымыздың орны тола қоймас. Енді тәуелсіздікті шынайы мазмұнмен толықтау шарттары. Бұлардың біраз саласы мәдениетке, жазу-сызу ісіне саяды. Жеке адамның жазу мәнеріне қарап, сол адамның мінез-құлқын ажыратуға болады. Мұны графология дейді. Ұлт та жеке адам тәрізді. Оның тарихы, әдеби мұрасы, асыл арманы, өзіндік бет-бейнесі әліпбиінен белгі беріп жатады.

Қазақ ұзына тарихында жазу әліпбиінің біразын басынан өткізгені мәлім. Ежелгі жазу V–VI ғасырлардағы түрік руникасы

болатын. Ол – қазаққа төл, бірақ графикасы жетілмеген, қашау мен балғаға арналған, бұрышты, тік, сынық, қалам мен қағазға бейімсіз, сондықтан оның қазақ тілімен ендігі байланысы архив мұрасы болып қала бермек.

Екіншісі – араб әліпбиі, Құран графикасы. Көне финикиялық, арамейлік, семиттік графикамен сабақтасады. Ол әлемдік жазу өнерінің бір бұтағы ретінде Қазақстанға VIII ғасырда ислам дінімен қоса дарыды, ата-бабаларымыз осы әліпбимен сауатын ашты, салауатын айтты, иманына келді, өлгенде құлпытасына аты-жөнін жазды.

Қазақ халқының мәдени және рухани дәуірлеуіне себеп болды. Фараби, Йүгінеки, Қашқари, Дулати, Жалаири, Йассауи, Абай, Шәкәрім, Әлихан, Мұхаметжан, М. Әуезов еңбектері ең алғаш осы графикамен жарық көрді, елге тарады. Араб әліпбиі қазақ тіліне қаншама көндірілгенмен әлі де көне қоймайды. Өйткені, оның канондық дыбысталуы Құранмен ұштасады. Оған қазақ дыбысын арнап, алғаш бұғаулық салған белгілі реформатор Ахмет Байтұрсынұлы еді, оның “қадымға” негізделген “төте жазу” емлесі тарих төріне шыққанмен архивтің “қазба байлығына” айналды. Халқымыздың жазба мұрасының біраз бөлігі осы әліпбиде. Қытай, Ауғанстан, Иран еліндегі ағайындарымыз әлі де осы әліпби арқылы байланысып, түсініп отыр. Біздің тарихи мұрамызды өзімізге жеткізіп берген бұл жазуға де өкпе болмау керек.

Елімізде большевиктер жүргізген “мәдени революция” тұсында аз уақыт латын таңбасына көшкеніміз мәлім. Б. Майлин мен І. Жансүгіров ату туралы соттың шешімінің көшірмесін осы жазудан оқыды. КСРО-ның барша мұсылман халықтары бұл әліпбиге бір күнде көшті. Бірақ ғұмыры ұзақ болмады. Өйткені, әлемдік интернационализм жолынан тайған большевиктер латын әліпбиінің орыстандыру саясатына жарамайтынын тез байқады да дереу, Ұлы Отан соғысы алдында орыстың Петр заманынан бері ресми “ұлттық таңбасы” болып саналатын кириллицаға көшірді. Әсілі, кириллица “шіркеу” таңбасы еді, діни әліпби, православие әрпі. Осы әріпте қалсақ, біз де орыс секілді

әлемдік өркениетке мәңгі қосыла алмаймыз. Кириллицамен бірге қазақта “ов” пен “ичтер” көбейді. Ол Ы. Алтынсарин мен Абай Құнанбаев кезінен кірді десек қателесер едік. Қазақ ономастикасында “ов” пен “ичті” бастап жүргендер Х ғасырда шоқынған қыпшақ хандары, “Игорь жорығы туралы жырдағы” Шарухановтар мен Токсобичтер. “Ақыл ауыс, ырыс жұғыс” деген.

Кириллица православие әлемін ғана қамтиды, православиелік өмір дәстүрін насихаттайды, православие философиясының қолына су құяды, православиелік идеологияны ту көтереді. Кириллица – орыстандыру саясатының рухани құралы. Осының бел ортасында біз, қазақ, жүргеніміз қалай?

Бұрын күшпен, зорлықпен кірген дүниені, тәуелсіздік алғаннан кейін де, қолданғанымыз елдігімізге нұқсан келтірді. Кириллица славян тіліне, дауыс, дыбыс жүйесіне негізделген. Ол ойран салған 60 жылда қазақ тілінің дыбысталуы өзгерді, “орышаланды”, теледидар мен радио дикторларының таңдайларының тақылдауық болуы сонан. Өйткені біздің табиғи орфоэпиямызды бүлдірді, бүлдіре де бермек. Тіліміздің шұбарлануының бірден бір себебі де – осы.

Латынға көшу керек!

Латын әліпбиі қазақтың жерін жыртып, малын бағып береді демеймін. Ай мен күннің аманында орысқа айналып бара жатқанымызды тоқтатады. Қазақ қазақ болғысы келмейтін заманға тап болдық, осындай қиын-қыстау заманда көпір болады. Ұлттық салауатымызды қалыбына келтіреді. Басқа ұлттардың мәдени және моральдық экспансиясынан құтқарады. Әлемдік өркениетке тікелей бет бұрамыз. Компьютерлік тіл мен қазақ тілі қайымдаса қалады.

Түркі халықтарының кемеңгер көсемі Кемал Ататүрік Түркияның ең бір ауыр шағында елін латын әліпбиіне көшіргенін есте ұсталық. Түрік әліпбиінің негізінде жасалған қазақ әліпбиі даяр. Мұндай мың жылда бір болатын келелі іске кедергі болмайық. Бұрынырақ латынға көшсек, “жазба мәдени мұрамыз шығын болады” деген сандырақ естіген едік.

Кириллицада жазылған дүниелерді өртейік деп жатқан жоқпыз. Ол қалады. Қызыққан адам оқиды, керегіне жаратады.

Ал қазақ үшін, оның мәдениеті мен болашағы үшін кемелді шақ туады.

Заман-Қазақстан. 9 сәуір 1999 ж. №15

Шығандап кеткен бір жұрт бар... Түркі тілі мен Америкадағы үндіс тілінің төркіндестігі туралы

Редакция почтасының ішінде америкадағы үндістер (индеецтер) мен түркі тілінің байланысына қатысты нақтылы айғақ-дәлелдерді білгісі келген хаттар кезігеді. “Құрметті редакция, – деп жазады Қостанай облысы Қарасу ауданының тұрғыны Өмірбек Қасымов, – соңғы жылдары одақтың, республикалық баспасөз беттерінде үндіс-түркі тілінің тектестігі туралы қысқа-қайырым пікірлерді көзіміз шалып қалып жүр. Осы жөнінде білгім келеді”.

Бұл тақырыпқа алғашқылардың бірі болып ден қойған совет түркологтары М. Әрібжанов пен А. Каримуллиннің зерттеулерін негізге ала отырып, оқырман сауалына тарих ғылымының кандидаты С. Нұржақиянов (С. Ақатай) төмендегідей жауап береді.

Адамзаттың тарихи тағдыры біртұтас. Қилы-қилы заманалар, шытырман оқиғалар тіршілік тәлкегіне (В. И. Ленин) түскен ертедегі адамдар қауымын Жер шарының түкпір-түкпірін паналатып, қиыр жайлатып, шет қондырды. Қатыгез ауа райы алғашқы адамдарды үйреншікті мекенінен қоныс аудартып, әлемнің басқа адам баласы баспаған шалғай жерлерін ойкумэнге (адам мекендейтін қоныс, тұрақ) айналдырды.

Табиғи және әлеуметтік әрекеттердің салдарынан өздерінің табан тіреген ежелгі ата-мекені Азиядан қоныс аударғандар – американдық түпкілікті халық үндістер болып саналады.

“Үндіс” Американың аборигендері үшін шартты, жаңа жер іздеген еуропа жиһангерлерінің шатасып қойған атауы. Кіші Азияны селжүк түріктері басып алған соң, Үндістанға баратын дәстүрлі сауда жолы жабылып, әлемдік экономикалық қатынастар тоқырап, мұхит арқылы Үнді жеріне жол табу өзекті мәселе болды.

Олар ашқан жаңа жағалаудың барлығын Индия деп атап отырды да, халқын үнділіктер деп жорыды. Осы негізде үнділерге ешбір қатынасы жоқ Америка аборигендері де үндіс (индеец) деп аталып кетті.

Христофор Колумб бастаған экспедиция Америка жағалауына келмей тұрған заманаларда Орталық Америкада өте жоғары сатыда дамыған майя мен инктер цивилизациясы болған еді. Христофор Колумбтың Америка құрылығын ашуы, оқ-дәрімен қаруланған испан конкистадорларына жерпшікті халықтардың гөл мәдениетін ашықтан ашық жоюға жол ашты.

Әлеуметтік қанау рухани тонаумен тұтасты: испан дін басылары жергілікті халықтарды өз мәдениеті мен тілі, рухани ырысы мен берекесінен тайдыруды мақсат тұтты. Өйткені, оларды шоқындырып, христиан дініне ендіруді “құдай” ісі, мәдениеттендірудің бірден бір көзі деп түсінді. Сондықтан болар Диэго де Ланда деген монахтың бұйрығы бойынша үндістердің өздері шығарған барлық кітаптардың күлі бір-ақ күнде көкке ұшып, түтіні бұрқ етті. Сонан кейінгі күндер Майя империясының басына қапастың қара түнегі қаптаған дәуірлерге ұласып жатты.

Араға бір ғасыр салып, XIX ғасырдың басында америка дипломаты Д. Л. Стефистың “Орталық Америка, Чиapas пен Юкатанға саяхат кезінде болған таңғажайып уақиғалар” деген кітабы жарық көрді. Бұл кітап майялардың ғибадатханаларына жиналған рухани қазыналары мен мәдени жетістіктерін Еуропа әлеміне жайып салды. Бұл игіліктердің ішінде майялықтардың ғылыми салауаттары да мол еді.

Сонан соң XIX ғасырдың орта тұсында оттан аман қалған үш кітабы табылды. Бұл кітаптағы жазбалар ғылым үшін құпия

сыры ашылмаған жұмбақ еді. Тіпті француз ғалымы Брассер де Бурбур тапқан Диэго де Ланданың қолжазбалары да бұл жұмбақ сырын толық аша алмай отыр. Сөйте тұра, “Юкатандағы жағдай туралы мағлұмат” деп аталатын бұл қолжазбалар майя халқының этнографиялық ерекшеліктері мен рухани болмысы туралы бірден бір документ болды. Диэго де Ланда бұл қолжазбаларында майя тілінің нұсқалары мен жазу алфавитін берген. Бұл – ол халықтың тілін зерттеудің негізгі қайнар көзі екені даусыз.

Кейінгі кезде американдық үндістер тілін совет тіл мамандары зерттеп жүр. Соның ішінде тюркология ғылымының мамандары да бар. Осы орайда атап өтетін бір тосын жәйіт – Қазан университетінің “Ғылыми жазбаларының” №162 басылымының жарық көруі. Бұл кітапта түркі тілдерінің мамандары М. Әрібжанов пен А. Қаримуллиннің ізденістері майя тілі мен түркі тілдерінің генетикалық туыстық қатынастарына арналған. Авторлардың пікірінше, жай сырт қарағанның өзінде түркі және майя тілдерінің бауырластығы көрініп тұрады. Ұқсастық дыбыстық құрылымынан басталып, сөздің ішкі мағыналық семантикалық жағына ойысады. Мәселен, – деп жазады М. Әрібжанов – Юкатандағы көне қаланың аты – “Таш ице” болса, түркі тілінде “таш – тас”, “ице – іш” деген мағына береді. Сонда қаланың атынан “тастың іші” басқаша айтқанда тастан өрілген “бекініс”, “қорған” деген ұғым туады. Мысалға қазірде бар Таш-ауыз (тасауыз), Таш елан (тас жылан), Таш құмыр (тас көмір) деген түркі топонимдерін келтіруге болады. Майялардың тағы бір шаһарының аты – “Тулум”. Бұл қала жалаң сойдиған қия жартастардың арасына орналасқан екен. Ал түркі тілдеріндегі “тұлым” судан сойдиып шыққан жартастар. Қазақ тіліндегі тұлым да осы тастарға бейнелеу барысында туса керек. Юкатанда толып жатқан басқа да жер-су атаулары түркі тілдері қалыбында кездесіп отырады. Мәселен, “Ялқау” (жалқау), “Яшин” (жасын, найзағай), “Яш чилан” (жас жылан), “цибинге” (шыбыншы құс (?)), “туле” (толы, семіз), қалақ мул” (қалақ мол), “коба” (құба, ақ құба), “ак” (ақ, таза), “чама” (шама, өлшем). Сол секілді көптеген су аттары да түркі тілдес

халықтардың атауларымен ұқсас. “Кок уин” (көк ойын), “дауле” (даулы, ымырасыз), “исибор” (иісі бар), “ай мар” (айлы қорған). Оңтүстік Америкадағы “Ир ұя” деген өзен аты біздің Ертіс атауына өте ұқсас. Екеуінің атында да “ер” (жер) деген түбір бар. Ал “тіс, тес” жер қойнауын қопарып, “тесумен” ұласады. Чили мемлекетінің оңтүстігіндегі бір өзен “Тунга” деп аталады. Қыста қатып қалатын бұл өзеннің атауы түркі тілдес Европа мен Азия гидрономикасында да кездесіп отырады. Мәселен, Дунай мен Илим өзендерінің бір-бір сағасы Тунга деп аталады.

Юкатан өңірінің ең үлкен өзенінің аты да “Усумасинта”. Өзеннің бұлай аталу себебі өсімдік арасынан (астынан) жылғалап ағуы. Түркіше – “усум” – өсім (өсімдік) “асинта” – астында. Шығыс Юкатанның ең үлкен көлі – “Бакалар”, басқаша айтқанда, кәдуілгі бақалар, бақалы көл.

Диэго де Ланда өз жазбаларында майя тілінің бір шама тобының аудармасын берген екен. Олардың көбі түркі тілдеріне ойысады:

Майяша	Ланда аудармасы	Түрікше	Қазақша
кин	күн	кин (кен)	күн
кош	құс	құс	құс
ем ку	құдайдың төмен түсуі	ем ку	құдайдан төмен түсуі
ишла куль	роза	иісті гүл	иісті гүл

Диэго де Ланда келтірген біраз сөздерді испан жазушыларының (переписчики) қайта-қайта қолжазбаны көшіре бергендігінен кейбір сөздердің графикасы мүлде өзгеріп түскен. Бірақ соның өзінде ішінара сөз тәркінін дәл басып айту қиын емес: “тлалок” (тілек), “имиш” (жеміс), “аль” (ұл), “айик аль” (айық, ақылды ұл), “яш” (жас, жаңа), “тукан” (құс, тоқылдауық), “туп иль” (түпкілікті ел).

Майя сөздері басқа авторларда да кездесіп отырады. Мәселен Норберт Фридте “Мала жинте, мала жинте” (жаман жігіт), Хорий Матейде “су” (су), “бальче” (балдан жасалған сусын) деген сөздер кездеседі. Майя тіліндегі теріске шығару “ма” қосымшасы арқылы түзіледі. Қазақ тілінде де “ма” қосымшасы

арқылы “барма” “сөйлеме”, отырма” деп келетін сөздер көп. Сол секілді үшінші жақтың жалқы есімдігі (единст. числа) де түркі есімдігімен бара-бар. Майя мен түркі сөздерінің нағыз кеніші деп олардың календарлық ұғымдарын атауға болады (кестеде).

Бұл көрсетілген календардағы ай аттарының жалпы 14-нің түркі баламалары бар. Майя календарының бірінші аты “Яш кин” деп аталса, оны ленинградтық американист Ю. В. Кнорозов “жас күн”, басқаша айтқанда, күннің көбею, молаю айы, екінші “це яш кин” – “жай емес күн” деп аударады. Әсілі, “це” – емес, әлде субъектінің қасиеттерінің болмауының, олқылығының көрсеткіші ме деген ой туады. Мүмкін “це, ци, чи” түркі тілдеріндегі шикі, жетілмеген, толмаған, көк. Онда це яш кин “толмаған жас күн” айы.

№	Майяши	Ғалымдардың түсіндірмесі	Түрікше	Қазақша
1	яш кин	жаңа күн	жас күн	жас күн
2	моль	жинау	көп	мол
3	чень	құдық	шың	шеген
4	яш	жаңа, жас	жас	жас
5	сак	ақ	сақ	сақ
6	кех	киік	киік	киік
7	мак	жабу	?	---
8	кан кин	сары күн	қан қиын	қан қызыл, күн
9	муан	бұлтты	?	буалдар
10	паш	барабан	?	---
11	кайяб	ақ жауын, нөсер	коеп	құйып тұр, құю
12	поп	текемет	?	---
13	уо	бақа	оу	ау
14	сип	(аң аулау құдайы)	сип	сеп
15	цех	(түсіну қиын)	цек	---
16	соц	жарғанат	соң (сос) соз	---
17	шуть	ақыры, ояғы	шул	сол

Календардың екінші айы “моль”. Зерттеушілердің пікірінше бұл сөз – “жинау”, “үю”, “көп”, “мол” ұғымын береді. Сөздің бұл мағынасы Ланданың “бұл айда омарташылар тағы бір “цек” айында өтетін дәстүрлі мейрамын өткізіп, құдайлардан гүл мен бәйшешектің мол болуын тілейтін” деп жазған пікіріне сай келеді. Мол айы жүгерінің кеш пісетін түрлеріне дөп түсіп, осы айда туған балалардың болашақта бақытты боларын ырым ететін. Майя мен түркі тілдерінің жақындығына “кайяб” айының атауы да дәлел болғандай. Кнорозов бұл сөзді “нөсерлі жаңбыр” деп аударды. “Нөсерлі жаңбыр” айында жаңбырлы мезгіл де басталады да, “кайяб” сөзі қазақтың құю, құйып сөздерімен байланысқа түседі. Ал осы айдың мұнан бұрынғы аакаан аты да түркі сөзінің “ағу”, “аққан” сөздеріне салды.

Майялардың “уо” аны аңшылар мен балықшыларға арналады. Сондықтан “уо” бұзылып айтылған “оу”, “ау” (тор, ау) балық, аң аулайтын құрал атауы емес, не екен деген ой туады. Үндістердің саяткершілікке арналған тағы бір айы – “сак”. Диэго де Ланда бұл мейрамды үндістер құдайлар алдында аңшылық кезде аққан қан үшін кешірім түрінде өткізетінін жазады. Бұлай болғанда “сак” – сақтық, қорғану мейрамы да сөз сол қалпындағы қазір де істе жүрген түркі сөзі болып шығады. “Кех” айын Кнорозов бұғы деп аударған. Әсілі “кех” түркі тілінде тағы аңдардың жалпы атауы – киік болуы мүмкін. Сол секілді “сип” – себу (тұқым себу), “соц” (сос) – сүзу, “цек” – шық болып шығуы әбден мүмкін.

Міне, осы көрсетілген ұқсастық майя үндістері мен түркі халықтары арасындағы тіл байланысын нақтылы айғақтай алады.

Ю. В. Кнорозов келтірген 300 сөздің 50-ге жуығын қазіргі және көне түркі тілдері арқылы түсіндіруге болады дейді татар тіл зерттеушісі А. Г. Қаримуллин “Үндіс және түркі тілдерінің туыстық ықтималдығы” деген мақаласында. Мысалы:

Кнорозов бойынша	
Майя тілінше	Түркі тілдерінде
иаш	Яшь – жас
Кун	Көп – күн, күнің көзі
Ош	Оч – үш
Ооч	Аш – ас
Ич	Эч – іш, қарын
Кулл	Қол
Чукул	Чуку – шоқу, шұқу, шеку
Мол	Мол – көп

Осылардың барлығы кездейсоқ бола беруі мүмкін бе? Осы сұраққа жауап беру үстінде А. Г. Қаримуллин жолдас Америка үндістері туралы көптеген басылымдарды саралап байқаған. 1947 жылдың өзінде Н. Ф. Яковлев Кавказ, Азия мен Америка тілдеріндегі ұқсастық жәйін айтқан еді. Бірақ фонетикалық және морфологиялық жақындығын баяндай алғанмен, Н. Ф. Яковлевтың келтірген мысалдары мен дәлелдері тым аз еді. Оның кечуа тілі үлгілерінен: “КЭТ” – кет, “КЭЛ” – кел деген жеке сөздерді атап өтуге болады.

Диэго де Ланда еңбегінен А. Қаримуллин мына сөздерге назар аударған:

Диэго де Ланда бойынша	
Майя тілінде	Түркі тілінде
Кош	Құс
Акап	Аға, жасы үлкен ер адам
Имиш	Жеміс
Ичин	Эчу, эцу – ішу
Аак	Ақ
Бака	Бақа
Ик	Екі

Әсілі, түркі мен үндіс тілдерінің ұқсастығын тұңғыш байқаған Джон Джоселлин болса керек. Бірақ бұл кісінің

топшыламаларына ешкім мұқият көңіл бөле қоймады. XIX ғасырдың аяғында Отто Рериг те осы тұжырымға келді. Ол екі жыл бойы үндістердің сиу тайпаларының арасында тұрып, олардың тілін, мифологиясын, аңыздарын жинақтап жарыққа шығарады. Өз гинотезасын дәйекті мысалдармен түйіндеді. Мәселен, сиу тілінде тан – “тан – таң” екен де, осы сөзден “танла” – ұқ, танда, түсін шығады. Бұл сөздің жеке түрінің бірінші жағы – “танним” – таныдым (білдім), екінші жағы – “таннисун” – таныдың. Бұл көрсеткен мысалдар түркі тілдерінің формаларына дөп түсіп тұр.

Түркі сөздеріндегі “Хан”, “қаған”, “аға” атауларының тегін О. Рериг “ұлық”, “ұлы” мағынасындағы сөздермен байланыстырады. Сиу тіліндегі “ате” – әке, ата сөздерінің “ина”, “әни”, “инэй” – ене, ана сөздерінің баламаларына деп түсіп тұр. Сол секілді бағыт сілтеуші “екта” да түркі тілімен қауыша қалғандай. Мәселен, арт жақта, оң жақта және т. б. “Са” мен “се” жұрнақтарының түркі тіліндегі “шы” мен “ше” қосымшалары секілді атқаратын қызметі бір. Мәселен: тас-шы (тасшы), балық-шы (балықшы). Сиу тіліндегі “сап-сары” мен “қап-қара” қазақ сөз қорынан алынғандай. Сол айтылу, сол мағына!

Міне, осы негізде О. Рериг сиу тілін “Орал – алтай тобымен” әсіресе түркі-татар семьясымен қатар қояды. Сөйте тұра, бұл тілдердің ара қатынасының генетикалық байланыстарын ашу үшін әліде көп ізденістер керек екенін айтады.

Сиу тайпалары бұрын Миссури өзен аңғары мен Миссисипии және Жартасты тау алқабын алған Ұлы – дала аймағын мекендеген. Қазіргі кезде олар Солтүстік және Оңтүстік Дакота резервацияларын паналайды. Азғантай бір бөлігі көршілес шаттар мен оңтүстік Канадада. Ежелгі кезде олар Калифорнияда тұрақтайтын. Сондықтан болса керек, бұл өңірдің көптеген жер-су аттарын түркі тілдерімен салыстыруға әбден болады. Мәселен, Калифорния қаласының оңтүстігіндегі ойпатты “бате-құйтас” (“қой тас батқан жер”) деп атайды.

О. Реригтің гипотезасын анықтау үшін А. Қаримуллин сиу сөздігінен 100 сөзді іріктеп алып, мынадай түсініктеме берген:

Сиу тілінде	Түркі тілінде
Ойа	Аяк
Кува, озуие	Қуа, үзу – қуу, озу
Ішу	Эчу, эсу – ішу
Иасу,иасо	Ясау – жасау
Иута	Йота – жұту
Кокте	Көкте
Кода	Құда – құдандал
Кайп	Кыеп – кесу
Тока	Тәуге – біріншіден
Тапа	Түп – доп
Кан	Қан – қан
ми	Мен
Багана	Бағаналау – белгілеу
Өтелинка	Өту, өтелек – таңбалау
Капсун	Қабу – тістеу
Иотанка	Ятаңқы – отырғыш
Окога	Ағым, ағу
Авава	Ага, ава – ағу
Батуша,уатуса	Бату, құру

Біз әңгімемізді майя тілінен бастаған едік. Майя мен ему тілдерінде түркі түбірлері ортақ жүздеген сөздер бар. Майя мен ему тілдерінің туыстығы туралы Британ энциклопедиясы майя тайпасы ертеде Хокан – сиу этникалық топтарымен бір болып, Орталық Американы мекендеген деп жазған еді. Майя мен түркі тілдеріндегі ағайыншылық Орталық Америка үндістерінің тарихи тегі туралы еңбектерде де көрсетіліп жүр.

Сөйтсе де майя тілі мен түркі тілдерінің салыстырмалы зерттеу жұмысын ең алғаш қолға алған швед ғалымы Стиг Викандер болды. Ол мұқият талдау барысында екі тілдің генетикалық

Білім және еңбек.

Нүрекең қазақтың еншісін алмайын деп жүрген жоқ...

Сәбетқазы Ақатай – қалың қазақ қауымына социолог-ғалым, философ, беделі өлшеусіз өскен “Азат” қозғалысының тең төрағасы ретінде танылған жан. Қазіргі таңда республикалық партияның төрағасы. Сондықтан да бірінші сұрағымыз ол кісінің бүгінгі өмір сүріп отырған қоғамға деген көзқарасы жайында болды.

– Қоғам күйзеліс үстінде. Мемлекеттің егемендік алуы бар да, оны құру бар. Ал құру оңай іс емес. Оңай болса Әз Тәуке, Қасым хан, Хақназар, Абылай неге мемлекеттің туын тік шаншып, желбіретіп кетпеді? Аса ауыр іс. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар іс. Өзге елдермен терезесі тең ел болу, өркендеу – бір адамның ісі емес, бүкіл халықтың, жас ұрпақтың, ертеңгі толқынның да еншісі. “Нұрсұлтанның бір ісі бар, жолында өлгім келеді, бір ісі бар, қолында өлгім келеді”, – деп осыдан 5–6 жыл бұрын айтқанымда, Нүрекенің мемлекет құрудағы белсенділігін орасан зор бағалап, емеурін танытқанмын. Нүрекең қазақтың еншісін алмайын деп жүрген жоқ, ала алмай жүр. 170 ел таныды. Күшігінде таланған төбеттей емеспіз, емін-еркінбіз, тәуелсізбіз. Қорғаныс, қауіпсіздік, шекара, геосаясат концепциялары іске асуда. Осы орайда, жүйрік ойлы Нұрсұлтан інімді Қазақстан тарихында қалар ірі саяси қайраткер деп қадірлеймін. Осы бір ауыр іске қол ұстаса араласып, өлуге бармын. Ал, екінші бір ойым айтады: негізгі қазақ ұлтының 80 проценті ауылда тұрады, сонда сол халық неге назардан тыс қалды? Ауыл қазағының қасіретіне тақсырет қосу, онсыз да жыртық-жамау көңіліне қаяу түсіру, “ит мінгізіп, ирек қамшылату” қандай ақылға сыяды? Осыған көңілім көншімейді.

Ал әйел байғұс мүлдем қоғамнан тысқары қалды. Әйел – қоғамның көркі, ар-ожданы емес пе?! Біз әйелдің ар-ожданын аяққа таптадық. Қара қазан, шиеттей бала қамымен ауылдағы отбасын, ошақ қасын тастап, қаланы паналап, бұрыш-бұрыштарда жан сақтаудың амалымен ойы-мұны сатып,

“мілісамыз”, “әкімшіліктенбіз”, “аула сыпырушымын”, “дүкен директорымын”, деп, “әрі кеттің” астына алып, ұры итше қуалайтын қуғыншылардан қашып-пысып, күн көретін қазақ әйелдерінің көздері үрейге, мұңға толы. Осындай мұнды әжелер, аналар, әйелдер миллион ба екен, қанша? Дәл санын ешбір социолог айтып бере алмас. Өзім күнде көремін. Ақ жаулықты анамдай елестер қазақ бәйбішесі “Балам-ау, осы бір аялы алақаныммен уыс-уыс ыстық бауырсақ беруші ем ғой, қадірлеп-қолпаштап. Енді, міне, шемішке сатып, ұсынамын саған!” деп тұрғандай. Саясаткер болғандықтан, қоғамның ауыр құбылысын, жан жарасын жүрегіммен қабылдаймын. Қазақ “ақ табан шұбырынды, алқакөл сұламаны”, “монтанақ қазған”, “итжеккенге айдаған” дегендей талай заманды көріп еді. Енді міне, ешбір мемлекет бастан кешпеген, социализмнен капитализмге аяқ басқан, өтпелі дәуірде отыр. Жалпақ тілмен айтсақ, “шекілдеуік сатқан заман”, мұны да көрдік.

– Егеменді Қазақстанымыз сан түрлі діннің ошағына айналды. Ислам, православие, католик, інжіл-христиан, лютеран-христиан, пресветриан, иудаизм, бахаизм, кришна... Бұл – естіп, көріп жүргендеріміз. Білмейтініміз қаншама. “Шұғыла” кинотеатры маңында “Харе кришна” кафесі жұмыс істеп, қазақтың ұл-қыздары би билеп, шылдырмақ соғады, кітаптарын, бәліш-тоқаштарын сатады, насихаттайды. “Қазақтың ұлттық христиан хоры”, “Сәулем-айдың” әуенімен Иса Пайғамбарды уағыздайды. Рухани түлеудің орнына іштей іріп барамыз-ау?! Ұлттық мүдде, бірлік, жан жарастығы қайда қалар екен, аға!?!

– Қазақ әлеуметі үшін рухани дүние – бірінші кезекте тұрған мәселе. Мұсылмандық қазақтың бойына 8 ғасырдан шым-шымдап сіңген. Сүннит бағытына тағзым еттік. 250 жылдық отаршылдық саясаты жан-дүниемізге тырнағын аяусыз батырды. Мәскеу, Петербордан орыстың миссионерлері қазақты шоқындыруға кірісті. Інжіл, таурат қазақшаға аударылды. Ыбырай Алтынсариннің профессор досы болған, сол қазақты шоқындыруға белсене ат салысты. Қаржы бөлініп, Троицкийде, Орынборда, Семейде мектептер ашылған. Негізінде, оқымаған,

шоқыншылық мектеп көрмеген қазақ өз дінін бұлжытпай сақтай алды. Шоқынған балаларына қазақ енші бөлмеген. Орыс дворяндарына құл-құтан боп қызмет еткен балаларына теріс батасын бергендер болған. Бұрында қазақта иммунитет күшті еді, рухани ауруға. Ал, қазіргі қазақ дінге салақ, кім не айтса, соның соңынан ереді. Өз бағыт-бағдарын білмейді. Тіпті, өзі ғана шоқынып, шат-шәлекейі шығып жатса бір сәрі ғой, өзгені де адастыруға әуес. Мағынасын өздері түсіне ме, түсінбей ме, “кришналықтар” базар маңында әнге басады, қоңыраулатып. Сөлпендетіп сөмке асынып, бүркеніп, өзге дүниеден келгендей, киімдері өрескел. Ал өзге дінге өтуге келгенде қазақ жастары награда, сыйлық алардай ентелейді. Бәлкім, нан тауып жеп жүр ме?! Аш дейін десең, көрші қырғызда да қиыншылық бар, олар сол қалпында. Өзбек пен тәжікте де жоқ. Қыл аяғы соғыс болып, зардап шексе де аузынан “Алласын” тастамайды. Қайыршы екеш қайыршысына дейін троллейбусқа мініп ап, құранның 2–3 сүресін қайтарып-ақ жібереді.

Рухани іру жақсылық емес. Қазақ қаншама дінге бөлінсе, соншама ыдырайды. Бұрын арғын, найман, үйсін, жалайыр, шапырашты боп бөлінсек, енді мұсылман, христиан, кришна, баптист, т. б. болып бөлінеміз. Дін ән айту, би билеумен бітпейді, саяси уағыз да айтады. Рухани бірлік бұзылса, іру, ыдырау процесі Босния, Хорватия, Сербия сияқты бөлінуге әкеледі. Мына қараңызшы, хорваттар католикпіз деп қару алды, сербтер православие дінін уағыздайды, ал Босния мұсылман кегін қайтаруда. Бұл – үш діни концессияның бөлінуі. Ал 5 не 10-ға бөлінсек, не болдық?! Сұмдық, беті аулақ!

Үш діни концессияның біреуі Америкадан, екіншісі Қытайдан, үшіншісі Ираннан көмек алады да, бірін-бірі жоюға кіріседі. Бір шаңырақтың астында тұрып, славян славянды қырған кезде алдына жан салмайды. Бұл бәрімізді ойландыруы тиіс. Біздің ресми дініміз – ислам. Ал, әр дінге тарап-тарап кетсек, қазақ пен қазақтың басы қосылмайды. Сондықтан, біртұтас мемлекет болып, қалыптасуға, 5–6 дінге бөліну саяси қарама-қайшылық туғыза ма деп те қорқамын. Бір дастархан

басында отырып, біреуі суннит болса, екіншісі шейіт, үшіншісі баптист, төртіншісі кришна болса, бірімен бірі, айтысып, тартысып, алакөзденіп отырса, сол шаңырақта бақыт тұра ма?! Әрине, бақыт қонбайды.

Ия, діни бірлік керек. Бірақ, ол мемлекет ісіне араласпасын. Отбасың, бала-шағаң мұсылмандық парызды өтесін, ал мемлекетке уағыз, қағидасын таңбасын. Талибтердің уағызымен Ауғанстан қантөгіске түсті. Дін мемлекетті ортағасырлық мешеу деңгейге түсіріп жіберді. Европаша ойлау, өмір сүру, қатынас жасау, соның өзімен тепе-тең қарым-қатынасқа, түсу егер біз кемшін қалсақ, қиынға түседі.

Түркияда осылай, намаз, уағыз жақсы, ал мемлекетпен тікелей байланысқа түспе. Ата Түріктің бағыты осылай болатын.

– Әйел – қоғамның ар-ожданы дейміз. Қазақ әйелі бүгінде қоғамның көркі болудан қалып, керісінше, қоғамның азып-тозуын айқындап, тауқыметіне төзу үстінде. Қайыршылық, жезөкшелік, жұмыссыздық қазақ әйелінің басында бар. Осы бір ауыр тақсырет сізді ойландыра ма?

– Қазақ әйелі қашанда қазақ әлеуметі үшін тек дүниеге ұрпақ әкелуші – ана рөлін ғана атқарып қоймаған. Қазақ әйелі бұрын мектеп жоқта мұғалім болған, тәртіп-тәрбие берген. Өртіс, театр жоқта, әртістің рөлін атқарып, ауыл-аймағын қуантқан. Әлеуметтік ортада нелер жоқ болса, соны бар ғып отырған, олқылықтың орнын толтырған. Әке жоқта қазақ анасы әкенің рөлін атқарған. Қазақ әйелін жай ғана әйел деп қарау – кемсіту. Батыр жоқ болса, батырдың орнын басты қайран ана-әпкелеріміз. Қаз дауысты Қазыбек 14 жасында 96 жастағы Қармыс атты биден сұрапты:

– Ата, қазақтың кегі қайтсе қайтады?

– Атқа қонбаса, садақ тартпаса, оқ боратпаса, қазақтың кегі қайтпайды, – депті.

Қазақ әйелі де ерлерден қалыспай, жауға шауып, кек қуған. Кекшіл, әжет, бірбеткей болған. Абылайдың Айғаным деген қызы жорықта қыршын кетіпті. Алтай тауларының етегінде ме, әйтеуір, аһ ұрып, жерлеп отырып:

– Апырай, тым болмаса он екіде бір гүлің ашылмай, арманда кеттің-ау, қызым! – деп зар илепті. Арулап көмгенде қолындағы бар қазынасын қоса көміпті де:

– Жасауың осы, жан балам! – депті.

Қабанбайдың да ержүрек қарындасы болған. Тарбағатай тауының бір бөктерінде жатқан көрінеді. Шайқаста үзілген қарындасына Қабанбай да қолында бар байлығын қоса көміп, қоштасыпты.

Ал, бүгінгі қазақ әйелі аянышты халде. Баяғыдай, “пәленбай батырды мен таптым, мен пәленбай баланың анасымын” деп мақтанатын, төбесі көкке екі елі жетпей отыратын әйелдер аз. Талай қазақ әйелінің баласының оқығанын-тоқығанын, еңбегін, қызметін өз еңбегі ретінде санап, балап, анау-мынау айтыстарта айдарынан жел есіп отыратынын көре қалдық.

Қазіргі аналар мүлдем басқаша. Әсіресе, қазақ қыздарын азғындатып алдық. Қазір кімнің аты жамандығымен шығады, қазақ қыздарының аты шығады. Перзентін тұншықтырып, газетке орап, пакетке салып, күл-қоқысқа, әжетханаға тастап салатын да солар... Балалар үйінің сыртына тастап кететін де солар... Мұның барлығы – қоғам трагедиясы, моральдық азып-тозуы, рухани әрі материалдық қайыршылық көрінісі. Әйтпесе, қай ана өз баласын өзі далаға лақтырсын?! Мысық екеш мысық та желкесінен сүйреп жүріп, аман сақтайды. Торғай екеш торғай түнде аяғын көкке көтеріп жатады екен. Сонда одан:

– Әй, сен неге аяғыңды көкке көтеріп жатасың?! – деп сұраса:

– Түнде аспан құлап кетсе, балапандарымды мыжып тастайды ғой, сондықтан аяғыммен кек тіреп жатқаным ғой, – дейді екен.

Әйелдердің баласынан, безуін, анайы сорақылыққа баруын мен заманның ауырлығы деп түсінемін. Қазақ қызының құлдырауын, теріс жолға түсіп бара жатқанын көзім көріп отыр. Менің тереземнің түбінде бөтелке өткізетін жер бар. Соған таң боздап атып келе жатқанда орыс жігітімен қол ұстасып бір қазақ қызы келеді. Үстері лас. Қыз омырауынан ақ сүтін ағызып, бала емізетін саумал шақта. Қазақтың қатарын көбейтер кезі. Амал нешік, азғындық жолға түсіп кеткен.

Маған тұңғыық көздерімен мұная қарайды. Тани ма, танымай ма, білмеймін. Әйтеуір бір ағасың-ау деп қарай ма? “Әй, аға, осыған сен кінәлісің” деп кінәлай қарайтындай. Мойындаймын. Саяси қайраткер ретінде не тындырдым?! Қоғамда еш өзгеріс жоқ. Іш қазандай қайнайды, қолдан келер дәрмен жоқ. Әйелдің тұрмыс-тіршілігін, ауылдың тақсыретін-тауқыметін көріп отырып, Нұрекеңе “Бір ісің бар қолыңда өлгім келеді” дейтінім, кейбір ірі істеріне қарап, “жолыңда өлгім келеді” дейтінім сондықтан. Бірақ Достоевский “Қоғамның бақыттылығын балаларға қарап, бағала” дейді екен. Мен айтар ем: “Қоғамның бақыттылығын, кемелдігін әйелге қарап, бағала!” Жетім-жесірлерге, әйелге деген безбүйректік қоғамның әлеуметтік өміріне нұқсан келтіреді. Әйел тұрмыстан қашады, төсектен безеді, баладан безеді. Неге? Өйткені, тұрмыс, бала – масыл, бақытсыздық кепілі. Ал бақытты анасыз, баласыз қандай қоғам болуы мүмкін?! Бәрін тоқтатып қойып, осы мәселеге көңіл бөлу керек. Бұл – кезек күттірмейтін мәселе. Демограф Мақаш Тәтімовтің дерегі бойынша, Қазақстанда 150 мың қыз 30 бен 40-тың арасында кәріқыз боп отыр екен. Бала сүйейін десе, қазақ Олжабайларды, Құдайбергендерді ұятсынады. Ел бетке басады. Қызды да табалайды, жазықсыз баланы да “некесіз туған” деп қаралаймыз, бетіне салық етеміз. Басқа ұлтта мұндай жоқ. Мысалы, орыс, кәріс бала асырап алу үшін жылдар бойы кезекке тұрады. Бір кәріс досым бар еді. 8 жыл бала іздеді. Ақыры бір кәріс бала түскен екен. 4 кәріс таласып, менің досым жеңді. Орыстар Мәскеуге, Санкт-Петербургқа, Орынборға барып орыс бала асырап алады. Біздегі бөбектер үйі қазақ балаларына лық толы. Шоқынып жатқан да – қазақ. Мұсылманшылықтан кетіп жатуы – үлкен бір рухани адасушылық, рухани азғындаудың белгісі деп түсінемін, күңіренемін.

– *Әңгімеңізге рахмет!*

*Сұхбаттасқан Күлән Берікболова,
Ақ босаға. Қаңтар 1997 ж. №1*

Желтоқсан бұрқасыны

Қазақ елінің тәуелсіздігі жариялануының бір жылдық мерейтойы тұсында сонау 1986 жылдың желтоқсанында ұлтымыздың ар-намысы тарих таразысына түскен күндер еске орала береді. Осыған орай біз өз оқырмандарымызға жазушы, ғалым, қоғам қайраткері Сәбетқазы Ақатайдың сол бір бұрқасынды күндері бастан кешкендері туралы ой толғанысын ұсынып отырмыз.

Әр ұлттың өзінің Ұлы күні болады. Ол сол күнді жыл он екі ай бойы асыға күтеді, бар асыл арман, ізгі ниет-тілегін осы күнмен байланыстырады. Тарихында ондай күні жыл он екі ай бойы асыға күтеді, бар асыл арман, ізгі ниет-тілегін осы күнмен байланыстырады. Тарихында ондай күні жоқ ұлт – бақытсыз. Ондай атаулы күні жоқ ұлт жат ұлттың сондай ұлы күнін, сондай бір мейрамын тойлауға мәжбүр болады. Әңгіме ол күннің есте қаларлық шаттық-қуанышпен немесе өзекті өртеген қайғы-қасіретпен байланысты болу-болмауында емес. Бұл жағынан бәрібір. Қайғы-қасіретпен байланысты болса, онда той үстінде ұрпақ сол ауыр қайғыдан аттап өтуге талпынады, ал егер де қуанышпен, бір жеңіспен байланысты болса, онда жақсылық пен ұлт мерейі үстем бола берсін дейді.

Шүкіршілік, сондай бір ұлы күнді құдайекең қазаққа да бұйыртқан екен ақыры. Ол күніміз – ұлыстың ұлы күні – енді ұлт рәсіміне айналып келе жатқан 17 желтоқсан.

1986 жылғы желтоқсан бұрқасыны қазақты меңіреу ұйқыдан оятты. Еңсесін көтертті. Шамырқантты. Ендеше – “Жасасын желтоқсан” деп қалайша шаттанбайсың! Арада бес жыл өткен соң, дәл сол күннен бір күн бұрын – 16 желтоқсанда терезесі тең тәуелсіз ел болып шыға келдік. Бұлай болар деп кім ойлаған. Коммунистік үстемдіктің езгісіне етіміз өліп кетіп еді ғой.

Француздардың өз тарихындағы Ұлы күні француз революциясының Бастилияны құлатқан күн. Олар осы 14 шілде күнін ұлттық мейрам ретінде тойлайды. Ал немістің ұлы ойшылы Гегель өзінің туған күнін дәл сол күні өткізбей, Бастилия

алынған күнге әдейі қалдырады екен. Міне, ғажап! Азаттыққа жеткен қазақтың болашақ Гегельдері де өздерінің туған күнін 17-желтоқсанға әдейі тоқтатып қойып, нақ осы ұлыстың ұлы күні өткізетін кез келеді әлі.

Иә, Бастилияны алатын күн француздардың белгілі бір тобына ғана қажет болса, 17 желтоқсан күллі қазақ қауымына керек болды. Ол ол ма, әрбірден соң, желтоқсан бұрқасыны тек қазақ нәсіліне ғана емес, коммунистік езгіге түскен жарты әлем үшін де қажет болды. Атышулы Берлин қабырғасының Қазақ желтоқсанынан көп кейін құлағандығы көп жұмбақтың түйінін шешеді. 1958 жылы венгрлер жеңілді, 1962 жылы Новочеркасскінің орыстары жеңілді, 1968 жылы чехословактар жеңілді, 1980 жылы поляктар жеңілді, 1986 жылы қазақтар жеңілді. Бірақ, бұл арада бір нәрсе айдан анық – егер осы төрт жеңіліс болмаса, шәйт жандардың бұлақ боп аққан қаны болмаса, бүгінгі азаттық тағы да орнамас еді – “перестройка” әлі де келмес еді, “қызыл фашизм” барлығымызға бас иіді, қанды қырғының жалғастыра берер еді. Мұның барлығына алғаш тосқауыл қойған қазақтың желтоқсаны.

Желтоқсан шеруінің ақыл жетпес бір кереметі – өркениет пен демократияға бізден гөрі бір табан жақындау жатқан жағдайы “тұрақты” делініп жүрген Қазақстаннан, езіліп кеткен, “көнбіс” қазақ халқынан басталған еді.

... Аландағы жағдайды байқаған соң, үй-үйдің арасымен жүріп отырып, Фурманов көшесіндегі “Береке” дүкенінің алдынан шықтым. Ойым – ауыл шаруашылығы институтының студенттері осы араға шоғырланған екен, соларға көз сала кету. Алаңға шыққандар негізінен жастар секілді көрінді. Социолог (әлеуметтанушы) ретінде – бұл бейбіт наразылықтың қозғаушы күші мен әлеуметтік негізін білу мені қызықтырмай қоймаған еді.

Көше әп-сәтте иін тіресе қалды. Мұндайды қайдан көріп едім дей берем ішімнен. Кейіннен ғана есіме түсті. 1825 жылы Петрбордағы Сенат алаңына шыққан декабристер бар емес пе еді, мына көрініс содан айнымайды. Бар айырмасы – бұлар 20-ғасырдың аяғындағы қазақ декабристері.

Алаңда шындығында не болып жатқанын өзім де анық түсініп болмаған едім, бұл не, өңім бе, түсім бе? Қалай осыған дейін мен туған халқымды ұқпай жүргенмін бе? Қазақта намыс, ар-ождан, ұлт дегендердің қуаты баяғыда-ақ сөнген... Ал енді құлдық тіршілікке көніп кеткен “көнбіс” ұлт екен десем... Мынасы не? Жай наразылығы ма? Әлде одан зорырағы ма? Ежелгі Рим тарихы есіме түседі. Құлдар, құлдар... Спартагы қайда бұлардың? Аяқ асты сықыр-сықыр. Желтоқсанның кәдімгі қатқыл қатқағы. Мұнартқан аспан. Құлақтанған күн.

Алабұртқан күн мені енді қайтадан алаңға қарай жетектеді. Сағат күндізгі 4–5 кезі болатын. Келсем, алаң қаптаған халық. Жанарларда намыс оты. Бәрінің жүзінде – бұрын мен көрмеген бір ғажап мерей. Бүгін қан төгіледі-ау деген күдік ешкімнің ойында жоқ. Топ-топ КГБ, МВД шендерін қоршаған жастар, әсіресе қыз-келіншектер адуын көрінді – оларға “сен” деп өрекіп сөйлейді. Мен алғашқы жеңіс деп осыны таныдым. Еңсесі езіліп, өзінен-өзі түңілген, ішкілік жайлаған, ана тілін ұмытуға айналып, “қазақпын” деуге өзінен-өзі қымсынатын жастар өздерін өкшесіне салып езілген албайларға (полковниктерге) ғайбат шегіп, мыңбасы, жүзбасылардың жағасына жармасып, иығындағы пагондарын жұлуы, бас киімдерін алып лақтыруы – бұл түс емес, шындық еді. Бұл жай ашу-ызаның әрекеті емес, езілген ұлттың “өзін өзі жеңуі”, түсініктірек айтқанда, ежелден бергі “құлдық” психологиясын жеңуі еді. Бұл ғана емес, оның билік тізгінін өз қолына алуға белді бекем байлағандығының белгісі еді. Бірақ, империя аждаһасы оңайлықпен өлейін деп тұрма, оның жантәсілім сәтте өлтіре бір қағатын салаң құйрығы бар емес пе. 1825, 1905, 1907, 1917 жылдары солай болды ғой.

Алаңға 15–20 мыңдай адам жиналған болар. Күн шыңылтыр аяз, 18–25 градус шамасы. Ылғалды салқын ауа сүйектен өтеді. “Ақ үйдің” (ол кезде қазіргі президентің Ақ Ордасы солай аталатын) сол қапталын-микрофон қойылып, бір топ басқарушы қазақ азаматтары тұрды. Елемесов, Камелиденов, Мұқашев, Құбашев, Бағланова кезек-кезек микрофоннан сөйлеп, жиналған жұртты тыныштыққа шақырды. Тұтқындарды таситын “ФЖ” сериялы машиналар Сәтбаев көшесі жақта лықып кетті. Түн

баласы немен тынатыны мені қатты үрейлендірді. Неге екенін білмедім, іштегі лықсыған бір күш мені институт қабырғасына тартты да тұрды. Тыпыршып тұра алмадым. Наразылық білдірудің де жөн-жосығын аңғармаған сорлы халқымның тұмсығы тасқа тигелі тұрғанын сезген соң, тәуекелге бел байлап, тым болмаса қарлығаш боп су сепкім келді. Бейбітшілік көшесін бойлай төмен түсіп, шетел тілдері институтының ағылшын тілі факультетіне жеттім. Сағат 6-да лекциям бар еді. Бір лек 120 адам. Соларды алаңға апарғым келді. Ертең тергей қалса, салмақты сылтауым да барды, анда-санда студенттерді музейге апаратын, қазақ халқының ежелгі мәдени мұрасымен көзбе-көз таныстыратын ұстаздық, тәжірибем болатын. Студенттерге істік мән-жайын айтып едім, шәкірттерім әжептәуір елеңдеулі екен, “Барамыз” деді бәрі бір ауыздан. Алдыма түсті. Музейге деп шыққанмен, алаңда қалып қоятындарын ішім сезді. Музейге сағат алты жарымда жеттік. Ойлағанымдай болып шықты: келгені 10 шақты, қалғаны алаңдағыларға қосылып кетіпті. Келгендердің тізімін алдым да (кейін КГБ тергегенде осы тізім мықты айғақ болды), қайта алаңға тарттым.

... Жұрт көргенді мен де көрдім, түнгі сағат 10 шамасында үйге келдім. Келдім деймін-ау, жоқ, екі “құпия қызмет” адамының алдына түсіп жеткен едім. Келсем, жұбайым үйде жоқ, қалай жайбарақат отыра аласың, үрейленген, қорыққан, сосын омыраудағы баласын кеудесіне қысып алып, мені іздеп кетеді. Дереву қайта есік алдына шықтым. Әлгі екеу әлі тұр екен, жолымды бөгеді.

– Вам велено сидеть дома, – деді біреуі ызғарлана сөйлеп. – И об этом кроме Вас никто не должен знать, – деп зілдене сыбырлап қойды оған қоса. Олардың бағана артымнан келіп “пройдемся” дегенін елең қылмай жүре беріп едім, қақпанға түскенімді енді ғана сездім. Мен бұйрыққа көніп, үйге кірдім. Байқағаным антеннасы көкке шаншылып ақ “Волга” тұр дәл есік алдында. Бірінші қатарда тұратын бір кемпір-шалдың терезесі де қараңғы екен. Жүрегім мұздап кетті. Мен пәтеріме кірісімен-ақ тұрған үйім бақылауға алынғанын сездім.

Ауаным алаң болды, бірақ ол жаққа бара алмадым. Желтоқсанның 19-күні таңертеңгі сағат 7-де есік қағады. Аштым. Бір орыс, бір қазақ “үш әріптің” атын атады.

– Валерий Иванович, – деді орыс.

– Аманғали, – деді жұқалтаң келген ат жақты қазақ жігіті.

Шет тілдері институтының Шевченко көшесі мен Космонавттар көшесінің қиылысындағы жатақханасында тергеу басталды. Қойылған сұрақ негізінен 3 пунктке сайды: 16–19 желтоқсан аралығында қайда болдым, не істедім және болашақ саяси ахуалды қалай бағалаймын! Жауабымды үстірт қана жазып беріп, жұмысыма кеттім. Барсам, республикалық прокуратурадан 4 тергеуші тосып отыр екен. Олардың қойған сұрағы да әлгіндей болды. КГБ-ға жазғанымды қайталай жазып бердім. Бір жақсысы, көп бөгеген жоқ. Лекцияма кеттім.

Сол күні кешке қарай аланды алыстан айналып, көзбен шолып шықтым. Танкілер мен БТР-лар қоршап алған. Солдаттар мен жасақшылар жағылған оттардың айналасында топ-топ болып тұр екен...

23-і күні мені КГБ-ға шақырды. Ұлттық намысын, елдігін қорғаған қазақ жігіттері мен қыздарының астананың бас алаңында қан-жоса болып соққыға жығылғанын өз көзімізбен көріп, шарасыздықтан халықпен бірге жылап едік, енді КГБ-ның түнерген кабинеттерінде оларды екінші рет жан даусын шығара қалай іштен тепкілегенін көру онан бетер жанға батып, жаман ашындырды. Не істеу керек, мына құлақ естіп, көз көрмеген сұмдықты әлем жұртшылығына қалай жеткізу керек деген ой бастан кетпей қойды.

Қайғылы, қаралы күндер өтіп жатқанымен, менің кеудемдегі желтоқсан бұрқасынының толастар түрі жоқ. Сол күндердің қасіретіне қабырғасы сөгіле қынжылған адамдардың бірі Жағда Бабалықов еді. Ол Қытайдағы үш бірдей аймақтық ұлт-азаттық революцияға қатысқан, көрген-білгені көп, салауатты жан. Ақыл қоса келіп, жабулы қазан жабулы қалмасын, әлем жұртшылығына жар салу керек деген тоқтамға келдік. Бірақ, қалай, қайда шағынарсың. Ақыры, мынаған келістік. Тарту

қаласында Алмас Естеков деген қазақ жігіті саяси қуғын көрген кинорежиссер, қазір Америкада тұрады “Түркістан” атты газет шығарады. Сол газетке жазу керек. Сөйтіп, дүние жүзі халықтары мен үкіметтеріне үндеу жазылды. Газет жарияланғанда өз тарапынан қосымша берді, оған дейінгі текст түгелдей менің қолымнан шықты.

Үндеуде бөтеннің “сыйлаған” азаттығы баянды болмақ емес, күшіңмен алмаған азаттықтың қолыңнан сусып шығып кетуі кәдік, қалың халық коммунистік-тоталитарлық үстемдіктің табаны астында қашанғы қала бермек деген идея айтылды. Бейбіт шеруге қарсы әскер күшін қолданудың шектен шыққан сұмдық озбырлық екендігі, жазықсыз жандарға сапер күрегін сілтеу, оларды итке талату, қыздарды бұрымынан сүйрелеп, іштен тепкілеу дегенің неткен тағылық екендігі, бәрі-бәрі айтылды. Ішінде ел басқарушы саналып жүрген ..., ..., ...¹ сияқты қайраткер сымақтардың сатқындық қылықтары да әшкереленбей қалған жоқ, қорытындысында дүние жүзі халықтары мен мемлекеттерінен көмек сұралды.

Үндеу өте тұжырымды түрде жазылып, бір параққа мейлінше тығыздап басылды. КГБ соңымызға түскен күнде танытпау үшін машинка таңбасының үстінен өткірлеп ұшталған қарындашпен тағы бір жүргізілді. Сонан соң осы текстен 30 микропенка жасап, әртүрлі амал-айламен (Үнді шайының арасына тығып, кәмпитке орап, тіпті балтаның сабына да сыналап тығып дегендейін) “интернешнл эмнисто” ұйымы арқылы шет елдерге жібердік. Шындығында бұл әрекеттеріміз бағзы замандарда мұхиттағы дауылда апатқа ұшыраған кеме жолаушыларының ішіне бір жапырақ қағаз салып суға тастаған шөлмегіндей ғана нәрсе-ді. Алайда сол 30 пленканың бірі Алмастың қолына тиіпті. Сөйтіп, Үндеу жарық көрді.

Кейіннен желтоқсан оқиғасының жантүршіктіретін ащы шындығын айдай әлемге жарқыратып жайып салған Мұхтар Шаханов болды. Кеңестер Одағы Жоғарғы Кеңесінің мәртебелі

¹ Басшылардың аты-жөндері алынып тасталды.

мінбесінен депутат ретінде сөйлегенде, сөз сұрағанда айтамын деген мәселені ысырып тастап, Қазақстан астанасындағы Желтоқсан оқиғасы үшін нақ кімдердің кінәлі екенін ашына айтып 15 минут сөйлегенде, мен үйімде отырып “Я, аруақ!” деп ақын досыма сүйсінумен болдым. Осы 15 минуттық сөзді айтуға қазақ халқы 15 ғасыр дайындалса қалай сүйсінбессің.

Қазақ тарихында белесті оқиғалар аз болмаған. 1986 жылдың желтоқсаны солармен деңгейлес оқиға, бәлкім, тіпті бірсыпырасынан шоқтығы биік те болары. Бірақ, ең маңыздысы оның қазақ ұлтының жана тарихының бастауы екендігінде ғой деймін өткен жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялады. Бүкіл халық болып тұңғыш Президентімізді сайлап, ел билігінің тізгінін адамгершіл, байсалды, білгір саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолына ұстаттық.

Қазақта желтоқсан қашанда қадірлі құт-береке айы саналған, ала жаз бойғы төккен тердің жемісі алтын дән болып қамбаға құйылатын кез осы ай. Соғым айы да осы кезге келеді. Өзге де үлкенді-кішілі шаттық-қуаныш аз болмайтын. Енді, міне, оған ең ұлы мерекеміз – тәуелсіздік мейрамы қосылды. Көкте көк жалауымыз желбіреп, күллі әлем таныған егемен ел болуға ұмтылған әр-бір қадамымыз құтты болып, осы бағыттағы іс-әрекетіміз жемісті болғай. Татулығымыз бен тыныштығымыздың шырқы бұзылмағанын тілейік, соған күш салайық.

Әлеуметтік қорғау. 1992. №4

Ордабасы немесе олимпке көтерілу

Тойдың да тойы бар. Мамыр айының мәуелеген ашық бір күнінде оңтүстікке қарай арнайы “Алматы – Бадам” пойызымен тойшылар ағылды. Олардың арасында ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері, депутаттар, қоғам қайраткерлері, журналистер

бар. Пойыз ұзына бойына көңілді бір күй сандықты елестеткендей: сыңғырлаған күлкі, сазды әуен күй қылжыған көңіл құсындай қалықтап, Ордабасыға жеткенше бір толастамады. Жүректегі аңсау мен сағынышты күрсіністер со бір сәнді серуеннің тым-тым маңызды екенін баса аңғартқандай. Осыдан 270 жыл бұрын қазақтың үш жүзі бас қосып, қалмақ шапқыншылығынан кейін айтулы билерін бетке ұстап, пәтуаласқан күні еді бұл. Сол ұлттық намыстың туын көтерген қасиетті жер Оңтүстік Қазақстанның биік шоқысы Ордабасы еді. Ұлы билері – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биі.

Міне, сол Ордабасы тауында қазақтың үш жүзінің басы қайта қосылып әулие үш биін – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биді еске алу салтанатты күндері (27–29 мамыр 1993 ж.) етті. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев биік мінберде бір сағатқа жуық тебірене сөйлеп, сөздің майын тамыза тыңдаушы халқын таң-тамаша етті.

Ордабасыда қазақтың бірлік туы желбіреді. Ұлы тойы етті. Осы тойдан қайтқан жұрт қайыра “Бадам–Алматы” пойызына отырып, әңгіме-дүкен қыздырды.

Біз де бір айтулы азаматтың пікіріне құлақ түрдік. Ол Сәбетқазы Ақатай, белгілі қоғам қайраткері, ғалым, Республикалық мәдениет қызметкерлерінің мамандығын жетілдіру институтының ректоры, “Азат” қозғалысының төрағасы.

– Сәбетқазы, әсеріңізді бөлісе отырсаңыз?

– Бұл күнді біз көптен күткен едік. Бірақ Ордабасы көптен бері ұмыт қалған; бұл күннен бастап саяси категорияға – ұғымға айналған, тарихи маңызы артқан киелі Ордабасы болды. Егер Қазақстан Республикасы толыққанды тәуелсіздікке жете алмаған жағдайда да келер ұрпақ бізден осыны – қазақтың басы қосылған, көк туымыз киелі мекенде желбіреген қасиетті күнді күтер еді. Үш бидің көкейкесті арманы орындалды. Осынау алақұйын кезеңде Президентіміздің Ордабасыны еске алуы да бекер емес. Назарбаев саяси көрегендігін, қайраткерлігін, ерен іскерлігін талай танытты. Ал ол кісінің әлсіз жері неде? Әлсіз

жері – халқымыздың мүшкіл халінде. Таңдайынан тәуелсіздіктің дәмі кеткен бейқам халықтың тәуелсіздігін баянды етем деп басын қатырумен келеді. Ұлт тәуелсіздігінің күмбезіне көк тудың тігілуі – ұлы бабалар – Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Бұхар жырау, Әз Тәуке, Абылайхандар ірге тасын қалаған ұлағатты істің жалғасы. XVII ғасырдан XX ғасыр соңына шейін созылып, енді шешімін тапқан ұлы мұраттың іргесін бекіткені деп білеміз. Орыс пен қазақтың басын қосу саяси қайраткердің қайсысының да қолынан келетін іс десек те, қазақтың өз басын біріктіру оңай шаруа емес екенін сезсе керек басшымыз. Қазақтың басқа ұлттардан бір қасиеті артық та, бір қасиеті кем. Артығы – әсіре қонақжайлылығы. Кемшілігі – ағайынға деген кінәратшылдығы, өкпе-наз артып, жел сөзді көпіртуі. Ел жаққа бара қалсаң, ерулікке өкпелеп, бас, жамбас ұстатпады деп тонын сыртқа салып айдың, күннің аманында дау-шар туғызып отырған ағайынды көресің. Міне, көрдіңіз бе, біз өте кінәмшіл де өкпешілміз. Өзіне-өзі өкпелеп, дау жоқта дау туғызып ел-ішіне іріткі салып жүрген халық кімге дос бола алады?

Міне, байқасаңыз, қазақтың басын қосамын деген әңгіме туу өткен ғасырлардан созылып келе жатқан, талайдың басын ауыртқан ауыр да азапты жұмыс. Осыны Нұрекең нартәуекелмен қолға алды. Бір жағы бұл үлкен ерлік дер едік. Мамырдың аяғында көк байрақ Ордабасыда желбіреді. Лайым, баянды іс болғай дейміз.

– Сіз сөз басында тәуелсіздік, ұлттық тәуелсіздік туралы қозғадыңыз. Қазақ халқы тәуелсіздіктің мәнін түсінуге әлі әзір емес дегендей айттыңыз. Күмәнді, екіұшты пікір емес пе?

– Егер дүниежүзілік тәжірибеге сүйене қорытынды жасасақ, отар болған елдер тәуелсіздік алу ісін төменнен халық арасынан бастаған әуелі. Демек, әр қазақтың жеке басына саяси тәуелсіздік қажет болған жағдайда, соны жете сезінген жағдайда ғана тәуелсіздік баянды болмақ. Сонда ғана туымыз тік шаншылмақ. Демек, біз тәуелсіздік ісін әр қазақтың жеке басының жеке мүддесі болғанын көріп, сезінген кезде ғана бастауымыз керек екен. Бірақ тарих өзінше шешті. Осы арада тағы қайталаймын,

Назарбаевтың Ордабасыны – күні кеше-ақ қазақтар қой жайып, шаңын аспанға шығарып жүрген жерді – иісі қазақтың тәуеп етіп, бас иіп, мәмілелескен киелі жеріне айналдыруға бар күш-қажырын салуы аса құптарлық іс.

Қашанда тарих тамырын тап басатын Президентіміздің бұл шарапатты ісі, расы, өз туған халқының мерейін тасытып, мейманасын асыртып, нар інгендей алпыс екі тамырын босатып идірген тұсындағы! Аса салтанатты жағдайда өтті емес пе: анау ақ шағала қатар-қатар тізілген үйлер, құрым халық, сәнді топ, ұлттық ойындар, ән-күйдің шалқуы қандай керемет!

Қазақстанда шың көп: Хан тәңірі, Мұз тау, Ұлы тауымыз тағы бар дегендей. Бірақ Ордабасыдан биік тау жоқ! Ордабасыны шыңдардың Пайғамбарына айналдырып кеткен айналайын Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әз Тәуке, Абылай хан бабаларымыз еді. Енді үш ғасырды артқа салып қайта жаңғыртқан – Назарбаев! Ордабасының төбесіне көк ту шаншылды. Мамырдың майда желі қазақтың аспан түстес көгілдір жібек байрағын желбіретті. Мәңгілікке қадалған ту. Міне, осынау сайран көрініс кімнің көзінен ыстық жасын домалатпады?! Әне, Нұрсұлтан маң-маң басып күн төбеге көтеріліп бара жатты. Осы сәт маған ол күллі Қазақ халқының Олимпіне (ежелгі антикалық дүниеде құдайлар бас қосатын ұшар биікке) көтеріліп бара жатқандай сезілді. Жалғыз өзі шығып, халқына бұрылып, жайраңдай күліп, екі қолын төбесіне көтеріп, “қалың елі – қайран жұртына” алақан жайды, бата тіледі. Ғажап! Өрелі қасиеттілік белгісі ғой бұл!

– Сәбетқазы, қоғамдық жұмыстарға байланысты шет елге жиі шығасыз. Бір ғана сәттік әсеріңізді бөліспес пе екенсіз!

– Түркияға барған бір сапарымда түріктің жас ұландарын әскерге алып жатыр екен. Көше толы жастар, болашақ сарбаздар, қолдарында жалауы. Арақты татып алмайтын халықтың мас адамша қуаныштан сүйінгенін бірінші көруім. Біздің халық ішіп алып қуанбаса, қуанбайды ғой. Жанымдағы Сыдықхан Ұлышай деген тілмаш азаматтан бұл жігіттердің қайсысының әскерге баратынын сұрадым. Сыдықхан: “Қолтығына ақ мата қысқандары барады”, – деді. Сөйтсем, түріктер ұландарын әскерге жібергенде жаназасын оқып, қолтығына кебінін

құшақтатып жібереді екен... Кейіннен түріктің белгілі ғалымы, “Түрк дүниесі” қорының бастығы профессор Тұран Язғанға осыны айтып, мәнісін сұрадым. Ол айтты: “Біз жаудың ортасында қалған халықпыз. Біз Отанымызды өстіп қорғамасақ, Түркияның күлі көкке ұшып кетер еді”.

Ордабасына көк байрағымыз қадалды, енді қазақ ұлтына сол қасиетті екі нәрсені – көк туымыз бен Көк шыңымызды қорғай алатын, қастерлеп ұстайтын мінез, іс-әрекет, ақыл-ой керек.

*Әңгімелескен Ш. Құмарова
Парасат. 1993. №8*

Қазақ мемлекеті тәуелсіздік алмай, қазақ халқы азат болмайды

Елімізде кезінде бой алған бет қаратқысыз шыңылтыр, шық етпе, сыңаржақ саясат пен Коммунистік партияның саяси диктатурасының 70 жылда мұз болып қатқан тоңы қайта құрудың жылы лебімен қарс-қарс айырылып, телегей теңіз – халық өмірінде сең жүріп өткендей. Бұл – жылы лепті халық көптен күткен еді. Бірақ, коммунистік диктатураның тоңын толқынында шайқалтатын сеңнің басы – Алматыда, желтоқсанда басталарын ешкім де білген жоқ-ты. Міне содан бері бес жыл етті. Сол жылы туылған бала ендігі атқа мінуге жарағандай екен. Олай болса сол жылы желтоқсанның жүректі қарып өткен қаһарлы ызғарынан селк етіп оянып, бойын жиып, бостандықтан бостандыққа, егемендікке, азаттыққа қол жеткізбей тынбасқа серт етiскен халқымыздың саяси ахуалы да ат жалын тартып мінуге жарап қалғандай. Республикада өзіндік көзқарастары мен саяси бет әлпеті бар ұйымдар мен партиялар, қозғалыстар дүниеге келді. Солардың бірі ешкімге тізгінінен жетектетіп, шаужайынан қақтырмайтын, егемен елдің бүгіні мен ертеңі жөнінде сабырға салып, салмақты пікір айта білетін Қазақстанның “Азат” сияқты азаматтық қозғалысының



Мәскеу, 1964 ж.



*С. Ақатай, ұстазы Ә. Марғұлан мен қаламдастарының арасында.
Алматы*



Дәріс беру үстінде



Стамбул, 1991 ж.



*Түркітілдес халықтарының құрылтайы.
Анталья, 1993 ж.*



*Наурыз мейрамы.
Сәбетқазы Ақатай, қыздары Саягүл, Меруерт,
немерелері Ханшайым, Сырым. Алматы, 2000 ж.*



Сәбетқазы Ақатай мен жубайы Римма Кәрімқызы. Алматы.

құрылғанына бір жыл толып отыр. Оны әлі сәби десе де болады. Осы сәби алғаш дүниеге келгенде, “Жас алаш” газеті оны халыққа таныстырып еді. Ендігі әңгіме “Азат” тәрізді халқының тілегі мен ел қамын ойлай туған сәби қозғалыстың саяси өмірдегі тәй-тәй қадамы мен қазіргі қоғамдық-саяси ахуалға көзқарасы туралы болмақ. Газет тілшісінің “Азат” партиясының төрағасы Сәбетқазы Ақатаймен сұхбаты “Азат” қандай қозғалыс, оның мақсат-мүддесі мен саяси көзқарасы қандай?” деген сауалға жауап іздейді.

– “Азат” алғаш дүниеге келгенде республикадағы мақсат-мүдделері жағынан ұқсас демократиялық ұйымдар мен партияларды, қозғалыстарды біріктіретін азаматтық қозғалыс болатынын паи еткен еді. Қазір қозғалыстың қанаты қатайып, қатары өсті ме?

– “Азат” бодандық құрығына ілініп, бордай тозып бара жатқан қазақ ұлтының мүддесін қорғаймын, әлеуметтік өмірінде жанашыр боламын, саясатқа көзін ашамын, шырқыраған шындықты айтып, шыңдаймын, езілген елімнің еңсесін көтеріп, егеменді ел болу үшін күресемін деп құрылды. “Азат” билікшілдікті де, бүлікшілдікті де мақсат етпейді, оның ең басты мақсаты – қазақ ұлтын оның егеменді республикасын дүние жүзіндегі дамыған елдермен терезесін тең ету. Ондай деңгейге қазақ ұлты ұлттық мүддені көздейтін саяси ұйым құрып қана жетуі мүмкін. Мінеки, “Азат” сияқты саяси қозғалыстың дүниеге келуінің қажеттілігінің өзі де осында. “Азат” азаматтық қозғалысы – қазақ халқының тәуелсіз, дара, жеке ұлттық мемлекетін құруды мақсат етеді.

“Азат” азаматтық қозғалысы құрылғалы бергі бір жыл ішінде оның саяси бет-бейнесі, көзқарасы айқындалып, қатары өсіп, қанатын кең жая бастады. Қазір Қазақстанның 16 облысында және аудандарында, Ресейдің үш облысында “Азаттың” бөлімшелері жұмыс істейді. Бүгінде “Азаттың” қатарында социал-демократтар, “Желтоқсан”, “Ақиқат” сияқты 41 ұйым бар. Біз демократиялық ұйымбыз. Бізде кешегі Коммунистік партия сияқты бір орталыққа бағыну жоқ. “Азаттың”

қатарындағы 41 ұйымның ортақ ісі, мақсаты – Қазақстанның толық тәуелсіздігі үшін күрес. Өйткені, республиканың қазір егеменді болып саналғанымен тізгін-шылбыры түгелдей өз қолында емес. Мәселен, қазіргі қолға алынбақ болып отырған жекешелендіру (приватизация) туралы мәселеге ғана тоқталайықшы. Республикамыздағы ірі өнеркәсіп орындары мен өндірістердің 93 проценті одақтық бағыныста. Былайша айтқанда ол республика меншігіндегі нәрсе емес. Олардың айтуына қарағанда бұл өнеркәсіптер мен өндірістерді жекешелендіруді Орталық өзі жүргізбек. Яғни мұндай ірі меншікті иеленетіндер де жергілікті халық емес. Басқаша айтқанда, бұрын Орталықтан басқарып, айдап өргізіп, иіріп жусатып келсе, енді жеке билеушілердің қолына республиканың экономикалық базаларының тізгінін ұстатып, жергілікті халықты бұйдалап, бодандап, жетектетіп қоймақ. Мінеки, нағыз тәуелділіктің, қанау мен тонаудың көкесі сонда болмақ. Сондықтан “Азат” азаматтық қозғалысы қашан Қазақстан толық тәуелсіздікке қол жеткізгенше күресін тоқтатпайды. Бұл орайда өз Отаны – Қазақ республикасының ертеңін ойлайтын әр азамат осы игі мақсат үшін күресуге тиіс. Біз осы уақытқа дейін және қазір жүргізіліп отырған коммунистік саясатқа түбегейлі қарсымыз. Лениннің ұлттар теңдігі мен тәуелсіздігін, қанау мен тонаудан азат етуді көздейтін идеясы дүниеге келмей жатып жерленді. Оның орнын партиялық диктатура басты. Басқаша айтқанда, Қазан төңкерісі үкімет билігін қанаушылардан күшпен, қантөгіспен тартып алып, тонаушыларға ұстатты. Бұл Қазақстан сияқты бай ресурсты республиканың бар байлығын 70 жыл бойы тасып әкетіп, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігімен, әлауқатымен ісі де болмаған партократиялық Орталықтың ісінен анық байқалады. Оған қанқұйлы саяси науқандарды қосыңыз.

1932–33 жылдарда аштан қырылған 3 миллион қазақтардың, 1937 жылы жазықсыз жапа шеккен қазақ интеллигенциясының қаны солардың мойнында. Олар күні бүгінге дейін коммунистік идеологияның идеялық жағынан ескіргенін, дамымай артта қалғанын, ал теорияларының догмаға айналғанын

мойындағылары келмеді. Тіпті, адам күлерлік жай, олар халық қамын жеп, мұнын мұндайтын, елдің ертеңі үшін жанын салып жүрген “Азат” сияқты демократиялық қозғалыстарды да жау көреді. Егер шынымен олар өздері айтқандай “өзілген халықтың жоғын жоқтайтын партия” болса неліктен өздерімен мақсаттас ұйымдар мен партияларды тұншықтыруға тырысады. Мен өзім марксистің, маркстік теория барлық әлеуметтік қайшылықтарды революциялық жолмен шешуге шақырады. Ал революциялық жол дегенде олардың назары мылтыққа ауады. Басқаша айтқанда, үкімет билігін қару күшімен қолға алу арқылы, саяси реформа жасауға болады дегенді айтады. Оған 1917 жылғы Қазан революциясы, күні кешегі оңшыл әскери төңкерісшілердің әрекеті нақты мысал бола алады. Ал қаруға сүйенген кез келген төңкеріс қантөгіске, аштық пен апатқа әкеп соғатыны белгілі. Сондықтан ҚСРО сияқты ұлттық республикалардан тұратын елде ешқандай мәселе қару күшімен немесе Орталықтан билік айтып өз еркін тану арқылы шешілмеуге тиіс. Әрбір ұлттық республика тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің ішкі мәселесін демократиялық жолмен, конституциялық нормаларды негізге ала отырып шеше алатын деңгейде болуы қажет. Ал саяси билікті түгелдей бір қолға жинап алып, саяси диктатураға ұмтылу, басқа демократиялық ұйымдар мен партияларды қудалау немесе олардың пікірімен санаспау, праволық мемлекет құруға деген ұмтылысқа саналы түрде бөгет қоюмен бірдей.

– *Енді, міне, Коммунистік партия тарайды. Оған не айтасыз?*

– Кеткені шын болғай, қайтып келмегей деймін. Бірақ қайдам? Партиясының аты “Социалистік” деген екен, тентек текенің тағы да бір мүйізі болып жүрмегей. Коммунизм мен социализмнің айырмашылығын жасағандар білмесе, біз білмедік. Өз басым – маневр деп ойлаймын. Әйтеуір, оларды өкімет билігіне жібермеу керек.

– *Ресей Президенті Б. Н. Елциннің департизация туралы саясатын қалай бағалар едіңіз?*

– Ресей Президентінің департизация туралы саясаты 1917 жылғы Қазан революциясынан кейінгі XX ғасырдағы ең ірі ұлы

оқиға. Ол коммунистік гегемонияны күні өткен ұйым ретінде таратуды қан төкпей, бейбіт түрде жүзеге асырып отыр. Бұл процестің біздің республикада да қолға алынғаны көптен күткен қуантарлық жай.

– “Азат” М. С. Горбачевтің, Н. Назарбаевтың, Б. Ельциннің жүргізіп отырған саясатының бүгіні мен ертеңінен нені болжайды? Күні кешегі әскери төңкерістен кейін олар қандай тағылым алуға тиіс?

– Біз Горбачевтің, Назарбаевтың, Ельциннің кез келген саясатына халық мүддесі тұрғысынан қараймыз. Ел Президенті М. Горбачевтің жалпы қоғам өмірін демократияландыру, қару-жарақты қысқарту мәселесіндегі көзқарасы кім-кімнен де болса да қолдау табады. Бірақ, оның әлі күнге дейін елді экономикалық тығырықтан шығарудың жолын таппай, нақты бағдарлама жасай алмай отырғаны Армения мен Әзірбайжанның арасындағы күйкілжіндерді шешуге, сөйтіп бауырлас халықтар арасындағы қантөгісті тоқтатуға, сондай-ақ, барлық республикаларға толық саяси экономикалық тәуелсіздік беру мәселесіне асықпауы оның басты қателіктері. М. Горбачев ұзақ уақыт бойы Коммунистік партияны уысынан шығарғысы келмеді. Ал партия болса, күні кеше әскери төңкеріс кезінде оның өзіне бүкіл КСРО халқына, демократияға сатқындық жасады. Ал, Қазақ КСР Президенті Н. Назарбаевтың позициясы мен жүргізіп отырған саяси-экономикалық жұмыстары республика жұртшылығына жақсы мәлім. Сондықтан “Азат” Президентімізді орынсыз сынап-мінеуден гөрі бірқатар тілек айтқанды жөн көрер еді. Біріншіден, тез арада Миграция туралы заң қабылдануы тиіс. Екіншіден, қазақтың ұлттық армиясын құру мәселесін жедел қолға алған жөн. Өйтпеген жағдайда оның егемендігіне қауіп төнуі мүмкін. Оған күні кешегі әскери төңкеріс кезіндегі Ресей Президентінің ахуалы куә. Шындап келгенде ондай күн туып жатса, Ресейдегідей әскерилердің Қазақстан Президенті жағына шыға қоюы екіталай дүние. Қайта, таптап, жаншып кетуі мүмкін. Кез-келген мемлекет экономикалық, саяси тәуелсіздігімен қатар сол тәуелсіздікті қорғайтын қуатты армиясы болмайынша, оның тағдыры пышақтың жүзінде тұрғанмен бірдей.

– Қазір Одақтық Шартқа қол қоюды еліміздегі экономикалық тығырықтан шығудың ең қажетті жолы деп қарастырып отыр. Бірақ, әлі де болса толық саяси, экономикалық тәуелсіздік алмаған республикалар осы Шартқа қол қою арқылы өзін Одаққа, Орталыққа қайта матап беріп, бодандыққа түсіп қалмай ма?

– Біз Одақтық Шартқа үмітпен де, күдікпен де қараймыз. Күдікпен қарайтынымыз – біз Қазақстанды субъектіге, тәуелсіз мемлекетке айналдырып алмай жатып, өзі тәрізді тәуелсіз мемлекеттермен Одақтық Шартқа қол қоюға итермелеп отырғанмыз. Бұл дегеніңіз – кеше ғана тозығы жетіп, ыдырап кеткен ескі Одақты қайта жаңғырту емес пе? Ал үмітпен қарайтынымыз – тәуелсіздікке жету дегеніміз бір күндік акт емес. Егер біз тағы да бірнеше жыл тәуелсіздік үшін күресеміз деп, экономикалық байланыстың тізгінін мүлде бос қойсақ, онда ел аштық апатына ұшырауы мүмкін. Сондықтан қол қойылғалы отырған Одақтық Шарттың өзін ұлт-азаттық қозғалыстың бір кезеңіне айналдырып жіберу керек. Сөйте тұра, толыққанды тәуелсіздікке не жетсін!!!

– Соңғы кездері “Есіктен кіріп, төр менікі” деп, шұрайлы жеріне көзін сатып, киенкі мінез танытып жүрген келімсектер қазақ халқының ұлттық намысына аз тиіп жүрген жоқ. “Жаман үйдің қонағы биленді” демекші, олар Қазақстанның ең шұрайлы жерлерінен мекен теуіп, суын ішіп, нанын жеп жүргенімен қоймай, жергілікті халықтың өзін сыртқа тепкісі, өздерінше арам пизғылдарын алға апаратын саяси ұйымдар мен әскери құрамалар құрағысы келеді. Оларға атсалысушы Орал казактары мен “Единство” сияқты ұйымға “Азаттың” көзқарасы қандай?

– Қазақ топырағын басып, ауасын жұтып жүрген қай ұлттың болмасын өкілі немесе саяси ұйымдары өзі нанын тауып жеп отырған дастарханын сыйламаса, су ішіп отырған құдыққа түкірсе, ол – қазаққа жау. Сондықтан халық даналығы “Іштен шыққан жау жаман” дейді. Біз қазақтардың кең шеңбері мен “Единствоның” қазіргі жүргізіп отырған саясатына қарсымыз. Бұлар қас-күнемдік пен әдейі халық арасына жік салып,

сепаратистік, шовинистік көзқарастарын ашықтан-ашық уағыздайды.

Яғни, мұндай бір халықтан екінші халықты жоғары қоюшылық, әдейі ұлттық намысқа тию, өктемшілік жасап, өзге ұлтты кем санап басыну – нағыз жаудың ісі. Бұл күндері казактар өздерінше әскери топ құрап, атаман сайлап, ұлттық киіміміз еді деп қару асынып, ол аз болғандай жерімізге көз аларта бастады. Егер ескі салтты тірілтер болсақ, нағыз әскери халық қазақ емес пе еді. Осынша кең-байтақ жерді шығысы Қытай, батысы Ресей сияқты ұлы державалар тұрғанда қарудың күшімен қорғап тұру тек нағыз жауынгер халықтың қолынан келсе керек. О заманда атжалын тартып мінген қазақтың ұлқызын бесіктен белі шықпай жатып бес қаруын беліне асып, жауынгерлікке баулымайтын ба еді. Олай болса біз де сардар сайлап, сарбаз құрайық, бес қаруымызды асынып жүрейік. Несі бар, ол да біздің ұлттық киіміміз ғой. Мінеки, шындап келсек қазақ та ондай “ұлттық киімнен” құралақан емес екен. Бірақ әр нәрсе өз заманында, өз уақытында емес пе? Оның үстіне қазақ ұлт емес. Ол кезінде зорлық-зомбылықты, қарақшылықты қарекет еткен, барлық мәселені қылыштың жүзімен шешетін қанішерлікті мансұқ еткен жартылай әскери құрылым. Мұндай әскери құрылымды бұрын әр елде ішкі көтерілісті, бүлікті басып, жаншып отыру үшін көршілес елдерді шауып, қырғын-сүргін салуға, бір сөзбен айтқанда, қолшоқпар ретінде пайдаланып келген. Казактар – жапон императорының – баскесер-комикадзелері, мысыр патшалығының – мамлюктері, түрік патшаларының – янычарлары, тағысын-тағы толып жатқан осы сияқты әскери құрама қарақшы топ қана. Кейде казактар туралы батыра айтқан сын-пікірлерге орыстар да шыр-пыр болып ара түседі, олардың бұл келеңсіз қарекетін ақтағылары келеді. Бұл өткенді, тарихты білмеу, тіпті орыс халқының өз намысын өзі таптауы. Өйткені, кезінде осы казактар орыстың өзіне бүйідей тиіп, берекесін алған баскесерлер емес пе еді. Мұндай, кезінде патшалық билеушіліктің қолшоқпары болған шынайы ұлттық, отандық сезімнен ада топты ақтау – ол тарих алдында күнә.

Өйткені, кезінде бұл кембағал топты дүниеге әкелген, өз қолын қандамай, осылардың қолымен от көсеген патшаның өзі де, қоғам да жоқ. Яғни, тарих дөңгелегі қайта, кері дөңгелемейтіні тәрізді, кешегі қарақшылардан бүгін ұлт құрап, саяси тұлға жасаудың өзі адам күлерлік нәрсе. Демек, қазіргі казактардың “үлкен”, “кіші” шеңбері біздің тәуелсіздігімізге қарсы қойылып отырған тарихи өлексе. Олай болса оларды маңдайынан сипап, айтақтап, қолдап отырған Рыжков, Макашев, Жириновский сияқтылардікі саяси көрсоқырлық. Ал “Единствоға” келетін болсақ, бұл ұйымның ақылгөй көсемсымақтары қазақ халқының қайта түлеуінен қорқады. Егерде, – дейді олар, қазақ халқы қайта түлесе, тәуелсіз мемлекетке айналса, Қазақстандағы орыс тілдес ағайындар “екінші сортты” болып қалады-мыс. Япыр-ау, қазақ халқын Ресей 300 жыл билеп, тұқыртып келгенде өзінің қаншасыншы сорт екенін де білмей мәңгүрттеніп кете жаздаған қазақтың жаны неткен сірі еді. Осыны ойладыңыздар ма, орыс тілді ағайындар? Біз, қазақ халқы тәуелсіздігіміз үшін енді-енді күресіп жатырмыз. Бірақ біз еш ұлтты екінші сортты болады дегіміз келмейді. Қазақстанда тұратын барлық ұлт тең. Бірақ, кез-келген өркениетті ұлт өз босағасын өзгеге билетпеуге тиіс, билетпейді де. Біреулер Қазақстанда 91 ұлт өкілдері тұрады дейді. Жоқ. Ол қате пікір. Дұрысы Қазақстанда бір ұлт – қазақ ұлты және 90 ұлт өкілдері тұрады. Иә, олар ұлт емес, ұлт өкілдері, тұрғындар ғана. Қазақстанда тұратын дара ұлт – ол казактар. Ол Қазақстанда, ел, жер, су, барлық табиғи байлықтың қожасы. Демек, басқа 90-ға қарағанда қазақ ұлтының несібесі бөлек. Бұл басқа ұлтты кемсіту, тең көрмеу емес. Бұлтартпас шындық. Себебі, басқа кез-келген ұлттың өзінің этникалық отаны бар. Ертең ел басына күн туса орыс Ресейіне, түрік Түркиясына, неміс – Германиясына, корей – Кореясына көшіп кетеді. Ал қазаққа басқа Отан жоқ, ол өз Отанында ғана дербес ұлт. Демек, Қазақ мемлекеті – қазақ ұлтының егемендігінің көрінісі. Мінеки, осы шындықты өз Отанында өзін құл етіп, көп ұлттың үстінен қарап келген орыстың шовинизмі бойына мықтап сіңген единстволықтар түсінгісі келмейді. Қалай

болғанда да Қазақстанда тұратын кез-келген ұйым, партия, қозғалыс ол қандай өктем, өршіл болмасын сабабына түсіретін, тоқайласатын жер бар. Ол – Қазақ КСР Конституциясы.

– “Азат” кеше азаматтық қозғалыс еді, енді міне республикалық партияға айналып отыр. 70 жылдан бері бар билікті қос, қолдап ұстап келген коммунистік диктатураның, коммунистік идеологияның шаңырағы шайқалып, демократиялық күштер өрге басуда. Егер болашақта халық сенім білдіріп, “Азат” партиясы үкімет билігін қолына алса, жұмысты неден бастаған болар еді?

– Ол рас, “Азат” азаматтық қозғалысының жанынан республикалық саяси “Азат” партиясы құрылып отыр. Жақында, 4 қыркүйек күні “Азат” партиясының құрылтай съезі өтті. Съезде сол жаңа партия құрылып, оның жарғысы, бағдарламасы бекітілді. Партия қазақтың ұлттық тәуелсіз мемлекетін құру үшін күреседі. Алайда, біздің көксегеніміз билік емес, біздің көксегеніміз азат ел болу, тәуелсіз қазақ ұлтының ұлттық мемлекетінің болашағы. Оған жету үшін ел басында өз халқына шын жаны ашитын азамат отыруға тиіс. Қазіргі Президентіміз Н. Назарбаев осындай азамат. Бірақ, бар мәселе бір адамның – Президенттің ғана қолында емес қой. Қазіргі республика, облыс, қала, аудан басшылары ішінде өз басының қамынан аспайтын, билік пен байлықтан басқаны ойламайтын тоғышарлар аз емес. Оның үстіне ертең Президентті қайта сайлау болғанда үкімет билігіне Нұрсұлтандай азамат келе ме, әлде Колбин тәрізді сұм келе ме, белгісіз ғой. Сондықтан “Азат” партия ретінде нығая отырып, саяси билікке, парламентке, облыстық Советке, жергілікті Советке сайлануға халық мүддесін қорғау үшін таласады. Оның үстіне қазақ ұлтын сырттан келген келімсектер емес, өзін-өзі билеу керек. Ол үшін “Азат” сияқты ұлтжанды партия парламентке енуге тиіс.

Ал енді егер “Азат” үкімет билігіне келетін болса неден бастар еді деген сұрағыңызға келейік. Егер “Азат” үкімет билігіне келер болса:

– Ең алдымен қабылдайтын заңы Азаматтық туралы заң болар еді.

- Жергілікті ұлттық әскер құрар еді.
 - Ішкі істер министрлігі мен ұлттық қорғау комитеті құрылар еді.
 - Миграция туралы Заңды жедел түрде қабылдар еді.
 - Қазақ ұлт өкілдерінің қолынан келетін жұмыс орындарын көбірек ашып, керісінше, тиімсіз жұмыс орындарын қысқартар еді.
 - Қазақ республикасына тиімсіз шарттарға қарсы тұрар еді.
 - Экологиялық апатқа ұшыраған аймақтарға жеңілдік берерлік босқындар туралы Заң қабылдар еді. Экологиялық босқындарға Қазақстанның кез-келген қалалары мен ауылдарында тұруға мүмкіндік әперер еді. Республика жерінің барлық ресурстары мен байлығының қожасы қазақ халқы деп жариялар еді. Бар мүмкіндікті қазақ халқын көбейтуге, ауру-сырқаудан құтқаруға жұмсар еді.
 - Бірінші кезекте шопандарға жағдай жасауға және олардың балаларын оқыту мәселесін қолға алар еді.
 - Алматыны және басқа да республикалардың ірі қалаларын, білім беру, оқыту, өнер саласын ұлттандыруға күш салар еді.
 - Қазақстандағы Совет Армиясының әскери базасын, полигондарды, соғыс қаруларын өндіретін өндіріс орындарын, әскери адамдарын Қазақстанның меншігіне айналдырар еді.
 - Қазақ жерінің мөлшерсіз жыртылған алқабын тарылта түсіп, мал жайылымын кеңейте түсер еді. Дәстүрлі мал шаруашылығын қалпына келтірер еді.
 - Қазақстан жер байлығын талан-таражға, салуға тыйым салар еді.
 - Ұлтаралық дүрдараздықты жойып, Қазақстанды ұлттар достығы аймағына айналдыруға бүкіл ақыл-ойын жұмсар еді.
 - Барлық елдермен терезесі тең қатынас орнатып және ондай мемлекеттермен жүргізілетін дипломатиялық құжаттарды ана тілінде – қазақ тілінде жүргізер еді.
 - Қазақстаннан тыс тұратын ағайын-бауырларымызды өгейсітпей, шет жердегі қазақтар үшін есікті айқара ашар еді.
- Иә, бұның бәрі қазақ халқының мүддесі үшін кезек күттірмейтін басты мәселелер. Сондықтан да “Азат” күні

ертең өкімет билігіне келгелі жатпағандықтан осы мәселелерді республика Президенті, Қазақ ССР Жоғарғы Советі ескерер деп айтып отырмын.

– *Болашақ Қазақстанды қандай ел ретінде көргіңіз келеді?*

– Қазақ ең алдымен саяси азаттық алуға тиіс. Ол дегеніңіз Қазақстан Англия, Франция, Америка сияқты тәуелсіз, дербес мемлекет болып Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуға тиіс. Яғни, ол ешқандай Орталық, одақтық әкімшілікке де, коммунистік идеологияға да бағынбайтын, қол-аяғы бос, тәуелсіз, дербес, азат мемлекет болуы керек.

Екінші, экономикалық жағынан азат болуға тиіс. Ол үшін бүкіл экономикадағы одақтық бағыныстағы барлық өндіріс орындарын, ведомстволарды республика меншігіне алу қажет. Республиканың жеке ақшасы болуы шарт. Және Қазақстандағы барлық іс қағаздары, білім беру, оқыту, ауыз екі сөйлесу тек қана республиканың мемлекеттік тілінде – қазақ тілінде жүргізілуі тиіс.

Ең бастысы 300 жыл бойы еңсені басып келген құлдық психологияны жеңіп, өзіміздің азат екенімізге сенімді қалыптастыру аса қажет іс. Сондай-ақ, болашақ Қазақстан демократиялық, праволық негізіндегі, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі, бірақ ешқандай әскери блоктарға қосылмайтын Орта Азияның қуатты мемлекеті болуға тиіс.

Қазақ мемлекеті тәуелсіздікке, қазақ халқы азаттыққа қол жеткізбесе ХХ ғасырдан ХХІ ғасырға дүдәмал болып еніп, ол ғасырдан дүбәра болып шығуы мүмкін. Тіпті, шықпай қалуы да ғажап емес.

Әділбек Қабаев

Жас алаш. 25 қыркүйек 1991 ж.

Біз 1998 жылдан не күтеміз?

1991 жылдың тамызында ТЖМК (ГКЧП)-дан кейінгі қанды да қарбалас оқиғалардан соң жүрек қатты шайлыққан еді. Танк пен БТР-дың желтоқсандағы үні құлақтан кетпейтін. Ол кезде

біз “Азаттықтар” қолымызға көк ту ұстап, азаттық шақырып, көшеде жүретінбіз. Иншалла, құдай бар екен, сұрағанымыз келді. Міне, сонан бергі өткен 1 жылда 7 қазынаға жетіппіз.

1. Мәскеуден тізгін үздік. “Ойбай; Мәскеуден айырылсақ, арам қатамыз!” дегенді естіп едік. Бармыз, тіріміз. Алайда, жол соқтықпалы, соқпақсыз.

2. 300 жылдық қорлық пен зорлықтан кейін мемлекетіміздің іргетасы қаланып жатыр. Саяси басқару жүйесі, Қарулы күштерімізді, шекара мен кеден шаруашылығын қайта құрдық. Теңгеміз сынғырлады, астана ауыстырдық. “Ойбай, жеке мемлекет бола алмаймыз, өзімізді өзіміз билей алмаймыз, шәлі ерте” дегендердің үні өшті.

3. ТМД құрдық. КСРО-ға қарағанда әлсіз, әлжуаз екен. Онысы Желтоқсанның ащы таяғы тұщы етімізге тиген біздей қорғансыз ұлттарға шапағатты болды. Цезарь айтқандай “Ұрымның ұлылығы алуда емес – беруде” болса, КСРО шіркіннің ұлылығы, керісінше, алуда еді ғой.

4. Әлемдік қауымдастықпен тереземіз теңелді. Ұлы державалар қорғанысымызға кепілдік берді. “Ойбай, анау басып алады!” дегендердің де үні өшті.

5. Орталық Азиялық Одақ (ОАО) құрдық. Менімше, бұл біржарым мың жыл бұрын болған тұңғыш мемлекетіміз ұлы Түрік қағанатының, не ұлы Тұранның, ұлы Түркістанның ХХІ ғасырға жарасар жаңа үлгісі.

6. Нарықтық қатынастарға көштік. “Базарың құтты болсын, ардақты елім!” дейміз. Басқадай жол жоқ, тарихта болмаған.

7. Тіліміз дара мемлекеттік мәртебе алды. Тұсауы шешілді. Енді аяғымызды қалай аламыз өзімізге байланысты.

“Көрген жоқпын!” деп, көзін, “естіген жоқпын!” деп құлағын, айтқан жоқпын!” деп, аузын басатындарға айтарым: осы 7 қазынаға 70 жыл емес, 7 ғасыр қолы жетпегендер қаншама.

Саясат саласында 1998 жыл 1997 жылдың жалғасы болмақ, ағалы-інілі тетелес, тізбектес болғанмен 1998 жылдың тарихымызда өз орны болады.

Екіні екіге қосып төрт алу мектеп баласына ғана жарасады. Бұл саясатқа жатпайды. Саясаттың мақсаты: жоқтан бар жасау,

өтпей тұрған мүлікті қымбат өткізу, тіпті болмаған күнде екіні екіге қосып кез келген (кейде аз, кейде көп) сан алу, қайткен күнде Қазақстанның құмалағын түгендеу деп білемін. Осы тұрғыдан қарағанда, ел басшылары маркау үстінде, бұрынғыдай жалпаңдау мен жалтаңдау аз, бодандықтың “тұмауынан” біршама айығып қалды. Жақсы іс істесе де, жамандық істесе де қимыл-әрекеттерінде профессионализм бар, “әттеген-ай!” аз.

Елімізде аса ірі өзгеріс болады дегенге сенбеймін.

Құдай өзгерістен сақтағай. Кадр алмастыру керек, бірақ ол жеке адамдарды “алып тастау”, “қоя қою” түрінде емес, кейінгі жаңа тұжырымға орай саяси шара түрінде өтеді деп ойлаймын. Қазіргі әлеуметтік, дағдарыстың ушыға түсуі ескі коммунистік “академияларды” бітірген “мамандардың” әлі де билік жүйесінде қалуы болып отыр. Демек, олардың жымысқы әрекетіне көпекөрнеу өзіміз жол ашып беріп, жария болған қылмыстарын ортақтасып жасыруға мүмкіндік туғызып отырмыз. Ал бұл жаңадан құрылып жатқан мемлекеттік тіршілік тынысына аса қауіпті. Шенеуніктердің парақорлыққа құныққаны соншама, ол өмір сүру тәсіліне айналды. Адал шенеунік шайқы болып көрінетіндей. Әлеуметтік дағдарысты революциялық тәсілмен бұзып жарып, мұратқа жетуге болады деген маркстік-лениндік сандыққа сенер болсаң, мен сол төңкеріс жолын кадр саясатына қолдануды ұсынар едім. Кадрдың басты өлшемі – патриотизм, мемлекет ісіне адалдық, халықшылдық еді.

Экономика саласынан іргелі өзгеріс күту қиын. Шынайы базар шаруашылығы жоспар дегенді білмейді, бірақ базаршының жолы ашық, аты тағалаулы, арбасы майланған. Алайда, прогресс, алға жылжу болады. Қыс кірпігіне қатқан қалын қырауды көріп, жаз отты, күз қырданды, мал қонды бола ма деп топшылаймын. Демек, елді көшедегі арандатуға емес, еңбекке шақырған жөн. Қазақстанды Отаным дейтін азамат Қазақстанды барында ғана сүйіп, жоғынды тәркі етпей, түгел қабылдағаны парыз. Отанымыз анамыз секілді “Жаннат ананың алақанында емес, табанында” деген екен пайғамбарымыз.

1998 жылы қылмыс жазалаушы мекемелерді кеңейткенге көнбей, өрши түседі. Өйткені қылмыс жазалаушы мен

қылмыскер ұйымдасқан кәсіби сипат алып отыр. Қылмыс табыс көзіне, жан сақтау амалына, өтем құралына айналды. Ауылда мал басының күрт кемуі де сонан. Мал бағу мүмкін емес – ұрлық-қарлық күшті. Малшы қарусыз. Билік басындағылар осының амалын табуы тиіс. Ауылда қысқа сирақ, жоқ-жітік қалғаны рас. Көп ауыл қаңырап бос тұр. 1998 жылы олардың саны көбейе түспек. Капиталистік дәуірлеудің серігі – урбанизация, ірі қалаларға шоғырлану процесі жүріп жатыр. Дала тұрғындары жаппай басып, кентті аймақтарға бас сауғалауда. Сауда-саттық қазақтың төл ісіне, ата кәсібіне айналды. Урбанизация – ұлттанудың, ұлттық нығаюдың бірден бір шарты. Бұл тарихында кең өрісте сайрандаған халық үшін әрине, кері құбылыс. Сөйтсе де онан үрейленбеген жөн. Мұны барлық алдыңғы қатарлы ұлттар XV–XX ғасырлар арасында бастарынан өткізген: жанған, күйген, шала өртенген, бірақ ел қатарына қосылған. Тарих құзыры солай. Оған көнбеген жапа шегеді. Басқадай жол жоқ. Өгіздің басына түскен күн, бұзаудың басына да түседі деген – осы. Бас сауғалағанның жаны қалмайды, жағаласқан ғана жеңіске жетпек. Неде болса, нар тәуекел керек. Алдағы жыл да ұлтымызды пысықтай, ширата түспек. “Өзіңе сен өзінді алып шығар, ақылың қайратын мен екі жақтап” деген Абай ақылын базарлы өмірдің кодексіне айналдырған озады. Басымыздан өтіп жатқан қазіргі нәубеттің өзекті мәселесі – жоқшылық емес, қабілетсіздік болып отыр. Демек, ауыл жастарына бүгінгі өндіріске лайықты қысқа мерзімді арнайы курстар ашып, мамандық беру, жеңіл де арзан баспаналармен қамтамасыз ету шаралары кезек күттірмейтін мәселелер тобына жатады. Бұл ең әуелі демографиялық дәуірлеуіміздің жолын ашар еді. Жұмыссыздықтың салдар-салмағы қазақ қабырғасын қайыстырып тұр. Осыны ескеріп, басқа елдерден, әсіресе Ресейден жұмыс күшін тасымалдауды дереу тию керек. Негізгі жұмыс күшін жергілікті тұрғындардан жабдықтауды шетел фирмаларының мойнына заң күшімен арту керек. Мұндайдағы жалпақ шешейліктің астарында қылмыстық пиғыл жатады, бұл барып тұрған популизм, ел ісіне деген немкеттілік.

Тіл саясатында да елеулі өзгеріс 2000 жылға дейін бола қоймас. Қазақ тілінің өзіміздің ұлт өкілдері арасында өгейсуін декреттік шаралар арқылы тоқтатуға әбден болады. Аты-жөнімізді қазақыландыруға насихат та, ресми бастамалар да керек. Сол шара билік басындағылардан басталса, нәтижелі болар еді. Шетел фирмаларының атауларына қазақша-қосымша балама атаулар берілгені жөн. Басқа елдерде солай. Елді мекендердің қазақшалануы түбегейлене түскені де, кең қанат жайғаны да құптарлық. Қайта атау барысында большевизмнің “Алғабас”, “Бесжылдық”, “Жаңа тұрмыс” деген сарқыншақтарынан құтылып, олардың орнын ежелгі қазақы атаулармен алмастыратын кез келді.

1998 жылғы жұмыссыздықпен күресу, оған мемлекет тарапынан нақты шаралар белгілеу жылы болмақ. Бұл шаралар әсіресе, “Ауылға араша” бағдарламасын ретінде жүргізілгені дұрыс. Табиғи қазба байлықтарды әсіресе, көмірсутегі ресурстары талан-таражға түсіру саясаты әлі де жалғаса бермек сыңайлы. Бірақ “табиғи ресурстарды сатып боламыз, алға түсеміз, бәйгеден озамыз” деген саясатшы әбден қателеседі. Бұл да ұрлық-қарлықтың бір түрі. Басқаның мүлкін ұрлап меншікке айналдырғаны ұры емес, нағыз ұры өз ұрпағының ырыздығына қол сұққан болса керек-ау. 1998 жылдың тек Барыс емес, “Халықтар бірлігі мен ұлт тарихын зерделеу жылы” деген қосалқы аты бар. Ұлттық тарихымызда еншісіз қирап қалған меншікті дәулетіміз көп-ақ. Солардың ең биік шыңында Тәңірі иеміз тұр. Қазақтың тұңғыш, кәсіби философы Шәкәрім өз шығармаларын “ұмытылған” деген лақап атпен белгілейді екен. Тәңірі де сол “ұмытылған” ұлылардың көшбастар серкесі.

Тәңірі – табиғатқа табыну емес. Табиғатпен кеңесу, оның құдіретімен есептесу, қошаметтеу, кереметіне үңілу. Тәңірі дін емес – діл. Қазақ менталитетінің ежелгі өлшемі, өзегі, атамызды ұл, анамызды қыз қылып тәрбие берген, баршамызды қазақ етуші рухани бесік, өмір сүру мектебі, дүниені қазақша көрудің, қазақша сезінудің, ойлау мен пайымдаудың, қазақша өсіп-өркендеудің, бала-шаға баулудың табиғи философиялық мектебі.

Тарихи жылда ескерусіз қалған аруақтар да дұға дәметеді. Түркі мемлекетінің негізін салушы, иісі “түрік” атауын аспанмен теңестірген Қапаған қаған, Білге қаған, Жолды-тегін, Елтеріс қаған, Құл-тегін, Істеми қаған, Қазақ Ордасын қан көшіп жүріп тіккен Жошы ұрпақтары аз-Жәнібек пен Керей хан, Мұрындық пен Қасым, Есім мен әз-Тәуке, Салқам Жәңгір мен Абылай, Кенесары мен Наурызбай азат ұрпақтарының жылы райына зәру.

1998 жыл, “ұлттық тарихи сана жылы” Тәңірі иеміздің, киелі аруақтарымыздың қазақ топырағына қайта оралу жылы болғай. “Барыс” табысты болғай!

Егемен Қазақстан. 1 қаңтар 1998 ж.

ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІНДЕ

Тоқылдақ (жұмбақ ертегі)

Құлан иектеніп атқан таң жапырағы селдір орманды алтын нұрға малшындыра бастады. Айнала мүлгіген ұйқыда. Тым-тырыс. Сәлден соң тау арасынан күн де сығалады. Өзен жағасына бой түзеген қалың ағаш үстінен шыққан Тоқылдақ үні меңіреу тау ішін жаңғырыққа бөлеп жіберді.

Тоқ, тоқ... тоқ, тоқ, тоқ..

Күн шықты, енді ұйқы жоқ, –

деп тоқылдақ ұшар басы аспанмен тілдескен дәу самырсынның қабығын қаққылап жатты.

– Таң атпай мазамды алған кім? – деді самырсынның ұңғылынан шыққан үн.

– Тоқылдақпын. Сен кімсің?

– Тиінмін.

– Тиін, Тиін! Жылдам киін, мойныңды бұр, орныңнан тұр, тоғайға жүр, өрік шақ, жидек тап, жаңғақ қақ!

– Қап, бәлем! – деп ашуға булыққан Тиін далаға шықты.

Тоқылдақ самырсыннан ұшып барып, қарағайға қонып, оны да қаққылай бастады: “Тоқ, тоқ... тоқ, тоқ, тоқ... Күн шықты, енді ұйқы жоқ”.

– Таң атпай ерігіп жүрген қайсың? – деді ағаш ішінен шыққан шаңқылдақ дауыс.

– Тоқ, тоқ... Тоқылдақ деген менмін. Өзің кім боларсың?

– Сусармын.

– Сусар, Сусар! Көлге жусар, ұйқыңнан тұр, мойныңды бұр, тоғайға жүр, өрік шақ, жидек тап, жаңғақ шақ!

– Қап, бәлем! – деп күрек тістерін ақситып, Сусар далаға шықты. Бірақ Тоқылдақ көрші шынардың бұтағын қаға бастады.

– Тоқ, тоқ... тоқ, тоқ, тоқ... Күн шықты, енді ұйқы жоқ!

– Әй, бұл қайсың таң атпай мазалаған?

– Тоқ, тоқ... Тоқылдақ деген мен болам. Өзің кімсің?

– Күзенмін.

– Күзен, Күзен! Суда жүзген! Ұйқыңнан тұр, мойныңды бұр, тоғайға жүр, өрік шақ, жидек тап, жаңғақ шақ!

– Қап, бәлем! Мына жағың қарысқырдың ызасы-ай! – деп Күзен далаға шыққанша, Тоқылдақ шыршаның қабығын қаққылай бастады.

– Тоқ, тоқ... тоқ, тоқ, тоқ... Күн шықты, енді ұйқы жоқ!

– Әй, дүрсілдеткен қайсың?

– Тоқ, тоқ... Тоқылдақ деген мен болам. Өзің кімсің?

– Кәмшатпын, Кәмшат!

– Кәмшат, Кәмшат, ала моншақ! Ұйқыңнан тұр, мойныңды бұр, тоғайға жүр, өрік шақ, жидек тап, жаңғақ шақ!

– Қап, бәлем! – деп тісін шақылдатқан Кәмшат далаға жүгіргенше, Тоқылдақ теректің бұтағын қаққылай бастады.

– Тоқ, тоқ... тоқ, тоқ, тоқ... Күн шықты, енді ұйқы жоқ!

– Бұл кім екен? – деген дауыс теректің түп жағынан естілді.

– Тоқ, тоқ... Тоқылдақпын. Өзің кімсің?

– Менмін ғой. Қоян.

– Қоян, Қоян, жылдам оян! Ұйқыңнан тұр, мойныңды бұр, тоғайға жүр, өрік шақ, жидек тап, жаңғақ шақ!

– Қап, бәлем! Жаңа ғана көзім ілініп еді, – деп Қоян інінен шыққанша, Тоқылдақ лып беріп еменге қонды.

– Тоқ, тоқ... тоқ, тоқ, тоқ... Күн шықты, енді ұйқы жоқ!

– Бұл кім тарсылдатқан? – гүріл еменнің түбінен естіледі.

– Тоқ, тоқ... Тоқылдақпын. Өзің кімсің?

– Мен бе? Мен Маймақ емеспін бе?

– Маймақ, Маймақ! Талтақ аяқ, ұйқыңнан тұр, мойныңды бұр, тоғайға жүр, өрік шақ, жидек тап, жаңғақ шақ!

– Әй, мына Тоқылдақ дұрыс айтады. Ұйқыға әлі ерте болар, – деп Маймақ аю апанынан шығып, шаруасына кірісті. Тоқылдақ басқа ағашқа ұшып кетті.

– Балалар! Тоқылдаққа қай хайуанаттың ашуланғаны дұрыс та, қайсысынікі дұрыс емес?

* * *

Шешуі: тиін мен аюдан басқа хайуанаттар күндіз ұйықтап, түнде тіршілік етеді. Аю күзде емес, қыста ұйықтайды.

Жыл он екі ай. 1989 ж.

Әнші ботақан

Көктемнің мақпал күні тас төбеде. Тау баурайының көгі толысын, шытыра гүл жарған. Айнала қып-қызыл. Тау етегін қуалай аққан бұлақтың төменгі сағасындағы бөгеттен құс қаңқылы еміс-еміс естіледі. Ауыл маңындағы жарлауыт өзекте ұсақ төл өрістейді. Таналар мен бұзаулар, жібек жалын жел желпіген құлын мен тай, тұқыл мүйізді қылтиған қозы мен лақ арасында мойны сорайып, боз інген жүр. Ингеннің ешкім білмейтін сыры бар. Табаны күректей 12 ай бойы буаз еді. Бүгін тал түсте боталады. Қос өркеші қаз мойын боз бота туды. Тура енесі секілді. Батпан табан, бауырсақ құлақ, бақан сирақ.

– Бөөө – бөөө – бө! – деп, бота ащы дауыспен дүниеге жар сала келді. Өрістегі төлдер құлақтарын қайшылап,

бір-біріне қарап, жамырасып алысты. Ботақанға боз інген жақындады:

– Бөөө – бөө – бө! Боз дауысты боздағым, – деп мамасын тосты.

Ботақан енесінің бауырына кіріп, сары уызды сіміре бастады. Тояттаған ботақан қайта жатып еді, “Бөөө – бөө – бө!” – деп, боздан оянды. Ұйқы сергітіп тастаған екен, секіріп аяғына тұрды.

– Дауысыңнан айналдым, ботам, – деді боз інген. – Ана өзің секілді кішкентайлармен амандасып, бой жазып ойнап қайтшы!

Ботақан тайраңдай басып, бұзаулар мен таналарға келді. Бұлар бірімен бірі сүзісе бастады. Бота аң-таң. Сөйтсе, бұл ойын “Кім күшті?” деп аталады екен.

– Бөөө – бөө – бө! Менің атым – Ботақан.

– Білеміз, білеміз, – деді шұрқырасып бұзаулар мен таналар.

– Кел, сүзісіп ойнайық!

– Мен сүзісе алмаймын.

– Онда не істей аласың?

– Бөөө – бөө – бө! – деп, ботақан даусын созды. – Боо – боздаймын! Өлең айтамын.

– “Бөө” деген де өлең бола ма екен? – деп, байбалам салды бұзаулар. – Міне, былай айту керек. – Бұзаулар қатар тұра қалып: “Мөөө – мөөө – мө!” – деп мөңіреп қоя берді.

Ботақан налып қалды да, құлыншақтарға қарай беттеді.

Ботақан жақындағанда құлындар жарысқа түсті. Бота аң-таң. Сүйтсе, бұл ойынның аты “Кім жүйрік?” екен.

– Бөөө – бөө – бө! Менің атым – Бооо-тақан, деді, Ботақан мойнын созып.

– Кане, кеттік, жарысамыз! – деді құлындар ерсілі-қарсылы ойқастап.

– Мен жарыса алмаймын.

– Онда қолыңнан не келеді?

– Бөөө – бөө – бө! – Ботақан боздап қоя берді. – Өлең айтып, бооо – боздаймын!

– И – гооо – гоо – го! Өлеңнің көкесі! “И – гооо – гоо – го”.
Біліп қой!

Ботақан бұларға да өкпелеп, қозы мен лақтарға беттеді.

Қозы-лақ асыр салып, секіре бастады. Бота аң-таң. Бұл ойын “Кім биікке секіреді?” деп аталады екен.

– Бөөө – бөө – бө! Менің атым – Ботақан, – деді бота.

– Кел, секірейік, – деді шұркырасты қозы-лақ.

– Мен секіре алмаймын.

– Онда не істей аласың?

– Бөөө – бөө – бө! – деп, ботақан даусын
созды. – Боо – боз – даймын!

Қозы-лақ тұра қалып:

– Мә – әә – мәә – мә! – деп, қосыла дауыстады. Ботақанның
қозы-лаққа ренжігені сонша, ұялы көздерінен жас домалап түсті.
Осы кезде ботаның құлағы көлшіктен үйрек пен қаз қыңқылын
шалды.

Балапандар суға сүңги бастады. Ботақан таң қалды. Сөйтсе,
ойындарының аты “Кім терең сүңги алады?” екен.

– Бөөө – бөө – бө! Менің атым – Ботақан, – деді әдетінше.

– Кел, сүңгиік!

– Мен сүңги алмаймын.

– Енді не істей аласың?

– Мен ба? Өлең айтамын. Бөөө – бөө – бө!

– Хааа – хаа – ха! – деп, қаңқылдады қаз бен үйректер. Сонан
соң тізіліп алып: “Хааа – хаа – ха”-ға басты.

Ботақан балапандарға да өкпеледі де, енесіне барып, шағым
айтпақ болды.

Боз інген мойнын аспанға созып, ботасын барлап тұрған.
Тайрандап барып, сайрандап қайтқан ботақанының алдын
кес-кестеді:

– Тууу, өрісті ән кернеп кетті ғой, сенбісің? – деп сұрады.

– Ия, менмін! – деп шаттанған ботақан сөз аяғын “Бөөө –
бөө – бө” – деп, әндетіп бітірді.

Ботақан жасыл алқапқа көз қадады. Төлдердің шұрқыраған даусы өріс үстін кернеді. Әрқайсысы өз даусымен шырқап, қалаған ойындарын ойнап жатты. Ботақан әр төлдің өзіне тән үні бар екенін сонда ғана білді.

Жыл он екі ай. 1989 ж.

Сырлы шаңырақ (Этнографиялық мысал-шәкуә)

Ойнақы, ерке қимылды сөздермен баяндалған кішкентай оқиға еліктіріп әкетеді! Сонымен бірге қанша нәрсенің атын біліп, түрін танытыныңды байқайсың ба?..

Философ-ұстаз Сәбетқазы Ақатаевтың бұл мысал-шәкуәсі естерінде қалатыны анық.

Мына
Мұржасы сорайған
Суретші бала
Тұран салған сырлы там.
Бояуы мол болған соң
Аясын ба!
Әрі боясын да, бері боясын!
Сөйтіп,
Сырлы тамның астын оя
Жасаған шошалаға
Ырыс пен берекенің
суретін де толтырды да тастады,
... Қазы мен қарта,
Ірімшік пен торта,
Мая-мая жая,
Төбе-төбе тоқаш,
Саба-саба қымыз,

Қалта-қалта жеміс,
Қаймақ пен қатық,
Жент пен қоспа,
Жәшік-жәшік мейіз,
Шұжық пен құйрық,
Сөре-сөре сүрі,
Қарын-қарын май,
Бауырсақ, жарма,
Қуырма бидай,
Тары мен талқаны да бар ма?!
Әйтеуір,
Әбдіреге симай,
Астаудан асып,
Қанарды басып,
Қамбардан тасып,
Кебежені керіп,
Тегененің іші тұр
Сыртында да шашылып жатыр...

Ал, мынау
Түгін тартсаң
Майы шыққан
Күлте Құйрық Тышқан.
Суретші бала Тұран салған
Сырлы тамның мұржасынан түсіп,
Шошаладағы
Қазы мен қарта,
Ірімшік пен торта,
Мая-мая жая,
Төбе-төбе тоқаш,
Саба-саба қымыз,
Қалта-қалта жеміс,
Қаймақ пен қатық,
Жент пен қоспа,
Жәшік-жәшік мейіз,
Шұжық пен құйрық,

Сөре-сөре сүрі,
Қарын-қарын май,
Бауырсақ, жарма,
Қуырма бидай,
Тары мен талқаны да бар ма?!
Әйтеуір,
Әбдіреге симай,
Астаудан асып,
Қанарды басып,
Қамбардан тасып,
Кебежені керіп,
Тегененің іші тұр,
Сыртында да шашылып жатқан
Көл-көсір ырыстан,
Қараңғы бұрыштан
Жырақ кетпей қорып,
Еркін еміп,
Сөлін сорып,
Шырынын сіміріп,
Жалы өркештеніп,
Құлағы көрінбей,
Бөксе еті бөлектеніп,
Қол-аяғы жерге жетпей домалап,
Жатып қалған.
Сір көзі ісік
Мына отырған
Ала Мысық!

Ол ісік көзін қысып,
Суретші бала Тұран салған
Сырлы тамның
Сорайған мұржасынан түсіп,
Шошаладағы
Қазы мен қарта,
Ірімшік пен торта,
Мая-мая жая,

Төбе-төбе тоқаш,
Саба-саба қымыз,
Қалта-қалта жеміс,
Қаймақ пен қатық,
Жент пен қоспа,
Жәшік-жәшік мейіз,
Шұжық пен құйрық,
Сөре-сөре сүрі
Қарын-қарын май,
Бауырсақ, жарма,
Қуырма бидай,
Тары мен талқаны да бар ма?!
Әйтеуір,
Әбдіреге симай,
Астаудан асып,
Қанарды басып,
Қамбардан тасып,
Кебежені керіп,
Тегененің іші тұр,
Сыртына да шашылып жатқан,
Көл-көсір ырыстан,
Қараңғы бұрыштан
Жырақ кетпей қорып,
Еркін еміп,
Сөлін сорып,
Шырынын сіміріп,
Жалы өркештеніп,
Құлағы көрінбей,
Бөксе еті бөлектеніп,
Қол-аяғы жерге жетпей,
Домалап жатып қалған
Күлте Құйрық Тышқанды
Аузына салып қысқан-ды!

Өз құйрығымен ойнап,
Мына отырған Жез Қарғылы Мойнақ!

Суретші бала Тұран салған
Қазы мен қарта,
Ірімшік пен торта,
Мая-мая жая,
Төбе-төбе тоқаш,
Саба-саба қымыз,
Қалта-қалта жеміс,
Қаймақ пен қатық,
Жент пен қоспа,
Жәшік-жәшік мейіз,
Шұжық пен құйрық,
Сөре-сөре сүрі,
Қарын-қарын май,
Бауырсақ, жарма,
Қуырма бидай,
Тары мен талқаны да бар ма?!
Әйтеуір,
Әбдіреге симай,
Астаудан асып,
Қанарды басып,
Қамбардан тасып,
Кебежені керіп,
Тегененің іші тұр,
Сыртына да шашылып жатқан
Көл-көсір ырыстан,
Қол-аяғы жерге жетпей
Домалап жатып қалған
Күлте Құйрық Тышқанның
Мойнын бұрап алған
Ісік көз Ала Мысықтың
Ізіне түсіп, қуып жүріп,
Пішен қораға апарып,
Қысыпты...
Ал, мынау тұрған,
Сыңар мүйізін
Артына қайырып, бұрған

Тентек Теке!
Суретші бала Тұран салған
Қазы мен қарта,
Ірімшік пен торта...
Мая-мая жая,
Төбе-төбе тоқаш,
Саба-саба қымыз,
Қалта-қалта жеміс,
Қаймақ пен қатық
Жент пен қоспа,
Жәшік-жәшік мейіз,
Шұжық пен құйрық,
Сөре-сөре сүрі,
Қарын-қарын май,
Бауырсақ, жарма,
Қуырма бидай,
Тары мен талқаны да бар ма?!
Әйтеуір,
Әбдіреге симай,
Астаудан асып,
Қанарды басып,
Қамбардан тасып,
Кебежені керіп,
Тегененің іші тұр,
Сыртына да шашылып жатқан
Көл-көсір ырыстан
Қол-аяғы жерге жетпей
Домалап жатып қалған
Күлте Құйрық Тышқанның
Мойнын бұрап алған
Ісік көз Ала Мысықты
Ізіне түсіп, қуып жүріп,
Пішен қораға апарып қысқан
Жез Қарғылы Мойнақты
Сынық мүйізіне іліп алып,
Біраз “ойнатыпты”.

“Қой!” дегенге қоймапты...
Жез Қарғылы Мойнақ
Сынық Мүйіз Тентек Текені
“Аға!” деп, “Көке!” деп,
Көзінің жасын парлатты...
Бірақ Сынық Мүйіз Теке болмапты!..
Жез Қарғылы Мойнақ үріпті!
Бұл тамашаға ауладағы хайуанат
Шек-сілесі қатқанша
Күліпті!..
Ал, бақшадағы балалар
Сынық Мүйіз Текені
Қораға айдапты.
Өзер дегенде
Тентек Текеден
Арашалапты өзіміздің
Жез Қарғылы Мойнақты.

ЭЗОП МЫСАЛДАРЫ

*Ағылшын тілінен аударған
С. Ақатаев*

Бұл кітап – көне дәуірдің аты аңызға айналған ұлы мысалшы жазушысы Эзоптың мысалдары ізімен жазылған әңгімелер жинағы. Ол шығармалар ертедегі Грецияда біздің жыл санауымызға дейінгі VI ғасырда пайда болған. Эзоп мысалдары XIII ғасырдан бастап француз, неміс және ағылшын тілдеріне аударыла бастады. Ресейде Петр патша дәуірі тұсында тәржімаланды. Өткен ғасырда Эзоп мысалдарын Крылов шығармасы арқылы Абай қазақ даласына таратты.

Эзоп мысалдары маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ. Мысқылшы мінепсынаған: сараңдық, қатыгездік,

мақтаншақтық, арамзалық, екіжүзділік, опасыздық, кулық сияқты мінез-қылықтар әлі де кездесіп қалады.

Шыншылдығымен, терең мағыналылығымен дараланған көненің көзімен жасөспірім оқырмандарды да таныстыруды жөн көрдік.

Кітаптағы әңгімелер қазақшаға ағылшын тілінен аударылды.

Тауыс қанатын таққан қарға

Ерте заманда құс атаулы бір орманда бас қосып, үлкен құрылтай ашып, хан сайламақ болыпты.

– Итте ие, түлкіде тәңір бар, – деп шуласыпты олар. – Ал біздің арамызда жол көрсетер басшы жоқ, Біздің де ханымыз болуы керек.

– Ендеше, ең алдымен сол ханды сайлар төреші табалық, – депті ақылгөй Кептер.

– Құдіреті күшті Арыстанның өзіне барайық, бізге ханды сол сайлап берсін, – деген ұсыныс жасапты Көкқұтан.

Құстар шуласып-шұрқырасып Арыстанның үңгіріне келіп, бізге хан болуға лайықты құс таңдап беріңіз деп, өтініш етеді.

Арыстан құстардың бұл қылығына мәз болып:

– Қанатты достарым-ау! Әрине, сендер секілді аспан жайлап, нұр емген құстардың ханы да теңдесі жоқ кербез де сымбатты сұлу болуы керек. Сондықтан ертең ертемен құс біткен үңгірімнің алдына келсін, ең тәуірін таңдайын. Қаласандар, сол сендердің хандарың болсын, – деген екен.

Хан болуға кім дәмеленбесін! Арыстанның бұл ұсынысы олардың ойынан шығыпты. Өйткені, әр құстың көкейінде өзін басқадан артықпын деген ой бар екен де, ханның тәжін әрқайсысы өзім кисем деп армандапты. Арыстанның ақылдылығына шек келтірмепті. Сөйтіп, құстар келер күнді қарсы алу дайындығына кірісіпті.

Олар өзен жағасына келіп, суға шомылады, қанаттарын кептіріп, тарана бастайды. Хан сайлауға байланысты хабарды естімеген жалғыз Қарға екен. Ол сол күні науқастанып қалып,

құстардың ормандағы мәжілісіне қатынаса алмайды. Ойда жоқта құстардың жапатармағай суға шомылып жатқанына таң қалып, оның себебін білгісі келеді.

– Неге мұнша жаппай шомыла қалдыңдар? – деп сұрайды, Қарға құстардан.

– Ертең азанда Арыстан бірімізді хан сайламақ. Ол хан ең әсем, ең сұлу құс болмақ, – депті құстар.

“Шіркін-ай, хан болғанға не жетсін! – деп ойланады Қарға. – Құс біткен ханына құрмет көрсетіп, жер-жерден дәмді тағамдар, көз көрмеген қымбат сәлемдемелер мен сыйлықтар әкеледі ғой. Соны алатын хан мен болсам...”. Көкейіндегі осы ойына әбден берілген Қарға басқа құстардан оқшаулау шығып, тағы да тұңғыық ойға батыпты. “Хан болғым келеді, ә! Сонда маған хандықты кім даярлап отыр? Қанатым болса, қара, жүнім ажарсыз”. Қарға енді қулыққа көшпек болады.

Түн ортасы ауа барлық құс ұйқыға кеткен кезде, Қарға өзен жағасына келеді. Күндіз құстардан қалған қауырсындарды жинай бастайды. Олардың ішінде Жорғаторғайдың көк, Қызылтамақ шымшықтың қызыл, Күркетауықтың жылтырауық, Тауыстың жасыл қанаттары бар еді. Бәрінен де Тауыстың қанатын ұнатқан Қарға жасыл қауырсынды көбірек жинайды.

“Енді сәнденуге болады”, – деп ойлаған Қарға ұясына оралады. Түні бойы әуреленіп әр түрлі қанаттарды өз қанатының үстіне жапсырып шығады. Тауыстың ұзын жасыл қауырсынын құйрығына байлап қояды.

Азанда Арыстан үңгірінен шығып, үлкен тастың үстіне келіп отырады. Барлық құс та осы жерге келеді.

– Бастандар! – деп бұйырады Арыстан.

Салтанатты ең кішкентай құстар ашады. Қанаттылар әрекетіне шаттанып отырған Арыстанға өз алдында бар өнері мен сымбатын көрсеткен қызыл қанатты Шымшық, көгілдір қанатты Жорғаторғай қатты ұнайды, бірақ ол ойын білдірмейді. Тауы шағылған бұл құстар орманға қайтып кетеді.

Кішкене құстардан соң енді олардан ірірек құстардың көркін байқау басталады. Бұлардың ішінде жезқанатты Дуадақ, алтын

қауырсынды Қырғауыл секілді сұлу құстар көп болыпты. Хан болуға тұрарлық құсты таңдау аса қиын соғып, Арыстан әбден торығыпты.

Ең соңы үлкен құстар – Күрке тауықтың әтеші, алып қанатты Бүркіт, Тотықұс, кербез Қызыл қаз және Көкқұтан өтіпті. Бұларды көрген Арыстан қандай шешімге келуін білмей, тіпті қиналады. Тауыс құйрығын жазып жіберіп, әсем кеудесін керіп тастап, Арыстанның алдынан ерсілі-қарсылы теңселе басып өте бергенде, маңайды тамашалап отырған барлық құс ду қол шапалақтап жіберіпті. Салтанатқа қатысып отырғандардың қай-қайсысы болсын Тауысты ең сымбатты құс деп танып, хан сайланды деп санайды. Бірақ, кенеттен Арыстанның алдына қанаттары күн сәулесіне түрлі түспен құбылған беймәлім бір құс шыға келеді. Бұл әр құстың қанатын тағып алған кәдімгі өзіміздің қара Қарға еді.

– Апыр-ай, бұл қай құс еді? – деп сұрасады бір-бірінен. – Мұндай құсты өмірімізде кездестірмеген едік. Өзі не деген әсем десеңізші!

Бұл құстың Қарға екенін алғашқыда ешкім білмейді, әрине. Тек біраздан кейін Жорғаторғай:

– Мына пәле менің қауырсынымды қайдан тауып, тағып алған, – деп, жүгіріп барып, тұмсығымен бір қызыл қауырсынды әлгі құстың қанатынан жұлып алады.

– Құйрығы түгелдей менікі, – деп ашуланған Тауыс өз қанатын таниды.

Жарқырауық қауырсындардан айрылған сәтте әлгі беймәлім құстың кәдімгі қара Қарға екенін барлық құс таниды. Оның бұл ісіне ашынған құстар Қарғаға жабыла ұмтылып, тұмсықтарымен шоқи бастайды. Қарға өзінің әумесерлігі мен опасыздығы үшін осылай жазаланған екен.

Сөйтсе де, Қарға таққа отырудан әлі де үміт үзбесе керек. Өйткені жылтырауық нәрсе көрінсе болды, оны іліп алып, ұясына апаратын көрінеді.

Алтын жұмыртқадан айырылған әйел

Баяғыда бір орманшы болыпты. Әйелінің мінезі тым шөлкес екен. Ертеңнен кешке дейін күйеуінің құлақ етін жейтін көрінеді. Айқайдан құтылу үшін, ері орманға ерте кетіп, үйіне кештетіп оралады екен.

Орманшы табалдырықтан аттасымен, көкайыл әйелі айғайға басатын:

– Мені жалғыз қамап кетесің де, жанымда ешқашан болмайсың. Сенсіз өмірім қараң екенін қашан түсінесің?!

Орманшы төзімді адам көрінеді. Ашуын ақылға жендіріп, үндемейді екен. Алайда, бір күні:

– Аяулы жарым, өзің білесің, мен күн ұзын орманда ағаш қиямын. Ағашты неғұрлым көп қисам, пайдасы да солғұрлым көп болмай ма? – депті.

Адуын әйел бұл сөзге де құлақ аспайды. Орманшы үйіне біреу зорлағандай әзер келіп жүреді. Жол бойы: – Әйеліме қалай жақсам екен, кеш қайтсам: “Жалғыз қалдым – жаның ашымайды” – деп бақырады, ерте оралсам: “Ақшаны аз табасың” – деп тынышымды алады. Сонда оған не істеуім керек? – дел, ойлаумен болады.

Бір күні орманға қарай келе жатса, қалың ағаш арасынан ағарандаған әлденені көзі шалады. Жақындап келіп қараса, бөтегесі жерге тиген семіз ақ қаз екен. “Өзі кешкі асқа, жүні жастыққа жарайтын болды”, – деп, орманшы қазға жақындай түседі. Қаз болса, одан үрікпейді. Орманшы қазды ұясымен көтеріп, үйіне оралады. Қаздың мұнша жуастығына таң қалған әлгі кісі, оны дәл сол күні сойғысы келмейді. Ал, әйелі қазды көрісімен:

– Бол, тез басын кес, аса қояйын, – депті.

– Осы қазды тұқымға қалдырсам ба екен! – дейді оған орманшы. Күйеуінің қарсы жауап қайырғанына ызаланған әйел:

– Бұл қазды жемдеймін деп, түбімізге жетерсің, – деп ренжіпті.

– Өзіме тиесі тағамның жартысын беріп отырамын, – дейді орманшы. Сөйтіп, орманшы өз асынан қазға бөліп беріп, баға бастайды, аулаға ұя жасап, соған жатқызып қояды.

Ертеңінде орманшы қораға келсе, қаз бір жұмыртқа тауыпты. Жұмыртқасы жай жұмыртқа емес, алтын жұмыртқа екен. Орманшы жұмыртқаны қолына алып, өз көзіне өзі сенбей, әйелін шақырады. Әйелі жұмыртқаны көре сала, күйеуіне:

– Енді неғып тұрсың? Бар, қалаға жөнел, сатып, тезірек ақша алып кел, – дейді.

Орманшы қалаға барып, жұмыртқаны сатып, ақшасына азық-түлік, әйеліне жаңа көйлек алады да, үйіне оралады.

Келесі күні қаз тағы да алтын жұмыртқа табады. Сонымен, қаз күнде бір алтын жұмыртқадан таба береді. Орманшы тоғайға баруды қояды. Қаздың жұмыртқасын сатып, сонымен тұрмысы түзеліп, байи бастайды.

Бірақ тұрмыстары жақсарған сайын, әйелінің қабағы қалыңдай береді. Оған қаздың күніне бір-ақ жұмыртқа тапқаны аздау көрінеді. Оның жұмыртқаны көптеп тапқанын қалайды.

– Осы жұмыртқалар қайдан шығып жатыр – соны білгім келеді, – дейді әйелі бір күні. – Менімше қаздың тұла бойы алтыннан жаратылған. Әйтпесе, алтын жұмыртқа қайдан келеді? Алтын жеп таппайды ғой. Ендеше, қаздың ішек-қарны да алтын. Сондықтан оны сою керек: мысқалдап отырамыз ба, көп алтынға бір-ақ кенелейік!

Орманшы болса, әйелінің бұл сөзіне көне қоймапты. Бірақ қыңыр әйел күйеуі қалаға кеткен кезде балтаны алып, қаздың басын бір-ақ шауып тастапты. Әлбетте, бұл қаз да басқа тұқымдастары секілді кәдуелгі қарапайым қаз болып шығыпты. Сөйтіп, қанағатсыз әйел қаздың әлі де талай табатын жұмыртқаларынан текке айырылып қалған екен.

Қала тышқаны мен дала тышқаны

Дала Тышқаны бітік астықты алқаптың ортасында өзінің кішкентай үйшігінде тұрады екен. Ал оның алыстағы қалада тұратын досы болыпты. Достар бір-біріне жиі-жиі хат жазы-

сатын көрінеді. Досының кезекті хатын оқып шыққан дала Тышқаны күрсініп:

– Даланың тіршілігі құрысын, Сахарада еш жаңалық жоқ, бар болғаны күн күркіреп, жаңбыр жауады, оның артынан күн шығады, немесе қыс болса, қар жапалақтап, боран соғады. Ал шаһарда болса, толған өзгеріс, күнде бір жаңалық емес пе. Қандай қызық десейші! – деп армандайды.

Қала тышқаны хатында жаз шыға қонаққа барам деп жазыпты. Бұған дала Тышқаны қатты қуанады.

“Достым, – деп жазады жауап хатында дала Тышқаны, – біздің жақ сенің тынығуыңа өте қолайлы. Тамақ деген көл-көсір. Біздің бала-шағаларымыз қалада болып жатқан жаңалықтар туралы сенің қызықты әңгімелеріңді тыңдауға құштар”.

Сөйтіп, дала Тышқанының әулеті қонақтарын асыға күтіседі. Неше түрлі дәмді тамақ даярлайды. Қала тұрғынына сахараның қарапайым асы ұнамай қала ма деп, қолдарынан келгенінше қимылдап, зыр жүгірісіп, барын аямайды. Қонақтары келіп, ас үстінде үлкен қаланың көптеген жаңалықтарын айтып отырады. Астан кейін қала Тышқаны досына:

– Мына құлазыған далада қалай тұрасың, достым? Тұрмыстарың көңілсіз, тағамдарыңның да дәмі шамалы екен, – дейді.

– Бұл сөзіңнің жөні бар, – дейді дала Тышқаны. – Қала туралы әңгіме айтқаныңда аузымыздан сілекейіміз шұбырады, бірақ амал жоқ.

– О, достым, шаһардың қайбір қызығын айтып тауысуға болады дейсің, – дейді қала Тышқаны. – Қошеметтеріне көп рахмет, бірақ қаланы сағынғаным сондай, бұл жерде бір жұма да шыдайтын емеспін. Қалаға не жетсін, шіркін! Айтқаныма сенбесең, өзің еріп жүр бізбен, көріп қайт бәрін.

Алғашында дала Тышқаны қалаға барар-бармасын білмейді. Бірақ, қала Тышқанының асхана астынан жасап алған жылы үйі туралы, ондағы неше түрлі тәтті тағамдар жөнінде ғажап әңгімелерін естігенде, сол қызықтың бәрін өз көзімен көргісі келеді.

Достар түнделетіп сапар шегеді. Дала Тышқанының үрейі ұшып қорқып отырады, бірақ сырын досына білдіртпеуге тырысып, досы не істесе, соны қайталай береді.

– Достым, қарның ашты ма деймін, – дейді қала Тышқаны үйіне жеткен соң. Олар ептеп еденнің тесігінен асханаға кіреді. Сөредегі шекер, балқаймақ, ірімшік және басқа да бұрын-соңды татып көрмеген тағамдардың иісі мұрнын жарғанда, дала Тышқаны қуанып кетеді. Ол ірімшіктің шетін енді кеміре бергенде, есік ашылып, түрі сондай қорқынышты еңгезердей әлдене ентелеп жетіп келеді.

– Зыттың! – деп айқай салады қала Тышқаны, ініне кіріп бара жатып. Дала Тышқаны да алды-артына қарамай, сол інге қойып кетіпті. Құбыжық аң артта қалып қояды. Дала Тышқанының байқап қалғаны: оның сорайған аппақ тістері мен сояудай тырнақтары және сабалақ жүнді аяқтары еді.

– Әлгі не? – деп сұрайды дала Тышқаны, асхананың еденіне түскен соң.

– Е, ол әлгі Мысық деген ғой, – деп жауап қайтарады досы қорқынышын білдірмей. – Көрдің ғой, мен одан аулақ жүргенді ұнатамын. Оған жақындауды қаламаймын. Бар болғаны сол.

– Достым, қала тұрмысы маған ұнамай тұр, – дейді сонда дала Тышқаны.

– Үйің жылы, тамағың дәмді екен. Бірақ, бұдан гөрі өз үйімде өзімнің үйренген асымды ішіп-жеп, мына Мысық деген бәледен аулақ тұрып күнелткенім жақсы-ау деймін.

Өз үйіне аман-есен жеткен дала Тышқаны, бұдан кейін қаладағы досының тірлігіне ешқашан да қызықпапты.

Арыстан мен Тышқан

Ағаш түбінде ұйықтап жатқан Арыстан әлдебір сыбдырдан оянып кетеді. Көзін ашып қараса, дәл тұмсығының алдында бір Тышқан тұр екен. Тышқанды құйрығынан шап беріп ұстай алады. Тышқан зәресі ұшып:

– Қайырым ете гөр, тақсыр, – дейді, дауысы дірілдеп жалынып.

– Ұйқымды неге бұздың? – дейді, ызғарланған Арыстан күркіреп.

– Рақым ет, тақсыр! Тамақ іздеп жүр ем. Жібере гөр, мен де бір керегіңе жарармын.

– Бойыңа қарап сөйле, ант ұрған, шамаңды біл!

Арыстан келекелеп күліп алады да, мейірімі түсіп, Тышқанды жөніне қоя береді.

Күндердің бір күнінде орманға бір мерген келіп, Арыстанның ақырған даусын естіп:

– Дауысына қарағанда, мынау Арыстанның сирек кездесетін тұқымы секілді. Мұны ұстап алып, хайуанаттар паркіне сатып жіберейін, – деп ойлайды аңшы. Көмекке дереу достарын шақырып, Арыстан су ішетін суатқа тұзақ құрып қояды.

Шөлдегөн Арыстан өзенге келе жатып, тұзаққа түсіп қалады. Ары жұлқынып, бері жұлқынып, торға орала береді де, ақыры орнынан қозғала алмай қалады. Әбден шаршап, қалжырайды. Қарны ашады. Осылайша дағдарып тұрғанда, тышқан келіп, өткір тісімен тор жіптерін үзе бастайды. Көп уақыт өтпей Арыстанды босатып алады.

– “Бір кәдеңізге жарармын” дегенде, күліп едіңіз, тақсыр – депті сонда Тышқан. – Сіздің ақырған дауысыңызды естісімен ақ көмекке жүгіріп едім. Екі сөйлемейтініме көзіңіз жеткен шығар енді.

Арыстан қатты ұялған екен.

Ит пен Қасқыр

Бір қарны қабысқан аш Қасқыр айдалада келе жатып, семіздіктен жоны жылтылдаған күйлі итті жолықтырады. Тоқтап, бірімен-бірі сәлемдеседі.

– Достым, ішкі майың сыртыңа шығып тұр. Мұндай бақытқа қалайша кенелдің? Мен болсам, ертеден кешке дейін жортуылмен тамақ іздеймін, бірақ әлі күнге дейін аузым асқа жарыған емес, – депті Қасқыр.

– Иемнің үйін ұры-қарыдан қоримын, ол мені сол үшін де бағады. Қорада өзімнің меншікті үйшігім бар. Егер сенің де мендей болғың келсе, жүр, ауылға алып барайын.

Иттің ұсынысы Қасқырға қатты ұнайды. Итке ілесіп, ауылға тартады. Ауыл шетіне жақындай бергенде, Қасқыр кілт тоқтап:

– Достым, осы сенің мойның неге жауыр? – деп сұрапты.

– Ием мойныма қарғы тағып, шынжырға байлап қояды, содан қалған белгі ғой. Со да сөз па? Не болды? Неге шегіндің?

– Достым, екеуміздің жолымыз екі басқа екен. Мен сенімен еріп бара алмаймын. Бас бостандығымды тамаққа айырбастай алмаймын. Шынжырға байланып тұрғанымнан гөрі суықтан тоңсам да, аштықтан бұралып жүрсем де, орман кезген тіршілігімнің өзі мың есе артық. Ондай бақытың өзіңе, маған еркін жүру керек, – деген екен Қасқыр.

Еріншек Есек

Бір саудагердің есегі болыпты. Есектің күші қандай көп болса, жалқаулығы да біраз бар екен. Саудагер кең пейілді мейірімді адам болса керек, қыңырлығына қарамай, Есегін жақсы күтіпті. Алайда, саудагер бір жерден екінші жерді аралап, көп жүк тасып жүріп, әдетінде үйіне өте кеш оралады екен.

Есек түнде қорадағы басқа малға, өз тірлігінің ауырлығын айтып, қожасына наразы екенін баян етеді. Олар есектің айтқанына сеніп, жандары ашиды екен.

Күндердің бір күнінде саудагер Есегіне екі қап тұз артып, шаһарға жол тартады. Жолда көпір кездеседі. Көпірдің дәл ортасына жете бергенде, Есектің аяғы тайып, өзенге құлап түседі. Саудагер көп қиындықпен Есегін судан шығарып алады. Есек жағаға шыққан соң, арқасындағы жүктің жеңілденгенін сезеді. “Осыған дейін ойыма неге келмеген. Бұл есте болатын іс екен”, – деп түйіп қояды, Есек ішінен.

Тұзын суға ағызып алған саудагер үйіне оралып, Есегіне басқа жүк артып, шаһарға қайта бет алады. Сол көпірдің үстіне екінші рет шыға бергенде, Есек жүк-мүгімен суға секіріп түседі. Саудагер ақымақ Есегін жағаға шығарып алады. Есекке артылған жүк бұл жолы мата екен, суға тиген соң, бұрынғысынан да ау-

ырлай түседі. Ал, саудагер болса, су матаны базарға апармай, үйіне қайта оралады.

Құйрықсыз қалған Түлкі

Бір күні қызыл Түлкі орман ішімен келе жатып, қақпанға құйрығынан түсіп қалады. Ары тартып, бері тартып жатқанда, құйрығы үзіліп кетеді. Сөйтсе де, Түлкі аман-есен босанғанына разы болады. Бірақ мекен еткен сайына жетіп, басқа түлкілер сәлемдесуге келгенде, өзінің мүшкіл халде екенін біледі. Құйрығы жоқтығына ұялғандығынан кірерге тесік таппайды. Алайда, қызыл Түлкі асқан қу екен, сол қулығын жасағысы келеді. Ол басқа түлкілердің бәрін үйіне шақырып алады.

– Қадірлі достарым, өте бір маңызды істің мән-жайын айттайын деген едім. Құйрық деген қазір сәннен қалды. Құйрық жүріп-тұруға да ыңғайсыз. Құйрықсыздық – кербездіктің белгісі. Маған қараңдаршы, мен сияқты құйрықсыз жүруді үйреніндер. Құйрықтарыңды кесіп тастаңдар! Құйрықсыз жүгірудің өзі қандай жеңіл әрі ыңғайлы. Мен өз құйрығымды кесіп тастағаным сондай қуаныштымын. Көңілім шаттыққа толып, бәрі маған қызғанышпен қарайтын болды, – дейді.

Сонда қызыл Түлкіден де кәнігі бір кәрі Түлкі:

– Балам-ай, жас та болсаң, зерек екенсің. Менің ойымша сен құйрығыңды өз еркіңмен кесіп тастамағансың, құйрығыңнан айрылған екенсің. Біз де сен құсап айрылып қалсақ, айтқаныңа көнер едік, бірақ құйрығымыз аман тұрғанда, онсыз әдемі боламыз деп айта алмаймыз, – деген екен.

Қой терісін жамылған Қасқыр

Бір аш Қасқыр отардан оқшау жүрген бір қойға тап болады. Қасқыр әлгі қойдың мойнын бұрап жіберіп, арқасына салады да, орманға әкеліп жейді. Дәндеп алған қасқыр қой етіне

қызығып, әлгі ауылға қайта-қайта барғысы келе береді. Бірақ қойшыдан қорқады. Сондықтан Қасқыр қулық жасамақ болады. Жеген қойының терісін жамылып алып, білдіртпей қалың қойдың арасына кіреді де, қойлар не істесе, соны істеп, ешкімге танылмай жүре береді.

Кешке қарай өрістен қайтқан отармен бірге ауылға келіп, қораға кіріп кетеді. Қақпа жабылады. “Өзім не деген қу едім, – деп ойлайды Қасқыр, – енді осыдан былай қойдың қаншасын жесем де еркімде”.

Кенет қораның қақпасы ашылып, шопан кіреді. Үйіне қонақ келген екен. Шопанның әйелі терезеден:

– Қойдың ең үлкенін, ең семізін таңда, – деп айғайлайды. Шопан ең семізін қолма-қол бауыздап жібереді. Байқаса – қолына ілінгені қой емес, қой терісін жамылған Қасқыр екен.

Есек, Қораз және Арыстан

Бір күні алжыған кәрі Есек пен адуын жас Қораз далада келе жатыпты. Күтпеген жерден қарсы беттегі орманнан Арыстан шыға келеді. Қораз қорыққанынан жан дауысымен бақырып жіберіпті.

Арыстанның дүниедегі ең жек көретіні – Қораздың дауысы екен. Әлгі үнді есітісімен, кері бұрылып, орманға қарай зытады.

Арыстанның бұл қылығын көрген Есек: “Арыстан мені көріп қорықты”, – деп жорыпты да, соңынан қуа жөнеліпті. Сол бетімен ну орманға қойып кетіпті. Біраздан кейін Арыстан бұрылып артына қараса, ізіне түсіп келе жатқан Есекті көреді де, бас салып, боршаборшасын шығарады.

Түлкі мен Көкқұтан

Бағзы заманда бір Түлкі өмір сүріпті. Түлкіні қулығы мен залымдығы үшін ешбір хайуан ұнатпапты. Сөйтсе де, ормандағы тағы біткен Түлкіден керемет қорқады екен.

Күшіктерін Түлкіден аулақ ұстапты. Қу Түлкі аңдардың балаларын ойнатпақ болып, алдап алып кетіп, жеп қояды екен.

Бір күні Түлкі Көкқұтанды кездестіреді. Көкқұтан шаршап-шалдығып жолда тұр екен. Қанатынан су сорғалап, қалтыраған Көкқұтанға жаны ашыған болып:

– Достым, не болды, халің нашар көрінеді. Не көмек көрсетейін? – дейді қу Түлкі.

– Үлкен апатқа ұшырадым, достым. Дауыл мен нөсер елімнен осы жерге әкеп тастады. Қайдан ұшып, қайда қонғанымды да білмеймін. Әбден шаршап тұрмын. Әрі ашпын.

Түлкі Көкқұтанға жақындап:

– Жаурап та қалыпсың, достым. Қарның да аш екен. Жүр, біздің үйге барып, су-сусын іш, дем ал, бой жаз, қанатыңды кептір, – дейді.

Түлкінің Көкқұтан бейшараға мұншама қошамет білдірген себебі: теректің ұшар басында бәрін байқап Кептер отырыпты.

Түлкі мен Көкқұтан орманға кіріп, Түлкінің ініне қарай беттейді. Кептер бұлардың соңынан еріп отырады. Түлкінің залымдығын білмейтін Көкқұтанға жаны ашып, сұмның қулығын әшкерелемек болады. Кептерден сезіктенген Түлкі де қонағына ештеңе істей алмайды.

– Мен саған дәм татқызайын, – деп, жайпақ табаққа сорпа құйып, Көкқұтанның алдына қояды. Жайпақ табақтағы аз ғана сорпадан Көкқұтанның аузына ештеңе ілінбейді. Ол Түлкінің қонақжай болғысы келген қулығын сезіп, қарымта қайтаруды ойластырады.

– Тағамың дәмді екен, достым. Енді үйіме қайтар мезгіл жетті, – дейді.

Кептерден қауіптенген Түлкі лажсыздан Көкқұтанды үйіне қайтарады. Көкқұтан іннен шығып, ағаш басында отырған Кептердің қасына келіп қонады. Кептер Көкқұтанға жақындап:

– Түлкінің асы дәмді ме екен? – деп сұрайды.

– Дәмін де тата алмадым, – дейді Көкқұтан.

– Достым, бұл Түлкінің қулық-сұмдықпен аты шыққан. Ол әлі күнге дейін ешкімге қол ұшын беріп көрген емес. Оны бір де

бір орман тұрғыны жақсы көрмейді. Жомарттығы – қулығының бір түрі деп біл. Жүр, одан да менің ұяма баралық, ас ішелік, – депті Кептер.

Көкқұтан Кептердің ұясына барады. Ас үстінде Кептер:

– Байқасам, Түлкі сені мазақ етіпті. Есесін қайтарсаң, жөн болар еді, – деп ақыл беріпті.

Екі құс кек алудың амалын қарастырыпты.

Бір күні Түлкі қарны ашып отырғанда Көкқұтаннан қонаққа шақырған хабар алады.

Көкқұтан иісі бұрқыраған дәмді тағам жасап, ұзын мойын құмыраға салады да, Түлкінің алдына тартады.

Түлкімен дастархандас болған басқа көкқұтандар жапатармағай асқа қарық боп отырғанда, Түлкі құмыраға тұмсығы сыймай, аш қалады. Көкқұтандар Түлкіні келекелеп:

– Ал, достым, ал! Керемет дәмді тағам екен! – деп қояды.

Сонда Түлкі ұялғанынан:

– Үлкен рахмет! Тойып отырмын, – депті.

Ақылгөй Қараторғай

Бір Қараторғай ұясын бітік егіннің арасына салыпты. Егін пісіп жетілгенше, Қараторғайдың балапандары да марқайып, қанаттары қатайып қалады.

Бір күні егіске егінші келіп, жанында еріп жүрген ұлына:

– Егін пісіпті. Енді орақты салсақ та болады. Ертең көршілерді көмекке шақырып, жинап алайық, – депті.

Бұл сөзді Қараторғайдың кішкене балапаны естиді де, дереу енесіне жеткізді:

– Апа, ертеңнен бастап диқан егін ормақ. Күніміз не болады? Олар егінмен қоса ұямызды бұзады ғой. Аمانымызда бұл жерден көшсек қайтеді.

– Саспа, балам, әзір қауып жоқ, – депті енесі – бірер күн кідіре тұрайық.

Келесі күні диқан ұлын ертіп егіс басына тағы келіпті. Екеуі өздері көмекке шақырған көршілерін біраз күтіп, кел-

меген соң, үйлеріне қайтып кетеді. Астық барлық жерде бірдей пісіп, көршілерде де қауырт жұмыс басталып кетсе керек.

Ертеңінде диқан ұлын ертіп егінге тағы келеді. Әбден піскен астықты көріп, ұлына:

– Орақ түсер күн жетті, ұлым. Мен туған-туыстарымды көмекке шақырайын да, олар келісімен, бастайық, – депті.

Қараторғайдың кішкентай балапаны бұл сөзді де енесіне жеткізеді.

– Апа, диқан ертеңнен бастап егінін ормақ. Ол туған-туысқанын көмекке шақыруға кетті.

– Саспандар, балаларым, – депті Қараторғай, – үрейленер ештеме жоқ. Біз бұл жерде өлі де болса бірер күн тұра тұрамыз.

Диқанның туған-туысқандары да көмекке келмейді: олардың ауылында да орақ басталыпты. Ақыры, үшінші күні егістікке диқанның өзі келіп орақ салады. Қараторғай астығын орып жүрген диқанды көріп:

– Енді кетер шақ жетті. Өйткені, әрбір іс біреуден көмек күтпей, өзің істегенде ғана бітеді, – деген екен.

Диқан қазынасы

Қатты науқасқа ұшыраған бір диқан дәрігерден өмірінің санаулы күндері қалғанын есітеді. Өмір бойы мандай терін ағызған бейнетқор диқанның тұрмысы өте жүдеу екен. Оған қоса балалары да елден асқан еріншек болыпты.

Диқан өлер алдында жанына ұлдарын шақырып алып:

– Мен енді көп ұзамай сендерді тастап, о дүниеге кетемін. Сендерге мирас қылып жерге көмілген қазынамды қалдырып отырмын, оны өздерің тауып, қазып аларсыңдар, – депті. Басқа сөз айтуға шамасы жетпей диқан жан тәсілім етіпті.

Жалқау балалар көмілген қазынаны табамыз деп, төңіректі түгел қаза бастайды. Бірақ қазына табылмайды. Шаршайды, шалдығады. Көктем келеді. Балалар жер жыртуға кіріседі. Міне, сонда күзде күнібұрын қопарылған жерді жырту оңайырақ

екенін олар жақсы түсінеді. Сол жылы жақсы өңделген жерге егін бітік шығып, балалар мол астығын сатады да, көп пайда табады. Сонда ғана әкелері қалдырған қазынаның мәнін түсінеді.

Шөп қорыған Ит

Бір диқанның мәпелеп ұстаған Иті бар екен. Ол басқа жануарлардан ерекше күтіліп, тым ерке болыпты. Ал, Атпен жер жыртыпты, Сиыр болса сүт, Қой жүн беріп тұрыпты. Иттің астамшылығы сонша, әбден еріншек болып, ештеме істемепті, тіпті қожайынының үйін күзетіп, анда-санда шәуілдеп үргенді де қойыпты. Бар бітіретін ісі – асхананың ең жылы бұрышына жатып алып ұйықтайды екен. Соған қарамай, Ит өте-мөте ашуланшақ, өзімшіл болыпты.

– Байқасаңдар, достарым, мен сендердің бәріннен де ерекше жаратылған хайуанмын, – дейді екен, Ит қасындағыларға, – сендер болсаңдар суық қорада тұрасыңдар, жейтіндерің – қураған шөп. Ал, маған қожайынымның ішіп-жегенінен тиеді. Ұйықтайтын жерім де жылы һәм жұмсақ.

Үй жануарлары Итті мейлінше жек көріпті. Қожайынның өзі де Итін бұрынғыдай ұната бермепті, содан бір күні кешқұрым оны асханадан қуып шығып, есікті бекітіп алыпты. Далада суыққа шыдамаған Ит жүгіріп, пішен қораға кіріп, науадағы жылы шөптің арасына тығылады. Науадағы шөп далада жұмыста жүрген Атқа салынған екен. Жылы шөп арасына кірісімен, Ит ұйқыға басыпты. Түнге қарай жұмыстан болдырған Ат қораға кіріп, шөпке бас қойса, науаның ішінде ұйықтап жатқан Итті көреді. Ат Итті оятады.

– Әрі кет, – дейді Ит ырылдап, – ұйықтап жатқанымды көрмей тұрсың ба?

– Достым, ашуланба, – дейді Ат, – әбден болдырып, қарным ашып келіп тұрмын. Сен бұл жерді босат, шөп жемейсің ғой, таң атқанша аз-маз қоректеніп алайын.

– Шаршайтын жалғыз сен ғана ма, мен де шаршап тұрмын, – деп, Ит көзін қайта жұмады. Қожайын Иті мен Атының дауыс-

тарын есітіп, шөп қораға кіреді де, не болғанын түсінеді. Иттің орынсыз озбырлығына ашуланады да, оны мойнынан көтеріп суырып алып:

– Енді өзіңе қажетсізді де қызғанамысың өзгеден, ақымақ! – деп Иттің сілікпесін шығарыпты.

Сараңдығы мен қызғаншақтығы елден асқандарды: “Шөп қорыған ит секілді” дейтіні осыдан екен жұрттың.

Жарқанат

Ерте заманда құстар мен аңдар арасында сұрапыл соғыс болыпты. Жарқанат бұл соғыстың қай жағына шығарын білмей, жанын қорғаштап, майдан алаңынан алыс жүріп, шайқасты сыртынан бағдарлайды.

Бір күні құстар жағы аңдарды дендеп бара жатқанын көріп, Жарқанат құстардың арасына елеусіз кіріп кетеді. Сөйтіп, Жарқанат өзін құс қатарына қосады.

Бірақ құстардың жеңісі уақытша ғана болып, енді құстардан аңдар басым түсіп, қанаттылардың қажыры қайта бастағанда, Жарқанат қашып кетеді де, соғыстың барысын тағы да сырттай бақылайды. Бұл жолы аңдар жағы жеңеді. Жарқанат қанатын жасырып, тышқанға ұқсап, аңдар арасына келеді де, өзінің аңдармен айрылмастай дос, одақтас екенін айтады. Әлқисса, бір күні шайқас қайта қызып, аңдар ауыр соққы көріп, бас көтерместей болып жеңіліп қалады. Құстардың қолбасшысы Бүркіт соғыс бітіп, құстар жеңіске жеткенін жариялайды.

Бір кезде өзінің бауырластарын сатып кеткеніне қатты қынжылған Жарқанат, ұялғанынан ешкімге көріне алмай, үңгірдегі ініне кіріп, өмірін қараңғылықта өткізбек болыпты. Міне, сондықтан да Жарқанат күндіз көрінбей, қараңғы жерді тасалайды. Біреу-міреу көріп қояды деп, жарықта далаға шықпайды. Ол тек барлық тірі жан ұйқыға кеткенде ғана үңгірінен шығып, қараңғы әрі таса жерлерде жүреді екен.

Меркурий және Орманшы

Бір кедей орманшы тоғайдағы өзен жағасында ағаш шауып жатқанда байқаусызда балтасы суға түсіп кетеді. Жалғыз құралы – балтасын жоқтап, орманшы өзен жағасында отыра береді. Орманшының қасына Меркурий¹ келеді.

– Қабағың неге салыңқы мейірімді адам? – деп сұрайды құдай.

– Тақыр кедей едім, ием, – дейді орманшы, – міне, енді жалғыз балтамды суға кетіріп, қарекетсіз отырған жайым бар.

Меркурий суға сүңгіп кетеді де, біраздан кейін жүзіне нұр ойнаған алтын балта алып шығады.

– Мынау ма балтаң, жақсы адам? – деп сұрайды.

– Жо, жоқ!

Меркурий суға қайта сүңгіп, күміс балта алып шығады.

– Мә, ендеше, мына балтаны ал, – дейді.

– Бұл да менің балтам емес, – деп орманшы балтаны алмайды.

Меркурий суға қайта сүңгіп, орманшының тапталған қара балтасын алып шығады. Орманшы қатты қуанып, Меркурийге алғысын жаудырады. Орманшының адалдығына разы болып, Меркурий алтын балтаны сыйға тартады.

Орманшы ауылына қайтып, көрген-білгенін көршілеріне айтып береді. Қоңсысының біреуі өте көрсе қызар әрі дүниеқоңыз адам екен, Орманшы әңгімесін ести сала, өзен жағасына барып, балтасын суға лақтырып жібереді де, жағада қапаланған болып отырып алады. Біраздан кейін Меркурий келеді:

– Неге қамықтың, жақсы адам?

– Балтамды суға кетіріп алдым.

Меркурий суға сүңгіп кетіп, алтын балта алып шығады.

– Мынау сенің балтаң емес пе, жақсы адам? – деп сұрайды Меркурий.

Дүниеқоңыз жалтылдаған алтын балтаны көргенде, қуанғанынан айқайлап жібереді:

– Иә, иә, менікі, менің балтам!

¹ Меркурий – мифологиялық құдайтың аты.

Бірақ Меркурий өтірік айтқан орманшыға қатты ашуланып, оған алтын балтаны бермей, суға қайта сүңгіп кетіп, қайыра шықпай қояды. Сонымен әлгі адам дүниеқұмарлығынан балтасынан айрылып, жаза тартқан екен.

Арыстан, Жолбарыс және Түлкі

Арыстан мен Жолбарыс орманда бір жаралы Бұғының жанында кездесіп қалыпты. Жарадан қансыраған Бұғы аяғын баса алмайды. Арыстан мен Жолбарыстың екеуі де аш екен, жемтікті көре сала, Бұғыны бірінен-бірі қызғанып, алыса кетіпті. Қайрат, қаруы бірдей болғандықтан сайыс көпке созылыпты. Ақырында екеуінің де сілесі құрып, алыспақ түгілі орындарынан қозғалуға шамалары келмей, жараларын жалап, ыңырысып жатып қалыпты.

Қалың тоғайдың арасынан бұл таласты әуел басынан-ақ Түлкі байқап тұрыпты. Енді Арыстан мен Жолбарыстан әл кеткеніне көзі жеткен соң, әлгі жаралы Бұғыны жеп, тойғанынан қалғанын арқалап күшіктеріне алып кетіпті.

Құмырсқа мен Шыбын

Баяғыда бір Шыбын өзінің ақылының шолақтығы мен жалқаулығына қарамай, асқан даңққұмар болған екен. Бір күні Құмырсқаны кездестіріп, мақтана бастапты.

– Менің ұлық екенімді кім білмейді! Мен патшалар мен бекзадалардың алтындап тастаған сарайларына емін-еркін кіріп, иықтарына да қонып отыра аламын. Кербез де сылқым ханымдарға арналған тағамдардан қалағанымша ішіп-жеймін. Ал, осы күнге дейін ақсүйектер қауымы сенің түсіңе де кіріп көрген жоқ. Көрген күнің – бейнет. Сенің тіршілігіңді менің қызыққа толы өміріммен салғастыруға бола ма?

Ертеден кешке дейін жұмыстан қолы босамайтын еңбеккер Құмырсқа Шыбынның бұл бөспе сөзіне ашуланып қалады.

– Иә, патшаның сарайында қонақ болу үлкен құрмет, егер оған арнайы шақырылған болсаң. Бірақ, сен сарайға шақырылған қонақ ретінде келдім дейсің бе? Сен сарайдан көрген кербез ханымдар мен олардан ішкен асыңа мақтансаң, ал мен сенің шаһардың тысындағы күресіннен не жеп жатқаныңды көргенімді айтуға аузым бармай отыр. Сен өз күнің үшін тер шығарып әлек бола бермейтініңді айтасың. Мен бейнеттеніп жүргенде сен бүкіл жазды ойын-сауықпен өткізесің. Ал, қыста жатарға жерің, ішерге асың болмай бүрсеңдеп жүргенде, мен жылы үйімде жиған тамағымды жеп, рақаттанып жата беремін, – депті.

Бүркіт, Мысық және Доңыз

Бүркіт ұясын кәрі еменнің ұшар басына салыпты, ал тағы Мысық та сол ағаштың қуысын паналайды екен. Осы еменнің түбінде Доңыздың да апаны болыпты. Жаз бойы олар тату-тәтті өмір сүріпті.

Мысық момын болғанымен, арамза екен. Ол бір күні ағаш басына шығып, Бүркітке барады.

– Достым, абай болғайсың, Доңыз еменнің түбін қопарып тастапты. Қатты дауыл соқса, емен құлап, бала-шағамыз осы бір арам Доңызға жемтік бола ма деп қорқамын, – депті.

Осыдан бастап Бүркіт зәресі кетіп, күні бойы ағаштың ұшар басына шығып алып, Доңыздың төменде не істеп жатқанын бағдарлаумен болады. Аулақ кетпей, тағам әкелуге де бармай, бала-шағасының жанынан ұзап ұшпайды.

Ал, арамза Мысық төмен түсіп, Доңызға келеді. Доңыз Мысықты қошаметтеп қарсы алады. Мысық айтыпты:

– Бүгін балаларыңның қасынан ұзап ешқайда бармайтын шығарсың?

– Неге?

– Бүркіттің жақсы қоңсы емес екенін айтар күн жетті, достым. Бүгін оның балапандарына айтып жатқан сөзін байқаусызда естіп қалдым. Сенің торайларыңның семізінің бірін әкетпек

ойы бар. Абай бол, егер үйіңнен ұзап кетсең, Бүркіт арам ойын жүзеге асырмасына кім кепіл. Аспандағы құстан құн алу оңай болмас. Мен де үйімнен ұзап кетуге қорқамын, менің де балаларым кішкентай.

Арамза мысықтың өсек айтып, Бүркіт пен Доңыздың зәресін ұшырғаны сонша, олар балапандарына тамақ әкелуден қалыпты. Әрқайсысы бірінің ізін бірі аңдып, ұяларынан жырақ шықпапты. Балалары әбден жүдеп, әлден айрыла бастапты. Бүркіттің де, Доңыздың да қарындары ашып, қалжырағандары сонша, орындарынан қозғалуға шамалары келмей қалған екен. Осылайша, арамза Мысық көршілеріне ылаң салып, әбден азғындатқан екен.

Мақтаншақ Бұғы

Ыссы күндердің бірінде әсем мүйізді Бұғы бұлақтан су ішеді. Су бетінен өзінің дидарын көріп, көңілі тасып:

– Апырмай, мына мүйіз не деген әсем! Өзі басыма да жақсы жарасыпты. Тұрпатсыз тұқыл мүйіз хайуандар қалай күндейді екен мені көргенде. Мұндай сымбатты мүйіз жер бетінде тағы біреуде бар ма екен, сірә, – депті мақтанып.

Кенеттен дабырлаған дауыстар, иттің үргені естіледі. Тазы ерткен үш аңшы орманнан сау етіп шыға келеді. Бұғы да зыта жөнеледі, бірақ, біраз қашқан соң, күтпеген жерден мүйізі ағаштың бұтағына ілініп қалады. Ары жұлқынып, бері жұлқынып, босана алмаған Бұғыны, қуып жеткен иттер тарпа бас салып, алып ұрады. Аңшылар жетіп, Бұғыны бауыздап жібереді. Сонымен, теңдессіз сұлу мүйіздер Бұғының қазасына себепкер болған екен.

Юпитер¹ мен Есек

Бағбанның жалғыз Есегі болыпты. Хайуан шектен шыққан жалқау, оған қоса ақылды сөзге құлақ қоймайтын қыңыр көрінеді. Және де: “Иесінің барша жұмысын өзім ғана атқарам, арқамнан ауыр жүк бір түспейді”, – деп әрдайым күңкілдей береді екен. Бір күні иесі шаһарға алма сатып алуға бара жатқанда, орта жолда тұрып алып, қожасымен ерегiскен Есек не iлгерi, не кейiн жүрмей қойыпты. Бағбан өте мейiрiмдi жан екен. Есегiнiң оғаш мiнезiн елемей кешiрiм жасап, көк балау-самен асырай берiптi. Есегi жалқауланып шабандағанда ұрып-соқпайды екен. Бiрақ ерiншек Есектiң қара ниеттiлiгi сондай, құдайларға астыртын жалбарынып, Юпитерден маған басқа кожа бер деп сұрайды.

Есектiң мiнез-құлқына қанық Юпитер, оның тiлегiн қабыл алып, әлгi ерiншек хайуанға кожа етiп тас тасушыны жiбередi. Ендi Есек күнi бойы алма орнына одан екi есе ауыр тас пен кiрпiш тасиды, Иесi Есекке қураған шөп берiп, жұмыстан жалтарған кезде таяқтап алатын болыпты.

Есек Юпитерге басқа кожа жiбер деп тағы да жалбарынады. Юпитер зердесiз хайуанды келекелеп, бұл тiлегiн де орындайды. Есектiң бұл жолғы қожайыны терi илеушi болады. Ол өзi дөрекi, төрт аяқтыны жаны жақтырмайтын қатыгез болып шығады.

Ендi ақымақ Есек таң атқаннан күн батқанға дейiн су толтырылған местi арқалап, күнiне бiр-ақ мезгiл қоректенедi. Бар тамағы жуынды болады. Есек мүлде арықтап, қаңқасы ғана қалып, жұмысқа жарамайтын болған соң, қожасы оны сояды да, терiсiн сыпырып алып, илеп, былғары жасап, базарға сатып жiбередi.

¹ Юпитер – мифологиялық құдай аты.

Тышқандар мәжілісі

Еденнің астын мекендеген тышқандар кеңес ашыпты. Кәрі Тышқан сөз бастапты.

– Қадірлі достар! Қысқа өмір Мысықтан қоркумен өтуде. Тіпті тастай қаранғы түннің өзінде де асханаға емін-еркін кіріп, қалаған тамағымызды жеуден қалдық. Мысық түнімен көз ілмей, бізді аңдуда болады. Тіршілігімізді қайткенде қауіпсіздендіре аламыз, осы мәселе туралы кеңеселікші! – депті.

Жиналған тышқандар қалың ойда қалған шақта, тыныштықты бала Тышқан бұзады:

– Алақай, сүйінші! Оның жолын мен таптым. Тура Мысықтың ініне қоңырау құрып қоялық, Мысық інінде қозғалған кезде қоңырау шылдырлайды да, бізге белгі береді. Сонда қоңыраудың үнін ести сала, тығылып қаламыз.

Жас Тышқанның тапқырлығы мәжіліске қатысып отырғандарға өте ұнайды. Тек, кәрі Тышқан біраз ойланып, тағы да сөз апады.

– Ұсыныс өте жақсы, орынды. Иесіне ризашылық білдіреміз. Алайда, сол қоңырауды Мысыққа батылы барып, кім байлайды, соны білгім келеді, – депті ол.

Екі жолаушы

Екі жолаушы сапарда келе жатыпты. Кенеттен біреуі кілт тоқтап, еңкейеді де, әлденені көтеріп алады.

– Алақай, мен ақша тауып алдым, – депті айқайлап ол.

– Достым, дұрыс сөйлемей тұрсың, – депті досы, – екі жолаушы бірге сапар шегіп келе жатқанда, бірінің: “Мен таптым”, – дегені дұрыс болар ма екен, не тапса да: “Біз таптық”, – деу керек шығар.

– Жо, жоқ, – депті біріншісі. Өзі дүниеқұмар болса керек. – Тапқан алады, сондықтан ақша менікі.

Қапшықта бірталай ақша бар екен. Ақшаны тапқан адам өзі алыпты да, жолдасымен бөліспепті. Жол жалғаса беріпті.

Біраздан кейін жолаушылар дем алуға тоқтап, арттарына қараса, келе жатқан бөгде біреулерді байқайды.

– Ойбай, құрыдық – деп айғайлапты әлгі ақша тапқан қу, – біз құрыдық. Бұлар ақшаның иелері. Енді бізді ұры деп, дарға асады.

– Тағы да дұрыс сөйлемедің, достым, – депті екінші жолаушы. Сенің: “Біз құрыдық” деп айтуың қате, сен: “Мен құрыдым” деуің керек, өйткені ақша тауып едің, бөліспедің, сондықтан мен сенің жазанды бөліскім келмейді, – депті.

Кәрі арыстанның тілазар күшігі

Бір кәрі Арыстанның қыңыр да тілазар күшігі болыпты. “Адамзаттың жанына жақын жолама” деген әкесінің ақылына құлақ қоймапты. Күшік: “Сақ боламын, адамзаттың жанына жақын бармаймын”, – деп әкесіне ант етеді, бірақ айтқанын орындамайды. Адам баласын көруге өте ынтық болыпты.

Бір күні ол ауыл маңына барып, өрісте жайылып жүрген Өгізді көреді.

– Сен адамзатпысың? – деп сұрайды Арыстанның күшігі Өгізден.

– Жоқ, – деп жауап қайырады Өгіз.

Содан Арыстанның күшігі Атқа келеді:

– Сен адамзатпысың?

– Жоқ, мен адамзат емеспін. Егер адамзатты көргің келсе, орманға бар. Қазір ол орманда ағаш кесіп жатыр, – депті Ат.

Арыстанның күшігі орманға барып, Адамды көріпті. Адамның бойы ұзын, қолында балтасы бар екен.

– Ей адам! Менімен сайысқың келмей ме?

– Сайыссақ, сайысалық, – депті Адам. – Алдымен маған жақында да, күшімді сынап көр. Міне, мен үлкен ағашты алып ұрдым. Ал, сен ағашқа қағылған сынаны суырып көр, күшіңді байқайын.

Арыстан ағаштың жарығына қағылған сынаны суырамын деп әрекеттене бергенде, сына ыршып кетіп, Арыстанның аяғы ағаштың жарығына қысылып қалады.

– Міне, мен сені қақпанға түсірдім, – деп күледі Адам. Адам ауылдастарын ертіп келіп, Арыстанды байлап алмақ болыпты. Арыстан бұлқына-бұлқына, қақпаннан әзер дегенде құтылады. Қол-аяғы қан-қан болып, әкесіне келеді.

– Ақылға көнбеген, алаңғасар мен екенмін! – депті сонда күшік әкесіне.

Тай мен Арыстан

Арыстан жылқы етіне жерік болған екен. Бір күні ойда жоқта семіз Тайды жолықтырады. Арыстан жылқыны көрісімен, оны жемтік етудің амалын ойластыра бастайды. Бірақ Тай өте сақ екен, маңына жолатпайды, сондықтан Арыстан оны айламен алғысы келіп, күллі аңдар арасында “Арыстан балгер екен, емдемейтін ауруы жоқ көрінеді”, – деген сыбыс таратады. Бұл өсек Тайдың да құлағына жетеді, бірақ сезімтал Тай өз қулығын Арыстаннан да асырып түсіргісі келеді.

Бір күні Тай Арыстанға:

– Сені жұрт балгер дейді! Балгер екенінді білейін, аяғыма қан түсіп жүр, қарап берсейші, – депті.

Арыстан бұл өтінішке қуанып кетеді. Сонымен, Тай артқы аяғын көтеріп тұрып, Арыстан соны қарап жатқанда, бар пәрменімен бастан теуіп жіберіп, доптай ұшырып түсіреді. Ай-лалы Тай, аңқау Арыстанның тұрпайы қулығына осылай жауап беріп, жөніне кетіпті.

Екі Шаян

Шаяндардың артқа қарай жүретінін барлық жұрт біледі. Алайда, бір кінәмшіл Шаян басқа бір жастау Шаянды тоқтатып алып:

– Дүниеде сірә сендей епсіз бар ма екен? Ол ол ма, өзін тарбандап артқа ғана жүресің. Дүниедегі барлық жәндік аяқтарын алға қарай басатынын көрмеп пе ең? Бұл жүрісіңді өзгертсейші, бейшара, – депті.

– Сыныңа рақмет, – депті әлгі жас Шаян. – Мен артқа қарай жүрсем, бұл жүріс күллі Шаян біткеннің табиғи жүрісі. Егер маған басқаша жүр деп кеңес берсең, сол жүрістің үлгісін өзін көрсетпейсің бе?

Есек пен Күшік

Бір ақымақ Есек иесінің кішкентай Күшігінің тіршілігіне іштарлық көрсетіп жүріпті. Ойынқұмар Күшік еңбек етіп, тер шығарып жатпайды екен. Күні бойы жұмсақ жерге жатып, ұйқысы әбден қанған Күшікті қожасы тамаққа тойдырып алып, артынан секіртіп ойнатады екен. “Мына жаманның мұншама құтыруының сыры неде болды? – деп ойланады Есек. Қожайыным Күшікті неге әулиесітеді, бұл иттің баласы еңбек дегенді білмейді, бар бітіретін шаруасы – құйрығын бұландатып, қожайынды көрсе болды, кеудесіне секіру. Ал, мен болсам, ұзақты күні арқа етім арша, борбай етім борша, қабырғам қайысып жұмыста жүремін, бірақ соған алар сыйым – суық қора мен аузымның қанын судай ағызатын соя-соя қу қурай”. Осындай тұрмысты армандаған Есек Күшіктен үлгі алғысы келеді. Күшік не істесе, соны істеп, қожасының көңілінен шығуды ойлайды. Бір күні кешкісін қожасы егістіктен келіп, дем алып отырғанда, Есек бөлмеге кіріп, құйрығын бұландата бастайды. Сонан соң төрге шығып құйрығын көтеріп алып, ордаңдап билегенде, ессіз хайуанның бұл қылығына шаршап отырған қожайын қарқылдап күле бастайды. Енді өз ісін жөн көрген Есек артқы аяқтарымен тік тұрып, Күшікке ұқсап алдыңғы аяқтарын қожайынның кеудесіне қойып, құйрығын бұландатып, шәуілдеп үре бергенде, қожайыны шошып кетіп, айқай сап, көмекке құлдарын шақырады. Құлдар Есекті таяқпен ұрғылап, аулаға айдап шығады. Сонан бері Есек ешқашан қожасына бұл қылығын қайталамаған екен.

Тауыс пен Тырна

Алтын қауырсындарына масаттанған Тауыс бір күні далада ұясында отырған Тырнаны жолықтырыпты. Қанаттарының сұрлығына қарап, Тырнаны Тауыс өте тұрпайы және жабайы құс деп санапты да, өзі мақтанбақ болып, оның алдында қанаттарын жазып жіберіп, арлыбері кеудесін көтеріп, кербезденіп жүре бастапты. Тырна ақылды құс екен, Тауыстың қылығына қайран қалып:

– Сіздің сұлулығыңызға ешбір дауым жоқ, достым. Бірақ осынша тамаша жарқырауық қанаттармен ұшуға жарамағаның қинайды мені. Бұлттардың үстінен қалқып ұшып, дүниенің төрт бұрышын шолып жүргенге не жетсін, шіркін! – депті.

Аңшы мен Орманшы

Бір аңшы өзінің орманда жасаған ерлігін мақтаныш етіп, көрінгенге айта береді екен. Күндердің күнінде аңшы орманшыны кездестіріп, әлгі әңгімесін айтып болған соң:

– Қымбатты достым, мен жолда арыстанның ізін байқап қалдым. Осы орманда мен білсем, арыстан бар сияқты, ал соның өзі қайда екенін айта аласың ба? – депті.

– Иә, – депті орманшы байыппен, – мен арыстанның ізін қойып, керек болса, өзін көрсетейін. Жүр, бірге!

Бұл сөзден сасып қалған аңшы бозарып, үні дірілдеп:

– Жо-жоқ, рақмет! Мені зорлай көрме, сенімен ешқайда бармаймын. Маған керегі арыстанның өзі емес, ізі ғой, – депті.

Екі Бақа

Бір жазда көп уақыт жаңбыр жаумай, құрғақшылық болып, көлдер мен құдықтардың суы тартылып қалыпты. Сусыз жерде өмір сүре алмайтын бақалар боса бастапты.

Екі бақа айрылмастай дос екен. Өмірі бірге болуға ант етiскен көрiнедi. Олар белден бел асып, қырдан қыр асып, көптеген жолдарды кесiп, ақырында, ауыл шетiндегi бiр құдыққа тап болады. Құдыққа үңiлiп қараса – шыңырау терең екен. Олар құдықтың ернеуiне отырып алып, не iстерiн бiлмейдi. Қорқады. Бақаның бiрi:

– Кел, екеуiмiз де құдыққа түселiк. Құдықтың суы мөлдiр суынды бiр қандыралық, – һәм суық па деймiн. Шыдам бiттi, суынды бiр қандыралық, – дептi.

– Достым, – дептi сонда екiншiсi. – Сен секiлдi мен де шөлдеп тұрмын. Әрi мөлдiр, әрi суық суға ынтық-ақпын. Бiрақ, мен бұл құдықтың суы тартылып қалған ба деп қорқамын. Егер су жоқ болса, не iстеймiз. Түсуiн түсермiз-ау, қайтадан қалай шығамыз. Жоқ, сау басымызға сақина тiлеп азапқа түспей, әлде де болса, ағыны мол өзен, көл iздестiре тұралық!

Саудагер мен Теңiзшi

Бiр күнi Саудагер мен Теңiзшi мейманханада бiрге тамақ iшiп отырып, әңгiме шертiптi.

– Сiздiң әкеңiз кiм болып едi? – деп сұрапты Саудагер Теңiзшiден.

– Менiң әкем де теңiзшi болған, – деп жауап қатыпты Теңiзшi масаттанып.

– Әкеңiздiң әкесi кiм болып едi? – деп сұрапты Саудагер тағы да.

– Әкемнiң әкесi де, оның әкесi де теңiзшi болған екен, – дептi шаттанған Теңiзшi.

– Әкеңiз неден қаза болып едi? – деп сұрапты Саудагер.

– Әкем суға кетiп өлген, – деп жауап қайтарыпты Теңiзшi.

– Әкеңiздiң әкесi, тiптi оның әкесi неден қаза болды? – деп сұрапты Саудагер.

– Олардың барлығы суға кетiп өлiп едi, – дептi Теңiзшi.

– Ендеше несiне теңiзшi болдыңыз? Суға кетiп өлемiн деп қорықпайсыз ба? – деп сұрапты Саудагер.

Теңiзшi не дерiн бiлмей, үндемей отырып, бiраздан кейiн:

– Сіздің әкеңіз кім еді? – деп сұрапты.

– Менің әкем саудагер еді, – деп жауап қатыпты Саудагер ма-
саттанып.

– Әкеңіздің әкесі, оның әкесі кім еді? – деп сұрапты Теңізші.

– Барлығы саудагер еді, – депті шаттанған Саудагер.

– Әкеңіз неден қаза болып еді? – деп сұрапты Теңізші.

– Менің әкем бе, әкем өз төсегінде жатып-ақ өлген, – депті
Саудагер.

– Ал, әкеңіздің әкесі, оның әкесі қалай өліп еді? – деп сұрапты
Теңізші!

– Олардың барлығы да өз төсектерінде өлген, – депті
Саудагер.

– Ендеше, сіз де өз төсегіңізде жатып-ақ өлемін деп
қорықпайсыз ба? – депті Теңізші.

Арыстан және төрт Өгіз

Төрт өгіз араларынан қыл өтпестей тату дос болыпты. Бірге жүріп, бірге жайылады екен. Сондықтан да жыртқыштардың достарға батылы бармайтын көрінеді.

Арыстан бұлардың бірін жемтік етпек болып, достарды көп уақыт сырттан шолып жүріпті. Бірақ, берекелі достардың төртеуіне бірдей әлі жетпейтінін біліп, тиісуге батылы бармайды.

Сонымен, көңілді жаз етіп, қоңыр күз келеді. Қалай болғанын кім білсін, Арыстан төрт өгіздің достық қарым-қатынасы суығанын сезеді. Енді өгіздер жеке жайылып, бірінен-бірі қашық жүреді. Өгіздердің араздығын пайдаланған Арыстан біріне тап береді. Қалған үшеуі досына қол ұшын созып көмекке келмейді, ортақ жауға бірге қарсы тұрмайды. Арыстан әлгі өгізді жарып тастайды. Сөйтіп, Арыстанға өгіздерді бір-бірлеп жемтік ету қиынға түспейді. Аз ғана уақыттың ішінде Арыстан өгіздерді түгелдей жайратыпты.

Бөрі, түлкі және есек

Тасбауыр Бөрі, айлалы Түлкі және аңқау Есек күндердің бір күнінде мәслихат құрып, күнәлі істерін әңгіме етіп, өздерін-өздері сынап-мінепті.

Бөрі сөзді алдымен бастап, істеген қылмыстарын тізіп, сынап бастапты.

– Бір күні қарным қатты ашқан соң, бір доңызды жегенім барды. Бірақ майы аққан семіз хайуанның ажалы өзінен болды: он екі торайын жалғыз тастап, басында миы бар жануар ну тоғайға жайылуға келе ме? Артынан әлгі доңыздың он екі торайын көргенде, бұлар енелері жоқта арам қатар деп жаным ашығандықтан, түгелдей жеп қойдым, – депті, Бөрі көзіне жас алып:

– Әбден дұрыс жасаған екенсің, тәңір жарылқағыр, – депті. Түлкі Бөріге қарап, – торайларын жалғыз тастап кеткен қаңғыбас доңызға сол керек. Кішкентай торайларды жетімсіретпей, жылы орын тауып бергенің тіпті ерлік пе деймін. Белі бекімеген бөбектерге енесіз өмір – өмір бола ма?

– Ал мен сендерге өз күнәмді айтайын, төреші болғайсындар. Бір күні бір қоразды ұстап, басын бұрап, жұлып алдым. Обалы не, кінә өзінен болды. Тым бақырауық еді, жер-көкті жаңғырықтырып айғайлап жан-жануарларға ұйқы бермей, ерте оятып, орындарынан тұрғызып жіберетін. Қоразды жеп болған соң, байқасам, бейшара балапандар әкелерінің өлігін, қан-жынын көріп, байбалам салып шиқылдап, жылай бастады. Дүниедегі ең жек керетін нәрсем кішкентайлардың көз жасы. “Қой, бұларды жылатып, мұратыма жетпеспін” деп, оларды да бір-бірлеп асай салдым.

– Дұрыс болған. Сорлылардың обалына қалмаған екенсің, міне, құдай сүйер қылық деп осыны айт!

Сөз ең соңынан Есекке тиіпті.

– Әрине, мен де өзімнің қылмысты істерімді мойындауым керек, – деп бастапты сөзін Есек, – бір күні қарным ашқанда не жерімді білмей, қожамның ертоқымының жыртығынан шығып тұрған сабанның бір шөкімін алып жегенім бар еді. Со-

нан әлі күнге дейін қожамнан қатты ұялап жүрмін. Қожайыным жылқышы еді.

– Өй, – деп айқай сапты Бөрі, – мынау барып тұрған сұмырай екен. Қожайының жылқы бағып жүріп, сен сабанын жұлып алған жағына қарай аунап кетіп, жұлынын үзіп, өліп кетсе, қайтер едің?

– Дұрыс айтасың, достым Бөрі, – депті қу Түлкі. Онан соң Есекке қарап: – Сен нағыз сатқынның өзі екенсің. Бұл қылмысың үшін сені қатал жазаға тарту керек.

Бөрі мен Түлкі бірігіп алып, Есекті жеп қойған екен.

Мысық пен Түлкі

Бір күні Мысық пен Түлкі кездесіп қалыпты. Бірін-бірі көрмегелі көп мезгіл өтіпті. Кездескендеріне қуанысып, жөн сұрасып, артынан әңгімеге көшіпті.

Алғашында олар ауа райы туралы, онан соң үй іші туралы, соңынан саясат жөнінде мәслихаттасыпты.

– Орманда не алапат болса да, тіпті өртеніп кетсе де, маған бәрі бір. Ештемеден қорқу дегенді білмеймін. Айла деген жетеді, – депті Түлкі мақтанып.

– Ей, қымбатты достым-ай, – депті Мысық. – Осы біздің орманға ит ерткен аңшылар келді дегенді естідім. Бірақ ондайдан мен де қорықпаймын. Бар қауіптен сақтанатын бір ғана амалым бар, ол – зып етіп ағаш басына шығып кету.

– Ойбой, достым-ай, құдай құртқан екен ғой сені, – депті Түлкі, – барша қауіпке бір ғана амал төтеп бере ме, кел, мен саған біраз қулық үйретейін.

Дәл осы кезде ағаш арасынан үрген иттердің дауысы естіліп, аңшылар жетіп келеді. Бір ғана айласы бар Мысық зып етіп, көзді ашып-жұмғанша, ағаш басына көтеріліп кетеді. Ал, көп амалы бар Түлкі қай айласын қолданарын білмей, ойланып тұрғанда, иттер келіп, бас салып, алып ұрады.

Мазмұны

<i>Алғысөз орнына. Ұлы жолаушы. Әуезов Мұрат.</i>	4
<i>Аға туралы естелік. Рахметолдақызы Шекербану</i>	12

Найман хандығы

Алғы сөз. <i>Қасқабасов Сейіт</i>	25
Найман Ұлысы	26
Наймандардың тарихи және этникалық тегі.....	35
Қос өкімет.....	44
Бұл қай соғыс?.....	58
Бәрі де аңыздан басталады.....	63
“Ашамайлы зобалаң”.....	64
Қызылқұмдағы қантөгіс	68
“Поп Иоан” деген кім?	70
Уаң ханба, әлде Таян хан ба?.....	74
Тәңірдің зауалы	77
Сатқындықтың құны.....	79
Шұғыл шешім.....	81
“Құрылтай”	83
Қауқар сынағы.....	86
Жамұха	89
Күйреу	93
Наймандар Жетісуда. Күшлік хан.....	96
Найманның рулық шежіресі	103
Біз, қазақ, қайдан шықтық?.....	106
Пайдаланылған әдебиеттер.....	116

Тарихи материалдар

Взлет и падения Кушлук хана.....	118
Қазақ мемлекеті қалай пайда болды және оған Шыңғыс ұрпақтарының қатысы	123
Келіпті Көкжарлыдан Көкжал Барақ	135

Жалаңтөс батыр Сейітқұлұлы.....	151
Найман мемлекеті	157
Жалайырлар. <i>Ақатай С.Н., Бабалықов Жағда</i>	163
Қазақ ордасы. <i>Ақатай С.Н., Бабалықов Жағда</i>	190
Орта ғасыр бізден алыс, фанатизмі жағынан ХХ ғасырдан екі аралық бір-ақ адым	209
Зәру зерттеу	211
Бесқаладан Таразға дейін. <i>С. Ақатаев, А. Сейдімбеков</i>	216
Қазақтың ұлттық менталитеті.....	226
Абайдың әлеуметтік позициясы	236
“Хаус нама” және Абайдың “Ғақлиясы”.....	250
Жазық	260
Великий Коркыт и его учение.....	262
Қорқыт әйел туралы.....	267
Древнетюркская Богиня любви и брака Умай.....	270
К пережиткам культа Тенгри у казахов.....	276
Евразийство в контексте культурной общности	291
Мусульманская схоластика и попытки христианизации в казахской степи.....	299
Нар беліне лайық жүк.....	307
Шокан және декабристер	315
Тұңғыш декреттің түйткілі	317
Дәмі бітпес, таусылмас тәтті бар ма? Иә, бар. Ол – Тәуелсіздік!....	321
Көк ту желбіреп тұрсын десек.....	325
Латынға көшсек екен	332
Шығандап кешкен бір жұрт бар	335
Нұрекең қазақтың еншісін алмайын деп жүрген жоқ... / <i>Сұхбат.</i>	
<i>К. Берікболова</i>	344

Желтоқсан бұрқасыны	350
Ордабасы немесе олимпке көтерілу / <i>Сұхбат. Ш. Құмарова</i>	356
Қазақ мемлекеті тәуелсіздік алмай, қазақ халқы азат болмайды. <i>Сұхбат. Ә. Қабает</i>	360
Біз 1998 жылдан не күтеміз?	370
Ертегілер әлемінде. Тоқылдақ	375
Әнші Ботақан	377
Сырлы шаңырақ	380
Эзоп мысалдары. Ағылшын тілінен аударған С. Ақатаев	386
Тауыс қанатын таққан қарға	387
Алтын жұмыртқадан айырылған әйел	390
Қала тышқаны мен дала тышқаны	391
Арыстан мен Тышқан	393
Ит пен Қасқыр	394
Еріншек Есек	395
Күйрексіз қалған Түлкі	396
Қой терісін жамылған Қасқыр	396
Есек, Қораз және Арыстан	397
Түлкі мен Көкқұтан	397
Ақылгөй Қараторғай	399
Диқан қазынасы	400
Шөп қорыған Ит	401
Жарқанат	402
Меркурий және Орманшы	403
Арыстан, Жолбарыс және Түлкі	404
Құмырсқа мен Шыбын	404
Бүркіт, Мысық және Доңыз	405

Мақтаншақ Бұғы	406
Юпитер мен Есек	407
Тышқандар мәжілісі	408
Екі жолаушы	408
Кәрі арыстанның тілазар күшігі	409
Тай мен Арыстан	410
Екі Шаян	410
Есек пен Күшік	411
Тауыс пен Тырна	412
Аңшы мен Орманшы	412
Екі Бақа	412
Саудагер мен Теңізші	413
Арыстан және төрт Өгіз	414
Бөрі, түлкі және есек	415
Мысық пен Түлкі	416

“Print-Express” баспасынан
“Инжу-Маржан секілді” атты кітабымен қатар
Сәбетқазы Ақатайдың
төмендегі жинақтары жарық көрді:

Ақатай С.Н.
Инжу-Маржан секілді: Эссе;
Тарихи материалдар: Саясат. Қайта басылған

Жинаққа Сәбетқазы Ақатайдың еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы және тәуелсіздік алғаннан кейінгі еліміздің тағдыры толғандырған, сонымен қатар қазақ әлеуметін сабырлы да баянды әрекетке шақырған саяси мақалалары және “Инжу-Маржан секілді” атты эссесі кірді.



Ақатай С.Н.
Күн мен көлеңке: ғылыми-танымдық аңсар;
Тарихи материалдар. Қайта басылған

Жинаққа ғалымның ғылыми зерттеулері, ізденістері, тұжырымды ойлары, құнды пікірлері, көзқарастары, ұсыныстары философиялық болжамдары мен “Күн мен көлеңке” атты ғылыми танымдық кітабы кірді. Сонымен қатар, тарихи және әлеуметтік мәселелер туралы мақалаларды енгіздік.

Бұл кітапта адамзаттың балаң танымынан бүгін материалистік танымға шейінгі кезеңі қызғылықты деректермен тартымды баяндалады.



Ақатай С.Н.
Тереңнен тартқан тамырлар: әдеби мақалалар;
Әдеби материалдар. Қайта басылған

Жинаққа шығармалар, сыншыл, шынышыл мақалалары, үн қосқан, жақтаған үндеулері, “Тереңнен тартқан тамырлар” секілді кітапшасы кірді. Сәбетқазы Ақатайдың бұл кітабында Абай шығармашылығы арқылы кемелденуін сөз ететін әдеби және тарихи мақалалары мен қазіргі көркем туындыларды талдайтын еңбектері де енген.



Ақатай С.Н.

**Древние культы и традиционная культура
казахского народа: монография;
Тарихи материалдар. Қайта басылған**

Сәбетқазы Ақатайдың бұл жинағына мәдениет, эстетика, салт-дәстүр, экология туралы көтерілген зерттеу мәселелері, басқа да әңгімелері, сонымен қатар “Древние культы и традиционная культура казахского народа” атты монографиясы еніп отыр.

Бұл жинақта қазақ халқының мәдени байлығын зерттеушілерге арналған өте құнды материалдар табылады.



Ақатай С.Н.

**Сырты күміс, іші алтын;
Мәдени-этникалық материалдар. Қайта басылған**

Жинаққа “Абылай-хан” тарихи-қаһармандық кинодрамасы және “Қарғыс” атты елбасына төнген қасірет, зұлымдық туралы зерттеу мақаласымен қатар, салт-дәстүр, эстетикалық тәрбие, халықтың өнері туралы ізденістері және әлеуметтік, экологиялық мәселелерін талқылайтын материалдар енгізілді.



Сәбетқазы Ақатай

Найман хандығы

Монография

Тарихи материалдар

Корректорлары – Садықова Н., Шаққозова Г., Алдашева А.

*Техникалық редакторы, суреттерді дайындаған,
компьютерде беттеген Алдашева А.*

Мұқабала дизайны, суреттерді дайындаған – Ключникова К.

Теруге 08.07.2011 жіберілді. Басуға 20.09.2011 қол қойылды.

Форматы 60x90^{1/16}. Офсеттік басылыс.

Көлемі 26,5 б.т. Тиражы 500 дана.

“Print-Express” баспасы

ISBN 978-601-7046-22-4



9

786017 046224

PRINT

ИЗДАТЕЛЬСТВО
И ПОЛИГРАФИЯ **EXPRESS**

г. Алматы,

ул. Курмангазы/Мауленова 110/81

тел.: 272 60 11, 272 61 50

e-mail: print_express@bk.ru